

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

8-том

МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР, ОЧЕРКТЕР,
ӘҢГІМЕЛЕР, АУДАРМАЛАР, ҚҰЖАТТАР

1930–1934

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

Ә 82

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакциялық кеңес:

Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:

Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанапиянов Б., Қасқабасов С., Кирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали К., Мағауин М., Мұртаза Ш., Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. — Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

8-том: Мақалалар, зерттеулер, очерктер, әңгімелер, аудармалар, құжаттар. 1930–1934. — 504 б.

ISBN 978-601-294-150-0

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық жинағының 8-томына 1930–1934 жылдар аралығында жазылған мақалалары мен зерттеулері, очерктері мен әңгімелері, болашақ роман эскизі, аудармалары және түрмеде отыруына байланысты құжаттар мен хаттары еніп отыр. Бұлардың қатарында сол жылдардағы қазақ әдебиетіне, драматургия жайына, Абайдың өміріне, шығармашылығына қатысты мәселелерді сөз еткен “Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері”, “Театр, музыка кадр”, “Жақсы пьеса – сапалы әдебиет белгісі”, “Үзінділер”, “Абайдың туысы мен өмірі”, Оңтүстік Қазақстан облысына шығармашылық мақсатпен барып қайтқаннан кейін жазылған “Жуалы” колхозшысы”, “Білекке білек”, тағы басқа әңгіме-очерктері, болашақ үлкен романы “Тұман айығарданың” жобасы, І. Жансүгіровтен “Степь”, В. Эвальдтан “Құрылыс материалдарының” аудармалары бар. Құжаттар мен хаттар жазушының отызыншы жылдардағы өмірінің ең ауыр, қилы кезеңінен хабардар етеді.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-150-0 (8-том)

ISBN 978-601-294-142-5

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014

**Мақалалар,
зерттеулер**



М. ӘУЕЗҰЛЫНЫҢ СӨЗІ

Мен жолдас Жансүгірұлының баяндамасының ішінде Алаш орда әдебиеті туралы айтқан жеріне тоқталмақпын. Кешегі күні сол әдебиеттің нағыз ортасында болған адамның бірі мен өзім болғандықтан, қазір соны туғызған топтың қоғамдық-тарихи тамырлары мен таптық-саяси талаптарын толық күйде ашып салу қажет деймін. Енді бүгінгі тұтынған бақытымның тұрғысынан қарап, сол өткен күйге толық сынымды айтып шықпақпын. Бұл үшін тарихқа экскурсия жасаймын. Кеңес үкіметінің жарыққа шығысымен қатар контрреволюция мен ашық буржуаздық қалыпқа түскен бұл әдебиет өзінің ең соңғы дәуірлеріне шейін Алаш орданың құралы болумен келді. Тегі қазақтың буржуазшыл оқығандары өз тарихын февральдан және бастамайды¹. Олардың алдыңғы қатары бірінші думаның тұсынан шығады. Соның депутаттарының бірі болған Бөкейханұлы² байшыл оқығандардың басшысы болып барып кадет партиясына кірген-ді. Осы кірісі, оның артынан ерген саяси топтың келешектегі қадамы қалай болатыны таптық бағыты не екенін анық қып белгілеп берді. Езілген отар елдің депутаты бола тұра кадет ұйымына кірді. Бұл кезде Столыпин қыр бойынан шыққан өзге қазақ депутатын жейін жабайы депутаттар деп атандырып еді. Ол ұйымға кірісі, топтың саяси талап, тілегі азға, болымсызға сайғанын көрсетті. Шартының бәрі, конституциялы патшалық құрылысымен, земствомен қанағаттану болды. Содан кейін Бөкейханұлының шәкірттері-серіктері (“Қазақ” газ. басқарушылары) қазақ баспа сөзіне әдеби-саяси бет бергенде, сол Бөкейханұлымен, соның белгілеген жолымен әкетті. Мысалы, жерге орналасу мәселесі сияқтылар болса, бұндайдың бәрінде ауыл тұрмысы мен жалпы қалып, салт айнымай, өзгермей бір күйінде қатып тұратын жәйді көкседі. Ол оқығандарға сын болып кездескен уақиғалары еді. Бұның тұсында қазақ оқығаны мазмұнын тағы да ашты.

Ол топтың үлкен бастықтары Бөкейханұлы, Дулатұлы³, Байтұрсынұлдары⁴ өздеріне масқарашылық рөлін алып, елді, қой-қойлап, тыйу салу, бағынғыштыққа үгіттеумен болды. Қазақ оқығаны земқор-земсоюзде отан қорғаушылардың міндетін атқарды.

Февраль төңкерісі келді. Бұнда оқығанның төңкерісшілдік рөлі нөлмен тең болды. Кеңес үкіметі шыққанға шейін істеген іс, өткізген мезгілі-күні ол топтың күн санап буржуазшыл-реакция програмды таратып өсіріп келе жатқанын көрсетті.

Семейдің облыстық съезінде Алаш орданың облыстық комитетін сайлау үстінде съез әңгімесін көтергендер де болған (съезд — ұлық болудың шарт-дәрежесі — не білім дәрежен, не мүлік — байлық дәрежең толық болсын дейді). Ол күнде елді билеу әдісі не еді? Болыс болыстан аттарын атап пәлен ақсақал, пәлен қажы, молданы, пәлен атқа мінерді шақырып, кеңесіп, солар арқылы ауданды, ру-руды, болыс-болысты билеген болатын. Алаш орданы сайлаған Орынбор съезі де осы ізбен шақырылып, осы жолмен болды. Ұлтшылдардың Сібір облыстарының съезі мен Уфа мәжілісінде көрсеткен мінездері де қызық болатын. Ол съездердің бәрінде де қазақ оқығаны әсер мен социал-демократтардың өзін де құбыжық көріп, бірігіп келісуден бойларын қашық ұстайтын, жалпы төңкерістен тілейтін тілектері кадет тілегінен зор болмайтын.

Кейін Колчак, Дутов, Анненковпен ынтымақтасу⁵, бірге кету әлдеқалайдан туған ынтымақ емес, сол топтың таптық жолынан туған нәтиже еді.

Оның программасы капиталшылар мен төңкерісшіл пролетариаттың зор тартысы ашылысымен-ақ белгіленген болатын. Белгіленгенде, октябрь төңкерісінің басынан бастап, бұлардың қозғалысы ақтардың қозғалысы боп айкындана береді.

Қазақстанда Кеңес үкіметі орнағанда, оқығандар тобы барлық үлкен-кіші адамдарымен түп-түгел осында қалады. Кеңес жағдайының ішінде боп, әлеумет майданына шыққанда, бұл топ өзінің бұрынғы программасынан қайтқан жоқ. Бірақ ашық беттеп шыға алмайтынын есептеп, әдіс-тактикасын өзгерте шықты.

Осы жолда оның барлық ісі Кеңес үкіметінің іске асырамын деген шараларын үнемі қабылдамай, артқа серпуге

саятын болды. Шама келгенше бөгет салып, кедергі туғызып, жұмыскер табының жаңа өмірді қуаттаған ұранының бірде-бірін өре бастырмауға тырысты. Жер мәселесі, отырықшылық, халық ағарту, баспа сөз, латын әрпі, емле мәселесі, термин жәйі — бәрі-бәрінде де жалғыз талабы пролетариат мәдениетінің басшылық әсерінен жырылып, оқшау, қакас қаяу болды.

Програмының үлкен бағыт, кіші есептері де осы ғана болып, бар бөлімі ылғи терістік, қарсылықпен құрылған програм болды. Тарихи жаңа дәуірде тактика әдісі өзгереді. Бірақ іргесі бұрынғы Алаш орда іргесі боп қалады.

Енді сол топтың әдебиетіне келсек, февраль төңкерісінен бастап, ол да большевиктерге қарсы ашық жаулық жолына шыққан-ды. Пролетариатқа қарсы Алаш орда жазушылары қаламын құрал қып жаулыққа аттанады (кеше баяндамашы Жұмабайұлының⁶ ол кезде көпке жайылған өлеңдерін айтып өтті). Бірақ кеңес кезінде бұл жолмен ашық жүре беруге болмайтын болды.

1923 жылға шейін қазақ баспасын өз қолдарында ұстап, Алаш орда жазушылары өз бағытын, ниеттерін жазушылық әдісін өзгерту арқылы орындады. Өздеріне серіктес, үндес болатындарды көрші түрік елдерінен іздей бастайды. Әуезұлы, Жұмабайұлы, Шолпан (Өзбекстан) сияқтылардың бір дауыспен үн қосуы да әлдеқалай емес.

Пантюркизм дәуірі басталады. Біздің сын түбінде бұл жағын ескеру керек. Панисламизм, пантюркизм, пантуранизм сияқтылардың тамырын дұрыстап талдау керек. Сол жазушылардың барлығы шығыс тарихының баяғы, алыс кейінгісін жырлай бастады. Орта Азия тарихынан Атилла (бұны пантюркист тарихшылар оғыз деп оғыз болса, бүгінгі түрікпеннің атасы деп мадақтады). Шыңғыс, Темір сияқтыларды қазып шығарып, даттайтын болды. Шыңғыстың “қаһармандық” дәуірінен құрал, қайрат іздеді. Сол алыстағы тарихтың ескі-құсқы, шаң-тозаңын қайта қопарып, мола ақтарып жүргенде тауып алған ескілікпен жұрттың көңілін алаң қылмақ. Бүгінгі тартыс, құрылыс мәселелерінен жыраққа әкетпек. Бұ да — әдейі қолданған әдіс. Бөгеу жасау, өмірді қабылдамау әдістері болатын.

Менің өз шығармаларым “Еңлік—Кебек”, “Қаракөз” де сол тәжірибенің белгілері. “Еңлік—Кебек” қазақтың би-батырын көрсетеді. Ескілікті әдейі талғап алған ашық бояу-мен бояп, көңілді қып көрсетпекке тырысады. “Қаракөзде” қазақ жастарының тұрмысы да солай суреттелген. Біз өз заманымызға шейін дәуір сүріп келген неше алуан сұмдық надандық салт заңдарын (көп қатын алу, қалың мал, әмеңгерлік ежеп-қабыл) көре, біле тұра сол ескілікті мақтап, даттап көрсеттік. Бұны төңкерісші емес, жәй мәдениетті-либералдық бағытында болған орташа ойдың өзі де көтермейтін, сүймейтін нәрселер еді. Біз соны жыр да қылдық, сонымен жастардың көңілін күнделік ісінен алаңдатып тартып, тап тартысында оның сезімдерін мұқалта беретін жемді бердік.

Мен тақырып жағына келгенде, үстіміздегі дәуірден көп алыста жатқан жазушы болдым. Ең бері көп жазғаным — “Қилы заман”. Тақырып жағынан бұл біздің күнге “Еңлік—Кебек”, “Қаракөздерден” жақынырақ уақиға. Бірақ шындықты суреттеу жағын алғанда, бұ да артқа тартатын шығарма болды. 16-жылдың жетекші күші есебінде мен атқа мінер, жуан атаны көрсеттім, болыстарды кірістірдім. Шынында, бұның көбі өз тілек ниеттерін жандарал шенеуніктердің ниеттерімен ұштастырып қосақтаған топ еді. Шындықты дұрыс түсінуден бұл шығарма да теріске кетті. Барлық осында саналған төңкеріске қарсы әрекеттер мен теория, тәжірибе, салт-сана — бәрі-бәрі ол топтың адамдарын қарсы бетке шығарды, жау жігіне кіргізді. Ісінің басы Мелюковпен одактасудан басталып, бүгінге шейін кейбір адамын (Шоқайұлы) империалист, интервентшілердің тобында қалдырып, көпшілігін әлі күнге сол беттің адамы қып отыр. Олар әлі де сол капиталистер табағынан дәметумен келеді.

Мен, бүгін пленумге келгенде, сол өзімнің артқы жолымды барымша қатал сынға салып, тергеп өту арқылы келдім. Мені бүгін бір жағынан төңкерісшіл пролетариаттың туына жазылған ұлы ұран мен бүгінгі Қазақстан, бүгінгі барлық одақ құрылысының табыстары тартса, сонымен қатар ендігі соңғы бағытымның дұрыстығына, бұрын өзім болған топтың өткен тарихын нық тексеру де — пролетариат жолына келуіме себеп болды. Осы тексеру мені бұрынғы топтан серпіліп үзіліп

шығып, оны өзімнен итеріп-серпіп тастауға себеп болды. Қазір мен сендердің тобыңа шын таза пейілмен келіп отырмын. Бойымдағы бар күшімді пролетариат ісінің пайдасына жұмсаймын деген үлкен екпінмен келіп отырмын. Егер, мен пайдалы бола алатын болсам, барымды бермекпін.

Рас, бүгінгі халде көпшіліктің мені дос санай қоюы оп-оңай емес. Бірақ әдебиет, саясат жолындағы істер мені ол топпен байланыстырғанмен де, мен түзелместей үмітсіздікке кеткенім жоқ. Білім, тәрбиені кеңес мектебінен, (вузынан) алдым.

Социалдық құрылыстың табыстары адам баласының ішіндегі ең алдыңғы, ең нәрлі қатардың барлығын өзіне тартып жатқанда, дүниежүзінің ең ірі жазушысы, ең ірі ғалымдарының жүректері де пролетариат ісінің тілегіне ауысқанда тас болып қатып қалатын, ойыспайтын өлі жан мен емеспін. Менің де артым — қазақтың ауылы. Менің әке-шешем қырдың қараңғы бақташысы болған. Жұмыскер табының табысы мен жеңісіне мен де өз ішімде үлкен наным, зор қызу тауып отырмын.

Артқы күндерімнің ауыртпалығын мен жеңе аламын. Жолдас Жансүгірұлы менің алғашқы сөздерімнің қателерін дұрыс айтты. Ол кезде Қазап бізді өзімен бірге істеуге шақыруға болмаушы еді.

Менің ендігі кепілім, онда жазған заявлениемде,⁷ бүгінгі сөйлеген сөзімде емес. Кепілім пролетариат ісіне арналған зор сенімім және бұдан былай істейтін ісім. Мен сында болуым керек. Және сол сынды мен адақтаймын, ақтаймын.

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫНЫҢ ЖЕТИ ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

Қазақстандағы октябрь жемісінің бірі — мемлекет театры өзінің барлық болмысымен қазақ пролетариатының қолындағы зор маңызды құралының бірі болуға тиіс. Мұның ұлы міндеті: сол пролетариаттың бақытты жаңа тұрмыс үшін алысып келе жатқан тартысын, қайратын суретті тілмен көрсетеді. Жаңа жұртшылықты негізгі түбегейлі мұраттарының бетімен отырып, жас қазақ пролетариатының салт-санасын ой, сезім жағынан дұрыс баулиды. Осы жөнде үлгі боларлықтай дұрыс әсер етеді.

Олай болса, театр өз айналасында болып жатқан қызулы зор тап тартысынан сыртта қала алмайды. Қайта сол тартыстың белсенді көмекшісі болып, тапсыз қоғам жасап, социализмді құру ісінде өзінің бойында бар мағына, сана сурет күштерінің бәрін ортаға салып, сынға түсуге, көрнекке шығуға міндетті.

Сол міндетін түсініп, өз рөлін шамасынша адақтамақ болып, театрдың жаңа бағытқа талпына кіріскен жылдары соңғы екі-үш жыл болады. Бұл жылдар бойында театр жаңалық іздейді. Жоспарлы мақсат белгілейді. Сонда өзінің таптық саяси бетімен салт-сана, суреттік бетін белгілеп, жан-жақтан кең салалы төңкерісшіл театрдың өрісіне шығуға қадам басады.

Соңғы жылдар бойында ашық, айқын болып осылайша белгіленген ұлы жоспар, театрдың бүгінгідей жоспары, әлі бүгінгі күнде де түгел адақтап шыға алмай, толық жеңе алмай келе жатқан өрі. Театрдың іші-тысы қайта құрылысының ұлы бағыты осы болса, программаның максимум, минимумы де осыдан тарайды.

Бұл жайда осылай деп түсінуші жалғыз мемлекет театрының, қазіргі басқарушылар коллективі, я Казнаркомпрос¹ қана емес. Қазақстан жұмыскер төңкерісшіл табының зор өнер ошағының бірі — театр екенін айтып, Өлкелік партия комитеті де мемлекет театрының ісіне барынша көңіл бөліп отыр. Әсіресе Өлкелік комитеттің көрнекті басшылары

жолдас Кахиани², Ораз³, Жанайдар⁴, Құлымбетұлы⁵ сияқты жолдастар театрдың жаңағы айтылған программасын сол бағытта өсуіне әрдайым басшылық көмегін беріп, театрдың алдынан кездескен қиындықтардың қай-қайсысына болса да өз қолдарымен араласып, ұдайы жәрдем етумен келеді.

Басшы жұмысшылықтың театр ісіне бұл сияқты көңіл бөлуі жаңада болып өткен Өлкелік партия комитетінің пленумы мен Қазақстан кеңес жазушыларының бірінші пленумінде тағы да нық, толық күйде көп талқыланып өтті.

Барлық жердегі қорытынды біреу-ақ. Ол: мемлекет театры Қазақстанда октябрь тудырған үлкен мәдениеттің, түрі ұлттық, мазмұны социалдық мәдениеттің — толық тәнді ұлы мүшелі — мағыналы, маңызды дүкені болсын деген шартқа тіреледі.

Осы турадан қарап театрдың төңкерісшіл театр болу жөніндегі бұрынғы қалпы, бүгінгі ісі, ертеңге арналған талап мақсаты жөнінде біраз сөз айтып өтейік.

Театрдың қай кезін алсақ та, алдымен көзге ілінетін, сөз болатын мәселесі — репертуар. Қазақ театры алғаш істей бастаған жылдарында репертуар жағынан көбінше төңкерісшіл театр боламын деген ниетте болмады. Ұлтшыл, байшыл, алашордашыл мәдениет ықпалындағы театр болып істеп келді. Ол кезде төңкеріс тарихының тақырыбында жазылған “Қызыл сұңқарлардың”⁶ қазақ театрының сахнасында көрінуі театрдың таптық, саяси програмдық бетін көрсету емес. Қайта театр әдеттегі ұлтшылдық, буржуазиялық қалпынан ауысып, программадан сыртқары болған пьесаны көрсетіп, замана тілегін білдіргендей болатын. Ол кездегі репертуардың көпшілігі төңкеріс күнін көрсетпейтін, сөз қылмайтын, көрушіні әдеби феодалный, партриархальный ауылға шақыратын жалған жасыл бояу боялған баяғыға қарай жетектеп, сонымен қалғытып-мүлгітпек болған репертуар болатын. Сол себепті театрдың ол кездегі пішінін белгілеуші пьесалар: “Қаракөз”⁷, “Алтын сақина”⁸, “Арқалық”⁹, “Қанапия — Шарбану”¹⁰ сияқтылар болған.

Одан бері келіп ұлтшылдық, алашордашылдық ықпалынан құтылдым деген мезгілінде де біздің театр кеңес театрының сол күнде өз алдына қойған міндеттерін — жаңа адамды

көрсету, жаңа герой туғызу деген міндеттерін толық атқара алған жоқ. Дәл 1930 жылға дейін кеңес репертуары, кеңес тақырыбы, күнделік құрылыс, күнделік тартыс тақырыбы деген тақырыптарға, репертуарға жарымады. Театрға ауыса алмады.

Ол жылдарда “Шахты”,¹¹ “Қызыл сұңқарлар” қойылып жүргені рас. Бірақ бұлар төңкеріс тарихының тақырыбы болғанмен де төңкерістің соңғы кеңес жағдайы, кеңес құрылысы тудырған жаңа адамдар жайындағы пьесасының 30-жылдар шамасында орыстың төңкерісшіл театрының өзіне қойған міндеттерін, тәжірибесін алсақ: граждандық соғысының тақырыптарын неше алуан күй пайдаланып, жеңіп алған болатын. Енді сол күнгі құрылыстың неше алуан майдан, неше түлік сала-саласында істеп жүрген төңкерісші басшы — жұмысшыны, азаттанған әйелді, өсіп, қаулап, өрге басып келе жатқан жастарды көрсететін, поселкенің таптық тартысын, ауыл-поселкедегі пролетариат төңкерісінің табысын, жеңісін жыр қылып жатқан еді. Сондай кезде біздің театрдың граждандық соғысының бір-екі тақырыбымен ғана отыруы мешеулік болатын. Өсудің тым шабан, тым баяу болып қалғанын көрсететін. Ал енді мұнымен театр әлі өзінің бұрынғыдан арылып, жаңа пішінге ие болғанын анық, ашық көрсетіп болған жоқ.

Құрылыс жүзінде зор перелом жаңа театрдың салт-саналық, саяси-таптық пішінін айқын қылып ашса, өзгеріс майданын айқын қылып ашатын өзгеріс “Майданмен”¹² бірге туды. Драмалық жағынан кемшіліктері болса да, “Майданның” артынан туған тартыста сол “Майданның” бағытымен болып жаңа адамды, төңкеріс адамын көрсетуге бет берген репертуарды көрсетті. Театрдың да ендігі өрісі, тереңдейтін тақырыбы не екенін нұсқап берді. Осы жылдарда театрдың үлкен табысы актердің күш-қуатын, бойда барын суретті кейіпкер, образ жасауға кірісті. “Майдандар” бұл жағынан келгенде репертуарды ғана байытқан жоқ, актер образының проблемасында театр алдына жаңа міндет есебінде ұсынды. Сонымен қатар театр өзіне драматург күшін жасауға кірісіп, бұл күнге шейін бірнеше жас драматургтерін өсіріп келеді.

Театр өз басшылығы мен драма жазушылардан бригада құрып, соңғы жылдың ішінде “Октябрь үшін”¹³, “Түрксіб”¹⁴, “Колхоз үшін”¹⁵ деген зор тақырыптардың үлкен пьесала-

рын майданға шығарып отыр. Бұл пьесалар жайындағы сөз, сын, талқы жұртшылықтікі. Әзірше сондай жаңалықтардың шығуына себепші болушы театр екенін ғана айтып өтеміз. Драма жазушылардың арасына театр салған қозғау, үндеу, театр кіргізген екпін арқылы тағы бір зор пьеса шабуылға шығып отыр. Қысқасы, драма театрының азығы арқылы болатын үлкен пьесалар бұрын жыл сайын бір шешілмеген түйіндей жоқтығымен дағдартып тұратын болса, бұл күнде ол кезең артта қалуға айналды. Соңғы жылдар табыстың бір зоры жалғыз қазақ репертуары емес, енді театрдың орыс репертуарына ауыса бастауы. Әрине, мәселе құр орыс пьесасын қоюда ғана емес, оның беретін мазмұнын, образын, суреттілік жұмбақ проблемасын актер күшінің бауырлап жеңіп алуында. Бір жағынан қарағанда “Сүңгуір” біздің театрдың үлкен олжасының бірі. Жеке жайларын бұл жерде сынамаймыз. Бірақ, жалпы алсақ, біздің актер “Сүңгуірде” жаңа бір қалыпқа түсіп, соның өлшеуіне қарап ысылып, дүкен көріп шыққандай болды. Бұл күнде ол сүрініп-қабынбай етілген сын сияқты боп отыр.

Енді театрға жаңа келген режиссер жолдас Насонов¹⁶ пен жас режиссерымыз Ғатауллин Шафқат¹⁷ екеуінің басқаруымен Киришонның¹⁸ “Астық” атты пьесасын дайындап жатыр¹⁹. Пролетариат драматургиясында “Қорқынышпен”²⁰ қатар екінші бір ұлы табысы деп танылған “Астық” пьесасы біздің актерге екінші бір үлкен сын. “Астықтың” артынан биылғы репертуарға кірген “Октябрь үшін”, “Түрксиб”, Горькийдің “Наднесі”, “Ревизорлар” айналмақ²¹. Мұның ішінде орыс әдебиетінен алынған “Ревизор” мен “На дне” октябрьден соңғы төңкерісшіл пролетариат майдандарын көрсететін “Түрксиб”, “Октябрь үшіндер” театрдың “Майдан”, “Сүңгуірменен” басталған суреттілік, салт-саналы бетін көлемдірек, айқынырақ ашып, сол бетінде теренденетін болады.

Театр осындай репертуар, осындай негізгі жол, беттеген өріс пен өзінің бетін аша барып, нық қалып пен қашық үлгісін, театрлық мектебін белгілеу керек. Бұл жөнде жақын келешекті сөз қылсақ, біздің театр әзірше жеке жайылыс тауып, жеке-ше бір түр шығарамын демейді. Біз әзір оқу дәуіріндеміз, өсу-іздену дәуіріндеміз. Бұл кезімізге ең қолайлы жол,

Ресейдің төңкерісшіл театрларының ішіндегі ірілерінің біренсаранын алып, солардың үлгі ұстаздығына ілесіп көру шарт болады. Осы ретте әзірше мазмұн, түр жағынан үлгі қылып ұстамағымыз “Вахтангов театры”²² мен “Төңкеріс театры”²³. Әрине, бұл үлгі құр көзді жұмып байланып кетуде емес. Қазақ театрының ұлттық тұрпатын сақтай, өсіре отырып өзіне үлгі алу болады. Сондықтан бұл күнгі театр үйінің жайынан айтпасак та келешекте болатын үйлердің жайын еске алып, ендігі театрымыз үлкен индустриялды техниканың театры болмағы шарт дейміз. Оның белгілері: машиналанған декорация, неше алуан мол жарық, бояулар, спектакль радиолануы, тағы басқа неше түрлі болатын техникалық жаңалықтар болуға тиіс. Бұл айтылғандардың барлығы мемлекет драмалық театрының үлкен жолы. Түпкілікті ұстап, ұсталып қалатын пішінін, мазмұн, түр жағы осымен белгіленеді. Бірақ қазіргі біздің театрдың міндеті жалғыз мұнымен бітіп, толып қалмайтын болып отыр. Қазақстан астанасының, қала берсе бар Қазақстанның бірден-бір театры осы болғандықтан, бұл өзінің жаңағы үлкен өрісімен қатар тағы бірнеше үлгілерді ала жүргізу керек болып отыр. Мысалы, бізде жастар-балалар театры жоқ. Бізде жеке опера, оперетта, музыка комедия театры я болмаса ұсақ түрлер театры да жоқ. Соның жоқтығынан біздің бүгінгі актердің көбі бір жағынан концерт күштерін де өз іштерінен шығаруға міндетті болып отыр. Бірталай актер — актер емес, әнші. Сонысы үшін алынған. Халық тілейді. Театр бірнеше жанрды араластырып, әрі драма, әрі ән-күй театры болып, сол тілегенді береді. Түбінде бұл хал дұрыс болмау керек. Актерлердің бір бағытта өсіп, тереңдеуі үшін, театрдың біржола шұғылданып, алаңсыз өсуі үшін жалғыз драмалық театры болып қана қалуына керек. Бірақ түбінде осы күштерінің ішінде опера, ән-күй труппасын бөліп шығарып, жас зрительдер театрын бөліп шығарып, өзінен сондай жеткіншектер тудырып, өсіріп шығуы қажет. Бірақ бұл биылғы я келесі жылдың ісі емес, бірнеше жылға созылады. Соған шейін концерт бүгінгі театрдың қосымша бір майданы болып тұра тұрады. Ендігі біздің міндет ол концертті сақтай тұрумен бірге жаңағы екі-үш алуан болып түбінде айырылып

шығатын труппа, театрлар мазмұн-түр әзірлеп береді. Мына үлкен театрды неше алуан репертуар бір сатыдан бір саты болып, осы бүгінгі күйге жеткізсе, ана болашақ театрлар үшін бүгін біздің еш нәрсеміз жоқ. Құр ғана жадағай “соло”,²⁴ “дуэт”²⁵ я домбыра, я гармоньмен шығара салуға болмайды. Әрине солар үшін, онан соң бүгінгі театрдың бүгінгі концертпен қатар қолданатын керегі үшін енді біздің жазушылар, ақындар неше алуан комедия, әдеби сатира немесе оперетта, музыка, музыка комедия боларлық ұсақ түрлерді қолға алу керек. Бұл бірінші керегіміз.

Бұдан соңғы екінші қажетіміз: бүгінде айтылатын ескі халық әндеріне әңгімелі өлеңдер салып беруге керек²⁶. Ескі әнмен бүгінгі машинелі, техникалы мәдениеттің қалпын жырлау үйлеспейді. Бірақ ескі әндер — үнемі биылғы бір-бір ауызбен қалдыруға да болмайды. Ән мазмұнына қарай, заманына үйлестіре тақырыпты бір қысқа-қысқа әңгімелі өлең беріп жаңарту керек. Ол өлең ескі өмірді, ескі салттың ауыртпалықтарын төңкерісшіл әдіспен таратып айтуға тиіс.

Үшінші мәселе — біздің газет-журналдар мен жазушылар ұйымы талқыға салып өтетін театрдың осында аталған негізгі мәселелерімен қатар тағы бір нәрсе қазақ газетіне Еуропаның классик музыкасын, төңкерісшілдік интернационал музыкасын кіргізу реті. Бұлар шет жағалап осы күнде де кіріп отыр. Бірақ көпшіліктің түсінік ұғынысы бұл жөнде шабандау тартып жатқан сияқты. Бізге өз опера, оперетта, музкомедиямыз тумай тұрған кезде Еуропа музыка мәдениетінен жеке ұсақ туындылармен қатар қазаққа түсініктілеу болатын опералардың бөлімдерін алып қою мәселесі де тым жатырқарлық нәрсе болмауға тиіс.

Талқыға түсіп, шешуді күтетін төртінші мәселе — қазақ сахнасына билеу өнерін кіргізуде хореография жайын жалпы күйде талқыға салу мезгілі де жетті. Құр ғана қазақ бұрын білмеген екен деп, жалпы мәдениетті адам баласының мәдени қазынасындағы бір үлкен жанды өнер саласының бүгінге шейін орнымен жоқ болуы зор кемшілік.

Бесінші мәселе — қазақтың оркестрінің жайы. Біз жалғыз домбырамен қанағат қылуға болмайтынды екінің бірі

біледі. Олай болса, қазақтың симфония оркестрінің жайы да шешілуін күтеді. Осы айтылған мәселелердің барлығы жалпы жұртшылықпен қатар театрдың бүгінгі ісінде алдынан күн сайын көлденең шығып, өзінің тұсауын кесуді керек қылып отырған жайлар.

Жалпы алғанда қазақ театры өзінің қысқаша тарихында бүгінге дейін ықылас, көңіл, көмек ортасында бұрын істеп көрген емес, басқа жағынан алғанда театр өсетін, көрнекті жеміс беретін өрісіне енді шығуға беттеді.

Қазірде барлық қолда бар актерлердің білім сапасын, мамандығын арттыру мақсатымен театр өз жанынан екі бөлімді студия ашып, бар әдістерін содан оқытып отыр.

Келесі күзіміз, Наркомпростың байлауы бойынша, Мәскеудегі театркомбинаттың жанынан Қазақстан үшін 30—40 кісілік театрлық мастерской ашылып, содан бір топ адамды оқытып алмақ ниет бар. Бұл күнде актер саны аз болғандықтан сауатты, өнерлі, театрға пейілі бар деген адамдардан жаңа күштер шақырылып отыр. Мұның алдының келгені де бар.

Бұл күнге шейінгі кемшілік, режиссер жас болғандықтан, театр басқарушылары Мәскеуге барып, жолдас Насоновты, суретшіні және композиторды әкеліп отыр. Театр осы күнде өзінің архивін құрап, тарихына мағлұматтар тізіп келеді. Шама келсе, биылғы жылы театрға арналған бір сборник шығармақ.

Театрды, актерді өсіретін жетекші басшы — мағыналы сын. Сондықтан театр ендігі жаңалықтарын, жолын жеке постановкаларын көрушілердің активіне көмек беріп, талқыға салып отырмақшы. Сонымен қатар газет-журналдарда театр сыны деген сынның туып, өсуін қатты күтеді. Театрдың 8 жасына қарай беттерде ойға алып отырған мәселелер осылар. Осыны орындауға көпшіліктің көмегі керек.

ТЕАТР, МУЗЫКА КАДРЫ

(ойласу ретінде)

Саяси-қоғамдық тұрмыс пен шаруашылық құрылыста, ұлы майданда ескіні жеңіп, социализмге басқан Қазақстан еңбекшісі өлке тіршілігінің қай саласында болса да артта қалып, шабандап, баяулап келе жатқан істерді үлкен қарқынмен алға сүйремей, жетегіне алмай отыра алмайды. Мағыналанған тарихтың ұлы дәуірінде қай сай-саланың ісі болса да кішкене іс емес. Бәрі де бүгінгі үлкен ұран, ұлы бағытқа сәйкес боп, мағыналанған, тереңдеген, өрістеп шалқыған ірі іс, ірі міндетке айналуға тиіс. Сол заман қарқынына ілесе алмаған, әлі де ақсақ қойдың қыбырымен келе жатқан шабан-шардақ шала болса, оған біздің жұртшылық салқын, солғын қарай алмайды. Өзінің шартын қояды. Ісіңді өсір, асыр, екпінде, өрле, түр тап деп, қос тізгіндеп тартады. Осындай жұртшылық шарттары тықсыра, асықтыра қойылып келе жатса да әлі де көрнекті боп дами алмай келе жатқан саланың бірі — бізде көркемөнер ісі, театр, музыка ісі болып отыр.

Қазақстанда театр деп айтарлық бір ғана театрымыз бар. Музыка өнерін түрлентіп, өсіретін дүкеніміз бүгінде музыканың бастауыш мектебінің қолында тұрған бір ғана музыка техникумы. Осы екі дүкеннің бүгінгі халіндегі кемшілік, жетіспегендік жайларына келсек, орасан-орасан олқылықтарға килігеміз. Жеті жыл жасаған театрдың дәл бүгінгі составында шын театр өнершісі боп қалыптанған, орныққан, бірге жасасқан оның жеті актері жоқ. Елубай¹, Серке², Құрманбек³ сияқты төртті-бестіден арғының бәрі бүгін бар, ертең жоқ, тұрақты кадр емес; әлі өздерін любитель халінде түсінушілер. Тәуір қызмет, қолайлы жағдай болса, театрдан жырылып кетуі қиын емес. Келгенде де бірталайы басқа бастауыш сахналарда болып сұрыпталып, екшеленіп, аз бәйгені болса да адақтап келгендер емес. Көпшілік само-тек⁴ ретімен келген. Шалағай, шикі күйде театр актерінің

санына қосылып, әліпбиді осы арада бастағандар. Сол само-тек ретімен кісі алудан театр әлі арыла алмай отыр. Өйткені таңдап, талғап алатын кісіміз жоқ. “Осы актер еді, аз да болса сыналған еді, осыны алайықшы” дей алмаймыз, “осы біреуден актер шықпас па екен” деген дәмемен, кез келгенді аламыз. Жеті жыл бойында театрға Абылқай, Сомова жолдастар сияқты ірі күш деп саналатын адамдардың, тағы осыларға ұқсаған таланты бар бірқатар адамдардың да соғып өткені бар. Солар алғаш түскен кездерінен бұл күнге шейін жүрсе, Елубай, Серкелердің қатарын молайтатыны даусыз еді. Өсіп қалар еді, бірақ олар да орнықпай, жылжып кетті. Бірін жауапты қызмет орын тартты. Кейбірі мұғалімдік қылса да, үй ішімен күйлірек тұратын жағдай бар ма деп соны іздеп кетті. Осындай байыздамайтын, жылжығыштықтың түп себебі неде? Себебі, бәрін де шын театр кадры қып, театрмен, сахна өнерімен нық байланыстыратын білімнің, мамандықтың жоқтығы. Әлі күнге өз өнерінің білімін оқып шыққан бірдебір актеріміз жоқ. Негізгі бес-алты адамды алсақ, солардың да актерлігі — білім мен мамандыққа тірелген емес, ұдайы қараңғыны сипалағандай, интуицияға (сезгіштікке) сүйенген өнер. Шынында, бүкіл дүние сахнасының тарихында оқымай ірі актер боп шыққан адам бірен-саран ғана емес пе? Орыс театрының тарихында ол — Щепкин⁵ ғана. Мамандық білім болмауы біздің жаңа бастаған актеріміздің көбінің көңіліне орныққан, нық тиянақ бермейді. Өзіне-өзінің сенімі жоқ. “Өмір бойымен кете барғанда, жақсы актер болсам жарады, бола алмасам жер ортасы көк төбеде қалып қоям ба”, — деп те ойлайтындар болады. Міне, бұрын бәрі осы күнге шейін болған актер кезегендігінің түп себептері. Білім бермей, актерді өз-өзіне көндіре алмаймыз, өсуіне жол азық болатын сүйеу, таяныш бере алмаймыз, солардың жолдарынан барып театр өмірінің асыл қоры болатын кадрды да құрай алмай отырмыз.

Музыка жайына келсек, мұндағы қиыншылық театрдікінен де ауып жатыр. Бізге өзіміздің күйлі драма, күйлі күлкі, оперетта, опера сияқты мәдениленген күйлердің үлгісін жарыққа шығаратын кез де жетіп еді. Бірақ біз әлі күнге ескі қордың өзін де меңгеріп алғамыз жоқ. Орнымен керекке жарату ісін де ретке қоя алмай келеміз. Ескі қорға келгенде, оның тұрған

қалпын жазып алып, ескілік белгісі есебінде өшіп, жоғалып қалмастай қып сақтап қалу — бір жұмыс. Ол — музыка этнографының⁶ жұмысы. Бірақ ескі ән-күй жайындағы біздің іс жалғыз бұл болып қана тоқтамайды. Енді сол ескі қорды біз түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің керегіне жаратуымыз қажет. Мәселе оның қатып тұрған, айнымас қалпын тамашалауда емес. Сол мұраны баурап жеңіп, билеп алып, революция керегіне жаратуда. Іс, творческое преодоление мәселесінде⁷. Осы ретте қазақтың ескі ән-күй қорына мәдениет қолы боп араласқан Затаевич⁸ қолын көріп жүрміз. Ол көп жерде ескіні жинаушы ғана емес, өз жанынан, өз басынан түр қосушы, қошқар мүйіз болушы боп та араласып кетеді. Барлық гармонизация дегендері ескі музыкаға жеке адамның өз қоспасын әкеп тығуы сияқты көрінеді. Бұл тегі жақсы ма, жаман ба, керек пе, керексіз бе, өз кадрымыз болмағандықтан оны айыру әңгімесі де бізге қиын. Және ән-күй мұрасының өзі қазақта алуан-алуан. Дауыс қосып айтатын әннен басқа бізде бұл примитивтің⁹ жоғарғы бір сатыда тұратын күйлері бар. Бұрынғы домбырашы, сыбызғышы рас айтса, ол күйлер нағыз сюжетті музыка. Әрқайсысы өзі бір ұзақ әңгіме, музыкалы повесть. Осыларды да ұғынып, талдап, сынап, қай күйдің шынында нені баян ететінін музыка тілінен ұғынып, лайығынша керекке жаратуға тиістіміз. Осы сияқты біздің мектеп, клуб, театрымызға музыка аспабының, оркестрдің мәселесін де шешу керек. Бұлар да қазақ еңбекшілерінен шыққан төңкерісші музыкантты тілейді. Тағы да кадр жоқтығына кеп тірелеміз.

Онан соң бүгінгі мемлекет театрымыз да тегінде бір-ақ театр болып тұрмайды. Бұдан ұсақ формалар аралас музыка театры мен жас буын театры — ТЮЗ¹⁰-дің бөлініп шығып, жеке-жеке театрлар жасауы да бүгінгі күн тәртібінде тұрған мәселелер. Және Қарағанды, Риддер, Балқашстрой, Қарсақпай, Ащысайларда жұмысшы театрыңыз отыру мүмкін емес. Басқа сансыз көп жерлерде клуб, театрлар ашылмай тағы болмайды. Оның үстіне бес облыстың облыстық, қалалық театрлары да болуы даусыз. Осы істің бәрі де кадрдан қиналып отырған бүгінгі бір ғана мемлекет театрының ісі болмайды. Өнер кадрын туғызудағы бүтін Қазақстан өлкесінің алдында тұрған қиыншылықтар болып саналады.

Осы жайлардың барлығы соңғы екі жыл бойында үлкен көңіл бөліп, нық ойлап келген Қазақстан үкіметі мен өлкелік партия комитеті енді осындайлық шабандап, кенжелеп қалған бір саланы, өнер саласын мықтап қолға алуға кірісіп отыр.

Жақында шыққан Совнарком қаулысы¹¹ үкімет басындағы ірі қызметкерлердің театр, музыка кадрын жасауды белсене қолға алғанын анық дәлелдейді. Совнарком қаулысы бойынша енді Қазақстан атына лайық ірі-ірі істер істелмек. Өнер кадрын жасау қаулыда бірнеше сатыға бөлінген. Соның бір жолы, үлкен сенімді, өнімді жолы театр, музыка техникумы болады. Биылғы 1933—1934 жылдың ноябрінде жүз отыз кісі алынуы керек, стипендия жүз, жүз елу сом. Оқушының жарымы театр, жарымы музыка мамандығына үйренеді. Техникум, орта дәрежелі мектеп, дәрежелі мектеп боп қалыптану үшін оған даярлаушы оқу басқа бір бастауыш мектепте оқылған болу керек. Сол үшін биылғы жылдарда курс ашылады. Ал түбегейлі курс оқушы кадрын даярлап отыратын қып, қырық-елу балалық бір детдомды¹² бастауыш музыка мектебіне айналдырады. Мінеки, кадр даярлау ісінің жоспарланған өрісті, өнімді жолы — осы.

Мұнымен қатар, қазірде бастығы мемлекет театры боп, дәл бүгіннің өзінде кадрға мұқтаж болып отырған көп театр, клубтар бар. Кісі жоқтықтан іргесі көтерілмей отырған талай-талай жұмысшы театры, жастар театры сияқты үлкен істер бар. Осының бәрі — кадрды жалғыз техникумнан тосып отыруға болмайды. Совнарком қаулысы сол себепті екінші жолдар белгілеген. Мұның ішіндегі ең ірі жұмыс — Москвадағы театр дүкенін (мастерскойын) ашу. Ол дүкен биыл күз отыз кісіні алса, үш жылда сол отыз кісі тұтасымен кеп, бір театрды ұстап тұра қалатын тұтас бір коллектив болады. Режиссері, бас рөлдің, орта рөлдің актері — барлығы да сол отыз кісінің өз ішінен жіктелген, екшелген болады. Біздікіндей шабандап қалған істерге үлкен бір көмекті осыдан күту керек. Қазір театр саны жиырманның ішіне кіріп отырған Өзбекстан Республикасының тәжірибесі де осы екен. Жаңағы дүкеннен шыққан үш-төрт коллективі бар.

Жалғыз-ақ, біздің Наркомпрос¹³ келесі күзден бастап осы отыз адамды қалайда болса тауып, сол дүкенге жіберетін

болу керек. Жаңа алынатын адамы сол үш жыл ішінде актерлік мамандығын баурап аларлықтай, оқу-білімі, дайындығы бар адамдардан құралу қажет. Сонымен бірге өткен қыс, 32-33 жылдың тәжірибесін, жаман тәжірибесін естен шығармау керек. Грузиядағы Руставели театрының студиясына жіберген тоғыз адам, Москваға театр комбинатына өз бетімен барып түскен жеті адам қыс ортасында тегіс оқуын тастап, Қазақстанға қайта шұбырып келген. Солар күздігүні жіберілгенде Наркомпростың арттарыңнан стипендия жіберіліп тұрады деген уәдесімен кетіп еді. Қыс ортасына шейін уәделі стипендиядан жарытымды еш нәрсе алмай, киімдерін сатып, ашығып, қарызданып Алматыға жетудің өзіне зар болған. Бұлардың осындай халге ұшырауына себепші кім?

Себепші — Наркомпростың бухгалтериясы дейді. Мезгілімен стипендия жіберуді ұмытып кеткен. Не болмаса, оның соншалық қажеттігін елемеген. Міне, ендігі кадр жасау ісінде алдымен осындай салақтықпен алысуы керек. Мұның көп жерде салақтық қана емес, үлкен кесірге айналатынын ұмытпау керек. Талай үлкен іс, үлкен ниетті осындай меңіреу, бітеу керенаулық өшіре, өлтіре салатыны болады. Алдымен, сол жойылу керек.

Кадр даярлаудың бұдан басқа бір жолы — мемлекеттік театрдың жанындағы студияны кеңейтуде. Оның жалпы оқушы саны актерден басқа тағы жиырма адам қосылатындай болу керек. Және мұның үстіне театр жанында ұдайы жүріп тұратын алты айлық курс болу керек. Курс аудандық клуб, театрларға кісі даярлап беруші болады.

Бұл істер де тығыздық ретімен кадр даярлау керек болғанда өзінше бағалы, маңызды істер болады. Мемлекет театрының өз актері үшін ашылған студия биыл қыс бойы іс істеп, актердің кейпін, сауатын молайтып, мамандығын тереңдету, дамыту жұмысымен болды. Бұл сияқты іс әлі ілгерілеп, үдей бермек.

Міне, осы сияқты неше алуан шаралардың қатарында ендігі бір еске алатын, орындайтын үлкен іс — жеті жыл бойында мемлекет театрына келіп, өнімді актер бола алатындай өнерін көрсетіп, қайта тайып шығып кеткен бірталай талантты адам-

дар бар, енді солардың барлығын да қайтадан театрға жию керек. Жиылатын жағдай жасау керек.

Оқимын деген шартпен келетін болса, оқысын, болмаса іс істей жүріп, студиядан оқимын дегені болса, ол тілегенін алсын. Қалай да сол пісіп қалған кадр түгелімен өз театрын қайта табуы қажет.

Соңғы жылдарда Қазатком, Совнарком, Крайкомның¹⁴ ісіне басшылық істеп келе жатқан бас адамдарымыздың тұтасымен жұмылып театр, музыка ісіне қатты көңіл бөлулері — бұл майданды сүйетін адамның қайсысына болса да үлкен сенім, екпін беріп отыр. Сондай зор бейілдің үлкен тарихи бір белгісі жаңағы Совнарком қаулысы. Тек енді осы тез, тұтас іске ассын. Сонда біздің өнер саласында да көрнекті бір белге шығып қалуымызға күдік болмайды, сенім артады.

МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫНДА “АСТЫҚ” ПЬЕСАСЫ

Қазақстан мемлекет театры былтырғы жыл репертуарына кірген “Астық” пьесасын соңғы күндерде жаңадан көрсете бастады.

Театрдың 8-партия конференциясында көрсетпек боп отырған, өзінше ірі табысының бірі де осы — “Астық”.

Киршонның бұл пьесасы Одақтағы пролетариат драматургиясының бір дәуірдегі үлкен бір тұрғысы деп саналады.

Енді осындай пьесаны мемлекет театрының күштері қалай түсініп, қалай атқарып келеді? Тұтас спектакльден, жеке кейіпкерден не нәрселерді “табысым” деп санай алады?

Мақаланың мақсаты осы жайлар болғандықтан, соған көшейік. Тұтас спектакльде театр өзінің төңкерісшіл театр екенін көрсетпек. Репертуарына “Астықтай” төңкерісшіл пьесаның кіруі, біздің театрдың бүгінгі пішіні мен бағытын белгілейді.

Дәл осы жағынан қарасақ, жалпы спектакльде, біздің театр әзірше жаңағыдай үлкен міндетті ада қыла алған жоқ. Меңгере ала қойды деп айта алмаймыз. Оп-оңай ада қылу, жеп-жеңіл де нәрсе емес. Бірақ театр осы жәйді өзінің ізденуі жолындағы бір сыны деп білу керек. Сондықтан “Астықтың” бүгінгі спектаклі аяқтап толып, жетіп тұрған спектаклі емес. Ол әлі театрдың өзімен бірге өрлеп, өсе баруға тиіс. Осыны жақын уақыттағы келешегі дейік.

Қазір біздің театрда “Астық” спектаклін көруші жолдастардың көбі жеке артистердің ойыны мен көпшілік сахналарының бірталай жерінде қазақшалау, қазақ пішіндес көріністер бар деседі. Артист жасаған кейіпті орыс крестьянының, орыс кулагының ғана кейпі дей алмайды. Көруші ұнатар, ұнатпасын, жақсы-жаман дерін дәлелдеп шеше алмаса да, әйтеуір “қазақ ісі бар”, қазақылау тұрпаты бар дейді.

Мысалы Серке¹ ойнап жүрген ку құйрық түлкі сияқты кулак Катикин: бұның іс-мінезі орыс кулагы болумен қатар, қазақтың бұрынғы аулының қалдығы “алаяқ” сұм-сұрқияның

иісі де шығып тұрады. Осы енді табыс па, жетіспегендік пе? Өзге ересек театр бұны істесе, онысын табыс дер ек. Онда әдейі істелген, іздену ретімен жасалған кейіп дер ек. Ал, біздің жас театрға келгенде, бұл мәселе үміт пен күдіктің түйісінде тұрған мәселе болады. Егер актер сол орыс кулагының кейіпін әбден жеңіп, меңгеріп алып, соның ар жағынан түр шығарып, өрнек салса, ол жақсы.

Ол — актер шығарған жаңалық. Іздену жаңалығы. Спектакльдің түрі, ұлттық өрнегі де сондайлардан құралады. Бұл жағынан қарасақ, Серке ойнындағы “қазақ исіне” бір жаңалық деп үміт артатын боламыз. “Осы жақсы, осы дұрыс” деп бояп қоймасақта, қатты ескеретін тәжірибе дейтін боламыз. Ал, егер Серкенің Катикіні шаманың жетісіне қарай ғана шыққан кейіп болса онда бұл — кемшілік, шалалық.

Орыс кулагының кейіпі қолдан келмей, шала-шарпы боп, сүріне-қабына барған уағында “Көдебайша” кулак болса, ол табыс емес, әрине, мін. Көпшілік сахнасындағы қазақылау күйлер турасында осыны айту керек. Театрдың барлық күші осындай жайларға үлкен сынмен қарасын. Істесе, әдейі сүйсініп, ұғына отырып істеген “ізденуім” деп істесін.

Болмаса әл жетпегендік боп кетіп жүрмесін. Шынында, қазақ актерінің көпшілігі мәдениетсіз. Оқу өнері аз. Сондықтан орыс оқығанын ойнау, жұмыскерді ойнау, кулак сияқтыларды ойнау да оңай жұмыс емес. Алғашқы сатысында орысты “ойнасаң дәл сол орыс кейпінің өзін, орыс актеріндей қып көрсете біл” деген ең бірінші, ең элементар шарт болады.

“Астық” спектаклі театр күштерінің ішіндегі Серке сияқты бір алуанына жаңағыдай үлкен міндет артады. Әлі осы бір кейіптің үстінде көп еңбек етіп, актер ойынының үлкен сапасын көрсететін бол дейді.

Осы қатарда ең алдымен атап кеп қосатын кісіміз Қапан². Оған үлкен, нық ескерту жасау театр басшылығының да, жалпы жұртшылықтың да үлкен міндеті сияқты боп барады.

Пролетариат драматургиясының ішінде “Астық” дейміз. Ал “Астық” өз ішінде Михайлов дейміз. Тегі, “Астық” Михайловпен ғана “астық” боп тұрғанын ұмытуға бола ма?

Киршонның да мақтауы Квасовты жасауда емес. Бұрын дүние жүзінің әдебиетінде болып көрмеген жаңа адам, жаңа

кейіп — Михайловты жасауда. Өйткені орыс әдебиетінде Квасовтар оншалық жаңалық емес. Оның аталас-тамырластары ескі, жаңа әдебиетте толып жатыр. Ал, Михайлов, Левинсондар әзірше, пролетариат әдебиетінің жас кезінде, бірден-бірлер ғана. Бұндай кейіптерді одақ құрылысы өмір жүзінде көп туғызып жатса да, әдебиет әлі онша молайта алған жоқ. Сондықтан, “Астық” пьесасындағы бәрі бір төбе де, жалғыз Михайлов өзі бір төбе. Аналар Михайловтың кім екендігін көрсету үшін жасалған адам рөлі. Олар құр шымылдық қана. Осы себепті Михайлов рөлі театр үшін, режиссер, актер үшін де ең жауапты, ең міндетті ауыр рөл. Бұл рөлдің үстіндегі қызмет, талап, ізденушілер әлі аяқтаудан, бітуден алыс жатыр. Актер Михайлов рөлінің үстінде түлей-түлей өрлеп, ірілеп өсуге жараса, табыс, әні, сол. Ол біздің күштер үшін ұлы дүбірден жұлде алу есепті болады.

Егер Қапан мен режиссер былтыр бір дайындаған Михайловымен жүре бермек болса, ол қарын аштыратын іс болады. Ал, Қапанның “былтырғы ойыны биылғысынан тәуір еді” деген де сөздер бар. Бұл жақсы белгі емес. Оның үстіне мен былтыр, биыл ұдайы жойылмай келе жатқан бір орасан кемшілікті айтпақпын. Ол — Қапанның сөзді жеткізбейтіндігі. Не сөздің жарымы жұтылып кетеді. Немесе “қалдыр-құлдыр” етіп ұғынбайтын бір “дабыр” болып қалады. Михайлов демек, тегінде, “партия” демекпен тең. Оның бірде-бір сөзі айтыла салған, шығасы сөз болмайды. Ол, нервысының арқау, бұраулары өте нық, берік бұралған адам. Бойында “қоя берсіні”, бос дадалы жоқ адам. Ольгамен екі арасының қайшылығы да содан емес пе?

Олай болса, оның жалғыз сөзі қақас кетуі керек емес. Және Михайлов шешендігінің өзі де бір алуан, өзгеше шешендік. Ол суырылып, төгілтіп, қызыл-жасылды молайтып отыратын шешен емес. Сөз жарқ-жұрқын да сүймейді. Шешендігі әр қашан темірдей қатты логикасында сөз дәлелімен ұтымды. Ұтымдылығымен шешен. Біздің орташа көрушіміз оның сөзіндегі логикалық байланыстың бәрін бірдей, үнемі ұстап қап отыра алмайды. Оның үстіне жарым сөзі актер тілінің сүрініп, қабынуымен жойылса, Михайловтан не алмақшы? Әр қашан Михайлов сахнаға шыққанда, көруші: “не дер екен?”

деумен отырады. Ал біздің театрда ол “деп” қойғаннан кейін де ылғи “не деді?”, “не айтты?” деумен ентелесіп отыратынын Қапан біле ме екен?

“Астық” спектаклі мемлекет театрында кейбір күштер жөнінде жоғарыдағыдай сұрақ таңбасын қойғызады. Кейбір күштердің тұсында күдікке де тіреп қояды. Ал осыдан соң кейбір адамдардың ойынының тұсында қуантып, көңілді өсіруге де жарайды. “Театрдың табысы қайсы?” деген сұраққа “Астық” арқылы беретін жауабымыз Қанабек³ пен Елубай⁴ ойындары. Мысалы, Қанабек суреттеген кулак Квасов. Бұл жау. Сол жаудың “жаулық пішіні” қандай болатынын жақсы қып ашып беру де төңкерісшілдік міндет. Қанабекке өзге актермен қатар қойылатын шарт: “Орыс кулагын дәл қып, орыс актерінше ойнап бер” деген болса, оны Қанабек орындап отыр. Жалғыз ол емес, сол кулакты аз ғана қазақ актері болған комментариймен де суреттейді. Бұл рөлді ол үлкен, терең түсінікпен, мол санамен ойнайды. Жаудың сырты қандай, іші қандай? Қай жерде бипың жорғаға салып, қай тұста жанын салып, тіс-тырнағымен қатып қалады? Сол қоймаларының бәрін ашады, ішек-қарнын түгел ақтармалап береді. Еш бір қимыл, қозғалысы үстірт емес. Ашық тартысқа қарай бастырып, өсіргенде де, көңілге қонымды, түсінікті қып өсіреді. Нәтижеде шығатын кейіп қандай? Ол: “табаны жұмсақ, жүрісі майда, қолы-басын жұмсақ түк басқан” мысық.

Бірақ сол түгінің ішінде жасырынып тұрған тырнағы бар. Кезегін аңдып, шауып түсетін дұшпан боп суреттеледі.

Екінші осындай үлкен сурет — Елубай жасайтын Романов суреті. Ең алдымен, былтырғысына қарағанда Елубай биыл гримін сайлы қып алған. Осының өзінде нық өсірген. Солар арқылы, енді Романов көруші көзге, ұмытылмас кейіп боп орнап отыр.

Елубай Романовының, Қанабек Квасовынан айырмасы — оның тап-таза, толық тұлғалы орыс кейпін беруінде. Бұнда қазақ актері боп өз жанынан қоса берген комментарий көп байқалмайды. Бірақ адамын нағыз орыс қып ойнау деген шартты “Астық” тұсында ең жоғарғы дәрежесіне жеткізіп ойнаушы Елубай ғана. Жаңа ... * кейіпте, құр жансыз сурет қана

* Жазуы өшіріліп, оқылмады.

емес. Фотографиядан аулақ⁵. Романов боп “қайта туғандай” жандылық. ... дауыс кеудені жансыз, мүсінсіз ... көрсетуінде емес. Сол кеудеге жан бітіруде. Жан кейіп дегеннің өзі туғанда да сол арқылы тұмақшы. Кейіп жасау деген: актердің сапарға аттанып, шабытпен қанат қағу барысы емес пе? Олай болса актердің мұндай нық шабытпен ойнаған рөлі, оның құлаш қойған да жері болады. Елубай биылғы Романовын да сол айтылған шабытты (вдохновениесі) тауып, өте әсерлі, өте мағыналы ойнап ... “Астық” ішіндегі өзге актерлердің ойнауына ... боп келер, тағы суретші еңбегі жайында айтылатын сөздер көп еді. Оның бәрі газет мақаласының көлемінен асыңқырап кететін болды.

Мен оның бәріне әзір тоқталмасам да, қорытынды ретінде жоғарыдағы өзіміз қойған сұраққа жауап айта кетпекшімін. Сұрақ: “Астық” спектаклі арқылы мемлекет театры ... жоғарыда саналған нәрселерді ғана ... қосымша ретінде айтарымыз. Жаңағы актерлер ойындарының әдістері болады. Осы “Астық” үстінде біз Серке ойыны, Қанабек ойыны, Елубай ойыны арқылы үш түрлі үлгіні, үш түрлі әдісті, іздену әдісін көріп отырмыз. Соның қайсысы дұрыс.

Қайсысын театрдың әдісі қып ұстанып қаламыз. Жоқ, әлде бүгінгі сатымызды бұның әр қайсысына өріс беріп жіберіңкірей түсіп, қорытындыны кейінірек жасаймыз ба? Бұлар әзір шешілген мәселелер емес. Бірақ осының бәрі жиылғанда, бәрін жеке алғанда осылар арқылы театрдың өсу, іздену элементтері белгіленіп келе жатқаны даусыз айқындалады. Театр табысы деп соны айтамыз. Оған ірге боп отырған — “Астық”.

ЖАҚСЫ ПЬЕСА — САПАЛЫ ӘДЕБИЕТ БЕЛГІСІ

(пікір алысу ретінде)

Жалпы кеңес әдебиеті үлкен мұрат қып отырған нәрсенің бірі — ірі пьеса. Біздің сөзіміз де сол жөнінде болмақ. Былтырғы жыл жазушылармен әңгімелескенде Сталин жолдастың әдейі қадап айтқан сөзінің бірі де осы пьеса жайы болатын. Суретті әдебиет¹ ішінде көпке жететін, дегені дөп тиетін, әсері мол болатын түрі — драма.

Осыған орай, партия мен үкімет жалпы одақ көлемінде пьеса бағасын ерекше көтерді, бүкіл одақтық бәйге жариялады². Сегіз ай ішінде одақтық Совнарком бәйгесіне мың екі жүз пьеса түсіпті.

Бәйге алған — бес пьеса. Алдыңғы қатарға шығып, екінші бәйгені алған Киршон³ пьесасы “Ажайып қоспа” мен украин жазушысы Корнейчуктың⁴ “Эскадра қазасы” деген пьесасы. Үшінші бәйге Романовтың⁵ “Ерлер” деген пьесасына берілген. Содан кейінгі бәйгені армян жазушысы Джананның⁶ “Шахнама” деген пьесасы алған. Және украин жазушысы Кочерганың⁷ “Сағатшы мен мекиен” деген пьесасы алды. Бірінші бәйгені алған пьеса жоқ. Өйткені драматургия социалистік құрылыс қарқынына әлі күнге ілесе алмай артта қап, кенжелеп келеді. Ұлы дәуірдің үлкен шартына жауап ұрғандай зор пьеса әлі туа қойған жоқ.

Бірақ сонда да мына бәйге, мына нәтижелер — ірі талпыныс пен үлкен серпін айғағы. Бұндағы ерекше бір өзгешелік — одақтық республикалардың өзді-өзі көлемінде ғана жүрген бірқатар жазушы мен шығармалары бәйге арқылы әр ұлттың тар арнасынан шығып, бүкіл кеңес әдебиетінің мол қорына, ортақ қорына келіп құйып отыр. Украина, Армения, Татарстан сияқты кешегі бұратана ұлттардың социалдық мәдениеті бүгінгі күнде өскелеңдеп өрге басып, жалпы интернационалдық, социалдық әдебиетіне үлкен, мол-мол сай-саладай боп кеп шылбыр созды. Осы айтылған сөздерден және бәйге жөнінен бізге айқын көрінетін міндеті: қазақ

әдебиетінде социалды құрылыстың үлкен сыры болатын пьесасын туғызып, өсіру, соны қанат қақтырып өзге өрге бастыру.

Бұндай пьесаның жазылу әдісі, құрылыс негізі — социалдық реализм. Тақырып, мазмұны: Қазақстан мен одақтағы социалистік құрылыстық мағына, мазмұнымен кіндіктес, ұлы табыстарға сай, үлкен сыр боп шығу. Осы айтылғанның барлығы — біздің пьесаға қойылатын сапа, сана шарты, дәуір шарты. Ендеше олқы-солпымызды танып, ұғынып алып, соны жеңіп, ілгері қарай қамшылануымыз керек.

Әуелі өз қатарымызды шолып өтейік. Бізде не бар? Жалпы жауап берсек, біздің әдебиет пьесадан олқы емес. Соншалық қара жерде отырған кісідей емеспіз. Қайта бүгінгі әдебиетіміздің өскелең түрінің бірі пьеса дейміз. Бұл жалпы жауап. Біраз ұшқарырақ та жауап. Әйтсе де сан менен әзіргі сапаға келсек, алдымызда: “Майдан”⁸, “Түрксіб”⁹, “Тартыс”¹⁰, “Кек”¹¹, “Шабуыл”¹², “Шахта”¹³, “Забой”¹⁴, “Заман заңы”¹⁵ — бір алуан, биылғы жыл тудырған күйлі пьесадан¹⁶: “Айман-Шолпан”¹⁷, “Шұға”¹⁸, “Колхоз тойы”¹⁹ — бір алуан боп көлденеңдейді. Бұлардың үстіне ең соңғы уақытта жазылған Ілиястың²⁰ “Соқыр ішегі”, Бейімбеттің²¹ “Талтаңбайы”, Асқардың²² “Жаңа адамдары” тағы бар. Әзірше жазушы жұртшылығының көпшілігіне мәлім болған, бетке шығар деген пьесаларымыз — осылар.

Осының “Шахта” сияқты бірен-сараны ғана болмаса, өзгесі тегіс 32-жыл мен 34-жыл арасында туып отыр. Аз сан емес. Көпшілігіне — өз әдебиетіміздің шамасына қарай жап-жақсы сапа да күтеміз.

Пьеса түрінің біздің әдебиетте көпшілік түр екенін, модадағы түр екенін көрсету үшін тағы біраз белгілерді атауға болады. Мысалы Қазақстан баспасы мен мемлекеттік драма театрында, ерте күннен соңғы уақытқа шейін жиылған пьеса саны 80 шамалы. Оның үстіне, биылғы жарияланған (Қазақстан кәсіпшілер одағы жариялаған) клуб пьесаларының бәйгесіне түсіп жатқан бір топ пьеса тағы да бар.

Пьеса қатарында бұлардан бөлек бір алуан, көрнекті іс — аудармаларымыз. Кеңестік пролетариат әдебиетінің өзге ешбір түрі біздің тілге драмадай боп аударылған емес. Социалистік құрылыстың үлкен сыры деп танылған роман, әңгіме, дастан атаулыдан әлі көрнекті ешбір аудармамыз жоқ болса да, пьесадан: “Астық”²³, “Досым”²⁴,

“Мстислав”²⁵, “Сүңгуір”²⁶, “Булычев”²⁷, “Қорқыныш”²⁸, “Желді кара”²⁹ сияқты атақты шығарманың барлығы да бүгінде қазақ еңбекшілеріне жат, бөтен нәрсе сияқты көрінбейді, өз тәні боп келеді. Социалистік құрылыстың интернационал өнеріне тізе қосып, қабысамыз дегенде біздің әдебиеттің ентелей басып, көсемдік қып, алдымен талпынып келе жатқан саласы да драматургия болды.

Және бұл тұстағы негізгі дұрыс, мағынасы үлкен тәжірибебіздің бірі — аударманы ойнауды жаңа пьесалардан бастағандығымыз. Кеңестік жаңа пьесалардың тақырыбы, бағыты, санасы — барлығы да біздің еңбекші еліміздің өз дүниесі. Сондықтан оның тартысы да, табысы да, қуанышы да өз мүлкіміз боп әсер етеді. Кеңес әдебиетімен, әсіресе алдыңғы қатардағы орыс әдебиетімен жұртшылығымызды таныстырамыз, баулимыз дегенде алғашқы адымды осындай: танысынан, жақынынан бастауымыз өте дұрыс.

Міне, біздегі драматургияның бүгінгі жайын айтсақ, осы саналған нәрсенің бәрі ауыз толтырып сөйлеуге келетін татымды, нәрлі нәрселер. Бірақ, мақаланың негізгі мақсаты — даттау емес, өзара сын. Өз қатарымызды сынай шолу. Сондықтан енді өз тумаларымыздың кемшілік, олқылықтарын айтайық.

Бұл тексеруде біздің көбіне сөз қылатынымыз: алғаш жасалған бетке ұстар он шақты пьеса. Әрине, бұлардың әрқайсысы жеке-жеке ұзақ сын, ұзақ талқылауды керек қылады. Ол өз бетімен орындалатын, орындалып та жатқан істер. Бір мақаланың ішінде тобының басын қосып, жалпы сөйлейтін болған соң, жалпысына ортақ кемшілікті айтпақ керек.

Осы жайда айтылатын сөздің бары да, бірі де ең алдымен үлкен “Тұлға”^{*} жайы.

Бұл — біздің прозамыз, поэзиямыз — бәр-бәріне бірдей шарт болып қойылатын нәрсе; жанды адам, әсерлі адам, үлгілі жаңа адамды сыйлы қып көрсету шарты. Пьесаға келсек, әсіресе солай.

* Мен “тұлға” деген атауды орысша образ орнына ұсынам. Бұны “кейіп” деп жүргізу орысшасынан кем соғады. Ол “кейіп” — настроение. “Тұлға” образдың дәл өзі болмаса да, “тұлға болар деймісің” деген сияқты қолдануларға қарағанда мазмұны жақын сөз.

Жалпы пьеса деген түр-тұлғамен пьеса. Тұлғасы толық, тұрманы түгел адам болмаса, пьеса өз түрінен айырылады. Өңі қашады. Ол не терме (хроника), не жасыған сөз (публицистика) боп кетеді. Ендеше, тұлға демек, сапа демекпен тең.

Барлық кеңес әдебиетінің, оның ішінде, әсіресе, біздің әдебиетіміздің шеше алмай келе жатқан ең үлкен түйіні осы. Сондағы қиыны жалпы тұлға, я ескілік тұлғасы емес, жаңалықтың, жаңа адамының тұлғасы. Бүгінгі пьесаның сапасы, нәрі сонда тұр. Әдебиетіміздің ең жанды мәселесі осы дейміз.

Бұрынғы классик әдебиетті алсақ, ілгері уақыттағы үстем таптар пісіп толар шақтарында өздерінің таптық тұлғаларын толық қанды, айқын пішінді тірі жан қып көрсете білген. Гамлет³⁰, Фауст³¹, Чацкий³², Хлестаковтар³³, әдебиетті айтсаң, үлкен тұрғылардай ереуілдеп, “мен мұңдалап” тұрады. Бастарын қырау да шалмайды. Пролетариат әдебиеті бұлардай ғана емес, одан сонауғұрлым зор, сонауғұрлым мәңгілік болып қалатын тұлға жасауға тиіс. Орыс пьесаларын алсақ, Михайлов³⁴, Гайлар³⁵ — соның алды.

Ал, біздің пьесада осы жаңа адамның тұлғасы әлі ұсақ жатыр. Көңілге қонымды емес. Үстірт схема боп тұр. Сондықтан оқушы мен көрушіні өзіне қарай лебімен тартып, баурап, еліртіп, жетегіне ертіп кете алмайды. Көруші ақылымен “жақсы” деп түсінеді, бірақ сезімімен тереңдеп ілеспейді. Мысалы, біздің ең әсерлі, ең мағыналы күшті пьесамыз деген “Майданда” Зәуреден көрі Мамық, Көдебай сонауғұрлым айқын тұлға, сонауғұрлым есте қалғыш. Сұмдық сұрқиялық, бұзарлығымен есте қалсын — бәрібір пьесаның жандырақ тұлғалары солар. Шынында, бұл орында жақсы тұлғалар болуға тиіс еді. Рас, тап жауын тайға таңба басқандай айқын қып, әйгілетіп, барлық көлемімен көрсету — пролетариат жазушысының міндеті. Оның төңкерісшіл рөлінің бірі сол екені даусыз. Бейімбетті алсақ, “Майдан” ішінде бұл жөнінде үлкен қырағылық көрсеткен жері де бар: бай-құлақтың колхоздағы санақшы, склад қызметшісі боп тұрысын аяп, бұрынғыша азу тісті ақситып жүріп, ... алмайтынын Бейімбет үлкен жазушының алдын болжағыш, көргіш, сезгіштігімен “Майдан” ішінде ерте

айтты. Бұл оның теріс тұлғаларды көрсету жөніндегі табысы. Үлкен табыс. Әдебиет сапасының бірі. Бірақ онымен міндет атқарылып болмайды. Пьесаның төрт аяғы түгел болу үшін дұрыс тұлға да теріс тұлғадан олқы орын алмау керек.

“Түрксібтің” ішінде де осы кемшілік бар (Бұнда “Түрксібтің” алғашқы екі жазбасын сөз қыламыз). Дұрыс тұлғадан Қамысбай орны бөлекше екені рас. Ол пьеса ішінде өседі. Өзі ұмытылмастай-ақ жақсы, көңілге қонымды-ақ. Өмірі, ісі, мінезі — бәрі де терең мағыналы жиынтық (собирательный) тұлға. Пьесаның ішінде бастан-аяқ жүретін адам сол. Шынында, пьесада тұлға боп тұрған да соның өзі.

Бірақ, соның бәрімен қатар Қамысбай да кішкене жатыр. Тілеулесі болады-ақсың. Бірақ, өзі бола қояйыншы деуің қиын. Өмірдегі, құрылыстағы Қамысбайлар бұдан ірі де, кесек. Бұдан нәрлірек те, қызықтырақ. Біздің тұлғаларымыз өмірдің алдына түскен жетекшісі, басшысы емес, көшіне ілесуші сияктанып қалады. Ал, “Түрксібтегі” жетекші, найза басы Сәрсенге келсек, ол жоғарыда айтылған, үстірт көрсетілген схема адамына жақын. Мысалы, сахнада Сәрсенді ойнап беретін актерге бұны жақсы тұлға қып беру қиын. Үйткені жақсылығы, қызықтылығы іспенен, драмалық тартыспен шешілмейді. Өзінің ішкі, тысқы жағы да драмалық түйіндердің біртіндеп барып шешілуі арқылы ашылмайды. Көбіне Сәрсеннің өз сөзімен шешіледі.

Осы екі пьесаның кемшілігі “Тартыста” да бар. Ондағы айқын көрінетін адамдар, ұлтшылдар тобының үлкен зиянкестері, солардың алуан-алуан адамы: қастық, сұмдық, айлакерлік мінездерімен біріне-бірі ұқсамай, әр сатыда тұрып, көп саладан ұтылап қуған жауларша әрекет етеді. Бірақ, соған орай коммунист, комсомол жастар біріне-бірі ұқсаған бір-ақ топ боп шығады. Бірін-бірі қайталап жүрген егіздер сияқты. Және бұлардың іс, мінезі, ойлары да партия мен комсомолдың үлкен масштабын, ұлы жорықтарын алып, бағытын толық мүсіндемейді, елес те бермейді. Кішілеу, ұсақтау соғып жатыр, топтанып істеген ісі жорығымен қызықты, әсерлі боп, көрушіні қуанта отырып, еріте жөнелтуге керек еді. Олай боп шыға алмайды. Дұрыс тұлғаларды қиын-түйін үстінде,

кылықтарынан жұртты сүйсінетіндей ғып өсіру шарт. Пьесаның бұнысы олқы.

Осындай мін жаңа адамды көрсеткен пьесамыздың бәрінде бар. Бәрімізге оңай соғатын ескі адамның тұлғасы, теріс тұлғалар.

Түбінде, жақын заманда бұл олқылықты жоямыз, қиындығын жеңеміз. Әдебиет сапасын көтерудің бірден-бір шарты осы деп білу керек.

Енді осы жеңе алмай тұрған өзіміздің қиыншылығымыз неде? Шынымен жеңгізбейтін бір ерекше бөгеті бар ма? Болмаса барлық есеп өз кемшілігімізде ме? Олай болса, сол кемшілік қайсы?

Алдымен ерекше бөгет деген нәрсе жоқ. Қайта жаңа тақырыпты ерекше қазық қып, жаңа адамды барынша көрнекті қып шығаруға барлық жағдай түгел деп білеміз. Олай болса, кемшілік жазушының өзінде. Бір жағынан жаңа адамды және оның еңбек қып жүрген ортасын, шартын тереңдеп ұғынып, толық білуіміз жеткілікті емес.

Мысалы, Қарағанды, Балқаштағы жаңа адамды алар болсақ, сол болашақ тұлғаның өз ортасы жағынан өзі білген білімін біз білмейміз. Таяз жүзіп, үстінен қалқып, шала-шарпы қып жиып алған көп бытыраңқы материалдың астында қаламыз.

Материалды, болашақ пьеса, романның шикізатын жақсылап зерттеп, нық баурап алу — үлкен шығарманың алдыңғы қатарда тұрған ең үлкен шарты.

Екінші үлкен кемшілігіміз — пьесаларымыздың құрылысы олақ. Драма әдебиеттің ең қиын, ауыр түрінің бірі дейді. Біз соның техникасын біліп, жеткеніміз жоқ. Драмада өзіне нық форма жасап, өзінің стилін (әңгіме құру үлгісін) пісіріп, шынықтырып алған қазақ жазушысы жоқ деуге болады. Жаңа тақырып, жаңа адамды толық тұлғамен шығару үшін біз осы жағымызды күшейту керек. Құрылыс олақтығынан, түйін-тартыстарды драма заңымен өрбіте алмағандығымыздан, адамымыз жанды, әсерлі, сергек адам болмай, пьеса адамы болмай шығады. Пьеса ішіне кіргізсек комсомол, коммунистеріміз партия, комсомолдың жиынтық тұлғалары болумен қатар жеке адам ғой.

Оның ұлттық ерекшелігі, өскен ортасының өзі, өз басынан кешкен бұрынғысының әр алуан әсері, бүгінгі қалпының жеке өзгешеліктері, жасы, оқуы, тәжірибесі, үй тұрмысы — бәр-бәрінде бір-бірінен аз да болса өзгешерек қылатын белгілері бар. Өмірде бар комсомол бір түрлі, бар коммунист те бір-ақ түрлі емес. Ал, біздің пьесаларда комсомол неге жоқ? Белсенді әйел неге жоқ? деп айтпасын дегендей қып, бәрі кіргізіледі де, сол партия атына, комсомол атына сай болсын деп, ылғи бір-ақ саламен жіберіледі. Нәтижеде, пьеса адамдарының дұрыс тұлғасының барлығы шетінен өз ұйымдарының инструкторы болып шығады. Ол сахнада саяси сабақ кітабының алғашқы беттерін оқып жүреді. Соңғы қаулылардың баяндамашысы — газет тілшісі. Үйткені, соның ғана тілімен сөйлейді. Жоғарыда айтылған жеке адамдық пішіннің бәрі сыртта қалып, барлық пьесалардағы дұрыс тұлғалар құйып қойғандай, біріне-бірі ұп-ұқсас бола қалады. Салт-сана жағынан мінсіз қылу үшін, саяси жаңылыс сөз сөйлеспес үшін, ұғынысы шолақ адам боп көрінбесі үшін бұны пьеса ішінде көп сөйлету қажет. Бұның өзі ғана жақсы болу жетпейді, өзгелерді де пікір күшімен жеңіп, қайырып алу керек. Сондықтан пьеса ортасында жалпы жиылыс тағы қажет. Ал жиылыста ол тек тұра алар ма? Сүйтіп пьеса ішінде мадақтаймыз деп жүріп, дұрыс тұлғаның өзін сол пьеса біткенше мылжың қып та боламыз.

Бұның ұзақ сөзінен жұрттың бағана қажып болып, әбден безер боп отырғаны ойда да жоқ. Ондай адам жаңа пьесаның нағыз қиын-түйін шатқалаңының бәрінен сыртта жүреді. Көрушіні еліктіріп, “неге соғар екен?” дегізіп отырған істерге бұл көбінесе кездеспейді, килікпейді. Үйткені ол көріп, біліп қалса, біздің пьесалардың түйіні түйін болмай шешіліп қалады. Партия көзімен көріп, шешпей қоя беруге болмайды.

Сондықтан, не ол бұл істі талқылап тексеріп, сырын ашып тұрғанда тартыс суынып, іс жылжып кетеді, немесе ол пьесаның ішіне ақырғы сахнаға шейін әдейі көзін таңып жіберген кісі сияқты боп: өзге жұрт бір төбе, ол бір төбе боп жүреді. Тартыстың сырын, түйінін біле алмай жүреді. Міне, партия адамын, жаңа адамды, дұрыс тұлғаны тірі денеден айырып, функция ғып кіргізу деген осы. Бұл негізде партияға да, комсомолға да пайда емес.

Барлық партияның жиынтық тұлғасы боп, жаңа адамның шын басшысы боп, ойдағыдай толық тұлға боп шыға қою оп-оңай емес. Ондай тұлға екі шығарманың бірінен көріне бере алмайды.

Кез келген коммунист, комсомол — бұл тұтас партияны көрсетіп шығуға керек десек, мұнымыз қата болады.

Егер біздің пьесаларымыздағы коммунистердің бәрін партия орнына ұсынсақ партияны кішірейтеміз.

Біз партияның басты адамдарын толық тұлғалы етіп көрсету үшін күресуіміз керек. Бірақ ол үшін бір пьеса ішіне партия, комсомол, әйел ұйымдары, кәсіп одағының бәрінің өкілдерін түгел кіргізе беру шарт емес. Онда біз материал астында қап, кісі басты боламыз. Барлық басты ұйымның делегаттары қалмасын деу қажет емес. Қайта әр ұйымнан ұйым адамы еді деп кіргізу жоғарыда айтқан сияқты функцияны кіргізу болады. Әр ұйымның өкілі өз ұйымының дерективін сөйлейтін боп кетеді. Пьесаның жанды арқауымен қабыса алмай, үстірт боп схема боп қалады.

Пролетариат драматургиясының үлгісі пьесаларын көрсек, партияны сол функция қып көрсетуден³⁶ қатты сақтанады. Қайсысы біреу-ақ, Михайлов та жалғыз. Олардың жазушылары әдебиеттің сурет тілімен сөйлейтін жаңа жиынтық тұлға жасағыштығын ұмытпаған. Соны максимал дәрежеде пайдаланған³⁷. Осы арқылы пьесаларды көруші оқушыға түйін тастап, қалғанын өзің ұғына біл дейді. Бұлай демек — кемелдік.

Тегі пьеса бар түйінін өзі айтып, оның бәрін тағы өзі шешіп беріп отырса, ол көркемөнер болмайды. Бұл жадағайлық, тайыздық. Суретші атаулының (жазушы да суретші) барлығына қойылатын бір шарт бар. Ол — салған суретіндегі күн, жұлдыз, көл — өзі күнмін, жұлдызбын, көлмін деп тұрсын. Суретші сен өзің барып, солардың үстіне мынау күн, жұлдыз, көл деп түсіндіргіш жазып қойсаң, ол өнер емес дейді. Міне, сапа мәселесі осында.

Алайық Михайловты

Михайлов пьесада үстірт жүрмейді. Оқиғаның қайнар ортасында. Тартыстың ең үлкен арқауы сол. Келуші еңбекші

де Михайловты қайта-қайта көргісі кеп, ол кірсе іс-мінезіне айызы қанып қап отырады. Бұны сүйеді. Сондай болсам екен демеске шарасы қалмайды.

Осы сияқты, социалистік құрылыстың ұйыстыру көсемі, іскері боп отырған партияны Гай да жақсы көрсетеді. Сонымен қатар бұның екеуі де кәдуілгі адам. Жеке адамдық жағдайлары, бас тіршілігі тағы бар.

Міне, біздің жаңа адам жайындағы жаңа пьесаларымыз осындай құрылысты нық зерттеу керек. Бүгінгі пьесамыздың үлкен асуы сапа десек, сапаның үлкен түйіні осы жаңа тұлғаны көрсете білуде.

Драматургиямыздың бүгінгі жайын айтқанда, тарихи пьесалар жөнінен бірер сөз айта кетпей тағы болмайды. Рас, бұл өзі бір мақаланың тақырыбы болуға тиіс. Бірақ, сонда да қысқаша күйде жанай кетейік.

Ең әуелі, бізде әзірше жүрген тарихи пьесаларды (“Еңлік—Кебек”³⁸, “Арқалық”³⁹, “Хан Кене” сияқтыларды) классик әдебиет дейміз. Ескі заманнан қалған пьесалар емес. Бұның бәрі де кеңес дәуірінде туды. Басында көпшілігі теріс бағыттан өсті. “Қаракөздер”⁴⁰ сондайдың нәтижесі. Қайта ойналса, жаңа түрлі талқылаумен (трактовкамен), өзгертумен ойналады. Бірінші рет қойылатын боп тыңнан көп өзгеріп отырған “Хан Кене” болмаса, өзгелер жаңа қойылуда да жамау-жасқау ғана. Осылар тарихи пьеса деп “Арқалық”, “Кебектерді” ойнағыш болса керек. Бұл үлкен қата. Ұғынуымызға керек. Ескі пьеса мақсұт емес. Феодалдық тұлғаларды қайталап, көлденеңдете беру социалистік құрылысқа мұрат бола алмайды. “Тарих” деп қана жадағай алсақ, ұшқары алсақ, саяси қата. Тегі бұдан былай ескі тақырыпты пьесаның ішінде тарихқа бүгінгі көзқараспен, пролетариаттың тап тартысы жөніндегі жүйесінің көзімен қараған пьеса ғана керек-ті. Жаңа театр репертуарында тарихи пьеса тегі көп бола беру қажет емес. Менің ойымша, жылына бірі жеткілікті. Театрдың репертуар мәселесінде қамшыланатын жағы бұл емес. Оның үстіне тарихи пьесаны көрсететін орта да талғамалы болу керек.

Қалайда, әрбір тарихи тақырып бізге де, театрға да, негізінде төңкерістік тақырып боп тұрсын.

Бізге шын үлкен мақсұт, ең алдыңғы қатардағы зор міндет — бүгінгі құбылыс жайындағы пьеса. Бірақ сол пьеса, көруші таразысына тарихи пьесадан жеңіл баспас үшін жоғарыдағы шарттарды орындаумен қатар қызық та пьеса болсын. Оқиғасы тығыз құрылған, істелуі босаң емес, құрыш пьеса керек. Ол үшін әрбір тұлға көп ойланып, көп сұрыптаудан туған болсын. Біздің бүгінгі бір мініміз — асығыс жазамыз, қайта соқпаймыз. Пьеса ішінде сөз кеміп, іс молайсын. (Осы ретте “Түрксібтің” соңғы, үшінші жазбасы келісті шыққан сияқты. Әзіргі қазақ пьесасының ішінде драма техникасын алғаш рет нық ескерген пьеса осы болар.) Пьеса ішіндегі адамымыз жанды адам болумен бірге, динамикалы (өскелең) адам болсын. Көп пьесамыздың дұрыс адамы салған жерден “шымшып тікендей”, төрт тарабы түгел, лық толы адам болады. Өмірде солай ма? Әрбір ірі науқан, ірі сын болып, сол үлкен тартыс үсті өсірмей ме? Еңбек, екпін ішінде қайта түлеу — өмір шындығы. Заманымыздың қызығы зор нәрі де сол емес пе! Қазақ пролетариаты әсіресе солай. Жаңа түлеп өседі. Балқаш, Қарағанды жаңа адам туғызып жатыр. Олар шетінен динамикалы тұлғалар. Басынан толы емес. Оның арты кешегі ауыл бүгінгісіне ғасырлар асқарларын басып түсіп келіп отыр. Әлі де алды бар. Өндіріс, жаңа құрылыс, колхоз, тоз, политотдел өсіріп отыр. Бұлар — жүздер, мыңдар. Білекке білек қосып, иыққа иық сүйескендер. Сондықтан, біреуінде мыңның кейпі бар. Мыңның психологиясындағы неше алуан шебер, қиын-түйіндері бар. Соны бір тұлғадан көрсете алсақ, функционал болмас еді.

Тағы бір кемшілік — пьесадағы адамымыз көп. Жоғарыдағы кемшіліктен пьесамыз ауыр боп шығады. Аудан, өндіріс сахналары қоя алмайды.

Санмен алып, адам басын көбейте беру олақтықтан туады. Сығымдалған нығыз тұлға, тығыз оқиға, кең суреттілік қажет. Жаңағы кемшілікті сол жояды. Сонда тамшыдан күн нұры көрініп, ұғылғандай болып, бір тұлғадан социализм көркі көрінетін болса — пьесаның сапалы жыр болғаны.

ҮЗІНДІЛЕР

Дәл қазіргі күндеріміз күншуақты, әдемі бір әдебиет көктемі сияқты сезіледі. Шағырмақ күні маужырап, тусыған даласы өнбек-өспекті тілеп, ыңыранып, бусанып, ерекше бір еңбекке шақырып тұр. Дағдылы көктемде тракторын, соқасын МТС сайлайды. Көлік, аспап, азаматын колхоз қамдайды. Еңбек елі науқанын қарсы алуды біледі. Науқанымызда біз не етер екенбіз? Бошалаң колхоз, сылбыр МТС болмау — дәмеміз. “Дәме бар да, дәрмен жоқтың” кебін кимесек дейміз.

Одақ әдебиетінің биылғы жылы ерекше жыл болды. Өзіміз де жүрдік, көрдік. Ой-сезімімізді жел желпіп, күн еміренткендей. Дәл бүгінгі күннің құлақ күйіне барлық ішек-пернеңмен әзірленген сияқтысың. Көрген мен сезгеннің бәрін терінейік, іріктеп екшейік. Сонда социалдық жаңа мәдениет белгісіндей, заман белгісіндей боп, пролетариат стилінің бүгінгі көрнекті бір тұрғылары сияктанып үш нәрсе ойға келеді. Бұның бірі — Мәскеудегі метро. Кеңес еңбекшісі Мәскеу қаласының астындағы саз, құмтас пен керішті ғана үңгіп жатқан жоқ. Ескі Россияның ғасырларын үңгіп, Иван Грозный Мәскеуіне шейін баратын тарих тоңын аударып жатыр¹. Қат-қат шөккен ғасырлардың ауыр, қалың қатпарларын пролетариат балғасы мен шапқысы:² “олай жатпа, былай түсесің!” деп, ырқына көндіріп, бұрып салып, баурап отыр. Миллиондар тілегі, мыңдар еңбегі. Мағына, сана көп — заман стилі. Бұрынғы “Ресей жүрегі” болған Мәскеу³ “Социалдық Отан жүрегі” боп қайта тұмақ. Бұл — социалдық құрылыстың еңбек майданындағы қорытынды бір тұрғысы.

Ой-сана майданында осы миллиондардың қол еңбегінің жалғасы сияктанып бір ғана кітап ойға келеді. Ол — Алексей Толстойдың “Бірінші Петрі”⁴. Сырт көзге шалғай жатқан нәрселер. Бірақ Ленинград жазушыларының съезінде Ленинград обкомынан келген жолдас Позерин өз сөзінде: “Бірінші

Петр” романының жұмысшы ортасындағы қадірі ерекше. “Красный Путилов” сияқты заводтарда сол кітапқа жұмысшы оқушыдан күніне 50 адам өшіретке жазылып отырады”, — деді.

Қуанатын да, қызықтыратын да бейіл емес пе? Бұл қалайша? Себебі екеуінің тамыр-түбірі нық байланысты. Пролетариат еңбегі ойсыз еңбек емес. Саналы даналық бар еңбек. Ол бір жерде әзірлер тамырын қолынан құлдап, тауып танып, үңгіп келе жатса, екінші жерде тарихты ой-сана, сезім, қиялмен де пролетариатша танымақ. Өрлей, құлдай үңгімек. Ондағы тондарды да аударыстырмақ. Петр Ресейін буржуазия мәдениеті бұлдыр сағымға орап, көп даттаған еді. Мына кітап “миллион еңбегіне сыр қосылса, осындай үнмен қосылсын” дегенді ойлатады. Пролетариаттың артқы тарихты шолған білім, сезім, санасының бір алуан қорытынды тұрғысы сияқты. Бұнда да заман стилі соқталы жота көрсетіп отыр. Осы бағаны жұмыскер оқушы өзі берді.

Осылардай, үлкен тұрғыдай боп ойды алатын үшінші бір белгі — съездегі Горький сөзі⁵; сөзінің жекеше ерекшелігі мен тақырыбы емес, ұлы аңғары мен ұраны. Барлық баяндамасынан аңқып ескен ұлы сарын жаңағы екі белгімен ұштасады. Мұнда тұсау кесіп, бұғау үзген миллиондардың жүрісі мен әуені шықты. Сол миллиондар кәрі тарих пен буржуазия мәдениетіне Горький үнімен, бар дауыспен өзінің “Мен келемінін” айтты. Дәуірден дәуір, тарихтан тарих ауысқанда, сонда бір айтылатын сөз. Социалды мәдениеттің стилі осы аңғармен асады дегендей қып, мұз биіктің басына СССР туын желбіретіп, қадап өткен сияқты болды. Жалпы әдебиетімізді алмай, Горькийдің өз жолын ғана алғанда да сонау қара күндерде пролетариаттың дауылпазы атанып, беймезгіл шақта шарқ ұрып ұшқан шағаласы боп бастап, аяғы бүгін кеп тарихы мен ескілік дүниесін жаңғырықтыра соққан мына сарын, мынау ұлы дүбір қандай әдемі, нендей атой!

Осы үш белгіден көп ғибрат алып, айқын бағыт тануға болатындай. Үшеуінде де жаңа стильдің даналығы бар.

Енді қазақ жазушысы боп еңбекке отырамыз. Бұл күнге шейін жер қорақтау боп, жасаң соғып келгендік бар.

Бойдағы азды-көпті үлкенге салмай, соныға беттетпей, мейір қандыратын белгі тудыра алмай келеміз. Бізде үлкен проза кешеуілдеп тұр. Шынында, үлкен прозасыз үлкен әдебиет жоқ. Сонымен, бір-бір романның соңындамыз. Мен осы жұмысыма жалпы әзірлік есебінде, бір жағынан, жоғарыдағы үш белгі сияқты өзіміздің құрылыстан, әдебиеттен, салт-санадан негізгі бағыт алудан басқа, биыл жалпы мәдениет дүниесінің екінші бір шетіне де көз салған едім. Оным — француз бен ағылшынның ерте кездегі шебер романшылары: Поль Бурже,⁶ Шатобриан,⁷ Альфред де Мюссе,⁸ Бенжамен Констан,⁹ Бульвер Литтон сияқтылардың шығармалары еді¹⁰. Романдарын тақырып ретінен әңгіме қылу жөнінен, жалпы техника жағынан зерттей қарастырған едім. Техникадағы үлгі боларлық ерекшелік, жеке бір жердегі айрықша шеберліктер, жалпы классик әдебиетінің бізге бағалы қасиеті ғой. Онысын көру, тану, үйрену керек. Бірақ пролетариат стилімен қабыспай, оған жақындастырмай тұратын бір ерекшелік — әңгіме құрудан байқалады. Мүмкін жазушыға жеңіл де жол болар. Қалайда кеп классик романы, ең алдымен, аз кісінің басына құрылады. Бенжамен Констан “Адольф” деген романын екі-ақ кісіден роман құрауға болады деген бәспен жазады.

Дүние классигінде кісісі көп келетін екі ұлы жазушы — Шекспир¹¹ мен Толстой¹². Бірақ батыс романшыларынан Толстой екі жерде, екі үлкен жазушыдан үлгі алдым дейді. Бірі — Стендаль, екіншісі — Диккенс¹³. Осылардың өзі де көп кісілі емес. Шынында, Шекспир, Толстой өзгенің бәрінен қара үзген асқарлардай көрінеді. Және солардың үлкендік сапасы, ең алдымен, сол көп-көп адамдарды біріне-бірі ұқсамайтын ерсі, қайшы, қым-қиғаш ерекшеліктерімен алып көрсетіп кеп, бір шығармада бәрінің басын қосқанда, көп кісіден құралған әдемі қордың бүтіндік жарастығындай көрік табады. Молдан пішілген, кеннен қашалған сұлулық сияқты. Бірақ буржуа мәдениетінің стилі бұл емес. Көпшілік бұл аңғармен жүрмеген де. Сондықтан жаңағы жоғарғы саналған жазушылар әңгіме жібін ылғи бір ұршыққа орай беріп, бір ғана қазыққа шалып отырумен үлгі қалдырған сияқты. Ұзынды күн баққан-қаққаны екі-үш адам немесе көп

болса, он адам болғандықтан, сол адамдардың ішіне түсіп ап, жазы-қысы жайлап ішек-қарынын қырнай беруден стиль құралады. Әрине, психологияға біз мүлдем қарсы емеспіз. Бірақ жазған еңбегімізден төңкерістік стиль күткенімізде, бұл үлгі жол емес. Өмір кенін күрт қопарып, қарбыта күреп алатын классиктер Шекспир, Толстой, өз заманымызда тұтас колхозды тегіс алатын Шолохов¹⁴ және мыңдаған қолмен метроны салып жатқан еңбек армиясы, миллиондар үнінен ұран құрайтын Горький жолдары аналарға ұқсамайтын жаңа, соны жол боп нығая түседі. Шынында, барлық социалдық отан, барлық құрылысымыз бен бастан-аяқ бар адамдарымыз ескі қоныстан кетіп, бұрын адам баспаған соныға ауысқан қоғамбыз.

Роман боларлық адамдарымыз бірлі-жарым, бестіонды ғана емес. Бірі ілгері, бірі кейін болғанмен барлық қауымымыз сонау үлкен Мәскеуден, қайта туу, шын түлеудің дәуірінде. Ендеше, аңғар, бағыт белгілеуден соңғы екінші үлкен түйін — осы өмір материалына батыл араласып, мольнан алу шарт. Бұрынғы жазушылар ісінің жеңілдігі осы жерде тайқи соғып, шет пұшпақтау болса, біздің міндеттің қызықтығы да, қиындығы да — бата кіріп, әрі кең, әрі терең қармануда; сапа түбі осыдан шықпаққа керек. Үлкен әдебиет болатын үлкен прозаны осы сарынмен іздесе дейміз.

Сонда ғана біздің қазақ әдебиеті жалпы одақ әдебиетінің көлемінде қойылып отырған ұлы табыс міндеттерінің шебіне араласады. Кенжелемей, шабандамай, жай ғана Қазақстанның сыртқы суреттерін ғана көрсететін этнографиялық әдебиетше болмай, бастас, тең түс әдебиет болуды проблема қып қойған болады. Мұрат қылатынымыз — осындай табыс.

“ҚЫЗ ЖІБЕК” ҚАНДАЙ?

Ән-күй театры¹ осымен үш белден асты². Енді бұның аз уақыт ішінде істеген көп еңбегіне біраз қорытынды баға беріп, бұдан былайғы бет-бағытына жұртшылық боп жәрдем ететін мезгіл болды. Бұл жөнде айтылатын сөз көп. Көпшіліктің ойында реттеліп, тәртіпке түсіп, екшеліп, әзірленіп қалған ұсыныстар да аз емес. Былтырдан бергі Өлкелік комитет пен наркомпрос³ басшылығы және Жұмат⁴ пен оның коллективі⁵ істеген еңбек аз еңбек емес. Бірақ осыны айтумен қатар ән-күй театрының ендігі келешек жол-жосығын толық күйде сөз қылып, пікір екшесіп алу қазірде өте қажет екенін қоса айту керек. Бұл істі Наркомпрос қолға алар. Біз әзірше театрдың ең соңғы еңбегі “Қыз Жібек” жөнінде бір-екі сөз айтайық. Театр сахнасында “Жібек” жарқырап шықты. Көз тартатын, есте қалатын әдемі көрініс аз емес. Жалпы алғанда жас театрдың алғашқы ізденулерінің ішіндегі ең көрнектісі осы “Жібек” деуге болады. Бұған сіңірілген еңбек, жалпы әзірлік, шығарылған қаражат, сырттан қосылған күйші, биші өнерпаздар (Александров⁶, Брусилковский⁷) күші де олқы болған жоқ. Осы жағдайлар “Жібекті” сөз қылуға татырлық, айта қаларлық табыс дәрежесіне көтерген сияқты. Бұл айтылған жалпы баға. Ал, осымен қатар енді бірталай олқылықты да айтпауға болмайды.

Сахнадағы “Жібек” көп өнерпаздың (жазушы, режиссер, актер-әнші, биші, күйші, суретші сияқтылардың) коллективтік еңбегінің нәтижесі. Осының әр тарауы жайынан қысқаша қайырып, талдап айтып көрейік.

Бүгінгі “Жібек” ішінде — әсіресе, даусыз жақсы боп көрінетін билер. Жолдас Александров біздің ән-күй театрымызға үлкен бір олжа сияқты, қымбат бағалы адам. “Шұға” мен “Жібекке” ол істеген еңбек аз емес. Биге менің айтарлық дауым жоқ. Жалғыз-ақ, кейбір би (қаздар биі

сияқтылар) аз ұзындау ма дейім. Әрине, көпшілік биінде техника жағында, тұтастық, гармония жағында піспеген шалалық белгілері жоқ емес. Бірақ, оған кінәлі бидің өзі емес, билеуші жеке күштердің әлі жастық, шалалығы. Ал, бастаушы бишілер, әсіресе қазақ артискасы Шараның шығыстары⁸ — мақтарлық та, мақтанарлық та әдемі табыс.

Екінші көрнекті еңбек — суретші Ненашев⁹ жолдас еңбегі. Бұл, әсіресе, бірінші пердедегі қазақ үйін өте көркем жасаған. Бұл күнге шейін біздің сахналарда қисыны табылмай, олпы-солпы боп келе жатқан киіз үй кейпі енді ғана шырайланып, сахнадағы өз орнын тапқан сияқты. Бірақ, енді осыған орай екінші пердедегі сарай әлсіреп кеткен. Ол да бұл күйде ертегілі сарайдан көрі бүгінгі арзан қолды кепе (ресторан) көрінісіне жақын. Тағы бір кемшілік: соңғы пердедегі түстің сахнасында. Суретші түс сахнасын — қайықтан басқа жерінде шала қалдырған тәрізденеді. Жібектің ойыны білдірмесе, үлкен драмалық уақиғаның тұсында суретші сахнаны тым шалағай, жадағай қалдырады. Анығында түстің ең мағыналы, әсерлі жері — қайықтан соңғы Төлеген шыққан жер. Сол ара сыртқы сурет (оформление) жағынан ертегіше, түсше боялу, бөлену керек еді. Бұл кемшілікке суретшімен қатар режиссер де жауапты.

Екеуінің сурет ретіндегі қабат міні, әсіресе, киімде көрінеді. Шынында, Жібек киімінен басқа киім көңілдегідей емес. Көшпелі ел қызы, Жібек отауындағы әйелдер киімі мен сарайлы хан Базарбай айналасындағы әйел киімдері бір-бірінен дұрыстап айырылмайды. Ерекше кемшілік: Бекежан тобын киіндіруде. Олар — жамандаушылар аузында қырық қарақшы, дәлінде әр елден шыққан бір алуан ереуілшілер, шығайлар. Бұларға неше алуан жорық киімін кидіріп, аттарына лайық аспап, құрал, сауыт-сайман беру қажет еді. Бұл топ сахнада көбінше бір момақан, сұр ғана топ боп сезіледі. Шынында, тірсек жең жасыл кемзал бұларды найза басы, ат үсті жігіті қылмай, қатаң айтқанда төмен етек, қызтекелеу¹⁰ қып көрсетеді. Бұл жағын қатты ескеру керек.

Менің үлкен дауым ән-күй жағында. Рас, бұл ретте күйші¹¹ Брусиловский жолдастың кінәсі аз. Ол өз ісін жақсы

атқарған. Оның жалғыз міні: күй бастауларды (увертюраны) кейде тым ұзақ, кейде қазақ тыңдаушысына ұғымсыздау етіп алуында. Бірақ, сонысының өзінде де қазақ әуенін өсіру, мағынalandыру, тереңдету ісі көп. Әсіресе, жақсы істеген жерлері — қазақ әнін мына опера сияқты күйге сәйкестеуде¹². “Гэккудің” аяғын өзгерту, өзге бірталай әндерді кесіп-пішіп, тыңнан сыптау сияқты істер — Брусиловский еңбегі. Жалғыз-ақ, онымен тағы режиссерге қоса қоятын кінә — бұрынғы қазақы әншінің ән салар алдында құр айғайлап алатын шылбыр создысын жоймапты. Осы сияқты көп әннің аяғындағы қайырмаларды кеспепті. Ән жеке тіршілік еткенде қайырма да, алғашқы айғай да керек. Ал операға кіргенде бұлар мына жаңалықтың ішіне сыймай, дертеден¹³ шығып, бұра тартып тұрған сияқты.

Бірақ “Жібектің” ән-күйіндегі даулылық бұл жерде де емес. Өзгеде. Ең әуелгі кемшілік: әнші-актерлерде. Оларда дауыс жоқ. Және рөлін ойнап, әндей ойнап салу жоқ. “Жібекке” кірген барлық жақсы әндер опера музыкасы сияқты сезілмейді¹⁴...

АБАЙ ӨМІРБАЯНЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ НҮСҚАСЫ (1927—1933)

АБАЙДЫҢ ТУЫСЫ МЕН ӨМІРІ

Абайдың ата тегін түгел санасақ, алысқа кетеді. Бұ күнге шейін ел ішіндегі қай қазақ болса да, өзінің тегін, кем қойса, жеті атаға шейін біледі¹. Абай жайына келгенде де өзге мағлұмат шала-шарпы, ала-құла болса да, дәл атасының атын санауға келгенде, тобықтының арғы атасы — Арғынға шейін де жетуге болады. Бірақ бұл тізім құр саннан басқа түк бермейді. Шұбырып тізілген аттан басқа көңілге де, көзге де ешбір жаңа дүниенің мәнін ашпайды. Сондықтан бұл күнде әлденеше губерния ел болып, етек алып, молайып кеткен арғыннан бастамай-ақ, Абайдың жайын бергі жерден бастамақшымыз.

Болашақ ақынның туыстан ала келген қалпы бар. Ата салты мен қалыптанған өмірі бар. Ата-бабадан, әке-шешеден нәсіліне көшкен мінездері бар. Осының бәрін, бұл сөздің ішінде түгелдеп, боршалап, жік-жігіне айырып, толық таратпасақ та, аз сөздің өзі де кейінгі заман зерттеушілеріне, бірде болмаса, бірде керекке жарауға мүмкін. Сондықтан арғы жерді қойсақ та, ақынның соңғы аталарын өзіміз білген мөлшерде еске алып өтуді керек деп білдік. Бірақ бұлардың барлық өмірі, барлық істеген ісі, мінезі, сөйлеген елеулі сөзі болсын, бірде-бірі бізге түгел, толық күйде жеткен жоқ. Қай-қайсысы болса да тізбекті, сүрелі сөз сияқты емес, ел есінде қалған өлең, бөлек-бөлек қиқым суыртпақ сияқты аламыш нәрселер. Барлығы да өткен күннің соқыр соқпақ, ескі сорабы сияқты, кей жерінде көмескі сүрлеу болса, кейде жоғалып үзіледі. Бет белгілеп, бағыт болжаймын десең, сүрлеудің бар жерінде тұрып, бірдеме айтарсың. Бірақ бұл сүрлеу үнемі болып отырмайды. Осыдан қиындық шығады. Қазақ ескілігін ел аузындағы сөзбенен құрастырып жамаймын деген зерттеушінің бәрінің алдында тұратын белгілі бөгет, белгілі жасырын өп кезеңдер — осылар. Біздің алдымызда тұрған да — сол қиындық. Сондықтан мұнда айтылатын мағлұматтар ерте бастан толық мағлұмат болады екен деп мақтана алмайды.

Абай Тобықтының үлкен руы — Күшік² ішінде, Ырғызбай³ деген табынан шыққан. Ақынның үшінші атасы осы Ырғызбай, бұ кісі 1750 жылдарда Ақтабан шұбырындыдан кейін Арқаға қарай сырғып ауған⁴ жолда, Ырғыз өзенінің жағасында туғандықтан, соның атымен аталыпты. Ырғызбай — Айдос⁵ баласы, Айдостың өзге балаларының ішінде Көтібақ⁶, Торғай⁷ дегені, одан соң Айдостың туысқаны Жігітектің⁸ баласы Кеңгірбай⁹ — барлығы да жаңағы жолдағы өзен-сулардың атымен аталған. Көтімалды өзенінің жағасында Көтібақ, Торғай өзенінің жағасында Торғай, Кеңгір өзенінің жағасында Кеңгірбай туыпты.

Ырғызбай ер жеткен кезде Тобықты осы күнгі Семей губерниясы, Семей уезінде Шыңғыс тауының батыс шетіне келіп ілініпті. Бұл кезде Тобықты басшысы да, әкімі де Кеңгірбай би (жалған аты Қабекен) болған.

Ырғызбай не би, не батыр сияқты болып, арнаулы бір өнермен ел алдына жарқырап шығып басшылық қылған кісі емес. Ел есінде қалған сөздерге қарағанда, бұл — адал, момын, ақ көңіл кісі болғанға ұқсайды. Сондықтан Айдостың өзге үш баласының қасында мұның кісілігі барырақ болып, ағайын-туысқан осыдан дәме қылса керек. Әке-шешенің дәме қылғаны да осы баласы болу керек. Өйткені шешесі айтты деген бір сөзде:

Шынжыр балақ, шұбар төс — Ырғызбайым,
Топпақ жалды торыайғыр — Көтібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес — Топайым¹⁰,
Сірә да оңбас — Торғайым, —

дейді. Бұл сөзге қарағанда, Ырғызбайдың шешесінде ақындықтың бір шағым буы болуға керек. Мүмкін бұдан басқа айтқан сөздері де бар шығар. Бірақ біздің құлағымызға тигені осы ғана. Тегі, Ырғызбай бойындағы азды-көпті қасиет болса, әкесінен гөрі осы шеше жағынан көбірек пе деп ойлауға болады. Өйткені, Айдосты өз ортасы “шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос” деп бағалайды екен.

Ырғызбайдың тұсындағы Тобықтының басшысы Кеңгірбай дедік. Сол Кеңгірбайдың ағайын ортасындағы тәуір көрген інісі Ырғызбай болыпты. Биге ажары бұлды, сөзі сыйлы, қадірлі туысқан болған. Өз басының тәуірлігінің үстіне бидің тілін білетін інісі болғандықтан, елге де қадірлі болса керек.

Сондықтан анда-санда ел ортасының құн дауы¹¹ сияқты келелі сөздеріне де кірісіп жүргенге ұқсайды. Ел есінде қалған әңгімеде байын кісі өлтіріп, еселі құнын ала алмаған бір жесір қатынның жоктауының ішінде:

Мойны-басы былқылдап,
Ырғызбай жүрді араға,
Кеңгірбай толды параға.
Параға алған сары атан
Тігілгей еді қараңа, —

деген сөз жаңағы айтқанға дәлел сияқты. Бимен сыбырлас, сыйлас болғандықтан, Ырғызбай Кеңгірбай басына келген жақсы ат, жаман аттың барлығына да ортақ болу керек. Осы Ырғызбайдың төрт баласының бірі Өскембай¹² болады. Бұл ақынның үлкен әкесі. Өскембайдың нағашысы керей Ер Жәнібек¹³. Сол кісі бір рет Ырғызбайдыкіне амандаса келгенде, жас бала Өскембай қатты науқас екен. Әкесі халі нашарлап жатқан баласына не көмек қыларын білмей, дағдарып, сасып, әбден титығы құрыған соң, Мырзатай¹⁴ деген баласын алып келіп, соны Өскембайдан айналдырып садақа қылмақ болған. Бұған шешесі қарсы болып, “баладан баланың артықтығы жоқ” деп, Мырзатайды бергісі келмеген. Сонда Ер Жәнібек: “Мырзатай адам болса, мынаның арқасымен болар, мынаның көзі біздің тұқымға тартқан екен. Адам болса, осы болады да”, — депті деседі.

Өскембай Ырғызбайдың өзге балаларының ішінде тәуірі болудың үстіне, сол кездегі Кеңгірбай маңайындағы ағайын-туысқан, іні-баласының да бәрінен артық болыпты. Биге болсын, ағайын-туысқа болсын ерекше жаққан мінезі: адалдық, ақ пейілдігі болса керек. Өскембай Кеңгірбай қартайған кезде атқа мінеді.

Өзі Ырғызбай сияқты Кеңгірбайдың жақсы көрген інісінің баласы болғандықтан, оның үстіне азды-көпті болса да, жаңағы айтқандай, өз басының қасиеті барлықтан, Кеңгірбай би қартайып өлерінде қалған Тобықтыға би болуға осы Өскембайға бата бермекші болады. Бидің өз балалары мен өз туысқандарының ішінде дәме қыларлық тәуірі болмаған. Көбі тентек, сыйымсыз болып, бидің де тілін алмайтын болған. Осы туралы Кеңгірбайға Күнту ақын¹⁵ айтты деген мынандай сөз бар:

Алпыс асып, жетпіске бағындың сен,
Бұрынғы өткен құрбынды сағындың сен.
Жұрт тілінді алады таласындай,
Інің менен балаңа не қылдың сен?..

Би Өскембайға бата берерде ағайын ішінде тағы бір тәуір көрер кісісі Көтібаққа ақылдасқанда, о да Өскембайды лайық көріпті. Бұл кезде Өскембай ағайын ортасының түгел дәме қылған жігіті болуға керек. Өйткені сол кезде Алпыс ақын¹⁶ айтты деген бір сөзде:

Кер асқақтың кемелі Кеңгірбайым,
Салаң құйрық, салпы етек Борамбайым.
Ізі, жолы еліне құтты болсын —
Бесті айғырдай сақылдап Өскембайым, —

дейді. Әрі ел қадірлеп, әрі өзі дәме қылған соң, би шақырып алып, Өскембайға бата бермек болғанда, жас жігіт өз туысқанының аздығын айтып, “төрт сояу атанып едім ғой. Ерекеңе бата берсеңізші” депті. Сонда Кеңгірбай: “Ой, шіркін, мен өз басымды өзім көрмей тұрмын ба? Менің батам қонса, тұсыңнан кісі батып оята алмас”, — депті дейді.

Өскембайға бата берген соң, Кеңгірбай көп кешікпей өлген. Ырғызбай одан бұрын өлген екен. Ол өлгенде би інісінің бейітінен шықпай: “Сен ақ көңіл едің, алла тілегінді берер, енді мынау елдің ішінде мені алжытып қоймай, алладан тілеп, қасыңа ал”, — депті, содан кейін кешікпей Кеңгірбай өлген екен дейді.

Өскембай елдің “адал болады” деген дәмесін ақтаған би болды деседі. Ескіден қалған көп аузындағы дақбыртқа қарағанда: “Ісің адал болса Өскембайға бар, арам болса, Ералыға бар” деген сөз бар. Өскембайдың өзге мінезі туралы елдің есінде қалған сөз көп емес.

Жалғыз-жарым белгілерге қарағанда, ел ортасына қадірлі сыйлы болуы, мінез қасиетінің тәуірлігінен болса керек, мінезі көкшіл емес, көп тілеуін тілегіш кең болғанға ұқсайды. Туысқаны, жақыны емес, Сыбанғұл деген теренің¹⁷ жалғыз баласы өлді дегенде: “Жалғызды жалғыз демейтін, жартыны жарты демейтін, тәңірім-ай!” — деп жылапты дейді. Кекшіл еместігінің белгісі Тобықтының Тоғалақ деген бір атасы өзімен жөнді болмай, өкпелесіп қырбай болып жүргенде, бір

күні елдің жылқысына жау тиіп, ер-азамат түгелімен аттанға шапса керек. Ол кездегі жақсы-жаманымен түгел мал бағады. Ел жұмысынан арылып үйіне келгенде Өскембай да малын өзі бағады екен. Сол кезде ер жетіп қалған баласы Құнанбай үнемі мал бағып, жау түсіргіш, жау жүрек, найзагер жігіт болып жүрген кезі екен.

Құнанбай жылқыда жүріп, жаудың әкетіп бара жатқаны Тоғалақ жылқысы болған соң, айыруға шаппай, ауылына қайтқанда, алдынан аттанға шауып келе жатқан Өскембай жолығыпты. Баласынан: “Не болды?” — деп сұрағанда, шын-нын айтпай тайсалақтағысы келіпті. Өскембай: “Құдай атып келеді десейші”, — деп шауып жөнелмек болады. Сонда Құнанбай аттан түсе қалып: “Айылыңды тартып берейін” деп, қасына келіп, әкесінің атының шылбыр тізгінінен ұстап алып: “Бір жақтағы Тоғалақтың жылқысы жауға түсті деп сен өлуші ме едің?” — деп, әкесі басқа-көзге төпелеп ұрса да, қатып ұстап жібермей, жауға шаптырмай қойыпты дейді.

Бірақ осындай кексіздік, мейірімділікпен қатар, кей кезде Өскембайда шектен шығып кететін ашу да бар. Соңғы мінезі қаншалық жиі болатынын біз білмейміз. Бұл туралы ел есінде қалған көп дәлел жоқ. Сөйтсе де бір-ақ жол істелген ісі болса да кейде Өскембайдың жәйін, мінезді бөліп кететінін көрсететін бірі бар. Бұл арада айтқалы келе жатқанымыз: Өскембай бір уақыт ауылына келіп отырған Мәмбетей¹⁸ деген кісіге ашуланып барып, мұрнын кесіп алғаны.

Мұндай мінез анда-санда болса да, көп уақыттағы, көбінесе елге мәлім мінезі жоғарыдағы айтқандай адал, әділ, кең болғандықтан, Өскембай жалғыз өз еліне ғана қадірлі болмай, маңайындағы көрші елдерге де қадірлі болғанға ұқсайды. Сондықтан Тобықтыда жұмысы болмаған бөтен рулардың ісі де Өскембайдың алдына келіп бітім тауып жүргені болыпты. Бірен-саран алыс елдердің адамдары да орталарындағы үлкен дауларына Өскембайды би қылып, соның билігіне тоқтатып жүрген деседі.

Жай тұрмыстағы әдеті: қонақшыл, көпшіл мырза болса керек. Өскембай жайында елдің көбінесе есінде қалғаны осы жағы — “әрқашан қазанын қылып, дастарқанын қызықтаған” деген сөздер көп естіледі.

Өскембай бері келіп, ұлғайған уақытта, ауылы мен үйі, ағайын ортасының жиын үйі болып, ел бидің сыбағасы¹⁹

деп асын да, сыйын да әкеліп жататын болса керек. Әрине, ол заманның биі арнаулы қаржы алмаса да, ел үшін істедім деген қызметін тіпті текке істеген жоқ. Бірінің есесін бірімен орайластыру Өскембайда да болуға керек. Үнемі өз пұлымен мырзалық қылды деу мүмкін емес. Сол орайда жаңағы “сыбаға” деген нәрсе ол заманның салтын ойлағанда бір еске алатын іс болады. Бірақ Өскембайдың өзі алуандас кісілердің ішіндегі бір айырмасы Кеңгірбай сияқты көп билігін параға сатты деп айтпайды. Бірақ бұл сөзбен мұндай мінез мүлде болған жоқ деген байлауды жасамақшы емеспіз.

Өскембай орта жасқа келгенде баласы Құнанбай ер жетіп, сол атқа мінген. Бұл 1804 жылдарда туған. Өскембайдың айттырып алған бәйбішесі Зереден басқа тоқалдары, күн қатындары да көп болған. Құнанбай — Зереден туған баласы, Құнанбаймен бірге туған Құттымұқамбет деген інісі, Тайбала деген апасы болған. Құттымұқамбет жас кезінде өлген. Сонымен Құнанбай бидің жалғызы есептелген. Шешесі Зере кісі ренжітпейтін, жұмсақ мінезді әйел болған. Ол уақыттағы бәйбішенің бір сыны — күндестік дегенді білмей, кең мінезді болу. Зере бәйбіше осы жағынан көп мақталды. Күндердің балаларын өз балаларындай асырап, еркелеткен деседі.

Зере күйеуі Өскембайдан да көп жасаған, би 1850 жылы, 72 жаста өлген, бәйбішесі 90-ға келіп өліпті. Мұның ақын немересі Абайдың жас бозбала күнінде елдің бәрі Зере бәйбішені “кәрі әжем” деп қадірлейді екен. Кәріліктен құлағы есітпейтін болған соң, немерелеріне дұға оқытып, үшкіртеді екен. Сонда немересі Абай кәрі әжесінің құлағын өлеңді айтып келіп үшкіргенде, “е, қарағым, құлағым тәуір болып қалды”, — деп, ырза болады дейді.

Құнанбай жасында әке-шешесі мен өскен ортасынан алған тәрбиеден басқа оқу тәрбиесін көрмеген, жасындағы барлық оқуы “әптиектің” ежігін білумен тоқтайды. Сонымен хатты да танымай қалып, бері келгенде ғана өзінен-өзі қарастырып жүріп хат танырлық болған.

Мұның орайына жас күніндегі өмірі, елдің ол кездегі дағдысы бойынша, батырлық, жаужүректік, жорықшылдық сияқты істерге көбірек ауған. Қолға найза ұстап, астына жүйрік мініп, өз малын өзі бағып, жауға шапқыш, жау

түсіргіш жігіт болған. Жасынан қайратты, шыдамды, ашулы болғандықтан, бұл жолдағы талабы далаға кетпеген сияқты. Тобықтының найза ұстаған жас жігіттерінің ішінде ер, мықты, найзагері болып та саналуға айналған.

Өзі өскен ортасының сыны мен мақтауы сол сияқты болғандықтан, Құнанбай жас күнінде бұл бетке бірталай ынта беріп ауған сияқты. Сонымен Тобықтыдан алыс елге қол құрап аттанатын қартаң батырларымен бірге екі рет Құнанбай да әкесінен қашып барып қосылып, екі үлкен жорықта болыпты.

Одан кейін тағы Құнанбайдың жас кезінде Тума Тоқпақ²⁰ деген елден Көтібақ, Дәуітбай деген барымта алып, соның арты шабынды болып, Тобықтыдан Тума Тоқпақ жылқы алып кетеді. Соны қуа барған қолдың ішінде Құнанбай да болып, үлкен ұрыста тұтқынға түсіп кетеді. Бұл сапарда Құнанбай көп бөгелсе керек. Өйткені үйде қалған жақыны көп тілеу тілегендіктен: “әкесінің мойнына салған бұршағы²¹, шешесінің басына киген күндігі биттеп кеткенде зорға келіпті”, — дейді.

Жасында осындай өмірге салынған Құнанбай әке-шеше мінезінен гөрі басқарақ, кесек мінезді қатты адам болғанға ұқсайды. Қаттылығы әншейін ағайынға ғана емес. Әке, шеше, жан ашыр жақынға да бірқалыпты болған сияқты.

Не қылса да Құнанбай — бидің жалғыз баласы, ағайынның да, әкенің де дәме қылса қылатыны жалғыз сол. Сондықтан жігіттің ең алғашқы қызулы кезі өткен соң, Құнанбай әкесінің жолымен ел ісіне кіріседі.

Құнанбай жас күнінде ат үстіндегі қайраттылық ерліктен басқа, ақылға да, сөзге де орамды кісінің белгісін берген болу керек. Өйткені сол кезде үлкен кәрілікке жеткен Нысан абыз²² деген ел сыншысы Өскембайға: “өзіңнің бағың Қыдырдай болса²³, балаңның бағы Шыңғыстай болады” деп сын айтыпты дейді.*

Құнанбайдың жоғарғы айтылған мінездері кейінгі өмірінде де толық сақталғанға ұқсайды. Бұл күнге шейін ел есінде қалған әр түрлі сөздерге қарағанда, бұл бір қалыпты, суық, қоя берсіні жоқ тартымды, қатты мінезді кісі болған. Кейін елді басқарып билеп, меңгеріп алған уақытындағы: ел билеудегі саясаты, дін тарату жолындағы істері, айтқанын орында-

* Қыдыр — Шыңғыс тауының солтүстік жағындағы Бектер тауы.

ту турасындағы әдістері түгелімен жаңағы айтылғандай мінезінің белгісін анық көрсетеді.

Қайраты мен қажырының себебінен ел билеп, іс басқаруға келгенде, Құнанбай әкесінен өтімдірек болған. Мұның кісілікке толық ілінген кезінде Қазақ даласы “1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав”²⁴ бойынша өкірікке²⁵ бөлініп, “өкіріктік приказ”²⁶ билейтін болған. Өкірік бастығы аға сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі орыс чиновнигі болады (елдің көбі мұны Майыр²⁷ дейді). Үшінші мүшесі кіші сұлтан болады.

Бүгінгі Семей уезіне қарайтын Тобықты Құнанбай тұсында Қарқаралы өкірігіне қарайтын. Приказ шыққаннан бергі салт бойынша, бұл өкіріктің аға сұлтаны ылғи төре тұқымынан болып келген. Құнанбай тұсында аға сұлтан болған төрелер Бөкей нәсілінен: Құсбек, Жамантай²⁸; Абылай нәсілінен: Тобықты ішіндегі Шалғымбай деген төрелер болған.

Құнанбай Тобықтының бас кісісі болып өрлеп келе жатқан қазақ ортасында төре мен қараның жігі ашылып қалған уақыт болады. Әрбір елдің қарадан шыққан Құнанбай сияқты басты жуандары: “Төре қазақтың әреkesін тілейді, берекесін тілемейді”, — дей бастаған кездері болады.

Көп рудың қалың ортасынан шыққан жуан аталары өз ауданында төреден салмақсыз болмайды. Төре дегендердің ру басшыларының қолдауымен жуан шығып жүргенін сезе бастайды. Оның үстіне әуелде хан мен төрені ұстанған патша үкіметі, енді қалың елді ұстау үшін, ру басыларын қолға ұстау керек деген саясатқа ауған кез болады. Осындай екі жақты себептермен әр рудың Құнанбай сияқты жуандарына төрені сөз қылып, төрені түртпектеу салт сияқты болып тарай бастайды. Бұл туралы көп рулардың, көп басшыларының ынтымағы болуға да мүмкін. Сонымен ел-елдің ортасында: “Қазақ әрекелі болса оңбайды, төре берекелі болса оңбайды”²⁹, — деген төреге қарсы қозғалыс белгісі көп жайылады.

Осы кезде Қарқаралының аға сұлтаны болып тұрған Құсбек төре мен бұрын аға сұлтан болған Жамантайдың партиясы басталды. Ол кезде приказ сайлауына тас салуға³⁰ жарайтын екі түрлі сайлаушылар болған. Бірі — пәлен сомада

алым төлейтін бай да, екіншісі — төре тұқымдары болатын. Төренің 25 жасқа жеткені түгелімен тас салу құқығына ие. Сонымен Жамантай өзі сұлтан бола алмайтынына көзі жеткен соң, өзіне қараған тастарды Құнанбайға салғызып, Құсбек жеңіліп, Құнанбай сұлтан болған.

Құнанбайдың осы сайлаудан кейін қанша уақыт аға сұлтан болғаны белгісіз. Қалайда болса Қарқаралы өкірігіне қараған қазаққа қарадан алғашқы рет сұлтан болған Құнанбай. Сондықтан бұл оқиға Құнанбайдың даңқын көпке жайып жіберуге себеп болған көрінеді.

Бұрын хан-төренің туы жығылып, өз орталарынан біреудің болуына көп тілеулес болып жүрген ру жуандары Құнанбайдың болуын Құсбек-Жамантайдың партиясынан, орыс саясатынан дегісі келмей, қазақтың артықтығынан, Құнанбай басының қасиетінен деңкіреп кеткен сияқты.

Сол кездегі ел аузындағы аңызға қарағанда: Құнанбай “Қарадан хан болған”³¹ деп аталады. Мұның мысалын мына сияқты бірер сөзден байқауға болады. Сыбан Кеңесбай³² деген кісі Жарқымбай деген баласына өлерде өсиет айтқанда: “Төремен ел болса, екінші ел арасында сөз болса, Сабырбайға ақылдаспай іс қылма, басыңа орыс орманнан үлкен іс келсе, қарадан хан туған Құнанбайға ақылдаспай істеме”, — депті.

Одан соң 1850 жылдарда Өскембай өліп, соған Құнанбай Көкшетауға барып, ас бергенде, Балта ақын³³:

Атың шыққан Үрімнің қақпасындай³⁴,
Айтқан сөзің кілемнің тақтасындай.
Кешегі өтіп кеткен би Өсекем,
Алтынын тастап кеткен ат басындай.

Үш жүзді жиып ас бердің,
Келістіріп сәйкесін.
Аргынның өзін биледің,
Алшысы мен тәйкесін.
Келсең-келде кез болдың,
Кейи де беріп қайтесің! —

депті деген сөз бар.

Осы сияқты дақбырттың барлығы сырт елге Құнанбайдың атағын зорайтып, өз еліне айдынын арттырып, өмірін екі қылғызбайтын көрінеді. Аға сұлтан болған бетінде Құнанбай

көзге түсерлік жаңалық кіргізді ме, жоқ па? Бұл туралы ештеңе білінбейді. “Қара болды” деген ат болмаса, елге жүргізген билікте, барлық істеген істің әдісі саясатын да жаңалық болды деуге болмайды. Оны күтуге де керек емес. Қайта көп жерде Құнанбайдан Құсбек билігі ел ортасына молырақ із қалдырды деуге болады. Өйткені, Құсбек ұрыны қатты тыйған. Ел ортасында жан беруді тоқтатқан³⁵. Орыс ұлығына пара алғызбаған, жалпы ұлыққа жағынуды білмей, өз бетін қатты ұстаған кісі болған сияқты.

Бұған орай Құнанбай жаңалығын айтсақ, ол діндарлығы ғана болады ғой деймін. Бұл ел ішінен зекет жиғызып, молда ұстатып, намаз оқу, ораза ұстауды жайған. Осымен бірге пайдалы бір жаңалығы, бала оқытуды өз маңайына салт қылып жаймақшы болған. Өз балаларын оқыту, ағайындарына балаларын оқытқызу сияқты.

Тегінде, Құнанбай аса діндар кісі болған. Бірақ сол діндарлық көп уақытта ұсақ фанатизмге де жетіп отырған. Мысалы, насыбай атқан кісінің танауын тілу сияқты. Одан соң Сыбан ішінде Барақ деген төреге бір жиында насыбайды тастасайшы дегенде, ол: “Менің насыбайымды көргенше, еліндегі келінімен жүрген Қодарды көрсейші”, — депті. Сонымен, Құнанбай еліне қайтқанда Тобықтының басты кісілерін жиып алып, Борсақ ішіндегі Қодарды келінімен алғызып “шариғат жолымен хукім қыламын” деп мойындарынан қосақтап түйеге асып өлтіріпті.

Дін жолындағы іс осы болса, Құнанбайдың ел билеу жолындағы, әсіресе Тобықтыны билеудегі ісі, бұл кісінің жаратылыс қалпын, іс-мінезін, барлық тұлғасын бұдан гөрі де толығырақ көрсетеді. Құнанбай аға сұлтан болған уақытта өз еліне болыстыққа өзінің тоқал шешесінен туған Майбасар деген інісін сайлаған. Майбасар тентек, ұрыншақ мінезді, сыйымсыз адам болса керек. Ел мұны адамшылық, ақыл, мінез жағының қайсысынан болса да, басшы болып ел меңгеруге жарайтын кісі деп білмеген.

Сол Майбасарды болыс сайлаған соң Құнанбай биге ас беруге Көкшетауға кеткенде, елде болыс боп қалған інісі, әуелде жұрттың күткен ойын ақтағандай болып, ел ішін бұлдіре бастаған. Тілегенінше алым алу, жазықсыз кісіні жазалау,

дүре соғу, көлденеңнен терісін айтқан ел кісілері болса, күшке салып көңілін қалдыру сияқты істер асып көбейіп кеткен. Бірақ ағайын ортасының басты адамдары наразылықтарын ішіне сақтап, Құнанбайдың келуін күткен.

Сонымен Құнанбай қайтып келгенде, ел іші, ағайын ортасы іштей дүмбілез наразылықпен қарсы алса да, Құнанбай түзетер, теңгереп, ақ-қараны айыраp деп сенеді. Бірақ Құнанбай елдің ол үмітін ақтамайды. Сонымен Құнанбайдың туысқан елі — Жігітек деген ру, бастығы Бөжей деген бас адамы болып Құнанбайға өкпелі болады. Осымен ағайын ортасы шиеленісіп, наразылыққа бет алып жүргенде, Құнанбай бір болымсыз істі сылтау қылып, өкпе ұстап жүрген Жігітекті жасытып, ықтырып жібермек болып, бас қимыл істейді. Жігітек ішіне көп кісімен аттанып келіп, Бөжейдің өзін қоса барлық ірі кісілерін ұстатып байлатып алып, тегіс дүре салғызады. Бұл оқиғаны толық жазып отырған себебіміз, осы істен бастап Құнанбай өмірінде де, кейін ел кісісі болып әкесінің орнын басатын ақын Абай өмірінде де ұзақ заманға созылған үлкен алыс-жұлыстың, ірі араздық, ірі партияның басы басталады.

Жазықты, жазықсыз болса да, “терезесі тең” ағайыннан тал түсте бір ру ел болып осындай өр зорлық, үлкен намыс соққысын көрген соң, осы оқиға басы болып ел ішінің ұзақ жаулығы кетеді. Сырт елге де, Тобықты ішінде де Жігітектен салмағы мен абыройы артық болғандықтан, Құнанбай есе бермейтін болған соң, наразы болған елдің алдындағы жалғыз жармасатын құралы — орыс ұлығына жағып, арызын айту болады. Ел ішінде бір жауласа, екі жағы да арыз үстіне арыз тоғытысып, бірін-бірі көрсетіп, ұлық алдында екі жауласады.

Осы кездерде Құнанбай қарсысында жалғыз Жігітек болмай, өзге ұсақ бұратана рулар да Жігітекке күш қосқан сияқты. Олардың қосылуына себеп болатын: Құнанбайдың ел ортасындағы екінші бір үлкен ісі болады. Ол Тобықты ортасында Құнанбай қолданған жер саясаты. Жалпы Құнанбай тұсындағы көп іс, көп мінез кейін Абайдың адам болған заманына көшкендіктен, Абайдың бет бағытын алдыңғы дәуір белгілеп шешіп кеткендіктен, біз бұл жерге де біраз тоқтап өтуді қажет көреміз.

Құнанбайдың өз елімен партияласқан жаулығынан басқа, артында қалған ісінде дәл бүгінгі күнге шейін ізі қалған бір жұмысы осы жер турасында. Ертерек заманда Кеңгірбай, Ырғызбай тұсында Шыңғыс тауынан келіп, Матайды күн шығысқа қарай сырып жіберіп, қоныс алып орналасқан Тобықты рулары Құнанбай тұсында үлкен аударысқа түскен. Бұл аударысты жасаушы Құнанбай. Ең әуелі жалпы Тобықтының жер шегін молайтуға күш салған. Сонымен Шыңғыстың солтүстігінде күзеуі, оңтүстік сыртында жайлауы болған Тобықты, екі шетіндегі Уақ пен Керейді өз жерлерінен ептеп жылжытып, тықсыра бастап, жылдан-жыл өткен сайын жерлерінің өрісін молайта берген. Бұл саясатты басқарушы Құнанбай болады. Құнанбай көп жерді өзі көшіп жүрумен алған. Жазғытұрым ерте көшіп, Уақ жеріне келіп, құдық пен қонысты меншіктеп, жаздыгүні Керейге барып жыл сайын оның жерінен де сондай сыбаға алып отырған.

Бұл сияқты істер жалпы Тобықты шеңберіндегі сыртқы саясаты болса, Тобықтының өз ішіне келгенде өз руын, өзіне жақын руларды өзгеден гөрі құйқалырақ жерге орналастыруға тырысқан. Сонымен бұрын орналасып қалған ұсақ рулардың көбін алғашқы ірге тепкен жерлерінен шетке қағып, ірге аудартып, орындарына қалаған жақын елдерін орналастырған. Осы ретпен талай ру өз орнын екіншіге беріп, өздері Құнанбай көрсеткен жерлерден жаңа күзеу, жайлау, қыстау алысқан.

Осы сияқты Тобықты ішінің “жерге орналастыру” жұмысы ол кездегі рулардың барлығына да жетсе керек. Құнанбайдың бұл турасында ұзақ жылға белгіленген қалыпты жоспары бар. Бірақ сол жобасын түгелімен іске асыра алмаса, ол бір адамның өмірінің шағындығынан деп ғана есептеу керек. Әйтпесе, Құнанбай, ойлағандай болғанда, бүгінгі Қызыладыр болысындағы Мамай деген ел ата санағанда, Құнанбайға Мұқырдағы Көкше руынан жақын болғандықтан, соңғы рудың жақсы орнын алып, Мамайға бермекші екен. Бұл мақсат іске аспағандықтан, кейінгі уақытқа шейін Көкше Мамай мен Олжайдың арасында сынадай қыстырылып қалған. Құнанбайдың Тобықты шеңберіндегі үлкен аударысқа түгелімен уақыты жетпей қалуына, бір жағынан көбінесе өз руы, өз ауылының алатын жерін көп қарастырып, соған көп айналып қалғандығы себеп болу керек.

Өйткені, өз руын, Ырғызбайды, әсіресе өз ауылын, қалаған ниетінше барлық Тобықтының тап ортасынан, ең шұрайлы жерге ауданын мол пішіп орналастыру аз жыл, аз еңбекпен орындалмаған. Бірақ көп еңбекті тілесе де, Құнанбай сол ниетіне жеткен. Бар Тобықтының жайлау, қыстауында, қазіргі күнге шейін көп рулар сол замандағы орналасқан қалпымен тіршілік етеді. Сонда кей жерде бір ру ел болып бір болымсыз өлке, бір бұлақтың, бір төбенің ауданын талшық қылып, соған үйіліп отырса, дәл сол Тобықтының ортасында Құнанбай ауылы деген жеке-жеке ауылдар: жайлау мен қыстауды ауыл басы әлденеше өзеннен үлесіп алып отырады.

Міне, ел кісісі болып атқа мініп, үлкен орынға ие болып, ағайынға айбынды бола бастаған соң-ақ осындай іске кіріскен Құнанбай жоғарыда айтылған Жігітекпен жауласа бастағанда, ел ортасында жер туралы наразы болған бірталай руды жау тобының ішінде табуы ғажап емес.

Бірақ, қалайда болса, Жігітек Құнанбаймен алысқанда жауымен тең түсе алмаған. Орыс үкіметінің бірде старшыны, бірде болысы, бірде аға сұлтаны болып жүрген Құнанбай әрі сырт елдерге атакты, әрі үкіметке салмақты болып, Жігітекті бойымен басып, жыға берген. Сонымен, алғашқы араздық, жаулық кейінде ұзақ заманға созылып кетсе де, Құнанбай тұсындағы алыстың бір буыны, Жігітектің жеңілуімен бітеді. Құнанбай Жігітектің батырсымақ болып жүрген ер көңілді Базаралы деген кісісін бас қылып, 17 адамын Сібір айдатады. Сонымен, Жігітек бірталай заманға шейін көзге қамшы тигендей болып, бастықтарынан айырылып, есеңгіреп қалады.

Бұл кісілердің түгел тізіліп, тез айдалып кетуіне, бір жағынан, Жігітек руының ұрлықты сүйіп, соған көп салынуы да себеп болса керек. Айдалған кісілердің ішінде барымташы, жорықшыл батыр боламын деп, көпке мәлім ұры болып кеткен кісілер де болған.

Бірақ осымен қатар Жігітек сияқты елдердің көп арыз, көп көрсетулері Құнанбайға да текке бітпесе керек. Өйткені, кейіннен үстінен жиылған көп арыз бойынша Құнанбайды жоғарғы ұлық Омбыға алғызып, тергеуге алған. Артындағы ел Құнанбай айдалады деген лақапты да есіткен. Бірақ Омбыда көп жатудың соңында Құнанбай жазаға ұшырамайтын

болып еліне қайтқан. Бұл жолда не қисынмен, қандай ретпен босады, ол бізге мәлім емес.

Құнанбайдың бұдан соңғы ел есінде қалған бір ісі — орыс ұлығының бұйрығы бойынша Кенесарыны қуғандығы. Тегі Кенесарының Ұлытау, Кішітаудан көшіп, ұлы жүзді бетке алып бара жатқан кезі, яки Балқаштың Қамал деген түбегіне қарай көшіп бара жатқан кездері бола ма, әйтеуір сол жүрісінің бірінде үкіметтің бұйрығы бойынша, Құнанбай старшын күнінде Кенесарыны қуа шыққан орыс отрядымен бірге қазақтан кісі алып қоса қуысқан.

Қуған қол Кенесарының көшіне жетіпті. Көшінің жанында Кенесарының өзі де болса керек. Олар бір топ кісі болып жиналып бір араға келгенде Кенесары атынан түсіп намаз оқыпты. Сонда орыс бастықтары шабайық дегенде: Құнанбай намаз уақытында шаппаймыз деп, шапқызбай қойыпты. Сол жолда Құнанбай қолмен келе жатқан қазақты жиып алып, Құрқұлықтың ішінде кеңесіп, Кенесарыны ұстамауға, қас қылмауға уәделесіпті дейді. Кейін атыс болғанда Жуантаяқ Төбет деген батыр Кенесарының қолының бір батырын қуып найзаламақшы болған екен, соны Құнанбай сабапты дейді.

Құнанбайдың ел кісісі болып сөз басқарып, ел билеп жүрген кезінен біз білген ірі кездері осы. Жасы ұлғайып берірек келгенде ел ісін әкесінің қолынан Абай алады. Оның жайын өз тұсында айтармыз.

Қазірде Құнанбай жайынан айтылатын тағы бір сөз: бұл кісі баласы Абай елді меңгеріп алған кезде, кәрілік жетіп ел сөзінен шыққан. Сонымен 72 жасында қажыға барып, қажыдан қайтып келген соң, 8-9 жыл өмірін ылғи дін жолындағы құлшылықпен өткізген. Бұл жылдардағы өмірі өзінің жаратылысында бойына біткен қаттылық, беріктігінің белгісімен ерекше күйде өткен. Меккеден келген соң “дүние сөзін сөйлемеймін” деп, ешбір жанмен тіл қатпай қойып, оңаша үйде шымылдықтың ішіне жалғыз отырып құдайға құлшылық қылуда болған.

Бұл мінезі туралы сырт ел “тілі байланды” деп те аңыз қылған екен. Бірақ соңғы жылдарында маңайында болғандар ол сөзді бекер дейді. Осымен Құнанбай 1886 жылы 82 жасында қайтыс болған.

Ел аузындағы қалған аңызда: бұл кісінің діндарлығы мен ел билеу жөніндегі ірілік, мықтылығы, алысты болжағыш, ақылдылығы көп айтылады. Одан соңғы көп сөз: мінезінің суықтық, қаттылық, сонымен бірге мырзалығы жайынан көп кездеседі. Намаз оқушы кедейлерге ат беру, киім беру сияқты әдеттері көп болса керек.

Қай мінез, қай істе болса да әншейін орта қалыпты қазақтан кесек болғандығы жоғарыдағы істерден бір көрінсе, екінші, дін жолына деп өз пұлына Қарқаралыда мешіт салғызу, Меккеде қазақ қажылары түсіп жүретін “Тәкия” деген үй салғызу сияқты істерінде де көрінеді.

Ақыл мен сөзге, келелі кеңеске, көп елді тоқтататын билік, байлауға келгенде, өз тұсындағы орта жүздің басты билерінің алдыңғы қатарындағы кісі боп саналған болу керек. Мұның белгісі Ақмола, Семей, Жетісу сияқты губернияларда, ел аузында қалған билер жайындағы ескілікте Құнанбай атының көп аталатынынан байқалады.

Тобықты ішінде Құнанбай айтты деген сөздердің ішінде, “философ” айтарлық ақиқат сөздердің мына сияқтысы бар:

1. Құл мен қожа майданда теңеледі, жас пен кәрі білімде теңеледі, бай мен кедей жомарттықта теңеледі, жақсы мен жаман өлгенде теңеледі.

2. Адамның қай мінезі өнері болса, сол мінезі айыбы болады.

3. Кісі айыбын айтпақтан оңай жоқ, өз айыбыңды өзін айтқаннан ауыр жоқ.

4. Өткен істен оңай жоқ, келесі істен қиын жоқ.

5. Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі, көзбен көрген шын, құлақпен есіткен өтірік.

6. Жарлы кісі жамандар, жамандар да қуанар; жаман кісі жалаңар, жалаңар да жұбанар.

7. Арымнан жаным садаға, жанымнан малым садаға — деген сияқты. Бірақ бұл сөздердің кейбіреуі өз өміріндегі істермен дәл келмесе, оған Құнанбайдың заманын еске алу керек. Біздің мақсат — осы қарастырылатын адамдардың барлығының өмірін, бізден алыс заманда, біздің бүгінгі өмірімізден бөлек күй, бөлек шарт, бөлек тарихи дәуірде бүгінгіден бөлек болғандығын анық көрсету.

Сондықтан біздің міндет бірін даттап қаралау емес, бүгінде анығын білгісі келген елге дәл пішінін көрсету. Бұл сөздің

басын Абайдың жайы деп алып, Құнанбай жайын көп таратып айтып кетсек, солай болуына себеп болып отырған да осы міндетті көп ойлағандық. Өйткені Құнанбайдың кім болғанын білмесек, Абайдың кім екенін білу де қиын. Бұлардың қай-қайсысы болса да заманның туындысы. Бірде заманның ұлы болса, бірде сол заманның құлы да болған.

Сондықтан бұл күнге шейін Абайды ақын ғана деп шала біліп жүрген қазақ оқушысына ең әуелі соның ақындығына анайы шарт сияқты болған, ақын емес Абай кім екенін білдіруге көшеміз.

Абай 1845 жылы әкесі Құнанбайдың 41 жасында Ұлжан деген бәйбішесінен туған. Өз заманында көпке жайылған салт бойынша, Құнанбай да көп қатынды болған. Бұл кісінің үлкен жамағаты қыздай алған Күңке деген кісі. Бұдан туған баласы Құдайберді. Екінші әйелі Ұлжан. Інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық. Інісі өлген соң келін алған. Бұдан туған балалары: Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі Айғыз. Одан: Халиолла, Ысмағұл деген балалары болған. Төртінші әйелі жасы ұлғайып қартайып келген кезде алған Нұрғаным. Бұдан бала болмаған.

Күңкенің жасы Құнанбайдан үлкен екен. Берірек келгенде жасы ұлғайып, өзі күту тілерлік болып, күйеуін күте алмайтын болған соң, Құнанбай Ұлжанның қолына шыққан. Бірақ Ұлжан туған балаларының бәрі бірдей өз шешесінің қолында тәрбиеленбеген. Үлкен баласы Тәңірбердіні жас күнінде Өскембай би қолына алып өсіріпті. Ысқақты әкесі Құдайбердімен бірге Күңкенің қолында өсірген. Күңке ерте уақыттан бөлек ауыл болып кеткен екен.

Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта, екі шешенің ортасындағы тел баласы кішкене Ыбырай болады. Бұл екі шешесінен кейінірек Оспан, Ысмағұл деген екі бала туған. Бірақ бұлардың жасы Абайдан едәуір кіші. Айғыздың үлкен баласы Халиолла болса, оқуда жүрген. Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешенің ортасындағы жалғыз баланың қалпында өткізген. Екі шешеге бірдей бала болып жүргендіктен, сол кездегі үлкендер Абайға “Телқара” деп ат қойыпты. Кейін Абай ер жеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеде қойылған атпен “Телқара” дейді екен.

Абайдың өз шешесі Қаракесек ішінде Бертiс бидiң тұқымы болады. Ұлжанның әкесiмен бiрге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай орта жүзге қалжыңымен тегiс аты жайылған, белгiлi мысқылшыл, тапқыш, күлдiргiлер болған. Бұл әдет Бертiс Шаншар руына түгел жайылған мiнез. Осы күнге шейiн ел Шаншардың қулары дегенде: кiсiнi жазым қылып кететiн ит-құстың жайын айтқандай сөйлейдi. Әлi күнге Қояндыда, үлкен жәрмеңке, қалың жиындарда, бiр жерге тобымен жиылып, күлiп сөйлеп келе жатқан Шаншарды көрсе, көп елдiң кiсiлерi: “Ойбай, Шаншар келе жатыр!” деп өрттен қашқандай дүркiрей қашады деседi. Бұл әдет Шаншардың мысқыл-мазаққа ұста болып, тауып айтқыш өткiр тiлдiгiнен туған нәрсе. Қандай жанның болса да мiнiн таппай қоймайды: мiнiн тауып алса, түндiгiн ұшырғандай қылып айтады. Сөз шабуылымен кiмнiң де болса есiн шығарып есеңгiретiп кетедi.

Ендi бүгiнгi көпшiлiгi сондай болса, соның барлығының баяғы, соңғы заманға шейiн аузынан тастамайтын атақты қуы Тонтай болған. Тонтайдың барлық өмiрi тұтас күлкi болып кеткен. Түгелiмен бiр өмiр бастан-аяқ “Мың бiр түннiң” әңгiмелерiндей жеке-жеке күлкi әңгiме. Сол әңгiмелерге қарағанда, Тонтайлар қалың қазақ ортасының үнемі көңiлiн көтерiп жүрген таусылмайтын думаны, ұдайы қызық күлкiсi, бүгiнгi Еуропа, Американың Чарли Чаплины, Бестер Китоны сияқты. Осы Тонтайдың iнiсiнен туған бала Ұлжан болады.

Ұлжан кең, сабырлы, мықты мiнездi кiсi болды деседi. Алдыңғы өткен бәйбiшелер үлгiсiмен бұл кiсi де күндестiк дегендi бiлмесе керек. Абайдың балалық шағынан алған әсерiнде, өз шешесiне қатты ырза болып, Айғыз бәйбiшеге iшi ренжiңкiрейтiнi, анау күндестiктi ойламағанда, Айғыз сол жағынан белгi бергiш болса керек.

Ұлжан бәйбiшеде тұқымының тауып айтқыш қалжыңшылдығы әбден болған, бiрақ тартымды мiнездi дағды қылып, бойын салмақпен бағып ұстайтын болғандықтан, қалжың айтуды мақсат қылмаған. Сөйтсе де анда-санда әлде қалай айтып қалған сөздерi қалжың болып, ел есiнде ұмытылмай сақталып қалған. Өлерiнде қалжың айту бұл кiсiнiң бұрынғы қалжыңшыл ағаларында түгел болса керек. Солар сияқты Ұлжан да өлерiнде қалжың айтқан.

Тонтай өлерінде маңайына жиылып келіп отырған қожа, молдаларға қарап: “Жазыла, жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас”, — деп айтты деген сөз орта жүзде, екінің бірі білетін мәтел сөз сияқты болып кеткен.

Осындай тапқыштық, қалжыңшылдық, біреудің мінін ащы тілмен қатты түйрегіштік нағашысы мен шеше жағынан Абайға да мол келген. Шынға келгенде, Абайдан қалған сөздің ішінде барлық ақындықтың шарты болатын, жалынды жанды өткір сезімді былай қойғанда, қалған сарынның ішінде салқын ақылмен сөйлегіштік көп пе, жоқ шанышпа тілді соқтықпалы, ащы мысқыл, улы күлкіге бойы ұрғандық көп пе? Бұл екі ортасын дәл кесіп-пішіп айыру, ұзақ тексеруді керек қылатын шығар. Бірақ біздің ұғуымызша соңғы түрі көп сияқты.

Абай жазушының ішкі табиғатындағы осы сияқты екі айыр жолды, біз Абайдың әкесі мен шешесінің жаратылыс қалпын, өмір баянын қарастырғанда еріксіз еске аламыз. Сонда сөзіндегі салқын ақыл әкеден, ащы тілді мысқыл шеше жағынан деуге де бола ма дейміз. Бірақ бұл пікірді Абайдың ақындық сырын ұғу жолындағы нық байланған түйін деп ойлау керек емес. Әлдеқалай айтылған, көп жобалаудың бірі деп есептеу керек.

Абайдың ақындық жолында өзге талай жазушы, талай ақынның барлығының жолынан бөлек өзіне ғана қатысты, ерекше тағдыры болған. Ақындығындағы сол ерекшелік Абайдың бала күнінен бастап, соңғы өлер сағатына шейін өзгеше шарттардың ішінде өткен ерекше өмірінен туған. Сондықтан енді қолға түскен азын-аулақ мағлұматтар бойынша Абайдың өз басының өміріне келейік.

Абай, жоғарыда айтылғандай, екі шешенің төл баласы болып жүрген кішкене кезінде мінез жағына аңқау, нанғыш және тентектеу де бала болса керек. Бірақ сол кішкене қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды екен. Жай өмірде пысық, ширақ емес, аңқау болғандықтан, өз шешесінің ауылындағы көрші-қолаңшының үлкендері Құнанбайдың бұл баласынан да Күңкенің қолындағы Ысқақтан көбірек дәме қылған. Ол Абайға қарағанда жас күнінен тықылдаған пысық, ширақ болса керек.

Құнанбайдың орнын басып, кісілікке ие болатын баласы кім деп жас балаларды сынағанда, жұрттың көбі әлгі

белгілеріне қарап, Абайдан Ысқақты артық санаған, Абай 10 жасқа келгенде әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген, бұдан бұрын қырда оқыды ма, жоқ па? Ол туралы хабар жоқ. Семейде алғашқы берген молдасы Ғабдұлжапар деген татар имамы. Артынан бұдан шығарып, Ахмет Риза деген имамға тапсырған. Бұ да татар имамы. Екеуі де мешіттерінің жанында медреселері болған. Оқушы шәкірттің көбі медреседе жатып оқиды. Оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның барлығын да араб, парсы тілдерінде оқиды. Жалпы медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда, Абай кезінде де түрікше оқу жолшыбай оқылатын қосымша болу керек. Оқушы мен оқытушының да барлық уақыты, ынта-ықыласы түгелімен дін діңгегі сияқты болған арабша, одан қала берді парсыша болу керек.

Абай осы медреседе үш жыл оқиды. Оқуға өзімен бірге оқыған үлкен, кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітаптан молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін екінші ретте кітапқа қарамай, өзі жатқа айтып шыға алатындай зерек болған деседі. Сонымен дәріс ретінде оқылатын сабақтарды ұғып білу Абайға өзге балалардан сонағұрлым оңай болған. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп тімтінуге салынса керек. Өз бетімен оқитын кітаптары араб, парсы, түрік жұрттарының ақындары. Одан соң сол тілдерде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты нәрселер.

Бұларды Абай бала күніндегі ауып кеткіш мінезі бойынша барын салып тесіліп, көп оқыған болу керек. Оқуға кірген соң-ақ балалық дегенді көп білмей, тез есейіп, ілім қуған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, ойлы оқушы бола бастаған сияқты. Бұлай дейтін себебіміз: мұсылманша оқуы барлығы үш-ақ жылмен тоқтаған кезінде Абайдың араб, парсы, түрік ақындарының ішінде өзінің әбден сүйіп, құмартып таңдап алған арнаулы ірі ақындары болған. Солардың ұзынды-қысқалы сөздерін түгелімен оқып шығып, бір емес әлденеше рет оқып, талай бәйіттерін ұзыннан-ұзақ жаттап алғандары да болған.

Сол бала күнінде жаттаған кей сөздері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған. Абайдың 30 жасында туған баласы Тұраштың айтуынша, балалары оқып жүрген кітаптардың ішіндегі кейбір сөздерді, пәлен кітаптың пәлен бетінде деп, жаңылмай жатқа айтып отырушы еді дейді.

Осы сияқты белгілерге қарағанда, Абайдың медреседегі оқуы көбінесе “Мұхтасар” сияқты дін кітаптары болмай, ылғи ғана ақын сөздері болу керек. Ерте күннен өлең, әңгімелі сөздерге ерекше ынтық болып, қатты құмарлықтан талапты жас шәкірт жалпы ақындық өнерін үлкен қасиет деп біліп, барынша қадірлейтін қалыпты сол балалық шағынан ала шыққан.

Сол күнде-ақ оқытып жүрген имамы, медресенің барлық діндар шәкірті, діндар қылатын шарттары, көп әсер етпей, өз бетімен өзінен-өзі іздеп тапқан, көпке елеусіз ақындары — бар ықыласын аударып, балалық қиялының барлығын билеп әкеткен сияқты. Медресе тәрбиесінде жүрген жас шәкірттің ойындағы жұбанышы, жүрегінде шын сүйетін жандары, жалғыз ғана Әзірет Әлі, пайғамбар әулиелер болмай, солармен қатар, бәлкі солардан да гөрі үлкен орын алған Науаи, Сағди, Қожа Хафиз, Фзули сияқты ақындар болғанға ұқсайды. Бұлардың сөздерін Абай бері келіп ұлғайған уақытына шейін де тастамаған, әрқашан оқып, әрқашан сүйсініп еске алып отырған. Медреседе оқып жүрген кездерінде жаз болып елге қайтқанда қаладан ала қайтатын кітаптары тағы сол ақындар болып, үй іші әке-шешесіне оқып беріп отыратын болса керек.

Өзі оқымаса да, балаларын оқытып, оқу-білімге ынтық болған Құнанбай бір баласы Халиолланы орысша оқытып, Абайды мұсылманша оқытып жүргенде, соңғы баласына сопы Алляяр сияқты ақындарды көп оқытып тыңдайды екен.

Осындай ретпен мұсылман ақындарын көп оқу, көп іздену, сол іздену арқасында бар ынтасымен құлай сүю болашақ ақынның балалық, жастық шағындағы ой-қиялына қатты әсер еткен сияқты.

Ескіше оқыту тәртібі бәрімізге де белгілі, шынымен “инемен құдық қазғандай” өнімсіз оқу болғанда, Абайдың үш-ақ жыл оқуы сырт көзге аз оқу болса да, өзіне көп жаңалық беріп, көп жаңа дүниенің шетін ашқан сияқты. Алдымен ақындарды

кеп оқу себепті, Абай араб, парсы тілін сол үш жылдың ішінде жақсы біліп шыққан. Мұның белгісі сол заманнан қалған бірен-саран өлеңдерінен білінеді.

Кітап жүзінен алған тәрбие мен заманның үлгісі бойынша, ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз ғана араб, парсы тілі деп білген Абай алғашқы өлеңдерін араб, парсы, түрік, шағатай тілдерімен Фзули, Аллаяр, Бабирше айтады. Балалық шағындағы бірен-саран өлең жазамын деген алғашқы талабын:

Фзули, Шәмси, Сейхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси.
Қожа Хафиз — бу һәммәси
Медет бер я шагири ферияд, —

деп, өзі қадірлеген ескі ақындардың аруағына сиынумен бастайды.

Осы аталған аттардың өзіне қарағанда, жалпы мұсылман ғаламындағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абайдың ерте күнде танысып алғандығы даусыз сияқты. Абай оқуды тастап, елдің жас бозбаласы, жас жігіті болып жүрген кезінде де осы ақындардан алған үлгі-әсерден түгел айықпай, көңілінде көп сақтап жүрген сияқты. Сол кезде сүйген, ұнатқан әйеліне өлең жазса, әлгі ретпен кітапшалап жазады.

Әлиф дек ай иузіңе ғибрат еттім,
Би — Балай дәртіңа нисбәт еттім, —

деп әліпбимен жазған өлеңі, одан соң иузі раушан, көзі гәуһар, лағылдәк бет, ұшы ахмәр... деген өлеңдері сол жас шағында қиялына қатты әсер етіп, ой-сезімін билеп, тіл кестесін де өздерінің үлгісіне еріксіз тартып бағындырып алған. Жоғарғы ақындарға еліктеген сөздер Абайдың жас күнінде өз бойындағы ақындық қуатын оятып көрсе, бұл кісі тура ғана жаңағы кітап тәрбиесі, кітап әсерінен деп білу керек.

Бірақ Абайдың жас күнінен бізге жеткен өлеңдері жоққа тән. Тіпті азғана. Сондықтан бұл туралы ақынның өмір-баянының ішінде ұзақ сөйлеуге орын жоқ. Бірен-саран пікір болса ақындық жайын тексерген мақалада айтамыз. Абайдың нағыз ақындық белгісін беріп, өнімді өлең жаза бастаған кезі жігіттік шағы өткен соң басталады. Ол кездегі Абай арабшыламақ, парсышыламақты теріс нәрсе деп түсінген.

Бұл арада Абайдың ақындығына әсер беріп, алғашқы бетін билеген себепті айтамыз деп біразырақ ілгері басып кеттік. Біздің әзіргі мақсат Абайдың өмірі болғандықтан, енді қайтадан ақынның сол балалық шағына шегінейік. Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта, Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы “Приходский школаға” түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Үш жылмен мұсылманша оқуы доғарылады.

Жасы 13-ке толғанда, ерте есейіп, ерте ақыл-сезімі ашыла бастаған, өткір зейінді, ерекше талапты жас шәкіртке жаман-жақсы болса да ой-сезімнің бетін ашып келе жатқан оқу тәрбиенің есігі жабылады. Екі-үш жылдар аз да болса қырдан гөрі тәуірірек үлгі беретін қалада болғанда, ақын болатын баланың алғаш жалғыз ғана нәрлі азығы: мұсылман ақындарын шала-шарпы тану, солардың сөздерін ынтасы кетіп сүйіп көксеу ғана болады. Осындай жаңа дүниенің есігін енді ғана ашқалы, жаңа ғана саңылау көріп келе жатқан уақытта Абай ала-құла, шикілі-пісілі біліммен үлкен кісінің өміріне кіріседі.

Оқу-білім, кітап тәрбиесі сияқты нәрселер осы қалғаннан көп уақытқа шейін бұйырмаған ас сияқты болып, Абайдан алыста қалады. 13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай оқудан шығарып алып, ел билеу жұмысында өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды.

Баласын оқудан ерте шығарып алуына себеп болған нәрсе: ел жұмысына өзіне серік болатын іні-баланың Абайдан қолайлысы болмағандығы, бала болса да сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал суық тұрып қатты сыншы болған Құнанбай Абайдың өзгелерінен артық екенін ертеде сезген деуге болады.

Баласын оқыта түспей, асығып алған себепті, жоғарыда Құнанбайдың өмірі туралы айтылған сөздерді еске алсақ, оңай ұғылады. Құнанбай елінің қақ жартысын өзіне қарсы тұратын жау қылып алып, көп өмірін сол жаулықтың жолында алыс-жұлыспен өткізген. Қарсына шыққан ағайынын үлкен тартыстың аяғында жеңіп алса да, артынан да сондағы ішке

байланған мұз елдің көбінің есінен кетпеген. Ел ішінде ұсақ араздық, ұсақ жаулық, кішкене тартыс сияқты нәрселер, еш уақытта құрымаған. Сондықтан барлық өмір аңдысу, тартысу, ел таразысын бағып келгенде Құнанбайға дос болдым деген елдің өзі де үнемі бір қалыпта тұра алмаған. Мұның бір себебі Құнанбайдың өз істері, өз мінездері болса, екінші жағынан, сыртқа да, ішке де өмірі жүріп, жуандап алған Құнанбайдың маңайында талай-талай залалкес туысқандары да болған.

Бұлар Құнанбайдың бағына мас болып, пәлен ауылдың жігіті, түген жақсының туысқаны деген атпен шамасы келгенше емін-еркін пайдаланған. Көп елді мазақтап, қорлап, орынсыз зорлық, қисынсыз жуандық істей беріп, асқақтық пен шайпау мінездерге салынып, Құнанбайдың дос болып жүрген елін де қажытып алған.

Сонымен Абайдың жас шағында Құнанбайдың досы азайып, дұшпаны көбейген. Жоғарыда айтқан сияқты, сол көп дұшпанға қарсы тұрып, қолқанат боларлық баласы мен інісі болмаған соң, Құнанбайдың басына жалғыздық түсе бастаған.

Абайды оқудан алып, ел жұмысына салу, әкесінің басындағы осындай еріксіздік халынан туған. Сонымен 13 жастағы Абай әкесі берген бетпен ел сөзіне кіріседі. Әрине, жас бала алғашқы аяқ басқан жерден келелі кеңеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап ептеп бастауына керек. Сондықтан ең алғашқы жылдарында әкесінің “барып келінде” жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, әкесі ел ортасының басты кісілеріне жеңіл-желпі сөздерді сәлем қылып айтып жүріп, кейбіріне байлау жасауға да ерік береді.

Әрине, бұл күндердегі Абайдың көңіліндегі иманы, әкесінің сөзі. Содан ұғыну бойынша әкесінің жауын жау деп, досын дос санайды. Жасына жетпей ұлғайып, ерте күнде балалық белгісінің барлығын жоғалтып, сөйлесіп жүрген үлкендеріне бала көрінбей, үлкен сияқты көріну, олқы түспеу — Абайға парыз сияқты болады. Әкенің билігі, өмір талқысы, араласып жүрген үлкендері болсын — барлығы да Абайды оқудан ғана алыстатып әкетумен тоқтамай, кәдуескі табиғи балалық дәуірінен де жырып әкеткен.

Жас күннен-ақ Абай өмірі әлденеше қықы-жықы шиырға түскен. Ішкі балалық дүниесін оңды-солды соққыға алатын,

теріс қалыпқа кептейтін ерекше күйлерге, заңнан тысқары халдерге ұшыраған. Өзінің дене қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін салмағы зор міндеттер басына түскен соң, Абай жаратылыстағы зеректік, талаптылық сияқты өнерінің барлығын осы жолға салған. Ел кісісімен араласқанда сөз керек, ұғым керек, тапқыштық керек, кезекті жерге келгенде айла да, ашу да керек. Әрбір көлденең келген істің тұсында өзгелер не сөйлейді? Не істейді? Бұрынғы жақсылар не айтып, не істеген? Өз әкесі қайтеді? Осының бәрін Абай ел сөзіне кірісе бастаған соң-ақ тесіле қарап, толық ұғынып, өз өміріне үлгі қылуға тырысқан.

Сонымен балалықтан асып, бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта, қазақтың ескі сөз, ескі жол-жора, мәтел-тақпақ, ескі биліктеріне елдің маңдай кісілерімен қатар түсетін білім алған. Бұл уақыттарда қазақтың ескі ақындары, кемел билері, жорықшыл батырлары, хандары болсын — барлығының жайындағы әңгімелер Абайға таныс дүние болып қалған.

Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, ел сөзіне соларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру, сол кездегі ел жақсыларына жайылған салт бойынша, Абайға да парыз сияқты болған. Жас жігіт сол білімді орнымен керегіне жаратып, келістіріп, көркейтіп сөйлейтін болғандықтан, ел көзіне жасынан артық білімі бар, ескі жақсы сияқты көріне бастаған. Басында балалығының арқасында ел сөзіне құр ғана кіріскен Абай аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып адымын ұлғайта бастайды. Бірнеше жол көріп, көзі қанған соң елдің “пәлен жақсы, түген жақсысының” айла мен епке болмаса, жалпы білімге, ақыл шалымына өзінен соншалық артық емес екенін сезеді. Абайдың өзінен үлкен кісілерден өзін кем санамауына себеп болатын тағы бір нәрсе — мұның мұсылманша оқуы барлығы. Ел кісілерінің көпшілігі Құнанбай сияқты оқымаған адамдар болған уақытта, Абай олардың қасында өзін молдадай көрген. Надан кісілердің ортасына келіп өлшескенде, өзінің үш жылдық оқуы дардай көрінген. Бұған және халық ескілігі сияқты қазақ жұртының рухани байлығы қосылған соң, Абай аз заманның ішінде ел ортасындағы сөзде аяғын өз қайратына сенген сенімділікпен баса бастады.

Әкесімен жауласқан кісіге сол әкесінің салмағына жақын салмағы бар мықты жігіт, бетті жүйрік, ержігіт болып көрініп, қолы мен тілі қатаң тие бастайды. Сонымен қатар аз уақыттың ішінде жұрт қанағат қылған жақсы шешен, білгіш деген кісілерді барлығын да оңайшылықпен місе қылмайтын зор көкірек, өз қайратына қатты сенген тәкаппарлық көріне бастайды.

Ақыл-ойға, шешендік сезімділікке келгенде, ерте ержеткен жас жігіт сол уақытта-ақ өз ортасынан иығы асып, басып оза бастағанын сезгендей болады. Жалпы ақылмен болжайтын сөздерге келгенде біреудің айтып тоқтатқан жерінің ар жағынан жаңа есік табамын деп талап еткіш болыпты. Абайдың осы шақтан алып шыққан зор сенім, зор талабы қырағылық, көргіштігі кейінгі уақыттағы ой-пікіріне де үлкен белгі болады.

Біреудің “таптым” дегеніне сынмен қарайтын, “жеттім” деген жеріне қанағат қылмайтын, ар жағынан асырып түсіруге тырысатын талап Абайдың жігіттік шағындағы көптен бөлек ерекше мінез сияқты. Осы пікірдің дұрыстығын дәлелдеу үшін ел есінде қалған екі-үш мысалды айталық.

Абай өз қайратына сенімді көзбен қарай бастаған соң-ақ, ел ішінде кез келген жақсылардың қайсысын болса да әңгіме ішінде бір сөзбен мүдіртіп кетпесе, өзіне ырза болмай қалады екен. Балалық шағынан жаңа өтер-өтпесте, әкесінің жұмсауымен барып сөйлескен үлкендердің барлығына да осы мінезді істей бастаған.

Абайдың жас жігіт шағында Құнанбайдың Көкше ішіндегі тұрғылас, сыйлас кісісі Қаратай болған. Көп елдің сынынша, бұл шешен, жүйрік атанған кісі. Сол Қаратай бір күні Абайдың өз құрбы жас жігіттерімен жиналып отырған үстіне келіп, жастардың заманын жамандап, өз заманын мақтай бастайды. Сонда Абай бұл сөздерге көп дау айтып келіп ақырында: сіздің заманыңыз қанша жақсы еді, ең аяғы осы отырған Тобықты, Сыбан сияқты көрші елдің арасында бір қол кісі болып, жиналып алып түн қылып жүрмесендер, жалғыз жарым кісі қатынасып алмаушы еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан, “әні алып кетті, міні алып кетті” деп кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді. Осы заман жақсы ма дегенде, Қаратай дау айтып келіп:

менің заманым пайғамбарға жақын депті. Бұған қарсы Абай: “Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында мәңгілік қар жатады. Сайында неше түрлі өсімдік, неше түрлі алуан жеміс шығады. Алланың рақметіне алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбарға Әзірет Әлінің әкесінен жақын емессіз, ол кәпір болған”, — депті.

Осы сөзді Қаратай Құнанбайға келіп айтқан соң, әкесі Абай келгенде әдеттегі қаттылық суықтығына салып, көп сөз айтып ұрсыпты. Абай үндемей тындап, сыртқа шыққанда Қаратай келіп: “Бала, қалай, қайсымыз жақсы екенбіз”, — дегенде, Абай: “Бәсе, қайсымыз жақсы екенбіз: біздің тобымыздың ортасына жалғыз өзіңіз келіп ойдағының бәрін айтқанда түгелімен қол қойып, тыңдағаннан басқамыз жоқ еді, сендердің ортаңа келсек, қыруар жанды жалғыз шалың ауызға ұрып сөйлетпейді?” — депті. Қаратай бұл сөзді де Құнанбайға айтпақ болып үйге қарай аяндағанда, Абай атқа мініп алып жүріп кетіп қалыпты.

Осы сияқты біраз сөз Шорманның Мұсасымен де жанасыпты. Мұса Құнанбай тұрғылас, Құнанбайдың замандасы. Бір жылы Абай әкесімен Семейде жатқанда, Мұса мен Құнанбай бір-біріне барысып, жүз көрісіп жүретін болса керек. Сол ретпен бір мәжілісте отырғанда Мұса (тегі Құнанбайдың сұрауымен болса керек) үйдегі балаларының атын атап, Садуақас деген баласы барлығын да айтса керек. Сонда Абай: “Бір адамға екі бірдей кісінің атын қояды екен? Ол Сағд бин Уақас деген әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?” — депті.

Осыдан Мұса Абайдың тілін еске алып қалса керек. Екінші бір жерде, Абайдың бірталай кісінің мәжілісінде кіршіме ішіп отырған үстіне келіпті. Отырған жұртпен бірге Мұсаны Абай да мәжіліске кірісуге шақырғанда, ол кісі: “Жоқ, бұл нәрсенің аты кіршіме, тегі ноғайдың “кіршіме” деген сөзінен болса керек. Сондықтан кіріспегенді мақұл көремін”, — депті, бұл сөзге Абай: “Менің ойымша, ең әуелі бұл сөз ноғайдың тілі емес, парсының “гәршама”, “шамаңа қарай” деген сөзінен болуға қисынды. Екінші — әрбір нәрсенің “ісіміне” қарай “жимісін” ала ма, жимісіне қарай ісмін ала ма?” — депті.

Осы сияқты жұрттың жақсы деген кісілерінің құр атағына жығылмай, қайта өз көңілін зор ұстап, бойұсынбайтын ізденгіш өр мінезді Абай оқта-текте өз әкесімен де сөз қағысып білдіріп жүрген. Бұл туралы елдің есінде қалған мына бір әңгімені айта кетейік.

Ел ортасының бір үлкен жиынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта, Абай бір-екі рет сөз айтқысы келіп, киліге беріпті. Сонда Құнанбай “тек отыр” деп тоқтатып тастайды. Артынан ел таралып, жиыннан келе жатқанда, әкесі Абайды шақырып алып, көп алдында көлденендегені үшін наразылық айтады. Абай кінәсін мойнына алады. Содан кейін Құнанбай: “Кезі келгенде айтпақ болып жүрген үш түрлі сөзім бар еді, соны айтайын: Ең әуелі — сен жұрттың бәрімен күліп сөйлейсің. Жайдақ су сияқтысың, жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісілерге қадірі болмайды. Екінші, көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайсың. Желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес. Үшінші, орысшылсың, орыстың дұшпандығын ұмытасың”, — депті.

Абайдың жауабы: “Қолында құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыңыраудағы судан да, қойшы-қолаңшы, жалшы-жақыбайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін. Екінші сөзге: қазақ елі бір заманда қой сияқты болған, бір қора қойды жалғыз қойшы “айт” десе өргізіп, “шәйт” десе жусататын заман болған. Одан бері келе ел түйе сияқты болды. Бір шетіне тас тастап, “шөк” деп дыбыстаған уақытында аңырайып тұрып барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы болды. Мұны ақ қар, көк мұзда қар төсеніп, мұз жастанып, етегін төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы ғана баға алады. Орысшылсың дегенге: заман орыстікі, ол жеңген, біз жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білмесең, алысқа шығудан мағына жоқ. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі алуға керек”, — депті.

Құнанбай бұл жауабына қанағат қылып тоқтап: “Ақыры не болса да, бетіңнен жарылқасын, өзің білген бетіңмен жүріп көресің”, — депті.

Осы айтылған сияқты мінездің белгісін қаракесек Алшынбайға да көрсетіпті. Абай бұл ауылдың күйеуі бола-

ды, үлкен бәйбішесі Ділде деген кісі сол ауылдың қызы. Сол әйелін алғаннан кейін Абай Алшынбайға сәлем беріп амандаса барып, қайтарда қайны әдет бойынша қалаған-сұрағаны бар ма деп сұрапты. Сонда Абай шұбар айғырдың үйірі деген бір қысырақты алғысы келгенін айтады. Мұны Алшынбай бере алмай, батамды алсын дейді.

Содан соң Абай: “Ондай батагөй шал өзімде де бар”, — деп, бармай кетіпті. Өз тұсындағы қазақ жақсыларымен кездескенде, жас Абайдың әдет қылған сөз мінезі осы сияқты.

Жоғарыда әкесімен сөйлескен сөзіне қарағанда, ұғым, наным бойынша, көпшіл, кең, жұмсақ, еліне жайлы, жағымды болған кісіге ұқсайтын сияқты. Бірақ бұл сөзге қарап Абай шынында ел арасындағы істерде “әке жолынан бөлек жаңа жол, жаңа көзқарас, жаңа іспен мінез істеді”, — деп түгел сеніп қалуға болмайды. Ел ішінің сөзі мен тартысында, араздық-жаулығында көпті билеп, әмір жүргізген уақытта өз бетіне көпшілікті бағындыруда Абай түгелімен әкесінің шәкірті болған. Өзге болса, әке істеген іс пен әке қуған мақсат жолындағы әдісі мен ебі ғана өзге. Одан басқа мойнына алған міндеті, беттеген тілек, бағыты түгелімен әкесінің жолы болды.

Сол сияқты мықты, жуан болу, сондайлық өмір жүргізу, еркіне көнбегенді, қарсылық ойлағанды сол сияқты езіп, жаншып жіберу, әкесінің жауын өзіне де жау санап, бұрынғыша қуғынға ұшырату, Құнанбайдың бір кезде, ел бүтін тұрған уақытта жұрттың бәрін жалғыз өзінің аузына қаратып, бар Тобықтыны бір шыбықпен айдаған дәуірін қайта орнату. Сол орнайтын жаңа дәуреннің еркесі, қожасы өзі болу, өзінен артылған бақты Құнанбайдың өзге балаларының басына қондыру.

Сонымен, Абайдың жас кезінде әкесінен ел ажырап кетіп, Құнанбай басының жалғыздық көрген кезінде бұл тұқымның қолынан шығып кетуге айналған бақ пен абұйыр, қайрат пен қожалық болса, соны бұрынғыша толық қалпында қайта қолына жиып алу, жігіт болған Абайдың барлық бойындағы қуатымен түгел ұмтылып қуған арманы, мақсаты болады. Абай жігіт күнінде өзіне бұл жолдан басқа жол бар, осы істен түзу іс бар деп түсінбеген. Құнанбайдай әкенің баласы бола тұра, талап қылса Тобықтыдай жалпақ елге өзінің әмірі, дәуірі

оп-оңай-ақ жүріп кеткелі тұрғанын көре-біле тұра, Абай өз басына екінші бір мақсат, міндет бар екен деп білмеген. Ондайды іздемеген де.

Сондықтан әкесіне кім жау болып, кім достықтан тайып, жау жағына шығып кетсе, соның барлығын неге кеткен себебіне қарамай-ақ, алыстан ұстасатын, жауым деп біліп, айланы, ашуды, білімді де құрал қылып соңына түскен, әке тұсындағы дәуренді қайта орнатып, көп елді құлақтан басып, ауыздықтап мініп, бағындырып алу жолына еңсесін сала шапқан.

Ұлғайып келіп артында қалған өмірге суық сыншы көзімен қарап, өткеннің бәрін өкінішпен еске алған уақытта Абай: қаны қара бір жаным, жаны жара ... деген сөзді текке айтпаған.

Сол сөзінің ішінде:

Жасымда албырт өстім ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ...
Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме, —

дегеннің барлығында көбінесе еске алатыны осы жастық шағындағы ісі мен мінезі, жасында берік бет алып, болашағына да, адамшылығына да залалдан басқа түк бермейтін шалыс жолға түскендіктен кейінгі ес кірген соңғы өмірде, өкінсе де, зарласа да, өзін-өзі аямай қамшыласа да, сол әуелгі алған бағыттан өзгере алмай, жаңара алмай қалған.

Алғашқы бойға сіңген әдет пен жасында теріс қалыптанған өмір, кейінгі күнде ақылы қостаған жолға түсіремін десе де, түсе алмай кеткен.

Енді сол жастық күнінде Абайдың істеген ісі, салынған мінездері немене еді? Кіммен алысты, қалай алысты, алыс жолында не көрді, не тапты? Соған келейік.

Абайдың жауы кім еді дегенге, әрине, ең алдымен Жігітекті айту керек. Ат жалын тартып міне салысымен Абай әкесінің қарсысындағы жаудың ордасы Жігітек руы екенін оңай таныған. Жігітек Олжайдың баласы, Абайдың төртінші атасы Айдоспен бірге туысқан. Бұл Олжай балаларының ішінде басы молырақ, өскелең деген руы. Оның үстіне шамасы келсе өзі де өзгеге соқтыққыш, тентек мінезді сотқар ел болған. Арасынан шыққан барымташы, ұрлықшыл бұзықтары да болған.

Көпшілігіне жайылған мінез бойынша қайратты, мықты, қыңыр, алысшыл, ұжымшыл ел болғанға ұқсайды.

Өзі жақын ағайын болған соң, Ырғызбаймен қоныс, сыбайлас көрші ел болады да, ірі жұмыс, ұсақ жұмыс болса да, күн сайын бетпе-бет ұдайы кездесіп отырған. Сондықтан араларында шиеленісіп алған араздық, жаулық кейде ірі тартысқа айналып кетіп отырса, кейде ұзақ соқтығысып, ұзақ аңдысуға да түсіп отырады.

Ірі жаулықтың арты көбінесе Жігітек жеңілумен біткен кездерде, кейде екі жағы уақытша тоқтасып, татуласып та байқайды. Бірақ бұл бітім ұзақ бітім болмайды. Аздан соң болымсыз ұсақ себеппен ескі жара қайта біттелегенді, қайтадан шиеленісіп, ұстасып түрегеледі. Сонымен тынымсыз ұзақ жаулыққа кең өріс ұдайы табылып отырады.

Әрине, осындай алыстарда Жігітек үнемі аз болып, үнемі жалғыз болып отырмайды. Жоғарыда айтылған Құнанбай мінездері сияқты себептер бар, одан соң кейбіреулердің тура бас күндестік сияқты себептері бар — сондайдың бәрі Жігітекке бір ру болмаса, екінші рудың ішінен көмектес болатын достарды тауып беріп отырған.

Талас-тартыс жалғыз ғана Олжай ішінде болмай, көбінесе бар Тобықтының шеңберінен шығып, ауданын молайтып, екі жағына да жау мен досты бірдей көбейтіп отыратын болған. Сонымен кейде Құнанбай, Абайдың қарсысына Жігітектен гөрі тобы көбірек, Жігітектен басы артық, малы артық рулар да жаулық ұстап шыға беретін болған.

Осының бәрі, жоғарыда айтылғандай, әке жолын қуып, әке мақсатын арман қылып алу ниетіне бет алып шыққан жас Абайдың алдында тұрған көп бөгет, көп тосқауылдар болады. Сол бөгеттердің бірін жойып алып, тыныш боламын десе, екіншісі дайын тұрады. Оған келіп кірісіп, қолға аламын дегенде, ру тіршілігінің бір қалыпта тұрмайтын ойнамалы құбылғыш шырайы екінші салаға түсіп, тағы да өріс алып, ендеп кетеді. Ол тағы да ұзақ алыс, ұзақ арбасуды керек қылады. Бір жерде Абай жеңсе, екінші бір жерде жау жағы өзін де сүрінтеді. Оның арты кек пенен кіжінуге әкеп соғады.

Осындай алыстың үстінде Абай құрал таңдамайтын болып алады. Не нәрсе керегіне жарайтын болса, қандай

себептермен жауын жығуға болатын болса, соның көбін іске салады.

Жас күнде әкесімен жауласқан Жігітектің 17 кісісі Сібір айдалғанын көреді. Соның арты Жігітекті әлсіретіп, көпке шейін жасытып жібереді. Бұрынғыдай тең түсемін деген ойды ойланбайтын болды. Бұлай болса, жауласқан елге істейтін емнің бірі осы сияқты қаттылық, аямайтындық, шошытып жіберетіндей ірі кек болу керек.

Сондықтан, Абай ашу мен қаттылыққа шырақ жағады. Бойына қуат кіріп, елді меңгеріп ала бастаған сайын қырына алған елге бәрідей тиеді. Бұл істері ел ортасында қыр құралымен бір іске асса, ойда орыс ұлығы арқылы тағы да сол бетпен өркендей беруіне керек.

Сондықтан жоғарыда айтылған талас-тартыс, жаулықтың астар жағы, екінші бір саласы уйез, жандаралдың кеңсесіне қарай ағылған көп арыз, көп шағым пішінінде болады. Әрине, бұл соңғы іс жалғыз Абайдың құралы емес, Абай қарсысындағы жаулардың да құралы, қайта ел ортасында тең түсу қиын болғандықтан, Абайдан гөрі де олар көбірек шағымшыл болу керек. Қалайда болса ел ішінде Абай екпіндеп жүре бастаған соң-ақ, аз уақыттың ішінде талас-тартыстың кіндігі қалаға қарай ауысады.

Сонымен, 24 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген арыз, шағым Семейдің кеңселеріне жаңбырдай жауып, етек алып кеткен соң, орыс ұлығы 1869—70 жылдың қысында Абайды қалаға шақыртады.

Осы жолда Абай 12 үлкен іспен тергеліп, Семей қаласынан 3-4 айға шейін шыға алмай жатады. Бірақ жұмыс саны көп болып, тергеуден тергеу болса да, Абай бірде-біріне жығылмай, ағарып аман шығады. Біздің қолымызда Абайдың осы жолы тергелген істері қандай-қандай істер еді, ол туралы мағлұмат жоқ. Бірақ кейін Абайдың өмірбаянын толықтырып, түгел тексеремін деген кісі осы жұмыстарды түгел қарастырып танысуы өте қажет болады.

Бүгінгі сөздің ішіне бұл жайын алмасак, қазіргі өзіміз істеп отырған істің бір үлкен шала қалған жері деп есептейміз. Кіргізе алмау ол мағлұматты керексіз дегендіктен емес, бірінші уақыт тығыздықты, екінші, ол жұмыстардың бізден

алыс жерде жатқандығы (бұл жайды реттеуші азамат болса, жоғарыда көрсетілген жылдардағы Семей уйезі мен Семей жандаралының, Семей судьяларының архивтерін қарауы керек), әйтсе де бұл жолғы сөзге кірмесе де, жақын заманда сол мағлұмат және басқа сол сияқты Абай жайынан кеңселерде сақталған барлық үлкенді-кішілі сөздерді түгел жиып алып жариялау, өзіміздің міндетіміздің бірі деп білеміз.

Сонымен, Абай 70-жылдарға шейін, бір жағы, әкесінің ығында болса, екінші жағынан, сол әкесінің басындағы міндеттерді, барлық жаулары мен барлық талас-тартыстарын түгелімен өз басына аударып, өз міндетіне ала бастайды. Ел билейтін кісілік пен сол кісілік жолындағы партия майданы, бас балуанға Абайдың өзін жырып шығарады. Ендігі күрестің саясаты мен барлық жауапты істер Абайдың жеке өз басына аударылып, өз қолына келеді.

Бұл жолда алғашқы жекеленіп шығу жаңағы 12 тергеуде басталуға керек. Сол тергеулердің тұсында Абай ұлық атаулының талайын көріп, барлығымен де әлденеше халде кездескен болады.

Ұлық алдында жұмысты болу бір ғана ұлықтың өзі емес, сол кездің көп-көп адвокат, тілмаш сияқтыларымен де кездестіру керек. Соның барлығымен араласу көп нәрсеге көзін қандырып, Абайға заң-закон дегендерді білдіру керек. Әрине, осымен қатар орыс тілін білу, орыс ұлығының әлді, әлсіз жағын ұғыну Абайға жаңа міндет сияқтанады.

Қыр тартысын ұлық пен закон шеңберіне қай жағынан әкеп сыйғызуға болады? Ұлықпен қалай арбасуға болады, осының бәрі ел кісісі болатын Абайдың түгел ұғынып, толық білуіне қажет нәрселер сияқты көрінеді.

Сондықтан, алғашқы рет орыстың тілін іздеп, оқу-біліміне қарай көңіл бөлу осы кезден басталатын сияқты, бұл уақытқа шейін Абайдың барлық оқуы үш-ақ айлық сабақпен біткен. Әрине, ол білім кейінгі күндегі Абайға азық болады деп айтуға болмайды. Ол кейінгі ісіне татымды негізде болуға жарамауына керек. Орысша жағына іздену жаңағы істің тұсында, сол 24-25 жасынан басталу керек... Бірақ бұл уақыттағы қарастыруы да үнемі салынып іздеген іс емес... Елге шыққанда Абай ынта-пейілмен кісілік соңында. Ол жолдағы міндеті

мойын бұрғызбайтын, таусылмайтын ұзақ жұмыс, ұзақ міндет, сондықтан бұл кездерде сарылып кітап соңында отырады деуге болмайды.

69-70-жылдардың қысы әлгідей өтсе де, Абай ел жұмысынан торықпаған. Құр тергеуге іліндіргені болмаса жаулары жеңе алмаған. Бұрын бауырлап меншіктеп жүрген елі әлі де болса қолында қалған. Сонымен 70-жылдардың артынан Абай бұрынғысынан да екпіндеп кіріскенге ұқсайды. Күннен күн өткен сайын тәжірибе көріп ысылып, әдіс-айланы молайтып алған соң, ойға да, қырға да атағанын сыйғызып, қалағанын жүргізетін үлкен салмақ иесі болуға айналады. Тартысқан ел қаншалық күшін салса да, жеңіп шығып ала алмайды. Көбінесе өз ісіне өзі сүрініп, өз сөзіне өзі оралып, Абайдан да ел көп жығылатын болады.

Бұл уақыттарда Абай ел саясатын жалғыз әкесінің ғана нұсқауымен жүргізбей, өз жанынан өзі сүйген дағдысын да қолдана бастаған сияқты. Жоғарыда Құнанбайдың баласына айтқан сөздері Абайдың осындай өз бетін аша бастап, өз ыркынша жүргізгіш болғандығынан тууға керек. Сонда “орысшыл” деу басына іс түскенде орыстың ұлығыншыл болғанын білдіреді. Ұлықшылдық орыс төрелеріне жақын болуға істеген талабынан бір көрінсе, елді ұлық арқылы жаңалап, ұлық күшімен басып алуға салынғандығынан тағы да көрінуге керек.

Әкесі тапқан мін көбінесе осы жағынан болу керек. Орыс күшін Құнанбайдың өзі қолданса да, заманы Абайдікінен гөрі қазақырақ заман болғандықтан, қыр жолымен, өз күшімен қол қимылын істегіштік ол кісінде көбірек болған. Мысал үшін Қодарды өлтіруін еске алсақ та болады. Сонымен, Құнанбай айтқан кінәні, Абайдың орыс оқуына құмарлығынан шығар деп болжам жасауға керек емес.

Ол кездегі Абай қыр жуанының бел баласы. Заманның құлы, сондықтан алдында көп мақсат жоқ, бар талпынғаны бір ғана тілек. Осы жолда 70-жылдардан соң Абай өз бетін жүргізе бастады дедік. Соның бір белгісі жоғарғы айтқан болса, екіншісі өз ішінен өз басына арнап, өз бетімен дос жиюында болды.

Бұрын ылғи әкесі дос санаған кісімен іс қылып келген Абай, енді өз замандастарынан өз сынынша дос іріктейді.

Сол ретпен тапқан кісілері: Оразбай, Жиренше, Ербол деген сияқты кісілер болады. Абайдың өз басы бұларға шын сенеді екен, бірақ Құнанбай: “Адал дос болмайды, алдамшылар”, — деп жек көреді екен. Кей уақытта осыларға Абайдың қатты сенгендігінен мазаланып: “Құдайдың жан қылып жаратқаны рас болса, осылардан татып отырғаныңды бір көремін-ау”, — дейді екен.

Бірақ Абай әкесінің сөзіне қарап, достарын тастамаған, сонымен өз талабы мен осы достарының көмек талабының арқасында көп елмен ұзақ жағаласып, бірде жеңіп, бірде жеңіліп келіп, 28 жасқа толғанында қарсысындағы елдерді ең алғашқы рет емін-еркін басып, жеңіп алады. Жеңгеннің белгісі: Оразбай Аққұлы баласының аулында болған өз сайлауына жанына туған-туысқандарынан ешкімді ертпей, өзі тапқан достарын ғана алып барып, партияласқан елді қаптал бүктеп, үйдегі Ысқақ деген інісін болыстыққа сайлатып қояды.

Ысқақтың алғашқы болыс болғаны 1873 жыл, осымен алғашқы рет сайланған соң Абай Ысқақты ұдайымен үш сайлау — 9 жыл болыс қылады. Осыдан кейін оқта-текте болмаса, Құнанбай баласы, Құнанбай немерелері болыстықтың үнемі иесі болады да, өзге ел адамдарының бірде-біріне тимей қояды. 73-жылдан кейін Құнанбай балаларының дәуірі жүреді. Тобықты ортасынан қажы (Құнанбай) баласының билігі орнайды.

Жә, енді осы айтылып өткен жасқа шейін, одан соң бұдан кейінгі біраз жылдарға шейін Абайдың ақындық қызметі болды ма, болса қандай себептерден туып, қай түрлі болды, қаншалық өлең жазылды сол жайынан біраз сөз айтайық.

Бұл тұсқа келгенде ең алдымен қысқаша айтылатын сөз: Абай осы жастарға шейін өзінің ақын екенін білсін, білмесін, бірақ өз басына ақындық іс екен, жол екен, уақыт бөліп, еңбек қылатын кең өріс екен деп білмеген.

Тегінде, Абайдың жас шағында айтқан өлеңдері өте көп болмау керек. Болғаны болса, Абай қағазға жазбай, орайы келген жерлерде қалжың сөз ретінде ауызша айта салып, артынан өзі де ескермей ұмытылып қала берген сияқты. Жасындағы өлеңдерін ақынның өзі ескермеген соң кезінде басқа кісілер де ескеріп есінде сақтамаған. Берірек келгенде

Абайдың жас күніндегі өлеңдерінен бірен-сараны есінде қалған үлкен кісілер болса, олардың аузынан ешкім ескеріп жазып алмаған, біздің уақытымызда ол кісілер жоқ болды. Сонымен ақынның жас шағынан біздің қолымызға түскен белгілері тіпті болымсыз, азғана.

Сөйтсе де, қолға түскен бірен-саранның айтылған себептерін қарасақ, көпшілігі біреуді қалжың қылған, мысқыл, мазақ, күлкі аралас өлеңдер. Бұларының бәрінің де өлең қылған кісінің көзіне қалжыңдап күліп айтқан сөз сияқты. Абайдың ерте баста айта бастаған өлеңі осы сияқтылар. Тегінде ұмытылып, біздің заманымызға жете алмай қалған өлеңдері болса, көбі осы түрлі сөздерінен болу керек.

Екінші түрлі өлеңдері қыз-келіншекке жастық дағдысымен жазған хат өлеңдер. Мәселен, 13-14 жасында “Жүзі рәушән, көзі гәуһар” деген өлеңді айтқан.

19-20 жас шамасында “Әліпби” өлеңін айтқан, одан соң жігіт күнінде Сүгір деген кісінің қызына құмар болып, “Ақ етің аппақ екен, атқан таңдай” деген бір өлеңі болса керек. Бірақ біз ол өлеңін білетін кісіні таба алмадық, құр атынан басқа еш нәрсе айта алмадық.

Толық жігіттік шағына жетіп, үлкендікке мойын қоя бастаған кезінен “Сап-сап, көңілім, сап, көңілім” деген бір өлеңі табылды. Біздің мөлшерімізге қарағанда, бұл өлең 25-26 жастарында жазылған сөз болу керек.

Міне, осы сияқты оқта-текте бір кездесетін шашау-шашау тұрған белгілеріне қарасақ, Абайдың жас күнінде ақындыққа салынбай, өлең шығаруды мақсат көрмей, бұл өнерге үстірт қарап өскендігі байқалады. Анда-санда айтылып қалған өлең болса барлығы да бойға біткен ақындық қуатының өзінен-өзі әлде қалай шығып қалғаны сияқты. Жастығының көп өлеңі болса, бәрі де әңгіме арасында қалжыңдап отырып айта салған сөздер. Абайдың ерте күндегі ақындық қуаты осы сияқты жолмен өзіне шығыс тапқан сияқты.

Одан соң күлкі мен қалжың қылып айтатын өлеңнің басын кішкене бала күнінен бастаған сияқты. 12 жасында бір жолаушы қатынға айтты деген бір-бір ауыз өлең бұған дәлел. Сол уақытта-ақ біреуді мінегіш, күлгіш кішкене Абай Тонтайдың кішкене жиенімін деп, өз жайынан мәлім етіп тұрған сияқты.

Кейін айтатын қалжың өлеңінің барлығы да осы бетпен өседі.

Осымен әр жылда, әр жерде кейде ұзақтау болса, кейде біраз ауыз ғана қалжың өлеңдер айта жүріп, Абай Ысқақ болыс болған жылдарға келеді. Бұл уақытта елінің бір деген басшы кісісі атанып, айтқаны кімге болса да бұлды, өмірі Тобықты ішіне екі болмайтын дәрежеге жетеді. Болыс болып күндегі істі інісі басқарғанда, өзі елдің сыртқы шеңберін ұстап, үлкен таразысын бағатын кісі болады. Ысқақ Абай айтқанды бұлжытпай істейтін орындаушысы болғандықтан, өзге ел, сырт болсын, түгелімен жуандық, кісілік, билік — барлығының тұтқасы Абай деп біледі. Абай басына үйіріледі. Сондықтан өзі болыс болмаса да, болысқа да келетін істің барлығын, ел ортасының дау-шарын, билігін, сьезін түгелімен өзі атқарып, өзі басқарады.

Осымен қатар ұлық жағының тауқыметін өзі алады, бұрынғыша жақын жүріп, таныс болған уйез, судья, адвокат сияқтылармен әлі қатынасын үзбей араласып, көрісіп жақын болып жүреді. Солардың үйлерінде қонақта болу, мәжілістерін көру, айтысқан сөздерін есіту сияқты нәрселер Абайдың бұрынғы уақытта шала біліп қана, жұта алмай қалған білім кемістігін, қайтадан өзіне сездіреді. Бұрын өзін елге салыстырып, білімдімін, толықпын деп жүрсе, орыстың оқыған адамдарына кездескен соң, түбірлі білімі жоқ, надан екенін сезген. Сонан соң ойына алғашқы рет надандықтың өкініші келіп, бар күшімен талпынып білім іздейді.

Жасы 30-дан асқан соң, бұрынғы азды-көпті білгенін есіне түсіріп, орыстың тілін жаттайды. Қалада жатып, азын-аулақ тіл білген соң, кітап оқуға кіріседі.

Содан біраз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды ел сөзімен қатар кітап алады. Кітапты тәртіппен, ретпен оқымаса да, пәлен жақсы, түген жақсы дегендердің сөздеріне бірі артынан бірін жіберіп, үсті-үстіне үйіп қадалып оқи береді. Бір жағы ел сөзі, ел жұмысымен жатса, екіншісі, әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін де Семейде қысқы айларда ұзақ уақыт жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп, қармана бастайды. Осымен 35-36 жастардың шамасында кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1880 жылдарда Петербордан айдалып келген орыстың төңкерісшіл,

халықшыл Михаэлис деген кісімен таныс болады. Михаэлис ол кезде жас, Петербор университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған екен. Бұл сол замандағы орыстың төңкерісшілдік пікірінде жүрген адамдардың басшысы, атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі болса керек.

Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан өзіне керек бір кітапты іздеп келіп тұрғанда, сол кітапханада Толстойдың кітабын сұрап Абай да тұр екен. Михаэлиске қыр қазағының толстойшылдығы таңсық көрінеді. Сондықтан ол Абайға келіп, “Толстой неге керек?” деп сұрағанда, Абай өзінің кітап қарастырып жүрген жайын айтады. Содан екеуі кітапханадан бірге шығып, әңгімелесіп кетеді де, артынан жақын таныс, сыйлас, тату адамдардың халына жетеді.

Михаэлис осы барғаннан Семей облысынан қайта алмай, 40 жыл тұрып, сол жақта өлген. Әуелгі кезде Семейдің өзінде тұрып артынан ылғи Өскемен қаласын мекен еткен. Міне осы замандардың барлығында, алғашқы рет таныс болып алған соң Абаймен ұдайы кездесіп, не хатпен хабарласып тұрған. Бертін келген уақытта Абайдың ауылына қонаққа да барған болса керек. Аздан соң Михаэлис арқылы Абай 80-жылдарда айдалған басқа халықшылармен де танысқан. Солардың ішінде халықшыл адвокат Гросс, жас доктор Долгополов сияқтылар болған. Гросс айдалып келген соң, қазақтың ескі жорасы бойынша айтылатын билік кесім сияқты ескі әдет заңдарын жиып, қарастыруға салынған, сонымен бұ да Абаймен араласып, қырға шығып, 3-4 айдай Абайдың ауылында жатып қайтқан. Кейінірек уақытта Абайдың ауылына Долгополов та келіп, қонақ болып жатып жүреді.

Бұл кісілердің барлығының ішінде ең алдымен таныс болып, Абайға алдымен пайдалы әсер еткен кісі — Михаэлис. Михаэлистің істеген еңбегі көп болғандықтан, Абай кейінгі уақыттарда “дүниеге көзімді ашқан кісі — Михаэлис” деп, алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандығы үшін өмір бойы алғыс айтып кеткен. Михаэлистің өзінің тексерген жолы табиғат ғылымы болса да (жердің жаратылысын оқыған), үлкен қаланың университетіне әр тарау жолдардан мағлұматтары болған мәдениетті адам, Абайға қандай кітапты оқу туралы шынымен үлкен ұстаз есебінде көңілдегідей жақсы бет бағыт берген.

Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз, ретсіз оқып жүрген Абай ендігі оқуын Михаэлистің ұсынысы бойынша үлкен тәртіпті ретке қойып, суретті әдебиет, сын, фәлсафа, тарих, табиғат ғылымдары, ақыры әлеуметшілдік жайындағы кітаптарға шейін тарау-тарауымен белгі, жоспармен оқитын болған.

Осы ретпен орыстың белгілі ақын-жазушыларынан: Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Достоевский; сыншыларынан: Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Писарев; Еуропа ақындарынан Гете сияқты фәлсафашыл, табиғатшыл білгіштерінен: Спенсер, Луис, Дарвин; тарихшыларынан Дрепер сияқты талайларды оқыған. Әрине бұл аталған жазушылардың бәрін бірдей Абай бірер-ақ жылдың ішінде оқыды деуге болмайды. Соңғылардың көбін бері келіп, ұлғайып, кәрілікке айналған кезінде ғана қолына түсіруі мүмкін.

Алғашқы кезде оқығандарының көбі орыстың суретті әдебиеті мен сыны болу керек. Көп заманға шейін қалада жатып оқумен келіп, кейінірек көп кітаптарды қырға да алып шығып, елден де қарастыратын болады. Әдебиет тұсында жалғыз орыс жазушыларымен тоқтамай, Еуропаның көпке жайылған романшылдарын да оқыған сияқты. Әрі-беріден соң әңгімесі қызық кітаптарды жалғыз өзі оқумен қанағат қылмай, маңындағыларға әңгімелерін ертегі сияқты қылып, айтып отыруды әдет қыла бастайды. Сол 35 жастың шамасында өзі кітап қарастыра бастағанымен қатар екінші баласы Әбдірахманды Семей қаласында уйездік школға берді. Бұл баласы кейін өндіріп ұзақ оқып кетеді. Артынан біраз жылдан соң үшінші баласы Мағауияны да, әйел баласы Күлбәданды да әкеп орыс школына береді.

Семей қаласының уйез-жандарал, судьяларындай құр төрелікпен болған ұлықтарынан сонағұрлым жоғары тұрған Михаэлис, Гросс сияқты зор білімдері бар, ірі мағлұматты кісілерге таныс болып, анда-санда солардың мәжілістерінде болып, солар атаған кітаптарды көп оқып, зерттей де бастаған соң, Абайдың алдына жаңа жарық дүниенің шеті ашылғандай болады. Сонымен 1884 жылы, 1885 жылдарда, өз жасы қырыққа таман келіп ілінгенде, Абай дүниеден көп мағлұматы бар, әр нәрсеге білім алған кісідей арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншейін ел кісілерінен сонағұрлым білімді, қырағы, озғын кісі болып, жекеленіп шыға бастайды.

Бұдан кейінгі Абай елге де құр Құнанбайдың баласы, құр тартысқа мықты, құр ғана айлашыл, ашушыл жуан болмай, ең алдымен өзге жауларының бәрінен білімді, ақылы, сөзі мен өнері артық кісі болып таныла бастайды. Көптің ұғынып жүрген құр ел жақсысы емес, Абай ең алдымен білгіш, кемел, шешен, жүйрік болып санала бастайды. Енді өз елімен кейде келісіп, кейде келіспей жүрсе де, сырт елдердің барлық басты деген кісілері Абайдың атағын көп естіп, әңгіме, мәжілісіне құмар да болатын болады.

Сонымен көбінің өз тілектері бойынша Абай кейбірімен айқыш-ұйқыш құда болып, кейбірімен сырлас, тамыр, дос болып, жалғыз Семей уйезі емес, Қарқаралы, Өскемен, Аягөз айналасының басты кісілерімен де жақындық таба бастайды. Ел айтқанда Абайдың атағы, абұйыры, бақ дәрежесі бір Тобықты емес, сан Тобықтыдай елдерге түгел жете бастайды. Туыстас, шешендік, зеректік, ерекше ақылдылық, сыншылдықтың үстіне Еуропа сияқты жақсы сенімді құрал тауып алған соң, Абаймен қыр елдің мақтаған жақсылары, атақты шешендері болса да, тіресе сөйлесіп, пікір таластыруға жарамайтын болған. Қай-қайсысы болса да сыртқы даңқы зор болғанмен, Абайға келіп кездескенде, дүниені болжар білімі, шалымы жоқ болғандықтан, ескі-жаңа білімге бірдей жүйрік, қазақ пен орысқа бірдей жетік Абайдың қасында білгіштің қасындағы наданның халінде қалып отырған.

Сонымен, Семей қаласында болсын, басқа дуандарда болсын, бірнеше уйез елдердің болыс, билері, басты кісілері бас қосқан үлкен съезд, червечнайларда Абай өзімен толық тең түсіп, толық мәжілістес болатын қазақ кісісін көре алмаған.

Сонымен бір Тобықты емес, өз тұсындағы қазақтың қайсысынан болса да өзінің сонауғұрлым озып кеткендігін сезген. Осыны сезуінің арты қазақ елінің барлық салт-сана, әдет-қалпына қатты сын көзімен қарауды туғызады. Бүгінгі ел жайына, ел ортасындағы өз жайынан болса да қанағат қылмайтын, заманынан озғын ойларды ойлата бастайды.

Абай енді елдің тентек-тебіз, ұрлық-қарлық, алыс-жұлыс сияқты теріс мінездерінің барлығын жалпы қазақ еліне жайылған түгел мін екенін көріп, сол терістіктерді түзететін тезі болғысы келеді. Ұғарлық, ойланарлық санасы бар-ау деген кісілерге өсиет, ақыл айтып ұстаз болғысы келеді. Сонымен

40 жасқа толған Абай енді елдің ақылды, ақылшы басшысы болғысы келеді. Отыз жасқа шейінгі өмірі қыр жуанының қырша мақсат, тілектеріне арналған болса, ендігі жаңа ұғынып, жаңа құралған негіз, пікір ойынша жаңа мағыналы түрде өткізгісі келеді. Осы соңғы мақсатқа қарай ауысуына Еуропа оқығандарымен таныс болып, кітап жүзінен алған пікір тәрбиесі себеп болды. Одан соң осымен қатар солардың әсерімен өзінің ойланған ойлары себеп болды дегіміз келеді.

Көп кітап оқып, бұрын сезбей, білмей жүрген көп жаңалық есіткен соң, Абайдың ішінде қатты толқын, үлкен ой-пікір өзгерістері болады. Мұның мысалына, берірек ұлғайып келген уақытта Абайдың өзі айтқан бір сөзін еске алуға болады. Өзі айтуынша: “Отыздың ішінен бастап Еуропа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта, бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып өзгеріп: күншығысым — күнбатыс, күнбатысым — күншығыс болып кетті” депті. Берірек келіп оқуға салынып оқып, кітап деген нәрсе әншейін қазақтың ет пен қымызы сияқты тіршілік азығының ең үлкен шартының бірі болып алғандай Абай әрбір жақсы сөзді оқығанның артынан, соның ағымына ақыл, оймен құлай сүйсініп, шын сүйетін сияқты әдеттер тауыпты. Мәселен, будданы оқып шыққанның артынан: “Шіркін будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау”, — деген сияқты. Өмір бойы Лермонтовты сүйіп: бұл махаббатқа уланған шын ақын, “махабатын улаған ашу” деген сияқты сөздері бар.

Осымен Абай 40 жасқа келгенде өз өміріндегі бұрыннан келе жатқан жолға жаңа бағыт беріп, жаңа мақсат қойып, жаңаша түр қосқысы келді дедік. Жә, осы талап, ниеті, осы белгіленген негіз, бағыты Абайдың кейінгі өмірінде іске асты ма? Өзін өзгерту, өзімен бірге ұстаз болып, басшылық етіп артындағы елін өзгерту Абайдың қолынан келді ме? Бұл айтқанның қай-қайсысы болса да Абайдың қолынан толық келді деп айта алмаймыз. Өзгерген негіз, жаңарған ұғым, бағыт бойынша Абай енді елдің партия тартысынан айығып, аршылып шығу керек еді, Абай бұдан босай алмады.

Ерте ояндым, ойландым жете алмадым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ, —

деді. Болмаса:

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме, —

дейді. Ақыл айтады, сынайды, сөгеді. Көппен бірге өз мінін де, өзін де жазалайды. Бірақ ешбірі де ем болмайды. Осыдан соң сыртқы өмір ырқына көнбей, бұрынғы жасынан қалыптанып қалған теріс бет, ескі дағдымен әлі де болса, өзінің билігіне еріксіз көндіріп, еріксіз жиренішті жолға қайта салындырып әкеткен соң, Абайда ой мен іс екіге бөлінеді. 40 жастан асқан соңғы Абай, бізге бір Абай емес, екі Абай болып кетеді. Біреуі: өмірге үйлескісі келмей, заманнан, ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақылшы, ақын-данышпан болуға айналған Абай да, екіншісі күндегі өмірдің бетімен елдің сөзін ұстап, бұрынғыша партия тартыстың, билік, әкімшіліктің жолындағы ру басшы, ел меңгеруші Абай.

Абайдың өз ішінде осындай екі тарау жол шығады. Бір жүрек екіге бөлініп, жыртылып айырылады. Заманнан ақыл сезімі артып, басы озған жалғыздық трагедиясы (қайғысы) туады. Сол қайғысы сыртқа шығатын бір жол болу керек. Абайдың сыртқы өмірі жеміссіз, ажарсыз, мағынасыз болса, соған өз ішінде болып жатқан қарсылық бар. Ойына жиылған улы зар, үлкен мұң, көп арман бар. Осының бәрін сыртқы көзге көрсетіп, іштегі арман мен өкінішке аз тыныс, аз ем болатын нәрсе ақындық болады. Өлең болады. Сонымен 84-85-жылдардан бері қарай Абайдың ақындығы басталады.

Бұл сөздің ішінде біздің алдымен ескеріп отырғанымыз, Абайдың сыртқы өмірінің ағымы болғандықтан, ақындығы мен жай өмірінің ортасында әр уақытта қандай байланыс болып отырды. Әрбір өлеңі қандай күй, қаншалық бағалы деген мәселелерді тексермейміз. Абайдың ақындығын тексеретін екінші мақала болғандықтан, бұдан былай әр кезде жазылған өлеңдерін құр ғана санап өтіп отырып, көбінесе қалған өмірінің ішкі, сыртқы өзгерісі мен ағымын айтамыз.

84—86-жылдардан бастап Абай өлеңге кірісті дедік. Өлеңге кірісуіне іштей себеп болған нәрселердің барлығын да шама келгенше оқушыға мәлімдедік деп білеміз. Енді осы жылдарда жаңағы айтылғанмен қатар Абайдың өлеңге ауысуына себеп болған, сыртқы өмірінде де бір үлкен іс бар. Енді соған келейік.

Бұл оқиға Абайдың өз елінде болыс сайлау әңгімесінен туады. Ысқақты ұдайы үш сайлау — 9 жыл болыс қылған соң, төртінші сайлауда 81-82-жылдарда “Енді болыстықты Бәкемнің орнынан беремін” деп, жасы 20-ға әрең толған Шәкәрімді болыс сайлатады. Бәкем деп өзінің үлкен шешесі Күңкеден туған Құдайберді деген ағасын айтады.

Ол кісі ертерек өліп, артында екі-үш баласы жетім қалған. Сол ағаның аруағын сыйлағандықтан, жасы жетер-жетпесте Ысқақты өкпелетіп, Шәкәрімді сайлайды. Шәкәрім бір сайлау болыс болып, 84-жылдың сайлауына келгенде, Абай ендігі болыстықты өзімен бірге туысқан кенже інісі Оспанға бермек болады. Оспан елге тентек, аусар атанған, болыстыққа қолайсыз кісі болады. Ол жасынан көңілі сүйген кісіге жақсы болса да, сүймегенді үйінен сүйреп тастайтын, қарсы келгенді бас салып сабап, қолымен батыл қимыл қылатын ожар болғандықтан, ел тегіс Абайдың ниетіне қарсы болады.

Оның үстіне тағы бұл кезде Құнанбай балаларының дәуірі ұзақ жүргендіктен барлық Ырғызбай деген рудың ішінде болысы да, болыс емесі де түгелімен бақ мастыққа салынып, орынсыз жуандық, орайсыз тентектік молаяды. Сонымен ел ортасындағы жалпы наразылық күшейеді. Ырғызбай деу орынсыз еркелік, орайсыз тентектік, жуандыққа кепілсіз шексіз берілген белет сияқты болады.

Мысалы, Бақаш деген біреуі көп елдің ортасында орайсыз ақымақ сөздерді сөйлеп-сөйлеп келгенде, тыңдаушы: “Бақаш-ау, мынауың орайсыз ғой”, — дегенде: “Менің ырғызбайлығым шығар”, — деп жауап береді дейді.

Осы сияқты ұшы-қиыры жоқ толып жатады. Сондай себептердің барлығы жиылып келіп, ел ішінде Абайдың айтқанына қарсылық ойлайтын кісілердің тобын көбейте бастайды. Бұл күнге шейін болысты сайлаушы уйез начальнигі емес, Абай болып, болыстықты ылғи ғана өзінің жақын көрген інілеріне беріп келгеніне ел қарсылық істей алмаса да, енді інілерінің ішіндегі ең тынышсызына бермек болғаны Абайдан бірталай елді торықтыра бастайды.

Ең алдымен бұрынғы дос болып жүрген Ербол, Жиренше, Оразбай, Күнту деген сияқты сенген адамдары кетеді. Осылардың ішінде өз ағайындарынан да қосылушы болса керек.

Оның үстіне өзінің кейбір жақын інілері іштен Абайдың ниетіне қарсы болып, астыртын әркіммен баталасыпты деген сөз де бар.

Бірақ жаңағы саналған кісілер болсын, өзге ел болсын, қай-қайсысы болса да нақ сайлау күніне шейін сырттарымен баяғыша Абайдың ала көңіл досы болып жүреді. Не істесе де бірде-бірін Абай айтпайтын, сездірмейтін болып, барлық дос атаулысы түгелімен анттасып, баталасып алады да, істің бәрін жасырын істейді. Сонымен ел ішінде партия бары да білінбейді. Абайға мақсатына қарсы астыртын дайындалып келе жатқан бір болыс елдің жаулығы бар екені де сезілмейді. Бұл қыр ішінде еш уақытта болар-ау деп кісі күтпейтін ерекше шебер жасалған кәдүескі өзгеріс жасайтын жасырын ұйым болады. Басшылары шынымен ширьғып, мықтап дайындағандықтан, іс пен сөздің барлығын бірнеше сенімді кісілеріне тапсырып, қалың елге үлкен сырды шашпай да қойған.

Осынымен 1884 жылдың сайлау күні болады. Оспанды болыс қоямын деп Абай келеді. Абайдың жақын ағайындары болсын, Оспан болсын, барлығы да Абайдың айтқаны бұрынғыша екі болмай орындалады деп түгел сеніп келеді. Жалғыз-ақ дәл сайлаудың алдында елдің жыбырынан аз сезіктенген Ысқақ Абайға келіп: “Ел бұзылып жүрген сияқты, сені алдап жүрмесін”, — деген соң Абай Ерболды шақыртып алып, ел жайын сұрапты. Ербол өзге достарымен жасасқан уәдесі бойынша: “Ысқақ бекер айтады”, — деген, сонымен Абай сеніп отыра берген.

Бірақ Ысқақтың сөзі шын болып, елдің де, Ерболдың да жалған екеніне дәл болыстыққа шар салған жерде бір-ақ көзі жеткен. Уйездің алдында елдің елу басылары болыс болатын кісіге тас салар жерде Оспанмен бірге шарға түсіретін болып ойда жоқта Күнту Шонқа баласының атын атайды. Баталасып алған елу басылардың барлығы түгелімен тастарын Күнтуға салып жіберіп, бұл күнге шейін жасырын дайындалып келген болыстық төңкерістің бетін Күнту болыс болып шыға келген жерде бір-ақ ашады.

Бұл іске Абай мен Абай тілеуіндегі елдің таң қалуы былай тұрсын, осы күнге шейін “Күнту болыс болған сайлауды” ертегідей, жырдай қылып айтатын Тобықты іші: уйездің қатыны да таң қалып, “көтек” депті деседі.

Осы оқиға бұдан бұрын елге “ақ” дегені — алғыс, “қара” дегені — қарғыс болып, “сүт үстінде қаймақ” болып келген Абайға үлкен қаза сияқты көрінеді. Қаза жалғыз ғана інісінің болыс бола алмай, Құнанбай баласынан болыстық шығып кеткендігінен емес, өйткені сайлаушы уйез Тихонов деген кісі сайлауды қайтадан бұзғызайын дегенде, Абай көнбей, “бекітіңіз” депті деген сөз бар. Бұл іс ең алдымен Абайға өзіміздік намыс қазасы болған сияқты. Тобықтыны “таныдым, ұқтым, билеймін” деген толық сеніммен жүрген уақытта, досым деп жүрген кісінің барлығы түгелімен бір-ақ сағаттың ішінде жау екенін білдіріп, ол жаулықты сыртына шығармастан, іштеріне үлкен еппен жасырып жүріп кеп, қатты алдап кеткені Абайдың ақылы мен білімін, атағы мен айбын күштілігін аямастай жазалап мазақ қылып кеткен сияқты.

Шынында Абай халінде болған кісіге бұл төңкерісті істеуші ұйым, өз мақсатына жетумен бірге, жауына тағдыр қазасындай қаза, тағдыр мазағындай мазақ табағын ұсынған сияқты еді. Бұл күнге шейін беті қайтып көрмеген Абай осы істің тұсында өмірдің де, елдің де бұған қарап бетін тыржытып, ернін шығарып, мысқыл қылып күліп тұрған, боғауыз мінезін көрген сияқты болады.

Ел ішіндегі іс осыған келіп тірелген соң, кітап тәрбиесі, ой тәрбиесімен жаңа бағыт ұстанармын деп жүрген ниетінің барлығы елді бағып кетеді. Достың бәрі жау шығып, ел болса өзін тастап, жөңкіліп кеткен соң, алдаған кісіні жазалау, кеткен елді қайта баурап алу, қайтадан алысу қажет болады. Одан соң бұл уақытта Абай тоқтаймын десе де, тоқтай алмас еді. Өйткені өз кісілерін болыс қойып жеңіп алған ел, Құнанбай балаларынан баяғыдан көрген қорлық-зорлығы болса, соның есесін алу керек, жеңгендіктің жемісін теру керек. Одан соң олардың ұғынуында Абай қайта алыспай, кек алмай қоймайды. Сондықтан оны әлсіретіп, біржолата жығып алу керек. Құнанбай баласын осы сүріндірген бетінен қайта тұрғызбай, біржолата тұқырту керек. Құнанбайдың, Абайдың өздері салған жол бар — қырда түгел жыға алмасаң, ұлыққа жағып, орыс күшімен жаныштау керек. Олай болса, үстінен арыз беріп, болыс, бидің мөрін пайдаланып қылмысты кісі қылып көрсету керек. Мұның бәрі тынымсыз алыс, тоқтаусыз

партия тартыс болмай қоймайды. Сонымен, Абайдың ендігі алысы, бір жағынан, бас қорғаудың алысы болуына тура келеді. Енді ерік өзіне тимей, тілесе де, тілемесе де алысу керек болады.

Осымен 84-85-86-жылдар түгелімен алыспен өтеді. Бірақ 80-жылдардан кейін Абай бір кісі емес, екі кісі болып бөлінді дедік. Қайтадан еріксіз келіп алысқа кірсе де, жаңағы жылдардың ішінде Абайдың ой-сезім қайраты ішіне қарай үңіліп, бірталай өлең шығарады. 84-85-жылдар “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” деген сияқты бір-екі өлеңді туғызса, 1886 жыл Абайдың нағыз ақындыққа шынымен бой беріп, көп көңіл бөле бастағанын білдіреді. Бұл жылда 16-17 өлең шығарады. Абайдың бұл күнге шейінгі баспаларында “халық туралы” деп жүрген өлеңдерінің көбі осы жылда, елден алғашқы рет қатты торыққан көңілінен шыққан сөздері болады. Сол өлеңдердің ішінде:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда, —

деген сияқты талай-талай сөздерге Күнту болыс болатын сайлаудың алыстағы сарыны сезілгендей болады. Сонымен қатар бұл өлеңдерінің барлығы өзінің шын налыған зары да сияқты. Бірақ бұл жылдарға шейін Абай өлеңді жазса да, өз атымен жазбай, ылғи Көкбай айтқан өлең деп жүргізеді. Сондықтан зарланып жатқан Көкбайды аяп кейде:

Сорлы Көкбай жылайды,
Жылайды да жырлайды,
Жыламай қайтып тұрады,
Мынау азған қу заман
Қалыбында тұрмайды.
Біреу малды ұрлайды,
Біреу басты қорлайды.
... болмаған соң,
Жылауына зорлайды, —

дейді. 82-жылдан бастап осы 85-86-жылдарда Абай Пушкин, Лермонтовтан бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды. Бірақ жоғарғы айтқан ретпен Күнту болыс болып

алған соң, Абайдың үстінен арыз-шағым ұлық кеңселеріне топырлап түсе бастайды.

Сонымен, 1885 жылы Қарамола деген жәрмеңкеде бірнеше дуан елдің, ол күндегі әдет бойынша, бас қосатын червечнай (төтенше) съезі болады. Осыған Абай да келеді. Бұл уақытта Тобықты ішінде Абайға жау болып шыққан кісілер өздеріне іштей ниеттес, тілектес болатын кісілерді басқа елдерден де тауып алған болады. Бұрын Абайдың өзге сырт елдегі достары көп болса, сол достарының қарсысында жүрген жауларының барлығы да енді Тобықты іші жіктеліп алғанда шұрқырасып келіп, оп-оңай Абайдың Тобықты ішіндегі жауларымен табысып кетіп, солардың қарасын көбейтіп, тобын молайтады.

Червечнайға жиылған топтың ішінде осы сияқты Абайға қастық ниет ойлайтын кісілердің барлығы Қарамолаға келетін жандаралдан Абайды жазалайтын қаттылықты күтеді. Абай айдалар деп те үміт қылатындар болады. Сонымен жандарал келіп, Тобықтыдағы ел кісілерін жағалай жүріп, әрқайсысымен танысып келе жатып, Абайға келгенде: “Партияшыл, ел бүлдіргіш Құнанбаев сенбісің?” — дейді. Абай: “мен” депті. Неге партия қыласың дегенде: “Жалғыз мен партия қылмаймын, дүние түгел партия, жанды, жансыз мақұлықтың барлығы да алыс-тартыспен тіршілік етеді. Дүниедегі тіршілік күрес, партия тіршілігі, әуелі өзіңіз де партия қыласыз”, — дейді.

— Сені ел неге көп жамандайды?

— Ел көп, мен жалғызбын, көп әрқашан тентек, бұзық, көппен алысқан жалғыз жаман атты болмай тұрмайды. Қай қауымды алсаңыз да, жақсысынан жаманы көп емес пе? Бірақ көп екен деп жаманның сөзін мақұлдау керек пе? — депті.

Осы сөздерден соң: “Абайды не қылар екен” деп антала-сып, асығып күтіп тұрған елдің барлығының көзінше жандарал Абайды өзіне тіккен үйге ертіп кіріп, ұзақ әңгімелесіп отырып қалады. Аздан соң шай ішіп шыққанда елге: “Съезді жақсы өткізіндер, ұрыда ақысы кеткендердің ақысын толық әперіндер, съезді жақсы өткізу үшін Абай сияқты кісіні төбе би сайландар”, — деп өзі Абайды червечнайдың төбе биі қылып қайтып кетеді.

Бұл оқиға оқушының көбіне керексіз, ұсақ мысал сияқты көрінсе де, біз Абайдың білімділігі, жүйріктігі арқасында мұнымен алысқан кісілердің әрқашан тең түсе алмай, ұлық алдына келгенде жеңіліп шығатынына мысал көрсету үшін келтірдік. Бірақ червечнай съезде осылай өтсе де, Күнту болыс болып тұрған уақытта Абаймен ұстасқан ел алысып-тартысқанда арыз, шағымнан да тыйылмаған.

Сонымен 86-жылы көрсету қатты молайып кеткендіктен, көп мөрлердің себебімен Абайды жер аудартуға да жақындайды. Осы орайда Семей қаласына Ақмола, Семей облысының корпус генерал-губернаторы келеді. Елдің арызы оның алдынан да жаңбырша жауады. Корпус бұл істерді көрген соң, Абайды жер аудартуды бекітпекші болады. Бірақ сол уақытта мұның қасында корпусстың кеңесін басқаратын Лосовский деген кісі бар екен. Бұл бұрын Семей уйезіне начальник болып, Абаймен жақын таныс болған адам. Сол араға түсіп, Абайды корпусқа жолықтырып, бетпепет сөйлестіріпті. Абай мұнымен де жаңағы жандаралмен сөйлескендей, мағлұматы барлығын көрсетіп, оқымысты кісіше еркін сөйлессе керек, дәл не сөйлескені мәлім емес. Бірақ әңгіменің артынан Абайға: “Сен ортаңнан басың асқан адам екенсің”, — депті дейді.

Осы әңгіменің артынан бұрынғы жер аударылу деген әңгіме қалады да, оның орнына қайта Күнтуды болыстықтан түсіріп, қызметті Абайдың көрсетуінше Шәкәрімге тапсыратын қылып уйезге нұсқау беріп кетеді. Бірақ Семейде болып жатқан сол сияқты өзгерісті білмей, Абай айдалатын болыпты деген дақбыртқа нанған жау жағы осы кезде Тәңірберді деген Абайдың ағасының қыстап шыққан жылқысын тиіп алған. Алумен тұрмай топты жылқыны талап әкетіп, көбін қырып алады. Бірақ осы уақытта Күнту болыстықтан түсіп қалып, “назначениемен” Шәкәрім болыс болды деген хабар келіп, елдің берекесі кетіп, қатты қазаға ұшырап қалады.

Осымен Абайды бір рет алдап, жасырын іс қылып, болыстықты Құнанбай балаларынан алып кетсе де, жау жағы тым болмаса түгелімен бір сайлау болыс бола алмай, Құнанбай балаларынан қайта жеңіліп, бұрынғы болыстықты қайтадан соларға береді. Сол соңғы аударыстан соң Абайдың

тірі шағында болыстық қайтып Құнанбай балаларынан шықпайды. Қаншалық уақыт тоқтаусыз алысып, тартысса да, өзге руларға болыстық арам астай болып кетеді.

Сонымен жеңген шығармыз деген уақыттарда толық жеңе алмай, қайтадан Абайдың айтқаны болып, атаған кісісі сайланған соң, сол 86-жылы болыстықтан түскен соң Күнту өз соңына ерген елін алып, Абаймен болыстас болғысы келмей, көрші болыс Мұқырға шығып кетеді де, Оразбай артына ерген Күшікті алып, Шыңғыс болысының екінші жағындағы Бұғылы болысына шығып кетеді.

Талай дәмелі тартыста Абайдан жеңіле беріп, әзіргі күнде жолы болмайтындарына көзі жеткен соң, бұлардың алдындағы жалғыз Шыңғыс осы сияқты болып қалады. Сонымен 87-жылы келесі сайлау болғанда, қалған Шыңғысқа Абай өзінің атағаны бойынша Оспанды болыс сайлайды. Осымен 89-жылғы сайлауда тағы да Оспан болыс болады.

Бұл жолы болыс болып алған соң, Шыңғыс ішінде тартыстасалас жоғалып, тыныштық орнауға айналады. Осы ретпен әзірше Тобықты іші де біраз тыныс алып, партиядан қажыған сияктанады.

1884 жылдан соң елдің сөзіне өз еркімен бұрынғыша еңсесін салып шаппайтын болып, таласып, тартысатын жауларының шабуылы көбейген соң, еріксіз бас қорғау мақсатымен ғана кірісетін болған Абай енді шынымен тыныштықты іздейді. Сондықтан Оспанға екі жақтағы болыстарға өкпелеп шығып кеткен ағайындармен татуласуды тапсырады. Оспан, айтқандай, барлығымен татуласып, табысып, бұрынғы шығып кеткен елді қайтадан Шыңғысқа алып келіп қосады.

Абай осы 89-жылда араздасқан елімен табысқан соң, ендігі ел жұмысын Оспанға тапсырып, өзі бірыңғай ілім іздеу жолына, ақындыққа берілмекші болып шығады. 80-жылдардан бұрын кітап оқуға кіріскен Абай елмен талай арбасып жүрсе де, кітабын тастамаған, сонымен бірге 86-жылдан кейін 89-жылға жеткенше тағы да ел жұмысымен, кітаппен қатар өз өлеңдерін де жазып отырған. Рас, 87, 88-жылдар көп өлең туғызған жоқ. Бірақ дәл 86-жылдай болмады демесек, бұрынғыға қарағанда бұл жылдар да құр өткен жоқ. Екі жылда жиыны он шақтыдай өлең жазылған.

Сонымен 89-жылға келіп, сыртқы өмірінде әлгідей тыныштық толас болған соң, мүмкін болғанша бұрынғы мақсат, арман қылған мағыналы өмірін бастап көреді. Ең алдымен бұл жылда кітапты көп оқиды. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып, қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады.

Осы жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болады. 89-жылы 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздерінің ішінде бұрынғыша елінің өзі көрген кемшілік міндерін қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімен сынап, тексеру бар. Сонымен қатар махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да бар, одан соң Пушкиннің “Онегинін” аударма жасайды.

Осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы үлкен білгіштіктің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, сөз ұғатын ынталы талапты жастардың бәрі шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына мағыналы тәрбиеші бола бастайды.

Өз өмірінде көрген істерінің барлығы жиренішті, жеміссіз болып, адамшылыққа залалды істер болғандықтан, ендігі сөз ұғатын жастарды жаңа жолмен, өзі қиял қылған адамшылыққа қарай жетектеп баулығысы келеді. Бұларға өз өмірін мінеп, басынан атқарған қата жұмыстарының барлығын жасырмай, бүркемей мойнына алып айтып отырып, ендігі жастың ол жолдан аулақ болғанын тілейді. Сондықтан өлең сөздерімен бір ақыл айтса, ауызша өсиет, ұзақ мәжілістерімен тағы да баулып, ылғи ғана таза адамшылық жолын үгіттейді. Әділдік, шыншылдық, махаббатты, бауырмалды арлылық, ойшылдық, сыншылдық сияқты адамды адам қылатын жан тәрбиесінің барлық негізін қолданады.

Әлдеқандай себептермен қалаға барып оқи алмай қалып, жастардың тәрбиесін қатты ескергендіктен, Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, бұлардың сезім тәрбиесін толтырмақ болып, сол 89-жылы музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашынның ауылына алғызады. Тағы сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды. Осымен 91-жылға шейінгі өмірі Абайдың ең мағыналы өткізген жылдары болады. 90-91-жылдарда жиырма шақты

өлең жазады. Сол уақыттарда жас шәкірт болып әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген Тұраш деген баласы мынаны айтады: “Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болды, бастығымыз Шәкәрім болып, шәкірт секілденіп сөзін тындап, медреседегі шәкірттерше: ақиқат олай емес, бұлай деп бір-бірімізбен дауласып жатушы едік.

Сол екі жылдың ішінде жоғарыда айтылған көп өлеңдермен бірге көп өлеңдеріне ән де шығарып еді. Ұстаздық қылып отырғанда біздің жүрегімізге: малқұмар, мансапқұмар адам адам емес деп егуші еді. Әрдайым сағынып көксерп, кезі келгенде қуанып қатты рақаттанатын уақытта сөзді ұғар-ау деген адамдары: іні, балалары секілді жастарға ілім сөзін сөйлеп, насихат айтып, отырған кезі болушы еді. Ондай сөзге түсіп жайылып отырғанында шаруа судай ағып бара жатса да, қаперіне алған емес. Біреу не шаруа айтып немесе ел арасындағы партияның жайын айтып, сөзін бөлсе, қатты кейіп я ашуланып қалушы еді.

Сауданың, ақшаның есебі секілді есеп әңгімесі шықса, аза бойы қаза тұрып, жеркенген кісідей болып, мазасы кетіп: “Есептерің бар болса, аулаққа барып есептесіңдер”, — деп, өзі отырған үйінен қуып жіберуші еді”, — дейді.

Осы айтылған сөздердің барлығы жалғыз Абайдың өз баласы емес, сол кездерде Абайдың тәрбиесінде болған көп адамдардың бірдей айтатын сөздері осы сияқты өмір, осындай білімді, саналы, терең ойлы кісінің мағыналы, үлгілі жолы, Абайдың барлық кейінгі өмірінде де бір алуан айнымай ұстанған жолы болады. Егер де ел ішінің бірқалыпта тұрмайтын тынышсыз, тынымсыз әдеттері осындай өмірден Абайды кей уақытта еріксіз тартып ала алмаса Абай 89-жылдан соңғы күндеріне шейін өз өмірін осы жолмен өткізбекші еді.

Бірақ ойлаған мақсат, ниеті бұл тұста түгелімен арман қылған өрісіне жете алмады. 91-жылға шейін тыныштық болып келіп, дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайта араздасып, жаңадан жамандасып жауласа бастайды. Абай басында бұл екеуін татуластырмақ болып арасына жүріп көреді, бірақ екеуі де тоқтаса алмай, жауласып кеткен соң, інісі жаққа шығады. Осы жаулық тоқтамайтын болып, ұлғайып өсіп, тағы да Шыңғыстың шегінен асып Тобықтыға жетіп, Тобықтыдан басқа сырт елдерге де жаңадан жайы-

ла бастап, 92-жылға жеткенде Оспан өледі. Бұл інісі елдің міндетінің барлығын Абайдан шығарып, өз мойнына көтеріп алған еді. Өзге туысқан ішінде Абайдың ең жақсы көрген інісі еді. Мұның өлімі Абай көрген қатты ауыр қазаның бірі болады. 92-жылғы өлеңдерінің көбінде Абай Оспанның өлімімен уланып дерттенген жүрегін көп жерде сездіреді. Бұл өлімнің өзіне арнап та көп өлең айтады.

Осы інісі өлген соң барлық жаудың азабы мен елдің әлегі түгелімен келіп Абайдың жеке басына, өз міндетіне түседі. Бұрынғы тыныштық өмір бұзылады. Екі-үш жыл болса да өзінің көптен бергі тілегі бойынша мағыналы үлгі күйге келтірген тіршілігі қайтадан асты-үстіне келіп, ескі дертке қарай тартады. Енді бұрынғысынан барлық ішкі қуат сезімімен барынша жек көріп, жиреніп алған Абай қайтадан сол қалыпқа еріксіз келген соң, тіршіліктің бұл сыбағасын ас орнына у тартқандай көреді. Бірақ қалайда болса кіріспесіне болмайды. Кірісу Абайлығына міндет болып қалған, сондықтан уақыттың бәрін жауласу жұмысы алып кетеді. Өсиетін көкसेп, мәжілісін іздеген жастарға медресе жабылғандай болады.

Тұраштың айтуынша, осыдан кейін өлеңдері де бұрынғылары сияқты тыныштықпен отырып жазылмай, ерекше тынышсыздық алыс-жұлыстың ішінде әр жерде жаза салған өлеңдер сияқты көрінеді.

Шынында осы жылдардан соң Абайдың өлеңімен қатар аудармалары көп орын ала бастайды. Жыл сайын жазатын жалпы өлең саны 10—12-нің шамасында болғанда, соның бірталайы аударма болады. Өмірінің аяқ жағына жақындаған сайын өз өлеңінен аударманың саны әлдеқайда артық бола береді. Мәселен 89-жылдан соң ең көп жазған жылы 98-жыл еді. Сондағы барлық өлеңнің саны жиырманьың ішінде болса, ішінен бесеу-алтауы-ақ өзінікі, қалғандары аударма, 92-жылғы жаулық тағы да ұзаққа кетеді. Осы тартыс бір ел емес, әлденеше елдің ішінде әлденеше түрлі жұмыстардың тұсында бола келіп, 98-жылға шейін созылады. Бұл екі арада Абай өмірінде болған үлкен өзгеріс 92-жылы Оспанның үлкен үйіндегі (бұл Құнанбайдың үлкен үйі болады) Еркежан деген келінін алады. Оспан өлгенде артында қалың дәулет пен ұш қатыны қалады. Бірақ ешбіреуінен бала болмаған. Содан

соң Оспанның үш қатынын Тәңірберді, Абай, Ысқақ сияқты үш ағасы алып, ауылдары мен мал-мүліктерін де келіндері отырған орындарға қарай, бірі артық, бірі кем қылып бөлісіп алады. Көп сыбаға үлкен келін мен Абайға тиісті болады.

Еркежаннан басқа бұрын Абайдың екі әйелі бар еді. Біреуі жоғарыда айтылған Алшынбай ауылының қызы Ділдә деген бәйбішесі. Екіншісі — тоқал алған Әйгерім деген кісі. Үшіншісі — соңғы Еркежан болады. Алғашқы әйелінен Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия деген балалары болған.

Екіншісінен үш еркек баласы болады. Мұның үлкені Тұраш, одан кейінгілері Мекайыл, Изқайыл. Абай Еркежанды алмай тұрғанда, көбінесе үлкен аулында болып, кіші әйелінің Тұраш деген баласын сол ауылда өз қасында алып жүріп, Мағауиямен бірге тәрбиелеген.

Әбдірахман Семейде уездік үшкелді бітірген соң, Түменнің “реальный училищесін” барып бітіп, содан кейін Петерборға барып, Семейде уйез болған Лосовскийдің мәслихаты бойынша “Михаиловский-артиллерийский школаға” түскен. Басында Абай “Технологический институтке” түс деп жіберген екен. Сабаққа кешігіп келіп, түсе алмайтын болған соң, жаңағы Лосовский айтқан мектепке түсіп кетіп, соны бітіріп шыққан. Әбдірахман Абайдың қатты сүйеніш көріп, үміт қылған баласының бірі болған.

Бұл жаңағы мектепті бітірумен де қанағат қылмай, енді әскерлік артиллерия академиясына түсемін деп жүргенде, костоед (құрт ауруы) науқасты болып, 1895 жылдың қаңтарында қайтыс болған. Оспанның өлімінен соң Абайды қатты күйдірген өлімнің бірі осы болады.

Бұл баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы болған еді. Соның мұратына жете алмай ерте өлгені артында қалған әкесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында “етек басты көріп” талпынған адамшылық жарығына өз басы жете алмай, барлық өмірі “сандалмамен күн кешкен” өмір болғанда, Абайдың қиялымен сағынып көксеп, асығып аңсап іздеген, мағыналы тіршілігі сол баласының тіршілігі болса керек. Шынымен көп үшін өмір сүріп, өнімді еңбек істеп, мағыналы адамшылық ұрығын шашатын жалғыз үміті сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да қатты толқынып келген көп-көп зарды шығарады. Әбіштің (Әбдірахман)

өліміне арнап айтқан өлеңдері Оспанның өліміне айтқаннан да қайғылы, зарлы, шерлі сөздер болады. Бұл өлім де осы кездегі барлық өлеңдеріне қайғы мен өкініштің қалың арманының уын жайғандай болады.

Әрине, бұл уақыттарда, қазақша айтқанда, Абайға ақындық біржолата орнаған болатын. Сыртқы өмірдің у қосып тартып жатқан сыбағасы бар, өз ішінде қалыптанып толған сыншы ақылдың елден ұзатып әкететін жалғыздығы бар, оның үстіне жанына сүйеніш санап, тіршілігін жұбаныш қылған сүйікті жандарының өлімі бар. Осының бәрі жиылған соң, елмен алысып жүрсе де, Абай өлеңді өз жүрегінің тынысы сияқты қылып алған. Сондықтан Лермонтов сияқты ақындардың өлеңдерін қазақшаға аударса, сол сөздердің құр ғана сыртқы келісімін сүйгендіктен аудармайды. Барлығын да өз жүрегіне түсінікті, өз халына жанасатын, өз қиялына дәл келетін ерекше бір жақындығы болғандықтан аударарды. Өзі шығаратын өлеңдермен қатар Лермонтовтың аудармасы ақынның өз жүрегін, толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толасы, тынысы сияқты болады.

Осындай болып қалыптанған ішкі өмірдің күй сарыны Абайдың соңғы күндеріне шейін біржолата нығайып, орнығып алған сарыны болады. Әредікте қыс болсын, жаз болсын, ел сөзінен қолы босап, үйіне келіп, аз да болса орнығып отыратын уақыт болса 89-90-жылдардағыдай тағы да тәрбиешілік, ұстаздық қылады.

Осымен Оразбаймен ұстасқан жаулық 92-жылдан бастап 1898 жылға жетеді. Бұл кезде Абайдың ел ұстарлық Ақылбай, Мағауия сияқты балалары, Кекітай, Шәкәрім сияқты немере інілері ер жетсе де Абайдың соңына ерген ел, жалпы тартыс болсын, ел ішінің келелі кеңесі, билігі болсын, үлкен червечнай съездері мен болыстық съездері болсын, барлығынан да Абайды босатпайды. Ел сөзі Абайды барлық үлкен-кіші жұмысқа басшы қылып босатпаудың үстіне, бір-екі рет болыстыққа да шығарған. Абай өмірінде екі рет назначениемен болыс болған. Бірақ бұл екі жолында да өз еліне болыс болмай, Шыңғыстың көрші болысы Қоңыркөкшеге болған. Бұл елге алғашқы болған жылы 1880 жыл, екіншісі 1893 жыл болса керек. Қоңыркөкше кейінгі заманда Қызыладыр, Мұқыр деген екі болысқа бөлінеді. Абай тұсында бұлар тұтас

болған. Бұл жерге болыс болған дәуірінен біздің қолымызда мағлұмат жоқ. Бірақ Қоңыркөкше көбінесе Абайдың дос елі болғандықтан, бұл жақта пәлендей тартыс, талас болды деген сөз естілмейді. Жалпы қызметі: бұрынғы өз еліндегі сияқты билік айту, өміршілік қылу, басшылық болғандықтан, мұнда да өзгеріс, алабөтен жаңалық болды деуге болмайды.

Жоғарыда біз Абай өмірінің сыртқы өзгерістерін ұзыннан-ұзақ санаған уақытта, көбінесе партиямен алыс, тартысты айттық. Бірақ соның барлығымен қатар Абайдың ел ішінің ең үлкен, ең іргелі биі болғанын да еске алу керек.

Қарамолада бірнеше дуан елдің бас қосқан червечнай съезіне төбе би болғаны сияқты (екінші рет тағы сол сияқты) Жетісу мен Семей облысының бас қосқан червечнай съезінде Абай тағы да екі облыстың билерінің үстінен қарайтын төбе би болған.

Мұндай жерде Абайдың білімі мен жүйріктігіне, әділ, кемел билігіне талай рет көзі жеткен ел іштей жау болып, дос болып жүрсе де Абайдың төбе басы болуына еш уақытта қарсылық көрсетпеген.

Сол червечнайларда ақылдасатын елдердің қашанғы істерін, қандайлық жол-жобамен қарау керек деген сияқты жалпы заң есепті ережелері жасалады. Осы ережелер көп билердің ортасына салынып, тексеріліп, сыналып өткен соң, қаулы болып бекіледі де, содан кейін ақылы жұмысты тергейтін третей билері түгелімен осы ережені қолданады.

Міне, осындай тәртіппен болатын червечнайлардың қайсысына барса да Абай көбінесе төбе би болып, солардың ереже атаулысының барлығын өзі жазып, көптің сынына салып өткеріп отырған. Мәселен, Көктұма съезінде Абай жазған ереже 92 статья еді деседі. Бұл ережелердің барлығы да қазақ елінің ескіден келе жатқан жол-жоба, әдет-заңына, ескі билік салтына сүйеніп, елдің өз ортасындағы ғұрпына дәлденіп жасалады. Патша үкіметі қазақ елінің ішкі өмірін білмей, жалпы әкімшілік билік жұмысын еш уақытта жөнге сала алмай, билеудің жөнін білмей қойған соң, жалғыз тапқан шарасы осы болатын. Ру-рудың ақылдасып, еселесіп, екі арасының тыныштануына келгенде бұл істеген съездерінің негізі дұрыс болатын, ел ішінің жайына келгенде шынымен дәл тапқан ақыл деуге болады. Сонымен осындай съездердің

барлығына ереже жасаушы да, төбе би болушы да Абай дедік. Мұның жазған ережелері әрқашан съезге жиылған елдің көңілдегі арманын дәл тауып, қышуын қандырғандай болып, съездің мақсат, міндетіне үнемі жанасып, аумай дәл түсетін болған, жазып әкеліп ұсынған ережелері көбінесе қапысыз болғандықтан, қосымшасыз, түзетусіз түгел өтіп отырған.

Осы тұстарда айтылған ерекшелігінен басқа, Абайдың би болуын көп-көп елдің тілейтініне тағы бір себеп, Абайдың билігі өлгенше әділ болғандығы. Қандай үлкен кісі болса да, таза тексеріп, ақтықты сүйеп, әділ сын жасап, түзу кесік айтуға келгенде Абай өз тұсындағы қазақтың қайсысынан болса да шын мағынасында сонағұрлым ірі, сонағұрлым ілгері болған.

Осы күнге шейін Абаймен өмір бойы жауласып, ұстасып өткен кісілері болса да, дәл өз алдына келген тергеуде Абай өз жағына бұрып айтты, әділетсіз билік жасады деген сөздерді айтпайды деседі.

Абайдың басынан кешірген барлық ұзақ өмірін артынан отырып болжаған кісі бірде кінәлайтын мін тауып, бірде шынымен мақтап сүйінетін, соның ішінде Абайдың үлкен ерекшелігі деп осы әділ би болғандығын еске алу керек. Басшылық, ұстаздық, сыншылық, ел түзеуіш тез болу жайында, өлең мен үгіт өсиеттерінде ұдайы айтатын тазалықты Абай осы тұста шынымен орындаған сияқты. Мұның белгісіне Абайдың сырт елдердің талай-талай үлкен дауларына билік айтуынан басқа, дәл өз елінің ортасындағы биліктерін де мысал қылуға болады. Тобықты ішінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты үлкен сөздер болғанда, Абайға келіп билік айтқызуға әрқашан жау жағы ынтық болады екен. Өзгені қойып, Құнанбай заманынан бері қарай ұдайы жаулықпен күн кешірген Жігітек те үлкен даудың тұсында дауласқан кісі Абайдың тілеуіндегі адам болмаса да, алдымен Абайға баруға өзі ұмтылады екен.

Сондай істерге билік айтқанда Абай әрқашан өзіне жақын кісілерге кесіктің ауыр салмағын көбірек салып, өзі түсінген әділдік шарты толық болсын деп, жау жағына кеңірек қарауға тырысады екен. Мінеки, осындаймен 98-жылдарға келгенше Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе ел ішіне әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған сияқты.

Әйтеуір ел бейнеті босатпайтын болған соң, тым болмаса осымен бірдеме істеп болмас па екен дегендей, мұндай жолға Абайдың түскені осы соңғы айтылған жылдарда ғана емес, бұдан көп бұрын 80-жылдардан басталу керек. Бірақ берірек келген сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіздік кірістірген уақытта көп еңбегін осы жаққа салады:

Болды да партия —
Ел іші жарылды.
Әуремін, мен тия,
Дауың мен шарыңды, —

дейді.

Бірақ 98-жылға шейінгі іс жалғыз бұл емес, Оразбайдың партиясы бір Шыңғыс, бір Тобықтымен тоқтамай, үлкен ауданға, кең майданға шығып кеткен. Абай не қылса да бұл тартыс тыйылмайды, үндемей отырайын десе, тыныштықпен отырғызбайды. Еріксіз келіп түрткі салып, соқтығып, еркі алдына қоймай майданға алып шығады.

Оразбай өз болыстарымен қанағат қылмай, көрші болыстардың барлығының сайлауына барып, Абайға қарсы болатын елдің басын құрап, сайлау басында партия, тартыс шығарады. Сонымен жауы баратын болған соң, ықтиярсыз Абай жағы да барады. Балаларын, інілерін жібергеніне бөтен елдегі достары қанағат қылмай, өзін керек қылады. Осындайдың елегімен жүріп 98-жылдың сайлауына келгенде, Абайдың үнемі арманы болып, жеміссіз еңбек істеп, мағынасыз өткізген өмірінің ең мағынасыз қорытындысы сияқты болып бір үлкен оқиға туады.

Бұл оқиға Мұқыр болысының сайлауында болған. Мұқырға сайлаушы уйез келер кезде, берісі Тобықты, әрісі барлық Семей уйезінің шеңберінде түгел партия болып, барлық болыстар қақ жарылып, жартысы Оразбай, жартысы Абай ниетінде жүреді. Оразбайдың бұл кезде байлығы асып, дәуірі Тобықты ішінде Абаймен қатар жүре бастаған уақыт болады.

Сонымен Мұқырдың сайлауы жақындаған соң, сол болыстағы Абайдың тілеулестері: “Сайлауға өзің жүрмесен болмайды. Оразбай келіп сүйген адамын болыстыққа сайлатып алып, басымызға бәле жаудырады”, — деп, Абайды еркіне қоймай, алып барады.

Абай барған соң елдігі мен достығы қас пен көздің арасында тұратын халық Абайдың төбесін көріп, мұның достары жаққа қарай ауыса бастайды. Содан соң Оразбай өз достарымен ақылдасып: “Абайдың өзіне қол тигізіп, таңба салмасақ, ел ескі әдетімен жылжи береді”, — деп, бірнеше адамды жанжал шығаруға сайлап шығарады. Бұлар уйезбен әңгімелесіп отырған Абайға келіп, айтқандай жанжал шығарып, жаудың ниетінен қаперсіз отырған Абайға жабылып кетеді.

Сонда өзіне тілеулес кісіден маңында отырған жалғыз ғана сопының Уайысы деген кісі аналар қамшы сілтей бергенде Абайдың үстіне жығылып, таяқтан Абайды қорғап, қамшының астына өзі құлайды.

Абайдың бетіне таңба түспейді. Бірақ жаулары: “Абайды ұрды”, — деген атақ алады да, барлық елге Абай сабалды деген дақбырт жайылады. Осы іс туралы Тұраштың айтқаны: “Мұқыр оқиғасының артынан ағайын-туған, ел-жұрт, дос-жары, бала-бауырлары жиналып: “Біз де пәлен етеміз, түген етеміз, өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ”, — дескенде, әкем айтты: “Барша жамандықтан жамандық туады, жақсылық тумайды, мен жасымда “қарғағанымды жер қыламын, алалағанымды зор қыламын”, — деп ашуға да, айлаға да шырақ жағып түнегендей болғанмын. Дұшпанын жеңуге келгенде жолы болған адамның біріне қосыламын. Мен алғашқы атқа мінгенде Жігітектің дәулеті де, дәурені де өзімізбен тең ел еді. Солардың қанша жандарының айдалып, байланғанына, бірінің артынан бірі барамын деп бейнетке, қазаға ұшырауына мен себеп болған шығармын. Рас, өздерінің ұрлық, зорлығынан да болған шығар. Бірақ менің қатты зерттеп, соңына түскенімнен де болды. Сол Жігітек қаншалық елдіктен кетіп, кедей болып, торғайдай тозса да, бүгін астымда жатып аяғымды шайнауға жарады. Бұл — жаманшылықтан туған жаманшылық деп біліңдер. “Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ”, — деген сөз дұрыс емес. Мен бұ бітімсіздікті қостамаймын деп елді тоқтатты”, — дейді.

Бұл сөзге тыңнан сөз қосудың қажеті жоқ. Бұл уақытқа шейін ел ісін бұрынғы әдетпен еріксіз істеп жүрсе де, іштей сол істері үшін у ішкендей қиналып, азап шегіп жүрген Абай мынау оқиғаны өз басына лайықты жаза деп біледі.

Жауында әділдік, ақтық қасиет бар деп ойламаса да, өз өмірі мен өз ісінің терістігіне осы сияқты соққы орынсыз емес деп ұғады. Бұл уақыттағы Абай елден азайып, қайраттан кеміп, мол дүниеден тапшылық көрген жоқ-ты. Өзі өлгенше мұндайдың бірде-бірі болған жоқ. Сондықтан Оразбай істеген іске бұрынғыдай ой түспеген ашулы күні болса, он есе артық іспен, жазамен қарсылық көрсету 98-жылда да қолынан келуші еді. Бірақ өзі көрген өмірдің жақсылық, жаманшылық дегенінің барлығына Оразбай сияқты әншейін қазақтан сонауғрлым бөтен көзбен қарап, білгіш кісінің сыншылдық, салқындық, сабырлылығымен ұғатын болғандықтан, Абай жаңағы оқиғаны бұл күнге шейін ел жақсысы, ру басшысы болып келген Абайдың саяси өлімі болсын деп, іштей әдейі ырза болып қабыл алған сияқты. 80-жылдардан бастап екі кісі болып бөлінген Абайдың сыртқа көрсетіп жүрген тонын осымен өртегісі келеді.

Абайдың өзі сүйген ішкі дүниесіне үнемі жау болып келген сыртқы көрініс, сыртқы тіршілікті осы қазамен бірге жоқ болып, өлсе екен дейді. 98-жылы өзі айтқан өлеңдерінің көбі осы сөздерге ашық дәлел. Одан соң сәл тұстағы барлық ісі мен мінезі де осы айтқан сөзді дәлелдейді. Өйткені 98-99-жылдың қысында Оразбай Меккеге жүрмек болып, Абайдан ырзалық алып, ырзаласып кетемін дегенде, қазақша жол-жоба демей бас қосып, ырзалығын беріп, қош айтысады.

Одан соң 99-жылдың жазында землемер болыс-болыстың арасына меже салып, шек жүргізгенде, бұрын Мұқыр болысына Абаймен араздасып шығып кеткен және 98-жылғы жанжалдың кіндік енесі болған Жігітек жер қоныс ыңғайы бойынша Шыңғысқа қарап қалады. Бұл оқиға болғанда Жігітек Тұраштың айтуынша: “Ашулы арыстанның алдында қол-аяғын байлап тастаған адамның ойын ойлады. Бірақ әкем сол араз ағайынның бар басты адамдарын, ақ сақал, қара сақалын шақырып алып: “Қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды деген. Енді бұрынғы араздық, кекті тастайық”, — деп, шын жүрегін көрсетіп, қойнын ашып жібергенде, Жігітек те бұрынғы жаулықты соншалық ұмытты. Содан кейін әкем барда сөзі мен басын сыйлап, өлген соң

аруағын сыйлап, достығын көрсеткен елінің алды осы Жігітек болды”, — дейді.

98-жыл оқиғасының тұсында бұрынғыдай ашуланбай, ашуланғысы келмей, өзінің де қатты өзгеруінің тағы бір белгісі — Абай бұл жұмысты ұлықтарға шақпаған. Бұрынғы замандағыдай заң-закон арқылы кек алуды да іздемеген. Және 98-99-жылдың қысынан кейін Семейге біржолата бармайтын болған. Жаңағы жылдарда бұрынғыдан біржолата тыйылғанына өмірден біржолата суынып, қажы бастағаны да себеп болған. Алды үміт, арты өкініш өмірден енді түңілген сияқты.

Демі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды қу өмірдің,
Татуды араз, жақынды жат қыларға? —

депті. Осы жылдарда Абай өлімді де ойлай бастайды. Сондықтан өзі кешірген ерекше дертті, мағынасыз өмірдің барлық қайғысын, өкінішін еске алып отырып, — қазақ әдебиетінде мәңгілікке ұмытылмайтын Абайды айтсақ, Абайдың ақындығы мен өмірін есіне ала бастасақ, еріксіз келіп аузыңа түсетін, Абайдың қайғылы жүзін көрсететін атақты “Өлсем орным қара жерді” жазады.

98-жылы осы өлең жазылған соң ғана өзінің бұдан бұрын жазған барлық өлеңдерін жиналсын деген. Бізге бұл жұмыс қаншалық ғажап көрінсе де, осы 98-жылға шейін Абайдың өлеңдері жиналмаған болатын да, Абай өзі бір жазып тастаған өлеңін қайтадан жоқтап, “Пәлені-түгені бар еді” деп еске алған да емес. Әрқашан кейде кітап оқып отырғанда, кейде жай бір ойлармен қозғалып отырғанда, қолына бір парақ қағаз бен қарындашты алып, айтпақ өлеңін жазып тастайды.

Соны қасында отырған балалары, інілері я жай бір адамдары болса да қалтасына салып алып, жүріп кетеді, содан бірден біреу жазып алып жаттайды, кейбірін әнге қосып, домбырамен айтып жүреді.

Өлең жазу қызметі осы сияқты болғандықтан, қазірде біздің қолымызға Абайдың өз қолымен жазған сөздің бірдебірі де жетпей отыр. Барлығы да ел жігіттерінің қалтасында, қойны-қонышында жүріп таусылып, жоғалып біткен. Осы

ретіне қарағанда: “Абай жазған талай өлең ешкімге мәлімсіз болып, бір жолата жарық дүние көрмей, шығысымен жоқ болып кетпеді ме екен?” — деген де күдік келеді.

Өйткені, жасынан туыстан бойына біткен әдет бойынша: Абай біреудің орасан мінезін көргенде ылғи қалжың, мысқыл өлең айтқыш болатын. Осындай сөздерінде әрқашан өз жанында жүрген жақындарын, көрші-қолаңшыларын, ағайын-туысқандарын мазақ етіп, күліп айтады. Кейде соларға қалжың қылып жазып, өз қолдарына да береді. Осы кісілердің көбі қолына өлең түсісімен, өз мінін айтқан сөздердің көзін жоғалтуға тырысқан. Онан соң кейбіреулер Абайдың өзінен жалынып, жалпайып сұрап алып та жыртып тастайтын болған.

Мысалы, Көкбайға, қыздарға шығарды деген өлеңдер осындай күйге ұшыраған. Онан соң тағы бір алуан өлеңдерінде жақын туысқан, жақын достарын қатты мінеп айтқандықтан, інілері мен балалары ана кісілер өкпелер деп, жасырып, жоғалтып жібергені де бар сияқты. Осындай өлеңдердің тұрасында еске алатын бір нәрсе: Абай кісі мінін айтып өлең шығарғыш болғанда, осы құралды еш уақытта нағыз жауына қарсы жұмсамаған, өлеңмен мысқыл қылатыны ылғи өз жақыны, өз достары болады. Сондықтан бұлардың Абай сөзін жоқ қылып жіберуі өзгеден сонауғұрлым оңай болған. Қайта өлеңдеріне қарағанда, Абайдың қара сөздері көбірек, түгелірек сақталған сияқты.

90-жылдардан бастап ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң, Абай өлеңді аз жазса да, қара сөзбен айтатын өсиетті көп жазатын болған. Осы кітапта оқушының алдына алғаш рет ұсынылып отырған “Қара сөз” деген өсиеттері сол 90-жыл мен 98-жылдардың арасында жазылған. 91-жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қара сөз үгітіне айналдырып жіберген, қай уақытта бірталай өлеңдерін сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып өлең қылып кеткені де бар.

Қалай да болса, Абай өмірінің соңғы 10—15 жылы ақындық, жазушылық қызметіне келгенде, осы сияқты бір түрді тауып, соған кейде өлеңнен де көп уақыт бөледі. Абай сөзін қадірлі көріп, әрбір шыққан жаңа өлеңдеріне ынтық болып отыратын ел оқушылары қара сөздер шыға бастаған соң, мұны өлеңнен кем көрмейтін болып алған.

Қайта берірек келгенде, біздің бала күнімізде, Тобықты ішіндегі ел кісілерінің барлығы да Абай сөздерін молдаларына ақша беріп жазғызып, көшіртіп алып жүргенде ең алдымен қара сөзді тілейтін, үйде отырып оқығанда да өлеңін қойып, ылғи ғана қара сөзін оқып, соған көп нашаланатын үлкендерді бала күнімде менің өзім де көп көрдім.

Қара сөздер кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен маңайындағы молдалардың қолына түсіп, соларда шашылмай аман сақталып қалған ғой деймін.

Өз өлеңдерін 98-жылға шейін жиғысы келмегені: Абайдың өлең сөзге өте үлкен сынмен қарап, үлкен шарттар қойғандығынан болған сияқты. Өлең болса Лермонтов, Пушкин сөзіндей болмаса, одан берідегі сөздерді, өз сөзі болса да, толық қанағат қылмаған көрінеді.

Абайдың әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ. Жалғыз ғана “Сегіз аяқ” деген өлеңнің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деген сөз бар. Басқа жалпы өлеңдері туралы: “Қайта жазсам, бұдан жақсырақ, толығырақ болар еді”, — деп ғана айтады екен. Өлең сөзге келгенде, азға місе қылмай қатты сынайтын Абай өз сөздеріне толық қанағат қылмаумен қатар, маңында өлең жазатын жастарға да сондай мінез істеген. Тегінде, Абайдың өсиет, үгіттері, білімді, мағыналы кеңестері Абайдың маңына өз тұсындағы талапты жастардың талайын жиғандықтан солардың ішінде жалпы адамшылық, ақиқат деген жайларды көп ойлап, көп сөйлейтін жастармен қатар, бірталайының ақын болғысы да келген.

Ақын болмақ болып, талаптанып өлең шығарып көруге Абайдың іні, балалары барлығы да ұмтылған. Бұл жағына келгенде Абайдың алды: бір жағынан “әдебиет мектебі” сияқты да болады.

Сол ретпен өлең шығаратын Көкбай, Шәкәрім, Абайдың өз балаларынан Ақылбай, Мағауия болады. Бұлардың бәрі де қысқа өлең, өсиет өлең айту Абайдың жол, дағдысы болғандықтан, өздеріне бөлек бет іздеген сияқты. Сондықтан төртеуі де ұзақ әңгімелі өлең жазады. Сонда Көкбай, Шәкәрім қазақ елінің ескі өмірінен — тарихи оқиғаларды жазса, Ақылбай, Мағауия Еуропа ақындарының салтымен Кавказды, Зұлысты, Африканы өлең қылып, махаббатты жырлайтын

сезімді поэма (романтическая поэманың) үлгісін ұстағысы келеді.

Әрине, қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзіне шығып, сол күнде оқушы тауып отырарлық жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан үлкен әдебиет ағымын көрсеткен болар еді.

Абай бұл жастардың өлең жазуын қабылдаған. Кейбіріне (мәселен Көкбайға) Абылай ханды, Кенесарыны өлең қыл деп, өзі тақырып та беріп отырған. Бірақ бұлардың өлеңдеріне де жалпы өлеңге қоятын қатты сынын түгел қояды. Сондықтан сөздерін, ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселен, Көкбай, Әріп, Шәкәрім үшеуінің үш түрлі өлеңдерін еске алып:

Хат жаздым Әзірет Әлі айдаһарсыз,
Бізде жоқ алтын иек сары ала қыз.
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз, —

дейді. Алғашқы жолдағы “Әзірет Әлі айдаһарды” Көкбайдың қисса жазғыш болғандығынан айтты. “Алтын иек сары ала қыз” деп Сыбан Әріп деген ақын “Зияда” деген қиссасында сұлу қызды сипаттаймын деп, иегі алтын, көзі гауһар деп мақтауын асырып, түсіне қарамай асыл тастарды санай берсе керек. Соған айтылған. Соңғы екі ауыз кәрілікті жамандап айтқан Шәкәрім өлеңіне арналған.

Осы сөздер ақындардың барлығына да ауыр тиген шығар. Бірақ іштерінде, әсіресе Әріп қатты намыс қылып кектеніп, Абайдан есесін қайырмақ болып, “Біржан — Сараның айтысын” шығарған.

Сонда Сара айтты қылып, Абайдағы кегін шынымен-ақ алғандай болады. Біржан — Сара Әріпке әншейін ойдан шығарған геройлар есепті ғана керек. Сондықтан Біржанның арғын емес, керей екенін де ескермеген. Мүмкін ол кезде Біржанның руын білмеген де шығар.

Қалай да болса, осы айтылған мысалдар өлеңші боламын деген жастардың сөзіне Абайдың қатты сынмен қарап, үлкен шарт қоятыны анық екенін көрсетеді. Сондықтан өз балалары да өлеңді жазарын жазса да, әкесіне көрсетуге именіңкіреп жүретін болса керек.

Абай сөздері көбейіп жайыла бастаған соң, Тобықты іші болсын, басқа көрші елдер болсын, барлығы да Абай өлеңдерінің ұдайы оқушысы болады. Бірақ бұларға ол сөздерді жеткізетін кітап пен жазу емес, ылғи ғана домбырашы жігіт болған. Сондықтан Абай өлеңдерінің тыңдаушысы мен жақтаушылары арнаулы аз адамдар ғана болмай, жалпак ел болғанға ұқсайды.

Өлең айтып, ән саламын деген әнші, ақын болса, қыз-келіншек, жас-кәрі болса, барлығының да топта, ойын-тойда айтатын өлең жинағының көбі Абай сөздері, Абай өлеңдері болады. Мінеки, Абайдың сыртқы өмірінің түрлері жоғарыда айтылғандай қаншалық ерекше болса, ақындық, жазушылық жолындағы қызметінің тағдыры да сол сияқты елден ерекше күйлерде болған. Ақындық жолындағы қызметімен, сол қызметінің жарыққа шығып жайылу ретіне қарағанда Абайдың бойына біткен ірі қуатының өзі де сол қуаттың барлық асыл қасиетіне лайықты күтімді көре алмаған.

Барлық сөзі өзінің мұңды, шерлі жүрегінен шынымен қайнап шыққан жалғыздық зары болса да, сол сөздерді жинап, тізіп, сақтап, сыртқы тағдырын ескеруге келгенде, Абай біржолата салқын қараған сияқты. 98-жылға шейін күтпей, ескермей, қалай болса солай жібере салады да, ескірген уақытында да өзі жиып түземей, балаларына жиналсын деп ғана тапсырумен тоқтайды.

98-жылдан соң келесі 99-жылда Абай өлеңді едәуір көп жазады да, осы жылдан соң, алғашқы жаза бастаған 80-жылдары сияқты өлең сандары тағы азая бастайды. Көп жазылған жылы 4-5, әйтпесе екі-үш өлеңмен 1903 жылға келеді де, содан кейін біржолата өлең жазылмай қалады.

1903 жыл мен 1904 жылдың қысында Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көрген Мағауия бұрын көптен әлсіретіп жүрген құрт ауруымен төсек тартып жатып алады. Мағауия Абайдың барлық баласының ең жақсы, ең ірісі екенін, жалғыз әкесі емес, барлық Тобықтының елі де ұғып, біле бастаған еді. Бұл ақындығының үстіне барлық елге түгел жаққан, ерекше мінезді кісі болған. Адамшылығына өле-өлгенше кір жұққызбай өте таза болып, кең мінезді, ерекше рақымды, өте сезімді, білімді, тәрбиелі адам болған. Жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық тәрбие ала

алмаса да, әкесінің шын жақсылап, тәрбиелеп шығарған баласы осы болады. Елде отырып Еуропа тәрбиесін алған адамдай, ақыл-мінез, адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің қалыбында болған. Бұл да әкесі сияктанып қырда отырып көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алып қалған.

Осымен қатар ел жұмысына кірісіп, әкесінің міндетін өз мойнына алғанда, бойындағы таза адамшылық, ерекше рақымды, жылы жүрекпен ел көпшілігіне әкесінен көп сүйікті болған сияқты. Сол Мағауия 1903—1904 жылы қыс бойы төсек тартып жатып ауырып келіп, жазғытұрым 35 жасында қайтыс болған.

Абайдың өзі бұл өлімнен бұрын да өмірден қажып, талып, ендігі тіршілігіне ешкімге керексіз артық нәрседей қарай бастаған еді. Өз сынынша ажарсыз, мағынасыз өткен дәурені ендігі күннің үміт тілегінен біржолата у ішіп түңіліп болған еді. Өмір тойдырып болып, енді барлық мағынасынан айырылып, ақыл мен сезімін жалғыздық дертімен құлазытып, тоңдырып, тоздыруға айналып еді. Соның барлығының үстіне Мағауия өлген соң, Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырады. Ешкіммен сөйлеспейді де, еш нәрсемен өзін жұбатпайды. Ауруын ешкімге көрсетіп емдетпейді де, мұның бәрін керексіз деп біледі. Сонымен Мағауия өлімінен кейін 40 күн отырып, 23 маусымда 1904 жылы жаралы ақын жарасы мен өмірде татқан уларын өз ішіне жиып, өзімен бірге алып, 60 жасында дүниеден көшеді.

Бұл сөздің ішінде біз Абайдың жай өмірдегі аңшылдық, бәйге атшылдық, мырзалық, әңгімешілік сияқты мінездері мен ұсақ әдеттерінің ешқайсысын да жазбадық. Сонымен бізге көп өлеңдері мен әсіресе қара сөздерінде, барлық үгіт, өсиет, ұстаздық сөздерінде көп кездесетін Абайдың діні туралы да еш нәрсе айтпадық. Бұл жайлармен танысамын деген оқушыға осы кітаптағы Абай туралы Көкбай ақсақал мен Тұраштың айтқан “Естегісін” оқуға нұсқаймыз. Жаңағы жайлардың барлығына да сол сөздерде орын толық берілгендіктен, мына мақала сияқты әзірше қысқа айтылып отырған Абайдың өмірбаянында тағы орын беруді артық көрдік. Оның орнына бұл мақалада Абай өмірінің әрбір үлкен дәуірлері мен ой-сезімінен үлкен әсер етіп, бет бағытын билеген асу-асу белдеріне көбірек көз салып, көп уақыт бөлуді қажет деп білдік.

АБАЙ ТУРАЛЫ КӨКБАЙ АҚСАҚАЛ МЕН БАЛАСЫ
ТҰРАҒҰЛДЫҢ ЕСТЕГІЛЕРІ

Бұл сөздегі Көкбай ақсақалдың естегісін 1924 жылы Семей қаласында Абайдың өліміне 20 жыл толғанына арнап, қазақ оқығандары жасаған ескерткіш кеште Көкеңнің ауызша айтқан сөздерінен жазып алып едім. Одан соң сондағы сөзге қосылған аз ғана мағлұматтар болса, сол жылы Көкбай ақсақалмен жәй әңгімелескен мәжілістерде алынған. Көкең Абаймен 1880 жылдардан бастап, 25 жылдай жолдас болған. Сондықтан бұл кісінің әрі аға, әрі жолдас-дос болған жақыны Абай туралы білген мағлұматтары көп болса керек еді. Бірақ сол 1924 жылы Көкеңнің саушылығы азайып, үлкен ауыр науқасты болды. Ауруынан “Емделсем жазылар ма екем” деген үмітпен Том, Мәскеу, Ленинград сияқты қалалардың бірінен қайтып, біріне барып, қыс бойғы уақытын жүріспен алып, орнығып отыра алмады.

Сондықтан Абай кешінде “Естегіні айт” деп, өзі білген жайларын көп алдына сөйлеп берудің міндетін айтқан уақытымызда да, өзімен жеке әңгімелескенде де, көңілінде алаң көп болғандықтан, Көкең өзі білген жайларының барлығын толық қылып түгендеп шыға алмады. Сонан соң 1925 жылы жазғы салымында науқасы ауырлап елге қайтты, кетерінде: “Үйге барған соң шамам келсе, Абайдың жайын толық қылып жазармын” деп еді, елге барған соң ол уәдесіне жете алмады. Өйткені науқасы жеңіп әкетіп, мұршасын келтірмепті.

Сол жылдың күзінде Көкең дүние салды да, мен қыстыгүні есіткен аз мағлұматтардан басқаны жия алмаған қалпымда қалдым.

Бірақ аз да болса Көкең марқұмның айтқан естегісінің бәрі де оқушыға қызықты болар деп сенемін.

Сондықтан мүмкін болғанынша сол кісінің аузынан есіткен сөздерімнің өз қалпынша түгел тізіп, айтып көрмекшімін.

Бұл сөздің ішіне Көкеңнің естегісінен басқа Тұраштың естегісін де кірістірмекші болдық. Бұ да Көкеңнің сөздері сияқты керектігі зор мағлұмат деп санаймыз. Өйткені, Абайдың бүгінгі көзі тірі қалған іні-балаларының ішінде, ақын туралы осы кісіден артық мағлұмат берерлік ешқайсысы

да жоқ. Тұраш 1889 жылдан бастап үнемі әкесінің қолында тәрбиеленгендіктен, ақынның әрбір өлеңі қай кезде, кімге арналып жазылғаны, не себептен туғаны туралы, онан соң өзі ес білгеннен бері қарай әкесінің басынан қандай халдер өтіп, қандай мінез, қандай әдет дағдылары болғандығы туралы өзге жұрттың бәрінен артық, бәрінен толық мағлұмат берді.

Әкесі турасындағы естегісін Тұраш бөлек сөз қылып жазып беріп еді. Бірақ ондағы үлкен мағлұматтарының барлығын Абайдың өмірбаянын айтқанда, керекті жеріне кірістіріп, түгел пайдаландық. Содан қалған сөздер болса, ұсақ мағлұматтар болғандықтан, бөлек сөз қылып басудан да осы Көкеңнің естегісімен бірге қосуды лайық көрдім.

АБАЙ ЖАЙЫНДАҒЫ КӨКБАЙ ӘҢГІМЕСІ

Көкбай Абаймен ең алғашқы рет жақындасып кетуім ел ортасында болған бір съездің үстінде басталды дейді. Ел ішінің ақы алысып, ақы берісіп жатқан съезі еді. Мұны өткізуге Семейден Лосовский деген уйез келіп еді. Сол бір ісімді жақтырмай мені ел кісілерінің ортасында тұрғанымда, стражник ортасында тұрғанымда, стражниктерін (атарман) жіберіп, жазаламақшы болды. Әлгілер ерікке қоймай әкетіп бара жатқан соң, қасымда еріп жүретін өлеңші жігіттерім бар еді, солардың біреуінен Абайға бір ауыз өлеңмен сәлем айтып жібердім. Ол кезде ән салып, өлең айтатұғым, қасымдағы жолдастарым да сондайды әдет қылатын.

Уйезге әкелген соң Абай да келді де “жазығы не?” деп, істің жөнін сұрады. Содан кейін Лосовский: “Бұған біреу басшылық етіп, тәрбиесіне алмаса, мына елдің ортасында арызқой, пәлекұмар болып бұзылғалы жүрген адам, сен тәрбиеге алып, міндетті болып түзетемін десең, берем. Әйтпесе жазаға ұшырайтын ісі бар”, — деді.

Абай маған кепіл болып алып шықты, осыдан кейін Абайдың жолдасы болдым. Жолдастығым 25 жылға созылды. Жаңағы оқиға 1880 жылдардың шамасында болып еді. Содан кейін қыс болсын, жаз болсын Абай ел араласа қасында жүріп, ауылына келсе, үйінде бірге жатып, айырылыспайтын болдық. Абайдың қасында ай жүріп, ай жарым жүріп келіп,

бір әредік толас болғанда ғана өз үйіме бір жұма, көп болса он күнге рұқсат алып келіп, артынан қайта барамын.

1880 жылдан бастап, 1886 жылдарға шейін Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақыттағы сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда “Дала уалаяты” мен “Серке” газеті шыққанда, бірер өлеңін тағы да менің атыммен жіберді. “Сорлы Көкбай жылайды да жырлайды” дегенді мен қылып қойып, өзін айтып еді.

Осы хал 86-жылға шейін келді де, сол жылдың жазында ел жайлауға шықты. Абай ауылының ең өрістеп барып, орнықпақ болған жайлауы “Бақанас” өзенінің бойы еді. Көш жүріп кетті, біз Абаймен бірге бірнеше кісі болып артынан келдік. Осы жылы Абай ауылында доктор Долгополов та қонақ еді. Ауыл Бақанастың бойындағы Көпбейіт деген жерге қонып жатыр екен.

Абай қонып жатқан ауылды көріп, осы суретті өлең қыл деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен үй тігіліп болып бәріміз жайланған соң Абайға келіп едім: “Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой”, — деді (Көкше — Көкбайдың руы).

Мен: “Асса, басында мен қолқаланып алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып қайта аларсыз”, — деп қалжыңдадым, сөйтсем сол күні “Жаздыкүн шілде болғанданы” жазған екен. Оқып берді.

Өзі жазған сөзіне ең алғашқы рет аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Менің қалжыңыма орай қылып: “Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын”, — деді.

“Жаз” өлеңіндегі Абайдың ауылы — өз ауылы, Абайдың астындағы аяңшылы Абайдың Әбдірақметтен алған аяңшыл күрең төбел аты. Айқайшы шалы сол жылы өз ауылымен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Құс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары Ақылбай, Әбдірахман болатын.

Осыдан кейін өлеңді жиі жаза бастады. Тегінде өлеңді көп жазатын уақыты қыстыгүні мен жазға салым болатын. Кейін 89-90-жылдарда тыныштық алып отырғанда, барлық әндерін де бір-ақ қыста, жазға салым шығарды.

Өзі біреуге ұзақ әңгіме, ұзақ жыр сияқты нәрселерді айтқызғанда еш уақытта басқа бөтен нәрселерге аумай, таза көңілмен, үлкен ықыласпен тыңдайтын. Және әрқашан сондайды тыңдап болған соң мағынасы мен жөнін ұғындырып, сын айтатын, сол ретпен “Ақбала-Боздақты” айтқанымызда, осы жырдың ішіндегі бір-ақ ауыз өлеңін жақсы көрді де: “мынаны шығарған кісі ақын” деді. Тегінде өлең ішінде бірер ауыз дәмді сөзі табылса, сол үшін қатты ырза болып қалушы еді. Жаңағы өлеңде: Ақбала мен Боздақ тау аралап келе жатса, алдарынан шағылысып жүрген құр, үйгіп жүрген екі түлкі кездесіпті. Сонда Боздақ Ақбалаға:

“Бір қораз бір мекиен талда ойнайды,
Адам түгіл хайуан мал да ойнайды.
Құдайым бір нәрсеге бастап жүрме,
Алдымыздан кез келген аң да ойнайды...” —

депті. Абай “осы сөзінен айтушының ақындығы білінеді” деп санады.

Әрқашан Абай ақындық туралы сөйлегенде: “Ол қуат табиғат сыйы, құдай сыйы деп құрметпен сөйлейтін. Ақындық шабыты шын келгенде адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде адам жай, жабайы адам болмайды”, — дейтін. Осы сөзінің шындығы бәріміздің көзімізше, ел ішінің бір ақынының тұсында ақталғандай болды.

85-жылдың шамасында Қарамолада болатын червечнайға Абаймен бірге көп кісі болып келе жаттық. Ішімізде Байкөкше деген ақын да бар еді. Бір мезгілде Байкөкшенің өңіне Абайдың көзі түсті де: “Мына кәрінің жыны ұстап келе жатыр екен”, — дейді. Айтқанындай сол арада Байкөкше Абайға түнде көрген түсін айтып, ұзақ өлеңді шұбатып жөнелді. Түсінде Абайдың бірталай қиындық, қауыптан өтіп мұратына қолы жеткенін көрген екен. Соны айтумен бірге өзінің жоруында өлеңге қосып, Қарамоладан жолы болып, қастық қылмақ кісілерді жеңіп қайтатынын айтты.

Абай ел ортасында өлең шығарып жүретін, ақынмын деген жігіттердің кейбіреулеріне кездескенде, солардың өз жандарынан шығарған өлеңдерін айтқызып тыңдайтын уақыттары да болушы еді. Бірақ ол ақындар өзіне өлең шығарып айтсын,

басқаны өлең қылсын, сөздерін жай тыңдағаны болмаса, өлеңдеріне орай өлең айтып, айтысқа кіріспейтін. Өзім білгенде мұндай іс бір-ақ рет болды.

Ел ішінің тағы бір съезі болып, Семейдің оязы келгенде, соған тілмаш болып Сыбан Әріп келді. Әріп екеуміз құрбы болатынбыз. Кездескен жерде әрқашан бірер ауыз өлеңмен жанасып қалатынбыз. Съез болып жатқанда менің бір ақы сұраған арызым болып, соның тез қарауын тапсырамын деп Әріпке:

Найманша, ажырайма кеуіп-ісіп,
Ежелден арғын аға, найман кішік.
Төбеңмен жүр, тез бітір қызметіңді,
Күнде бүйтіп мәлимен ісім түсіп, —

дегенімде. Ол:

Асықпа, бітіремін қызметіңді,
Тапсырған құрбылықпен міндетіңді.
Арғынға Көкше сенен Қызай жақын,
Ата кумай түзей бер өз бетіңді, —

деді. Мен мұның орайына:

Көкше атам — Тобықтының бел баласы,
Бөтен деген білместің бос таласы.
Нарымбайды Тәшкендік сарт дейді ғой,
Сол сияқты казактың бір жаласы, —

дедім (Нарымбай — Әріптердің аталары болса керек).

Әріп:

Тіпті Тобықты арғын емес, Көкше тұрсын,
Ата қуып қайтесің өзің жүрсің.
Құдай ақы теңдесім Алтай-қарпық,
Құр көңілді көтерген кеуден құрсын, —

деді. Біз осылай сөйлесіп жатқанда, өзіміздің елдің біреулері Абайға барып: Әріп пен Көкбай айтысып жатыр депті. Сонан соң біреу келіп екеумізді де Абай шақырады деді, мен мынаны айттым дедім. Абай тыңдады да, әлгі даудың орайына:

Ақсопы дүниеден ұлсыз өткен,
Енетен жалшысынан бала біткен.
Өкіреш Найман ұл болмаған соң,
Атасыз да Найман көп, деп ап кеткен, —

деді.

Өлең айтқыш жігіттердің сөздерінде нәр жұғын болса, дәмді сөзін көріп ырза болса, ондайлардың өлеңді көбірек айтқанын тілейтін. Кейбіреулеріне өлең қыларлық теманы да беретін сияқты еді.

Бір жылы менің өзіме: “Абылай хан мен Кенесарының қазаққа істеген еңбектерін ұзақ әңгіме қылып айтып беріп, осыны өлең қыл”, — деді. “Абылай да, Кенесары да қазақтың мақтан қылатын ерлері. Бұлардың еңбегі де айта қалғандай, ұмытпастық еңбек. Сондықтан бастарынан кешкен дәуренді жақсы сөзбен жыр қылып, ел ортасына жаю жақсы өлеңшінің міндегі, сен үйіңе барып орнығып отырып осыны өлең қылып кел”, — деді.

Содан кейін үйге келіп отырысымен өлең қылуға кірісіп, күндіз-түні тыным алмай жаздым да, 5-6 күнде бітіріп, Абайға қарай қайта жүрдім. Абай бұл уақытта үлкен ауылынан бауырдағы ауылына, тоқалынікіне барып, сонда жатыр екен. Кіші ауылы “Аралтөбе” деген жерде, үлкен ауылынан 25 шақырым жерде, біздің ауылдан 70 шақырымдай жерде еді.

Осы жолға қасымдағы атшымен қыстыгүнгі аязда салт атпен келе жатып, жазған өлеңімді ойлап көрсем, жатқа айтуға бірде-бірі есімде қалмапты. Абайдың барысымен айт дейтіні мәлім. Сондықтан жол жүріп келе жатып, өз өлеңімді өзім жаттауға кірістім. Күн суық, қағазды екі жеңіммен ұстап, атымның басын жолдасыма жетектетіп қойып, жол бойы жаттадым.

Сонымен кеш болып, ел орынға отыратын кезде кіші ауылға жетіп, Абай отырған үйге сәлем беріп кіріп келдім. Үйде кісі көп екен. Алдарына кешкі шайды жаңа алған екен. Кірген жерімде сәлемімді алмастан: “Абылай келді ме?” — деді.

Тегінде сол 25 жыл жолдас болған уақытымда, анда-санда қасынан кетіп, қайта келгенімде: сәлем алып, мал-жаның аман ба? деп амандасып көрген емес. Ылғи ғана жаңа көрісіп шыққан кісідей іліп ала әңгімеге кірісетін, бұл жолы да соны істеді.

Мен сұрағына “келді” деп едім, олай болса “айт” деді. Сонан соң барлық киімімді шешінбестен отыра қалып, айта бастадым. Өлеңді алғашқы айта бастағанымда тымағымның бауын да шешкен жоқ едім. Тегінде “шешінейін, жайланайын” деген сөз Абайдың нашасын кетіріп, ықыласын қайтарып

тастайды. Сондықтан өлеңді айта отырып, тымағымды шешіп бір алып қойып, таға бір әредікте белдігімді тастап, одан өлеңнің желісін үзбей отырып сыртқы киімімді тастап, жүгімнен бірте-бірте барып қана босандым.

Абайдың өмір бойғы әдеті осындай еді. Біреу өзіне келсе келген жерден “жұмысың не” деп сұрайды да, сол арада шаруасын бітіріп, содан кейін өзінің әңгімесіне көшеді. Алғаш сұраған жерде шапшаң айтып жіберген кісі болса, ырза болып қалады. Басында айтпай, артынан “пәленім бар еді” дегенге ашуланып қалатын. Кейде “бағана неге айтпадың” деп ұрсып, тындамай да қоятын (Абайдың бұл әдетін Тұраш та айтады).

Сол әдеті мәлім болғандықтан, өлеңді әнге салып айтсам да шаршаған, талғанымды білдірмей, желісін үзбей айтып отырдым. Қағазыма да қарағаным жоқ, ылғи жатқа айттым.

Алдарына келген шай ішілмей қалды. Алғашқы самаурын суып кетіп, оны алып барып екінші рет қойып, тағы әкелді. О да суып қалды. Абай да, басқа ешкім де ішкен жоқ. Сонымен үшінші самауыр келгенде, Абылай мен Кенесары жорығын аяқтатып болып, енді Наурызбайға қарай көшіп едім. Бұған келгенде: “Енеңді ұрайын жаман ұры, ханның бағын да осылай алып еді. Енді шайынды іш” — деп, Наурызбайдың жайын бұл арада тындағысы келмеді.

Шай ішіп, жайлануға содан соң ғана мұршам келді. Осы өлеңдердің ішінде Наурызбайға Меркенің бегі берген Ақауыз аттың тұлғасын сипаттап едім, ол атты менің сөзіммен сынады да: “мұның шыға шауып жайылып қалатын ат болыпты” деп, сол күндерде Ақауыз атты жазамын деп “Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ” деген белгілі ат сынын айтқан өлеңі шығады. Басында мұны Ақауыз аттың сипаты деп айтқан соң, мен: “Абылай жырына кіргізейін бе”, — деп сұрап едім: “Бұл шіркіннің өзі де мес болып кетті ғой”, — деп, жақтырмай кіргіздіртпеді.

Ұдай жолдас болған уақытымда көп байқаған бір нәрсем бар: орыс болсын, қазақ болсын, жақсы, жаман болсын, әрқашан мінезінде бояма болмай, шынымен келген кісіні жақтырушы еді. Бойын бағып, қымтырылып, пәлен көрінем, түлен көрінем деп қолдан пішіп жасайтын мінезді көре бастаса, қытығына тигендей жақтырмай қалатын.

Ондайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін. Қалжың өлеңінің көбі маңындағы жұрттың осындай мінездерінен туады.

Бір күні осындайдың тұсында өзімді де өлең қылды. Ел ішінің бір тобынан келе жатыр едік, жолда бірер сөз, бірер мінезімді Абайдың жақтырмай қалғанын сездім. Ауылға жақындағанда Абай бізден озып кетіп еді, үйге келсем қолына бір табак қағаз бен қарындашты алып, өлең жазып жатыр екен.

“Не қылса да, өзімді өлең қылып жатыр-ау”, — деп ішіме сезік кіріп, қасына жетіп келіп едім, мына өлеңді оқып қоя берді.

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қисайта тартып мұрынын:
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп,
Әр нәрсенің орынын.
Керенау кердең, бір керім,
Жакпайды маған сол жерің, —

деп, өзімді өлең қылып қойыпты. Сонан соң жалынып отырып сұрап алдым да, көзінше жыртып тастадым. Өлеңін өзімнен басқа ешкім білген жоқ. Сол бір оқып шыққанда есімде қалғаны осы еді.

Жалпы өміріндегі мұрат қылған қиялы әділшілдік пен дұрыстық, шындық болғандықтан, орыста дос көретін кісілері сол кезде өзімен жақын таныс болып жүрген халықшыл социалистер болатын да, қазақтағы досы өтірігі жоқ шыншыл кісі болатын.

Өтірік айтпай, шынын айтатын болса, мал ұрлайтын ұры болса да сүюші еді. Ұрыдан алатын парасы шынын айтқаны, шындыққа, дұрыстыққа құмарлығын жолдағы елден ерекше мінезінің барлығын билікте анық көрсетіп жүрді. Билікке келгенде Абайдай әділ, таза, дұрыстығы күшті биді Тобықты іші бұрынды-соңды заманның қайсысында болса да көрген жоқ деп айта аламын.

Абайдың билігіне, Абай тергеуіне әрқашан ел ішінде шиеленісіп, ұстасып жүрген жаулары құмар болатын. Сондықтан Абай өмірінде айтылған биліктің көбі әрқашан сол жау жақтарының даулары туралы бола ма деп ойлаймын. Өзіміз көріп, өзіміз естіп білген заманда жауына келіп билік айтқызу Абайдан басқа кісінің тұсында болды деп білмейміз. Тобықты ішінің өзге ешбір адамына да билік турасында бұрынғы заманда, соңғы заманда болса да мұндай сенім болған жоқ.

Билікте әділдікпен қатар осымен егіз сияқты бір мінезі: Абайдың ерекше мырзалығы, жомарттығы, дүниеқор еместігі болатын. Жақын маңайдағы елде өз атағын есіткен аты шулы жүйрік ат, қыран құс, алғыр ит сияқты сауық аспаптары болса, Абай қалап та алады. Қызыққаны кедейдікі болса, сатып та алады. Бір жазда бес түйе беріп, бір бәйге ат алып, бес құлынды бие беріп, екінші бәйге ат алғанын көрдім. Соларының екеуін де сұраған екі кісіге өзі қызықтамастан беріп жіберді. Осы күнге шейін Тобықты іші “бір досыңнан қызығын қалап, бұлдап алған жақсыңды, үйіне жеткізбей, бір жақсы көрген адамың алып кетсе, содан қызық не бар деп, — Абай айтпап па еді?” деп аңыз қылысады.

Өзі шаруа басқарып қырда малдың санын, қалада ақшапұлдың санын ескерген емес. Қыр шаруасында ескерсе жылқыны ғана ескеріп, жақсыдан айғыр салып, тесе мініліп, ер батып кеткен арығы болса, сол жағын ғана ескеретін. Жалпы, малына еңбек ақысын толық қылып беріп, мықты малшы салуды ескеретін, осыдан басқа ауыл шаруасына істейтін қамы болмаушы еді. Қалада болған уақытта ақшасының барлығын қасындағы атқосшы жігіт ұстайды. Одан “қанша қалды, не ұстадың” деп сұрамайтын. Жалғыз-ақ “бітіп қалды” дегенде ғана тыңнан ақша тауып, тағы қалтасына салып береді де отыра береді.

Ауылы қысы-жазы қонақшыл, әрдәйім күндіз-түні басып жатқан неше алуан кісі болады. Солардың ішінде “Абайдың түстігінен жейміз” деп, ас аңдып келетін кедей-кепшікпен бірге ел-елдің басты адамдары, ертекті, құсбегі, домбырашы, әнші, не болмаса тоғыз құмалақ, дейбі ойнағыш ойыншылары да жатады.

Абай қыстыгүнгі бос уақыттарының бірталайында өзі оқып алған романдарды кейде ертеқ қылып, маңындағы жұртпен бірге әсіресе, өзінің ұдайы қасында болатын ертеқшісі Баймағамбетке айтып беретін. Баймағамбет орыс романдарын бір айтқаннан жаңылмай ұғады. Ішіндегі еуропаша аттарды да қайта сұрамайды. Содан кейін бірнеше күндер өткенде, өзі айтып берген ертеқтерін Баймағамбетке қайта айтқызады да, еш нәрсеге алаңдамастан, бөлінбестен қайтадан түгел тыңдап шығады.

Осындай әдетпен қатар Абай қырдың тоғыз құмалақ, дойбы сияқты ойындарына көп уақыт беретін. Әсіресе, көп салынып ойнайтыны тоғыз құмалақ болушы еді. Бұл ойындарға Тобықты ішіндегі ірі ойыншылардың ең ілгері қатардағы бірі болып саналады. Ойнай-ойнай келе бірден-біреу озып, екшелеп келген соң, Тобықтыда бес-алты-ақ үлкен ойыншы шықты. Солар: Көрпебай, Құттықожа, Қуаттың Құдайбердісі, Мақыштың Ысмағұлы дегендер еді. Абай осыларды кезек-кезек алғызып, кейде бәрін бір уақытта жиып, көп күндер бас алмай ойнап жатады. Артынан ойын тарқап, әлгі кісілер қайтатын болғанда, дәулеті аз нашарларына соғымдық тай, тайынша, қой, киім сияқты нәрселер беріп қайырады. Осы сияқты ел ортасының көңілді алаң қылып, аз да болса сергітетін қызық сауықтарының барлығын да Абай молынан көріп, толық қызықтады.

Осы ретте аңшылық құру, бәйгеге ат апарып қосу, палуан апарып күрестіру, қаршыға, лашын салғызу, жүйрік ат пен мықты жігіт сақтап ұры түсірту, қасқыр соққызу, ақын, әнші, күйшіні сақтап, өнерді қызықтау сияқтының барлығын да өзі де көрді, бала-інілеріне де толық көрсетті. Осындай көп әдеттері маңайының барлығына үлгі болып жайылды.

Аңшылықты жасында істеген. Сонда ол кезде Шыңғыстың қыс бойы елсіз қалатын сыртында бұғы, арқар, киік, түлкі болады. Абай көп кісі, көп жақсы құсбегі, мерген сияқты жақсы аңшылармен қостап шығып, бірнеше үймен, көп соғым, сойыспен барып, бір ай, екі ай жүріп қайтады. Бірақ берірек келгенде аңшылықты қойып, жоғарыда саналған өзге түрлі сауықтарға көбірек ауысты. Бірақ бұл істерінің қайсысы болса да Абайдың жалпы тыңдаушыға айтып отыратын өсиет үгітіне, келелі мәжілісіне, кітап оқып білім табуына көп бөгеті

болған жоқ. Осы айтылғандардың барлығына бөгет болатын нәрсе болса, ол ел сөзі, ел тартысы болды.

Абай Еуропа ғалымдарының ірі фәлсафамен жазылған кітаптарын оқығанда, өзінің басындағы ой-пікірлерінің ірге негізін аналарға оңай беріп жіберіп отырған жоқ. Жұртқа өсиет қылып, өзге сөзін мысал қылып сөйлегенде, әрқашан өз ақылының елегінен өткізіп алып айтушы еді. Сондағы көп насихаттың түп қазығы: адамшылдық, ақтық, әділет болса, осының барлығын да мұсылман дінінің дөңгелегіне әкеліп, бір шолып кетіп отыратын.

Абай шын мағынасында мұсылман еді. Бірақ мұсылманшылығы молда, қожа айтып жүрген сырты сопы мұсылмандық емес, үлкен сынмен, терең оймен, өз жүрегімен тапқан мұсылмандық болатын. Бергі жерлердегі кітап сөзі, молда сөзі, шарифат жолы дегеннің негізін, мақсат-бағытын ғана алып, соны ақиқат діні қып қолданған. Абайдың діні мұсылманшылықтың ішінде осындай жолмен, үлкен сынмен табылған таза ақыл діні еді. Сондықтан сыртымен тақуалық қылып, ұдайы намаз оқып, ұдайы ораза тұтып, ұдайы құлшылық қылған да емес. Намазды оқығысы келген кездерде оқиды, бірақ ондайда қасына ешкімді алмай, оңаша үйде жалғыз өзі ұзақ-ұзақ уақыттар отырып оқитын.

Онан соң жалпы мұсылманшылық жолындағы үлкен ғұламалар жазған ірі сөздердің барлығын да білетін. Бәрінен өз тұсындағы үлкен молдалардың қайсысымен болса да қатар түсерлік мағлұматы барды. Сонымен, Семейге барып жатқан уақытта, Семейдің Камали хазірет сияқты үлкен молдаларымен анда-санда бас қосып, мәжіліс те жасап қоятын. Осындай мәжілістер арқылы Семей қаласындағы қазақ, татар молдаларының барлығы да Абайдың дін мәселесіне әбден жетіктігіне көзі жеткен соң, бұл кісіні өз заманының ғұламасы сияқты да көрген.

Сонымен, кейінірек жылдарда Семейге миссионер Сергей деген кісі келіп, мұсылман дінін қорғаушы молда, имамдар болса, сөйлесемін деп іздегенде, Семей қаласындағы мұсылман оқымыстыларының барлығы араларынан бір ауыздан Абайды сайлап шығарып, Сергейден жеңілмей, өз дінінің әбүйірін аман сақтап шығуына мешітке жиылып мінәжат қылып, Абайға бата беріп, тілек тілеп жөнелткен.

Бірақ Сергейдің не мақсатпен сөйлесемін дегенін қала молдалары шала ұғынып, алып қаштымен ұлғайтып жіберіп, елді де үркітіп, өздері де босқа үріккен ғой деймін. Абай барғанда Сергей дін жайында талас жасамай, бірер нәрселерді сұрап және артынан жай әңгімеге кетсе керек. Бұл мәжілісте Абай жайынан қаншалық сөйлесіп, қаншалық таласты, ол арасын мен толық білмеймін. Бірақ артынан Абайдың өзінен сұрағанда азын-аулақ айтқаны: Сергей: “Мұсылман дінінше құдай күш иесі, қорқытушы, сондықтан құдай жолындағы құлшылық, тазалық, ақтық барлығы да қорқудан туатын сияқты”, — деді. Оған мен: “Біздің құдай, “Рақыман, рақим” қуат ғана иесі емес, рақым да қылушы. Қуаты қара күш бастаған қуат емес. Мапақаты бар қуат; әке мен баланың арасы сияқты әкеше сүйуші ие”, — дедім дейді.

Содан кейін Абай христиан дінінің наным бойынша “үш жүзді құдай” деген ұғымға қарсы дау айтады. “Бірлігіне үш жүзді болу сыя ма, сол үш сипат бір жүзінде болса, құдайлығына көп бола ма?” — десе керек. Бірақ бұл сөзге Сергейдің не айтқанын толық білмеймін, жалғыз айтқаны: “Сергей дін жайынан аз сөйлесті де, жалпы ғылыми әңгімеге түсіп кетті. Сонан соң мен де дін жайын қайта қозғағам жоқ”, — деді.

Бұл мәжіліс туралы тағы да бір есімде қалған нәрсе: осы сөйлесетін күні Сергейдің қасында Семейдің көп поптары бар екен. Солардың кейбіреулері бір әредікте мұсылман дінінің ұсақ мәселелері туралы Абаймен дауласқысы келсе керек. Сонда Сергей: “Сендер қойыңдар, Ыбрайым Құнанбаев сендердің тісің бататын кісі емес”, — деді дейді.

Абайдың осы Сергеймен сөйлескен сөздерін кейінгі уақытта қаланың жатақтары мен шала молдалары үлкен жырдай қылып, ертеқ қылып әкетті. Соның ішінде Сергей “үй” депті, Абай “бүй” депті деген талай ұйқасты, ұйқассыз сөздер толып жатыр. Бірақ мұның бірде-бірін біз Абайдың өз аузынан есіткеніміз жоқ.

Абайдың жалпы діни өсиеттері мен негізгі діни пікірлері қара сөзінің ішіндегі “ғақлият тасдиқат” деген сөзінде толық айтылған. Әрқашан ауызша айтатын уағыз, насихаттары болсын, өлең мен үгіт қылып айтатын адамшылық жолы, құдайшылық жолы болсын, барлығы да сол сөзіне жиналып

келіп қорытылған сияқты. Кейде дін жайында жазылған өлеңдері болса, түгелімен сол сөздің жеке-жеке пікірлерінен туған сияқты дейді Көкең.

АБАЙ ЖАЙЫНДАҒЫ ТҰРАШ ӘНГІМЕЛЕРІ

Осы Көкең айтқан сөздің бірталайын Тұраш та айтады. Бірақ бір айтылған сөзді қайта-қайта айтпас үшін Тұраштың естегісінің ішінде Көкендікінен бөлек сөздер болса, ақынның әдет, мінездерін жаңа мысалдармен толықтырып, оқушының бұрынғы білгеніне жаңа қосымша боларлық жеке хал, жеке суреттер болса, соларын ғана теріп алып, Тұраштың өз жазғаны бойынша келтіреміз.

— Мен әкемнің 32 жасында, жастықтың алғашқы ағыны басылып, жігіт ағасы болып қалған кезінде туғанмын. Мен әкемді танығанда: әкемнің жүзі жарқын, ажары сыртында, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жанды адам еді. Мәжіліс, қызықты ойын, сауықшыл, дастарқаны мол еді. Бір іспен қызықтамай, жай шаруасын ғана істеп отырмаушы еді. Маған десе малай малшы болсын, я үйіндегі қызметкер қатыны да болса — бір тәуір мінезін тауып отырар еді. Еш уақытта еш сүймеген адаммен ұзақ уақыт мәжілісте болып отыра алмайды. Ондай адамдармен бас қоспақ уақыт еріксіз кез келсе, ол мезгілін абақтыдай көруші еді. Сыпайылық, сыйлық қылып, әдептіленіп, аяғының басқанын, аузынан шыққан сөзін санап отыратын адамды жақсы көрмеуші еді. Жарқын жүзбен, ашық көңілмен қытықсыз келетін адамды аңсап сағынып, ондай адамы келгенде не баласы немесе туысқан бауыры келген кісідей қуанып қалар еді.

Менің бала кезімде, менің әкем қандайлық жылы шыраймен ойнап, қалжыңдап отырса да, қытығына тисе, ашуы тез келгіш мінезінен ауылдағылар да, бәйбішелері де айғырмен ойнаған ат секілденіп, ойнаған болса да, қорқыныштары кеуделерінен кетпей қымсынып жүруші еді. Өзім білген уақыттан бастап үйде отырғанда бірталай уақыттарын тоғыз құмалақ, дойбы сияқты ойындар алатын. Сонда таңертеңгі шайды ішкен соң бауырына жастығын алып, алдына құмалағын құрғызып, ойынға кіріп кетеді. Күндізгі келген ел арасының бас адамдары да ойынға кіріп кетеді.

Құмалақтан кезек тимеген, я құмалақтың ойынына жаттықпаған іні-балалары секілділер өз алдарына дейбі, карта сықылды ойынның дүкенін құрады. Сонымен бір шетелдің қабілетті адамы келіп қалмаса, ал бір үлкен жұмыс кездесіп қалмаса, ертелі-кеш тамақтарынан басқаға бұрылмай, күні-түні ойнап жатысады.

Бері келіп, кітапты көп оқитын болған соң, уақытының көбін кітап алатын болды. Бірақ кейбір түндерде я кітапқа, я құмарлыққа түсіп кетпесе, біреуге ертек айтқызып, я өзі айтып отыратын еді. Біреуге айтқызғанда: бұрын есітпеген ертегісіндей ынтасын сала тыңдап, бір сөзін қақпай, әбден айтып болған соң, айтушының адасқан жері болса қайтадан өзі айтып түзеп беруші еді. Қазақтың ертегілерінде есітпеген-білмеген ертегісі кем шығар. Сонда: қазақтың ескі ертегісінен бұрын қай жерлерде жүргені, көршілес күндес елдері қай жұрттар екені, діни білімнің қандайлық кезде шығарылғаны, елдің ескі салты, арманы, кәсіп қарекеті не екені көрінеді деуші еді.

Жас кезінде де парсы жұртының Ямшид Қаһарман секілді ертегі кітаптарын көп оқыса керек. Өзім көргенде: “Мың бір түннің” кітабын оқып, алғашқы біздің елді “Мың бір түнмен” таныстырған менің әкем. Осы ретпен орыстың әңгімелі кітаптарын да көп оқып, көп айтып, елді романдармен таныстырғандығынан, біздің ел “Мың бір түннен” жалығып, романның қызығын күштірек көріп, соған әуестеніңкіреп кетті.

Жалпы жай отырған кезінде ақылынан гөрі махаббатын ардақтап, ақылдың суық сынынан қашып, көңіліне билетіп отырғыш еді. Бірақ құдайдың өзіне берген сезімімен айтпасақ та не ойлап, разы яки наразы болып жүргенімізді бұл еткізбей біле қоюшы еді. Көңіл сезіміне билеткіштігінің бір белгісі: жас баланы әлпештеп шақырғанына бала ұмтылып келсе, қатты қуанып: “Қаны тартып, біліп тұр” деп рақаттанады. Егер шақырғанына жатырқап келмей, қашса өкпелеп, ашуланып налушы еді. Ондайда өз балалары, немерелері, інілерінің балалары болсын ұрсып, кейде ұрып та тастайтын.

1889 жылы үлкен шешемнен туған Райхан деген апамды ұзатып, үйдің ішінің бәрі жолаушы кетіп, үйде әкеммен екеуміз-ақ қалдық. Сол жылы, артынан абайлап қарасам

әкемнің ғылым жолына белсеніп шыққан жылы екен. Сонда таңертеңнен кешке шейін бас алмай орыстың кітаптарын оқиды да, ара-тұра өлең жазып тастайды. Өлең жазарда ширек табақтай ақ қағазды алдына алып, қолында қарындашы, бір құсаға мінген кісідей болып, көзі жасаураңқырап (тегінде көзі жасаурағыш еді), әндетіңкіреп, күңіреніп отырады. Сол күңіренудің арасында есітер-есітпес қылып күбірлеңкіреп келіп, жазып кеткен соң, көп ойланып тоқталмайды. Алдыңғы жазғанын сызып тастап түзетпейді де, бейне өлеңнің тығыны алынып, ағып бара жатқанға ұқсайды. Сол жазып тастағаннан кейін, өзі жатқа айта білмейді.

Мен жаңағы оңаша қалған уақыттағы жазған өлеңдерін жазып жаттап алып, өзі айт десе айтып беріп, айтқан сөздерін жалықпай тыңдап отырсам керек. Менің соныма ырза болып қуанып, жолаушылар келгенде: “Мынау адам болады екен. Менің сөзімді ұғып, жалықпай тыңдады”, — деп, мені мақтады.

Бала болсын, малшы, қосшы болсын, кейде бір елден бөлек кеңдік көрсететін мінезінің бір мысалы: бір жылы Алдоңғар деген кәрі ұрыны ұрлығыңды қой деп қасына көшіріп алып, Мәніке деген жастау әйел баласын теңіне қосармын деп асырап алған. Шайын құйып, төсегін салып беретін сол Мәніке. Оңашада Мәнікеге: мен қонақтарға сөйлеп-сөйлеп болған соң “солай ма, Мәніке” дермін, сен: “солай” деп қой деп, үйретіп қояды. Кешке сөз ұғар ма дегендей адамдар қонақ болса, қазақтың ойында жоқ, ғылымның үлгілі сөздерінен сөйлеп-сөйлеп келіп, солай ма, Мәніке? десе, Мәніке “солай” дейді. “Япырмай мынау ба- ланың біліп отырғанын қарашы” деп, қонақтар таңырқап қалады. Мұнысы қонақтың ақыл-шамасына күлгені-ау деймін.

Кейде қонақтарға: “Осы сезімнің жалғасын тапсаңдар, көк бөркімді берейін”, — дейді. Онысы қонақтың қытығын тарқатып ойнағанның есебі.

Ұлғайған сайын әкемнің ашуы азайып, жұмсақ тарта берді. Жасы ұлғайған адамның бәрі де жасып, қайрат, ажары кеміп жұмсарғаны табиғаттың жолы шығар. Бірақ менің әкем осы жұмсарғандығын ардақтап, өзіне қасиет деп санады. Сондықтан бұл жұмсарғанын, бір жағынан, өзі еңбек қылып тапты деп білемін. Әкесі Қүнекеңнің қайтпайтын қатты,

қайратты суық мінезін мін сияқты көріп: “Қорықпақ пен сүймек от пен су секілді бір жерге жиылмайды. Адам сүйген адамының ақылын ұғып, содан бәһіре алады. Қорқытып, ұрысып айтқан ақыл дарымайды”, — деуші еді. Сондықтан, көз алдында қандай ойындарды ойнап, күліп, шуылдап отырсақ та тыйып қақпай, еркін еркелетіп отырады. Егер алдынан қашып, жаман-жәуіткітермен ойнағымыз келгенін білсе, қатты ренжіп ұрысып: “Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады. Ата-анасынан, ұстазынан, құрбысынан, әсіресе, солардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады. Сендердің менен жақсы көріп, барғыларың келіп тұрған жақсы құрбыларың қайсы?” — деп, ондай жаман адамдардың мәжілісінен әйел баласындай қорғаштап, тыйып өсіргісі келді.

Көз алдында істеген іске кеңдігінің белгісі: қалаға келіп іні-балалары сияқты жастардың бастары құралып, қызық қылып, кейде ішкісі келгенде өз алдына ішуге де рұқсат қылатын. Кейде өз мәжілісіне де бірге кіргізетін. Жол жүргенде өзін ес білгелі 40—50 шақырымнан алысырақ жер болса, арба жегіп, одан жуық жерге салт атпен жүруші еді. Жасында атқа болдырмайтын жүргіш еді деседі. Тіпті ерте уақытта әкесі жылқы баққызып, бір жыл отарға да шығарыпты деген сөз бар. Мен білгенде, жалпы қазақтың байларынша ерте малын айдап салып, кешкі малдың алдынан шығатындары секілді мал шаруасы үшін атқа мінбейді. Атқа мінсе ел ішіндегі топқа, кеңеске, ас-той сықылдыға бару үшін мінеді.

Көбінесе үйде отырғандықтан ба, я жанын күтемін дегендіктен бе, әйтеуір еріншектік ертерек иектеп, елден көп ерте атқа мінуді азайтып шау тартты. Үлкен үйдегі келіні Еркежанды алып, сол үлкен үйге кірген соң, дәулетінің молы да, ел ортасындағы үйі де сол үй болып, әмсе сол үйде отырып, басқа үйіне оқта-текте ғана келетін болды. Қыстыгүні бұрынғы бәйбішесінің ауылына 45 шақырым, біздің ауылымызға 70 шақырым болады. Бұл екі ауылындағы балаларын сағынып, жазғы жайлауға ауылдарын бір жерге жайлатқысы келеді.

Менің жоғарыда ашуын өзі де бір жағынан еңбек қылып азайтты дегенімнің бір себебі, 99-жылы май айының бас кезінде үлкен ауылға келіп едім, менің сәлемімді алар-ал-

мастан: “Биыл сыртқа шығасыңдар ма?” — деді. Біз елдің белгілі жайлауы Шыңғыс тауының сыртына қыстауымыздың қашықтығынан шыға алмай, жаздыгүні бауырдағы күзектерді жайлап жата беретұғынбыз. Мен: “Түйеміз аз, жүгіміз сыймайды ғой”, — дедім. “Олай болса мен түйе жинатып берейін, жайлауға көшіңдер”, — деді. Сол арада сыбайлас Есіргеп деген бір жігітке жіберді. “Үш-төрт түйе берсін, біздің кіші ауыл сыртқа артып шығады. Түйесін ақсатпай, жауыр қылмай бергіземін”, — деп. Жіберген жігіті барып келді де: “Түйем жоқ деп айтады”, — деді. Бұл Есіргеп біздің Ырғызбайдың төрт баласының ішіндегі ең азы, нашары Жортар деген кенже баласы болады. Сол Жортардың Аркат деген құлының екі баласының бірі — Есіргеп. Есіргепке орта дәулет біткен соң, Жортар балаларының ішіп-жегенінен қашып, 2-3 жылдан бері менің әкемнің қысын қыстап, жаз болса және жайлап, күзеп жүруші еді.

Әкем әлгі жауапты есіткен соң, азырақ үндемей отырады да, аздан соң басын көтеріп: “Я құдай, бергеніне тауба, мен мұсылман екенмін. Осы Есіргеп Тәңірбердінің қосында отырып, Тәңірберді түйе сұратып жіберсе, түйем жоқ деп айта алмас еді. Бұл түйемді бермегеніме Абай ашуланбайды деп, менің мінезімнің жұмсақтығына сеніп бермеді”, — деп, қатты қуанады. Рас-ақ, менің бала кезімдегі әкем түйе сұратса, Есіргеп береді.

Жоғарыда әкем шыншыл мінезді сүйеді дегенге бір мысал: жалпы әкемнің заманындағы ұрылардың сөзі, солардың бәрінің айтатыны: — Абайдың алдына өтірік сөзбен бара алмаймыз. Жанымыз қалса, шын сөзіміздің арқасында қалады, — дейді. Шынында әкемнің ұрыдан алатын парасы шын сөз еді.

Мыңжасар Қобылан баласы деген атасынан бері неше рет шабылып, шашылса да, дүре жеп абақтыға жатып, жер аударылса да, үйіне келісімен тағы ұрлық жасауға кірісетін бір кәрі ұры айтады: “Жасымда Абайдың сұраған малының шынын айтып, шыншыл атанып, абұйырлы ұры болып жүрдім. Соңғы бір жолы Қаракесектен молырақ мал алып, енді осы малды кім сұраса да айтпалық десіп, бар жолдасыммен түгел төбемізге

тас қойып анттасқанбыз. Содан кейін жоқшы келген жерден Абай мені шақыртып алып сұрап еді, айтпай танғанмын. Қыстың сақылдаған аязында төбеме суық су құйып қинаса да айтпай отырғанымда Абайдың өзі: — Ой, құдай атқан, не оттап отырсың? Бір жолдасың әлдеқашан айтқан. Пәленің пәлен алыпты, түгелің түгелінше алыпты, жолдасың пәленше-түгенше деп бәрін жайып салған. Сөйтсем иттер айтып қойған екен. Содан кейін өмір бойы сөзіме сенбейтін қылып алдым”, — деді.

Топтағы, биліктегі мінезінен жалғыз айтатыным: я билікке тартысып, я аразымен бас қосқан жерде кінә айтысып, сөзін сараң сөйлеп, суырылып отырғанын көргенім жоқ. Байлаулы жерінен қысқа тұжырым сөзді ақырын айтса, сол тоқтау болып қалушы еді.

Жалпы мырзалық, жомарттығының белгісі: өз елінің ішіне мырзалық істеуден басқа өмірінде көріп-білмеген, бір соқпа, әрі бөгде кісілерге де көп көмек істеуші еді. Менің бала күнімде Кавказдағы атақты батыр Таштемірдің баласы Үркітке айдалып, барған жерде қашып, қасында екі жолдасы бар қыстай біздің ауылда қыстап жатып, жаз шыққан соң әкемнен үш жақсы ат мініп кетті. Ол басында Таштемірдің баласы екенін жасырып жүріпті. Жалғыз-ақ ауылдағы бір жігітке ашуланып: “Сені өлтірмесем Таштемірден тумай кетейін”, — депті. Содан кейін Таштемірдің баласы екені білініпті. Сол елдің тағы да Үркіттен қашып келгендерінен әкем сұрағанында айтыпты: — Барған соң белгілі батырдың баласы тек отыра алмай батырлықтың жолын ұстаса керек. Сонан соң жау туыскандары терезеден атып өлтіріпті, — деді.

Жыл сайын Үркіттен қашқан, көбінесе Кавказдағы Дағыстаннан, ара-тұра сол жақтағы түріктің орыс қолына түсіп, айдалған адамынан бірден-екіден келіп, кейі қыстап, кейі бір-екі ай жатып тынығып, бір-бір ат мініп кетеді. Осындай ат мініп кеткен қашқындардың менің көзім көргендегісі 15 шамалы. Бұл сықылды орыс қолынан қашқан мұсылманға ат мінгізіп жіберетін әдет Құнекенде де болса керек.

Өз басының күтіміне өзі істейтін еңбегі аз болып, жан тыныштығын сүйіп, қозғалысы аз болғандығына мысал үшін 1886 жылы жаз бойы әкемнің ауылында қонақ болып

жатқан доктор Долгополовтың бір сөзін айтайын. Бір күні Долгополовқа балаларын сынатып отырып, соның артынан: “Өзім туралы не айтасың?” — депті. Сонда Долгополов: — Басы алтын адамсың, бірақ үйренген әдет-салтың жаман. Таңертең төсегіңнен тұрғаныңда біреу келіп арқаңа шапаныңды жабады. Есікті ашып тысқа шығарады. Қайта келсең есікті ашып енгізіп, алдына шылапшыныңды әкеліп, қолыңа суды құйып жуындырады. Шай ішсең, шайыңды біреу құяды. Ет жесең, етіңді біреу жапырақтайды. Атқа мінбек болсаң ерттеп, қолтығыңнан көтеріп салады. Кешкі төсекке жатарыңда төсегіңді біреу салып, өзінді шешіндіріп, үстіңе көрпе жауып, орамалыңды бір жағыңа, шақшанды бір жағыңа тығып қояды. Өзің үшін өзің не қыласың? Әйтеуір бірдеме қылып ұйықтап көресің де”, — депті.

Орыс ұлығымен істес болған уақытта жағынып-жалпайып, не пұлмен алып, жолы болғыш болды деген сөзді есіткенім жоқ, өзім де айта алмаймын. Әрқашан ісінің дұрыстығына, заңға сүйенеді. Онан соң қандай үлкен ұлықпен сөйлесе де білімімен, сөзімен тең түсіп, өз басына ілтипат пен ықыласты сол жағымен тартып алатын сияқты дейді Тұраш.

Тұраштың бұл жазған сөздеріне кірмей қалса да ауызша айтқан естегісінде менің есімде қалған бір кішкене әңгімесі бар еді. Естегілер турасындағы сөзді сол әңгімемен бітірейік.

Абай шығарған өлеңді шығысымен-ақ маңындағы жастардың бәрі жаттап алып, ойын-жиында бұрышы білгендеріне жаңа сөз қылып қосып әнге салып, бұрын естімегендерге айтысу әдеті бар екен. Осымен қатар Абай маңында болған жастардың арасында өздері өлең шығаратындар іштей қара жарыс жасап, бәс таласып жүретіндері де болса керек. Бұл бәсеке көбінесе Абай өлеңін айтқыш әншілерде болды. Олардан қала берсе ақындарында да болған.

АБАЙ ЖАЗҒАН КЕЙБІР ӨЛЕҢДЕРДІҢ ҚАЙ КЕЗДЕ, НЕ СЕБЕПТІ АЙТЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНДІРУ ҚОСЫМШАЛАР

1) “**Кім екен деп келіп ем түйе құған**” деген бірауыз өлеңді ел ішінің бір кәрі кісісі айтып еді. Сол кісі бала жігіт күнінде ауылындағы бір әйелді төркініне ертіп барып, төркіні

бір жауыр айғыр берген соң, соны алып екеуі қайтып келе жатқанда, Құнанбай ауылының жолда жатқан түйелерінің арасын аралап өтіп бара жатыпты. Сонда он жасар бала — Абай ауылдан тайға мініп шауып келіп, аты-жөнімізді сұрап алып, бұрылып жатып осы өлеңді айтты дейді.

2) **“Аяғынды аңдап бас, ей Жақсылық”** деген өлеңінің айтылған реті; 1880 жылы Абай “Қоңыр Көкше” деген елге назначениемен (атап сайлау) болыс болғанда, Мырза деген таптың Жақсылық деген кісісі “борышымды елге бөліп салып, мені құтқар” депті. Борышты болғанда өзінің жарамсыз қылығынан борыштанса керек. Сонда Абай айтып еді деп, Көкбай марқұмның жиған өлеңінің ішінде жазылыпты.

3) **“Айтшы, аға, неғып жеңілдің”** деген өлеңді Лермонтовтың “Бородино” деген өлеңінен аударған екен. Бірақ соңғы уақытқа шейін ескеріліп жиналмағандықтан, мына аударманың ортасы да жоқ, аяғы да жоқ, ұмытылып қалыпты. Табылмады.

4) **“Қан сонарда бүркітші шығады аңға”** деген өлеңді Абай өзі 1881—1882 жылдары қостап салбұрынға барып, бүркіт салып, тазы, ит жүгіртіп, мергендерді апарып арқар, бұғы атқызған екен. Шыңғыс тауының сыртында ол кезде киік те, бұғы да болған, Арқар осы күнге шейін кездеседі. Мынау өлеңді сол 82-жылы жазса керек.

5) **“Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ”** деген өлеңді Көкбай Кенесары, Наурызбайды өлең қылып, Наурызбайдың Ақауыз деген атын сипаттағанда: “Сенің атың шыға шауып, жайылып қалатын болыпты”, — деп, мына өлеңмен Ақауыз атты сипаттамақ болған екен. Бірақ артынан: “Бұл шіркіннің өзі де мес болып кетті ғой!” — депті.

“Жаздыкүн шілде болғанда” деген өлеңді 1886 жылы Бақанас деген өзеннің төменгі Керей жері — Көпбейіт деген қонысқа өзінің ауылы қонып жатқандағысын көріп жазыпты. Ақ көйлекті ақсақалы: сол жылы өзімен көршілес болып отырған Әнет табындағы Бармақ деген ақсақал еді. Құс салып жүрген бозбалалар — Ақылбай, Әбдірахман еді. (Бұл туралы да Көкбай естелігінде мағлұмат толығырақ. — М).

7) **“Сорлы Көкбай жылайды”** деген өлеңді Абай өзіне айтқан. Себебі 86-жылға шейін жазып жүрген өлеңдерінің

барлығын бұрын Көкбай айтты деп жаяды екен. 86-жылдың аяқ кезінде ғана өлеңдерін өз атынан шығарыпты. Мынау өлеңді сол Көкбай болып шығарып жүрген өз сөздерін ойлап айтыпты (Бұл туралы да Көкбайдың естелігінде толығырақ айтылған. — М.). Мынау өлең түгел емес. Өйткені Көкбай марқұмнан басқа білетін кісі жоқ екен. Ол кісі: бірталай өлең еді, көбі есімде қалмапты — деп толықтыра алмады.

8) **“Жамантайдың баласы Көжек деген”** дейтін өлеңді Көжекбай дейтін Мамайға айтқан. Бұл Көжекбай басқа болыстағы Мамай ішінде Еламан табынынан. Көжекбайдың әкесі Жамантай Құнанбайға өкіл ата болып, Ұлжан бәйбішені өкіл қыз еткен екен. Жамантайды жерге таласып, төбелесіп, ағайыны өлтірген де, Құнанбай қоныс кестіріп алып беріп, “әкеден жас, ақылдан бос қалған” Көжекбай, Тезекбай, Мақыш деген үш баласын өз баласындай көріп, еркелетіп өсірген екен.

Сол: біздің ел бұзылғанда, жеңген жаққа шығатын халықтың жаман айласына шығып, болыс болған Күнтумен құда болған. Біздің жау ағайынымыз Жігітек табындағы Базаралы деген кісі бізден кетіп өздеріне еріп жүргенде, Көжекбайды бір топта: “Кімнің жүгі биік болса мысық сықылды қарғып шығатын ененді ұрайын” деп боқтаған екен. Сол Көжекбай 1886 жылы Қүнекең өлгенде Абайға: “Қажының басқа балалары жабдық әкелмеді, болыспады”, — деп, Абайдың бауырларын шағыстыра бергенде жаңағы өлеңді айтыпты.

9) **“Бөтен елде бар болса, Әжеттесің, сыйласың”** деген өлеңді де сол Көжекбайға жаңағыдай мінезбен жүргенде айтыпты. Бірақ басы соған арналып басталса да, артын жалпыға бола айтып кеткен. Мұны Көжекбайға айтуының себебі: “Сабырсыз, арсыз, еріншек” деген өлеңді жазып болып оқыса, ылғи қасында атын ерттеп жүретін жолдас Қара сақау деген: “Көжекбай қалды ғой”, — депті. Сол сөзден барып “Бөтен елдені” Көжекбайға арнап бастаса керек.

10) **“Мынау келген Назар ма?”** деген өлеңді Қанай руынан Назар деген бір аттың майын сұрай келгенде айтыпты.

11) **“Ақ киімді, денелі, ақ сақалды”** деген өлеңді 1884 жылы қатты жұт болып, қар сәуірдің 3-інде кеткен. Сол қысты еске алып отырып, 1888 жылы жазған.

12) **“Уағалайкүмассалам, болыс, мал-жан аман ба”** деген өлеңді өзінің құрбысы Күлембайға айтқан. Бұл Мұқыр еліне атасы ел билемеген болса да, дәулетінің арқасында болыс болса керек, соның мінездерін қалжың қылып әлгі өлеңді айтқан.

13) **“Бұралып тұрып, буыны құрып”** дегенді Көкбайдың бір мінезін ұнатпай қалып айтқан екен. Көкбай артынан сұрап алып, жыртып тастапты. Сонымен ерте кезде жарыққа шықпаса да, артынан Көкбай ақсақалдың өзі айтты (Бұл туралы да Көкбайдың естелігінде бірталай сөз бар. — М).

14) **“Болыс болдым, мінеки”** деген өлеңді де жаңағы Күлембайға: 1888 жылы Бақанас деген өзендегі чербечшнай съездегі түрін көріп айтқан.

15) **“Біреуден біреу артылса”** деген өлеңді Әсет деген ақынға айтқан. Мұны 1889 жылы балалары үшін сақтаған еді. Әсет: терісі тар, ызакор, өзін-өзі әлденелік көріп отыратын адам еді. Сол мінезінен шығарып айтқан.

16) **“Мәз болады болысың”** деген өлеңді 1890 жылы Семейге барон Таубе деген Ақмола, Семей облыстарының генерал-губернаторы келіп, бірсыпыра болыс-билерге шекпен, қылыш сыйлағанда, шекпен алғандардың есі шығып қуанғандарына ыза болып жазып еді дейді.

17) **“Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”** деген сөздің ішінде бір ауыз өлеңмен: Әріп, Көкбай, Шәкәрім үшеуінің үш өлеңін қағытып мысқылдап айтқан (Бұл туралы Абайдың өмірбаянын қара. — М.).

18) **“Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай”, “Күз”** өлеңінде көбінесе өзінің бір туысқан ағасы Тәңірбердінің ауылын көріп отырып айтқан. Әсіресе соның ішінде бұрынғы басылымға кірмей қалып, осы жолы қосылған: “Бай үйіне кіре алмас тура ұмтылып” деген жолдан басталатын екі ауыз өлеңді сол ағасы мен жеңгесінің бала асырағанына арнаған. Бұлар Дінісләм деген немересін үнемі аңдып: “Тамағыңды үйде отырып іш”, — деп, тысқа шығармай, баланың асын жалғыз ішкісі келмей отырғанын көріп айтқан екен.

19) **“Қара қатын дегенге қара қатын”** деген өлеңді өзінің қасында жүретін жолдас ертекіші Баймағамбеттің үлкен қатыны қара қатынға қалжыңдап айтқан.

20) **“Ата-анаға көз қуаныш”** деген өлеңді Ақылбай деген үлкен баласына ренжіп, талапты болмадың деп айтқан. (Ақылбай күндегі өмірде талапты, пысық болмаса да, Абайдың балаларының ішіндегі ең таланттысы болған. Бұл ірі ақын және музыкант, домбырашы, скрипкашы, ән шығарғыш болған. Мұның шығарған екі үлкен әңгіме өлеңі бар: бірі — “Дағыстан”, бірі — “Зұлыс” деген. — М.)

21) **“Ажының жақсы-ақ қызы едім”** дегенді жаңағы Қара қатынның атынан Баймағамбетке: “Сенің қатының осылай деп айтып отыр”, — деп, бір күні тысқа шығып, қайта үйге келгенде айтып кірді.

22) **“Антпенен тарқайды, жиылса кеңеске”** деген өлеңді 94-жылы болған болыстық съездегі билердің мінезінен жазып еді.

23) **“Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең”** деген өлеңді Қыздар деген досына айтқан. 1894 жылы Оспанның үлкен үйіндегі келіні Еркежанды алып, сол жылы болыстық съезд қыла елге шыққан. Сонда Қыздар қалжыңдамақ болып, Абай бұрын ішсе асқа, кесе киімге жарымай жүрген кісідей: “Биыл үлкен үйге кірген соң тойып, тойынған екенсің”, — депті. Жаңағы өлеңді соған ыза болып айтқан. Бұл бірсыпыра өлең еді, ертеңіне Қыздар жалынып сұрап алып, отқа тастап жібереді. Бұл өлеңдегі Лекер, Бітімбай, Аталық, Жанқожа дегендер — Көкең табынан шыққан, бұрынырақ өткен, жақсы адамдар. Байұзақ Қыздардың ағасы, бірақ бұл кезде тұғырдан түскен. Дауылбай қандыбалақ ұры, айпар-жайпар, жалмауыш, жегіш, жұтқыш дегені. Шотқара Қыздардың атасымен теңдес Бәкеңнің бір табы Айтқожа деген епті, жұғымды адам. Шотқара табындағы Досақ — Бәкең ішіндегі Қыздардың табы.

24) **“Масақбай мен қатынын”** айтыстырған Абайдың өзі. Масақбай Абайдың інісі Ысқақ ауылының көршісі болған. Қатыны да, байы да ұрысқақ болып, мінездері сыйыспаған соң, соларды қалжың қылып айтқан.

25) **“Сұлу аттың көркі жал”** деген өлеңді өз ауылының бір көршісі Көжекбай дегеннің баласы Рахымшалға арнап айтқан. Рахымшал — бос, болжыр жігіт болса керек. Соның бір мінезін кешке дөң басында отырып көріп, сол жерде айтыпты.

26) **“Соры қалың соққы жеген пышанамыз”** деген өлеңді “Дала уалаяты” деген газетке төменгі елдің біреуі Абайды “әкесіне ас бермеді. Атадан бала туса игі, ата жолын куса игі, ата жолын қумаса, онандағы өлсе игі” деп жазған.

Сол сияқты Оразбаймен жауласып жүргенде бөтен елдің осындай адамдары Абайды Оразбаймен бірге жаулап, кейбірі приговор да жасасып беріп жүргендерінен жаңағы өлеңді айтқан.

27) **“Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын”** деген өлеңді Абайдың өз ауылындағы Ғабидолла Ғабитханұлы деген жігітке айтқан. Бұл бір уақыт сауда қылып, мал тапқанына масайып, білімді кісімсіп, қалай болса солай сөйлесіп, мағынасыз сөз таластыра бергеннен айтып еді.

28) **“Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?”** деген өлеңді 1898 жылы тісі түскенде айтты.

29) **“Белгілі сөз, өлді, өлді”** дегенді өзінің кедей көршісі Жаманбала дегеннің баласы өлгенде айтты.

30) **“Жылуы жоқ бойының, жылмиғаны неткені?”** дегенді Мұқыр болысындағы өзінің жақсы досы Дүтбайға айтқан. Бұл бір болыс Мұқырдағы Көкшенің бас адамы болған. Артынан Абайдың Күлбадан деген әйел баласын өз күйеуі өлген соң, осы ағасы Дүтбай алған, байға күйеу болған, бірақ дос, жақын болса да, мінездерін ұнатпағандықтан осылайша өлең қылған.

31) **“Қуанбандар жастыққа”** деген өлеңнің айтылған реті: біздің елде Ысқақ Махмұдов деген қазақтан қыз алып, қазақ ғұрпына түсіп кеткен ноғай бар еді. Соның балалары Қүнекеңнің балаларынан қыз алып, қыз беріп, құршасқан құда, дос, туысқан болып кеткен. Соның бір-екі немерелері: Сыдық, Қабиолла деген бала жігіттер біздің үйге келіп отырғанда, соларға арнап осы өлеңді айтқан.

32) **“Осы қымыз қазаққа мақтаның ба, асың ба?”** деген өлеңді де сол күні, сол жерде қымыз ішіп, қызып отырғандарға арнап жазып еді.

33) **“Мына отыр Разақ”** деген өлеңді Разақ деген жігітке айтқан. Бұл Абайдың аймағындағы Қожалардың ауылының жігіті. Осы бір жылы Абай аулына келіп, Абайдың өз үйіне барғанда өзінің құрдасы, Абайдың баласы Әубәкірдің үйінде айтқан.

**Очерктер,
әңгімелер**



ЖОЛДАН

“ЖУАЛЫ” КОЛХОЗШЫСЫ

Күн бұлыңғыр болса да, жауынсыз.

Алатаудан жаңада асып, бөктерге жайылған түн тұманы, күн тұмансыз. “Шұқырбұлақ” колхозының үстіне күн сәулесін түсірмей, жабыншылап тұр. Қоңыр күздің желсіз, тынық таңертеңі.

Колхоздан аудан кіндігі Ванновкаға баратын көлікпен мен де кеттім¹. Пар ат жегілген кішілеу көк арбада менен басқа үш колхозшы. Бұлар Ванновка жанындағы көпірді түзесуге барады.

— “Шұқырбұлақ” келмеді ме деп отыр ма екен? Кешігіңкіреп қалдық, — деп, ат басын ұстаған Мәмет парлап жегілген торы дөнен мен көк дөненді ығыстыра айдап қойды. Еттерін күйлі, тың тұяқ қос дөнен жеңіл басып, ентелей жөнелді.

— Трактор шыққан ба? — деп, сол жақтағы бір беті қап-қара боп айырылып қалған Сарыжотаға бір колхозшы карағанда, Мәмет:

— Айналдырып жүр! — деді.

— Бағана шыққаны қайда! — деп, қасындағы жігіт те солай қарады.

Трактордың айырып жүргені рас. Сарыжотаның жарма жалаңаш бозғыл бөксесінің тұсында жіңішке көк түтін көрінеді. Күз аспанының кірбеңіне ол егінші жабырқамайды. Өз әніне басып, бөгеттерді бытырлатып, темекі түтінінің көк шумағындай ғана шұбалтады. Айдап жүргені — “Шұқырбұлақ” жері. Ол — сүдігер.

Трактор көлік Мәметке қолдағы байырғы көліктің әлдебірденесін ескертті ме дейім. Жоталы дөңгелек денесін артына бұрыңқырап, астымызда жатқан шөпті көрсетіп:

Ірі шөп болғанмен, сояу екен, уақ жағынан ыңғайы майдасын теріп алдым. Жер тұрсын, — дейді.

Мәметпен қатар отырған Ырысбек торы дөненге иегін нұсқап:

— Мынау тартады! Мынау, — деп көрсетіп, — тек заты әлсіз бе дейім, әрдайым тартпайт жүдә! Ия, а, а, h! — деп нығыз дауыспен көкті тықсырыңқырап қойды.

Ырысбек — қызыл күрең, еңбекке піскен, ірі денелі, сом етті. Өзі де көңілді. Даусы қатаң. Әрбір қозғалыс-кимылында иелік, өз-өзіне сенімділік екпіні бар. Өңгімеде ақ тістерін ақсита жиі-жиі керіп қояды. “Шұқырбұлақ” колхозындағы екпіндінің бірі. Жақында бір бұзаулайтын сиыр алыпты.

Үшінші — Қалдыбай. Ұзын бойлы, ол да ажарлы, денелі.

— Екпінді болмасам да, мен тегі бір-бір жұмыста біреуге “олай істе” дегізбеймін. Қызың... Істеуін де, бастауын да білемін. Істей алмаса, жалқаулар істей алмайды. Біз өзіміз, жүдә әм, ешқандай орыс-қазағыңнан кем істемейміз.

Екі жолдасы Қалдыбай сөзін қостап күліп қояды. Мәмет көселеу сары жүзін артта отырған бізге бұрып қарап, колхоз жайын айтады.

Еңбектен біз қорықпаймыз. Біздің “Шұқырбұлақ” Жуалыдағы қазақ колхозының алды². 750 гектар астық ектік. Үкіметке жаңада 17 мың пұттан аса бидай бердік. Астық жинауда өзіміздікің бітіріп тастап, жанымыздағы “Азаттық” колхозы — өзбек колхозының да 100 гектар бидайын орып бердік.

Содан көктемдік егіс науқанының үстіндегі күйлерді еске ала кеп:

— Көктемді айтпағын. Қиын-ақ болған ет. Өзіміз адам боламыз демеп ек! Масадай сенделіп қалмадық па?

Қалдыбай ырғала түсіп:

— Қызық... Сонда да егіс жоспарын толық бітіріп шықтық.

Мәмет көктем мен былтырғы қыстың күйінен үзіле алмай:

— Сонда қатынның еңбегі жүдә зор болды. Тегі қатын деген берік жан болады екен. Еркек порт кететін көрінеді. Сонау таудан, — деп Мәмет бет алдымыздағы 6-7 шақырым жердегі Жыланды тауын көрсетіп, — рауаш, алғи әкеп, өзіміз колхоз ісінде жүргенде ас қып беріп жүреді қатын.

Осы күні, міне, — деп Қалдыбай сары сеңсенінің өңірлерін қаусыра түсіп, — тамағымыз тоқ боп, күліп-ойнап жүріп істейміз істі.

Қазір, шүкір, күйіміз тегіс! Қам қылып, күндізгі істен босағанда, өзді-өз огородымызды айдап, асқабақ, картоп бәрін де қамдап алдық, — дейді Мәмет.

Ырысбек жақында алған авансты еске алып:

— Еңбек күніне екі килодан астық алдық. Мал басы кеміп қалған еді.

— Саған неге мал тимеді? — дегенге Қалдыбай:

— Мені орташаның баласысың десті. Әкем жеті жасымда өлген еді. Жетім босай-эм қызын... өз бетіммен жан бағып кеткен ем...

— Қатыным, балам бар. 12-13 жаста. Қыс оқуын оқиды. Көктемдегі егісте асқабақ, ләпләме, картоп³, маркоптарыңның бәрін өзі зыр айналдырады.

Мәмет қатындардың еңбегін ұмытар емес:

— Қатындарымыз орыс қатыны істегеннің бәрін істейді. Білмеймін деп тұрмайды. Жүдә өнерлі боп алды.

— Астарыңның нәрлісі не?

Бұндай сұраққа “Жуалы” колхозшысының көбі наннан бұрын асқабақ, жүгеріні айтады. Бұл ертеден осылай.

— Малымызды азайтып алған колхоз ек. Енді алып та, алғалы да жатырмыз, — деп Қалдыбай, — сонда да біреуде сиыр, біреуде ешкі бар. Менің өзімде ешкі бар.

Уа, тамақтың асылы ғой бұл асқабақ, жүгеріге қосып быламық қылсақ, жүдә, уыз боп тұрат, — дейді.

Ертеден отырықшылыққа бейім, бұрыннан егінші. Өздерінің әйелі мен балалары шығарған асқабақтар жуандығы бір-бір құшақ боп тұрса да:

Е, бұл орта ғой. Бұл шыққанда біреуін жүдә, эм, бір кісі көтере алмай қалады, — деседі.

Бүгінгі халдеріне ырзалықтың, тоқшылықтың жауабы мінеки:

— Біздің жігіттер еңбектен қорықпайт, түге. Қайда салсақ, орып шығат. Біздің колхоз еңбекке қазақ колхозының алды деседі.

Бұл соңғы сөзді Жуалы ауданындағы көп-көп колхоздың ақ мүшелері айта түрегеледі: “Қалыспаймыз, беріспейміз, кіммен де болса тең түспесек, кем түспейміз”, — дескендей. Ұшқындап тұрған екпін бұл үшеуімен қатар өзге колхоздың да, өзге осылар сияқты қатардағы колхозшысынан да көп естіледі.

Ванновканың қалың, биік ағаштары жақындап қалды. Бір кезеңнен аса бердік. Ылдида ескі көпір бар екен. Соның қатарынан жаңа, үлкен көпірдің сыбайы қағылып жатыр⁴. Бір топ жас жігіттер биіктеген тақтайларға шығып ап, қоралай тұрып, үлкен жуан түймешпен сыбайды ұрып жатыр.

— Мыналар жетіпті. Бізді кінәлап тұр-ау, — дейді Мәмет. Біз жақындай бергенде, арбамыздың салдырынан екі-үш жігіт бұрылып қарады:

— Е, “Жамбасарық”, “Қараағашты”, түй келінді, түй, — деп, ақсия күліп Ырысбек арбадан алдымен секіріп түсті.

“Шұқырбұлақтың” астық салығын 90 проценттен асыра бітіргені рас. Бірақ аудандағы колхоздың әлдісі де, алды да бұл емес. Қатардағы колхоз. Соның қатардағы мүшелері — Мәмет, Қалдыбайлар.

Бірақ қазір де аудан кіндігінде біраз болып, аудандағы мал өсіруші екпінділерінің съезінде болып шыққаннан кейін маған аудан шетіне кіре бергенде кездескен үш колхозшы қайтадан еске түседі. Бүгінде көйлегі көк, тамағы тоқ, қабағын түймейді. Сенімді түспен ашық қарайды. Күле қарайды. Еңбегіне сүйене, күшіне сене сөйлейді. Асбабына күтімді.

Арғы келешегі — тізе қосқан ынтымағы. Жоспарлы, мағыналы жолға салынған колхоз бірлігі. Былтырғы қыс сияқты, көктем сияқты қиындау кезеңдерден өткізіп, енді бел асырып келе жатқан жаңа өмірі. Алдында сәулелі күнгеі. Мектеп есігін ашып, білімге басып, түлеп өсіп келе жатқан жас буыны.

Осы үшеуі жалғыз өз күйлерін көрсетіп қоймайды. Бүгінгі аудан Жуалының күйінен елес береді. Аудандағы қалың колхозшы қатардағы колхозшы тыныс алған әуеге сені де жетелеп енгізгендей болады...

Жоталы, ірі тұтас денелі — еңбектен біз қорықпаймыз, — деп нық сөйлеп отырған Мәмет сол Мәметтің өзі ғана емес. Ол — Оңтүстік облыс беретін астықтың 40 процентке жақынын беріп отырған Жуалы ауданының колхозшылары. Соның тұтасқан мүсіні.

Сом етті, қызыл күрең түсті Ырысбек — үй басы бір сиыр, 5-6 қой алды. 40—50 пұттан астық алып отырған “Правда”, “Путь Ленина”, “Калининдегі” талай мың еңбегі жанған қалың колхозшының көптен бірі.

Баласы оқып, жаңаның жаңа үлгідегі азаматы боп жетіліп келе жатқан, әкеде жалғыз, санда бір Қалдыбай емес. Жуалының ағарту ісі алдына ұсынатын цифрлар: 130 колхозда 126 мектеп бар. 80 проценті қазақтікі. Онда 210 мұғалім бар. Аудан оның үстіне 950 панасыз баланы тәрбиелеп отыр. Киім, ас, шаймен бәрі де қамтамасызданған.

“Шұқырбұлақ” сүдігерін айдап жүрген тракторда бір-екі МТС бар: Түлкібас пен Бурное⁵. Бұл екеуінде қазір 80 трактор жұмыс істейді. Жақында үшінші МТС те ашылмақ.

Міне егінді мал өсірушілер съезіне жиналған аудан колхозшыларының жобасы — осындай жоба.

Съезде ара-тұра “Мал басын азайтып алдық” деген, “Көшіп келушілерге жәрдем ете алмай отырмыз”, “Сүдігерді, күздікті бітірмедік” деген 11, 13, 26 сияқты ауылдарға қазақтан “Мирзоян”, “Калинин”, “Қызыл шығыс” колхоздары, орыстан “Путь Ленина”, “Правда” тағы-тағы көп колхоздар өз ісімен жауап береді.

— Көшіп келушілерден 15 үй алдық. Отыратын жәй, киім, азық беріп жатырмыз, еңбекті дұрыс қылғандарына мал береміз, — деуші колхоз өкілдерінің саны ұзақ тізім боп кетеді.

Бірақ осылар сияқты бүгінгіге табанын нық басқызып, “Облыстағы ауданның алдымыз” дегізерлік колхозшыларын, аудан басқармаларын еліртпейді, масайтпайды.

Қайта аудан аткомының бастығы Тасболатұлының баяндамасынан бастап, барлық өзге баяндамашы да, жеке сөйлеушілер де: “Бұл аз, әлі кемшілік көп, әлі істерімізді істеп, айтарымызды айтып болғанымыз жоқ. Қайта, тіпті, әлі бастағанымыз жоқ”, — деген сарынмен шығады.

Ол сындар қатаң, ашық кінәлар есебінде үн берді.

— Әлі мал сою көп. Мал ұрлығы бар. “Қызыл шығыс”, “Жамбасарық” сияқты колхоздарға бай-құлақ ықпалы бар. Үй басы сиыры, қойы болып отырса да, өздерінде қой фермасы, жылқы фермасы, сиыр фермасы боп отырса да, май, ет салығын және басқа ферма сектерінде толық орындап отырса да, екінші жағынан, сол “Қызыл шығыс” малдан қысқы азығын жақсылап әзірлемеген. Малының санына мәз болып, сапасын арттырмаған. Қазақ колхоздары қоян өсіру,

құс асырау, огород салу сияқты қосымша азық қорына толық көңіл бөлмеген. Панасыз балаларды орналастыруда аудан 200 мыңнан аса сома шығарады. Үй-жәй, ағаш сайман, жұмыскер күшін беріп отырғанда, қазақ колхоздарының бірнешеуі шама келетін жәрдемнен бас тартқысы келген. Тағы-тағы көп міндер бар. Малда індет бар. Баяғы ескі жамандату, қотыр, маңқаны әлі де жеңіп болғамыз жоқ. Күтінбегендіктен және сондай малдың етіне араласқандықтан, қазір де күйдіргі боп бес кісі ауырып жатыр, төрт егіз, екі ат жамандат боп қалды, — дейді аудандық мал дәрігері.

Съезде сөйлеуші политотдел өкілі ж. Рамазанұлы, аудандық партия комитетінің хатшысы ж. Голиков те осындай міндерді айтады.

— Көктемдегі егісті бітірдік, астық жинау науқанын атқардық, 90 процент асыра астық салығын ада қылдық дегенмен, біз күзгі егісте кем қалып отырмыз. Сүдігер әлі тіпті шабан жатыр. Біздің ауданда мал басын өсіру егін ісімен нық байланысты. Оны ұмытпау керек. Егін жұмысының мезгілі бітіп, ас қоры егінді мезгілімен қамдап алсақ, малың сонда аман тұрады. Малың сонда күйлі болады. Мал жөнінде біз әлі тіпті арттамыз. Партия, үкімет тастаған ұран малды, әлді колхозшы босын деген болса, толық іспен соған жауап беретін біз емей, кім? Ал, біз әлі шабан-шардақпыз. “Көшіп жүрушілік осы 34-жылда бітсін”, — дейді ж. Мирзоян⁶. Ендеше соларды орналастыратын біздің колхозшы, жәй-күй беретін, жағдай жасайтын біздің ауылдар, қалалар болуы керек. Біз әлі оны да барарына барғызып, тындырып қойғамыз жоқ, — деседі.

Съезде сөздер қысқа. Іс жәйі.

— Әлі сүдігер, сүдігер жатыр, тез бітіріп, іске қайту керек. Асығу керек, — деседі, әсіресе.

— Колхозымыз берік, жақсы, жоспарды орындадық. Малымыз бар, күйлі, — деген жеке колхозшының, ауыл кеңесінің, колхоз бастықтарының сөзіне аудан адамдары тұжыра, қаға жауап береді.

Жақсы босаң көктемдегі егісте жақсы едің немесе астық жинауда тәуір ең, қазір қалып қойдың. Малың болса да, қысқы қамың жеткіліксіз. Мал сойып қойғандарың көп, ... мектебін күтімсіз, ... қаржы жұмысы нашар. Жақсы колхоз бір гәнә

белгімен жақсы болып қалмайды. Төрт түлігі сай болғанын қайда? Қайсының? — деп әр колхоз, әр ауылдың жәй-күйін өте жақсы білгендіктен, бастырмалатып омыраулап кетеді.

— Мал басы түгел, — дегендерге:

— Түгел болғанда, 6-ауыл бір түйені сойып, төрт борбайын төрт кісі алып отырсың.

— Бұл түйенің орны төрт тана болды.

— Төрт борбайдың орнына сатып салғандарың. Мал сақтау, мал өсірудің сендер тапқан жолы сол ма?

— Қатын алған колхоз мүшесі болса, соған “колхоздың қосқаны” деп бір-бір тана беріп, 14 тананы құртып отырсыңдар, — деді жәй әңгімеде бір колхоз мүшесіне тағы бір аудан азаматы.

Міне, аудандық съезд осындай өзара қатты сынмен, мінеумен олқылықты сынау үстінде өтті. Өткеннің кемдігін толық, анық түсініп алып, алға қарай есіліп, ширап, екпіндей түсу ұранымен өтеді.

Ауданға кіре бергенде кездескен үш колхозшы әлі көз алдымда. Енді осылардың аудандық тұтасқан образын съездегі Сапар толықтырады. Бұның әңгімесі — тыңдайтын әңгіме.

— “Мен “Қызыл жұлдыз” колхозынан, жүз үй мүше бар. 25 үйі — қазақ. Былтыр бір сиыр алған едік. Сиырымыз бұзаулады. Үкімет салығын орындаудан басқа өзімізге қосымша қып 10 пұт жүгері, 16 пұт картошке алдым. Алты қазақ шаруасы болып сиырдан басқа шошқа да асыраймыз. Торайын да сатып, мал қыламын. Сиырымыздың аман қалуына, сүтінің орнымен жұмсалыуына да осы себеп болды. Кейде киім алып, кейде қарын тоғайып қалады. Еңбек күніне — 378, қатынымдыкі — 135. Әзірге аванс ретінде күніге бір килодан астық алдық. Ақшадай жиыны 280 сом алдым.

Бұрын орыс байына малай болып едім. Әкем де орыс арасында істеген. Бірақ 1911—1912 жылдарда нағашыма Ыластөбеге әкетіп еді. Аздан соң ол жердің елі “тентіреген Тәттібай” дей берген соң, шешем: “Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол”, — деп қайта әкелді.

Тағы батырақ болып жүрдім, бейнет ауыр. Еңбек өнімсіз. Күн ашпа-жалаң. Содан барып “бекет” айдадым. Поштабай

деуші еді ғой. Масат пен осы Көкірек арасында қысы-жазы күн-түн ат айдаушы едім. Аяғында Түлкібасқа пойыз келген соң, ол тоқтады. Содан қайта батырақтық істедім. Сол кезде “Шорай ислам” деген шықты⁷.

— Ол не?

— Молдалар: “Ақтаяқ келеді, ақтаяқ келеді”, — десіп жүрмеді ме?

Сұрастырсам, бұл кәдімгі 23-жылы болыпты. “Мұсылман баласының дінін тексереді. Нағыз білмегенді дарға асады”, — деген лақап тарап, кемпір, шал, жас, кәрінің бәріне намаз оқытып: “Тілі келмегеннің тілін кеседі”, — десіп, үлкен-кішінің бәрін “сәждеге” иген бір заман болыпты.

Сапар:

— Сонда, — деп өткенін еске ала келіп, күліп қойып, — молдалар: “Сенің кәлимеге тілің оралмайды. Тура кете бересің, көкірейген орыс жаққа ауып кеткен”, — деп тіксінтіп еді. Шамасы келмейтін болса керек... 28-жылы қазақ колхозына кірдім. Бірақ өнбеді. Содан орыс араласқан колхозға келдім. Міні, енді үш жыл болды.

— Шошқа ешкімді жемейді екен. Қойда топалаң, ешкіде кебенек, түйеде ала күйек, сиырда мәлік неше дерт бар. Бұл бейшара, ас бермесен, өледі. Болмаса, ешкімге өзінің зарары жоқ. Өзі таза... Енді қоян асырамақпын. Осы жылы бір еркек, ұрғашысын алған ем. Колхозда ат бағушымын. Егіс біткенде бір премие, қырманда тағы премие алдым.

— Қатыным неге ырза болмасын? Бұрын қолы жетпегеніне жетті. Балам бар, он жасар. Екіншіде оқиды. Зайымды әкеп оқытсам: “Мынау бес, мынау он”, — деген болат. Шын айта ма, жоқ па, тани ма, танымай ма, оны мен біліп жатқаным жоқ, — деп күледі.

— Өзің хат танымайсың ба?

— Мен жаңағыдай жұмыс істеп жүргенде кім оқытсын? Әзірше қол тимей келеді. Колхозымызда орыс, қазақ өте тату, бірге туғандаймыз.

Бұл — Сапар тарихының сөзі.

Осы айтылған жалғыз Сапардың ғана тарихы емес. Осы аудандағы кешегі қалың бұқара, бүгінгі қалың колхозшының

да тарихы. “Итке мініп, ирекпен қамшылаған” кешегіден шыққан Сапар нені айтады?

Оның арты: рушылдық, “тентіреген Тәттібай”, оның арты — “Шорай ислам”, ақтаяқ... Дін қараңғылығы, ұлт қиян-кескілігі. Құнсыз малай... Алатау бөктерінің ызғырық аязы қуған жүдеу поштабай...”

Бүгін әлгі өзі баян еткен. Оған түсіндіргіш керек емес. Ол ой тұтқынынан да және құлдық, жоқшылық тұсауынан да құтылған.

Бұл — аудан колхозшысының қалың жуан ортасынан шығып отырған толық денелі кейіпкері. Оның ендігі алды күншуақ, жүзі жарқын. Үйткені ол бір өзінің өмірінде ғасырлар көшулерін кешіп кеп, енді мағыналы тарих бетін ашып отыр. Ойлансақ, ой-санаңды өсіріп, сеніміңді нығайтатын тарих.

КӨКТЕМНЕН БЕРІ

Алатау басына көктен шөккен қарлы қыс кешеден бері бөктерге де сырғып түсті. Кең төскей, сары бөктердегі көп колхоздың егін далаларын, жаңада айдалған сүдігерлерін қазірде бір қабат қар басты. Кешелер қара жатқан бергі беттегі балапан Алатаулар бүгін ала-кұла боп, қырауытқан шал бас тау бопты.

Күн ұзын бөктер ойы мен арғы төмен ойқыл далаларда қалың сұр тұман қалықтап жүр. Шумақталып, ұйлығып, жәй жылжитын ауыр тұман. Баяу тұман. Алыс шеттері тығыз, ақсұр бұлт болып қат-қат түсіпті.

Алатаудың ет бөктерінде биікте тұрған бізге осы қалың бұлт — тұманның үстінен аспанға асылғандай боп, Құландының қарлы басы, Қаратаудың жотасы, Күйіктің де төбесі көрінеді¹.

Әншейіндегі аласа адырларды төмендеп орнаған қалың бұлттар арқаларына міндіріп, аспандатып әкеткен сияқты.

Колхоздың шеткі бір үйінен шығып, орталығындағы үйлеріне таман келе жатқанымызда, ауыл кеңесі Анарбай:

— Апыр-ай, мына тұман жүдә қою бопты да. Ырымы жақсы, жақсы ғой бұ тұманның.

— Қандай ырым болушы еді?

— Айтат қой шаруа. Мал баққан ел шыли есептеп айтпайтын бет, — деп, Анарбай дәл шешуін айта алмағанда, қасымызда келе жатқан егделеу бір колхозшы:

— Тұман, су ғой. Жерге дым түсе береді. Егіндікке наяты пайдалы ғой бұ². Ырымы со да қазақтың, түге... — деді.

Бұлт үстіндегі қарлы, суық жотасына көп көлеңке үйездеген Қаратау көз тартады. Соған қарай-қарай жүре отырып, біз топ үйлерге жеттік.

— Мынау біздің кәпіретіп, — деп Анарбай шеткі бөлек үйді көрсетті. Басына мейрам күні ілінген қызыл ту әлі тұр. Кеш мезгіл жабық екен. Одан өте бергенімізде, екінші үйді көрсетті. Алдындағы айуаны да, өзі де үлкен.

— Бұ мешіт ет. Тұқымын құртып, биыл жүдә қамба қылдық, — дейді. Бұрын мектеп болған екен.

Анарбай қатардағы бір есікті көрсетіп:

— Мынау біздің колхоздың избачительниесі — кітапхана, — дейді.

Тап-таза, орташа бөлме. Қабырғаларында айнала жапсырылған көсемдер суреттері, плакаттар. Бірақ аудан қазақ тілімен жазылған плакатқа жарлы ма, әлде не?

Бір плакаттан басқаның бәрі орысша. Ортада қызыл жабылған биік үстел. Айнала ұзын орындық. Үстел үстінде қазақ әдебиеті.

Зор жетіспегендік: бізде бір газет жоқ. Кімнің кінәсі екенін біліп болмайды. Әйтеуір Бурный айналасында қазақ газетін мезгілімен көру былай тұрсын, тіпті нысыпымен көрмейтін жерің толып жатыр. Мынау кітапхана жаңадан ашылған.

Жалғыз кітапхана емес, бұл колхоздың бүгінгі бар дүниесі де осындай жаңа, жас. Себебі: бұл колхоздың тарихының өзі де жас. Әрбір жәйін: “көктем”, “көктемде”, “көктемнен бері” деп бастайды мүшелері.

Үйткені, бұлар көктемге дейін басқа бір колхоздың ішінде болған. Ол көп үйлі, көп жерге шашылған ыңғайы, икемі аз колхоз болған. Содан бөлініп шыққан 75 үй — осы колхоз. Соңғы кезде 75 үйге бұрын көшіп кеткен елден тағы 35 үй келіп қосылыпты.

Осындай тарихын көктемнен бастайтын колхоздың аты — “Мирзоян”.

“Бурный” политотделінің қарамағындағы 19 колхоздың бірі әзірше қатардан озып кетпесе де, бұл колхоз бірнеше күрделі істің жобасын көрсетеді.

Бұрынғы мешіт — бүгінгі қамба мен кітапханадан өткен соң, келесі бір үйге тақалдық. Төбесі қалың жабылған, сырты ұқыпты боп жақсы сыланған. Бұл — мектеп.

— Бұны биыл салғыздық. Бұл — биылша оқылатын орын. Келесі жазда анау жазықтан ұзын қып тұрып клубын, кітапханасын бәрін қосып бір-ақ саламыз да, мынаны колхозға береміз, — деседі жолдастар.

Мектепте екі класс бар екен. Соларға арналған екі бөлме. Іштері жарық, көңілді. Колхоз өз күшімен өз ісмерлеріне кәдімгі парта жасатып қойыпты.

— Ағаш табу, әйнек табу қиын. Осы бізді қинайды. Мектеп үлгілері салынулы. Бірақ терезесіз, — деп аудандық оқу бөлімі

нық күйзеліп отырғанын көріп ем. “Мирзоян” колхозы барды сатып, жан-жақтың бәрінен ізденіп жүріп, әзіргі мектебінің аспабын түгендеп апты.

— Биыл гәнә іс бастаған. Осыдан басқа не істей қойды дейсің? — деп, мен енді көрмелеріміз осымен тамамданған шығар деп ем. Жок, Анарбай мен мұғалім Өмірәлі тағы ілгері ерте бастады. Екінші сондай үйге келдік. Жанында мектеп жасына жаңада ілінген 20 шақты бала күн шуақ жаққа топтанып қайнап жүр екен³. Бұрыштан шыққан бізді көрісімен, қалт етіп тұра қалысты.

— Бұл балалардың ынтырнаты...

— Қай баланың? Қанша баланың?

— Бізде мына “Игілік” колхозының балалары да оқит. Ауылдары қашаң. Және киімдері нашар... Қыс суықта оқи алмай қалат та. Сосын осында ынтырнат ашып отырмыз...

— Азығын кім береді?

— Со колхоздан алдық. Үйлері байғұстар, наразы болмастан, таяр қылды. Балалар оқу жылына азыққа қамтама-сызданған, — дейді мұғалім.

Жиырма баланың үйлері кең бөлме. Жалғыз-ақ нары жоқ. Оны жақында әзірлемек. Қазір пеш салып жатыр колхоздың бір ұстасы. Астарында киіз көрпелері.

Қарсы бөлме мұғалімдікі.

— Пеш салынып біткенше, киімі жұқа балалар жаурап қамасын деп, өз үйіме жатқызып жүрім⁴. Бұрын бір талайы аткөшніктің балалары, — дейді осы араның тілімен сөйлейтін осы жерлік мұғалім.

Бұл үйге қарсы тағы бір осындай үй тұр. Оған келгенде:

— Бұл ысталабай, — деседі.

Ауызы — ас үй. Төргі бөлмеде үстел, ұзын орындықтар. Әлі іші сыланып болмаған.

— Пешінің бабын таба алмай тұрмыз да енді осының. Қыш (кірпіш) қинайт жүдә. Арбамен кісі жіберіп соны промхоздан сұратып ап жатырмыз осы пештерге. Онда да аз, жетпей жатыр. Темір пеш қоюға болмайты деп жатыр Районо.

— Оның да бабы табылат, табамыз, — дейді Анарбай.

Осы салынған жаңалықтың барлығына басшы болған соның өзі. Омыраумен, екпінмен жүріп майдан бері ағарту жөнінде көп іс істеген көрінеді.

— Көреміз, енді осымен біткен шығар, — деп ойлай бергенімде, алдымызда төбесіне қызыл ту орнатылған тағы бір үйге көзім түсті. Солай беттедік.

— Бұл — жаңада салынып біткен моншамыз.

— Қашан бітті?

— Осы мына Октябрь мейрамына қарсы бітіріп, тақ мейрам алдында бар колхоз мүшесін түсіріп шығардық.

Қатарымызда келе жатқан бір колхозшы:

— Жүрегінің ыстығы бар адамдар көтере алмай да қалды... Жүдә ыстық.

— Анарбай монша салғызып, колхоз мүшесін өлтіріп апты, — деп жүрмесін біреу деп — нашатырный спирт алғызып қойып ем. Басы зеңіп, елти бастағандарына соны иіскетіп адам қыла бердім, — деп, Анарбай бізбен бірге күліп қояды.

Бұрын бұл орындардың ешбірі болмаған, жаңа жасай бастаған жас талапты колхоздың бір биылғы жазда тапқан жаңалықтары — осы.

Енді төрт-бес күнде мектепке радио орнайды. Ол — шешілген мәселе. Ақшалары әзір. Барлық колхоз мүшелері ауданға жүргелі отырған Анарбайға:

— Әпкел, осы жолы тастамай ала кел, — десіп кезек-кезек тапсырады.

— О, болат, әкемей қоймайым жүдә. Өне күні тайындап кеткем ғой. Таяр о, — деп алып — Анарбай бір арманын айтады⁵, — әттең, осы балалардың киім жағы, әсіресе, аяқ киім! Со жүдетіп тұр да, қызың... аптан⁶.

Алматыларда екі жердің бірінде кездесіп, кәдірі нық бағаланбайтын радионың бұл арада қаншалықты қымбат қонақ болатынын түсінесің.

Қыс келеді. Ұзақ кештер бос. Колхоз газетті де реттеп ұдайы ала алмай жатыр. Көпшілік, ересектер сауатсыз. Өзі — Алатаудың дәл түбінде қойын өрде жатқан аз үйлі колхоз. Жолдан қиғаш. Қыс кіре бұл бөктердің “табаны күректей” мықты поездарды жүргізбей, шабаланып, қамап тұрып алатын ақ бораны басталады. Ұмытыларман боп колхоз мүшелері қалады. Сонда әндетіп, күйлетіп, сауаттандырып, дүниеден тіл, хат әперіп тұратын радиоға кім жетеді. Колхозшылармен бірге мен де:

— Радио, радио, — дедім. Үлкен қалаларда кәдірін ұқпай жүргендерім бұл жерде жуылып, шайылып кетіпті.

— Радиоға шақырмасаң, әм келетін болат. Сонда кітапханада кәзет, кітап оқып, сауатсыздарға мектебін ашып, адам бомаймыз ба сүйте-сүйте.

Осы әңгімемен тобымыз бірінші бригадтың ат қорасына тақадық. Күн батқан еді. Аттар су ішіп кеп, қорасына кіріп жатыр екен.

— Әй, екіншінің атшысы! Ертең ана жегіне шығатын аттарыңа шөпті дұрыстап салғыз, — деп, колхоз бастығы Тоқаң (мұны бар колхоз мүшесі солай атайды) дауыстап тұр екен.

Өзі біріншінің атшысына ілесіп, оттық-оттыққа шөпті дәлдеп салғызып жүр.

Бұл колхоздың үлкен ойы — “мал-мал”.

— Мал басымыз аз. Сиыр елу үйімізде бар. Жартысында жоқ. Бөлінгенде алғанымыз сотұғын. Жылқымыз 73. Уақ мал жоқ. Ертеде ада болған⁷. Енді кәй жерден жиятынымызды кім білсін? — деп, Тоқаң мал жәйін айта кеп:

— Кредит деген сөз бар ет. Пұл тисе, жиып-ақ алар ек, — деген кезде, жайланып болған аттардың қасынан кетіп, тобымызбен жақындағы үйдің ығына келдік.

Тоқаң:

— Мал тисе, тісті тіске қойып, баласындай күтуді бұл колхозшының бәрі ұғып болды.

— Ұқпағанда кәйтет... Малды бауыздағаны өзін бауыздағаны емес пе колхозшының.

— Әне, көріп отырсың ғой. “Игілікті”, тіпті, өкімет тауысқан жоқ соның малын. Немен ада болды?..

— Енді ме, пешенеге бермесе, амал жоқ, әйтпесе... ешкі де болса, беріп көрші.., — десіп, колхозшылар бірінен-бірі іле жөнелісті. Колхоз бастығы соңғының сөзіне күлімсіреп:

— Ешкі болса да, — дейсің.

— Жәй айтам-ау, ешкі-сиыр, сиыр ғой жүдә ... — деп әлгі жігіт тағы үн берді.

— Ешкіні мен саған айтайын, — деп Тоқаң тәжірибелі, есті жүзбен бір әңгіме бастады. — Жиырма екінші жылы

бір көк шолақтан басқа ештеме жоқ. Бір күні ыстансаға екі жарым пұт арпа апардым. Сатып көңе әкелмекпін. Қарасам, сол пұлыма бір ешкі тұр екен, соны әкелдім. Келесі жылы егіз лақ тапты... Оның келесінде өзі екеу, ана екі лақ бір-бірден тапты... Содан қойшы, жүре бастады. Аяғы кеп, осы мына сиырым болды. Бір жақсы ат та болды. Сойғаным, киім киген, сүтін ішкенім төбесінде. Ақыры со ешкіден жиылған малды колхозға әкеп қостық. Кредит тисе, жүдә, мен ешкі алар ем, осы колхозға түге, — дейді. Отырған колхозшының бәрі шұлғып мақұлдайды.

— Енді мә, сірә енді? — дескендей бәрі де. Бұлардың алдыңғы істері, ұйымшылдығы, көз қырағылығы, жаңа егіс науқаны мен астық жинау ісінде кеуделеп алға шыққандықтары — барлығы да жас колхоздың жас талап, жас екпіні сенімді, өнімді екеніне сендіргендей болады.

СӨЗ АЛҒАН ТАУ САҒЫЗ БЕН КӨК САҒЫЗ

Ашық, тынық, ерекше бір мөлдір таңертең. Мөлдір дейтінің: алыстағы Алатау биіктері де, айналадағы далалар, адырлар да, алыс-жақын селдір тоғайлар, поселкелер де тұптынық мөлдір судың түбіндей боп, буалдырсыз ап-айқын көрінеді.

— Мынау далаларда біздің құрғаққа еккен тау сағызымыз, — деп, ж. Сариев оң жақтағы адырларды нұсқады. Жаңадан шығып, аз ғана көтерілген күннің қиғаш сәулесі ол адырдың бетіне кеп көлеңке түсіріп, қатпарын, бүктесінін көбейтіп тұр. Биік тұрғылары жоқ, көп ұсақ төбелі жазаң адыр қазірде жыбырлаған ұсақ толқынға толған әлдеқандай көл бетіндей боп көрінеді. Бір көлеңке, бір сәуле кезек-кезек шұбартады.

Сол жақта, бір шақырымдай жерде “Бурный” поселкесінің куқыл тартқан жалаңаш теректері, қызғылт селдір ағаштары көрінеді. Біз 15—20-дай кішкене таза ақ үйлердің жанында тұрмыз.

— Анау қызыл үй — біздің монша, мынау — баяғы трактор паркы...

Мүржелерінің түтіндері басылған көп трактор дем алыста тұр. Қастарында айқыш-ұйқыш боп жиылған пұлықтар, сепкіштер... Бұлар да енді тыным алған.

— Кешегі алтыншы ноябрь күні, біз егіс жоспарымызды 100 процент орындап бітіріп шықтық. 50 гектар тау сағыз, 150 гектар көк сағыз ектік.

— Бізді екінші нөмір промхоз дейді. Бұнда осы жылдың ісі — айтарлық іс. Жәйін өскен тау сағыздан жиятын тұқым жоспары 1500 кило еді. Біз 2226 кило жидық. 188 процент орындадық.

— Көк сағыздан 94,4 кило тұқым жинадық, бұл сағыз күтпеген жерден тамаша өнер көрсетті...

Ол жәйін егістерді аралап жүргенімізде маман Бабасов жолдас баян етеді:

— Біз 94 килоны жабайы санын алғанымыз жоқ. Былтыр өзіміз еккен жерден алдық. Бұның жәйі тау сағыздан

да мәлімсіз болатын. Өткен жыл ғана басталған өте жас тәжірибе еді. Қызығы көктемде көп көрген үлкен мамандар: “Үш жылдық па екен, болмаса, бес жылдық бола ма, әйтеуір тәжірибе ғой, күтесіндер ғой”, — деп, сабыр мен шыдам жәйін көп үгіттеп кеткен еді.

Бір кезде, жаз ортасы ауа бергенде байқасақ, өзіміз еккен көк сағыз жоғарғы болжаудың барлығына дау айтып: “Олай емес, былай”, — деп гүл шашты. Белгілі: гүл шашса, ұрық та береді. Тау сағыздың бір қиындығы: 3 жылсыз нәтиже бермейді. Мынаны да соның інісі ғой деуші едік. Бұл сонымен екі жылда ұрық беріп, бүкіл одақта өзінің туысын паш етті. Сол былтырғы егілген саннан 10 гектардың тамырын алып, каучук шығаруға да жібердік. Лаборатор ретімен зерттегенде, 12 процент каучук берілді. Тау сағыздікі 18—20 процент, оның сапасы да артық екені рас. Кеңес каучугінің алды тау сағыз ғой: ол сыннан өткен. Жаңадан болған Мәскеу — Қарақұм — Мәскеу жарысында тау сағыздан істелген дөңгелек тағы бәйгеден кеп отыр.

Көк сағыз дәл ондай емес. Бірақ бұның ұзақ күттірмейтін, екі жылдық болуы ерекше қасиетті.

— Және бұл табыс бірінші рет осы біздің промхозда ғана істелді. Бүкіл одаққа екпелі көк сағыздың ұрығын беріп отырған біз ғана.

Бұл промхоз адамдары: “Одақтағы біріншіміз”, “алдыңғы орын бердік”, — деген сөздерді нық сеніммен айтады:

— Бұрын үлкен орын Түркістандікі болған еді. Немесе Өзбекстандағы “Жон” елеулі еді. Біз құр тәжірибе үшін ғана тіршілікке право алушы ек.

Енді, міне, екінші нөмір промхоз ылғи ғана:

— Одақта, Кеңес одағында, — деп қана сөйлейді. Бұларға биылғы жыл берген масштаб солай. Әлдеқалай толғағын “келер, келер жылдар” дегізіп жүрген көк сағыз жаз ортасында, ай-күніне маң етіп тайы құлындап, тоқтысы қоздаған промхоз.

Өткен жылдың егіс далаларының ішінде бір гектар жер әшекейлі боп оқшауланып тұр. Егілген қатарларының әрқайсысын тоқыма қоршауларға бөлеп қойған. Бұл — қылтыңсылтыңы көп ерке бала — тау сағыз-ды. “Осымен жұбатар

мекен”, — деген құндақтың бірі екен. Тәжірибенің бұл да бір түрі — Золотов тәжірибесі деп аталады¹. Сенсең бас бала тау сағыз немесе тығыз жирен сақалдай тау сағыз бұл қаталарға уанған сияқты. Сырттан қарағанда, осы бөлеуді жәйлі көрген ыспатты. Жәйі шығыпты. Бірақ тау сағыз, көк сағыздың да зиянкестері бар. Ең қауіптісі — көр тышқан. Золотовтың тоқымасы көр тышқанның залалды әрекетіне аса жәйлі жағдай туғызады екен. Сыртынан жиі-жиі боп тұрған тау сағыздың көп жерде тамырлары қырқылып қалған...

Сонымен бұл тәжірибе тау сағыз тарихының артта қалған, жылы болмаған бір беті есепті. Бүгінде “менің атым қаталық” деу үшін тұр.

— Біз бұл күнде тәжірибе сатысынан өтіңкіреп, бұрынғы белгісіздік тұсауының көзін біртіндеп кесіп кетеміз, — деседі Сариев жолдас пен Бабасов.

— Су таңдауы қандай? Жердің қандайы керек? Күтім не күйде болмақшы? Бұның көбін айыратын боп, жер танып қалдық. Бұл екі сағыздың екеуі де жылдан-жыл асқан сайын сенімді боп барады. Одақта жиылған тәжірибе қазірде мол деу керек.

Бабасов бұдан біраз жыл бұрын болған бір жәйді жеке ала кеп, күлімсіреп:

— Глауола жәйінде Макагон (бұл — трест бастығы): “Аме- риканың үлкен ғалымы Эдисонға хат жазып², жөнін түсіндірсеңіз қайтер екен?” — дегенде: “Менің ондай болымсызға шаршарлық уақытым жоқ”, — деген екен. Енді сол Эдиссон: “Тау сағыз турасындағы тәжірибелеріңді айт”, — деп өзі жазып, емінуге уақытын аямайтын көрі- неді, — деп күліседі.

Екінші нөмір промхоздың одақ масштабын есіне алатын тағы бір орын — жанындағы техникумы.

Одақта екеу-ақ. Бірі Киевте, бірі — біз... Бұның 130 оқушысы бар. 60 проценті — қазақ. Және фабрик-завод мектебінің дәрісіндегі екі жылдық “Промхозуч”. Бұдан 190 бала бар, көпшілігі — қазақ. Оқушы, оқытушы мамандары көп болғандықтан, промхоз “Бурный” қаласында үлкен мәдени орын боп саналады. Бастығы — жақын көршілері “Путь Ленина” колхозы боп басқа көп жақын колхоз да бұлардан

ұдайы жәрдем алады. Ұдайы шептігінде тұратын “Қуаныш” колхозынан басқа егіс үстінде, пішен шабуда басқа қазақ колхозына да жәрдем еткен “Путь Ленина” колхозы 30, 31-жылдарда промхоз тракторлары қатты жәрдем етті дейді.

Бүгінде колхозшылар арасындағы саяси, мәдени тәрбиенің көбін де сол промхоз күштерімен жүргіземіз.

Техникум директорының орынбасары ж. Әбеуұлы колхоздарға комсомол жәрдемі қандай болатынын санап кеп:

Егіс науқаны, астық жинау науқаны немесе колхоздардың есеп-қисабын ретке салып беру жұмысы — барлығын да жүргіземіз., — дейді.

Промхоз мектебінің көп шәкірті — маңайдағы колхоздардың жастары. Ол жағдай да колхоздар үшін ерекше пайдалы.

Бүгінде “Путь Ленина” сияқты көрші колхоздардың егіс жерлерін алыңқырап жүрген промхоз, жылдан-жыл ісі ұлғаюмен қатар осы колхоз осы өз маманы қып әкетуі де ғажап емес.

Жолдас Сариев промхоз салған көп үйлерді көрсете жүріп:

— Біз көшіп жүрген қазаққа да көмектесіп, — ақ үйлердің бірін көрсетіп, — мына үй — соларға берген үйіміз. Осында 17 үйді жұмысқа алып, жей-күй беріп отырмыз. Бұның оны ұдайы қызметте, бесеуі күнделікте. Екі үйдің іші түгел ауру — безгек. Оларға ақша, азық жәрдемі істеп, оңалғанын күтіп отырмыз, — дейді.

Мен көшіп жүргендерге алғаш кездесуім осы еді. Жолдас Сариев жұмысына баратын болғанда, мен соларға қарай кеттім.

“БІЗ ӘТКӨШНЕКПІЗ”

Ақ үйге тақай бергенімде, бір пәтердің алдындағы айуанға*¹ орта бойлы қараша жігіт шықты. Қасында он-он бір шамасындағы қыз бала бар. Жігіт жаңалау қара бешпетті иығына жамылып желбегей салыпты. Қысқа қою қара мұрты бар. Қабағын кірбеңдетіп жиырып маған қарамай, айлануға, алысқа қарап тұрып сөйлейді.

— Біз әткөншекпіз. Таластыкіміз, — деген сөздерден бастап Қыстаубай сөзінің бәрін ерекше қып, “қошқар мүйіздеп” айтады. Өзінше бір сән іздеп сөйлегендей. Бұрыннан, жұртша сөйлеуді қанағат қылмай, өзінше ажарлауды машық еткен сияқты:

— Бұ арада бес үйдің жауабы бар. Екі үйдің жауабы орнасқан. Үш үйдің жауабы орнаспаған, — деп “жауабыға” тірей бір сөйледі.

— Өзің қайда істейсің?

— Қарауылда.

Мен қақас естіп, үй салу жұмысында екен деп:

— Қалауда? — деп, қайта сұрағанымда, қасында тұрған күлегеш, көңілді қыз сақылдап күліп жіберді. Маған күлгенін жасырмастан, жаңағы сөзімді мазақтап:

— Қалауда, — дейт! — деп қояды.

— Жерімізде колхоз мүшесі екі! — деп Қыстаубай жәйді баян ете бастады.

— Налогты көп төлеген ек те!

Бұрын мал баққан.

— Онда бай емес ек. Боса 5-6 сауын әркімде боған етте². Колхоз аса, барамыз. Жұмыстан қашпаймыз. Анау үшінші ауыл колхозы алмады.

— Қазірде мұнда жұмыс көп болмай тұр. Ісім күнделік. 600 грамм алам.

— Семьяға берсе, о қызмет қой, ағайын-ау! Колхозымыздан кеткенде, нанның жағдаяты бомай, содан кеткен ек.

* Айуан — есік алдындағы бастырма — коридор.

— Бір 11 үй анау стансаға орнасты; соның колхозына... 15 үй тағы колхозға орнасты. Колхоз аса неге бармайық³. Орыстыкі боса, орыстыкі босын тіпті жүдә. Жағдаяты боса боғаны та!

Бұдан өтіп — екінші пәтерге келдім. Мейрам күндеріне қарсы кеп, әлі орналаспай отырған бір-екі үй екен.

Ауыздағы кішкене үйдің ортасына, біраз ғана кірпіштің арасына шоқ қойып, соған талтая қақтанып отырған бір безгек ауру. Қасында кебісін жамап отырған бір кемпір. Бұлармен жөн сұраса бастағанымда төргі үлкен жазық үйден бір қатын, бір жігіт шығып кеп отырды.

Бұлардың өндері сау. Түстері қызғылт, таза, екеуі де жас. Қайратты адамдар тәрізді.

Бұрыннан отырған безгек ауру жалпақ бет, әйел жүзді, көсе сары. Деміге отырып отты көсей түсіп, көп сөйлейтін сол. Өзгеден сұраған сөзге де өзі жауап бергелі асығып тұрады.

— Мынау — менің қатыным, — деп төргі үйден шыққан әйелді көрсетіп, — жаз бойы масақ теріп үй ішімізді осы асырап шықты. Мынау да жұмысқа мығым, — деп, жігітті көрсетіп, — бұл — менің балдарым, — дейді.

Ол жігіт — Бейсембай:

— Мынау кісі біздің жездеміз болады.

Келіншек Мейізкүл жұмыс жәйін айтқанда:

— Жұмыстан неге қашайық? Ол аштықты тілегеніміз бе? — деп күліп қойып, — “Мынау мейрам өткен соң жұмыс бөлеміз”, — дейт.

Бейсембай бұдан бұрын жүрген жерлерді айта кеп:

— Таластан көктемде кеткесін⁴, совхозда істедік мынау апамыз екеуміз. Одан колхоз жұмысында да болдық... Аш боғамыз жоқ ек... Бірақ бір жерде байыздап тұрмадық, жүре бердік. Мынау кісі, — деп жездесіне нұсқап, — “Ана жер тәуір, ана жер жақсы”, — деп жылжыта берді түге, — дегенде, жездесі тырысқақ ашушаң қабағын кіжірітіп, ала көзімен тыжырына қарай қойды.

— Мынау кісі ше? — деп кемпір жәйін сұрағанымда, жезде:

— Бұ Таластыкі боғаны бомаса, туғанымыз емес.

Кемпір үн беріп:

— Бір жердікіміз. Бір Талас дейді.

Жезде тағы ол үшін сөйлеп:

— Бұ жұмысқа орнаскан... Осында істейді, мынау мейрамға екі күнге босап отыр...

Кемпір қақас естіп, анадан дәлісін білейінші дегендей қып, жамауын тоқтатып үңіліп:

— Он екі дейт?! — деп дәмелене қарады.

Сөзуар жезде бұл жерге келгенде қайта айтқызғанға тырысып ашуланып қап:

— Екі күн десем, қайдағыны айтқаны нес, байғұс! — деп тұжырып тастайды.

Іс қылатын, еңбекті тілейтін Бейсембай, Мейізкүл кемпір бірге, бұл әрдайым тыжырынып шытынап қожаңдай беретін тәрізді...

Қызметке алған совхоз, колхозға байыздатпай, сырғалаңдатып жүрген де осы сияқты.

Бірақ Бейсембай, Мейізкүл:

— Енді осы жерден кетпейміз. Жұмыс берсе, болады. “Анау жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ”, — деп, кезе-кезе болдық, — деседі.

ІСТЕРІ СӨЙЛЕЙДІ

Колхоз басқармасынан шығып, сол қорадағы қос терезелі кішкене ақ үйге қарай жүрдім. Салам шатырды үстін қалың қып сылаған, сырты таза. Қысқа қарсы бүтіндеп салынып-қымтанып алған аласа үй. Бұл поселкедегі осындай көп, кішкене үйдің бірі. Іштерінде ертеңнің қамын ойлап, бүгінгі күн еңбек етіп отыратын салақ емес, салқы емес, ұқыпты тұрғыншысы бар үйлер екенін көрсетеді бұл үйлер. Жақындай бергенімде, үй шаруасына лайықты жұпыны киім киген, орта жасап қалған жарқын жүзді әйел шықты. “Бурный” поселкесінің үстінде ұдайы үрлеп тұратын күздің қырау желі екі самайының шашын, салысының астынан түтіп шығарып, соны біресе иегіне, біресе көз-мұрнына қарай ойнақшытады. Басқан жерінен үздік-үздік шаң борайды. Биік бойлы жұмыскер денелі әйел қолына бір ескілеу шелекті ұстаған бойымен қораның бір бұрышындағы сиыр қораға таман өте берді.

— Айтыңызшы, жолдас Науменко осында тұра ма? — деп алдағы үйді көрсеттім.

Әйел тоқтап:

— Ия, осы үйде!

— Үйде ме екен?

— Үйде, — деп, күлімсіреп маған қарай бұрылды.

— Мен жолықпақшымын..., — деп қозғала бергенімде:

— Жолығыңыз, — деп ілесе жүрді.

— Әлде сіз?..

— Ия, Науменко мінеки, — деп күліп, қолымен санын сипап кеп, менімен амандасты да:

— Мен сізді білем. Естігем, — деп үйіне ертіп кірді.

“Путь Ленина” колхозы туралы бұрыннан естіп-білген жайларым бірқатар еді. Оның үстіне колхоз бастығы Калашниковпен де сөйлесіп шыққан ем. Енді Науменко солардың көбін өз тілімен, өз түсінігі бойынша кеңінен баян етті.

Сөзін сұлулап, ажарлайын демейді. Орыстың оқыған елі сөйлейтін қала тілі дегендерден — газет арқылы, жиындар

арқылы алған бірен-саран сөздері болса, оны оқта-текте ғана қосып қояды. Болмаса, ол өзінің украиншасы аралас жалпақ шаруа тілімен сөйлейді. Шешен сөз қажет емес. Бұлардың кешегі, бүгінгі істерімен алдына жайып салатын цифрлары, фактілерінің өзі-ақ әрі жарастықты да, әрі шешен.

Біз 1930 жылы 700 гектар, 31-жылы 1300 г., 32-де 2087, ал, биыл, 33-де, 2672 г. еккенбіз.

Қазір сүдігер айдау мен қысқа қарсы мал қорасын салу жұмысындамыз.

— Күздік пе? Біз оны 20 октябрьге тәмамдағанбыз. Үй басы сиырымыз бар. Тауық, қоян, кейбіреулерде шошқа да бар. Еңбек күніне 1 жарым килодан аванс алып отырмыз.

Сүт фермамыз бар. Қара жұмыс көліктеріміз бар. Бәріне де қысқы жай, азық-түлік түгел қамданған. Қолында сиыры бар үйлердің бәріне де колхоз қысқы жемін жетерлік қып беріп отыр.

Әр шаруа огород өнімін тегіс жиып алған. Арамызда ертеден келе жатқан қазақ мүшелерден 15 үй бар. Олар: “Огородтан гөрі тары салсақ”, — деген соң, бәріне жеке пайдасына тары да егіп бергеніміз.

Орыс-қазақтың мектеп жасындағы баласынан оқымайтыны жоқ. Жеті жылдыққа айналып өсіп келе жатқан мектебіміз бар. Қаламыздың ортасында больница.

Біз — күшті колхозбыз. Сондықтан көршіміздегі “Құрама”, “Қуаныш”, “Қызыл Пресня”, “Қызыл шығыс”, “Талапты”, “Қызыларық” сияқты қазақ, орыс колхоздарына науқан сайын жәрдем етеміз. Осы күзде де “Талапты” колхозының 156 гектар пішендігін орып бердік. Осы колхоздардың машина-сайманын бүтіндеп-түзеп отыру ұдайы біздің мойнымызда.

Көктемдегі егісті еске алғанда, Науменконың ажимды жүзі шытынай түсіп:

— Бірақ көп еккен егініміз жақсы шыққанда, біз осы бір-ақ жазда байыр едік. Шын байлықтың өзі келер еді. Біз мемлекетке беріп болғаннан кейін қанша үлесер ек?..

Бірақ болмады. Биыл астық шығысы нашар... нашар болды.

Бұл жерде колхоз бастығының сөздері де есіме түсті.

“Путь Ленина” бұл мәселеге биылғы жылдың екі түрлі кемшілігін ұмыта алмайды.

— Шығысы, біріншіден, нашар болды. Екінші, сан мол болған соң, асығыстап іс қылып, тұқым шашуда қатты ағаттық

істедік. Тұқымды қолмен шаштық. Сол кезде колхоз мүлкінің ресуәлеу боп бара жатқанын көргенде тіпті жыларман болдым талай рет, — дейді Науменко.

Біз қолмен шашпай, садилкемен отырғызу керек еді тұқымды. Онда әрі тұқым аз кетеді. Гектарға екі пұттай жанда қалар еді. Және садилке тұқымды терең көмеді. Биылғыдай құрғақшылық жылда терең көмілген тұқымның өнімі жақсы, шығыны кем болар еді.

Ә, күздікті садилкемен отырттық қой. Енді келесі көктем тұқымын да, не қылсақ та, сонымен отыртамыз.

— Еңбек үстінде біздің әйелдеріміз ешбір еркектен кем емес. Бірақ еркектер әлгі өз көзқарасын түгел жоя алмайды. Мен оны ұдайы айтып отырам.

— Шынында еркектен бәйге алушы әйел көп қой!

— Рас, үйретсе, қатарға алса, неге кем болады? Мен былтыр огород бастығы ем. Бір қазақ әйелін өзге әйелдер жамандай берді. “Ісі өнімсіз. Жалқау шығар”, — деседі. Соны өз қарамағыма алып, картопты қалай отыртады, капустаға қандай істер керек — соның бәрін үйретіп жүрдім.

Аздан соң үйреніп ап, орыс әйелінің алдына шықты. Бәйге алды. Биыл біреуі тағы солай бастап, қазірде ол да бәйгеге ілініп отыр.

Үйретсе, көңілдендірсе, ісі де өнімді, өзіне де пайдалы, көңілі де өседі. “Өне, Ақпай кімнен кем?” — дейді. Ақпай — “Путь Ленинаның” ұдайы озып жүретін желді аяғы. Сүт фермасында істейді.

Көктем бізге тегіс ауыр болды ғой. Рас, нансыз болғамыз жоқ. Бірақ бір қадақтан артық тимейді. Бір күн қарасам, Ақпай бетінің бәрін ажым басып, кіп-кішкентай боп қапты.

— Күніне бір литрден сүт және әрқашан абрат беріп тұрыңдар, — дедім. Жаз ортасында Ақпай бұрынғы қалпына келді. Енді қазір көріңізші. Сондай ажарлы, сондай таза.

— Бірақ қазақ мүшелердің ішінде жалқауланатыны да жоқ емес. Әрине, жалқау орыста да бар. Бір керенаулығы үшін жақында үш орыс мүшесін колхоздан шығардық. Мен әрқашан қазақ мүшелерге көп көңіл бөліп: “Жай-күйін көп ұғынайық, қаталаспайық деп, ұдайы нық күзетіп отырам. — Бір бөгеті қалада тұрмай, ауылда тұруынан да”, — деймін.

Сондықтан қала ішінен 15 үй дайындап, “Осыған көшіп кеп тұрындар. Әйтпесе, жерлерің қашықтық қылады. Жұмысқа кешігіп көп қалуларың содан. Ал, бригада бастықтары сенің кешігуінді саған мін қылады. Көшіп келіңдер”, — деп ем, соған келмейді. Бірақ ұғысамыз, олар да бастығады, — деп қояды¹.

— Ересегіміздің бәрі ликбезден өткен. Саяси мектебіміз де бар. Каучук техникумы көп жәрдем етеді. 30-жылдан тракторларымен қатты болысқан еді. Енді мәдени күштерінің жәрдемі мол.

— Ең үлкен жәрдемшіміз — политотдел. Машиналары — ол өз бетіне. Басқа толып жатқан үлкенді-кішілі істе ұдайы жәрдем алып тұрамыз. Біресе Савельев, біресе Рамазанов.

— Өзім солармен ақылдасып алып істесем, жұмыстың есебі де оңай табылып, сенімім де артып түседі.

— Рамазанов қандай, “жанындай азамат”, — деп, политотдел бастығының орынбасарына дән ырза болады.

— Қоғамдасып тамақтану ісі жаз науқандар үстінде болады. Бірақ қысқа айналғанда үйді-үйінен ішеді. Оны әлі ұмыта алмай келеміз. Әсіресе, бала-бақшасы. Жаз бар. Қысқа айналғанда балалар үшін деп біз астық ұстап қала алмаймыз. “Алғаныңнан балаларға шығар”, — десек, соған ел көне алмайды. Әйтсе де, енді баланың тәрбиесін тастай алмаймыз. Ашамыз.

— Дін мәселесі ме? Жастар жағын алсаң, клуб, кино сауық болса, сол жетеді. Олардың құдайы — сол. Бірақ кәрі жағымыз әлі түгел арылып кеткен жоқ. Саяси мектеп сияқтыдан олар оқымайды да және көп уақыты да болмайды. Мысалы, қазір үлкен шаруадан азғантай алаңы болса, мүшелерге: “Үй-жайыңды бүтінде”, — дейміз. Сонымен қысқа қарсы жаманып-жасқанумен болады. Ол үй колхоз мүлкі ғой, жаматып, түзету — колхоз шаруасы.

Жеке мүшелердің ішінде өте жақсы колхозшылар бар. Колхоз дүниесін барынша күтіп, бірдемесі олқы болса, күйіп-жанып барын салып отырысады. Мысалы, біздің, — деп күліп, — “бурал бригаді” деген бірнеше адамымыз бар. Вагненко, Пашковский сияқтылар. Бұлар егін қалай егіліп, қалай жиналып жатыр, кемшілік не, қайтып жою керек. Сол туралы өздерінің тәжірибе, білім, көмектерін ұдайы беріп отырады, — деген сияқты жайларды айта кеп, Науменко жолдас:

Біздің колхоз жаман емес, — дейді. Менің есіме “Бурный” қаласында өткізген октябрьдің мерекесі түсті. Парадқа жиылған көп қауым, көп тулардың ең алдында бір қадірлі ерекше ту барды. Ол қызыл күрең барқыттан. Алтын, күміс қарыптармен жазылған сөздер: Қазақстан халық комиссарлар кеңесінің көшпелі қызыл туы. Қазақстанның ең жақсы колхозына.., дегенді айтады.

Сол тудың астында, сол ұранын берік ұстап келе жатқан “Путь Ленина” колхозшысы көз алдыға келеді.

Осындай жайларын айта келіп, ең ақырда Науменко өз мұңын айтады:

— Маған іс істеу қиын. Қиындығы шала сауаттымын, — дейді. — Бұрын осы қаланың халықтарында малайлықта болғам. Больницада істегем. Қара жұмыс пен жалшылықта күнім кешкен. Беріде бала-бақшасын басқардым. Дәл осы орнымнан бұрын колхоздың огородына басқару боп ем. Ендігі әңгіме ісімде, білім-білім керек, — деп сөзін тамамдайды. Бұл — колхоздағы партия ұясының хатшысы.

Білім арманы екені рас. Бірақ сонда да колхоз дүниесінде бұның қолы әлсіз, күдікті қол емес. Мығым, нық қол. Еркекше-леу келген, ажымды жүзі міндет пен істен қорғалақтап, жасқанып тұрмайды. Кішілеу көк көздері күле қараған қалпында әр нәрсеге ашық түсінікпен қадала қарайды. Біле қарайды. Бұл — қатардағы колхозшы әйелден шыққан бас колхозшы.

Бұның жетегіне алып, қамын жеп, тобына кіргізіп отырған серігі — Ақпай. Өңі қызыл сары, бурыл сақал Ақпай.

— Мен өзім жұмысымды білем. Істей берем тегі, — деп арт жақтағы қаланы нұсқап, кішкене сарғыш көздерін сығырайта күліп, — бәрінің алды боппын ғой жүдә.

— Тегі жүдә, қазағың тимесе, орыс тимейді. Жұмыс істесек, жарты босын, шерік босын, ұдайым жазып тұрады. Тәуір босаң, қазағыңнан бетер қуанады.

— Біз анау жерде отырамыз түге, — деп, бір шақырымдай жердегі тоғайлы қыстауларды көрсетіп.

— Боқайбыз. Бұ қызың... Боқай ішінің бәрі мәлім маған. Осында бір Шойбек балалары дегендер бар. Аталары бұрын бұ Боқай ішінің жуаны, мықтысы болған. Осы жақында бір 4 үйін бай-құлақ деп тазарттық. Солар енді: “Орыстан шығамыз, қазаққа кіреміз”, — деп іріткі сап қояд. Өздері жалқау, осы

күні көптен бері жұмысқа шықпайт түге. Сүйтіп отырып, “күнімізді кем жазат”, — дейді. Маған еңбек күніме қарай астық көбірек тиді. Сыйға сиыр берді. Соны да кінә қылат әлгілер.

— Уа, ол шал. Еңбегін бізден артық жазғасындар. Біздікінен оныкі артық бошымет², — деп айтады дейді. Бір жеңгем бар менің. Оны да арттарынан ертіп алат кейде. Бірақ еңбек ететін бір талай үй бармыз. Ана жайлау Арық сияқтылар. Біз не қысақ та, осы орыспен боламыз. Тіпті осы колхозды үкімет таратып жіберсе, амалым жоқ. Болмаса, мен осыдан кетпейім, — дедім. Қазақша қақпай жоқ. Не керек. Сені әдейі жаман қылайын демейд.

— Балам окуда ет. Өткен жыл қазақ мұғалімінде оқып ет. Биыл мынаған бармаса, кәйтет, — деп, әзір шеше амай жүргенім. Жақында бұ орыс молдасына сөйлес қып ем. “Саған оқи ма, оған оқи ма”, — деп. Ол: “Өзің біл. Мұнда әкелем — десең, біз аламыз, бомаса, онда берсең, бір саржын береміз”, — дейді. Қазаққа берсем, ондағы мектепке колхоз отын берем, — дейді.

— Уа, қызым бар, о да оқиды. “Енді қазақ боса, қазақтан оқыталы”, — дейім.

Ақпай сүт фермасында істейді.

— Бастық — со Ирешке... Жүдә жақсы, Ирешке Метапқан... Ирешке қызың... Жамандық қылайын демейт.

— Бастық Грикe Каманенко емес пе?

— Е, со Ирешке Метапқан. Он күн болды, сиязға кетті. Кемеді, әлі кемепті өзі.

“Бұл қалайша “Метапқан” екен?” — деп, Ақпай тілінің әр алуан ерекшеліктерін еске алып келе жатып, “Метапқанды” көпке шейін шеше алмап ем. Енді байқасам, бұл МТП деген сөздің қабылысы ма дейім³.

Бұл жердегі орыс халқының көбі — украин. Олар МТ-қыпе дейді де. Ақпайдың тіл лабиринттарына келгенде⁴, содан “Метапқан” шықса керек.

Міне, Науменко мен Ақпайдың әңгімелері осылайша.

“Ажарлайын, куланайын, көрікті қып көрсетейін”, — деген әңгіме емес. Бұл — олардың өмірі мен ісі. Күнделік шындығы. Сондықтан ашық керек, жаңа бұлтақсыз түсінікті, олар — іс адамы. Сөйлегенде, тілдері баян етпейді. Істері баян етеді. Бұл — олардың стилі.

“ҚАРҒАЛЫ” СОВХОЗЫНДА ӨТКІЗГЕН ТӨРТ КҮН

Біздің қазіргі өмірімізде әшекейсіз, сыр-баяусыз, кесек бітімінің өзімен сымбалдай боп тұра қалған көрікті көрініс аз емес. Оның заңы: “Мінімді бүркей бер” демейді. “Тұлғамды танып, табысымды көре біл” дейді.

Қарғалы совхозында өткізген төрт күн осы: “Тани біл, көре біл” деген шарттың даналығын ескертті. Үгіт жоқ, даттау керек емес. Төс табандаған еңбек көрдік. Соның әсерімен, тамыр-түбірімен жаңғырып, қайта туып, түлеп-төлдеп келе жатқан өмір көрдік.

Шынында Германия тауларынан шыққан Өртембір¹ (Буртемберг) мен Прекс (Прекос)² жағрафия оқымай жануарлар жайындағы ғылымнан хабарсыз болғандықтан, көп жайды сөз қылмады. Мына жақта “Социалды Қазақстан” барлығын да аңғарған емес.

Англияның гемшірі де (гемшир) өзінің пана тауынан басқаны танымаған³. Сол сияқты “айранын ұрттап, құртын құрттатып” жүргені болмаса, қазақтың қызыл, сары тұсақтары да басқа көрік бар деп ойламаған. Дарвиннің тұқым сұрыптауы⁴, биологияның мутацияларын Еділбай қошқарлары да менсінем деген жоқ-ты⁵.

Қарғалының тұқым асылдандыратын совхозына жиылған кезең еңбекшілері енді осы сияқты араларында асқарлар жатқан жаттарды бір-біріне айқыш-ұйқыш жақын қып, қарға тамырлы етіп туыстырып жатыр.

Совхоз тәжірибесімен танысуды Жексембай шабанның отарынан бастадық. Тастақтың мөлдір суының бойында жіңішке сазды өрлей жатқан қойлар екен. Бұл арадағы үш-төрт сакман — совхоз лабораториясының бір нәзік жері.

— Ана біреуін қазақша қара құлақ дейміз, гемшір дегеніміз со, — дейді Жексембай. Бұл гемшірдің дәл өзі емес. Бір жағы қазақ, екінші жағы ағылшын. Солардың бірінші қоспасынан (бірінші генерациядан) шыққан будан (метис). Ішіндегі ірілері сол буданның тұсағы. Қозы жағы екі түрлі. Біреуі соңғы тұсақтардан туған қозы — оны екінші қоспа (екінші генера-

ция) дейді. Өзге біраз қозы бірінші генерациядан шыққан. Совхоздың міндеті — әрі жүні асыл, әрі еті мол қой шығармақ.

Бірінші генерациядан шыққан тұсақтар мен қозыларға қарағанда, совхоздың ғылыми тәжірибесі қызық бір қорытынды шығарып тұрғанын көресің. Ол қорытынды — осы будандар. Бұл буында — ғасырлар бойы құлағын төмен салып, момындық тұлғасы боп келген қазақы қызыл қойдың енді құлағы елең етіп, алдына қарай қалқиып, делдие қалыпты. Заманының заңды сарыны, қызықты сазы бұған да жетіп, бұрынғы қалған күйінен сергіткен бе дерсің. Қазақ қойымен араластыру тәжірибесі әзірше гемшір мен прекс екеуіне істеледі екен. Өртембер бүгінге шейін өз бетімен келеді. Сол ана екеуінің жаңағыдай бірінші қоспалары әке-шешелерінің ең жақсы қасиеттілерінен жиылған нәтиже боп тұр. Бұлардың көбінше жүні асыл — ол әкеден. Өздері мықынды, бүйірлі, бөшке бейнелес. Әсіресе, прекс солай. Ол да әкеден. Қазақ өз қойының құйрығын құйрықша бағалағанмен бұрын ұдайы жотасын басып, мықынын мытымай қоя алмайтын. Сондай ылғи ашаң бел, тықыр жотаға тап болушы еді. Енді мына сол жеріне бір түзету кіргізіпті. Ол майшылдық белгісі. Бірақ сонымен қатар совхоз қазақ қойының құйрығын да жібермекші емес. Будандар (метистер) дәл осы тұста, құйрық мәселесінде әке-шешелерін бір алуан бітімге келтіріпті. Жаңағы жалпақ жота әуелі қазақылау құйрыққа кеп қосылады. Жұқалау болса да дөңгеленген май бар. Содан ары осы құйрықтың төменгі жағына ешкі құйыршығындай қып әке құйыршығының ұшын жамап алыпты. Сонымен етті, майлы және жүні асылдана бастаған бір буын шығып тұр. Бұл буданның шешеден алған зор қасиетінің бірі — кәдімгі қазақ қойындай төзімді, мықты. Сол жайылған от, сол ішкен су, сол шыдаған қысқа, бұ да мойымай шыдап шыға алады. Жалпы қасиеттері әкеден де, шешеден де озған болады.

Бір-ақ мәселе, совхоз алдындағы зор міндет: сол буданның сол қасиеттерін үнемі сақтап, келесі ұрпаққа бере беруінде.

Жексембай отарының ішінде екінші қоспадан шыққан қозылар бар. Оның әкесі таза гемшір, не прекс, шешесі жаңағы будан. Мұның қозысы — жүн жағынан асыл. Бірақ қазақы құйрықтан арылып, шұбалаң құйрыққа сала беріпті.

Совхоздың бастық адамдары, ғылым қызметшілері, әр алуан мамандары, үлкен-кішілі белсенді шабандары боп жаңағы бірінші қоспаның қасиетін сақтау үшін алыспақшы. Бұл жөнде кейінірек көрген отарларымызда кездескен дегерез қойы⁶ жаңағы жолдастарының сенім талабын нығайтып өсіретін сияқты. Дегерез де гемшірден шыққан будан екен. Бірақ ол жаңағы бірінші қоспадан табылған қасиеттердің бәрін әзір тұқымнан тұқымға көшіріп сақтап келе жатқан көрінеді.

Жексембай отарының ішінде таза күйдегі өртембір, прекс, гемшір де жүр. Солардың қас-қабағына қарағандықтан, бұл отар өзге отар фермілерімен бірге құмға кетпей, осы арада қалыпты. Тау алқымына жақын жерде, ен өлкеде, мол су, соны да совхоздың кіндік мекені Найдан поселкесінің маңынан орын алыпты.

Бізге кездескен күні Жексембайдың кішкене бойы камқоршылықпен, ашумен қайнап жүрген кезі екен. Ажымды маңдайынан шып-шып шыққан тері де, түйілген қабағы да, қысқа-қысқа сөздері де — бұның көңіліндегі үлкен бір тынышсыздықтың куәлері сияқты. Астындағы қойшы торысын тебініп қойып, бүгінгі жайды баян етеді.

— Осы қойларды көресіз бе, тойып, ыңқылдап тұрған күйі міні бұ. Анық жарты шақырым жерге жүгірсең, өліп кетет жүде. Осыны мына кеп, мына жердегі колхоз бастығы содан деп қарсыдағы қазақты көрсетіп, тап осы суға шекті қуды. Жаным шығып кете жаздады. Алдынан шығып қырамысың мынау асыл тұқымды қой, өртембір... прекс... дей беріп ем, “айтып тұрған кебін мұның” деп кеп, қамшының астына алды, — деп көрші колхоз бастығының бұны ренжіткенін айтады.

Жолшыбай кездескен “Шолақ Қарғалы” колхозының колхозшылары да Жексембайдың жазықсыздығын айтысты. Өздеріне жаңадан келген колхоз бастығының солайша тасыр екендігін әңгіме етіседі. Егініне, пішендігіне де түспеді. Жер қору дегенді әсірелеген бастық болса керек.

Барлық өзге отарлардың ішінде ол кезде жауаптылығы күшті, әсіресе, бейнеті мол отар осыныкі болған. Асыл тұқымның өз қозылары тез аяқтанбайды. Өртемберді қоздай салысымен ақырға көтеріп апарып салып, қозысын қасына

қойып, 10—15 күндей су-жемінің барлығын сол бір орыннан береді. Күндіз-түні бірдей туатыны тағы бар. Далада қалып, күтімсіз жерде боп қалса, қозысына суық тиеді, “өкпе” болады.

— Осы кезді атап сұрамаңыз. Тұмсығымыздан шаншылдық қой жүдә. Тыным, тыныштық көрмей, тіпті, ұйқы дегенің өзі безіп кетті. Сол бір айда қатыным екеуміз көтерем болып қалдық. Қашар жайсыз, жарық жоқ. Оның үстіне биылғы көктем қандай болды. Күндіз-түні бірдей шүмектеген жауын, қойдың асты су. Не керек, әйтеуір атқардық.

Осы әңгімені кейін совхоздың басқа жақсы шабандары Ақымбай, Қалтабай, Нұрбай сияқтының бәрінің ауызынан да есіттік. Бірақ Жексембай да, өзгелері де мұндай әңгіменің аяғын өз отарларының цифрларына әкеп тірейді. Сол арада тыныс алып, қас-қабақтары жадырап, көңілдері аз да болса тыным тапқанын көресің. Барлық совхозда биыл қоздаған қой 8334 екен. Туған қозы 9204. Содан қазіргі май аяғына шейінгі жалпы шығыны 100 қозы. Бір процент. Көтеремнің ауырлығы, қошқардың жеткіліксіздігі және басқа жалпы жетіспегендіктерді еске алғанда, жаңағы бір процент шығын емес.

Совхозды сол табысқа жеткізіп отырған социалды шаруашылықтың бір топ ерлері: Қасымбек, Ақымбай, Захаренко, Қалтабай, осы Жексембайлар, фермі бастықтары. Бұлар — совхоз 32-жылы ашылғаннан бері бірге жасасып келе жатқан алдыңғы қатардағы озаттар.

32-жылдың өсімімен жақсы тәжірибесі үшін және қысқа мал бермей жақсы жайып, семіз қып шығарғаны үшін, осы топ совхозға одақтық қызыл ту алғызған. Бұрынғы соңғы жылдарына қарағанда, төл өсімі нашар болған қиын жыл — былтырғы өткен жыл екен.

Биыл окотты жаңағыдай жақсы өткізіп ап, енді сол алдыңғы жылдардың бәрін басып озып, жаңа белге шынымен ойнақтап шығамыз деп отырған жылы екен. Көктемде барған саяси бөлім бастығы жолдас Үмбетұлы Рақманқұл мен жаңа директор Рамазанұлы Мәжит жолдастың да жоғарғы белсенділермен тізе қосып, барынша жұмылып жатқан ісі осы көрінеді. Жалғыз-ақ биылғы жауынның көптігі дала шөбінің ішінде шытыр санын молайтып жіберіпті. Ашық күн аз болғандықтан, сол шөптің пісуі кешендеп қойға залал келтіріп

тұрған көрінеді. Піскен кезінде шытыр — қойдың сүйген тамағы. Семіртетін оты. Қазірде көк кезінде ішін кептіреді. Арық қой көтере алмай өліп кетеді. Осыдан мал ішінде бірен-сарандаған өлім бар. Бұл өлкеде бұрын қойының құйрығынан ұстап жүрген сасық бай да кей жылдарда талайын қырады екен. Бірақ совхоз азаматтары оны медеу қылам демейді.

— Өлтірсе сол надан бай өлтірсін, біз неге өлтіреміз, — деген жігер намыспен қайнайды. Бүгінгі ой мен күштің бәрін осы шытыр пәлесімен алысуға салып, тырбанып отыр. Өздерінің орны мен міндетін бұрынғы жабайы бақташылық былай тұрсын, бүгінгі барлық басқа совхозға үлгі, өнеге жақсы көрме деп білген түсінік совхоз еңбекшілерінің бас-аяғына бірдей сіңген, нық орнаған түсінік екенінде дау жоқ. Сондықтан совхоз дүниесіне кіргеннен бастап, соңғы жөнелген минуттарымызға шейін “шытыр” жайы совхоздың барлық күш-қуатын шіреп тартып тұрған, бүгінгі ең үлкен мәселесі екенін әбден сездік.

Жексембай отарынан басқа фермі отардың барлығы Найденнен төмен, құмға қарай бет алып, 50 шақырымдай жерге созыла көшіпті. Түс ауа Найденнен шығып политотдел бастығы Рақманқұлмен бірге сол отарларға қарай жөнелдік. Қарғалы суын жүйгелеп жол келеді. Өзеннің екі жағасын бойлаған жоны жұмыр жоталар теп-тегіс жыртылған. Он бір трактор, жүздеген қостар өз міндетін ада қып болыпты. Бұл бітіп, орындалып тұрған егіс жоспары, ыңыранып тұрған еңбек жемісі қазірде тұтас, тегіс көк шалғын боп, жайқалып жер жүзін жасыра бастаған. Молдығына көз сүрінеді. Шетінен ұзақ жүріспен ұзап шықтық. Совхоз айдаған мың гектар егін осы. Рақманқұл егіннің шашылуындағы жетіспегендіктерге көп көңіл бөледі. Ол анда-санда кездесетін болымсыз алаңдар. Жолдың ұзын бойына ілесіп отыратын, оралып өскен қалың шалғынды бидайларды көргенде, жүзіне біраз тыныштанып қанағаттанғандық белгісі кіреді. Бірақ ырзалығын сыртына шығарып айтпайды. Оны “солай болмасқа еркі жоқ” дегендей қып міндетті нәрседей қабыл алғандай ғана болады.

Жол бойында әр жерде қашар салып, жай түзеп жатқан, пішенге машина әзірлеп жатқан, қой тоғытатын куп дайындап жатқан, қой сүтінен брынзы (құрт) әзірлеп отырған

талай жайлардан өттік. Мол шаруалы совхоздың орыс-қазағы аралас жұмысшылары барлық жерде тынымсыз еңбек етеді. Ажарлары жақсы, көріністері көңілді. Жалғыз-ақ көбінің мұны — жалақының мезгілімен тимеуі. Бұл жайды совхоз ісін жаңада қолға алған директор мен саяси бөлім ең алдымен ретке салмақ. Сонымен азық-түлік жағын қамтамасыз ету мәселесін Рақманқұл кешеден бері тынбастан сөз қылып, ұдайы қозғап келе жатыр еді.

Кеш батар алдында совхоздың қысқы мекендерінің бәрінен өтіп, жасыл қырқалардың ішіне кірдік. Аспанда жауынсыз сұрғылт бұлттар ауа көшеді. Қарсыдан төскейдің қоңыр салқын лебі білінеді. Алғашқы тері дегдіп, бойы қатайып, шымырап алған күйге тек сұр мен байсалды күрең бесті бастарын изей тастап көңілді жортып келеді. Алдымызда бірінші фермі. Жолдың екі жағы қалың көк. Бойлап шыққан жусан, ақ қызыл гүл атқан қалың шытыр. Ара-арасында, бала күнде “қан қызы” деп қуалайтын қызыл канат, қара оюлы үлкен көбелек болушы еді, дәл сол сияктанып жаңадан басын жарған қызғалдақтың үлкен қызыл гүлдері көрінеді. Жусан басын изелткен салқын самал бұның да сабағын дірілдетеді. Дірілдеген сайын қанатын жалт-жұлт қағып отырған орнынан көтеріліп, ұшып жөнелетін көбелекке ұқсай түседі. Кейде әлде қандай ұзақ жоталарға көзің түссе түп-тұтас толқынды қызыл торғын жамылғандай боп құлпыра қалады. Бұл — тұтасып қалың біткен қызғалдақ жоталары. Анда-санда жалғыз-жалғыз боп шашыраған үкі көзіндей сап-сары бәйшешек жарық беріп қалады. Неше алуан шөптің ісі үздік-үздік ширатыла кеп, бірін-бірі тықсырып бәсекелескендей болады. Сондайлық боп жүз толғанып, үнді торғайлардың шырылдаған сайрауы ілеседі. Жол бойы үзілмейтін, ширатылып есіліп отыратын бір ерекше ұзақ музыка. Кейде егескендей боп, шырыл қағып, қылғынып жұтынып тұрып алады. Барлық дала сол үнге толғандай. Жасыл өлке желінің діріл қаққан канат үні сияқты. Шөптің шығысы, тұтастығы ерекше.

— Кілемнің түгіндей тығыз екен! — деп қалып ем, Әбділда көрініс күйін өзгеше күйлеп отырған тәрізді екен:

— Кілем адыра қалсын, — деді.

— Осының бәрі мол пішен. Бұл жотаның бәріне машина салады екенбіз. Бұл сирек шығыс. Төменгі қашардың көп за-

пасын, қысқы қамын осы жота бергелі тұр! — деп Рақманқұл өз қорытындысын жасады.

Күн бата бірінші ферміге жеттік. Кең сайдың әр жеріне екіден-үштен шашыла қонған көп отар. Бәрі де бірінші ферменің отар сақмандары. Орталықтағы бір топ үй ферменің өзі екен. Мұнда фермі бастығы Самтырбекұлы бастаған бірнеше мамандар бар. Қой маманының орынбасары Қапланбек унистетінен келген қазақ маманы, ғылым қызметшісі Бөкембайұлы, оқушы, санақшы жастар. Жолдағы бірінші сақманнан бізге қосылған совхоз ақыны, өзі шабан Үмбетәлі де осында⁷. Қарғалы совхозы істеп жатқан тәжірибелері мал маманы әзірлейтін унистеттің бәріне мәлім. Жаз бойы осы фермелерде профессорлар бастатқан топ-топ студенттер әлденеше тәжірибелер өткізді. Совхоз мұндай жерде ғылым лабораторы. Әртүрлі өсімдікті ғылыми тәжірибе үшін өндіріп отырған іздену, зерттеу бақшасы, гүл бағы сияқты, қой бақшасы боп та кетеді.

Арбадан түсісімен, Рақманқұл кешкі жайылыста отар қасында жатқан қора-қора қойларды аралауға беттеді. Үлкен топ болып біз де ердік. Алғашқы кездескен бір сақман қой бойдақтар екен. Ішінде бізге таныс будан гемшір, прекстер жүр. Дегерез қойларын да алғаш рет осында көрдік.

Бұрынғы үстірт білген шалалау түсінігіміз мамандар әңгімесімен молая түсті. Совхоз тәжірибесінің көлемінің түрлерін енді ұғына бастадық.

Асыл қойды сұрыптап шығару, мұнда бірнеше саламен жүреді екен. Көпшілік ет пен май жағынан, жүн жағынан да прекс буданын мақтайды. Оның дене бітімі де өзгелерден ерекше. Бірақ Дегерез сияқтанып осы бірінші қоспада тапқан қасиетін сақтап қалатын болса екен! Талай жердегі ғылым қызметкерлері, маман атаулының совхоз тәжірибесіне көз тіккен жерінің бірі осы. Екінші үлкен мағыналы істің бірі — қазақ қойының өз ішінен асыл тұқым сұрыптау. Ол үшін совхоз Еділбай қойын бағып-қағып отыр.

— Салмағы тоқсан килоға кеткен қошқарлар бар. Ол бұрынғы қазақ қойының жетпеген өрісі деседі.

Мынау — орақ бас, биік бойлы, тегене құйрық үлкен қойлар — сол Еділбай. Арғы тегі батыс Қазақстаннан шыққан. Кейін екінші, үшінші фермілерде Еділбайдың қошқарын, қозы

саулықтарын толық көрдік. Бар жердегі шабан маман осы. Еділбайды да қатты құрмет етеді. Совхоздың үлкен маманы Жолдыбайұлы Ыслам да Еділбайдың келешегін ұзақ және сенімді санайды.

Аттай керілген имек денелі, үлкен бас, орақ тұмсық Еділбайлар кейде таң құйрық, кейде салпы құйрық боп өзгереді екен. Онысы әзірше мұның өз ұйымының ішінде де әралуан бағыт барын сездіреді.

Совхоздың тағы бір тәжірибесі — қазақ қойының туысын жеделдетіп, өсімін өндірімек. Сондықтан бір отар қой әдейі ерте қашырылып, ерте қоздатылады. Жоспар — екі жылда үш қоздату.

Өлке бойын жәрмеңке басына айналдырып, шұбарландыра ою салған қора-қора қойлар өзді-өз сақманына орала бастады. Жыбырлай жылжыған жүні қалың көрпеше қымтап келеді. Кешкі тынық ауа қойшылардың айғайымен “айт-шәйін” аспандатып, даурықтырып тұр. Маңыраған қой-қозының үндері, көп тілді тұтас күйде болып ызың-ызың ырғалады. Бірі алыс, бірі жақыннан естілгенде әдейі кейде баяу, кейде асқындап айтылған сияктанып толқын-толқын ритм шығарған тәрізденеді. Сақман қотандарында түнгі шамдар жағылды. Жоғарғы, төменгі отарлар сәлем алысты. Оң мен солдағылар да сондай... Отарлар өмірінің тыныштық күзет түні басталды...

Келгеннен бері күн болғанша тыста да, үйде де Рақманқұл фермінің барлық көзге көрінген адамымен әңгімелесуде. Тын-бастан кем-кетікті, олқылықтарды, шала қалған істерді қазып шығарып, кеңеске салады. Шаралар ұсынады. Бұрыннан қалған, арылып болмаған жетіспегендіктер көп. Соның ең үлкені қазіргі ірі науқан үстінде білініп қалды. Совхоз осы күндерде қырықтық бастаған екен. Ферма жоспарын анықтамаған.

— Қырықтықшының күндік нормасын кестіңдер ме?

— Жоқ, әлі анықтап кесе алғамыз жоқ, — деген сылбыр жауап естіледі.

— Сақман, олар басы қанша жүн аласыңдар, алдын ала білгенің бар ма.

— Мөлшер болмаса...

— Есебің қайсы...

— Шама болмаса, қайдам... Шама, мөлшер деген не. Бұл кеңес шаруасы, жоспарлы шаруа. Сондықтан да ол социалды шаруа. Қайда отырмын деп білесің өздерің, жолдастар-ау! “Шама” дегенді жауап деп білдіңдер ме. Бұ не қылғандарың...

Көпшілік дұрыс сыннан тосылып, жауап айта алмайды. Салақтықпен кешендеп қалғандары анық.

— Қырқа бастағандарыңа екі-үш күн болды. Өздерің енді жоспарлай аламысыңдар. Жоқ әлі ештеңе анықтай алмадыңдар ма? Бұл тұста тыңдаушылардың бірнешеуі қатар үн берді.

— Е, жоспарламай... неге жоспарламайық... Кешендегеніміз болмаса неге білмейік.

— Ендеше, кірісіңдер қазір! Түн бойы бірнеше кісі боп істеп шығайық. Ертең таңертеңнен бастап қырқу, жинау да, еңбек тәртібі де сол жоспарға бағынсын...

— Ал жарайды. Қазір, міні, кірісейік... Айтысқандарыңша келесі таңертеңде жоспар әзір боп, іс сабасына түсті. Қырықтықшылардың ішіп-жемі күтімі де дұрысталып ретке салынды. Сол күнде, әрідекте біз шабан ақын Үмбетәлінің шығармаларын тыңдадық. Саңқылдаған дауыспен серпіп айтатын сенімді ақын өзінің ақындық өнерін кеңес дәуірінен бастаған екен. Көп жырларының геройлары — кеңес қызметшілері. Қырғыз халық ыршысының Ораз Жандосов⁸ пен Паскуцкийге айтқан сөздерінен бастады⁹. Үмбетәлі өз совхозының озаттары тапқан табыстарды Қазақстан өнерпаздарының слетіне әкеп бәйгеге салмаққа уәде берді.

Келесі екі күн шытырдан аулақтап құмға көшкен екінші, үшінші фермада өтті.

Қарғалы совхозының нағыз озаттарын, шынымен топтап озып, өнеге үлгі боп жүрді. Алған жақсыларын осында көрдік.

Бұлардың алды Қасымбек Арғымбайұлы, Ақымбай, Қалтабай, Мырзабай, Захаренколар, әйелден Нұрқан мен Жемила Жантақпаевалар. Бұлардың әрқайсысының өмірі мен еңбегі жырдай қызық. Шын үлгі қыларлық, саналы дастан. Қысқа әңгімеде амалсыздан қалпып ғана өтеміз. Толық айтуға әзірше газет мақаласының орны тар.

Қасымбек партия мүшесі. Қазірде совхоз директорының орынбасары. Найденге келгеннен бері жол бойында мұның атына қанып, істеген істерінің іс белгісін көріп, ұғынып келе

жатқанбыз. Совхоздың басынан аяғына шейін бұрынғысынан бастап, бүгінгісіне шейін созылған мол еңбектің айқын бір арнасы жатыр. Осындағы кеңес шаруасының үлкен арқауы сияктанып соқталанып тұрған нық белгі — сол Қасымбек еңбегінің жемісі. Бұрынғысын алсақ, ол жиырма жыл шұға фабригінде жұмысшы болған, қалыптанған тоқымашы (ткач) екен. Ал соңғы 1931 жылдан басталған өмірін айту, осы совхоз бен 26 совхоздың тарихын айту деген болады.

20 совхоз ашыларда мені партия солай көшірді. Жаркентке барып, 46 мың қойды аман жеткізіп алу шарт болды. Екі рет жіберілген кісіні жолда банды тонап алыпты. Маған тапсырылды. Қасыма кісі ертіп барып, аман-есен жеткіздім. Мына жердегі 26-совхоз деген шаруа содан басталды... деп қысқа қайырады. Қарғалының тұқым асылдандыратын совхозы сол 26-дан 32-жылдың январында бөлініп шығыпты. Қасымбекті партия тыңнан тыңға көшіріп, осы жаңа совхозды аяқтандыруға шақырады.

— Асыл тұқымды қойларын қыстан әрі аман, әрі семіз алып шықтық. “Окоты” де ерекше жақсы етті. Қыс бойы бір жағынан тауға жайып, екінші жағынан жемін сай қып отырғандықтан, жаңа шаруаның беті өріс алып, түзеле берді. Жазы да індетсіз, шығынсыз өтті. 32-жылдағы одақтық қызыл ту содан алынды.

Сонымен 33-жыл басында Қасымбек Саратовқа совхоз бастықтарының алты айлық курсына келеді.

— Германия, Англиядан әкелінген бабы күшті, өртембер, прекс, гемшірлерді асырап өсіре білген қазақ мынау, — деп профессорлар мені талай рет орнымнан тұрғызып қойып, халыққа мәлім етті, — деп, Қасымбек әзіл етіп күліп қояды.

Бірақ қайта келгенше, жөн білмеген бастықтар совхоз ісін қайта түсіріп алыпты. Орынсыз жерлерге қашарлар салғызған. Қазірде сол жылы салынған 9 қашардың үшеуі ғана іске жарайтын боп, алтауы далада қалып отыр. Жұмысшы, қызметшілер арасына ұлы орысшылдық, ұлтшылдық әрекеті араласқан. Окот нашар жүрген. Қой, қозының күтімі болмаған. Жас қозының көбіне суық тиіп “өкпе” болған.

— Соның кесірінен былтырғы жыл қозы шығыны көп боп кетті. Келісімен Қасымбек партия мен үкімет алдында барлық

жайды толық мәлім етіп, комиссия шығартып, зиянкестің барлығынан совхозды арылтып, істі қайтадан жөнге салған.

Биылғы жыл 9200 қозыдан бір-ақ процент шығын шығып отырғаны сол еңбектің нәтижесі. Қазір де шытырмен алысудың неше алуан шарасын іздеп, таудан құмға шүйгіп, малын амандап жүрген фермерлердің командирі — сол Қасымбек. Тынымсыз өмірі әлде қайда қалған үй бетін де көрсетпейді. Кез келген сақманда кез келген қойшы күркесі — оның үйі. Сол күркенің бала-шағасы, қойшы, күзетшісі — оның іні-бауыры. Білекке білек қосқан досы, майдандасы. Сол себепті орыс, қазақ жұмысшысының барлығы мұны Қасымбек деп кінәлады. Ұлтың кім деп ол да парық қылмайды. Жұмысшылар да бұл жағынан мін таппайды. Қой қамын шытыр тұсында ерте ойлағандықтан, құмдағы жайлы жерлерді бұрын шолып алып, өз фермілерін өзге көрші совхоздардан бұрын әкеп орналастырыпты. Жер-судың жақсысын бұрын алып қойған. Сонысы үшін өзге совхоз бастықтары:

— Көрінде өкіргір, Қасымбек! — деп, дымы құрып күншілдік етіседі.

Келесі күн екінші фермінің қырықтығы жүріп жатқанда Рақманқұл өзі бастап, барлық фермі бастықтарды, үлкен шабандарды қырықтыққа шақырды. Бұл әңгіме қыларлық әдемі жарыс күні еді. Ретке қойылған социалдық жарыс басталды. Қасымбек, Қалтабай, Қошаған. Нұрбайлар да тегіс түсті. Алдыңғы қатар қырықтықшы Жайшабек, Бекқадырлармен жарысқа түскен бастықтар да болды. Қасымбек мұнда да өзінің нағыз сүбелі қырықтықшы екенін көрсетті.

Бір қол, бір аяғының ауруы бар Ақымбай қырықтық ұстай алмай шарық басында отыр. Жұрттың қырықтығын қайраса отырып, өз жайын момын сөздермен баян етеді. Бұл үлкен шабан.

— Жас шағымда 17 жыл өмірім жалшылықта өткен. 1919 жылы Жандосов Қастектен қызыл әскерге еркімен кірушілерді жиған. Соған мен де бардым (мұның тілінде, “оға”, “бұға”, “соға” деген оқшау сөздер бар. Сонысын басқа облыстардан келген жігіттер әзіл етіп, күлкі қылады. Бірақ Ақымбай оған мойындамайды. Дағдылы момын пішінмен мырс беріп күле түседі де, “соғасын” соға береді). Бай балалары басында

барғансыды да, артынан қалада насыбай езіп ішіп, көр-жер қып қап қойды. Мен содан үш жыл қызыл әскерлерде қызмет еттім. Жаркенттің ар жағында Қытай шегінде бір қатты қыспаққа түстік. Қашып бара жатқан ақты қуа соғып келе жатқан 250 кісі едік. Тау арасында қалың қолы жиылып, 14 күн қамап ұрыс салды. Оған біз де қажымадық. 14 күнде екі-ақ рет тамақ іштік. Қара суды жұта берсең бола береді екен. Алалмады. Сол соғыста осы санымнан оқ тиді, — деп сол жақ санын ұстады.

— Оқ ішінде қала берді. Доктор алалмады. Бер жағын дәрiлеп қоя салды. Сол оқ 25-жылы көп түсті, — деп қалай түскен жайын айтады.

— 33-жыл Қасымбек оқуға кеткенде, совхоз жайы өте төмендеп кетті. Калинин деген агроном зиянкес боп шықты. Артынан өз атымнан арыз беріп, жайды мәлімдеп, совхоз күйін түзеуге мен де күш салдым, — дейді.

Бұл да партия мүшесі. Өз міндетіне тастай. Барлық отарларды аралап шыққанымызда, Ақымбай отарының қозысындай дөңгелек семіз, бас аяғы бірдей күйлі қозыны көргеміз жоқ. Қоздауы да апрель ішінде жоспармен қолмен қойғандай өткен. Қозысының қазіргі ажарына қарағанда іші күйіп, сұғы қадалар еді. Әсіресе, олардың таңдайын қақтыратын нәрсе мұның қозысының ерекше амандығы болар еді. Барлық окот бойынан осы күнге шейін 594 қозыдан шыққан шығын 4-ақ қозы.

Отарымызда істейтін қойшылардың ішінен жылма-жыл басшы адам өсіріп отырамын. Анау үлкен шабан боп отырған Нұрбайды қойшылықтан өсірген менің отарым. Биыл совхоздың бірінші қатар бәйгесін алған Мырзабай қойшы — менің баулуымдағы адам, — дейді.

Осы жайларын айта кеп, Ақымбай бір арманын да білдіреді.

— Осы мал өзімдікі. Мамандардыкі емес. Қожайын бізбіз. қызығына кіргенде, таңның атқанын, күннің батқанын білмейміз. Жалғыз-ақ бір арман — кешегі бұрынғы дәуірдің адамындай артта қап барамыз. Кеңестің табысы не. Кәйтiп алға басып барады. Оқымаймыз. Сауат, газет көрмейміз. Ойын-сауықты да білмейміз, — деп әңгімесін аяқтады.

Мұның отарындағы мақтаулы қойшы — жас Мырзабай. Саяси бөлім іріктеп шығарған үш бәйгенің бірі сол екен.

Мұның бүгін таңдағы ынта бейілі қойларымен бірге туысып кеткенін көзбен көрдік.

Бес-алты күн құм ішінде шытырдан аман болғандық Мырзабайды аз ғана адастырыпты. Ол қойын соныдан соныға саламын деп жүріп, тағы да біраз шытырға кездесіп қап, бір қойын өлтіріп алыпты. “Енді құтылдық, аман алып шықтық” деп отырғанда, мына қойдың өлімі барлық отар, барлық сақмандарға сәттің ішінде естіліп, тегіс елендеткізді. Осы күйдің бәрін ойлап өз-өзінен қысылған Мырзабай қой басында отырып жылап жіберіпті.

Совхоз азаматтарының көрнекті кісісінің бірі — Жәмила Жантақбаева.

— Бұрын Жалайыр ішінде Күшік руының бір байы үш қатын үстіне тоқалдыққа алды. Жас едім, әкем малға сатты. Тоғыз жыл жаяу қойын бақтым. Төңкерісте босап шықтым. Кедейге тидім. Содан 26-жылы шұға фабригіне жұмысшы боп кірдім. Мұнда 33-жылы келдім. Партия жіберді. Қазір де шабанмын. Бірақ алған қойларым бұрын суық соқты болған аурулы қойлар екен. Шығыны болды. Соныма ырза емеспін. Екі балам бар, бірі осында тракторшы-екпінді. Екінші балам әді де фабрикте слесарь дейді.

Рақманқұл Қасымбекпен бірге отар, сақманды аралай отырып, Қалтабай шабанның қойларын көрдік. Күн батар алдында жан-жақта серейіп, керіле түсіп тұрған шуда жүн атпал саулықтар — осының қойы. Мұның көбі Еділбай тұқымынан шыққан саулықтар. Іріктілігі таңдама толық еріктей. Бірақ Қалтабайдың мақтауы жалғыз бұ емес. Ол, әсіресе, қозы санын көлденең тартады. Рақманқұл мұнымен сөйлескен әңгімесінде өзінің Мирзоян жолдаста болғанын айта кеп¹⁰:

— Ол кісі жақсы шабан, жақсы қойшының өз меншігіне он, он беске шейін жеткізіп, қозы салып беріңдер. Тек бағуы, күтуі жақсы болсын. Жүз қойға, жүз екі қозы ертіп шығу бәйге босын деді. Бұған біз не айтамыз, Қалтабай, — дегенде Қалтабай мүдірместен:

— Менің бәйгем — жүз қойға жүз он бес қозы, ілесіп көрсін маған өзге шабан, — деді. Бұл — егізімен бәйгелі боп тұрған шабан. Қазірде әрбір жүз қойына жүз жиырма қозысы бар.

Совхоздың ұдайы жақсылық жағын ала бермес үшін, Қасымбектен ең нашар отар жайын сұрадық.

Оның айтуында, ең нашар отар 4-ші екен. Мырқасым отары. Мұның окоты февральдың онынан басталған. Ол әдейі тәжірибе ретінде екі жылда үш қоздатамыз деген мақсатпен ерте қоздатылады. Былтырғы жылы сол отардан 50 процент өлген. Биыл 769 қойдан дәл бүгінгі күнде 804 қозы бар. Оқоттан бері 17 қозысы шығын бопты. Мұның ішінде шытырдан өлгені де бар. Бірақ қалайда жаман деп осыны айтамыз дейді.

Шеткі фермілер құмға барды дегенде, мен құмды баялыш, сексеуіл ғана мекені деп ойлап ем. Алыстағы түсінік бойынша, көретініміз ылғи құмнан үйілген таз төбелер болар деп ем. Қазіргі көктемдегі құм совхоз үшін ырыс даласы боп ыңыранып тұр. Көк жасыл өлке қып қалың басқан ыраң, теріскен, жусан, ажырық, бақбақ сияқты сүйген шөптер жайқала түсіп, қой тойынын күннен-күнге асырып тұр.

Шеткі отардан Қарғалы бойын ерлеп, қайта қайтқанымызда, кешкі бақа ендері үдеп шығады. Өлке бойына жабыла жайылып алып, быжылдап қайнап, шұр-шұр етіп ол да тізе қосқан еңбек жырын даттағандай болады. Қыр жақта маңырай табысқан қой-қозы үндері ілесіп келеді.

Жаңағы еңбектерін көріп, өмірлерімен танысқан адамдарының жайын ойлаймын. Ешбір бояу қоспай, әшекейлемей-ақ осы тұрған тұлғасымен апарып, қандай роман, қандай пьесаның беттеріне кіргізсең де, сол беттерге Еділбай қошқары, прекс буданының бәрін берер еді-ау дейсің. Көңілмен бүгінгі әдебиетіміздің беттерін кезіп, Қасымбек, Ақымбайлардың қатарына қоятын тұлғалар іздедім.

А, жоқтың қасы. Әдебиеттің өмірді жетектегендей боп алда жүретіні қайда. Олай болса біздің лабораториямыз — әлі аспалы, шала, тәжірибесі әлсіз лаборатор екен. Қамшылану керек. Ең болмаса өмір кітабынан жақсы сабақ алайық. Жақын уақыт ішінде Қасымбек, Ақымбайлармен не пьеса, не роман ішінде тізе қосуды шарт деп білдім.

БІЛЕККЕ БІЛЕК

I

— Сен тағын, тағын бастадың ба?!.. Қанша үрмет қысам да бомай-ақ қойдың ғой, жүдә! Сен албасты! Секеңдеген шайтан. Қараңғы үйге жалғыз өзінді қамап қояйын ба шыли... Көзінді бозартып! — деп Мақпал біраз қабағын түйіп, өтірік ашуланған боп, қарап тұрды. Сөздері әсер ететін емес. Там-санады да, аяғын екі-үш басып: Қараң қағыр қоясың ба, жоқ па? Тұр ғой, міне, мыналар адамша тып-тыныш. Әлде жын ұрды ма сені, түге?.. — Соңғы сөзге келген Мақпалдың даусы шаңқ етіп қатты шығып, жұдырығы да түйіліп, бар бойымен үніліп тұра қалды. Және үзілген, шұғыл тоқтаған үні де, бүгіле тұрған бойы да, қадала қараған көзі де түгелімен нық қойылған сұрақ таңбасын көрсеткендей. Ашық, қатты сұрақ. Жауапты тілейді. Үнсіздік созылған сайын жауаптың қажеттігі білініп барады.

... Бірақ жауап та, үн де жоқ. Боларлық мүмкіншілік те азырақ. Өйткені, бұл сияқты “қабырғасынан қойылған” мәселеге айыпкер де, жауапты да... бөрте лақ. Ол Мақпалмен түсінісудің орнына мәселені бұрынғысынан да шиеленістіріп жіберді. Қойлар тұрған оттыққа шығып, жаңа салған көк бедені басып тұрғанын аз деп білсе керек. Мақпал түйіліп келгенде, ол оттық бойындағы бар бедені таптай барып, бұрыш жақтағы қозылардың алдына тұра қалып, құйыршығын шыбындатып, арт жағы талтақтап, мықшындай бастады. Қалпы: “жөнімді айтайыншы...” — деген кісі сияқты еді. Бірақ қылығы тіпті бөрте лаққа да кешпейтін қылық болды.

Мақпал енді ашуланып тамсанып, соңынан қозғалғаны сол-ақ еді, анау қозылардың тұмсығына шашырата сигектей жөнелді.

— Өй, тілеуің құрысын, өл де маған... Секеңдеген албасты, — деп, Мақпал жанасалап кеп шап етіп, мықынынан ұстай уыстап алды... Бөрте лақ әлі де өзін айыпты деген сөзді тыңдағысы келмейді. Ұстағанда қарсылық білдіріп “бақ”

етіп, оттық үстінен кетіп болғанша, толып жатқан мейіздей-мейіздей кішкене құмалақтарын ытқытуға да үлгеріп қалды.

Мақпал оны сауырынан ұстап көтерген бойында:

— Қарғайын десең жалғыз, қарғамайын десең жалмауыз... Наяты... Неткен бүліксің сен... Құдай ұрып?! — деп, оң қолының жұдырығын ұратындай түйіп келіп еді... Бірақ пішінін сол секундте шұғыл өзгертіп, лақтың басына таман апарған жұдырығын жазып жіберді. Анасы ұрсып жатса да, өз бетімен былдырлаған баладай боп, лақтың аузы әлі күнге бедесін шайнап жүр екен. Түк жарымапты...

Мақпал оның шаужандап жатқан аузын еркелете қысып, азғана сілкіп тұрып:

— Албасты сен... Албасты... Білдің бе? — деді де, өз сөзіне өзі күліп қойды. Көңілінде ұрғашы лағын “албасты” деуі, енді келіп, басқа соған жалғас біраз теңеулердің шумағын тарқатқандай...

Мысалы, лағы өзге алты қойдың ішінде қыз есепті... Аналар сонда момын ұлдай. Мынау солардың соңындағы тентек, шолжың кішкене қыздай... Етегін ашып, басқа секіретінін қайтерсің...

— Өй... сарамас, — деп, алдына өңгерген бойында лақтың тырсыып тұрған ішін сипалады... Қазір күз. Өзі бойшаң, күпілі лақ... Буазына не бересің тентектің! — деп, енді бүйірінен еркелете қағып қойып, қораның екінші бұрышындағы кішкене шарбақтан асыра түсіріп жіберді.

— Жәйің осы... Осы... Бұдан артық қаяққа апарам сені? Оттығың бар. Бедең әне, — деп, ішінен:

“Байлап қойсам ба екен, жүдә?.. Бірақ оралып, буынып қалады-ау тыпыршыған қаранқағыр...” — деп, зілсіз қарғанып, әзірше ешбір байлау жасамай, қара ала сиырға қарай қозғалды. Көктемде сүт фермасы тарап, Сәрсен мен Мақпалдың колхозға істеген еңбектері үшін осы сиыр берілген. Жаясы тақтайдай, үсті құрулы төсек сияқты төртбақ голландка сиыр бүгінгі күніне наразылық айта алмайды.

Тұсына Мақпал келгенде ол имек мүйіздерін бұрып қарап, амандық білдіріп, үн қатқандай боп, ыңыранып қойды. Тұмсығы мен аузы тоқтық, күйлілік белгісімен бусанып тұр.

Мақпал сауырын сипап, алдына барып қарап:

— Жемің азайып қапты-ау! — деп барып, екі құшақ пішен әкеліп, оттыққа салып жатып:

— Мынау пішен, мынау топан... Араласса жақсы болады... — деген кезде Мақпал талайдан бірінші рет, өз-өзіне: Осыларға шыли сөз қатып жүретінім не екен? Мәмілеге келетіндей, жүдә. Біреу естісе күліп жүрер ме? — деді. Бірақ көңілінде мына тұрған малы шынымен бұның тіл қатып, жәй-күйін өздерінен сұрап, біліп тұруды керек ететін сияқты...

— Бұ қалайша?..

Оның жауабын Мақпал таратып айтпайды... Бірақ ол солай.

— Жақып та энеугі келгенінде: “Е, қара ала сиыр, қалайсың?” — деді ғой. (Жақып Мақпалдың комсомол бауыры. Ол аудан кіндігінде) “Навай жыз де ” колхозшы орыс қатынының бәрі сиырымен абысыныңдай әңгімелеспеуші ме еді, түге?.. Осындайларды ойлай жүре Мақпал қара ала сиырдың астын тазалады... Содан қойларына ауысты. Бұлардың саны алтау. Үшеуі ірі, үшеуі биылғы қозы. Анығында Мақпалдың өз еңбегі үшін тиген осы үш саулық еді. Бәрі тегіс қоздаған. Қозылары міне, аман, күйлі. Сиыр Мақпалдың күйеуі — Сәрсенге берілген. Ол осы “Екпін” колхозының ұстасы... Қазір Сәрсен дүкенінде.

Бөрте лақ па?.. Ол туралы Сәрсен мен Мақпал кейде үй іші боп отырып, дауласып та қояды. Сәрсен оның түбін өзіне тартады.

— О, сиыр мынан табылды. Бұ болмаса қаяқтан әкелер ең сен.

— Сиырыңды қолыңа берейін, тағы бірнеше лақ қимайсың ба өзің?.. — деп Мақпал күліп, лақты өз табысым дейді.

Қара ала сиырдың сүті бар колхозға мәлім екені рас. Бірақ ол әуелі күтүмен, екінші ұқсата білумен табылған. Екі қарын май алыпты жаздай. Бір қарнына киінген және үнемдеп жырмалап отырып, осы лақты сатып алған Мақпал. Сөйтіп “бір атаның қызы”, үшінші түліктің басы боп, Мақпал қорасына о да кірген. Жаңада келген. Өзі осы кішкене, таза, күтімді қораның кенжесі... Ол ерке, тәйтiк бөмай кім болсын?..

Мақпал шелекпен су әкелді... Алдымен лағын, содан соң қозыларын суарды... Бөрте лақтың сілкіне пысқыра тұрып,

су бетіндегі өз сәулесіне қарап көзін ежірейтіп, сүзбекке қамданып, мүйізін төсеп байқауына шейін Мақпал танып, ұғып тұрады. Ыстық, бәрі де ыстық... Әсіресе қылығы мол, осы лағы ыстық...

— Әй, сөйтсе де тентек. Жүдә. Қозылардың жемін былғады... тұра тұр... Мен Сәрсенге барайын... — деп, Мақпал қорасындағы шаруасын бітірген соң, дүкенге қарай кетті.

Жасы қырыққа жаңа ілінген Сәрсен қасындағы бала ұстасына көрік бастырып, өзі “Екпін” колхозына он тоғызыншы плугті қамдап жатыр. Соның құрсауына жарайтын, ұзын сом темірді отқа қыздырып ап, сол қызған басын жалпайта ұрып жатыр екен.

Сәрсен колхоздың ең қадірлі мүшесінің бірі. Бұрын қазақтың пышақ-шақпақ соғып жүрген өнері аз дара ұстасы еді. Ол күнде қол-ағашқа қаққан кішкене төс, көркі колхоздың тастағанын, бүлінгенін жиып ап, қазан отының басына орнатқан қол — көрік бұны тұсаған да, өсірмеген. Құрал жинап алар қауқары да болмаған. Өнімі — қырықтық, пышақ, тағы бай баласына тартуға апаратын кездік... Осындай шұқыма еді. “Екпін” колхозына дүкен аштырып, сонда бұл күнде өзі істеп, енді колхоз кірісін де молайтып, өзі де үлкен түр тауып отыр. Биыл көктемнен бері колхозға осымен тоғызыншы плуг кіргізеді. Бұрынғы колхоз плугі он еді. Сәрсен мен колхоз бастығы көр-жердің бәрін жиып, жоқтан-бардан құрап, тыңнан міне тоғызыншы плугті қосқалы жатыр... Плуг қана емес, ол бұл күнде бидай машинасы, шөп машинасы, тіпті молотилканың да сынған, бүлінгенін түзей алады. Дүкен іші толған сайлы құрал... Көрші заводтан сатып алған бормашина (темір тескіш) ол да тұр мұнда...

Мақпал алғаш келген бойында Сәрсенді жұмысынан бөлмейін деп толасын күтіп, үндемей қарап тұр еді. Арт жағынан колхоз бастығы Асылбектің үні шықты... Ол Сәрсенге сәлем бере кіріп:

— Сәрсен, мынау соңғы плуг қой осы, — дегенде, Сәрсен салқындап, қарауытып қалған сом темірді көрік астына қайта апарып, көміп қойып:

— Ия, осы... — деп, маңдайының терін сүртті...

— Ендеше, бұдан соң, осы, мына шананы бір қолға аса деймін.

— Білем. Рас... Қыс жақын. Шананы да быт-шыт қып көзін жойған былтырғы колхоз бастығы, пәдері нәлет!..

— Әйтеуір, екеуіміз жоқтан-бардан құрап, одан да мал тұрғызайық колхозға ... өтірік белсенді деген неден болат, болатын дейсіз, сондайдан болат та қызың... жүдә!..

— Мынадан көп шана жасаймыз. Бірақ, осы бір шаналар өзі иттей ауыр, жүдә...

— Табанының қалыңдығы жүк көтеруге жақсы. Енді... өгіздеріміз бар ғой, шүкір, қосатын... — деп, колхоз бастығы шананың көп мінін көре алмады...

— Өгіз де жануар... Аямасқа болмайт та, бастық. Табанында дауым жоқ. Бірақ бұ шананың сүйегі ауыр... О, осы ана шабақ, қанат, кепіл — бәрінің ауырлығынан... Оны мен бүйтіп қоймаймын. Жиішкертем. — Колхоз бастығы түсінді. Ол Сәрсеннің білетініне сенеді. Содан енді дүкен жаққа орала бергенде бастық әңгімесін бастады. Көзін Мақпалға қадай сөйледі...

— Жә, сіздерге мен енді бір жаңалық әм айтайын. — Мақпал бір жайсыз нәрсе болар ма деп тіксініп қап еді.

— Ауданда малды жақсылап өсірушілердің, екпінділердің слеті — сиязы болат. Соған біздің колхоздан кісі керек. Біз ауыл кеңесі, колхоз басқармасы боп соған Мақпал барсын, — дедік! — деп, біраз тұрды да, үндемей тұрған тындаушыларына тағы қарап, — өзіне бүгін, қазір жүру керек, — деп бітірді. Мақпал:

— Е, малды кім күтеді?.. — дей беріп еді, Сәрсен араласып:

— Малды күтеміз, күтіледі... Бар. Келимеге келетін жер ме екен бұ? Күтгің малыңды, мақтан сенікі... Мінеки, енді сиязда қайқайып отыратын да сен...

— Бәрекелді, жақсы айттыңыз... Рас, мақтан сенікі енді, Мақпал! — деп, бастық Мақпалды арқаға қақты.

— Қалай күт, қалай сақта дейт, өзің барып, өз құлағыңмен естіп-естіп, қанып қайтасың...

— Е, барам, несі бар... Сен күтсең болат тек! — деп, Мақпал өз байлауын жасады.

— Өзің мұнда неге кеп ең? Естіп кеп пе ең, жүдә? — деп, Мақпал шаруасын Сәрсен енді ғана сұрады.

— Әгі лақ қойдың ақырына шығып, жемін былғап, жүдә, маза бермейт. Соған ақырын ана биіктеп шыға алмайтын, бірдеме қып бер дегелі кеп ем.

— Е, қып берем... Ал ендеше жүріңдер, бұны жолға қамдайық! — деп, Сәрсен колхоз бастығы мен Мақпалды ертіп, үйге қарай аяндасты.

Колхоз бастығы мыналардай екі мығым мүшелерін көңілдендіргісі кеп:

— “Бір сиырың, бес қойың бар, құлаққа жазам!” — деп, қандай кіжіндеп ет. Кешелер белсенділер. Міне, енді үкімет әдейі “көбейт-көбейт малды” деп отыр, бұндай мал өзгеде де табылат қой. Мен, әсіресе, Мақпалдың малға деген ниетін, жүдә, жақсы көрем... — деді.

— Бар малымыз. Күтеміз өзін! — деп Сәрсен Мақпалға қарап: Бар да аудан, облыс, Алматы — бәрін көріп қайт. Жібере берсе, жүре бер. Алаң әм болма. Тамағымыз тоқ ... көзге шұқиым міне, жалқау-лодырды. Қазір орта қазан қатық тұр үйімде... Еңбек еттік колхозға... Таптық міне, кәйт дейсің... Солай ма, қатын?!

Мақпал күліп, бетіне қарап:

— Солай! — дейді...

II

Бүгін аудан кіндігі Ванновка ерекше жанданған. Аудандық атқару комитет, райком, жер бөлімдерінің алды — кірген-шыққан көп адам. Бұның ішінде үлкен дөңгелек ақ жаулықты әйелдер. Бөрік, тымақ, тондар, шолақ кара пенжак көбейген... Колхозшылар. Колхозшылар ішінде де көпшілігі қатардан шығып, осы жылда бәйгеден келгендер. Әрқайсысы өзді-өз колхозының жарысын адақтап шығыпты...

Әлгі кеңселердің көшелері де колхоз көрмесіне айналғандай.

Бұл мал күткен, малға ықылас берген бейілдің көрмесі. Әр колхоз көлігін, көлігіне жасаған күтімін сарапқа салады... Сондықтан жегіп келген аттарында да сын бар. Міне екі қоңыр арғымақ. Жасыл бояумен жаңада бояған қобди арбаға парлап жегіліпті...

Өңдері жып-жылтыр. Сауырлары төңкерген тегенедей. Баптылық, күтімділік арқасында құлын мүшелерін қайта тауыпты... Бұл өз-өзіне сенімді — тоқ, нығыз “Возрождение” колхозы.

Мынау тұрған бір күрең, бір қызыл көк “Таулық” колхозының көлігі. Бастарын шұлғи тастап тұрған мәстекі, жуан сіңірлі төртбақ, қаражон аттар да ешкімнен олқымын демейді.

Көше бойлары ылғи осындай пар-пар. Окта-текте, бірен-саран бастықтар мінген, құнанша күзелген салт аттар көрінеді.

Түс ауған кез. Күздің ашық, шағырмақ күні. Алатаудың иығына қарай созылып көлбеп барады.

Қазір слет ашылу керек. Аталған сағат жетті... Ауданның бір топ қызметкері клубқа кірді.

Бұлар райком хатшысы, атқару комитет бастығы, комсомол ұйымының хатшысы, политотдел орынбасары... Бүгінгі мәжілістің бастық баяндамашылары...

Клубтың залына кіре бере-ақ райком хатшысы күрсініп, басын шайқады. Әлі залда адам жоқ. Бірақ болмағаны да тәуір екен. Өйткені бұл клуб қонақ түсіру әуеліге тіпті-тіпті әзір емес.

Бәсе, осылай шығарсың деп әдейі ерте шығып ем... Қарашы, тым құрмаса бірде-бір ұран да жоқ, — деп, хатшы айнала қарады. Клуб залы шынында алғаш қараған көзге алжа-алжа, салақ, олақ қатынның үйіндей.

Ең әуелі көзіне залдың ортасына таман әкеп құрылған қазақы ақ шымылдық түседі. Бұл, ақ делінеді. Бірақ шынында бүгін емес бұрын, бір кезде солай болыпты. Қазір кірден, ыстан, тозығы жеткендіктен ол сап-сары боп кеткен. Өзі анық қазақ шымылдығы. Өйткені, жоғарғы қас, төменгі етектерінің бәріне бір заманда қызыл жіппен машина кестесі, ирек шимайы салыныпты... Бұл күнде сол жиектерінің кей-кей жерлері боршаланып, жыртылып салбырап тұрғаны да бар... Осы шымылдықтың қасына тақай бере жаңағы азаматтар клуб басқармасын күлкі етісті.

— Экранды қарасаңшы!.. Ал, ақшаны сойып алады... — деп, атқару комитет бастығы шымылдықтың бір шетін қағып, әрі сахнаға қарай өтті...

Қалғандар тездетіп шымылдықты шиыршықтап, жинап жатыр. Залдың орындықтары ұзын-ұзын скамьелер. Олардың көбі тіпті сахнадан алыс тұр.

— Жақындатайық, көтерейік! — деп, кішкене бойлы райком хатшысы біреуін ырғап көріп еді, көнетін емес. Шегелеулі

екен. Тілесе, сахна өзі жақындасын... Ауданның ылғи бастық жігіттері асыға, қосыла жүріп залды өздері тәртіпке сала бастады.

Колхозшылар жиылғанша қисық тұрған орындықтар реттеліп, алдындағы бос орындар толтырылып, басқарма столына қызыл жабылып, шам да реттеліп қалды. Клуб қамсыздығы енді анықталды. Бұл жер үлкен мәжілістің осында болатынынан хабарланбапты. Хабар беретін жер бөлім бастығы бүгін ауырып қапты.

Бұндай сәтсіздік қайда болса да болатын шығар дейікші... Бірақ сонда да, клуб залы үлкен, кең орын бола тұрса да, әлі өзіне арналған бір ықыласты, бір мәдени қолдың араласқанын көрмеген сияқты. Оның белгілерін енді қабырғалар баян етеді. Екі-үш жерде екі-үш көсемдердің суреті бар болса да, қатарларында сол суреттердің бойындай қағазға шимайлай жазған жазулар ұран орнына әлдеқандай сығандардың фокус ойындары болатынын баян етеді.

Қабырғалардың тағы бір көзге ілінетін үлкен жазуы (ол түп-тура ақ қабырғаның өзіне жазылған) — 2 сом, 3 сом деп қойған сомалар... Бұл тұста қабырғаны бухгалтердің кітапшасы дерсің... Осы сомалардың ең төрінде, алдыңғы орындар қатарында, болмаса тіпті музыкашылар орнының қатарында, жоғарғы есептердің жинағы сияқтанып, бір қысқа сөз тұр. Ол “бронь” дейді... Ауданның колхоздарын, колхозшыларын, аудан кіндігін хатта Ванновканың көшесін де еліртіп, сілкініп жүрген кәдірлі колхозшылар слетінен мына клуб хабарсыз. Сондықтан оның қабырғалары да меңіреу...

Бірақ “клубтың басы ауырып тұр екен” деп өмір қарай ма? Тамыр, түбірлері колхоздарға нық орналасқан, арқаларында нық табыстары бар “екпінді мал өсіруші” деп аталған слетші колхозшылар, әсіресе, қарар ма?

Олар бестен, оннан жиыла-жиыла залды лық толтырды. Осылардың орта кеудесінде үлкен жаулығын оранып, қара барқыт бешпентін киіп Мақпал да кеп кірді... Жанында ауыл кеңес, колхоз бастығы сияқты таныстары бар.

— Кімдер жиналған екен? Әнеу алда бір қатын. Мына біреу терезе жанында екі қатын... Е, артта да бір-екеуі бар екен ғой... — Мақпал алдымен осыларды шолып алды. Одан

әрі колхоздан келген таныс еркектерді де байқады. Алда, қызыл стол маңайында қырынған, жымия киінген, тегіс әйел бетті боп алған, өңшең бір көселер жүр. Бұрын Мақпал бұндайлардың бір көргенде бірен-саранын ғана көруші еді. Оқыған, іс басындағы адамдар осылай жүретінін біледі... Бірақ солардың қап-қатар боп тізілген үлкен тобын көргені осы ғана еді.

— Шын әйел бетті боп тұрады екен-ау, жүдә! — деп тамсанып қойып, артқа қарады... Алыстан тағы бір жаулық кіріп келеді екен... Көзіне жылы ұшырағандай болды. Ол алыстан-ақ бұған қарап жымиып күліп келеді... Аяғында Мақпал да танып, орнынан тұрды. Бұл келе жатқан өзінің сіңлісі Айша. Бірімен-бірі амаңдаса сала:

— Сен де ударниксің бе?

— Сен де солаймысың? — десіп күлісіп ап, қатар отырысты. Жөн сұраса бастады...

— Әне жерде көкем де отыр, көрдің бе? — деп, Мақпал оң жақтағы бір қатарға қолын нұсқады. Айша бұрылып еңкейіп қарап, өздерінің әкесін көрді.

Жасы алпысқа тақап, бурыл тартып қалған Қожық екі қызына қарап, ақсиып күліп қойды... Айша “Қайрат” колхозынан кепті...

— Екі қой, бір сиыр, отыз қояным бар... Бір қызыл қой деген қойым бар еді, күтіп ем бақырдың өзін де. Әлгі байғұс қар кетерде бір қоздап, егін пісер алдында тағы қашып, осы күзде екінші қоздады...

Мақпал сүйсініп, тамсанып қап еді.

— Енді өсеріне көрініп жүр ме деймін, наяты... — деп, Айша күлді... — Сол осы жақында тағы қашты...

— Жыл айналғанша үш қоздайын деген ғой... Байғұстың ырымы қалай жақсы ет... Шын ударник сен екенсің, — деп, екеуі бірігіп күлісіп алды...

— Шал өз колхозынан келген ғой? — деп, Айша әкесінің жөнін сұрады. Оны бұл әлі көрген жоқ еді.

— Е, өз колхозы “Кеңбұлақтан”. Колхоздың атын жаюшы еді. Бір құлыны өлмепті!.. Бір жылқысын не қасқыр жеп, не ұры алмапты... Аттары күйлі дейді. Соған көре оны да ударник

депті колхоз! — деп, Мақпал сіңлісіне әкелерінің жайын айтып, баян етіп келе жатыр еді, сырт жағынан біреу кеп: — жеңгей, сіз — дей берді. Мақпал сөзін бөліп бұрылғанда тағы да сақал-мұрты қырылған бала бетті жас жігітті көрді.

— Сіз “Екпін” колхозынансыз ғой?

— Ия!

— Әкеңіздің аты кім? — деп, кішкене книжкасына қарындашын үңілтіп тұр.

— Өз әкем бе, күйеу жағым ба?

— Күйеуіңіз, иә фамилияңыз...

— Күйеуімнің әкесі... — деп келіп, Мақпал бөгелеңдеп қалды да, сонысына қысыла күліп жіберді. Ажарлы ашық қызыл жүзін қазір бір қою қызыл басып кетті.

Сөйткенше болмай “жұрт күлер ме екен?” — дегендей боп алдына қараса, ауылкеңес пен колхоз бастығы бұған қарап ыржиысып отыр екен... Мақпал тезінен жөнделіп, ішінен намыстанып қалып:

— Күйеуімнің әкесі Келімбет, — деді... Жігіт жазып ала, қызыл стол жаққа жөнелді.

— Осы жұрттың бәрі осындай колхоз ішінде мақталғандар ғой шыли? — деп, Айша Мақпалға сұрақ қойды. Баяғы апалы-сіңлілі боп жүрген үйдегі кездерінде, Айша осылай жөн-жосықты Мақпалдан сұрап, сүйене жүретін. Енді кездескен жерден-ақ сол бұрынғы қалыптарын табысып, қайта жанасты.

— Бәрі де мал күткендер ғой. Ана қатындар да сол емей не дейсің?..

— Бұл өзі жарыс қой, кім озар екен? Кімді мақтар екен ауданда? — дегенде Мақпал күліп: — Қайдам? Бұл жерде не деп жарысамыз. Оздырса қадірсай — әм үйдегі ісіміз, малымыз білет те... Сен әлде менімен жарыспақпысың? — деп, Айшаға қарады. Айша қысылған жоқ.

— Олай демегін. Сен болсаң, сенімен де жарысам, несі бар?

— Жарысады, жарысады. Өтейі соған келмедік пе? — деп, Мақпал күле отырып, Айшаның иығынан ырғап қойды.

Дәл осы кезде қызыл стол жағынан қоңырау шылдырады. Бұл күнге шейін екіден, үштен бастары түйісіп, айқыш-ұйқыш әңгімемен боп жатқан колхозшылар тына қалды.

Слет ашылды... Шам жанған кез еді. Бағанағы Мақпалдың атын қағазға түртіп алып кеткен жігіт сияқты бір жас жігіт тізім оқыды. Ішінде оқылған аттар Мақпал мен Айшаны елең еткізді. Әсіресе бір аттың жөнін ұға алмады бұлар. Ол аталған “Келімбет келіні” деген ат. Бұл, Мақпал болу керек.

Тізім бітті, жұрт қабыл алды. Енді қызыл стол басына әр жерден шыққан адамдар тұрып барып жатыр. Мақпал әлі де ұғына алмай, ешкімнен ретін тауып сұрай да алмай, отыра берді.

Үстел басына бес-алты кісі құралды... Орын алып отырысып жатыр. Араларында әлдекімді жоқтағандай боп, зал жаққа қараса береді. Сол уақытта ауылкенесі Мақпалға қарап:

— Е, Мақпал, неге отырсың? Ана жиылыс басқармасына сені де сайладық қой. Тұр, бар ана жерге... — деп, ентелете бастады. Мақпалға жаңа түсінікті болды. Бұрын колхоз жиылыстарында да мұндайды ол көрген. Тек жаңағы тізім оқушының кімді, не жаймен атағаны бұған түсініксіз боп қалған еді.

Ақыры басқарма ортасына, залды үлкен ақ жаулығымен қақа жарып отырып, Мақпал да барып кірді. Бұған бұрын отырып қалғандар тезбе-тез орын берді.

“Ана қатындардан мен озайын дегенім ғой түрі”, — деп, Мақпал өз-өзіне енді ғана сенімдірек қарай бастады. Осыдан әрі көп кешікпей-ақ үлкен баяндама басталды. Арық, сұр жүзді қараша жігіт сөз сөйледі. Саспай, салмақтап айтқан сөзі де, топқа қадалған өткір көзі де, бір орынға қатып тұрып қалған өзі де, тегісінен шегедей шаншылады. Атқару комитет бастығы баяндамасының түйінді сөзіне қарай сатылап, тереңдеп батып барады. Мал, мал, мал!.. Кеңес құрылысы үшін де... колхоз үшін де, өзің белсенді колхозшы, өзің үшін де... мал, мал, мал...

III

Таза қылып сыланған ауызүйлі, төрүйлі кішкене ықшам пәтерде комсомол Жақып, кемпір шешесі Несібелді және избашка — Настя отыр. Кемпір баласына жаңа бір үлкен Қара сандықты әкеп берген еді. Оның ішінде Жақыптың кітаптары.

Қазір үшеуі сол сандықтың айналасында отырып, ішінен кітап, қағаздар алып жатыр.

Жақып кітаптарды екі жаққа кезек тастайды. Біреуі керек деген тобы, екіншісін шешесіне: — мә, мынау саған! — деп, сол жаққа тастай береді. Жасы алпыстан асып қалған болса да Несібелді әлі қайратты да тың. Өзі әрдайым көңілді күлегеш те. Қалың етті қызыл жүзі көп қатпар жасап жиырылып, көзінен жасы аққанша күлетін кездері жиі-жиі болады. Бүгінгі күнде өмірде оның қабағы солайша жадырап ашылған сияқты. Сондықтан, әсіресе Настя мен екеуінің арасы құрбыдай. Көп күлкі екеуі қатар жүрген жерден шығады. Баласы Жақып та шешесінің қазіргі күнін қостап, онымен көп мәжілістеседі. Бірақ көбінесе қалжақтап күлкі шығара сөйлейді.

Бұл күндерде үйлеріне жан-жақтан қонақтар келіп жатқан. Дәл қазіргі сағатта ол қонақтары слетте. Әлі қайтқан жоқ. Жақып орындықта отырған бойымен еңкейіп, сандық ішінен бір топ кітапты алды да, реттеп отырып, кемпір жаққа әуе кемесінің мүшелік книжкасын тастай берді. Ескірген книжка. Бірақ сырты әлі жана екен. Кемпір колхоздағы кемпірлердің біріне берейін деген ниетпен, қалтасына сала беріп еді, Жақып түсін өтірік томсартып:

— Қой, не қыласың, біреу көріп қойса “комсомол екенсің” деп шатақ қыла береді, — деді. Настя қысылып, аузын басып кемпірге қарады. Несібелді қалтасынан книжкені суырып алып: — не дейт... Ал ендеше! — деп Жақыптың өзіне лақтырып тастады. Сол кезде слеттен қонақтар қайтып кіріп жатыр еді. Шал Қожық, Мақпал, қастарында Айша да бар. Кемпірдің өңшең бәйгелі туыстары. Ішінде “кәрі шораяқ” шалы да жүр. Ол жаз бойы “Кеңбұлақ” колхозында келінінің қолында тұрып, жылқышылық қып, колхозынан алғыс алып, осы слетке келген. Настя бұларды көңілді жүзбен қарсы алып, Мақпалға қарап:

— Апаныкі қыз қандай! Басқа қатындар залда отыр. Ал ол президиумда...

— Төрге шықты ма менің балам? — деп, Несібелді Мақпалға сүйсіне қарады.

— Ия, төр. Төрдің төбесінде, несін айтасың. Басы бар табақты соларға тартады! — деп, Жақып өзгелермен бірге күліп:

— Президиум десе бұл баяғысынша “төр” дейді! — деп Мақпалға қарап: — атаңның фамилиясын айттың ба? Мен жерде сен шатақ шығарасың ба деп ем... — деп тағы күлді.

— Айттым, несі бар?

— Қойшы, не дейт... Ұяттан кетіп, — деп, Несібелді шымымен жаратпай қап ед.

— Е, өзің қайтушы ең? Мына атайым көзінше енді сырынды ашайын бәлем! — деп Жақып күле қарады.

— Е, мен қашан айтып ем?

— Айтпасаң, менің паегімді алғанда не дедің?

Несібелді күліп жіберіп:

— Пәлімің не? — деп болмайт... Жақып пен Настя күліп жатыр. Кемпір өзі де күле отырып:

— Молымқан десем ұқпайт әлгі піркәншігі құрғыр...

— Бәсе, не деген меңіреу десеңші. Толымқан деген атасының атын атауға келінінің тілі оралмай тұрғанын ұқпас болар ма, ол орыс, — деп Жақып мысқыл етеді.

— Сонда да айтпадым. Сонан соң, тілеуің бергір, Әбіштің қатыны тұр екен, со айтып жібергені.

— Әйтпесе, паексіз қайтуға бар, біздің бұ кемпөшке... Мақпал да сиязда сол сен сияқтанып отырса, жетісер ет... “Сыпа екен бұ кісі” дер ет, шіркін сияз басқарушылар...

— Мақпал несіне именсін енді одан. Баяғы бір ғұрып деген ғой. Бәрін де тастап атқамыз жоқ па, түге... — деп, шал үлкендік даналықпен үн қосты...

— Вот, малды баққандыкі қандай жақсы, Мақпал... Ә, сендердікі қатындар “көктемде үкімет тағын ап қоят” деп шатақ кіган, — деді Настя.

— Е, айтсам бомайсың, осы емес пе менің айтқаным! — деп, Жақып та Мақпалға қарады.

— “Бақ, бақ, бақ малыңды”, — деп көктемде осының бәріне бақаша бақылдап ең. Сенің еңбегің осының бәрінің бәйге алып жүргені, түге, — деп, Несібелді Жақыбының барлығын қуаныш қыла, Мақпалдарға қарап қойды...

— О, сөзіңнің керегі жоқ. Айтуды өзге де айтқан. Істеген еңбек өзіміздікі. Жалғыз балаңды мақтағаныңа неге болайық! — деп, Мақпал Айшаға қарап күліп қойды.

— “Бір аштың, бір тоқтығы бар”, — деген осы. Қарағым, Жақыптың боғандығы неге жәрдем бомасын... Масадай

сенделіп қамап па ек, жүдә, былтыр... Айтқанын ұғынып, колхоздарыңа еңбек ете беріндер, түге! — деп, шал өсиетін айтады.

— Енді малыңның құр басы барлығын мақтан етпе... Жақсы қошқар, жақсы бұқаға апарып, сапасын арттыр, екеуің! — деп, Жақып, Айша мен Мақпалға кеңесін береді.

— Е, мал босыншы. Басы боса, берейін десе, құдай осымен кем қылмайт, жүдә! — деп, кемпір жетекке ермей, тартыншақтай береді...

— Е, сен ғой, жүдә... Сенің бес ешкі, бір сиырың болғанда “құдай, құдай” деп жүргеніңді білеміз! — деп күліп, Жақып сандығының ішінен бір кішкентай жат түсті ескі кітапты алып оқи жөнелді.

Ескі хатпен, қауырсын қаламмен жазылған, көп жері қара сиялы, кейде қызыл жолдар кездесетін, кішкене шимай беттер не дейді?..

— “Қойны баққанда — ия мәләк десун, қайтарғанда — ия сттар десун... Кииз басарда — ия Ғазиз десун, уин сыбарда — ия Ғафур, ия шукур десун; суға тоғутурда — ия самиғт десун; қойға түз бергәндә — ия һаннан, ия маннан десун... — Жақып жөткіріп ап кекеткен үнмен:

— Мә-ә! — деді.

Бұл кішкене кітапты оқи бастағаннан-ақ кемпір мен шал:

— Ырсала — ырсала ... екен ғой, — десті.

— Со ғой, бәсе. Бұның онда несі бар екен? — деп, Мақпал ақсия күліп, бауырына қарап: “не дер екен?” — дегендей қып, тыңдап отыр.

— Шылдың қылат та, — деп, Айша да Жақып мінезін шеше алмады.

Жақып шешесіне қарап:

— Сенің құдайдан соңғы бір сиынғаның осы емес пе еді? Тақуалығы қандай еді бұ кемпірдің!.. Міні, сол агрономың айтқаны! — деп, кішкене кітапшаның тағы бірнеше парақтарын аударып, тоқтай қап:

— “Рауайыйлар андағ рауаят қылулар, кім һазірет адамден та Мұһаммад Мұстафа саллу аллаһ ғалиһи уа сәлләмғаша мың иеті юз пір кәмил қаһир бістә, миан биһтә уа саһиб шукур өтіпләр. Анден төрт пір туйашылық қылыпдурлар...” — деп

аяғын соза оқып кеп: — Па, шіркін, түйе бақ деп жатқанын көрмейсің бе! — деп, екі-үш қағазды аударып жіберіп: “Шөкіргәндә ия алла, ия раһман димәк кирәк!” Сенің әлі көп түйелі боп жүргенің осының айтқанын қығаннан да! — деп, шешесіне қарап күліп қойды. Несібелді әлі іргесін бермейді. Ол томсарып қана тыңдап отыр.

Мақпал бағанағы қалпынан езуін жимастан жымыып отырып, енді Жақыпқа:

— Сен бұны неге сақтап жүрсің, жүдә? — дегенде, Жақып іле жөнелді:

— “Туйашылық қылған кіші бу рисәланы білмәсә, оқытып ешіт мәсә, ия өзі тутмаса, туйашылықтән һәр не тапған малы доңғузуның күшидән һарамдур. Хиямәт куни көрден тұрса юзи қара болғай!” Көресің бе міне! — деп, Жақып Мақпалға қарап: — былай дегесін ұстамасқа бола ма? — деп, кемпірден өзгесі тегіс қосылып күлісіп алды. Жақып әлі үндемей отырған шешесі жаққа қарап, көзін қысып қояды...

— Апам екеуің олай болса, ол дүниенің қамын, сауабын сандыққа мықтап сап ап, әтейі сақтап жүр екесің ғой, — деп, Мақпал Айшаны түртіп қойды.

— Е, әйтпесе не? — деп, Жақып тағы бір-екі қағазды аударды.

— Һәр кіші рисәләні өзі бірлә сақласа құдайтағала туйашылыққа мың бәрәкәт бергәй”, — деп, кітаптың жолына саусағын қадап тұрып, сипай қамшылағандай қып, ақырын көлгір ғана жүзбен кемпірге қарап:

— Сіздің түйеңіздің саны неше соқыр боған ет осы, бәй-біше!? — деп қойғанда, Несібелдінің өзі де жарылып күліп жіберді. Екі қызы әсіресе мәз болады. Жақып шұғылынан тағы салдырлата жөнелді...

— “Мың бәрәкәт бергәй, шол бәндәнің юзи он төрт кундук айдек болғай, шол бәндәнің бақитни юзині көз көруп, әһили ғырәсәт һәйран қалып айтқай, бу қайсы пайғамбар, уа қайсы жаһид, уә қайсы ғәзи туруп дигәй би кәләм, уә би зәбән, уә би дендандан нидә келгәй... Бул ол дүнияда менің әмірімні тутып бу рисәлә мүбәрәк сақлап ерді шол сәбәптән шу мәртәбәгә иеткендур”... Міне біз, апам екеуіміз неге сақтаймыз, білдіңіздер ме? — деп, Жақып кітапты жаба бере...

Мына бір жерінде “бір қой садақа бергәй” деп қойыпты... Өзін жазған қазақтың қу молдасы! — деп, кітапты жауып тастады.

— Керек, бұдан керек не болсын, — деп қойды.

— Қазақ... қазақ молдасы. Осындай қып жоқты-барды шатып кеп, — пұл амай қоймайтын да, жүдә! — деп, шал Жақыптың басқа кітаптарын қарай бастады. Бағанадан үндемей отырған Несібелді енді бұл кітаптан гөрі де таңырақ бір нәрсені есіне алып:

— “Шорай ислам”, “ақтаяқ” дегенді кәйтесің. О, қандай тіксінтіп ет, жүдә! — деді.

— Онда ғой, маған да намаз оқыттың! Жасым сонда он үште, ораза тұтқызып, қандай зарлатты апам!.. — деп, Жақып “ақтаяқ” заманының өз басына түскен ауыртпалығын еске алады.

— Со құрғыр осы беріде бомап па еді... Кеңес уағында қайдан шығып жүрді екен?.. “Ораза тұтпағанды дарға асады, намаз білмегеннің тілін кеседі”, — деп, наяты қандай шошытты, жүдә? — деп, Мақпал да еске алды...

Бағанадан бір кітапты оқып отырған Настя жаңа ғана басын көтеріп:

— Орыстыкі поп, қазақтікі молда, ол бәрібір один черт, — дегенде Несібелді күліп жіберді де:

— Е, сен сөйле, қызым, маған ұдайым осындай ақыл айтат бұ! — деді.

Настя толық, сау денелі жас қыз. Қызметінің көбін қазақ ортасында, әсіресе қазақ әйелімен араласа істемекті мақсат қылады. Сондықтан ол ауданды, аудан ішіндегі жақсы, жаман колхоздарды тегіс біледі. Осы Жақыптың үйінде ұдайы тұрады. Өйткені өз туғандары Қырғызстанда — Қарақол жағында боса керек.

Бұның кемпірге оңаша айтқан жайының кейбірін кейде Несібелді көпке де мәлім етіп қояды.

— Байғұстың әке-шешесі өмір бойы кедей болып, малайлықта өткен екен. “Алты баласы бар едік. Біз һәм тегіс малайлықта болдық” дейді. Өзі “қазақсың” деп бойын аулақ салуды білмейт, жүдә. Кейде түнде қайтып кеп шешінеді де, қойныма кіріп кетеді... Дәл баламдай... Өсиетті де көп айтат маған... — дейтін.

Қазір Настя үш әйелге қарап, шындаған, салқын пішінмен сөз сөйлейді. Үні кесек. Ұртына тас салып тұрып сөйлеген кісінің үніндей салдырлай:

— Кеңес кегенде олар өлеміз ойлаған. А вот сонан соң олар “ақтаяқ” тағы сондай чепухаларды шығарып, сендерді қорқытқан”, — дегенде Несібелді:

— Қорқытқан... — деп, тілін тамашалап, кеңкілдеп күліп қояды.

— Жақсы айтат, мақұл айтат...

— Жүдә, дұрыс айтат, — десіп, Қожық пен Макпал бек қош тыңдайды... Несібелдінің бәйгелері съездегі осыған ұқсаған сөздер болсын, бұнда Жақып пен Настя айтқан әңгімелер болсын, барлығын ден қоя тыңдайды... Барлық қалыптарында осындай бір саңылауға сусағандық бар. Соған анталап бас қоюға әрдайым әзір сияқты. Етіп келген еңбектерінен туған сана сияқты. Тыңдағанға бұлар сөзінің қақ жартысы ылғи “колхоз”, “колхозда” дегенмен келеді.

Әр колхозда жүріп, бастары ойда жоқтан бүгін ғана қосылып отырса да бұлар іштей: “Білекке — білек, тілекке — тілек қосқандар”. Қазіргі әңгімелерде бұлардың үшеуі де Настя, Жақып пен өздерін “тізелес, қолтықтас” деп сезеді.

Кемпір Несібелді де осылар арқылы баяғысының үлкен, ауыр жүгін еңсеріп келеді. Барлық “ақтаяқ”, “шорай ислам”, рисәлалар дүниесі енді қара түндей артқа серпуге айналған... Ауыз үйге шыға бере ол алты жасар немересі Елубайды көрді. Сыртқы есікті ашып тастап, Елубай қорада жүрген ақ қоразды мазақтайды. Соның үніне салып, бақырып келе жатты да әжесін көріп, қораздың енін тастай беріп: Әже, менің өлеңімді тыңдағын, — деп алып әндетіп:

... Ленин біздің атамыз
Саясында жатамыз.
Жаулар қарсы келгенде
Қақ жүректен атамыз... —

деп, сұқ қолын мылтық қып оқтап ап, әжесіне тап береді. Несібелді “сүйт, қарағым” деп, одан да Жақып үнін естігендей болды. Сондықтан әңгімелерінің соңында шай жасап жүріп:

— Көзді бояй беріпті ғой, жүдә, құдай ұрып... Аңқау елге арамза молда!.. — дейді. Бұл енді оның да ішінде қайнай бастаған қорытындысы... Ескілік бұлар денесінде “өлі жүн” есепті. Жаңа тарих көктемі оларды түлеткен... Сонда азғана түбіт, азғана “өлі жүн” сүйретіле барып қалмаушы ма еді? Бұрынғы дін, ру дегендердің бәрі бұлар санасында сол тамырдан, қан-сөлден айырылып, енді үзіліп түсуін күтіп жүрген бірер жабағы, түбіт өлі жүн есепті... Бәрі тегіс шайға отырғанда кемпір төңкермені турап, әркімнің алдына тастап отырып, тақ ортаға Мақпал әкелген майды қойып, Настяға қарап:

— Бүгін ойын болат дедің бе?

— Болат, бәріміз барамыз. Апаныкі да баратын керек... Мыналар делегат... Олар өзі де болады, — деді...

— Е, мен әм барам. Үй ішіміз боп тегіс барайық... — деп, Несібелді көңілдене түсіп, бұрынғы бір ойынды есіне алып күліп:

— “Сүйдім, тидім” — деп, Байжұманның қатыны қандай ойнады энеукүні, — дейді. Настя бұнымен қоса күледі.

— Өзің, жүдә, ойынға әм барғыш бопсың ғой! — деп, шалы әзіл етеді.

— О, қазақ ойны. Артынан бір орыс ойнына әм апардым! — деп, Жақып шалқая күліп: — тап алдына апарып отырғызып “кәйтер екен” деп өзім арт жағынан отырдым. Басында адамша қарап отыр еді. Бір мезгілде қарасам, қасына Жұмаштың шешесін отырғызып ап, ауылдың әңгімесін со-оғып отыр! — дегенде Мақпал, Настяға қосылып, Несібелдінің өзі де мәз болып күледі.

— Пьесаның со жерінде бір мылтық атылатын ет. Өтейі айтпай “соға бер бәлем!” — деп, аңдып отырмын. Бір мезгілде “тарс” ете түсіп ет! — деп көзінен жас аққанша күліп Жақып:

— Құдай көрсетпесін, екі жағына бірдей қисаң-қисаң етіп, тап оқ өзіне тигендей боп, қолымен басын қоршай берет!

Кемпір пияласын жерге қойып, бар денесімен селкілдеп, үні өше күліп:

— Қайдам... Өне бірісі битіп қап! Мына жақтан бір орыс жүгіріп шығып битіп қап!.. — деп, денесімен өрескел қозғалыстар жасап қойып: — Қарасам бір маржа сереңдеп жа-

тыр! — деп тағы күледі. Мақпал шешесі мен бауырының екі арасындағы құрбыдай халге сүйсіне күліп:

— Содан әрі не бопты? — дейді. Кемпір күліп жауап бермейді.

— Айтсаңшы не болғанын? — деп, Жақып тақымдаса да, ол басын шайқап айтпайды.

— Одан арғы қызығы — “жүр қайтайық, жүрші... жүр” деп мазамды алмасын ба! — деп, Жақып тағы күледі.

Кешкі мәжіліс біткен соң ойын көрер алдында Мақпал, Айша, Қожық және Жақып бар — бәрі “шай ішіп қайтамыз” деп үйге келді.

Бұлар келгенде кішілеу лампылардың қызғылт оттары бөлмені де жарық қып тұр еді. Кемпір ауыз үйдің оң жағындағы ағаш төсегінің қасында бір нәрсеге айналып, күйбендеп жүр.

Настя ешқайда жоқ екен. Мақпал мен Айша шешелері жаққа айналғанда, Жақып пен әкесі төргі үйге қарай басты. Сол кезде артқы есік ашылғандай болып еді, Жақып өзінің арт жағынан шұғылынан шыққан тұтас, қатты күлкіні естіп жалт қарады. Шешесі, Мақпал, Айша бәрі де сақылдап есікке қарап тұр. Дәл есіктің алдында қазақтың үлкен жаулығы мен қазақы көйлек, бешпет киген бір аппақ домалақ келіншек тұр. Бұл танып болғанша, келіншек салдырлаған кесек, таныс үнмен күліп жіберді... Кемпір күле тұрып:

— Тәжім ет, қарағым! — деп еді, келіншек өзбектерше екі қолын төбесіне қойып, иіліп:

— Бісмилла рақмет, — деп еді, жұрт ду күлді. Несібелді өзі де күле тұра “режиссерлық міндетін” сонда да ұмытпай:

— Ұл тап! — дегенде Настя даусы тағы салдыр етіп, бар шынымен:

— Табам! — деп уәде берді...

Осы сурет кеш бойы Несібелдінің есінен кеткен жоқ... Ол қайта-қайта “бісмилла, рақмет” деп қойып, көзінен жас аққанша күледі. Настя ісінің екінші қатты әсер еткен кісісі Айша болады. Мақпалдай емес, ол ене қолына келін боп барған. Және сондай үйдің ішінде кішіліктің қағажуын көбірек көрген. Сол себепті тегі үндемейтін бұйығы еді. Колхоз бәйгесінен озып, туған үйіне кеп отырса да, ол аз сөйлеуші еді... Мына Настя мен шешесінің ойыны оны да

өте көп күлдіріп, ашып жіберді... Көп үлкен себеп болмаса да, бұлардың бәрінің де күлкісі мол. Қабақтары ашық, түстері жарқын... Өмірлерінің ішкі қызуы мен өскен үміт-тілегі, көтерілген талайы бар. Солары күлдіреді.

Бәрі бірігіп бұрынғы ескіліктерін арттағы күнге тастаған. Енді бұрын болмаған, болжамаған қызықты жаңалық көз алдарына кеп қапты. Соны ұстағалы сипалап жүр. Жақын... күйрығын шалып жүр. Соның жақындығы бұлардың екпінін молайтады... Сеніміне қос қанат бітіреді. Бойларын қытықтайды. Күлкісін молайтады...

Ертеңгі түсте аудандық слет бітіп, облысқа баратын екпінділер клуб жанында үлкен автомобильге мініп жатты. Ішінде, тап ортаға отырған Мақпал. Бұған екі жақтан: Настя, Несібелді, Айша, Қожық — бәрі де күлісіп, қош айтысып, оң сапар тілесіп жатыр еді. Бір уақытта Жақып келіп:

— Тоғыз кісісіңдер. Бұл баратындарың облыс. Бес кісі Алматыға барады. Сол бесеудің бірі тағы сенсің...

— Дұрыс, мақұл, барам! — деп, Мақпал қызарыңқырап күлді...

— Кешегі осында сөйлегеніңдей қып, ол жерде де сөйле!.. — деп апасының қолын алып күліп:

— Ал енді “ұл тап!” — дегенде Мақпал қатты күліп:

— Табам! — деді.

Автомобиль тартып берді.

**Роман
эскизі**



ТҰМАН АЙЫҒАРДА

БОЛАШАҚ РОМАН ПЛАНЫ

I тарау

Сейіл ауылға келеді. Қарсы алу. Өз ауылы жеке. Көрші ауылдың еркек-ұрғашы, бала-шаға, қойшы-қолаң, дағдылы амандасу, көрісу. Бұл жолы өзгереді шеткі үй. Онда Сәлім ауру. Оның әкесі және Сейілдің ағасы, барлығы ашулы, томсарған. Сейілді күткен. Сәлімнің қалыңдығы Қабыштың, бәйбішенің қызы. Соны Сейілдің құрдасы — бұлардың туысқаны Самат бұзып алатын бопты. Бала Сәлім көзі жасты, ашу айтады.

— Саматты атам, — дейді. — Мылтығың бар ма? — деп Сейілден сұрайды. Үй іші басу айтады. Сейіл:

— Жазыл, сонан соң көрерміз, — дейді. Серік комсомол тыңдайды, басу айтады.

Отауда келіншек түседі. Жұрт Сейілді оңаша қалдырады. Күтуші қатын және Қаныштың жеңгесі, Қанышқа қалжың айтады. Ол дімкес, жүдеу. Сейіл көңілсіз, зорлықпен сергиді. Алдынан бір сыбаға — осы уақытта Гүлсімнен хат келеді.

Самат ұялатын емес. Екі ағасы ереуілдеп шабуылға әзір. Қолтығына Қабыш аулы дым бүріккен.

— Бір-екі ат жоқ болса, соны мылтық алып іздеседі, — дейді.

Сейіл Саматтың ағаларын еске алады. Кімдер?.. Сейіл қайнында болады. Бұның үй-іші қыстауынан айырылған. Берем деген қыстауларын бермейді. Әрі-сәріде. Бәйбішенің екі аулының бірі осы... екіншісі Әкім ағаң аулы, бұндағы бәйбішенің берік, тоңмойын ауыл. Бұ да Сейілдердің құдасы. Екінші жағынан Саматпен құда. Онда қыз береді. Самат пен Сәлім әңгімесінде бұл ауыл екіұдай. Оның үстіне жер мәселесінде Асылбек аулын алдаған. Енді Қабыштың өзіне жабысыңқы. Асылбек ауылынан кетісе алмайды. Жер дауын шештіруді Қабыш әдейі Сейіл билігіне беріңдер деген. Сырттарынан Сейілді сыйлап қарсы алады. Бірақ іштей тығынулы. Жер мәселесінде бұл екі ауылды отыртқан Қабыш. Бұл билік Сейілге тағы бір сын.

Қабыш әзірлеген екінші сыбаға:

— Өзі тартып алмай, Сейілден жиреніп өздігінен келсін, — дейді Әкімбек аулын.

Қабыш аулына келеді Сейіл. Бұл ауыл тобырлы, қарақұралы — орда ауыл. Қабыш өз басын кемітпей, кішірейтпей отырып жайды айтады. Сыпайы сызылып, екі қыз көлбектейді. Сәлима — бәйбіше қызы. Қыздың биі — тоқал. Болған хал. Қызының қарекеті. Екі қыз қатар көне жаздайды Саматқа. Самат оқыған, саудагер, мал тапқыш. Бұның үйі ежелден Қабыштың бір жақын жерден жем іліп отыратын (...). Қыз берген құда. Тәтті дәмдісі осылардікі болатын. Екінші — Сейіл бұның туысқанын, бір атаның баласын екі бөліп әкетті деп қорғанады. Бәйбіше наразылығы тұтасып кетсе елге әйгіленеді. Жер жайындағы қиянаты сөз болады. Бәйбіше баласы бұлардан ажырағанда да Сейіл Асылбектің қызын алған соң ажыраған. Оған уақытында қарсы болған. Соған қарсы Саматты қолға ұстап, Сейілдің өз аулынан бақан, тіреу жасау бір ұпай. Екінші — қыстау мәселесі арқылы Әкімбек аулын ұстап, оны наразының бірі Саматпен байланыстыру. Бұның бәрін әйел бостандығымен бүркеу.

Қабыш:

— Қыз менің қызым емес. Мен лағнет айттым, өзің біл, өзің жайға, — деп, Сейілдің алдына тағы сөз тастайды. Сейілдің амандасатын тағы бір аулы. Смайыл аулы — қыздарын қала байларына беретін сәнді, паң, таза ауыл. Маңайында қара құрым көп. Саудагер болған. Өздерін-өздері қатты күтеді.

Сләмнің тоқалы бар. Қабышпен аталас. Тең ата. Басым ауылдардың таразысына қарайды. Жуан ауыл. Ел ішіне шөп машинасын кіргізген. Балалары бұрын оқыған. Қабыштың арқа тіреу аулының бірі. Сейілге қатты сый көрсетеді. Күтеді. Қанышты Сейіл аларда осы ауыл достық еткен. Бәйбіше балаларының зорлық көрінде, бүгінгі қалдерде бұның сыны көп. Өкпесін сыртқа сала айта жүрген бір болыс ел осы екі ауылдың таразысын бағады. Бірақ бұл екеуі от басынан қорғанып енді суыса бастаған. Қыста олары да қатар. Бұл ауыл кірпі таза, анадан жиреніңкіреп отырады. Бәйбіше баласын қолына баурап келе жатқандықтан ана жақ араз. Бұл

бірақ Асылбек аулымен ата дос. Қабыш қылығының барлық қоймасын біледі. Сейілге сырлас. Тыныш отырғызатын емес. “Отыра алмаймыз” деп дүмбілез сөйлейді. Айт күні. Сейіл Қабыш жағындағы елдің молдығын көреді. Ол өзінің үзеңгі жолдастары екі бай, бірі (Бекең, Жекең, Бейсенбі) дегендерді өзімен бірге жайлатқан; Жортар да осында қонақта. Сләм аулы ішіндегі кірін жасырмайды. Тоқал:

— Басты Сейілге бердім, ендігінің басы осы болады екен, — дейді. Қабыш аулына атқан оқтай тиіп жатады. Сейіл өзін шөре-шөре сияқты көреді.

Үшінші сыбаға Сейілдің кедей туысқаны Әлім Қабыш аулындағы кедей шал Ботбайдың келінін айналдырады. Шал, оның баласы, келіні Қазынаның қолында құл мен күн. Әмір алмақ. Бұл құмарлық тарихы. Әмір Сейілмен ақылдаспай сырттан бел қылып, Қабыш аулына барғыштайды. Ана ауыл аңдиды. Ұстап алып сабамақ. Атын алып қалады. Қабыш Бейсембіні салып, салмақ тастайды Сейілге... Әмірдің ағасы Көпіраман малшылықта жүрген. Оған ақы төлемейді Қабыш. Нағашыны, құданы, көршіні малшы қып, ақы төлемеу әдіс-дағдысы. Әмір Сейілге салмақ салады. Оны да Сейіл шеше алмайды. Сотқа бармақ. Тоқтатады. Серік комсомол Сейіл мінезіне ашуланады. Бірақ “қатынды сабап қайтты” дегізіп қойған Қабыштар. Асылбек аулының қыстауын алғаннан бері қорықтан жер бермес. Тықсыра бастаған олар шығады.

Жатақ. Сейіл келгенде Қабыш осы жатақтың бірін бұзып отырады. Сейіл “біріктіріп соңына салса қусырар еді” деп ойлайды. Бірақ, істемейді. Комсомол Серік, Еркін барлық күйге қарсы. Қабыш оның ағасы Шаяхметті өздерінің союзына, кооперативіне кіргіздіртіп жем жегізіп қояды. “Қазынаны жейді, совет мүлкін шашады” дейді. Серік, Сейіл түсінеді. Бірақ кооператив басындағыларды тәуір көреді... Бұл кооператив тарихы.

Жақыпбек, Жортар, Қабыш, Самат, түбі Сыдыққа барып тіреледі. Серік қостаған. Әмірге қарсы тұсау қып, Қабыш Қордабайдан қара биенің көзін сұратады. Жортарға бұл алдынан кеп, екі ауылдың таразысын иіскеп қайтқан.

Қордабай Сейілдің баласыз, әлсіз туысқаны. Сотқа жетпей Сейіл билік айтады. Жер мәселесіне билік айтады Сейіл.

Қасында Слэм, Қабыш болады. Қабыш Әкімбек малдарын қорғайды. Келіспей айырылысады. Бұл бауырдағы күй, Сейілге қарсы бауыр осындай екі жік боп қалды. Слэм, Қабыш қылығын Сейіл өз көзімен көрсін деп, ешбір жанды айтпайды. Тек күледі. Не үндемей томсарады.

II тарау

Сыртта. Тау сыртында. Сайлау. Ел іші жік. Ауыл-ауыл тартысып жатады. Жортар, Жақыпбек. Қалдыбай аулы болып қырқысқан. Төрттоқал, Қуатжан, Жақыпбек, Слэм сыр айтпаған, барын ашпаған Сейілге. Бұның қасында көп оқыған шәкірт, жас-кәрі, күлдіргі жігіттер жолдасы. Сот жатқан жерде сайлау. Сот тарихы. Судья, Қабыштар жағы қолға қондырған. Бұл араға көп оқыған тоқайласады. Сайлаушы жанында көп пысық. Сотты торыған сүліктер — Қабыштың топтары. Сот арзанды, жақынды, момынды ұстайды. Ең мықты, өз қасындағы ұрымен және барлық оқығанмен достасып жүретін Қабыштың оң қолы Жақыпбектің ағасы Әлімбек аман жүреді. Одан көрмеу, дау-даулау ішінде жоқ. Соттың хатшы, қосшыларымен бай балалары бәрі Жақыпбекті:

— Жақа, Жақып аға, — дейді. Бұның аулында үлкен ұлтшылдың қатын-баласы қонақта жатады. Және Наурызбай аулында жатқан Гүлсім де жастармен осы сайлау басына келеді. Елдің қырқысқан тартысы болыспалком мүшелерін де қыздырған. Олардың партиядағысы да ру қуларының қолтығында. Сайлаушы меңгере алмайды. Ол жан-жағынан Сейілге билік береді. Сейіл болса палком сайлайды.

Гүлсім мен Сейіл. Слэм жағын Сейіл наразы қып кетеді. Әділдік көксегені... Қабыш жағы құтырып кетеді. Құлке тарихы... Гүлсім, сайлаушы, Сейіл әңгімесі, қызыл отау бастығы әйел... Белсенді әйел. Әмір уақиғасын есіткен. Қарсы. Сейілдің өзін кінәлайды. Сот ең ұры рудың үстінде тергеу жүргізеді. Қашқындар үшін ру ел жапсарында, қолында. Қарақүшік ит тоң-торыс. Иткөрмес, Құлайғырлар. Ырду-дырдудан Құлайғыр қашып құтылады. Жақыпбек бұларды өзінше қулықпен қорғайды.

Сайлаудан соң ойын күндері...

Наурызбай аулында. Бұл ауыл тарихы... Ақтың, алаштың тұсы. Мектеп салдырған. Қонақтап отырып Тоқышқа жетеді. Әбіш оқыған. Тәңірберген, Қаратайлар — бұлар тарихы. Әбіш, Тәңірберген дос, жақын. Екі болыс ел, Қаратай мен осылардың араздығына қарап жіктелген. Құс салу... ит косып қасқыр алу... ел қызығына масаю... Қабыш пен Сейіл.

III тарау

Сот пен Наурызбай аулында кезек жүретін уақиғалар. Сот сайлаушы, мұғалім. Елге келген батырақ, комсомол Серік. Барлығына Сейіл ақыл қосады. Сайлау үстінде осы мәселе қозғалған. Сейілдер Қабыш жағында. Слэм жағында мырза Қалтай. Арадан іріктеп алған кісіні Жақыпбектердің, Қабыштың жан салуында сан ұрды. Бегендік “соған ыңғайлы болыспалком, старшын сайлап алу қажет” деп қойған. Енді Қабыштар елді жиып, шығынды үлестіріп салып, елді тағы жегізгелі жүрген. Бұл бір.

Осылардың кейбірі қашқындыққа бой ұра бастаған — үш ел жапсарында жатқан қашқын тек қашқын емес, оны ұстауға ел көмек етпейді. Қайта Қабыштың болыс қойғызам деген кандидаты Жортар, Кенжебек және Жақыпбекке, қашқындыққа айналған іс рудың қу жігіті астыртын хабарласып жүрген, сайлау үстінде Жортар руы қалпақтан Наршаның аулы деген ауыл жаза шегетін болды. Бұл шетінен ұры ауыл. Соларға малды аздап төлетіп, енді “сот ұстайды” дегенде Жортар мен Жақыпбек қашырытып жіберген. Олар Құлайғырды босатып, құмға кетеді. Ішкім білмейді. Сейіл ғана сезеді. Жортарды сайлатпаған Сейіл. Жортар тарихы.

Кіші елі. Ел ішінің өрті, құн, жасақ... Партия мүшесіне өткен емес. Жортарды Гүлсім көзінше Сейіл қысады. Анау кесек, кесір жауап берді.

— Бәрің бірдей Қабыш болам дейтін шығарсың. Жағынды айырып жіберемін, — дейді.

Сейіл:

Түбіңмен қопарармын, — дегенде — туысқаныңдағы қара биені сотқа кестірмесең, — дейді.

Қабыш қулығын осы жерден сезеді. Ол қара биенің түп иесі осы Жортар.

Жортар Қабыш кісілеріне, өзге елге хабар таратады.

— Сейіл менің соңыма түсті Туысканын қорғады. Ел партиясына араласты, — деп осы күйімен Наурызбай аулына Сейілдер келгенде қаладан, орталықтан дос елдерін қонақтап, өз еліне қайтып келе жатқан Жәкең кеп түседі. Айналасында Қабыш, Әбіш, Наурызбай, Тәңірберген, Жортар, Жақыпбек бәрі дос. Және Наурызбайдың әрі ағайындары, досы. Дәрігер Сыдық бірге келген. Жұрт мәре-сәре. Оқыған бай балалары, жастар Жәкең айналасында. Сейіл Жәкең әңгімесінде болады. Жортарды сөйтіп қарсы алғанын көреді. Ел іші шірік дейді. Қабыш мінездерін айтады. Жәкең: “өзгенің бәрі Қабыш, Наурызбайдан садаға” дейді. Наурызбайдың ақтар өткендегі қимылын айтады. Сейіл келсе үндемей атқа мінеді. Өзге оқығандар Сыдық, Әбіш болып оны басады.

IV тарау

Гүлсім, Сейіл, Серік өзге дұрыс жастар өзге жерде қонақта. Гүлсім, Сейіл арасында жақсы жай. Наурызбай, Қабыштар бұлардың жақсы болғанын сүймейді. Жәкеңнің тәрбиесінде өскен қызы Гүлсімнің шет қалғанын қабылдамайды. Сондықтан елдің өзге оқыған жастарын қосады. Олар араларын шіріте береді. Бір жағынан Сейілді өзімен жақындастырып, екінші жағынан өздері Гүлсімді хабарландырып отырады. Гүлсімнің салқындығын Сейіл аналарға оралғандық деп түсінеді. Сол түнде Сләмнің баласы (я інісі) Мәлік Қаратайдың ағасының қызын алып қашады. Ол қыз Наурызбайдың ағасы Сармырзаның келіні. Наурызбай тасталқан. Сейілден көріседі. Мәлік қызды алып қалаға қашқан. Қызын қашырды деп бір жағынан Қаратайға Тәңірберген, Наурызбай жала жабады. Осы топалаң хабар дүрбең беріп, Сейіл жатқан ауылға жеткенде Наурызбай жігінің жастары Сейіл қасынан түн ішінде серпілісіп жөнеледі. Гүлсім мен Сейіл сөзге келісе алмай, айырылысып кетеді. Размолвка.

Наурызбай өзім деген елді жиып, бастығы Қабыш баталасады.

V тарау

VI тарау

Осы күндерде партияның желігі Қалдыбай ауылынан бір пәле шығарды. Сейілдің өз елдеріне келе берген кезі еді. 9 балалы Қалдыбай бұл елдің болған аулы. Қабыштың өмірбойы жұлысып өткен туысқанының аулы. Алаш, ақ тұсында Қаратаймен жалғасқан. Одан бұрын Слэмнің тоқал шешесін алып қашқан. Кісі өлтірген. Оқыған дегендерді жатырқайды. Кітап жағынан есіткендері — екі молда ертегілері. Өздері суық. Барып тұрған жуан. Бұрынғы кезде ұры сақтайтын.

Бәйбішеден жалғыз бала қалған. Алты ұл бір шешеден — кіші қатын. Бәйбішенің үлкен баласы өлген. Ол көп жыл болып осы елді сыпырып өткен. Сақтаған осы Қаратайдың ұстазы. Қолы қатты ауыл. Ақтың қашатын тұста байып, тілмашты өлтіретін де осылар. Енді бәйбіше баласын Қабыш қолға ұстаған. Мұны Жортар әкеп тапсырған. Алты баланы Слэм ұстап қалған. Құрдасы — Жақыпбектің руы Төрттоқал. Бұлар құтыртқан. Кіші қатын баласы Рашид, бәйбіше баласы Қамит. Партия осы елдер үстінде нық болған. Осы екеуі ерегісіп, бәйбіше баласы “қаншықта көп күшік табады” деп содан оны Рашиттің інілері ұрып жіберіп (себеп ат жоғалу), ел жасасып қалады. Өз қолын Слэм жияды. Рашид жасағы.

Наурызбай бар-барлық достарын Қабышқа жібертеді. Жортар мен Жақыпбек тап ортада. Жақыпбектің бір жалғыз жігіті — Байжігіт, Қуатжан деген дәулетмасы. Қамит сияқты боқтампаз, ұрдажық, ержігіт інісі бар. Бұл осы заманда әсіресе құтырып кеткен. Ұрыс-төбелес болып қалады. Слэмдер жағы қуып жібереді. Коммунист жігіт келіп қалады. Ол араласпайды. Әбіш, Сыдықты Жәкен жұмсайды. Ел татулығын еске алып, Сейіл бар, барлық басқа ел кісілері боп тоқтатады. Бос мөр қып басып жіберіседі. Бұл істе де Қабыш жалғыздың, аздың досы боп шығарады. Татулық сырттан ғана. Іштей кіжінісіп тарайды. Баласы көп ел мұғалім екпін алады. Серік те солай. Бұл Сейілден екінші рет түңіледі.

VII тарау

Пішен шабатын кез боп қалды. Серік, мұғалім болып, өрістен қала салмақ болады. Алдын ала жатақтарды ұйымдастырады. Әмір, Сәлім, Сабыр сияқтыларды комсомолға кіргізіп алады. Қорыққа көз тігіседі. Қабыш қорығы, екінші жағынан Қуатжан пішендігі. Кедейдің бірі кеп орақ салады. Бұл кедейлер ширап, пысып қалған. Алдында перделел болады деген хабар бар-ды. Бірақ мынау көшпелі елге ол іс әлі жете алмай келе жатқан. Ысмағұл, Шаяхмет, Сәлім де осының ортасында. Қуатжанды Қабыш түртіп жібереді. “Дәл иесі келгенде аласың” дейді. Кедейлер омырауға сала алмайды. Жалғыз кедей малшы Сабыр, Әмірдің ағасы (...) сол кеп орақ салған еді. Оны Қуатжан ерегісіп, сокқыға жығады. Сот хатшысы Әкімбек аулына күйеу болған. Бұлар соған сенеді. “Қалаға шабамыз” дегенде Сейілге келіп, неше алуан айлаға салып, Қабыш жібертпейді. Серік тоқтағандар жағынан жер бөлгіш келе жатыр дегенмен қарайлайды. Екіншіден бұған ата боп алған Жүніс тоқтатады. Жүніс момын. Бұрын бай болған ауыл, қазір орташа қоңыр шаруа.

VIII тарау

Слэм, Қадыр тізе біріктірген. Жастар жағына жамбастай жүреді. Кедейлер ішіне өз кедейлерін де кіргізеді. Сейілді ағайыннан жиренту үшін Әкімбекұлы және Қабыш болып Қадыр да Жармаққа мал даулатады. Сейілді би қылады. Сейіл Слэм көзінше Әкімбек аулында өтірік жалаға Қадыр кеп, ерегіс үстінде Жармақты сабап, басын жарады. Әкімбек аулы тас-талқан. Бірақ соғыса алмайды. Қабыштар жиылып тағы баталасады. Сол кезде перделел келеді. Облысқа жаңа бастық келген. Мықты жігіт Гүлсімнен дәмелі. Соның екпіні. Кедей ата ұлын сілкінтеді. Қабыштардың, Слэмдердің, оқығандардың сырларын ашады. Сот жаңғырады, болыс жаңғырады. Қабыш бастаған Жақыпбек, тағы басқалар абақтыға жабылады. Бірақ, қалғандары кедейлерді алдап-сулап жағынып, шөп үлесін тағы алады. Тобымен қалаға айдалып, жуандар келеді. Сейіл кетеді. Кетерінде Самат ағасы ұсақ даулармен басын қатырады. Қашқындар қуылады. Союзды құлады дегенде ұсталады, бірақ қашқын қолға түспейді. Жортар хабарландырады.

IX тарау

Облыстық қалада жоқшылар шығады. Іс кіндікке шейін барады. Гүлсім, Сейіл облыста кездеседі. Облысқа келген жаңа бастық, жақсы большевик іс сонікі. Бірақ қуғыншылар бастығы Жәкең болып, Қызылордадағы Қабыш, Жәкең достары болып, Қабышты шығартып жібереді. Сейіл “партияға араласты, ол бетін бұра бастапты” деген хабарлар тарайды. Оқығандар ортаға алып, құрықтай бастайды. Негізгі қайшылықтар — коммунистер ішінен Жәкең ықпалындағы Жүніс, Сейіт әрекеті Сейілді неше саққа жүгіртіп, өсек тарату үшін жұртқа “агент” деп қояды. Сейіт өзі Нығметжанның күйеуі болуға айналған. Сақыпжамал — Нығметжанның қарындасы. Мұғалімдік үнстетінде оқиды. Бұл — Жәкеңмен елге келген, оқығандардың ішінде болған. Өз оязына — ел аралап бірге өткен. Әбішті көріп келген. Бұлардың арасы сайлау кезіндегі Гүлсім-Сейіл арасындағы шытырман хал болады. Ел Сақыпжамалды “келін” депте сөйлеген. Бірақ әлсіз жан емес. Сейіл облыс бастығының мінезіне сүйсінеді. Өзінің қолынан келмеген істі мынаның істей білгені сүйсіндіреді. Гүлсім қоса тамашалайды. Бұрын дүмбілез Сейілмен екі арасында дел-сал болады Гүлсім.

Бірақ Қабыштар ұсталғанмен, ел материал бермей қояды. Облыс пен жоғары соттағы ұлтшылдар шығаруға себепші болады...

Бұл құдалық болмай кеткен. Ол кезде Қызылордада Сейіт түсіп жүреді. Содан “қалыңдық” деп аталып қалған еді. Енді келіп соған тимек. Бірақ Нығметжан бұны тани түспек. Жолдастарына мадақтайды. Өзгелер үндемей, Сейіл жек көреді. Жүніс құда болып құтырады. Ішкіш Нығметжан ел қамын жеген болып, өтіріктер сөйлейді. Мен “үйдедім, бүйдедім” деп келеді. Гүлсім, Сейіл жақсы коммунистен анығын біледі. Өтірікші екенін таниды. Сейітті жазықтыға санайды. Анау мұны Жүніспен, ұлтшыл оқығандармен бірігіп жамандай бастайды. Гүлсімді де салқындатып жібереді.

Облыс бастығы большевик, жақсы жігіт. Гүлсімнің сонымен жақындығы басталған. Сейілмен екі аралықта дел-сал. Латын мәселесі, емле жайы, жер жұмысы, сот ісі, оқу, мектеп, баспа, осының бәріне жаңағы ұлтшылдар қанат жайған. Елден

хабар алып, Сейіл солға тарта береді. Оқығандар бұның сыртынан өсектер тарата бастайды. Бұл, бірақ коммунистерге де жанасып кете алмайды. Ұлтшыл жазушының жолын, өмірін көреді. Барлық ұлтшыл ел деген жалпы дақпыртта екенін түсіне қарамайтынын таниды. Шығар жолды Нығметжандар да, Асқар, Жәкендер де айта алмайды. Елге келеді. Кетер алдында Гүлсіммен соңғы кезде суық, ұғыспай айырылысу.

X тарау

Канпескеге қарсы келеді. Облыс бастығы Әзімжан елді бауыр басып алған. Облыстар осы жұртшылықпен тұрып екшеліп қалған. Гүлсім де осында келген. Ұста большевик болып елге көшіп шыққан. Қалада. Серік те елде. Ел кедейі ауыл басы сайын ұйымдастырып құраған. Кооператив жеушілер абақтыда. Қаратай, Тәңірбергендер қалада татуласып қалған. Ұлтшылдар барлық араздарды татуластырып, өздері Қызылордадан Қабышқа хат-кісі қатынасады: “Араздарыңмен табыс, татулас” дейді. Айтысып келіп кеткен және Тәңірбергенді ашық қорғауға кіріскен. Бұлар Қызылордада жүргенде көктемге шейін госпланда отырып канпескеленетін байлардың тұрмысы жөнінде қырқысып шыққан. Бұларды азайтпақ. Сейіл бұнымен Қабыш, Тәңірберген жөнінде ұрысқандай боп айырылысқан. Сейіл оларды “кетсін” дейді. Екеуінің қайшылығы — тап суықтығы сияқты. Ұлтшылдық түбі сая келгенде туыспен, тамыр-тобымен жуанға байланысты екенін тағы айтып сезеді.

Қабыш кісілері ауыл-ауылды тори бастаған. Болысполкомнан қорқады. Енді тығылып істейді. Союз кісілері абақтыға түскенде Жортар, Қабыш, Жақыпбек аман қалған. Үйткені өз аттары спескте жоқ. Қала болған ел бар. Слэмдер, Қадырлар соған кірген. Оның тұсында былтырғы күзде Жақыпбек, Қабыш, Жортарлар бөгет шығаратын боп, Сейіл араласқан. Серік те көмекші боп, жер жөнін бітіріп берген. Бірақ қазіргі күнде ел жатырқап қарсы алады. Комсомол, партия адамдары Сейілді ел торығыш көреді. Екінші жағынан Қабыштар да құбыжық көреді. Ел кедейін қолына ұстау дағды болған. Әмір аулынан болыстық ячейка хатшысы Серік. Болысполком сыпайы жұмыскер, мықты большевик. Бұл әсіресе сенбейді

Сейілге. Қалаға облыс бастығына хат жазады. Өзі хабарласады. Гүлсім мен облыс бастығы жақын. Бұлар “Сейілге сену керек” деп елдегілерге басу айтады. Бірақ “сынаңдар” дейді.

Канпеске елге шықты. Қуатжан ілінді. Тәңірберген ілінетін болды. Қабыш басы екі ұдайда. Оны алты қырдың астынан қорғағандар шыққан. Осы кезде Сейілдің келіншегі Қаныш қайтыс болады. Сейіл белсенген.

— Қабышты канпескелемесем кеңестің досы емеспін, — дегенге келеді.

Қуатжанды бұғып жүріп қорғаған Жақыпбектер талай пәле туғызады. Бес рет старшын қайта сайланады. Батырақтар арасын ылаңдайды. Болысполкомның елден сайлаған мүшелерін тартып алады. Қабыштар астыртын. Ақыры керейден келген өкіл және облыс бастығы елге келеді. Сейілмен, Серікпен сөйлеседі. Серікпен Ұста найзабасы боп алған. Бірақ Қабыш Серікке қарсы атасы Шаяхметті салады. Болмайды. Сонан соң бір старшынның бригадаларын шығартып, Серіктің атасы Жүністің атын ататады. Серік күйіп арашалайды. Бәйбіше естиді. Қабыштың Данияш қызы сот хатшысымен жақын боп, жаман байлау жасайтын түрі бар. Қызына екеуін еркін ойнатады деп бұл Әкімбек қызының қалада қалуына бейімдегені. Қабышпен араздаса бастайды. Кедейлерді еліне жібереді...

Қабыштар Серікке осы жөннен пәле салады. Ел іші қырқысып кеп, Қабышқа келгенде үндемей қалады. Бірақ барлық жуан сол уақытта табысады. Әмірді ұры қып шығармақ, бұның әйелі өсіп адам боп алған. Ол белсенді. Сыпайы жұмысшы Серікті шетке қағады. Ел өшіктіре түседі. Серіктің атасы қатты қорқатындар арқылы Қабыш кісілері шағым жүргізеді, баталасады. Бұрынғы араздардың бәрі табысады. Серікті комсомолдан шығартып, қалаға айдап келе жатады. Дәл осы қарсыға облыс бастығы мен кіндік өкілі келеді. Балалары ол кедейлерді азғырады. Бірақ енді бүлдірушілер дегенде сөздерінен суық хабар шығып қалады. Әр ауыл кедейін жиып, соларға Серікті сұрап, арыз етпек боп жүреді. Әкімбек, Сейіл ол жайын баян етеді. Серікті айырып, малы толмайды деп, алдыңғы өкіл қалдыруға айналған. Қабышты конпескелейтін болады. Дәл конпеске күнінде Тәңірберген жылқысына милиция барғанда соғыс шығады.

Тәңірберген қашқын. Баяғы қашқындар кеп бұның жылқысын айырып әкетеді. Түнделетіп кісі келіп, Қабышты өздеріне қосып әкетпек боп жатқанда Қабыштың қызы сот хатшысымен қашатын болады. Соның әлегімен көндіре алмай бөгеліп қалады. Өйткені, бұл қыз Тәңірбергеннің келіні болатын. Сот хатшысының бұрынғы қатыны Әкімбек қызы болады. Бұрын қалада дүмбілез боп шыққан хабар енді анықталады. Қасым аулы ашу шақырып, “Қабыш кеткеліжатыр” деп хабар қылады. Ол уақытта ГПУ адамдары келіп, Қабышты басып қалады. Қызы жырылып қалады. Қуатжан жөнеледі. Сараң кемпір шешесі сенделіп, есінен айырылып қалады.

Қабыштың арты араздық. Бірақ сыртынан бұрынғы араздың бәрі шуласып жылап көрісіп шығарады.

Тәңірберген қашқын. Әбіш абақтыға алынады. Слэм Қабыш кетерде мүйізі сырқырап қимайды. Табысады. Серік пен Ұста оны қала қауымынан шығартып тастайды.

Осы күні қаланың азығы жүреді. Кедей тойы болады. Сейіл кеңеске шын келгенін айтады. Облыс бастығы осы тойда. Гүлсімнен “тием” деген хат келеді. Сейіл көңілінде азғантай құлазығандық, қимағандық болады. Аз ғана психология, бірақ онысын жеңіп, ел-жұрт тапқанына, төңкеріске қосылғанына қуанып кеп, Әзімжанға шын көңілмен құтты болсын айтады.

Қ о с ы м ш а л а р

I тарауға және VII тарауға, VIII-ге де

Екі жатақты біріктіріп, Ұста, Жұматай мен Серік және ел батырағы Болат қала боламыз деген әрекетте жүреді. Жатақ көп рудан құралған. Бұлар қала боларда толып жатқан бөгетке ұшырайды. Жер комиссариаты қала болатын елге, оның орналасуына заң ыңғайламаған. Бұлар үшін ауылдың қорығынан пішендік алмақшы. Қуатжан, Қабыш, Слэм жерлері, қала салатын жері Әкімбек аулының қыстауына жақын. Асылбек аулымен даулы жер. Тағы бір жартысы Қалдыбай аулының баяғыда отыратын күзеуі. Бұл күнде екі жар болған елдер берекемен жер бермейді. Қабыштар мұны құбыжық көреді.

Қала болдырғысы келмейді. Отырмайтын қоныстарына енді кейін қыстау саламыз деген боп Жақыпбек туысқандары, Жортар туысқандары, Қуатжан, Бейсембілер орнамақ болады. Пішенді өздері алатын болады. Көктемде Смағұл, Жүсіптердің былтыр жыртқан аңыздарын биыл өздеріне бермей, Жақыпбек, Жортар кеп егін ектірген. Былтыр Әмір, Смағұл егінді жақсылап жия алмай, төгіліп қалған. Биыл былтырғы бидай мен сұлы аралас шығады. Күзде Қуатжан сабайтын Сабырдың уақиғасымен қатар осы егін жөнінде тағы шатақ боп екі кедей төбелеседі, Әмір мен Жортар туысқаны. Жортардың туысқаны өледі. Облыс бастығы келіп Қабыштар жабылғанда бір жағында осы шатақ та болады. Серік пен Ұста пәленің түбін қазып, Сейілдің бойынан асырып жібереді істі. Сейіл келіп сыртқа жұрт жұрместен бұрын бұларға көмек еткен. Өткенде бір землемер алдында келіп жерді кеспей кетеді. Қабыштар астыртын арыз бергізіп (бұнда Самат іс қылады, заң үйретеді), алам деген жерлерге кедейлер атынан дау шығартып, землемер сөйлестірем дегенде бармайды. Жөнін хабарлаған землемер қайтып кеткен. Сейіл қайтадан землемер алғызып, елдің барлық жуанын шақыртады. Ру-ру бастықтары. Бұлар неше түрлі айлаға салып, жалтақтағысы келеді. Мыналар қоймайды. Жер кесілгенше жатақ азық алып жатады. Өз беттерімен ой-жобамен кіріскен. Қиын жұмыс Байқұстар халі.

Барлық заман бойында олар осымен алысып жатады.

Жәкең Сейілді Наурызбай аулында көргенде бұған да қарсы болады. Ғылым жөнін айтады.

IX тарауға

Облыстық қалаға күз келгенінде Слэм, Қадырлар “кір-кір” дегенмен Серіктерді көндіріп, Сейіл кіргізіп кеткен. Содан қаладағы оқығандармен байланысын пайдаланып кредит әпертіп, гидротехник шығартады. Кооператив аштырады. Мектеп ісіне бастық қып мұғалімді белгілейді. Бірақ Қабыш жабылатын қарсыда ол қаланың ісін мазақтап оңға баспауын талап етеді. Жәкең сөзін сүйеу қылады. Тіпті болмаса Жортарлар егіндікке түнде жылқысын түсіріп жіберіп, қысқы мал жайылатын өрісіне мінбелеп, көрші кеп қуып алып, тістеп-жұлып мазаларды кетіреді. Смағұл қарсы болғанда

жасаса ғой деп Жортар күшін айтады. Анау ызаға шыдамай: “шық-шық” дейді. Жортар қолын жиып барады. Аналар жок болады. Пішенші таяқ жеу, екі кедей төбелесу, осы уақиға бәрі бірақ күн ішінде болады.

ПЛАН

1

Жылдан-жыл балалық шағы шегініп, ұзап бара жатқанын Сейіл осылай ауылға қайтқан күні сезді. Балалық күндерде осы жайлаулардан, не күзгі күзеуден қалаға қарай кету қандай еді. Әрбір көгал, әр төбе, тіпті, әр түп ши, асық ойнайтын там, жасырынып ойнайтын жар-жыра, там соғатын, дөңгелек жасайтын қоғалы, сазды қасқа бұлақ — бәрі-бәрі де “кеттің бе, қалдық па?” дескендей болатын.

Бала көңілі туып өскен көрпе төсегінен кеткендей, жырттылып айырылғандай болушы еді. Оның есебіне жыл жүріп, не жарым жыл жүріп ауылға қайтқан қандай еді. Оны құдықтың майысқан шалғыны, қоңыр қайқының сары төбесінде тұрғандай толқыған қылаң көде, көк қасқа бетегеге шейін “келдің бе, келдің бе?” деп, басын изесіп, күліп қарсы алғандай болатын.

Одан бері келе, осындай бірер жыл бұрынырақ, алғаш рет Сейіл елге қайтқанда, күдікпен қайтты. Ауыл тұрмысы — шытырман. Бұл жазық дала, жадағай адыр, жайдақ көлдер сыртынан ғана ап-ашық, ап-айқын сияқты. Ішін көрсең?! Ол — қиын жықпыл, жыраның ондағы адамы ғой. Өмірінің ғасырлар ылатын жиған, дертінен арылмаған. Арылайын деп ойламаған. Сол бір кірлігін сүйетін қиын, шатақ тіршілігі ғой.

Бұл жағынан қарағанда, Сейілге қыр қызығы біртіндеп тоналып, жұтаң тартқан сияқтанады. Сондықтан ол соңғы жылдарда күліп келіп, күңіреніп кеткендей болатын. Сонда да әлі қырға келуінен талмайды. Енді бұны сүюін маскүнемнің ішкілік орнын сүюі сияқты да сезеді, біледі. Арты — өкініш, басы — мең-зең, жүрек тұнып, көз тұнжырап, көңіл шайлығып шығады. Бірақ сонда да бұл өзіне мұны әзір тарта береді.

Адамы дейміз. Адамның бәрі сондай ма? Бәрі емес, кейбіреулері. Ал олар болмаса қайтер еді? Болмаса бұл өмір Сейіл сүйгендей қалпында тағы тұрмайды... Өзгеше болады. Бұнан таныс емес, жаңа, жат күйге ауысады. Оған Сейіл үйренген емес: қандай болады, не болады, не боп шығады? Сене алмайды, үйренген ұяң емес. Күдік жеңілмейді.

Жолшыбай естіп келеді. Сағынған ел, бұның алдына бірнеше сыбаға тартқалы тұр. Белге шықты.

Бу сағым көтерген боз үйлер, жиі отырған ауылдар әлдеқандай, ертегі шаһарындай болып көріне қалды. Ар жағы — алыстағы көк тау. Салт аттылар мен қара-құра мал да андыздап, мен мұңдалап, ереуілдеп тұр. Кей жерде асты-үсті бірдей көк теңіз боп, ақ үйлер аспанында дөңгеленіп, жұмырланып, жерден шардай боп үзіліп, жоғарылап, сәулеленіп тұрған сияқты. Кейде қалқып шыққан түгін де бұрқ етіп, артынан жібек газ пердедей маздап, шашырап қалады. Сазы мен жазығы осындай боп құрылған сағымды көрініспен қарсы алады.

Пар атта арба жақындай түсті. Өрістегі қора-қора қой, одан жақындағанда елсіз бұлақ басында, өзен жағаларында жүрген бойдақ жылқы, шашыраған саяқтар көрінді. Сарыойдың екі жағы — қоңыр таулар. Соның жүргіншілер келе жатқан жотасына қарай шөп түрі өзгеріп, ащылы көкбек, жусан, қара от боп кетеді. Қазір де соған Сарыой ауылдарының түйесі құлаған.

Тағы жақындай түсті. Сағым айықты. Ауылдар. Бірақ топталыңқырап оқшауырақ отырған бес ауыл — Қабыштар. Ақ үйлері көп. Шағын үйлер Смайылдар. Тағы бір топ екшелген осы ауыл — Сейілдің ауылдары. Асылбек, Әкімбек ауылдары. Одан әрі көп-көп ауыл. Кешкі өзенді өрлеп алысқа, көк жиекке кете береді.

Жаңағы сағым — енді ауыл, үйірлеген жылқы, салақ ауылдардың құдықтарының басына қамалып тұрған түйе, сиыр боп шықты. Әзір ауыл жанында шоқ-шоқ шоғыр боп үйірілген өргі басы саулық боп кетті.

Сейілдің есіне бір кітаптан оқыған әлдеқандай бір көрініс елес етті. “Алыстан — сағым, жақындап келсең — адам”. Иә, Толстой айтқан еді.

Бала күнім мен бүгінгі күнім де осы-ау. Өмірдің шыңынан алыс бала шағымда бұл өмір сағымдай шалқып, көз тұнжырап

еді. Енді қайнар, жер, тасына, ашылы-тұщылы шындығына шомып келем. Сағымдай ғашығым кетіп барасың. Солай ма? Көңіл неге бұлк етпейді. Тотығайын дегенбісің, шіркін! Ақырын өзін-өзі эзіл еткендей, шынынды сездім-ау дегендей боп, іштен екі айырыла езу тартты.

— Жоқ, жоқ! Әлі қыр сұлу, әлі төтті. Әлі де уатар, әлі де жұбатар, масайтар жырлар кеп, — деп, іштен тағы бір күй өктеп шыққандай болды.

Бәсе! — деді Сейіл.

Ат тұмсығы үй сыртына тірелді. Қатын-қалаш, барлық ауыл, көрші ауылдар да бар. Барлығы жиылып қарсы алды:

— Жүдепті!

— Жүдеген!

— Жоқ! — десіп.

Балалар бата алмаса да қуанып секіріп, ерекше желігіп жүр. Әкелген базарлық беріліп, жұртты үлкендер ұрсып, таратып:

— Сейілге тыныштық беріңдер, — десіп еді.

Сондай ықылас, күту, пейіл арасында шай ішілді. Күн әлі ерте — кіші бесін.

Бұл жолы Сейіл өз аулындағы ағайын-туғанға үйді-үйіне кіріп, амандасуды өзгеше бастау керек болды. Дағдыда өзінің үлкен үйінен — оң жақта отыратын үлкен әкесінің кіші үйіне кіруші еді. Биыл ол үй бөлек ауыл. Басқа жерде.

Сейіл ауыл шетіндегі үлкен бозғыл үйге қарай аяңдады. Қасына ерген ағасы Қадыр, қайны Әкпар және бір туысқан Сләм да сонда қарай бірге жүрді.

— Қашан жығылды?..

— Бес-алты күн болды.

— Е, шүкірлік, тәуір. Басында шошыңқыраған едік, мертікпеген көрінеді, — деп Қадыр тыныштық ажарын көрсетті.

Үйге келісті. Төр алдында — жер төсек. Науқас төсегі. Онда бала жігіт Сәлім. Қасында әкесі отыр. Босағада — қасқыр тартқан қой. Нафталин, карболка иісі. Смағұл Сейілмен көріскенде, көзіне жас алды. Осы үйге келе жатқанда, Сейілге кеп амандасып, қол берген шәкірт пішінді, қызыл сары бала жігіт бірге кірген. Ол Сәлімнің қасына отырып, жайды бұрын сұрай бастады. Сәлім аттан жығылыпты.

— Әлгі итті қуамын деп, балалық емес пе? Түнде шауып, жарға жығылыпты аты, — деп Смағұл Сейілдің естіген жайын қысқаша өз аузымен айтты.

— Шімірікпес болар ма? Осы Саматты да оқыған дейді-ау. Не жаны шығып бара жатыр екен? — деп Әкпар сұрланып, жантая түсті.

— Оқыған? Не қылған оқыған! Оқыған зұлымдық ойласа, қара қазақтың не қу, не сұмынан асыратын көрінеді ғой, — деп Сләм да осы күйге күйінді кісінің бірі екендігін сездірді.

Сәлімге бұл сөздер жайсыз тиген еді. Алдында Сейілдің қолын ұстап қысып жатыр еді. Енді бетіне ашу белгісіндей бір қызыл жүгіртіп, шынтақтап көтеріліп, тап Сейілдің бетіне қарады. Басында үндей алмай, көзіне жас келіп, тамағы булыққан сияқтанды.

Сейіл бұның ойындағы толқынын сезіп, еңкейіп бетінен сүйді. Жаны ашыды. Сәлім Сейілдің қолын босатпай отырып, бетінен сорағытып аққан екі тарау жаспен бірге тілге келіп:

— Сейіл аға, мылтығың бар ма? — деді.

Смағұл ыңғайсызданып күліп:

— Қой қарағым! Не қыласың, — деді.

— Қалқам, мына Сейіл ағаң келді. Сен енді ұйықта. Ешнәрсе де ойлама, әуелі жазылып ал. Сонан соң ол Саматты көрерміз, — деп Қадыр да ыңғайсыздықты сейілтпек болды.

Сейіл не дерін білмей, өзге жайларды ұмытып, Сәлім күйін сезінуде ғана еді.

— Әуелі жазылып ал, қарағым!.. Сонан соң сөйлесеміз. Не болса да бірге көрерміз, — деді.

Сәлім өңі қуаттанып, қайта жайнады.

Жұрт басқа, бөгде сөздерге ауысты. Сейілден қала жайын, сұрастыра бастады. Сләм мен Серік Сейілден газет сұрады, оқығандар жайын сұрады.

Сәлім әңгімесін шай үстінде Әкпар тағы бір рет нобайлап сөйлеп, соғып өтті.

— Екі туысканның құйрығын байластырып отыр, — деді.

— Е, ерлік пе? — десті Смағұл мен Қадыр.

Бұл мынау отырған адамдардың арасында нық орнаған пікір сияқтанды. Үлкен мазасыздықтың сыры осы жерде

жатқанын Сейіл түсіне бастады. Қаладан шыққаннан бері көңілін күпті қылған күдіктің бірі осы.

Адам мінезін жаманға ұйғаруда кейбірін әуелі сенгіштікке салып тәуірге ұйғарып отыратын сенгіштік бар еді Сейілде. Ол — бір. Екіншісі — алыс-жұлысты сүймейтін момынға бейім мінезі бар. Оның үстіне алысса да негіз үшін, үлкен мақсат үшін алысу. Болмаса ауылға кеп, қырдың алысына қатысуды сүймейтін. Осының барлығы әлі беті-жүзі анық болмаса да, Сейілге шытырман, шиеленіскен түйін сияқты болып сезіліп, жаңағылардың сөзін елетпеді. Ол осындайды оп-оңай жаман ұйғара қоятын елінің әдетін біледі. Сондықтан қабағын шытып, наразы жүзбен:

— Ұйғарып-ақ қойғанбысыңдар, — деп, ызамен күліңкіреп, — бұл өз баласын өзі саудалаған да айла. Кінә қоятын жеріне қою керек емес пе тіпті, — деп, шынысын төңкеріп, папирасын суырды.

Жаңағы Әкпар айтқандай сөздің Сейілге жақпайтынын туысқандары біледі. Сейіл сөзі оны анықтады. Басында ол сөз айтылғанда шұғылырақ айтылып кетті. Бұны жайлап, жасқап Сейілге кейін ұғыстыру керек. Бұндайды шұғыл естігенде, Сейілдің үркетіні анық. Осыны сезген Сләм бірнәрсе айтпақ болған еді, Серік ортадан киіп:

— Басы — әйел бостандығы. Кімді сүйсе, соған кетеді. Осындайға әлі әке-шешені кінәлай қоятын немене әдет екен?.. Сләм, оқып жүрген жас жігітсің. Саған тіпті жол емес. Ендеше, сенің дертіңді өзіміз жазамыз. Не қыласың?! — деді.

Сләм бұл арада бөгде кісі боп өзгеріңкіреп:

— Оларың рас шығар, сендер көңілі таза адамсыздар. Біз от басы андысып қалған жанбыз. Жақсы сөз, жақсы мінездің ар жағында да бір пәле жатпасын деп қазбалап үлгереміз. Қабыштың өз басы жазықсыз болса болар, — дегенде Смағұл қолын сілтеп:

— Өз басы ма? Өзгесі ме? Бәрін бір де, — деді.

Бұнысын шын болуға мүмкін еді. Қарсы, дүниеқұмар біреудің тәуіріне қызыққыш әйел бір есептен істесе, шын деуің мүмкін. Бұл тұста Сейіл де қарсы болған жоқ. Бірақ дұрыс болар деп ешнәрсе айтпады. Өзгелер де содан ақыры қайта қозғалған жоқ.

Томсарған ашулы жүзбен Смағұл, Қадыр тоқтады. Бұл әңгіменің аяғын Сләм өзінше қорытты.

— Әйтеуір, бұл біз білген жалғанда не түк дарымайтын сезбес бол, не болмаса елден шыққан қу бол. Әйтпесе өмір сүргізбейді. Түп жоқ бір тұңғыық біздің бұл даланың өмірі, — деді.

— Иә, есер есірік болмасаң, тіршіліктен пайда жоқ, — деп Қадыр қостады.

Бұнда да бірталайдың сыры бар. Сләм тегін айтқан жоқ. Бірақ неге айтты оны? Сейіл бүгін ойламады. Ойлағысы да келген жоқ.

Заттарды дұрыс пайдалану үшін, олардың сыртқы түрлері мен және біріне-бірі ұқсас заттардың бірінен-бірінің айырмашылық сипаттарымен ғана танысып қоймай, олардың өзді-өздеріне арнаулы қасиеттерімен де танысу қажет, себебі, сөйткенде ғана біздер әрбір заттарды өздерінің ең тиісті орындарына жұмсай алатын боламыз. Бұл қасиеттер табиғи заттарды олардың жаратылыс жағдайларына байланысты, жасама заттарда оларды жасау түрлеріне байланысты. Сондықтан жасаушы жалпы түрде болса да, қай-қайсысын болсын білу қажет. Одан әрі заттардың жақсы-жаман сорттарын айыра білу және заттарды қабылдап алу ережелерін білу қажет, қалайшадан десеңіз: жасайтын нәрсеге жұмсалатын заттардың сапасына жасаушы кісі жауапты болады.

Жасайтын нәрсеге жұмсайтын заттардың жақсылық, жамандығын көпшілік уақытта әркімнің-ақ қолынан келетін оңай жолдар, ерекше бір құралдар яки саймандар керек қылмайтын жабайы пробалармен-ақ айыруға болады. Ал енді сынауы қиын болатын болса, ондай заттар бір азғантайын оларды айыру үшін әдейі арналып жасалған лабораторияға жібереді. Жасаушының мұндайдағы міндеті: 1. Лабораторияға жіберетін нәрселері анығында заттардың орташа сапасына жауап ұратындай болу керек. Міне, соны айыра білу керек. 2. Лабораторияға жіберген цифрлы қорытындыларды пайдалана білуі керек.

I

Ағаш

Ағаш жасау жабдығының ретінде көп артық қасиеттері бар: сайманмен істеуге оңай көнеді, жұмсақ, оның бер жағында жеткілікті берік те. Таспен салыстырғанда ағаш көп жеңіл, тасуға оңай, көтеріп салып қалауы да оңай және сумен ағызып

жүргізуге де болады. Ағаштың үлкен кемшілігі — жасау жолындағы өмірінің қысқалығы, қолайсыз жерге кез келсе тез шіріп кетеді: оның бер жағында ағаш жанатын зат, бір өртке ұшыраса, мүлдем жоқ болып қалады.

Ағаштың толып жатқан неше алуан тұқымдарының ішінде біздің жасау жолына көп қолданып жүргеніміз қарағай, шырыш, кейде емен ағаштары. Онан басқалары жеке ғана ағаш шеберлерінің, токарьлардың, өрнек салатын шеберлердің керегіне ғана жұмсалады.

1. Ағаштың шыққандағы жасалысы

Әмсе, ағаштың бойы қабықпен қапталып шығатыны мәлім: қабықтың ішіндегі тұла бойды (древесина) жалаңаш ағаш деп айтады, барша өсімдіктерше құжыраларда жасалады, микроскоп арқылы ғана көзге көрінерлік ұсақ теріше дорбалар, бірімен-бірі байланыса өседі де, оның ішінде ағаштың сөлі және ауа сақталады. Сол сауытшаларының арасында ағаш судан жеңіл болады да, су бетінде жүзеді. Ағаштың бойы шыққан күйінде жыл сайын жуандайды, жыл сайын және жаңа қабат қосылады. Олар да құжыралардан құралған: сондықтан, жылдың жылы мезгілі көктем мен жаз уақытында өте ірірек құжыралар құралады да, күзге айналған сайын аз-аздап кеміп, ұсақ құжыралар құрылады, ақыры қыс түсе өсімі келесі көктем мезгіліне шейін мүлде тоқырайды. Осының себебінен ағашты көлденең қырыққанда мынадай суретті көреміз — дөңгелек түскен сақина, әр сақинадағы қаттырақ және қошқылдау жері — күзгі мезгілде құралған табандар, жұмсағырақ ашық түсті жері — көктем кезінде құралғанын көрсетеді. Осы сақинақтарды, басқаша айтқанда, ағаштың өсімін санап, шыға бастағанына неше жыл болғанын білуге болады.

Қарағай я шырыш жақсы, шұрайлы, дымды жерде жылдам өседі де, жылдық қабатын жалпақ салады. Осындай жақсы жерде шығып, жылдық қабатын жалпақ салған қарағай я шырыш, жаман құмдақ жерде шығып, қабатын жиі, тар салған қарағай мен шырыштан осал болады. Құмайт жерде жай өседі.

Қарағайдан мұнан басқа біздің көргеніміз, жалаңаш ағаштың орталық жері қызғылт сарғыш түсті болады да, қабыққа тақау жері жылдық қабатынан ақшыл сары я тіпті

ақ түсті болады. Орталық жердегі қошқыл түстіні дән жері деп атайды әрі ағаштың берік жері деп саналады. Ашық түсті сыртқы жерін (заболонь)* қыртыс деп атайды: жұмсағырақ және жасырақ, шіруі де оңай, сондықтан бірнеше жасау реттерінде ол жерін не жонып, не аралап тастау қажет. Осы секілді дән жері мен қыртысында болатын парық еменде де, қызыл талда да және тағы басқа ағаштарда да болады. Шырышта (және қайыңда, жөке ағашында, теректе, тағы басқаларда) дән жерімен қыртысында көп парық жоқ, бір түсті болады.

Мұнан басқа тағы да жапырақты ағаштарды көлденең кескенде, құралсыз көзге ағаштың өзегі көрінеді, одан сыртқы қабыққа қарай күннің шашырағаны секілді сызықтар түскен, оны өзек шашырандысы деп атайды. Бұл ағаштың сөлі бір жылдық қабатынан өтіп, екінші жылғы қабатына қатынасады. Қылтанды ағаш заттарында да бұл сызық болады, бірақ, жай көзге көрінбейді, ұлғайтатын пиала арқылы ғана көрінеді. Осы сызық арқылы, соның бетіне қарай ағаш оңай шытынап, оңай жарылады.

Ақырында, жапырақты ағаштарды көлденең кескенде бұл сызықтардан басқа тағы бірнеше нүктелерді көреміз: ұзынынан жарғанда ол нүктелер бірнеше сызықтар болады, ол ағаш затының мінез таңбасы. Кей тұқымында ол (емен мен қызыл талда) жылдық қабатының көктемдегі бөлімінде ғана көрінеді, ал басқаларының (шетен, караағаш, қоға ағашы) барлық қабаттарына таралады. Бұл емізік тамыры (сосуды) деп аталған ағаштың түбірі ішкен су, осы сызықтары арқылы бұтақтарына, жапырақтарына тарайды. Қылтанды ағаштардың бұл емізік тамыры оншалық айқын байқалмайды.

2. Ағаштардың техникалық сипаттары

Ағаштардың бояуларының жасалыс жолымен танысқаннан кейін, енді олардың техникалық сипаттарына көшеміз. Ағаштардың заттарының әр алуандығымен қатар бір затты ағаштың да, техникалық сипаттары да неше алуан болады. Қандай жерде өскеніне, кескеннен кейін қандайлық ретпен кепкеніне, тағы сондайларына қарай болады, сондықтан,

* Заболонь — ағаштың сырт қабығы астындағы қабықша.

біздің көрсететін цифрымыз дәл өзі деуге қосылмай, таныстырған жоба ретінде ғана болады. Және кесілген жас ағаш (салмақ есебінде) 35-тен 60 %-ке шейін дым сақтайды. Егер де ағаш су астында көп заман жатса, су ағаштың барлық құжыраларының ішіндегі¹ басқа заттарды айдап шығып, ауа сақтайтын сауытшаларына кіріп кетеді: ол кезде ағаш судан ауыр болады да, түбіне батады, дәл ағаштың жеке өз заты судан ауыр болғандықтан, оның қарсысына, ағаш кепкен сайын жеңіл тартады, ішіндегі дымын жоғалтып 1 ½ — 2 жыл өткенде 15—20 %-тен артық дым қалмайды. Мұндай ағашты әуелі құрғақ деп атайды, осындай кезінде сатылады да, балташылардың ісіне жұмсалады. Ағаш шеберлері, көбінесе, онан да кепкенін тілейді, ондайлық кептіруді жай ауамен кептіріп жеткізуге болмайды: ондай ағашты не қыздырған ауамен, не бөлекше кептіргішке салып бумен кептіреді.

Дымды ағаш кепкенде кішірейеді, мына мөлшерде: ұзынынан өте аз (мысалы, қарағай 0,01-ден 0,2 %-ке дейін), жуандығынан көбірек кемиді (қарағай 0,6-дан 6,8 %-ке шейін, жөке ағашы 11,5 %-ке шейін). Өте жасырақ қабаттары (қыртысы, я қыртысқа таяу жері) көбірек дым сақтайды, ескірек қабатынан гөрі жуан жерінің кепкендегі кішіреюі бір қалыпты болмайды, сондықтан, қатпар пайда болады, өте жылдам кепкеннен шатынап та кетеді. Тақтай қатпарланғанда, көбінесе, дән жағына қарай томпақ шығарады да, қыртыс жағына қарай салпы болады.

Тәжірибелі балташы, әмсе, бұл жайын абайламай қалмайды.

Ағаш жай кепсін дегенде бір дегеннен қабығын алып тас-тамайды, көбінесе, қабығымен кептіреді.

Кепкен ағаш суға тисе ісініп, қарсы жағына қарай қисаятыны да болады.

Майлы бояумен бояу, лакпен қоршау, смалалау, тағы сондайлар ағашқа дымның кірмегін қиындатады, қатпарлану мен шытынауудың алдын ала хабарын береді.

Дымды ағаш көбірек жеңіл де және жұмсақ та, майысқақ, бірақ оншалық сынғақ емес, кебу ағаш секілді. Егер ағашты имекші болса алдын ала суға салады, яки ыстық бумен булайды: бұл күйде ағаш өзінің бір талай серпінділігін жояды да, сол иген күйінде кепкенде қайта түзелмекке тырыспайды.

Механика жолына ағаштың қарсылығы яки қаттылығы әр тарапқа бір қалыпты болмайды. Ағаштың ішіндегі түйіршіктік байланыс түйіршіктің өзінен нашар келеді, түйіршікті бұзбай, байланысты ғана бұзарлық күшке ағаш жақсы қарсылық қыла алмайды. Сондықтан, мысалы, ағаш оңай жарылады, сынамен (киюын) ұзынынан көп жеңіл жарылады, көлденең қырқа кескеннен гөрі. Ағаш ұзынынан созғанда (разрыв) екі есе қарсы қайрат қылады ұзынынан сыққаннан гөрі. 1925 жылғы ВСНҚ-ның ағаш шаруасының құрылысы туралы жобасына үйлесімді қарсы күшті қолдану керек (шаршы сантиметрге 1 килограмм күш келсе).

Күштердің табы	Қарағай мен шырыш		Емен	
	Уақытша қарсылық	Берік қарсылық	Уақытша қарсылық	Берік қарсылық
Талдың бойы				
Созылу	720	120	900	150
Сығылу	120	70	500	100
Қозғалу	50	10	75	15
Иілу	400	100	500	125
Қозғалыс тиген кезде		20		30
Көлденең талды		15—20		30—50
Сығу	150	30	250	50
Қозғалту				

Ағаштың бір заттарының қандайлық күшке болса да қарсылығы көп себептерге байланысты: аз ба, яки көп пе, ірі қаттылық, дымның мөлшері ағаштың жасының шамасы, талының түзу жасалмағы бұтағының аз-көптігі, тағы сондайлар.

Ағаштың бір бағалы техникалық сипаты, іске жарататын зат жөнінде, ыстықты кемірек өткізетіндігі ағаштың құрғақ күйінде, өзге жасау заттарымен салыстырса, мысалы, бір шаршы метр қабырға қалыңдығы бір метр болса, бір сағаттың ішінде қабырғаның ар жақ-бер жағында ыстықтың айырмысы целциемен бір градус болса, өртейтін калорияның мөлшері мынадай болады.

Мөлшері дәл талданған бойына қарап.	0,17
Көлденеңнен.....	0,093
Қарағайдың опилогі.....	0,045
Кірпіштің қабатында	0,69

3. Ағаштың кемшілігі

Ағаштың жамандығынан, ол іске жарамай қалады, соны ағаштың кемшілігі, не паут деп атайды. Бұл турадағы ағаш заттарынан күткен қылық, қолданған орнына орайлы болу керек. Есте болсын, егер де бір жағынан жарамсыз ағашты іске қолданбақтық істің өркені болмағына көп бөгет келтіреді және ақырында үлкен залал шығарады. Екінші жағынан іске қажетсіз керек қыла бермек те, бекерге істі қымбаттатады.

Кемшілікті үш топқа бөлуге болады. Алғашқы кемшілік тобына ағаштың басқаша шартпен өскендігінен келген кемшіліктерді қосамыз. Бұл топқа кіретіндер:

Түбірлік (тығыз сығылған) бөрененің жуан жағы мен жіңішке жағы аса парықты болса.

Қисықтық — әсіресе айыр болса (яғни, айыр бөрене біртегіс күйіндегіден артығырақ қисайса) сым тартып, сызық салуға болмастай болса, тақтайға тілуге жарамайды.

Бұтақтылық — бұтақ ағашты жонып тегістеуге бөгет қылады, кептірген кезде түсіп те қалады (тақтайдан), оның бер жағында кептіргенде тақтай, яки қырлаған бөрене оңай сынып кетеді. Шалыс тақталық — ағаштың бойы (бент), ұзын тақтасы бұраң болып шығады. Егер де ағаштың ұзын талшасы толық бұралып кетсе 1,5—2 метр ұзындығында, онда бөренеден жарамды тақтай тілуге болмайды, бүтін күйінде ғана іске жаратуға болады.

Толқын тәрізді тақтаның болғаны — талының толқынды болып жасалмағы, ол қылтанды ағаштан сирек кездеседі.

Ауыс кіндіктілік — жарамды сақинасының ортасы ауыр жасалса, яғни бір жағы екінші жағынан жалпағырақ кеткеннен болады. Ондай бөренеден тілген тақтай бір жағына қатты қатпарланады.

Екінші кемшілік тобына механикалы залалдар қосылады. Ағаш өмірінде ұшыраған, әсіресе, әр алуан жарықтар, ол аяздың әсерінен түскен, желдің шайқағанынан түскен, тағы

сондайлардан өзек шашырандысын қуып түскен, яки солай беттеген (жел, аяздан түскен жарық) бір жылдық сақинақтық айналасына түссе, ағаштың ортасындағы (ұшып түскен) жалпы кейіннен кептірген кезде түсетін жарықтан, жел мен мимикадан түскен заттан айырмасы айналасы сығылып тұрады және кейде тіпті сыртқа ашылмайды; ал, кепкенде түскен жарық әмсе ашылып сыртқа қарай кеңірек тартады.

Ағаштың тірі кезінде ұшыраған кеселдердің бәрі де аяғында ағашты шірітеді, егер де сырттан саңырауқұлақ затты нәрселердің ұрығы түссе.

Бұған құрт салған — сол дегенді қосуға лайық келеді, ағаштың ішінен әр алуан құрттардың балапандары үнгіп тастаған жерлері.

Ақыры, кемшіліктің үшінші тобы — әр түрлі шіру (күрең, ақ, қызыл т.б.) ағашқа саңырауқұлақтың әр алуандарының шыққандығының себебінен болған. Мысалы, темекібұтақ атты заттың шіріген үгіндісі қошқыл түсті. Ататын насыбайға ұқсайды.

Жерде өніп тұрған ағашты бүлдіріп, кейде қуратып жіберетін кеселдерден басқа тағы да, жасап қойған ағаштарды бүлдіретін кеселдер бар. Ағаш үйлер дымқылдықтан, қараңғылықтан, жөндеп желге қақтырмағандықтан, көбінесе, үй саңырауқұлағы деген затпен, яки мирулиустермен жұғынып, кеселге ұшырап, оп-оңай істен шығып қалады, оның үстіне өте жұғымтал. Онымен күресудің жолы — кеселге ұшыраған жерді жоғалту, кептіру және желге қақтыру, ақыры бұрғылау, мысалы, тотияйынмен. Шпалдың өмірі ұзақ болып, көбірек іске жарамағына қылар цинктің суымен жуу, яки (қарамайдың бір түрі) крезот майымен майлаған жөн. Теңіз ішінде (ащы) сулардан ағаш тез жойылады. Шашпеннен — құрттың бір түрлісі.

Егер де ағаш шірітетін кеселдерден ағаш аман тұрса, анық құрғақ жерде ағаш мөлшерсіз ұзақ жылдарға шыдайды; осылайша, су астында болса, ақырындап қатая-қатая барып, тасқа айналып та кетеді. Бірде суға тиіп, бірде кеуіп, кезегімен алмасып отырған ағаш тез шіріп кетеді. Сондықтан, мысалы, сулы жерге ағаштан ғимарат салынбақ болса, ағаштың басы су жолынан төмен батқан болу керек.

4. Ағаш заттарының саудаға қолайлы түрі

Ағаш затының саудаға түсетін түрі: үй ағаш — үлкенірек мөлшерде, құрылыс ісіне лайықты және істейтін ағаш оншалық ірі емес, әр алуан іске лайықталған. Өз ретімен құрылыс ағашы: жұмыр, қырлы және араланған деп бөлінеді.

Жұмыр ағаш ретіне мыналар кіреді:

Бөрене. Қапталған бойағашты керекке жарарлық қылып, 6,5 метрден кесіп қойған. Бұл ағаштың жуандығын жіңішке басының мөлшерімен есептейді, шамасы 18 см жоғары қарай болуы керек. Осы аталғандай қылып кесілген бүтін ағаштарды сүйреткі деп атайды. Бұлар дембелше, қысқа, жуандығы 11—15 см-ден аспайды, бұдан да жіңішке 6,5—11 см ағаштарды қада ағаш дейді. Ал бұдан жіңішке болса 4—6,5 см қазық ағаш болады. Екі жағын тақтайша жонған ағаштарды рейка дейді.

Бұл ағаштардан басқа тағы да ат қойылған жұмыр ағаштың түрлері көп, көбінесе, жергілікті болады. Құрылыс бөренесі жақсы, түзу, нығыз болып, мүмкін қадарлы бұтағы аз және шіріксіз темекіше кепкен болады. Егер де сондай бұтақты күйінде жұмсаған болса, тақтасының қисық жасалғандығынан, көп кемшілік келмейді, аралау жолында қисық тақталы бөрене іске жармайды.

Дәл құрылыс жөніндегі ағаш қыс күнінде кесілген бөренеден дайындалған болсын; қысқы ағаштың сөлі басқаша түрде болады, артынан ондай жылдам шіріп кетпейді көктем мен жазғы кесілген ағаштардай. Ағаштың қай кезде кесілген ағаш екенін білу мүмкін.

Үлкейтетін пиаламен ағыт пен қабықтың қосылған жерін қарасақ, қысқы кескен ағаштың сыртқы қабаты қошқыл, күзде жаралған қабат екенін тануға болады.

Қырлы ағашты не жұмыс басында, не зауыттарда пышқымен әр жағын жанап, не болмаса жонып жасайды. Егер ағаш төрт жағынан дәлдеп қырланса, ол төрт қырлы ағаш болады. Бұл ағаштардың бұрышы үшкір болса ағылшын қыры деп аталады. Кейде ағашты көп жонбай ұшын жұмырлау қыр шығарғанда бұрыштарын моғал қалдырып кетеді, оны голландияша қырланған дейді. Кейде үш жағын қырлап төртінші жағын қабығымен қалдырады.

Сандықша ағаш — жалпақ енді (жуандығы 10—15 см төрт қырлы).

Өңдеген ағашқа тағы мыналар қосылады:

Жуан, бүгін бөренені ортасынан жара тілген ағаш құдықтың қимасына, баздың қимасына, кілет сарайларға жұмсалады. Жуандығы тілінген бөренеге қарай болады. Жаңғақ ағаш — бөренені айыра тіліп әрбірінің қыртысын тағы алып тастайды. Бұл есік-терезеге жақтау — жаңғақ орнына ұсталады.

Тақтала — Бөренені тақтайға тілгендей екі қыры тегіс болмайды, пышақтың жүзі секілді, сондықтан оларды шала тақтай дейді. Тақтайға тілгеннен түскен екі *шеті* көбінесе іске жарамайды. Ортасынан түскен шала тақталар балташылық жұмысына кетеді.

Егер осы шала тақтайды мұрттар екі қырын қырласа, ол таза тақтай болып шығады, мұны қырлағанда әлгі екі тегіс емес қырынан мүлтік қалса, шала қырланған тақтай болып шығады. Тақтайды басқаша қылып тілуге болады: алдымен екі жағынан тіліп тастап, аударып салып тілсе, екі бет тақта ғана шығып, шетке тақаған шала ортасының тақталары таза болып шығады. Кейде бөренеден қырлы ағаш тіліп алып, қалғанын тақтай жасайды. Машинамен зауытта тілгенде шама келгенше жақсы тақталар жасауға тырысады.

Қарағай, шырыштан жасалған тақтайдың көбінесе ұзындығы 4,6 метр (3 сажен), ені 20—30 см, қалыңдығы 1,25—7,6 см болады, бұдан нашар болса жәшік секілді жұмысқа ғана жарайды. Тақтайдың әрбір сортының өзінің жарамдысы болады.

Беріктік, шыдамдылық керек жерге қашама тақтай жасалып жұмсалады. Мұндай тақтайдың бір қыры ұнғуырмен қазылғанда, екінші қыры жал болады. Осындай қылып жасаған нәзік тақтайлар бәден қаптауға жұмсалады, сондықтан, бәден қаптайтын тақтай деп аталған. Үйдің қабырғасын және басқа қабырғаларды қаптау үшін бір жағы қиылған тақталар жасалады.

Осы күні үй салушылар жасайтын жақтау, жаңғақ секілді саймандардың бәрі де зауытта даярланып шығады.

Кереге көз жасайтын сағанақ ағаштарды қалыңдығы 6,5 см тақтайдан тіліп жасайды.

Ағаш шеберлері ұстайтын өте бұта тақтайларды фанера деп атайды, оның өзі де неше түрлі болады. Оның ең қалыңы паркетный фанера, көбінесе еменнен қалыңдығы 1,2 см (онан да қалың істейді), өте жұқасы соқыр фанера деп аталады (қалыңдығы 3 мм), көбінесе қараағаштан, жасалып, үй сайманына жапсырып желімдеуге жұмсалады; онан да жұқасы (1-2 мм) қымбатырақ заттан жасалған фанера сұлу кестелі, толқынды фанерадан жасалған саймандардың сыртына желімделеді.

Фанераның бір бөлекше сорты (түрі) соңғы кезде өте көп жайылып кеткен — көп қатталған фанера, яки қос қабатты тақтайлар. Оны даярлауға қайыңның, қараағаштың, яки теректің түбірін қатты қыздырып, токарьлардың станкасына салып керегінше кесіп алады, аз-аздап ағаштың ішіне тереңдеп алғанда, әлгі жонғы қалғанша домаланады. Алынған жонғыны кескілеп және неше қабат қылып желімдейді, қайтсе ағаштың талды тақтасы алдыңғы желімделген қабаттың тақтасына, соңғы қабаттың тақтасы көлденең түсіп желімделсін. Дымға езілмейтін казеин* немесе алюминий желімімен желімдейді. Желімделген тақтаны ыстық қыспақтың астында кептіреді.

Қазық ағашты даярлау жолы: бір алуан ағаштың бойын жара кесіп алады. Оны мынадай қажеттіліктерге дайындайды: штукатурный (үй ішін әдемілеп ыспаттау), жайпақша қазықша (дран) ұзындығы 2 м, жалпағы 2 см (бір бұраулы) немесе 4 см (екі бұраулы дран). Бағасы мыңдаған санмен болады. Осы ретпен жаппалыққа лайықталған бұрауша сатылады, яки Финляндияның гонты — қысқа, терек дранкі бұрауша (жалпағы 5, 12 см) жаппаға жұмсалады.

II

Тас заттар

1. Тас заттар.

Жаратылыс күйінде тас заттар, табиғат жолымен қалың топ болып кездеседі — түпкі шығатын жерінде және осылайша, жекеше тас күйінде табылады. Бір кезде шығатын жерінен бөлініп, сумен, яки мұзбен тасымалданып келген.

* Кезеин — сүтте болатын белоктық зат.

Ағашпен салыстырғанда, тастан жасайтын зат ретінде көп мықты да, шыдамды да (қолайлысын таңдап алған ретте), бірақ, көп ауырырақ, тауып алмағы да қиын, тағы да, көтеріп қалмағы да қиын. Сайманмен тасты ыңғайлап алмақта аса қиын. Оның бер жағында, тастың жасауға қолайлы заты ыстықты өткізгіш келеді, ауаны мүлде жүргізбейді, сондықтан, оны адам тұратын үйдің қабырғасына қалап болмайды. Ақыры көзге берік көрініп тұрған тас затының бірнешесі, әр түрлі себептермен дымға, аязға шыдамсыз келеді де, солардың әсерінен тез бұзылып кетеді.

Соның себебінен тас затынан жасамақшы болғанда, қатты сақтықпен қарастырып алу керек, көбінесе, лабораториямен айырып, сынап алған жөн.

Жаратылыс күйіндегі тастар жоғарыдағы айтылған сыры бойынша ауыр, қалың істерге ғана жұмсалады, ірге салмаққа, үй астын көтермекке, көпірдің діңгегі, жол жасауға, көпірлерге, көшеге жаймаққа, тағы да осындайларға жұмсалады. Үй салған ретте жаралыс күйіндегі тасты үйдің іргесін көтермекке, сатының басқыштарына, алаңдарға, тағы да сондай жерлерге жаратады. Қабырға ретінде тастың сыртқы бетіне ғана жапсырады. Стенаны “порысты” (жұмсағырақ саты) таспен ғана қалайды. Қатты тастар ыстық жүргізбейді.

Тас заттарының алуаны өте көп, оны айыра білмектің өзі де бір ғылым — петрография*. Бұл қысқаша нұсқауда, бірнеше жасау жөнінде көпке мәлім болғандарды ғана көрсетіп кетеміз.

Көп ерте заманда тас заттарынан пайда болып қатып, бір кезде отпен қызып, ағып байланған төпсер (дәл осы кезде де болса керек) шарының ортасында болған. Бірсыпыра тереңде жатып суып, кристалды ұрықша түр алып және (оның ішінен азды-көпті ұрықты байқауға да болады) әр түсті қаттылығы да, нығыздығы да әр алуан, тағы да сондайлар — минерал деп аталған. Бұл заттардың ішінде көбірек мәлім болғаны неше алуан түрлі шұбартас.

Шұбартас. Бұл шұбартас мына минералдардан жасалады: ақ яки қызғылт, жаңадан сынған жері жылтыңдап тұратын — дала шпаты, түтінге ұқсастау көкшіл, мөлдірсымал, нашарлау

* Петрография — тау жынысын, тастарды зерттейтін ғылым.

жылтылдайтын, аса қатты — кварц, жабысқақтау, бәкіге де оңай үгіліп түсетін (раскальвать) қара түсті немесе түссіз — слуга (бор). Ең ауыр, үлкен істерге көп жұмсалатын тас — шұбартас. Мысалы, Ленинград қаласында Финляндияның әр алуан шұбар тастарымен Нева өзенінің жағалары және арықтар, Неваның көпірі, Исааки шіркеуінің² айналасы, тағы да солар секілді көп орындарға қаланған. Финляндиядан басқа Карелия, Килип губерниясында, Қырымда, Оралда, Кавказда, тағы да талай жерлерде шұбартастың қалың шығатын кендері көп.

Шұбартастың мықтырағы майда ұрықтысынан шығады, кварцты көп алғандығынан шығады. Борының көптігі шұбартасты көбірек осал қылады, әсіресе, тақталана біткен болса (гнейстің ішінде).

Шұбартасқа жақын заттар. Петрография жолымен айырылған, жасау ретінде, көбінесе, шұбартас деп жүріседі. Сиенит тасы бұған қосылады³. Жасалыс жолында шұбартастан бөлегі, оның ішінде кварцы аз, я жоқ болады, оның орнына оған ұқсас (Роговая обманка) диопит — шұбар тастың затына жат дала шпатына ұқсайды. Көбінесе қара алтын, я жасыл түсті және басқа шұбартастың көп заттары судың тасы секілді болып жолығады, көбінесе, көшеге жаюға жұмсалады.

Қайнаған тас затының тобы әр түрлі себептермен, басында жердің терең ішінде болса да, жердің бетіне жақын қатқан, кейде жерді жарып шығатын отын тауларының себебімен жердің бетіне шығып, қатып қалған. Бұл жерде аса күшті салмақпен сығылмай, ұрықты кристалдың жасалысы айқын байқалмайды, кейде топ қалпынша, я бөлекше күйде шатынаған сынық сақтайды, пиала секілді. Бұның өте ескісіне қосылатыны диаваз тасы (Онега көлінің жағасында). Бұларды Ленинград пен Мәскеу көшесіне жаю үшін әкеле бастады. Қаралтым майда ұрықты, аса берік. Онан да мықтысы базальт (Болени губерниясында, Қырым, Кавказда) жапқыға қиындықпен кенеді, шақпақ күйінше жолға төсеуге жұмсалады.

Бұл айтылған заттар және соларға ұқсастардың бәрі де түпкі шығатын жерінде қалың, зор топ болып байланысып жатады да, әр түрлі көп себептермен жарылып, әр жаққа та-

ралып, өсім алмаққа оңайлатады. Оның бер жағында шпаты байқалмаған күйінде жасау залалы аса күшті.

Көп заман ашық ауада жатқандықтан бәрі, ең мықтысы да, аз-аздап бұзылады — жел жейді. Бұл бір ағымның өзі он мыңдаған жылдармен саналады, өзгенің жүрісі тез өтеді — ғимараттың өмірін алсақ тіпті жылдам. Аз заманның ішінде ауа райының алмасқанынан, тасқа түсетін сызатқа су кіріп, аз-аздап үлкейгендігінен тастағы сызатты кеңейтеді; заман өте жарық жерге тас қына, мүктердің тамыры кіреді, тасқа шыққан өсімдіктерден көмір қышқылтымы жайылады, ақырындап минералдарды бұзады. Аз да болса, аспанның ауасында да, бірнеше газ іспетті заттар (мысалы, күкірт газы мен тас көмірден азотный кислота, тағы-тағылар) тасты аса бұзғыш. Қол ұстаса — екі ағым жүреді. Тасты сыртқы шпаттарымен бұзып, ұрықтарға айыру және химия ұрықтың өзіндегі минералдарды бөліп, одан екінші түрлі зат жасау. Осылайша шұбартастық дала шпаты және ұқсас заттар бұзылғаннан кейін балшыққа айналады. Химия жолында көбірек шыдамды, кварц жасалысынан өзгермейді, оның ұрығын жиғанда құмға айналады, жұмсақ, қатты болып бөлінеді.

Жаңбырдың суы жоғарғы жердегі жел жеп түсірген заттарды аз-аздап тасымалдап бұлаққа, өзенге, көлге, теңізге түсіреді, ол жерде тынып жатады — салмағы ірі заттарды күшті ағын ғана айдайды, жеңіл, ұсағы ағынсыз тынық, үлкен суда жатады. Осы ретпен екінші жасалған тау заттары әр алуан ұлылы-кішілі, ертедегі таулардың сынығынан құралады (қиқымынан құралған тұқым) азды-көпті үгілмелі топ болып қалады (құм батпақ), күрекпен де, тағы сондай саймандармен алынады немесе қозғалмай жатып тығыздалады және соншалық тасқа айналып — дәл тастың өзі болып кетеді. Кейбір қайта жаралған тау тектес теңіз хайуандары, судың тұнғандағы түбіне байланып тұнған заттардан жаралады.

Құмшық. Ұсақталған заттардың ішінде жасаушылар көбінесе құмшықты пайдаланады, өзенде тасқа айналған кварцты құммен ішіндегі ұрықтары табиғаттың бір түрлі жетілуімен байланысты. Құмның байланысының беріктігі, магмасы кремнеземмен болса — кристалды құмдар; егер де құмның ұрығы батпақпен байланысса ондай құм жасау ісіне

жарамайды. Дым мен аяздан тез бұзылып, құлап қалады. Ең берік құм — кварцты, оның ішіндегі кварцты ұрығы бір затты топ сықылданып, байланысып кеткен. Құмшықтардың түсі әр алуан: ақ, сұр, сары, қызыл, күрөң т.б.

Извес заты. Тұнбалы затының ішіндегі көбірек керекке жарайтыны извес заты. Жасалысы көмір қышқылы қосылған извес болады, кислотамен қайнайды (көмір қышқыл газын айырмақ үшін).

Извес затынан мыналарды қарап өтелік: тақталы извес немесе қатты извес дейді. Жылан басты (раковинді) извес — туфин.

Рувтилов, Волхов известерінің тақталылары ірге көтеретін іске жұмсалады — басқыштың сатысына және тағы сондайларға, көбінесе, Ленинград ғимараттарына және адам жүретін жолға ұсталады.

Мәрмәрлар. Аса бағалырақ сирек кездесетұғын мәрмәр — мәрмәр түсті извес, ұрықты кристалды мәрмәрға (ақ мәрмәр сынғанда қантқа ұқсайды) соншалық берік тығыз, жақсы ыспаланып өң беріледі. Көбінесе сымбат ісіне, үйді салтанаттау ісіне жұмсайды. Екінші тобы айтып еткен әуелгі жасалыстан айырмасы сындырғанда тегіс болып, аса қолайлы, оның бер жағында ескі жасалған заттардан көп жұмсақ, сайманмен оңай қолайланады, әсіресе, жаңа алынған кезінде.

2. Тас заттарының техника жолындағы жасалыстары

Ауырлық салмағы минералдардың 2,5 және 3,5-нің арасында; ішінде темір, көп минерал аса ауыр келеді (темір колшеден және магнит — 5-тің шамасында).

Бір текше метрдің ішінде әр түрлі заттардың салмағы:

Құмшықтар.....	2300—3500 кг.
Тығыз известняк.....	2000—2680-ге дейін;
Шұбаргас	2700 кг.
Бытовой плита (ірге тас) іші қуыс (30%)	1690 кг.
Балжанар, тастар — ірі. (16% бос).....	2280 кг.
Орташа (33 %)	2100 кг.
Майдасы (23% бос)	1860 кг.

Асқан қаттылық, кварцтан вазальтуының, форфордың, тағы тағылар; барлық шөкпелі заттардың жұмсақтығы жоғарыда айтылды.

Механика жолының әр түрлі сынында тастар сығымға өте қарсы қайрат көрсетеді. Мыжығанға (өте қатты сығым), уақытша сыққанға қарсы қайратын мына есеп көрсетеді (1 шаршы метрге 1 кило салмақ келсе):

Базальт	1000—3900-ға шейін;
Кварц	2000-ға шейін;
Ірі дәнді шұбар тас	1500-ге дейін;
Орташа ұрықты шұбар тас	1700-ге шейін;
Майда ұрықты	1720-ға шейін;
Известь	400—1200-ге шейін;
Құмшықтар	350—1500-ге шейін.

Бір заттас тастың қайраты бір себептер арқылы өзгергіш болады (тастың дымқылдығынан, жел жеген мезгілінің мөлшерінен, белгісіз жарықшағының барлығынан, тастың тұлға түрінен, тағы басқа себептер). Сондықтан есепке мөлшері қарсы қайрат қылған тастар алынады: барлық кезде 1/20-дан аспаған; уақытша және жақсы шартта 1/10 шейін, егер де тасты бөлігі қозғалуға ұшыраса, немесе аса ауыр жүк көтерген бағанаға ұқсаса, қарсы қайрат 1/43-тен артық ете алмайды. Басқа түрлі күш түскенде тастың беріктігі үзе, майыстырса, бұраса, шұқыса (30—50 мәртебе) жанышқаннан нашар қайрат қылады.

Су жұтқандық барлық тас заттарының беріктігін азайтады, әсіресе, кеуек заттарға жаман; егер де тастың ішінде балшығы болса, онан да көрі жұмсайды; оған аяздың күші қосылса, тастың көп заттары, мысалы балшықты яки мергелди және известі заттары өзінен-өзі үгіліп кетеді; сондықтан, іске бола тасты таңдап аларда аяздың күшіне салып байқап, сынап алу керек. Бұл үшін (дәл қыспаққа сынап шыдамын көрген секілді) аралап кеседі, немесе сақтықпен бір текше тасты жиып алып, 5-тен 10 см-ге шейін текшенің қабырғаларын аяздатады, аяздататын сандыққа қойып — цельсимамен 150 шейін, әр қатырғаннан кейін үйде ұстап, толық ерітіп отырады. Осылай сынағанда, бұл тас аязға шыдамсыз болса, бұрыштары, қабырғаларынан үгіліп түсе бастайды, кейде бірнеше қатырғаннан кейін-ақ үгіле бастайды.

Қатты ыстықта, мысалы, өртте, бір затты тас шыдайды. Мысалы, ақтас (мұны сондықтан ыстыққа шыдамды деп, кейде зауыттың пешінің ішкі бетіне жапсыра қалайды), яки

кәршетселі тас, жұмсақ тәлік заты, одан ас үйдің сайманын жасайды. Ірі дәнді шұбартас және соған ұқсастар, әр түрлі минералдардан әр алуан үлкейтіндіден қатты қыздырғанда шатынап, жарылып кетеді. Известі тас қызған кезде ішіндегі көмір қышқылы извеске айналып, қайнап кетеді де, су салса мүлде құлап қалады.

3. Тастардың нарқы

Сатынсақ тастар тас базарда бөлшектеген кесікше болып, азды-көпті пішінделген түрде, немесе істелмеген күйінде түседі.

Жеке тастар. Оны үйдің көрініс бетін зейнеттемекке, көпірдің бағанасына салмаққа, ауыр, қалың істерге жабдық үшін тағы-тағыларға сызылған я мүлде дайындалған түрде жұмыс орнына жеткізеді (кейде, тіпті өң беріп істейді) яки дара күйінде, дайындалған түрде әкеледі. Бірақ ақырғы қолайлауы жасау орнында бітеді. Бұл — жұмыстан тілейтін таза іс тіпті әр алуан дөрекі сынықтан бастап, тастың кей беті үстірт қарағандықтан, пішіндеген ретінің түзулігінде толтырмай, көбінесе істелмеген күйінде қалдырады.

Жеке тастардың базарда көбірек өтімдісі, жасау ісіне көбірек қолданатын және дайындық күйде сатылатын түрлері:

Қалау тастары: Жалпы ретте беті тегістелген, ал жамбас қабырғасы төрт қырланған, бет жағына ұласатын жері ғана тегістеледі. Беттің қырын түзу көрсетпек үшін тастың қалған жақтары тегістелмеген күйінде қалады.

Сатының басқыштары әр алуан ұзындық пен жалпақтықта болады.

Адам жүгіретін жолдың плитасы әр алуан мөлшерде, көбінесе, шаршы түрде болады. Жерге қараған беті іс көрмеген табиғи күйінде болады.

Карнезге және төсенішке лайықталған плита (матша төсемде) көбінесе, іс көрмеген күйінде қолданады, артық жерлерін алып тастап.

Бытовой плита. Қалыпты түрге жөні келтірілмеген плиталарды бытовая плита деп атайды (бөлшектелген түрде сатылмай, текше есебімен сатылады), үйдің астын өсіру жұмысына жұмсалады.

Су тасы мен жұмыр тас. Азды-көпті дөңгелектеген, бөлшек, берік затты топтап, бастапқы біткен жерінен алыста кездеседі: далаларда, көлдерде, өзендерде, тағы-тағы сондай жерлерде жатқан бөлшектеген тас ретінде істеледі, көбінесе табиғи күйінде іске жүргізеді, алдыңғы тастармен қиыстырмаққа артықша жерлерін сындырып тастап қалауға орнатады.

Жұмыртас. Оны көшеге төсеуге қатты топтап істеледі, шұбартас, тағы сондайлар. Ұзындығы — 24 см тасты ірі жұмыр тас деп атайды, 18 см орташа, 5,13 дейінгіні ұсақ, 9 см шамалысын ең ұсақ деп атайды. Ұсағырақ тастарды ұсақ жұмыртас деп атайды.

Мұнан да майдасы дравиле болады. Ірі ұрықтысы 19-20 мм-ге шейін, 12—8 мм-ге шейін, орташа, 8—5 мм кішкенесі көлденеңнің ішінде.

Жұмысқа құмдақ тас даярланады, қатты топтың жұмыр тастарын уатып бөлшектейді. Бұл іс кей кезде қолмен де істеледі, кейде ірі даярлайтын тас ұсатқыш машинамен істеледі. 62 мм-лік диаметрі бар сақинаның көзінен өтіп кетерлік өзен тасы аса ірі деп есептеледі, 57 мм ірісі, 50 мм орташасы, 44 мм уағы, 25 мм ең майдасы. Бірнеше жұмыстар үшін өзен тасын дайындап және басқа заттардан кірпіштер дайындайды.

Бұл заттарды ретке бөлмекке, көбінесе, гүрілдеуі қолданылады. Ол тор, ірі заттарға лайық, кергіш ағашқа құрылады. Үлкен жұмыстарда механика айналып, гүрілдеуікпен пайдаланады, ол қисайыңқыраған барабанға ұқсас, кәтел темірінен жасалады. Қабырғасында тесіктері бар, керекті ірілікке қарай лайықталған.

Барлық — гравий, өзен қиыршықтары, құм заттар, көлемімен бағаланып сатылады, немесе сорттап салынған ағаш жәшікпен өлшенеді (метр есебіне шаққанша жарым саржандық жәшік қолданылып келді, жарым куб саржан сиятын жәшік. Заттардың сырғанап аққыштығына қарай, еркін ағып азды-көпті жатық сызыққа қарай бұрыш шығарып, қисық түр жасайды (450°-қа жақын). Олардан жасалған үшкір басы, әмсе, пішіндеме жолымен бір қалыпты болып (шамалы), рөлеткемен өлшеп, мысалы, жасайтын шошақшаның ұзынын, немесе іргесінің диаметрін өлшеп, яки биіктіктен

өлшеп, шошайған үйеменің көлемін білмек оңай. Бұлайша куб метрде жасалатын ұзындығы 1,36 м 2 куб. Көлемі м. де жасалатын ұзындық 1, 72 м.

4. Гравий мен құмның жасалысы

Бұл заттардың жасалысына азырақ тоқтап өтелік: бетон мен темір бетон істеріне аса керекті заттар болғандығы үшін.

Құмға да, гравиге де қандайлық қалың, қатты болса да, су өткіш келеді; сондайлық сыры барлығынан фильтр деген сүзгіні екеуіне де қолданады.

Грунт секілді құм да, гравий де еш жиырылмайды. Олардан салынған ғимарат қандайлық қалың болса да шөкпейді.

Құм тұйық жерде болса сұйық зат секілденеді, салмағы тек түбіне ғана түспей, қабырғасына да түседі, ұрық қандайлық майда болса да, ағын су құм мен гравиді жеңіл ағызады. Сондықтан аса майда қиыршық құм су ішінде жүзіп жүреді, жаралыс күйіндегі бұрыш жасайтын қалпын жоғалтып, үйдің іргесінен сумен бірге сығылып, шығып кетеді; сондықтан жасау жобасын жасағанда бұл секілді жүргіш затқа аса сақтық қылу керек.

Жасау жабдығында, ерітінді жасау ретінде, таза кварцты құм, жақсы заттан саналады, бұл жерде ірі құм немесе елегіне қарай қосқан құм жақсы, майдасы емес, ол сыбаққа ғана жұмсалады. Жасау жолындағы ерітпенің байланысты болмағы үшін, тегістігі жеткілікті болмаса да, құм мен торлама заттың ғана арасын толтырғанның үстіне известпен, цементпен және сондай-сондай заттармен толтыру аса қажет, оның бер жағында, әрбір құмшаның жан-жағы әлгілермен боялған болсын, дәл сондай көлемде мысалы, 1 куб м жердің бетінде майда құмның саны ірі құмның санынан көп. Оны майлауға көбірек цемент керек болады, оның өзі әрине құмнан бір талай қымбат. Оның үстіне майда құмды известің я цементтің қамырымен жақсылап араластырмақ қиынырақ келеді.

Құмды, я гравиді қолданудың пайдалы реті мына шартпен қосып араластыру — майдасы ірісінің арасында болсын. Бұл екі араны цементпен толықтыратын шығыны азаяды. Мысалы, осылай, егерде бетондық құм грави цементпен араластырып

істегенде дәлді есеп мына реттен табылады. Құмды тастағанда гравидің ұрықтарының арасындағы бос орынды толтыратын болсын. Цементті тастағанда құмның ұрықшаларының арасын толтырарлық болсын және аналардың да ұрықтарының араларын боярлық болсын. Бұл қолайды таппаққа жұмсалмақшы құм мен гравидің араларындағы бос жердің шамасын білу керек; бұл жеңіл табылады: белгілі орындағы үгілмелі құрғақ құмның көлемін өлшейді (мысалы 1 литр) үгілмелі құрғақ құмның (я гравидің) және оны ыдыстағы суға төгеді (мензуркеге) (көлденең сырықты өлшеуі бар пиала ыдыс).

Ұзындығы құйған затты жабарлық болсын. Құмды құйғаннан кейінгі судың көтерілген бойы бұрынғы орнынан салыстырғанда (я гравимен), судың сығылып көтерілген мөлшері анық мөлшерді көрсетеді; соңғы мөлшерді үгілмелі құмнан шығарсақ (1 литр деп алған шамадан), жалпы қолданатын процент есебімен іздеген арадағы көлемді табамыз. Құм мен грави ұрығының араларындағы бос орын бір шамада, көбінесе 30—36 %-ке шейін ірілігі аса айқын болғанда, арадағы бос орын екі есе кемиді. Жай уақ тастың бұрышты ұрықтары, құм мен гравидің жұмыр ұрықтарындай тығыз орналаса алмайды, бос орны 45 %-ке шейін одан да асады.

Гравиде көп кездеседі, майда ұрығы аралас 2 мм, яғни орташа және майда құм болса, қосатын құмның мөлшері келмейді.

Ерітінді мен бетонға залалы тиерлік құм мен гравидің ішіндегі қоспалар: балшық пен өсімдік заттарының шірігі; егерде ішінде 5 %-тен көп болса, керекке дайындаудың алдында жумақ өте қажет; ағын судың ішіне салып, күрекпен сапырып, қолмен я арнаулы машинамен. Балшығын арылтпақ өте қиын, әсіресе, гравидің ұрығына қатты болып байланса, жұқа, қатты болса да арылтпақ қиын болады, көбірек кездесе береді. Суға тым жай ериді де, цементке қосқанда ұрықтың цементке байланысуына үлкен бөгет қылады. Көп қылып қосқанда тастың уағын, өсімдіктің тамырларын, яғни құм мен гравиді темір елекпен елегенде бөлініп кетеді.

Құм ұрығының келісін түрінің де еріткен заттың қасиетіне осындай әсер ететіні бар. Жаксы деп саналатын жер астындағы авражний құм (қоспа мен кірлегеннен аман болса) бұрышты

ұрығымен жүреді. Өзен құмы көбінесе таза болады, әйтсе де домалағырақ, ысылған ұрықты болады; теңіз құмы көбінесе аса майдарақ, оның үстіне, тұз сіңген болады.

III

Балшық, оны іс қылудың жөні

1. Балшықтың сорты мен жасалу реті

Балшық деп табиғи заттарды атаймыз, құрғақ күйінде алып су құйсақ, өте күшті ісінеді, жабысқақ, жұққыш болып, камыр іспетті топ болады және өте жұмсақ кесек болады да, қандай өрнекке (қалыпқа) салсаң да көніп, салған өрнегінді көп заман сақтайды.

Балшықтың қат болмағы, оның ішінде бір алуан балшық іспеттес заттың барлығынан оның бөлшегі аса кішкене (аса күшті микроскопке де көрінбейді). Бұл затты алдыңғы бас мақалада айтып өткенбіз. Ол дала шпатын жел қақпағында үлкен жем беретін және соған ұқсас заттарға алғаш қысылған жерінде қалған балшық — әуелгі балшық деп аталады, оған пиала балшығы қосылады.

Көбінесе екінші яки шөкпе балшығы көп кездеседі, бастапқы болған жерінен сумен илеп, әр алуан қуатта қат жасап, әр жерде жатақ болған. Кейде жұмсақ, дымқыл күйде болады, кейде көп жатқандықтан, сыртқы жердің қабатының салмағымен сығылып қатқандықтан, тас іспеттеніп қатқан балшықты сланыс деп атайды. Соңғыға, мысалға, грипция сланысы, шипр немесе аспиттер. Суға езілген жонын жоғалтқан шерепицеден, күн батыс Европада одан бүркеу істерін істейді. Ол он жылдап бұзылмастан тұрады.

Шөкпелі балшық, мына заттармен жасалу реті аса көп түрлі болады. Мәселен, тазалық ретінен түс жөнінен тағы-тағылармен, соларына қарай жасау істерінің жолдарына кіреді.

Басқа заттардан айыру оңай көзге ұқсас болғанмен, балшықтың құрғақ сынығы, су құйғандықтың себебімен тілге жабысады, сулағаннан кейін (мінездеме балшық ісі) ісі шығады. Балшық өзінің майдалығының арқасында әр алуан газды жұтып сақтай алады. Суға таяған балшық су өткізбейтін зат болады; кей жерлерде жердің бір қабатының асты балшық

болғандықтан, жиылған су өте алмай батпақты болады. Осы жасалысының себебінен су өткізбес қат жасайды. Мысалы, тоғанға, тағы сондай жерлерге.

Бұл жасалыс, көбінесе, саз балшықта болады. Ішіне құм алмайтын және басқа қоспаларды да сулы, сазды саусақтың арасына салып езгенде сезілетін өте тоқ сазды тіске салып шайнағанда да сындыра алмайды.

Арық саз ішіне құм сақтайды, оншалық қатты болмайды, су қосқанда онша күшті ісінбейді. Бірақ кепкенде оншалық көлемі кеміп те кетпейді; семіз саз ондай кепкенде ішінен сыртының бұрын кіріп жиырылғандығынан, әмсе жарылып кетеді. Сондықтан іс істерде, не қылса да азды-көпті құрғақ далада болатындықтан, өте-мөте іске жұмсау жөнінде өртеуге ниет қылғанда, жеке семіз сазды істеуге болмайды, не қылса да басқа заттан тасу керек; мәселен: құм, арық саз, шамот. Бұл қоспалардың ұрықтарын кептіргенде, я өртегенде өзінің көлемін кеңітпейді; саздың ішінде берік тұрады, ішін ақтарады. Бастапқы өзгертуге көнбейтін табиғи саздың түсі, ішіндегі коспаға қарай әр түрлі болады, көбінің түсі өртегенде тіпті басқарып — басқаша болып кетеді.

Өзінің табиғи көрінісінде, яғни өртенбеген күйінде саз жетерлік жақсы укаланған болады. Өзіне керекті қатқа хабарласпаққа переметая оны жасау жөнінде ерекше мына керектерге қолданылады:

1. Дәл шығарып тастайтын бұйым есебінде судың шығатын жеріне алдын ала хабарландыруға қолданылады, семіз саз тоған жасарда үй іргесін көтеретін орынға тақтайдың астындағы қуысқа, тағы сондайларға керек.

2. Құм қосқанда ерітіндінің орнына жұмсалады, пештерді қалауда, түтіннің жолын саларда, тағы сондайларға.

3. Сабан шатырды сылауға, ағаш қабырғаны сылауға, өрт қатерін кетіруге.

4. Шикі кірпіш істеуге (сабан, я ұсақ ағаштарды қосып), балшықты бетонға, сылау ісіне, тағы сондайларға.

5. Жапсырма істерге, өрнек жасауға, тағы сондайларға.

Олардан басқа балшық өндіріс шеберлерінің көп пайдалы істеріне жарайды (шұға ісіне, мақтадан тоқитын істерге және басқаларға).

Дымды балшықты қыздырғанда, әуелі механика жолымен қосылған суын жоғалтып, кебеді. Одан әрі қыздырғанда, яғни өртегенде (900° жоғары), балшық сондайлық суын жояды, химия жолымен оның ішіне кірген, жай кептірген ретпен жойып болмайтын, бұл ретте балшық жасалысы қатты өзгереді, әсіресе, өртелген балшық: мысалы, су сіңбейді не жұмсармайды, қаттылығын сақтайды; сондықтан күйдірген кірпіш пен ыдыстар істейді. Ұнтақ құм үгіп алып, күйген балшыққа су салса, бұрынғы қаттылығын мүлде жоғалтып, сулы құмға ұқсайды. Қаншалық балшық күшті өртелсе, ауысқан әлгі қылығы айқын көрінеді. Жете өртелмегеннен істелген заттары дымды жерде ұзаққа шыдамайды.

Балшықты жеткілікті дәрежеде қыздырса, жұмсара бастап, ақыры еріп кетеді. Балшық қаншалық таза болса, соншалық жоғарғы нүктеде ериді. Қосылған заттар ерекше окис (тот), темір тоты, извес, сілті⁴ (қуыратын ащы) тағы сондайлар балшықтың еріген нүктесін өте төмендетеді. Сондықтан отқа шыдамды кірпіш жасауда, әмсе, ішінде темір тотын сақтайтын балшыққа қалыпты құмды қосуға болмайды. Оның орнына осы мақсат үшін шамотты қолданады, яғни ірі қылып тартылған, құмға ұқсас ұнтақ отқа шыдамды балшықтан жасайды.

Отқа шыдамды деп еріген нүктесі 1650° -тен асқан балшықты айтамыз.

Балшық еритін нүктеге жетерден көп бұрын жұмсарса, қайнап және біріге бастайды, өзіне берілген өрнегін бұзбай, клинкерни балшық деп аталады. Оның қарсысына, сулық болып еритін балшық сол, жұмсаратын нүкте мен еритін нүктесінің арасы жақын болады. Мұндай балшықтан берік, күйдірген сайман дайындауға болмайды, бірақ нашарлау, боркемік сайман жасауға болады.

Балшықтың түсі өртегенде өзгеріп кетеді: ішінде темір тоты бары шикі кезінде қандай түсті болса да, күйдіргенде жалпы қызыл түске түседі. Қатты күшті күйдіргенде ондай балшық пиалаланылады, қаражасыл пиалаға айналады. Органикалық түрдегі балшық көмір затында болып, шикі кезінде қара түсті болса да, өртегеннен кейін аппақ түске түседі (мысалы андам балшығы). Балшықтың ана іске я мына іске жарамдылығы арнаулы сындармен айырылады: жасалы-

сы химия жолымен айырылады. Сынаудың түрі балшықты құмға айналдырып, ұнтақтап күйдіріп көру.

2. Балшықтан жасалған іс

Өнер жолы балшықтан істелген заттарды не табиғи балшықтан жасайды, не қоспалар қосып өртеп, қолмен істейді. Ондай қолайлап, өрнекке алып істелген заттар мынадай топтарға бөлінеді.

а. Кей К тобынан: оның сынығы кедір-бұдыр күңгірт түсті, тілге жабысқақ келеді.

1. Балшықтан отқа артық шыдамайтын арзан заттар істеледі. Олар қызыл түсті, кірпіштің әр түрлісі, шөлмек мұржасы, шерефицелер.

Кейде отқа нашарлау шыдайтын балшық, өртеген кезде берігірек топтан құралған әшекейлі нәрселер береді.

2. Отқа шыдамды нәрселер. Өртегеннен кейін олар ақ, яки нашар сарғыш келеді: олар отқа шыдамды кірпіштер, яки жасау жөніндегі пайаныстар (жанан).

б. Тұтас топтан жасалған істер. Бұлардың сынығы тегіс, жатық, қабыршақты, тілге жабыспайды. Кеуекшесі жоққа есепті, топ ауырлау, қаттылау келеді. Жоғарғыдағы аталған заттардан көрі болатпен шакқанда от ұшқыны шығады.

1. Балшықтан жасалған жалпақ нәрселер, көшеге төселетін едендік су жүргізетін мұржалар.

2. Неше түрлі пиалалар.

Барлық балшықтан жасалатын істер бірте-бірте басқыштап табылған жолмен мына заттардан қосылысады: 1) топтың өзін дайындау, 2) қалыпқа келтіріп ұстау, 3) оны кептіру, 4) күйдіру-өртеу.

Топты даярлау. Жай нәрселер үшін (кірпіштер, тағы сондайларға) топты дайындаудың алды. Балшықты қазып алып, табиғи тақтасын жою үшін көріктен өткізіп, керек орнында арықтататын заттарды қосып, араласты балшықты қазып алу бізде, көбінесе, қолмен болады. Механикалық зауыттарда әр түрлі экскаватормен қазылады. Қазып алған балшықты қыс күнінде, ашық ауаға тастаған жақсы, аязбен жаңбырдың әсерінен балшық үгілмелі болады. Егерде балшық аса семіз болса, іске айналдырар кезде көбірек арық балшықты қосады немесе құм салады. Керегінше, керекті жабысқақтыққа

жеткенше су салады, араластыру ісін, көбінесе, атпен жүргізеді, не балшық араластыратын машинамен жүргізеді.

Көбірек қымбат бағалы бұйым қылу үшін, көбінесе, топты өнер жолымен дайындайды. Пиала жасайтын топқа мынадай қосымшалар қосылады: 1) диірменмен үккен ақ тас ол топтың ішінде тұрпат ретінде болады, 2) тартылған дала шпаты, ол өртеген кезде қайнауын жеңілдететін берік зат қылмаққа қатты себеп болады, 3) балшық соқталы болу үшін қоспа қоспақ қажет.

Отқа шыдамды балшыққа арнаулы бірнеше сорттарды қоспақ, мәселен, зауыт пешін істейтін балшық істерде. Бірақ болат жасайтын істе кейде балшық қолданылмайды, ондай жерге түйілген ақ тас, магнезит, извесь, яки тас көмір майы қолданылады.

Қалыптау. Осы затпен дымқыл, жұмсақ топты даярлап алып, қалып құяды. Кірпішті қолмен құймағанда, бір кесек балшықты ағаш қалыпқа салып сығады, бірақ алдын ала қалыптың ішіне құм сеуіп қойып, балшықты қалыпқа жабыспайтын қылады. Егерде балшықтың майы қатаңдау болса, ағаш қалыпқа жайған балшықты аяғымен басады, яки ағаш тоқпақпен ұрады. Айланбалы нұсқамен келтіретін мүшелерді қолдан жасайды, үстелшеге, шөлмек мұржасына салып қалыптайды. Жалпы түрдегі кірпішке, көбінесе таспалы қыспақтың көмегімен істейді (қалыпты ет кесерге ұқсас). Оның құрылысы, цилиндрге ұқсас және ішінде бинт (бұрама) айналады, балшықты өрнекке сығып үзілмейтін тақта түзу бұрышты, яки басқа көлденең кесілген болады. Бұл тақта қыспақтың мүштігінен шыққан соң, киізбен созылған ағаш шелектің ішінде жатады да, оның ішінде сыммен бөлек кірпішке кесіледі.

Ерекше берік қылып, азды-көпті нық кірпіш даярлауға құрғақ өрнек ұсталады. Бұл ретте балшық даярлау бір басқа. Онда балшықты суламайды, оны қарсысына құрғатқышқа салып құрғатады, одан кейін ұнтақ қылады. Және аз ғана жеңіл дымдап қыспаққа салады — бұл ретте ұнтақ қатты сығылады. Қыспақтың таңбасымен дайындалған іс қалыптан шығарылып отырады. Оның түбінде құрғататын тетігі болады, бұл зауыт ісінің ағымына механикалық түрде жүргізіледі. Біздің арамызда ол әзір аз тараған.

Кептіру. Жалпы қолмен істейтін өрнекте, көбінесе, жасалыс жолында, яки далаға қырман іспетінде істелген, құм себілген алаңда, ашық ауада, яки тақтай жайған жерде, шатыр астында жерді тақталап, жап-жатық қылып кірпіш кептіреді. Балшықты былай кептіру жылдың жылы кезінде ғана болады; сулы, дымқыл кірпіш аяздан жарылып, үгіліп кетеді. Сондықтан, түгел жыл бойы істейтін зауыттарда өнер жолымен кептіріледі, ол үшін ерекше қыздырған кептіргіш тұрады.

Біз бұрын да білгеміз, кептірген соң кірпіштің көлемі кемиді, сондықтан, кепкенде қаншалық кішірейетін шамасы одан ары өртегеннен кейін де қаншалық кішірейетіні ертеден тәжірибе жолымен мәлім болуға тиіс. Өрнекке салған іс осының орайынша ірірек болсын.

Өртеу. Жеткілікті кепкен шикі кірпішті ерекше жасалған пештің ішіне салып күйдіреді. Өртегеннен кейін кірпішті суыту реті аз-аздап, ақырын сатылап болуы керек. Зат жылдам, қатты қыздырылғандықтан, сынғақ болып кетеді, қатпарланып, жарылып кетеді.

Жабайы пеште күйдіргенде, көбінесе, отқа жағып, кірпіш артық өртеліп, оттан алысырақ кірпіш шала өртеліп қалғыш болады. Бірнеше себептерден осында жарамсыз өртелген заттар, іске жүргізер жерге, не басқа орындарда өзінен көп пырақ⁵ шығарады.

3. Балшықтан жасалған нәрселердің түрлері

Кірпіш. Ол адам тұратын үйлердің қабырғаларын қаларда аса қолайлы зат болып табылады, табиғи тастардан гөрі ол артық. Оны жасау, яғни өте қолайлы өрнекке салу аса көп еңбек тілемейді, себебі, оның жас балшықтан ғана істелетіндігі. Кірпіш үгілмелі, кеуекті, сондықтан табиғи тастардың көбінен жеңіл және жылылықты көп сақтайды. Үй салғанда қабырғасын аса қалың қылмақты тілемейді. Одан ауа өтіп тұра алады (табиғи ауа қондырғыш). Оның үстіне кірпіш берік, шыдамды, өртке ұшырағанда табиғи тас заттарының көбінен берік, қолайлылық жағынан да артық, қай жерде болса да ұзындығы, қалыңдығы, жалпақтығы бір қалыпты, істеу оңай. Бұрынғы қалыпты қазына кірпішінің өрнегі былай 1^{1/2}х3х6 вершок (немесе 266,7х133,3х66,7 мм); СССР ішінде

1925 жылдан бері жаңадан қабылданған өрнек, бұрынғыдан аз кішірек, дәлдігі 150x120x65 мм.

Жаксы өртелген қызыл кірпіш деп аталған кірпіш, мөлдір шыны тәрізді келеді. Ол өрнектен шыққанда бүтін қабырғалары, бұрыштары жарықшақтанбай, бұрыштарында қисығы, я жарығы болмай шығады. Сындырғанда тұп-тұтас тақтасыз, қуыссыз уақ тассыз болады. Сыртқы беті сипағанда бұжырсымал келеді (өрнекке құм сепкендіктен), сондықтан ерітпесіне тез оралады. Машинамен жасалған кірпішпен таспалы қыспамен жасалғанның бір жағы ғана бұжыр болады, сыммен көлденең кескен балшық тақтасының басқа беттері тегіс болады. Ашық қызыл деп те жете өртелмеген кірпішті атайды, ол дыммен кеселге ұшырайды және ауыр жүкке шыдай алмайды, сондықтан, оны еденге төсейді, ауыр жүк түсетін жерге қаланбайды, әсіресе, сыртқы бетіне.

Темірше — өте өртелген, кейде пиаламен қырған кірпіш өте қатты, қиындықпен ағады, ерітпегені жаман оралады, бірақ дымды жерге аса шыдамды. Ол үй астын көтеретін іргеке қаланады, тағы сондай жерлерге жұмсалады.

Қызыл кірпішке су 12—16 % сіңеді, ашық қызғылт кірпішке аса көбірек сіңеді (25 %). Соның себебінен недәуір жұмсарады; темірше кірпіш суды аз жұтады.

Кірпішті аларда кереге көздеп қалайды — бағанасы 25 реттен, әр қайсысында 10 кірпіштен тұрады, клеткіні бірімен-бірін жарыстыра қалап жасайды. Стебилдің түріне сала. Аларда бірнеше кілеткені таңдап алып, сынайды да, қасиетін мөлшерлеп, барлық дайындалған затқа қарай қалғанына баға береді. Алған кірпішіне сұйық қылып еріткен извес бүркеді (бүріккішпен).

Кірпіштен одан да көрі жылылықтың шықпағын кемітпек үшін салмағын азайтып, қуыс денелі кірпіш дайындайды. Көлденең қуыс немесе ұзынынан қуысты қылып жасайды.

Қабырғаларында әуелі қат болады. Бұл мақсұтпен үгіндіден кірпіш жасайды, үгінді кірпіш деген ағаштың үгіндісімен балшықты араластырып жасайды; ағаш үгіндісі өртегенде жанып кетеді де, балшық көбік іспетті қуысты кірпіш болып қалады. Аса кеуекті болу үшін балшыққа топырағын қосады, не қиыршықталған шакпақ ұнтақ іспетті зат қосады және бір

алуан теңіздің ішіндегі ұсақ өсімдіктің сарқыншық затын қосады. Ол жеңіл кірпішті жасауға өте қолайлы зат.

Жарты дөңгелек кірпіш ол күмбезге тізбекке, кәрнез қалау секілді, тағы сондайларға қолайлы. Істі істер жерде кірпішті тізіп әуре болу секілді бейнеттерден қашып, қолайлы пішінде сырықтармен жасайды, сырықты өрнекке салады: клетшаты (күмбезге не жарты дөңгелекке) не қысқа, немесе ұзын жағына салып, сақиналы, кәрнезді қылып жасайды, тағы сондайлар. Мұндай кірпіштерді бірде ерекше тапсырумен (заказ) істейді. Пеш салу үшін жай кірпіштен басқа қос түрлі кірпіш жасайды. Ол нан пісіретін орыс пешіне қолайлы. Пештің кленкесі — кіші мөлшерде 16x8x4 см шамасында болып, жай қалыпты кірпіштің көлемі өте үлкендік қылатын жерде, кішкене пештің ішіндегі бөлмелерге бола істеледі. Мұндай кішкене кірпіш отқа шыдамды балшықтан да және жай балшықтан да жасалады.

Күйдірген балшық. Жұқа төсек, әр алуан келісімде жабу жасау ретіне қарай істейді. Күйдірген балшық қосқыш болады.

Күйдірген балшықпен жапқан шатырдың қарын тазалағанда, біздің ауа райына қарағанда күйдірген балшықты шұғыл түрде жасауға керек, оны черепицеде (күйдірген балшық) қар тоқтап қалмас үшін істейді. Және шатырға лайықтаған черепицені үлкен жасауды керек қылғызады, темір я ағашпен жабатын мөлшерден көрі.

Үлгі ретінде бір көлемді, сондықтан мөлшерін ұлғайтуға жөн келеді. Шатырдың астындағы ағаштарының бүркеу бағанасы да черепицені бүркеудің қармағына бір жағынан бөгет қылады. Оның қасиеті: өртке қауыпсыздығы, периодический қымбат түсетін бояқты керек қылмайтындығы және артқы — қолөнері мен черепицені, әмсе, қоластынан табылатын балшықтан жасалатындығы. Сол секілді жабу жұмысына жүретін темір, төл секілділер фабрик пен зауыттарда жасалады да, сатып алынады. Соның себебінен черепице бүгін, болмаса ертең кристиан шаруасы мен өзіміздің арамызда үлкен түрде таралуына тиіс. Дәл осылайша көптен бері күнбатыс Еуропада да таралған. Жамылышы сұлама келсе (қар аз түсетін оңтүстікте) черепицені не торлап (тор көз) ұстатады, не кемерлеп бекітеді. Шатыр тік болса черепиценің астынан қию шығарып, шатыр речеткесіне ұштастырады да, не бірінің қыюын біріне түсіріп ұштастырады (черепице

жалпақ болса). Одан басқа черепицені шатырға сыммен байлап бекітеді. Сымды черепиценің екі тесігінен, не астыңғы кемерінен өткізіп шатырға шегемен ұштастырады, кертіш ағашқа қаққан шегеге орап. Бұлайша бекітумен черепицеден жапқан жамылыш (шатыр) күшті дауылға да шыдайды, черепице қопарылмайды.

Черепиценің көп түрінің аттарын атайық: жалпақ черепице түзу бұрышты жоғарғы жиегінен ұстастыратын керткі шығатын төменгі ернеуі дөңгеленіп қойылады. Бірақ оның қолайсыздығы аққан суды қабырғаға тигізбеу үшін жамылышын қос қабаттап істеп, ең соңында жамылышы өте ауыр болып шығады.

Өзекті (тамырлы) черепице (Қырымда татар черепицесі деп атайды). Өзекті черепицені кезегімен жоғары-төмен айқастыра отырып, оны буумен ұсталумен де, ұстасусыз да жасайды.

Голландияның черепицесі. Екі өзекті болып көлденең кессе (S) әрпіне ұқсайды. Бұл черепиценің жамылышын жасағанда оның барлық қиюларын ішіне салам, яки сиырдың жүнін қосып известь езіндісімен сылап, тез үгілмес үшін ұстатып қояды.

Көмкермелі черепице, яки Италия черепицесі. Қиықша черепице — ромбға ұқсас кесілген мұқал бұрышты жанжағынан көмкерілген, жоғары қалған екі шеті төмен қарап тұрады.

Қалыпты черепице. Бұл таспалы сықпамен дайындалған ұзына бойында, жоғарғы жағында екі қыры бар, араларында өзек жүргізген, төменгі жағында тағы сондай екі қыры бар, барға жоқ ұзынындағы қырына қарай өзекшемен дәлдеп жасағанда берік, қос жаппа болып шығады. Қиюластырғанда қиюлары жымдасып, сырғанайтын жағына қарай бейімделіп тұрады. Қалыпты черепицені кейде марселинская деп атайды⁶ (алғашқы шыққан жеріне қарай). Оның екі қыры бар және бір ғана ұзынынан емес, көлденеңінен де ұстатады, сондықтан аса берік жамылысы болды. Онан соң мәрсел черепицесін ерекше зауытта жасайды, черепице әрі сұлу, әрі берік болу үшін (бетке қалайтын кірпіш сықылды) кейде бет жағын кіреукелеп (жылтырлап) істейді.

Шөлмек мүржа. Ұзынын цилиндрлеген (тік жұмыр), ұзындығы 30 см шамасында, жай кірпіш балшығынан бөлшек мойынсыз жасайды. Бұл арзан материал болғандықтан жердің қуатын күшейтуге (шымдауға) жұмсайды. Әшекейлі жылтыр пеш (кестелі жырық салу) үйдегі пештерді, көбінесе, қорғасын, қалайымен кірукелеп жылтыратады. Онымен қабат үй қабырғасына да жылтырлап, түр береді.

Пеш. Кестенің ортасынан айнала дөңгелек қаттар жасалады. Бұл екі тесігі бар сыммен ұштастыратын жерін ромбы деп атайды. Кестелі сызықтан көлемі сыңар есе (27x18 см), не бір жарым есе болады (40x24 см). Оның алғашқысы недәуір арзан, көбінесе, оны жай қызыл балшықтан істеп, сондықтан недәуір бағалы балшықтан, не кәрденге жасайды. Пештің әр жеріне салынған кестелі сызық (әшекей) әр түрлі атта болады: беттік, бұрыштық, кәрнездік, далдалы, қатты (қабат) тағы басқалар.

Томпақ суретпен, түсті кіреукемен әлеміштеп жапқан кестелі сызық — пеш жапқыш деп аталады. Кестелі сызығын (пеш әшекейін) бір-бірлеп бөлшекше, не тұтас (бір пешті) күйінде сатылады.

Қыш, я кәрден дайындау. Бұған әр алуан түрдегі ақ балшықтан істелген төсекшелер қосылады, бер жағы кіреукемен жабылған, монша мен жуынатын үйдің қабырғаларын шырайлау ретінде, тағы сондайларға жұмсалады. Олардың өрнегі (қалпы) әр алуан дәнекер ұстап, астар жағын жол-жол қылып жасайды. Бұған жуынатын үйдегі әр түрлі саймандар қосылады. Жуынатын үстелдер кіреукелі шылапшын, сауыттар сиятын ыдыс, ақ кіреуке мен қаптар, ақ балшықтан жасалған саймандар, тағы басқалар. Отқа шыдамды қылып жасаған нәрселерден, қысқа түрде мынаны ғана көрсетеміз:

От (отқа шыдамды) кірпіш. Пештің от жағатын жеріне бұ сиятын қазанның буды қамайтын жеріне, тағы сондайларға қолданылады. Оны сындырғанда ақ түсті, сырты сарғыш келеді, жай кірпішке қарағанда оның қалпы (көлемі) кішірек келеді, мәселен, 230x112x65 мм шамасында болады. Отқа шыдамдылығы үш сорт: 1-ретінің отқа шыдамдылық мөлшері целсиймен 1710°, 2-реті — 1660°-тен кем емес. 3-реті — 1580°-тен кем емес; жай бөлмедегі пешке от кірпішінің III

сортын қолданса да жеткілікті. От кірпіші жалынға жақсы шыдағанмен, ол кемік (кер сорғыш) болғандығынан, дым тартқыш, аязға шыдамсыз келеді.

Тұтас топ қылып жасау ретінде мынаны көрсетеміз:

Керамика мұржасы, бұл көбінесе арық жүргізу ісіне жұмсалады. Оны майда балшықтан жасайды да, отқа өртеп сұйық затты жұтпайтын, өткізбейтін қылады. Көбінесе оның сыртқы беті тұзу кіреукемен қапталған болады. Оны жасау жолы өртеп болған кезде пештің ішіне қайнаған тұзды құйса, ол буланып кетеді де, оның буы еріп, бір бөлімі балшыққа қосылады.

Арық жүргізетін торлардың тура тұтас күйінен басқа зауытта жалпы неше алуанды өрнекпен бөлімшелері жасалады; тұзу үш қабат және қисық, тұзу айқыш, қисық шығарма (кіндік) сипундар, тағы сондайлар.

Көшеге төсейтін кірпіш — майда балшықтан жасайтын кірпішті, тратуар көшеге жұмсайды, кейде уақ тас есебінде қылып сындырып алады да, тастақ жолға жаяды. Ол уақтас табылмайтын жерлерде аса қолайлы. Темір кірпіш аталған кірпішпен кленкер мағынадағы паркы сол ғана, жай темір кірпіш керегін кездей келген (кездейсоқ) көлденең себептерден алады, жалпы жай кірпішті де дайындаған ретте кленкер балшығынан жасалмай, сондықтан, көбінесе, қатпарланған пиалаланған болады, кленкерді арнаулы зауытта ғана жасайды.

Еденге төсейтін төсекше — шаршы, яки алты қырлы, яки басқа өрнекті, кейде беті сызықты болады, оны аяқ таймас үшін, көбінесе, бояумен әр түрлі суреттелген болады. Ол істелетін балшық өрнектегеннен кейін ақ түсті, яки жылтыр түсті болады. Ертерек заманда бұл төсекті чех патшалығынан әкелуші едік, Метлахтан.⁷ Сондықтан оны метлахский деп атап кетті. Біздің СССР-де оны жасайтын зауытымыз болса да, бүгінде сол атпен атаймыз.

4. Балшықтан істелген заттардың техникалық қасиеті

Өртенген кірпіштің көлем мөлшері, оның қуысты кеуекшелігіне, қалыпқа салғанда қаншалық сығылғандығына және қаншалық дәрежеде өртелгеніне байланысты.

Орташа алғандағы салмағы 1 шаршы сантиметрде ашық қызыл кірпіш 1,65 г., қызыл — 1,855 г., темірше 1,994 г. Бұрынғы куб қазына өлшемімен жасалған, жалпы қызыл кірпіш 4 кг, шамасында.

1. Шаршы метрдегі жалған, орта салмағы: жалпы мөлшердегі кірпіштің — 1600 кг-нан, едендіктен 1300 кг ұнтақша ағаш қосқаннан 1000—1200, теміршеден 1900 кг-ға шейін.

Механиканың күшіне қарсы қайраты әр алуан лаборатория жолымен сынағанда байқалады. Әр керекті бір кезектерде, әр түрлі керекке қолайлау ісінің жолында қыспаққа салып сынау ретінде, кірпішті арамен кеспейді, тасты кескендегідей бүтін шаршысымен кірпішті жартылап кеседі де, екі жартыны бірінің үстіне бірін салып, цемент езіндісімен желімдегенде шаршыға жақын келбетті болады. Бұлайша істемектің себебі, кірпіштің сыртқы қабығы ішінен өте күйген болады да, басқаша қарсы қайрат қылады.

Қоспаққа уақытша қарсылығы, осы ретпен дайындалған құрғақ шаршы, қызыл кірпіш болатын шаршы см-дегі 80 кг-нан кем емес, көпірге лайықты кленкер шаршы см-дегі 230-дан кем болмайды.

Суға тойған күйіндегі қыспаққа қылатын қарсылығы, жалпы қалыпты қызыл кірпіштің құрғақ күйіндегі қарсылығының жартысынан кем болмасқа тиіс.

Екінші, ұрған аязға қарсы қылатын қайратын жеке тасқа істегендегі сықылды сынауға болады; бірақ шаршыға жарған кірпішке емес, тұтас кірпішке.

Арық жүргізетін мұржаға, егерде ішкі жағынан қыспаққа ұшырарлық болса, судың күшімен сыналады (диаметр астында 15—20 см қыспақтың күші 4 ауа күшіне жетуге тиіс). Сыртқы қабығына шық әсері білінбеске тиіс. Судың тұйықталуы 4%-тен аспаса, аязбен сынаудың керегі жоқ.

IV

И л е н б е л і з а т т а р

Жасау техникасында минерал бұйымдарды иленбелі заттар деп айтады. Бөлек тастарды байланыстырып қосатын майды, сумен езіп істейтін балшықты заттар көбінесе қатайған тасқа ұқсас болады. Жасау ісіне бұлар көбінесе, бөлшек күйінде

беріледі (өшірілмеген извес) немесе ұнтақ күйінде. Цементтің әр түрлісі.

Жоғарыдағы жазылған ретше иленбе затқа асфальттан басқа минерал болмаса да, қыздырумен илеп, бетон жасайтын смала затты нәрселердің бәрі де кіреді. Иленбе затты су қосқанда дәйім иленбе деп атаймыз, мәселен извес, цемент тағы сондайлар.

Иленген кесек, жоғарыдағы айтылып келе жатқан құрғақ балшық секілді, кепкенде жарылатын болғандықтан, көбінесе, арам балшықтан жасап және құм, шөп-салам қосып илейді.

Осындай су мен құмға қосатын иленбе қоспаларды жасау тәжірибесін езінді деп атаймыз. Құмның қасиеті жоғарғы көрсеткендей жарылмауға себеп болса, оның үстіне, езіндіні арзандатады.

Құм туралы сөйлегенде, оны майда топырақпен қосқандағы пайдалығы неқұрлым ірірек құм қосқанда, айқын көрінеді деп едік. Мысалы, құмға гравимен ұсақ тастарды қосқандағы тәрізді. Сумен илейтін қоспалар (құм, грави немесе ұсақ тау тастары) бетон деп аталады. Мәселен, извес, цемент, тағы сондайлар. Езіндінің ішіндегі қоспалардың қанша болуы көлем мөлшерлерімен айрылады және қысқарған ретте цифрмен көрсетіледі; оның жоғарғы кірген қоспаларының көлемі, оның соңында құмның көлемі, үшінші, ірі ұрықтылардың көлемі. Бетонның қоспасы мына мысалда: 1,2 : 4. Олай болса, бір есе цементке екі есе құм, төрт есе грави (яки ұсақ тастар) алынады. Иленбе заттар (әрине, асфальт пен смаладан басқа) өртелуіне бірнеше табиғи түріндегі тастардан алынады. Қатайтын күйіне қарай алуға, бөлуге болады. Ауаның еркін соғып қатайтуынан басқа, сумен қатайту бар. Жеке ауа арқылы ғана қатпай, сумен қатады. Бұған қосылатын извес пен гипс, екіншіге гидравликелі извес және әр түрлі цементтер.

Бөлекше топ болып саналатын зат гидравлика қоспасы. Ол табиғи да, я өнер жолымен де дайындалып, өз-өзінше суға қосылып иленгенде қатып қалмайды, бірақ ауа извесіне қосылғанда ғана қатайып, ауада қатпақтан басқа суда да қататын болады. Сол ретпен жалпы известі гидравликке айландырып жібереді; цементке қосылған да бұл қосылмастанда

осындай мінезі бар, гравиге қосса оның қатаюына әсер етіп, езіндінің беріктігін ұлғайтады. Бұл туралы алда да айтпақпыз.

1. Извес

Известі (жалпы ауадағы) 900—1000 % күйдіргенде таза извес болып шығады, оның ішінде 10—15 %-тен артық балшық не басқа қоспа болмайды. Қолөнерлерге керекті азырақ мөлшерде дайындау үшін өртегенде, еденді пеште немесе жай шошайтқан күйде өртейді. Зауытта жүргізу ретінде, үзілместен әзір қылатын шахтылы пеш қолданады — оншалық биік емес, кең түрде (10—12 м-ден биік болмайды) тік мұржалы, кірпіштен я тастан қаланған және ішкі реті отқа шыдамды кірпіштен жасалған. Извесше уақыт-уақыт пештің үстіңгі ретіне жиылады да, дайындалған извес ауық-ауық астыңғы жағын басады. Күлі аз отында, мысалы, тас көмірді, отынды пештің ішіне жоғарғы жағынан қаттап салады, кезегімен известі де, осылайша қаттап салады. Пештен ыстықты керегінше алсын дейді. Күлі кеп отынды, мысалы, шымтезекті пештің орта жерінен отынға лайықтайды, оның себебі, күлі извеске қосылмасын дегендік. Шахты пешінің артық ыстық — орта жерінде (биіктігіне қарай) болады. Извесшені соған салып өртейді. Үстіңгі реттегі пеште ішіндегі извесшені қыздырып қана тұрады, кеміп тұратын қызу мен өртеу белбеуінен астыңғы ретіне күйіп, түйіскен извес суиды, бойындағы қызуын пештен өтетін ауаға береді. Осы ретпен пеш қызметін жеткілікті шаруамен атқарады.

Шахты пешіне салмақ, алмақ туралы соңғы кезде неше түрлі механический қолайлар шығарылған.

Извесше өртелгеннен кейін извеске айналып, ішіндегі көмір қышқылын жоғалтып, 44 % салмақта болады, осы ретпен, егерде ішіне басқа қоспа сақтап қалмаса, 100 бөлімнің 56 %-ті извес болады. Яғни извесше күйіндегісінен жартысынан аз асатыны. Сондықтан, өртелген кесектің көлемі де кішірейді, бірақ, салмағынан көрі күлмен көп кеміткендігінен (барлығы 10—15 %), сондықтан өртелген извес таза күйінде кемікше қуысты келбет алып, жеңіл, кесек, ақ түсті болады.

Бұл түрдегі известі қайнамалы деп атайды, бөлшекті яки өшпеген извес делінеді. Үстіне су құйғанда (яки суға салғанда) қайнауы басылады (сөнеді) — қатты ісінеді, быт-шыт болып жарылады. Егер су керегіне ғана алынған болса, онда үгіліп кетпей, құрғақ күйінде ұнтақ болады да, ұнтақ немесе сөнген извес деп аталады. Құрғақ ұнтақ $24^{1/3}$ % химиялы байланған су ұстайды. Өшіргенде известен күшті қызу шығады, салған судың көбі бу болып шығып кетеді, сондықтан ұнтақты аларда суды молырақ салу керек, дәл 70 % әйтпесе сөндіруі жеткіліксіз болады.

Суды онан да көрі молырақ қосқанда, құрғақ ұнтақ болмай, известі қамыр болады. Егер извес семіз болса (яғни басқа қоспа болмаса) қамыры өте жұмсақ болады, шымшығанда дәл бейнебір ішінде қатты ұрықша жоқ нәрседей болады.

Суды күшті қосқан извес қамырын, извес сүті деп атайды, ағарту ісіне жұмсалады, қабырғаны грунтолауға, үйдің бетін ағартуға, тағы басқаларға.

Суды өте көп қосқанда, извес іштеңе қалмастан еріп кетеді, мөлдір известі суға айналады. Дәл известі қамыр, я сүті, және известі су, қатты (атылатын көпіргіш затымен) және күйдіргіш сілті ащылығының бәрінен болады. Сондықтан, жасау жұмысынан басқа извес арзан сілті орнына жұмсалып, көп зауыттарда химия ағымына да қолданылады.

Ашық ауада қалған извес қамырды тез заманда-ақ сынғақ қабықша қаптайды, ауадағы көмір қышқылтымының әсерінен, қамыр жанадан көмір қышқылтымы бола бастайды. Бұл қабық аз-аздап, өте ақырын болса да қалыңдайды, қамырдың ішіне бара қоймай, қамыр ұзақ заманда өзінің қасиетін сақтайды. Известің езіндісіне қосылған құм, известің қамырын кемікті қуысшалы қылады да, кебуін де, оңай көмір қышқылтымы да алғыш қылады.

Арық извес, құм, өшкенде көлемін аз ұлғайтады (семіз извес $3^{1/2}$ есеге шейін ұлғаяды, алғашқы көлемімен салыстырғанда), ұнтағын шымшығанда, майдалығын семізге қосқанда кемірек келеді. Илеуіне құмды көп қосуға болмайды.

Өте өртелген известің сынығы (ерекше балшық қосылғанның) қиындықпен жай өседі; кейде сондай өте өртелген известің түйіршігі ерітпесін іске жаратып, қата бастағанда өшетіні де кездеседі. Өшірген кезде көлемі өте ұлғайғыштығынан

ерітіндісі қалауда, яки сылауда тұрып қатқанда жарылады. Іске жарамайтын болып та қалады. Осындай қатерінен қашпаққа жаңа ғана өшірген кезінде іске жұмсамау керек. Еріткен орнында бір жұма, мүмкін болса онан да ұзақ мезгіл тұрсын. Ондай сыры байқалса, өте сұйық езіндіні бөлек жәшікке жауып, езінді жасайтын шұқырға құярда жеткілікті, жиі сүзгіден өткізу керек.

Извес қайнама, я ұнтақ күйінде базарға түседі, соңғы түрінде ұнтақ болып, зауытта өшіріледі, көбінесе, өртеген известі шошайтып қойып су құйып, өшіріп дайындайды. Қызмет жеріне әкелген кесекше (қайнама), не илеген күйінде тура езінді жасайтын шұқырда өшіреді.

Известі тасырда және сақтауда (жеке қапта) су тигізбес жағын қарастыр, әйтпесе, мезгілсіз өше бастайды және өшірерде қатты қызу шығаратындығынан, көбінесе, өрт шығуға да үлкен себеп болады.

Езінді жасау, яғни извест илеуіне құм қосу бізде, көбінесе, қол ісімен болады — күрекпен тасшының жәшігіне салып; бұл іске арнаулы ерекше жәшік болады — араластырғыш.

Күнбатыс Еуропаның ірі орталық жерлерінде, көбінесе, ерітінді зауыттарда істеледі, жасау орындарына әбден дайындалған мәшинеммен жақсы араластырған ерітінді әкелмек үшін.

Іске жұмсалған извест езінді жарықтарда өте жай қатаяды, жарықтың жоғарғы жақ ішіндегісі кепкеннен басқа ауадағы көмір қышқылын жұтады, бұл известің езіндісінің мықты болмағына аса пайдалы. Бұл екі ағымда судың буы шыққанмен келеді, сондықтан, адам тұратын ғимарат известің ерітіндісі жұмсалып істелсе, алғашқы кезінде дымқыл, қараға біткен кезінен бір жылға шейін адам тұрмасқа керек. Извест көмір қышқылын дымқыл кезінде жұтады, құрғақ извест оны тіпті жұтпайды, үйді кезекпен пеш жағып, мезгілінен ерте кептірмек, ерітіндінің мықты болмағына залалды.

Известі тас пен кірпіш қалау үшін дайындаудан басқа сылауға, оны әшекейлеуге, тағы соларға ұқсасты істерге бола жасайды. Пеш жасау (үй салу) жұмысында, известі құм, яки силикат кірпіш түрде жұмсалады. Бұл үшін зауытта известе таза, ақ қиыршық құм араластырады (7—10%), азырақ араластырып, қалыпқа салып қатты қысады. Содан кейін бірнеше

сағат қатты қылып, қазандағы судың буына ұстаған кірпішті шығарып, бәгөншеге салып сырғанатып, кептіруге шығарады. Қатпағы үшін бірнеше жұма ашық ауаға тастайды. Осыған ұқсасты зауыт СССР-де бар.

Бумен қыздырғандықтан, известің сыртқы қабатына құмшық қосылады (Жалпы жасау ретіне бұл қоспа қосылмайды). Жалпы ретті езінді жасағаннан көрі қатты, берік байланыс болады. Бір шаршы см-де силикат кірпіштің уақытты салмаққа қарсы қайраты 150 кг-нан кейін емес.

Ашық түсті силикат кірпіш, тіпті ақ түсті болады; оны қатты соққандықтан түзу қалыпты болады. Балшық кірпіш кемдік қылатын жерде, ол жақсы құрал есебінде болады.

2. Гидравлический извес пен роман цемент

Бұлар біздің жерде көп жайылмаған нәрселер, сондықтан олар туралы бірнеше ғана сөз сөйлеп өтеміз.

Егерде известің ішінде 10-нан 25 %-ке шейін қоспасы болса, аса күшті ертелмегеннен алынған извес (өте күйдіріп алмас үшін) өшірерде үгіліп кетпеуін сақтап тұрады, таза известей соншалық майда, жұмсақ, ұнтақ болмаса да, ондай известің иленгені де, езіндісі де ауада қата бастап, сумен де қата береді, таза извес жуылып кететін жерде. Осындай известі, гидравлический деп атайды. Олар жасалыс ретінде де, техника ретіндегі қасиеті де неше түрлі болады. Оны Франция жұрты көбірек қолданады да және көбірек жайылған.

Известің ішінде егерде мергели болса және 25 %-тен аса балшығы бар болса (40 %-ке шейін), өшетін қолайы мүлдеге есеп жоғалтады да, ертелгенін ұнтақ қылуға тарту жөнімен болады. Ұнтаққа ұқсастық нәрсесі, сарғыштау, яки күреңсымал түсті болады, оны роман цемент деп атайды. Гидравликкеге ұқсас извес нашар ертеледі; сөнуін жоғалтқаннан басқа одан айырмасы “ұстасады”, яғни тез қатая бастайды, қатқаннан кейін тіпті қатты болады. Өткен жылдарда біздің жерде көп жасалды, әсіресе, Мәскеу губернесінде, соңғы жылдарда оны жасау дегеннің аты өшті, қолдану ретінен портлант цемент атанған зат дәл

бейне бір айдап шығарды, оның қасиетінің зорлығы мен артық жері — көбірек бір қалыпты техникалық қасиеті барлығы.

3. Гидравлика қоспасы

Ауадағы извес затының әсерімен, сумен қататын затты — гидравлика қоспасы деп атайды. Гидравлика қоспасын осы ретпен алу — ең ескі жол: ол ескі Рим заманында да мәлім болған. Гидравлика қоспасы табиғи жолымен алынғаны — пуццолан⁸, трассы және шақпақты топырақ (инпузор топырағы тирепел және сондайлар), онан соң қолмен тапқан қырлы шлак, күйдірген кірпіш, тағы сондайлар.

Пуццолан трассы — жанартау тұқымдас тау заты: әуелгісі үгілмелі, топырақты; екіншісі — тас іспеттес, сындыру тілейтін қатты. Пуццолан Ойталый жерінен табылады, ерекше ертерек заманда біздің жерде көп қылып әкелуші еді; трассы, көбінесе герман жерінен шығады, Рейнде, ол бізде де істеледі (мәселен, Қырымда, Кірпе қаласының жанында, Қаратауда).

Инпузор (диатом) топырақ үгілмелі, тау тұқымы, су өсімдігінің өте майда шақпақты топырақ затының саркытынан құралған тұқым, біздің көп жерлерде кездеседі. Мысалы, Свердловқа жақын жерде, Калуга губерниясында, тағы басқа жерлерде де. Сондықтан бұл түрдегі гидравлика қосымшаны біздің кең аймақ жерлерімізден табылады деп сенуге болады.

Извес шлак (негізгі яғни известі көп жинаған) бейне бір көлденеңінен кездесіп табылған бұйымша алынады, немесе анығы, бейне бір шығарып тастайтын нәрсе ретінде, шойынды кеңінен айырғанда, егер де қайнаған шлак тез суыса, мысалы, оны суық суға құйып, іші қуыс ұсақ түйіршік болады, гидравлика қоспасының жасалысы бар. Ақырындап қатқан пиала сықылданған шлакта ол қоспалы жасалыс болмайды.

Осы ретпен жасаған шлақты қабыршақты деп атайды; өзі майда ұнтақ қылып тартылады.

Цементше — өртелген балшық, оның да ішінде гидравлика қоспасы бар; ұнтақ қылып тартылған, бірақ өте нашар, көбінесе, керекке жарамайды.

4. Портлант-цемент

Портлант-цемент⁹, барлық гидравликелі иленбе заттың ішінде ең көп қолданылатұғыны, сондықтан мұны анықтап жазамыз.

Оның жасалған бөлшектері ішіндегі қоспалар — баяғы жалпы гидравликелі заттар, ерекше извес пен балшық. Табиғи түрдегі балшықты известен керекті қоспаны алмақтың қиындығы (мергалин), оның жасалысының әр алуандығына байланысты, олардың өзгерісіне қарай өртеу өзгереді, жалпы жасау ағымы да өзгереді. Портлант-цемент турасында бұл қиыншылықтың болмауы, сондықтан оны, көбінесе, тура табиғи түрдегі қоспалардан жасамайды, дайын цементке қосатын мөлшерде извес пен балшық, я мергалді қосып жасайды, жалпы бір қалыпты дайындалған күйінде тұрған извес пен балшықтан. Анықты цементке дайындалған известің мөлшері 1,7-ден 2,4-дей есе артық болу тиіс, яғни шақпақты топырақ, балшықты топырақ және темір таты селезаның көлемін қоспаның бірқалыпты болғандығынан портлант-цементінің қасиеті де көбінесе бір қалыпты, басқа гидравликелі иленбелерінен көрі.

Портлант-цементін өндіру ісіндегі біздің алдыңғы жазып өткен гидравликелі иленбелерінен артықша жері мына алдымызда айтылғандар: олардың бәрі де тым жоғары ыстыққа өртелмейді (1000°-тен төмен). Егер де біз әлдеқалай ыстық ысып кетсе күйе бастайды, сондықтан, азды-көпті бұзылады, ол портлант-цемент 1400°-ке ыстық жеткенде, әмсе, толық өртеліп піседі.

Портлант-цементті жасау ағымы өзінің мінезіне қарай (шығатын заттар — извесше және балшық олардың мөлшері дәлді тағайындалған; өте майда қылып ұнтаққа тартылған құрғақ немесе дымқыл) қолайымен және өте жақсылап араластырады. Егерде өртеу ісі шахты пешінде болса, алған құрғақ қоспаны дымдайды, иленбеге айналдырып, ол иленген балшықты өрнекке салып, кірпіш қылады да, кептіреді, содан кейін пештің ішіне қарай жібереді.

Айналмалы пешке салып өртерде, кірпіш түріне түсіретін қалыпқа салудың керегі жоқ және балшықтың қоспасы және тартқан извесшенің қоспасы құрғақ қолайда азырақ су себеді.

Ал, дымқыл қолайда — сұйылғанша су салып, әбден шайқайды, аққан кірлері тура пештің ішіне тамады. Айналмалы пеш, бейне бір көлденен жатқан үлкен темір мұржа секілді, ұзындығы 40-тан 75 метрге шейін, өредей 2 метрге шейін, іші отқа шыдамды кірпішпен жасалған роликті азырақ бір басына қарай ызалау қылып жасасқан, оның ішіндегі отынды көмірдің тозаңы немесе мұнай порсункемен үреді.

Мұржа ақырын айналғанда, ішіне салған қоспалар қабырғасында домалап, жасалымға қарсы соқтығады; қоспалар әуелі кебеді, содан кейін өртен бастап, цемент клиентерлікке айналады. Ол үзілместен себіліп тұрады, бейне бір қыздырған шекілдеуікке ұқсап, оларды суытатын айналмалы темір барабан болады.

Шахты пешінен цемент клиентері сүйек секілденіп, өрнекке түспеген кесек болып шығады.

Осылайша, яки басқа себепте суыған клиентер әуелі складқа жиылады да, одан цемент диірменіне жіберіледі, ол жерде үгіп майда ұнтақ қылады, неше алуан, бірінен кейін біріне салынатын майдалағыш машиналардан өтеді. Сонымен оның ұстауын баяулату үшін, көбінесе, азырақ (2 %-ке дейін) гипс (сия балшық) қосады.

Цемент диірменінен цилостың ішіне жиылады, одан керегіне қарай ыдысқа салып, бекітетін бөлімге жіберіледі. Бөшкеге салады, қапқа қаптайды және сату жолына кіргізеді.

Дайындалған портлант-цемент сұр түсті жеңіл және жасылсымақ реңді, өте майда ұнтақ болады — роман цементтен сыртқы айырмасы: оның ауырлық салмағы 3,5-тен кем болмайды (роман 2,80 артпайды). Цемент салған бөшкенің тасымал кезінде ағып кетпесіне іші қағаздалады; бөшкенің үстіңгі қақпағына барлық қағаз желімдейді, цементтің атын жазып, зауыттың таңбасын салады. Біздің ғұрыпша, цементтің салмағы, көбінесе, 165 кг бөшкесі 10 кг шығады.

Басқа гидравлика илеулерінен көрі бізге портлант-цементтің бағалы болмағы, портлант-цемент қатқан соң көп беріктік көрсетеді, онымен қатар (оншалық беріктік қажет болмайтын жерде) көбірек құм қосуға мүмкін немесе цементті извес ерітіндісінің орнына оны қолдануға болады; құмды көбірек мөлшерде қосқанда цемент езіндісі кейін көп істерге беріктік беретін болса-дағы, дәл қалау мезгілінде қолайсыз

үгілмелігінен, известі аз мөлшерде қоспақ, сүт іспетті немесе сұйық түрде жасалған извес иленуі тәрізді оңай ерітпесек, қап-қаттылық береді.

Бірде бетонға, яки темір бетонға жасау жұмысына, әмсе, портлант-цемент қолданады.

Портлант-цементтің қасиетінің ауыспайтындығынан, оған ерте ерік берілген, өзге иленбе заттарынан көрі стандарт бақылауы, ол цементті іске қолдануға аса сенім береді. Оның жақсы заттылығына, біздің техника жағдайымызға үйлесімді екеніне, 1927 жылғы халық шаруашылық басқармасының бекіткен қаулысы бойынша, бақылау шынында мынадай нәтиже берген:

1. Қыздырғанда жоғалтқаны 4 %-тен аспайды.

2. Бүре бастау 20 минуттен ерте емес, сумен жаба будың ақыры — 12 сағаттан кейін емес.

3. Көлемі кемудің бір мөлшерде еместігі (сынған бөлшекте сызаттың жоқтығы, су астына сақтағанда, не қыздырған кезде).

4. Мөлшерлеп алған цементтің тартылғандағы майдалануы: қабырғада 900 тесігі бар, 1 текше см 5 % артық қалмауы керек, ал, 4900 тесігі бар қабырғада 1 текше см 70 % етуі керек.

5. Жарылмауға шыдамдылығы (1 текше см-де)

4 сөтке

7 сөтке

28 сөтке

Таза цемент

20 кг

25 кг

35 кг

Құм қосқан ерітпе 1:3 =

9 кг,

10 кг,

14 кг кем

болмауы керек.

4 сөтке өткізген соң міндетті емес.

6. Ерітіндінің қыспаққа шыдауы 1:3, құммен шаршы жасауға 28 сөтке 140 кг-нан кем емес, 1 текше см орында.

Осы сындарда көңілдегідей болып шыққан цемент, толық жарамды деп есептеледі. Бұл сын керекті сайманды толық түрде болмағын тілейді, әсіресе, лаборатория (заттарды тексеру) құрылысында. Жақсы сортты немесе тампон портлант-цемент аталған жай цементше бірнеше зауыттарда даярланады. Мұнда ерекше көңіл бөлетін нәрсе шақпақты топырағының көп болу жағы. Цемент сыннан өткізгенде

берген оның нормалы қалпынан артық та көрсетті. Оның ерекшелігін белгілеу үшін жапқаннан кейін азырақ өшіріп, портлант-цемент қалыпты, мықты болып қатуына недәуір жылдам жетеді. Мысалы, бетонға жұмсалатын шығынға шыдай бастайды: оның өтімділігі үшін алушылар кейде қызумен бағасын асырады.

Портлант-цементтің қасиеттерінен басқа кемшіліктері бар, оның ең үлкені бірнеше заттардан құралған. Портлант-цементтің өзі де, одан жасалған жері де кейде лажсыз бұзылады.

Портлант-цементтің қатуы судың әсерінен, өртегенде извесінің қалың біріккен жерінен айырыла бастайды және жаңадан қосылғаны ғана емес, су ішінде аса мықты болып ұстасқан жері, сол известің бөлініп кеткен жерінен соңғысы сілтінің молдығынан, цементтің ішіндегі, айналасындағы заттарға біріге алады. Сол ретпен аз-аздап сілті сипаты ауысып кетеді де, басқа бірігіп қатқан заттармен байланысын бұзады. Осылайша цементті бұзушы ретінде әуелі барлық қышқылтым қосылады, извеспен бірге еритін тұздар ерекше күкіртті қышқылтым, сіркелі, сүтті қышқылтым, көпірген, ашыған мезгілде органикалыққа айналады. Ақыры барша күкіртті қышқыл тұздар, гипстер, оның ішінде, әсіресе, су ішіндегі көмір қышқылтымы залалды (ауадағы қарама-қарсы цементтің мықты болмағаны пайдалы). Көмір қышқылтымы, теңіз суында болатын күкіртті тұз ол да зиянды. Өсімдіктің майы мен малдың майы, мұндай тағы сондайлар ішінде еркінше жүрген қышқылы болмаса залалы жоқ. Өзекті заттардың қышқылдарына залалды, мәселен, су ішінде болатын шым тезек, балшық. Бұлардан басқа қант та цементті бұзады (ол қант зауыттарында кездесіп байқалған).

Оның қаншалық уақытта бұзылуы бетонның айналасындағы бұзатын заттардың мөлшеріне байланысты және бетонның беріктігіне байлаулы. Залалды су қандайлық тез ететін болса, сондайлық тез бұзылады.

Осындай бұзатын әсерлермен күресу үшін, бірнеше себептермен өндіріс ісін арзан түсірмекке портлант-цементке бола клиентерді тартарда гидравлика қоспасын қосады; сол ретпен шлак-портлант, портлант-цементке қабыршақты

роман шлакты қосады да, және трассо-портлант, портлант-цементті трассомен қосады. Осы цементтер Германда кең түрде жайылған, біздің жерде өндірісі жаңа ғана басталды. Сондықтан, әзір айтуымыз кешірген тәжірибемізге қарай болады. Бұл бұйым мақсатты толық жақсы атқарарлық екені қазір айқындалып отыр.

Топырақты балшық цемент — бұл бұйым, жақында ғана Франция мен Бельгияда дайындала бастады, бізде әзірше істелген жоқ. Портланнан оның айырмасы сол, оның жасалысының ішінде балшықты топырағы көп, шақпақты топырақтан көрі өте күшті өртеледі, клиенкер сықылды болып шықпайды, әбден қайнаған кезінде шлакқа ұқсайды.

5. Гипс (сыла балшық) яки алибастр

Бұл зат табиғи күйіндегі гипс тасынан даярланады және өзін азырақ өртейді. Табиғи гипс өзінің жасалыс ретінде ішіне химияға байланысты су сақтайды, оның үшін есесі — 130-дан 170-ке шейін қыздырғанда жоғалады. Осы ретпен өртелген тасты не тартады, немесе түйіп ұнтақ қылады. Оны кейін сумен ерітіп илегенде тез катады. Кейде, қарсы түрде істейді: әуелі гипс тасының өзін ұнтақ қылады да, содан кейін қазанға өртейді (қайнатқан гипс деп аталады). Егерде гипсті жоғарыда айтылғандай күштірек өртесе, суға қосқанда қататын қылығын жоғалтады, дәл табиғат ішінде сусыз күйінде кездесетін гипс секілді (Англияныкі). Ол қылығын қайта бітірмекке бірнеше тұз қосу керек. Гипсті цемент дайындаудың іргесі осы.

Қатқан гипсте аса мықтылық болмайды, сондықтан, оны аз да болса су салып ерітеміз, сондықтан, одан істеген нәрсе дымды жерде берік болмайды. Гипстің техника жолындағы бағалы сипаты — гипс илеуі тығыздалып берген өрнекке жақсы түседі. Гипстен құйылған құйма — кемікті заттай қуысты, жеңіл болады. Гипс, жасау жолында әр алуан сұлулық ісіндегі құйма істеріне жұмсалады; мәселен, жеңіл төсеніш жасауға, көлденең қоршау жасау үшін және еденге бола. Олай істеу үшін оған известің езіндісін қосады. Мәселен, үйдің ішіндегі ағаш бөлмеге сылақ қыларда, кәрнездерді созарда гипске әр түрлі бояу қосып, өнер жолымен мәрмәр жасайды.

Жасау жолынан басқа техника жолында гипсті неше түрлі істерге қолданады, дәрігерлік ісіне әрі оташылыққа қолданады.

6. Иленбелі әр алуан заттар

Бұл жерге шейін иленбе заттарының түрін жаздық. Мәселен, сумен араласып, аз-аздап, өзінен-өзі кебетін заттарды. Бұлардан басқа неше түрлі бұйымдар бар, олардың иленіп кебуі үшін бір ғана сумен емес, ішіне неше түрлі тұз қосқан сулы езінді жұмсалады; мысалы, газды ерітпе, яки фуке шыны. Сулы езіндіге ұқсас күйінде сатылатын, мынадай ұнтақтарды біріктіреді: мысалы, бор. Бірақ оларға су қосқанмен қатқан жақсы илеу болмайды.

Цементтің көбірек қолдануға лайықтысы сарел цемент, яки магнезит цемент. Оның алыну реті, өртелген магнезит ұнтағын магнелі хлормен жапса, жылдам қатады да, жеткілікті берік болады.

Оның беріктілігін мынадан шамалауға болады: сарел цементіне бірнеше басқа заттар қосып, тістің жамауына қолданады.

7. Асфальт

Табиғи түрде, көбінесе, мұнай шыққан жердің маңында смалаланған заттар битумы яки қатқан смала күйінде кездеседі. Тау смаласы атанған, таза күйінде сирек жолығады, көбінесе, тау заттары қосылған күйінде көп жолығады — мәселен, сланцы, құмшықтар, извес затты нәрселер.

Асфальт битум мен смаланың қаттысы (таза көрінісі) қара түсті, жалпы қалыпты жылылықта қатты болады: оны 20°-тен аса қыздырғанда жұмсай бастайды, 40°-тен — жіпше созылады, 50°-тен асқанда ериді де, өзінің мінезді ісін шығара бастайды. Су ішінде мүлде ерімейді, спиртте де сондай, бірақ басқа ерітпе заттарға, жақсы ериді (іриді).

Асфальтты тас — извес тасы, табиғи күйінде ішіне аспалы битумы сіңген; СССР ішінде өзге жерден кері Сызрань қаласына жақын жерде табылады. Ұнтаққа тартқанда, қыздырғандағысындай жабысқақ, өте байланғыш, тығыз, жұмсақ, кесек болады; не түйір, не ауыр дөңгелектің астына салып қаптағанда жап-жатық болады. Асфальт төсеудің жайы осы, мұны қаптаған асфальт деп атайды.

Тасты асфальты, көбінесе, тастың ұсағына, темірге қосып илесе, қыздырған кезінде сұйылып, оны ыстық күйінде өрнекке құяды, осылайша жасалған төсек асфальт тақтас атанып, базарға түседі. Құйма ретімен адам жолын жасарда, осы тақта төсегін ұстатып, қазанға салып қыздырып, тағы да қатқан смала қосады, ұсақ тас араластырады. Жақсы араластырған асфальтты алдын ала дайындап қойған бетке құяды. Мысалы, іргесі бетондалған орынның үстін тегістеп, үстіне құм сеуіп, азырақ кептіріп қояды. Бұл асфальтты көпір және адам жолына төсейді.

Табиғи асфальт гудрон жетіспеген жерде, асфальт қоюын сұйылтарда, көбінесе, басқа тұтымды гудронды қолданады, бірақ, ол асфальт қасиетін жоғалтады. Осындай араластыру ішіндегі жақсы мұнайлы гудрон, табиғи түрінде асфальттың табиғи жасалысына жуық келеді. Ең жаман болып шығатын қоспа тас көмірлі гудронды араластырғанда, өзінің бітісі бойынша және ішінде ұшпалы заты бар болғандықтан, асфальт аз-аздап, өзінің жұмсақтығын жоғалтып, сынғақ болып кетеді.

Тас көмірлі гудронды қалай қосуды білмек оңай. Асфальтты қыздырғанда оған тосқан гудронның белгілі иісі шығады (азырақ нафталинге ұқсас) және ол гудронның табиғи иісіне ұқсамайды. Оның бер жағында, тас көмірлі гудрон спиртке ериді және оны қара-күрең түске түсіреді, ондайда асфальт гудроны спиртпен боялмайды.

Көпір мен адам жолынан басқа асфальт я асфальтты гудронды қоршау жасау жұмыстарына жұмсайды, мәселен, суды өткізбейтін асфальтты гудронды таза күйінде я қоспа ретінде гудрон қосқанын; қатырманы суғаруға, киізді суғаруға, тағы сондайларға жұмсайды. Асфальтты гудронның ерітіндісі қай ерітпемен ерітсе де, мысалы, мұнай мен асфальтты лак болып көрінеді, темір саймандарды, тағы сондайларды бояуға жұмсалады.

8. Бетон

Бетон деп — жоғарыдағы қарап өткен иленбе заттардың біріккенін айтады. Мәселен, құм, извес, ұсақ тастардың қосындысын (гидравли, жұмыр тас, таудың ұсақ тастары). Бұл қоспаның қалай пайдалы екендігі жоғарыда айтылып өткен. Қосылған иленбе зат тұқымына қарай бетон, цемент, извес,

асфальт, тағы сондайларға бөлініп айырылады; егерде жеке бетон түрі ғана сөйленсе, иленбе заттардың әсерін қоспай-ақ, онда көбінесе, портлант-цемент бетон жайы ұғындырылады.

Бетонды ерітетін судың мөлшері, қосатын құмы, ұсақ тастардың затына, істейтін ісінің ыңғайына байланысты. Егер бетонды өрнекке салатын болса, азды-көпті түюмен қатар, суды аз қосады, қоспа үгілмелі болғандықтан (ол қатты бетон аталады), суды көп қосса, оның үстіне түйілгенде, жай жабысқан өрнекті болып, қатталған бетон аталады. Егерде суды онан да артық құйса, бейне бір бетон қисайған жағына сызықпен аққандай қылып, құйма бетон алынады.

Жалпы айтқанда, бетонда цемент қаншалық көп болса, соншалық қатты болады; қарсы түрде бетонда су қаншалық көп болса (басқа осындай шарттағыдан), соншалық бетон осал болады. Оның үстіне бетонның берік болмағына, мөлшерінің азды-көпті болғанынан басқа, ұрығының ізі — майдалығы да әсер қылады (гидравли — ұсақ тастар).

Сондықтан барлық қосымшаларды тағайындағанда оның мөлшері бар, оның ішінде суда да мөлшер болмақ. Соңғы жылдар қандай қоспалар қай мөлшерде көбірек қолданылады екен, оны мысалға алсақ, қымбатты цементті шаруалау ретінде оның іс жүзінде илейтін беріктігін бұзбау тиіс.

Қолданған ұсақ тастың ірілігі, яки гравидің көлемі бетоннан істейтін істің түріне байланысты болады (гравли, отқа шыдамды балшықтың уағы). Өрнекті қабырғаларындағы ең ірі ұрықты тас 1/5-тен артық болмауға тиіс, егерде бетонға темір араластырса, ондайда тасты ұрық 3/4-тен артық болмауға тиіс.

Ең бұрын механикалық беріктік тілейтін бетондарға, уақ тастар мен гравли қолданады, табиғи тастардың берік тұқымынан мысалы, шұбартас кіреді. Араластыру жолы қолмен болады, немесе машина жүреді. Бетонды әуелі құрғақ күйінде араластыру қажет, содан кейін цемент ұстаса бастағаннан бұрын керекті мөлшеріне жеткенінше аз-аздап су қосады. Бетонға жетерлік мөлшерде біржола даярланады, оны ерте іске жүргізуге керек. Егерде су өткізбейтін қылып жасау қажет болса, ерітуге қосатын суға аз мөлшерде жасыл сабын қосады, немесе әдейі арнаулы куәлігі бар қоспа қосады (церусит, аква бар, таш сондайлар).

Істі жасайтын жерде дайындалып, қабырғаларға, үй іргесін көтеретін қалауға жұмсағаннан басқа, дәл сондай қылып, алдын ала зауытты дайындап іс істейтін жерге әкелген бетонға кездесеміз, мысалға, мынадай бетоннан жасалған арықтың мұржасы, матшалар, төсекшелер, басқыштар, тағы сондайлар. Егерде бетоннан соншалық механикалық беріктік тілемей, жылу мен дыбыстың өтуін кемітіп, жеңіл қылып жасау ғана керек болса, берік бетонның кемшілігіне саналатын шұбартастың ұнтағының орнына кірпіштің ұнтағы, немесе қазанның суының ұнтағы (жаңа күйесі) қосылады, онан да жеңіл бетон жасау керек болса, пемзінің ұсағын қосса, немесе жанартаудың тұнбасын қосса болады. Құм қоспаның орнына кеуек ұрықты заттарды жұмсауға болады, мысалы, азырақ ұнталған кірпіш, қабыршақты шлактар, тағы сондайлар.

Жылудың өтпегіне ауа аса өткізгіш болады, сондықтан, кеуекті бетондар жылуды көп өткізеді. Соңғы кезде істі шаруаға қолайлы қылып жүргізбекті мұрат қылып іздегенде, қабырғаны бұрынғы қалпынан жұқа қалап, жылуды аз өткізетін қылып жасау көп қолайлылық туғызады. Жылуды қоршауға, соның көбі бетонға ұқсас жасау, бетонды жеңілдету үшін оған көбінесе химиялы заттарды қосады. Мәселен, аллюмин үгіндісін сутегіне қосса, одан көбірек алынады. Мұны газды бетон деп атайды. Мәселен: көбікті бетон — сабынның көбігіне ұқсатып жасайды, бірақ көбірек шыдамды қылып, оған шапшаң ұстасатын цементтің кейбір түрлерін араластырады, көбік өзінің сауытшаларын жоғалтқанша қатсын деп.

Екінші топқа бетон, яки бетонға ұқсасты топтар қосылады, олардың кеуекті болмағы, талданып өсетін заттардың қоспасына байланысты. Мәселен, ағаштың жаңқасы шымтезек, кендір, тағы сондай әр түрлі өсімдіктерді аршығандағы талдары, тоқыма жұмысына жұмсалатын заттар, тағы сондайлар. Цемент жасайтын заттар әр алуан болады: мысалы, кесли бетон ішінде — портлант-цемент, певирелттің ішінде кеслилит, магнез цементтің ішінде извес пен гипстің қоспасы тағы сондайлар. Бұл заттардың бәрі де дәл мағыналы бетон болмайды, жылуды қоршау жолына ғана жұмсалады. Механиканың шартына олардың қарсылығы оншалық зор емес.

V

Металдар

1. Темірді алу мен болат

Барлық металдың ішінде жасау жолына көп қолайлысы темір, ол болат күйінде, я шойын күйінде қара метал деп аталады. Оның түсті металдан көп айырмасы бар.

Темір — темір кенінен алынады, азды-көпті темірге минерал қосылатын күйінде ол қуыс тұқым деп аталған. Кенді көмірмен бірге қайнататын пешке салғанда қуыс тұқым ериді (еруін оңайлату үшін оған ерітпе дегенді қосады), шлак сықылданады, ал, темір өзінің көмірге біріккенін жаңғыртып, бөлшектеліп, оған қосылып, көмір заты темір түсіне түседі, шойынға ұқсап пештің астыңғы ретіне ағады (шлак, отқа шыдамды балшықтың үгіндісі). Таза темір 1500° шамасында ағады, ол піскіш, созылмалы және жұмсақ келеді; оның үстіне ішіне көмір де темірдің қоспасын көп жияды. Сондықтан, оны солғын қыздырса балқиды — 1130—1200°-ке шейін қыздырса қатайып, сынғақ келеді. Шойынның осындайлығынан оны жасау ісінің көп түрлеріне жаратпайды, бірақ шойынды да темірге айналдырып алуға болады.

Бұрынғы заманда пештің ішінен соншалық күшті қызу шығарып, пайдалана білмеген кезде шойынды темірге айналдыру (немесе болат қылу) қиын еді. Қызудың белгілі нүктесі, шойын ағызудан жоғары, темір ағызатын нүктеден төмен болған еді. Сондықтан, темір сұйық болса ақпай, бұлтқа ұқсаған зат болып жұмсақ камыр күйінде алынған. Оны соғумен, пісірумен қатайтқан осындай темірді (яки болатты) пісірген деп атаған. Кейін өндіру ісі кемелге келген заманда, темірді шойыннан ағызған жолмен айыратын болды. Оны құйған темір деп атады.

Шойынды темірге айналдыру анығында мынадан: шойынның ішіндегі көмір заттың қалғанын шығарады. Қашан көмір заттың қалғаны болымсыздыққа айналып (2% кем) метан соққанға да, қайнатқанға да көнетін болып, сынғыштығын жоғалтады; ондай металды ғұрыпта болат дейді.

Болат та шойын секілді, шұғыл суытқанда, мәселен, қызыл күйінде суық суға салса, өте шынығып қатаяды. Бірте-бірте ақырындап суытса, болат ондайлық қатты болмайды.

Шойыннан істелген темірдің ішінде неғұрлым көмір заты аз қалса, соншалық жұмсақ болып, соққанға да, қайнатқанға да көнгіш болады, қатайғыш мінезі де аз байқалады.

Металдан көмір затты қалдырмай алу қиынырақ; сондықтан, химиялы таза темір техника жолында тіпті жолықпайды. Біздің жалпы ғұрыпта жұмсақ темір деп жүрген теміріміздің ішінде 0,2 % көмір заты болады.

Шойынды болатқа я темірге айналдыру Бессмер жолымен болады¹⁰, еріген шойыннан жел соққызып өткізу бөлекше аппараттың, ішінде мәселен, конвертер немесе Мартен жолымен жүргізіледі. Оны регенерат деп атайды. Шойынды регенераттың ішінде қыздырады. Өте күшті қызу беретін пешке, қайнаған шойынды қоспасымен бірге не кенмен немесе солардың қалғанымен (кесінділер тағы сондайлар) темірмен бірге салады. Бұл екі қолайдан қорытылып алынған болат өрнекке (қалыпқа) құйылады да, құйма сықылданады, немесе сом түрде болады, оларды әр алуан мөлшерлі сызықтағы оқтаулардың арасына салып домалатады, сондықтан әр түрлі қырларға лайықты болатсыздық алынады. Бұл — оқтауланған темір (немесе болат) сол күйінде пайдалану жолына кіреді.

Көмір затынан басқа металдың техникалық қасиетіне әсер қылатын, металдың ішінде басқа да қоспалар болуы мүмкін, мәселен, болымсыз күкірттің өзі (2,02 %). Темірді қызыл күйінде соққан да сынғақ қылады. Мұндай темірді қызыл күйінде соғуға болмайды. Фосфор, не сол тәрізді аз (0,1—0,2 %) болатты суыған да сынғақ қылады. Шойынды, не темірді болатқа айналдырғанда, бұл қоспаларды жоюға извес қосады; извес мұндай қоспалардың боқтық болып шықпағына себеп болады.

Болат қылып қойғанда, оның ішіндегі күкірттің залалды әсерін жою үшін марганец қосылады. Ең ақыры сайман жасайтын болатқа да азырақ металдар қосылады, мәселен вольфрам, никель, хром сияқты тағы басқалар. Бұлар болатқа көп бағалы қасиет береді.

Қысқаша қара металдың жасалыс ретімен танысқаннан кейін, енді оның әр түріне көшеміз, өйткені, жасау жолында ол көбірек қолданылатын болғандықтан, оны білу әркімге керек.

2. Шойын

Өртейтін пештің ішінде жасалып шығатын шойынның көбі — қайта жасалған шойын деп аталады. Себебі, ол қайтадан темір, я болат болып шығуға арналған. Құйма деп аталған шойын болатқа айналдырылмастан, құйма істеріне жұмсалады, жалпы құйма шойын қайнататын пештің ішінен шыққанда жұмыр, яки сопақ пішінге салып қойылады — үш қырлы қайрақ іспетті екі қабырғасы жұмыр келеді. Жұмырлап ағызған шойынды кейін вагранкеге салып қайта қайнатылады да, қолайлы өрнекке құйылады. Осы ретті жасау жолына жұмсау мақсатымен, шойынды су жүргізетін мұржаларға, тірбектерге, ас үйдің жуғыштарына, тағы сондайларға жұмсайды. Жаңа пештің әр алуан саймандары — қазандар, тағы сондайларға даярлайды.

Шойын қылып құюға сұр шойын да жүреді, бұлайша аталмағының мәнісі, өрнекке құйғаннан кейін қатқанда бойындағы көмір затының қалғандары өзінен-өзі бөлінеді де, майда түйіршікке ұқсайды, графит сықылды дәл металдың ұрықтарының түріне айналады. Бұл өзінің бойындағы соңғы көмір затын шығарғандықтан, жасалысы темірге ұқсасып кетеді, яғни оншалық сынғақ болмай жұмсарады. Графитін шығармай, қайта істелген ақ шойынның, жақсы құйылған сұр шойынның сынығы (жоғарыда айтылған графиттің бөлшегі) майда ұрықты болады.

Сұр шойынның қысуға шыдамдылығы 75 кг шамасында, не шаршы сантиметрде, үзуге 6 еседен кемірек, сондықтан, шойын от қызуына шыдамды болғандықтан, оны үзетін, я майыстыратын, ұрып жаратын іске ұшырарлық бөлімге жұмсамайды, сұр шойынның ауырлық салмағы 7,2-нің шамасында.

Қайта істелген ақ шойын соншалық қатты, оны тістеуікпен, қысқымен іске көндіруге тіпті болмайды, оның үстіне өзі сынғақ, сондықтан оны құйма ісіне қолданбайды, сұр шойыннан арзан болғандықтан, әмсе, болатты я темірді өзгертетін іске жұмсалады; оның ауырлық салмағы 7,5-ке жақын.

Шойын құймасының сынығын қайтадан қайнатып, жаңадан іске жүргізуге болады; осы ретпен қайта-қайта қайнатқан шойын, бойындағы сұр шойынға жасалысын кемітіп, ақ шойынға

айналып кетеді. Осындай реттен қайта қайнатарда шойынға қошқылт сұр, сом графиттен азырақ қосады. Әрі-сәрі деп атайтын шойын қайнатып қойғаннан кейін мысқалдап, ақырын қатқаны сұр шойын болады да, шұғыл, жылдам қатқаны ақ шойын болады. Оларды бөлшек оқтаулар істеуге жұмсайды, ол әмсе, сынғақ болмайды, сыртқы бетін қатты болып тұратын істерге көп жұмсайды.

3. Болат пен темірлер

Біз жоғарыда соғуға, пісіруге көнгіш жұмсақ болатты “темір” дейді деп айтқанбыз. Аз да болса ішінде көмір заты болғандықтан, анығында сатылатын темірдің бәрі болат. Ұстаның бейнетін азайтпаққа көбінесе темір, болат жасау ретіне дайындалған күйінде сатылады (сом темір), көбінесе қолайлы, өрнекке түсірген күйде.

Болаттың қасиетіне келгенде, оны әр алуан сортқа бөліп дайындаса, соның бәрі сыннан өтіп тағайындалады. Сынағанда өзгеден бұрын оның үзгенде қандайлық қарсы қайратының барлығын айырып, үзгендегі созылымдығы қандай, соны ашады. Созылмалы жұмсақ сорты, үзілместен бұрын сағыздалып созылады. Қаттырақ болат үзілмеке көп күш тілейді де, үзгенде аз созылады. Мысалы, былай: № 1 жұмсақ болат (жол камесеретінің техника шарттарында) 33—40 кг-да шаршы мм күштегенде үзіледі, үзілердің алдында 28 %-ке шейін алғашқы ұзындығынан созылып ұзарады. № 7 қатты болат, рессорға жұмсалады, ол 1 шаршы мм. 70—85 кг күштегенде үзіледі, бірақ 8 % қана ұзарады. Жасау жұмысына, көбінесе № 2 болат көп жұмсалады. № 4 болаттың үзілуге қарсы қайраты 35-тен 50 кг шейін 1 шаршы мм-де үзілердегі ұзарысы 26-дан 20 % шейін.

Механика жолында қарсы күшін сынағаннан басқа болат пен темірді иіп, қайыстырып көріп, суарып көріп сынайды. Мұндай сынды технологиялық сын деп атайды. Бұл сындардың мәнісі сол заттардың сорты қанша жарамды екенін анық айырып беру.

4. Темір мен болатты сомдау (оқтаулау)

1926 жылдан бергі темір мен болатты сомдаудың жаңа сорттары.

Дөңгелек темір арықтардың цилиндрі іспетті, қалыңдығы 8-ден 150 мм-ге шейін, өте жұмсағырақ сорты, бүркеншікке, ирек салуға жұмсалады. Үзуге қарсы қатты қайрат қылатын сорты темірбетон жасау саймандарына, тағы сондайларға жұмсалады.

Шаршы (төрт қырлы) темірлер тақта күйінде, немесе төрт қырлы шаршы кесілген 81-ден 60 мм-ге шейін жуандығы, темір ұсталарының бекітетін, ұстататын керегіне әр алуан шегелер жасауға, тағы сондайларға жұмсалады.

Жұмыр сымдар орауға (жуандығы 5-тен 14 мм-ге шейін), кей төрт қырлы (жуандығы 6-дан 10 мм-ге шейін) өте жіңішке сорты сымға тарту ретімен істеледі. Сымды сым тартатын тақта тесігінен өткізіп тартады.

Шендік темір — тақтасының жалпақтығы 40-тан 65 мм-ге шейін, қалыңдығы 5-тен 10 мм-ге шейін болады.

Шеңбер құрсау темірлері — жұқа тақталанған темір құрсаудың қалыңдығы 3,5 мм-ден кемірек, жалпақтығы 12-ден 100 мм-ге дейін.

Тақталы темір тақтасының жалпақтығы 12-ден 200 мм-ге шейін, қалыңдығы жалпақтығының жартысынан артық болмайды.

Бұрышты темір — көлденең кескенде түзу бұрышты болады, жан-жағының қабырғалары бірдей яки тең қабырғалы емес темірлер. Тақта қабырғасының жалпақтығы 20-дан 150 мм-ге шейін, жуандығы 3-тен 18 мм-ге дейін болады және ол нөміріне қарай айтылады. Нөмірдің цифры сантиметр ретімен тақта темірінің жалпақтығын көрсетеді. Қабырғалары тең емес темірдің нөмірі жарнақ ретімен қойылады, мәселен, санама жарнақ үскі жамақтарымен темір тақтасының не ана, не мына қабырғасына белгілі қос таңбамен қойылады. Темірді көлденеңінен кескенде “П” әрпіне ұқсайды, кесіндінің биіктігі 100-ден 450 мм-ге шейін көбінесе матшаға жұмсалады.

Ойма, не сырық темірді көлденең кескенде “П” әрпіне ұқсайды, оның ең үлкен мөлшері 50-ден 300 мм-ге шейін.

Бұл айтылған сортты темірлердің бәрі де, сортты темірлер деп аталады. Пасонды металдар деп неше түрлі қырланған темірлерді айтады. Мәселен, белгілі орынға арнап дайындалған: темір жолға бола, кемелерді жасауға

бола, ауыл шаруашылығының машиналарына бола және жасау жолындағы керектерге бола. Бұл соңғы топтағы сорттардың ішінен бұл жерде құйма темір таңбалы болып, “Т” әрпі сықылды сызықталып, екі сортта биік және аласа келеді. Бағаналап, яки шаршылап істеген темір айналасының төрттен бірі сызықты екі басы тақталған ол тіреу, матша бағаналарын жасауға жұмсалады. Жалпақ матша темірі, көз темір көпір жасау жұмысына қолданады. Цемент темір жарты дөңгелек темір.

Терезе темірлері бірбеткей, не екі бетті металмен тыстаған терезенің шетіне ұстатады. Сопақ темір орау үшін тағы сондайларға керек. Бұл айтылғандардан басқа тағы да тұтас түп болып қосылатын сорттар бар, ол жалпы қара халықтың жасау ісіне қатынаспайды.

Табақты темір әр алуан мөлшерде, келесі сорттарын айтарда өз реттері мен мөлшері де көрсетіледі: кең тақталы ұзын табак, көлденеңі 200-ден 780 мм-ге шейін, қалыңдығы 4-тен 36 мм-ге шейін болады.

Қалың табақты, көлденеңі 800 мм-ден артады, қалыңдығы 3,5 мм-ден қалыңырақ; ұзындығы 1,4-ден 7,5 метрге шейін, бұл екі сортта, істің іргелі ретін жабу (қоршау) ісіне жұмсалады, мәселен бу қазаны (қазан темірі), тағы сондайларға.

Жұқа табак темір — қалыңдығы 3,5 мм-ден кемірек көлденеңі 0,9—1,0 м ұзындығы 0,9—2,4 м (жарым қазандық).

Жалпақ темір табағының мөлшері 710x1420 мм қалыңдығы жалпы ретте айтылмайды, салмағы табақтың салмағымен айырылады (6-дан 3,25 кг шейін) өзі топтап сатылады, бір тобы 80 кг болады, әр бір тобында 12—25 табактан болады. Салмағына қарай, яғни, табақтың қалыңдығына қарай қарасы болады (ыстық күйінде оқтаулағанда, бетіне түскен таңбасымақтан басқа түк жалатпаған), оны тоттау үшін бетіне қалайы, не қорғасын жалатады.

Темір — қалыңдығы 0,23—0,36 мм болса, жұқа қаңылтыр болады, қалайланған болса, ақ қаңылтыр деп аталады.

Бұл арнаулы жұқа қаңылтырлардан сортқа кіретіндері: кереге көзді бірінен бірі кесіп өткен таңбалы сызықты үстіңгі бетін тайғақ қылмас үшін бұларды, көбінесе, еденге,

басқыштарға төсеуге, тағы сондайларға жұмсайды, жабу жұмысына қолданатын толқынды я иректелген таңба салған түрлісі де болады.

Бұл айтылып өткен құйма темірлердің сорттарынан басқа, жасау ісіне қолданылатын неше алуан ұсақ темірлердің де көп сорттары бар, ірірек темірден балғамен соғып, яки алдын ала дайындап қойған. Мысалы: бенттер, жапсырмалар, шегелер, балдақтар, қыспалар, тағы сондайлар.

5. Түсті металдар

Бұның ішінде жасау жұмысына жұмсалатыны мыналар:

Табақ қылып жайған қорғасын — жуынатын үй ішіне, моншаның еденіне жайып, су құятын ағаш күбі, шелектерді жалатуға, тағы сондайларға ұстайды. Үйдегі су жүргізетін мұржа ретінде жұмсайды. Қорғасын қолға оңай майысады, қышқылтым затқа оңай көнбейді, бірақ, известің езіндісі тисе оңай бұзылады.

Мырыш — табақша күйінде немесе құйма күйінде ұсталады, бірақ қорғасыннан сирек жұмсалады. Оны ауада жұқа түрде тот басады, алайда оған бұзылмайды. О да темірше (темір сияқты деген мағынада) сыртына түскен тот ішіне жылдам кіре бастайды.

Қалайы — өзінің шапшаң ерігіштігінен ұстату ісіне дәнекер сықылды істерге жұмсалады; $2/3$ қарайы мен $1/3$ қорғасынды қосқан ерітпе **третник** деп аталады. 180° -те ериді. Ауада қалғанымен қалайыны тот баспайды.

Мыс — таза түрінде (қызыл мыс) ең әуелі электр техникасына жұмсалады; жасау жолында сирек жұмсалады, мысалы, шатырға, жамылшыға, кейін алтындарды елеген істерде — мысты көбінесе, жер күйінде біз көп іске жаратамыз (таза жер), яғни, мырышқа қосып қайнатқан жердің табағын пештердің алдындағы еденге шегелейді, не есік тұтқаларын істейді, құлыптың қармақшаларын, пеш қақпақтарын, есіктің, терезенің, пеш саймандарының сыртқы істеріне көп жұмсайды.

VI

Әр алуан құрал-жабдықтар

1. Пиала

Әр алуан жасау істеріне жұмсалатын пиалалар табак күйінде де болады (мәселен, терезеге).

Терезеге деп жасалған пиала табағы жақсы, тегіс, түзу болуға керек. Көбік қалмаған, не шала қайнаған, тағы-тағы сондай кемшіліктері болмауы тиіс. Алмаспен кескенде үгіліп кетпеуі тиіс: тұзды қышқылттың буынан бетіне белгі (кемпір қосақ), түс түспесін. Қалыңдығы, әмсе (1,75—2 мм) екі қабат (2,5—4 мм), үш қабатты (4,75—5 мм), өзі жәшікте сатылады, бір жәшіктен 20 фунт, фунтта бір табактан 20 табаққа шейін пиала болады (кейде онан да артық), ол табақтың мөлшеріне қарай.

Терезелік пиаланы үріп жасайды да, айналықты құйып, артынан ыспалап өңдейді.

Пиала жасайтын езіндіні көбінесе ақтас құмнан (немесе тартылған ақ тастан), ұсақ тас не извес қосып, тағыда әр түрлі қоспалар қосып, қайнатады. Бұл аталған қоспалар пиала қайнататын пеште бәрі бір зат болып бірігіп, мөлдір топ болып, байланысқанша қайнатылады.

Түсті пиала жасар, бұл қайнатқан топқа әр түрлі металдардың тотын қосады, мысалы, қаракөк қылмаққа — ковальт тотын, жасыл түске салуға — хром тотын қосады, тағы осыған ұқсастар. Қорғасынның тоты пиалада түс бермейді, бірақ өте оңай еритін қылып, шөжегей бұршақты мөлдір қылады.

Егер пиала жарықты өткізсе де, аржағындағы затты көрсетпейтін қыламын десе де, оның сыртқы бетіне пылавик буын жүргізу керек, ол пиаланы жейді, немесе бір сайман арқылы бетіне майда құм себеді, бұл екі түрлі жасау ретіне де күңгірт пиала болып шығады. Оны ыстық күйінде бетіне басқан ұсақ сызықтармен талтайды.

Бұл айтылғандардан басқа, жасау жолына неше алуан пиалалар жұмсалады. Мысалы, қуысты пиала (үріп қойған), пиала кірпіш, шалыс сызықты пиала үйдің астындағы қуысқа жарық түсірмеке, есіктің тұтқасына түйме баспа, терезенің шпенгелеттеріне (терезенің ұзын бойына отырғызады, қолмен қозғап, керекке қолайлап тұрады).

2. Желім

Ағаш шеберлері мен бояушыларға қол желімді теріні жасайтын орындағы терілердің қалған қиқымдарын қайнатып жасайды, сарғыш-күрең түсті болып сатылады; суық суға ерімейді, азырақ қана ісінеді, ішіндегі шырыш қыздырғанда сұйылады, кепкенде қатады. Желімді қолдану жолы жалпы халыққа мәлім іс болғандықтан, бұл жерде жазбақты қажет деп санамай, тоқтатамын.

3. Олиф (кендір майы)

Кендір майы. Олиф — өсімдіктен қайнатқан, көбінесе, кендірдің майынан қайнатқанда, суи келе бетіне тері іспетті зат бітеді де, берік болып ұстап, өзі мен боялған затқа дым кіргізбейді. Бірақ бұлайша болуы жай кебу жолымен емес, олифтың ауадан қышқыл затты жұтуымен болады, басқаша айтқанда, оны ашытумен. Бұл ағымды жылдамдатпаққа, олифты қайнатқанда әр түрлі кебір зат қосады, қышқылы көп зат, көбінесе, қорғасынға глет немесе зелбергилет қосады. Қайнатқаннан кейін майды жайына құяды және бұрынғы жиналған тұнбаны қосады, оның үстіне кейде қайнаған кезде пайда болған қошқыл түсті жойып, ағартады — көп уақыт жарыққа қоюмен немесе химия жолымен.

Кендірдің майы қайнағаннан көрі шикі күйінде көп жай кебеді. Олиф майының жақсысы мөлдір болады, сауыттан дәлді бір қалыпта ағып (жұқа жайылып), 8—12 сағаттың шамасында кебеді, қолға жабыспайтын болып, берік байланады. Егерде қайнаған кезінде кебір затты керегінен көрі көбірек салса, олиф тез қатқыш болады да, байланған қабығы сынғақ, берік емес, жарылғыш болады.

Олифты арзандату үшін, көбінесе, басқа майлар араластырады. Мысалы шайыр майы (сулама майы) минералды (сортаңды), немесе борбан. Бұл айтылған заттардың бәрі де олифтың қасиетіне үлкен залал келтіреді.

Олифты әр түрлі бояулар қосып, бояу ісіне жұмсағаннан басқа, кейде ешбір бояу қоспай, таза күйінде арзан лактың орнына ағашты қаптауға жұмсайды; олифты линолиум жасау жолына да қолданады, өнер жолымен жасайтын тері және басқа әр алуан істерге де ұстайды.

4. Лак

Лак — әр түрлі спиртпен жасаған смаланың ерітіндісі (су-лама). Скеметар немесе олифпен скеметарды қосып, еріткен лак болады (майлы лак). Спиртті лактер, шеллак ерітіндісі сықылды басқа бояуларды қосып, спиртпен ерітіледі (қызыл, сары және басқа лактер). Оны ағаш шеберлері үй ісінің саймандарына, тағы сондайларға жұмсайды, бірақ сыртқы істерге жұмсамайды, онда дымнан бұзылады.

Скеметар лагы, әмсе, сурет жасау ісіне ғана арнап жұмсалады.

Майлы лактер — азды-көпті шыдамдырақ, әр алуан қасиеті болады. Ең мықтысы, оның үстіне ең қымбаты пәуеске мен автомобильдердің темірлері мен ағаштарын бояуға жұмсалады (арба лагы), шығар ауыз есіктің сыртын бояйды, тағы сондайларды. Арзанырағын еден бояуға жұмсайды (еден лагы), одан арзанын әр түрлі бояқтарға жұмсайды.

5. Бояулар

Жасау жолында, көбінесе, минералды бояу жұмсалады; өсімдіктерден, хайуандар шіріндісінен жасалатын бояулар, әмсе, осалдау болады және өңі де оңай кеткіш. Бояудың көбі сату жолына ұнтақталған күйінде кіреді, іске жұмсарда біртүрлі сұйық заттарды қосады, кепкенде бояумен бірге боялған нәрсеге қосыла катады. Стенаның сыртын, ғимараттың көрнекті бетін боярда, тағы сондайларды бояуға сұйық зат есебінде извес сүті қосылады (известі бояулар). Қабырғаның ішкі жағын боярда, үйдің төбесін ағартқан тағы сол сықылды орындарға, сұйық қылып езілген бояу желімін құяды (желімді бояу), ағаштарды, металдарды боярда көбінесе олиф жұмсалады (майлы бояу). Бұл аталғандардан бөлек басқа ретпен жасалған бояулар бар. Мысалы, фукс шыныдан, сүттен, сары судан, тағы сондайлардан. Бұлардың ішінде цемент сүті (суы) ете сұйық қылып еріткен портлант-цемент темірге жақсы, берік бояу болады. Известі бояудың ішінде мыналарды қарастырып алуға жөн болады: белгілі известегі қуыратын қышқыл, заты аз болсын, мысалы, извес сүтінің ерітпесін Берлиннің базальтына қосуға болмайды.

Извес сүті өзге бояуларға қосылмастан, жеке өзі қабырғалардың сыртын, ғимараттардың көрнекті беттеу, бояуға жарайды және үйдің ішін, төбесін ағартуға жұмсалады, әсіресе, желімді бояулар еріп кететін дымды үйлер, кір жуатын үйлер секілді. Ауада тұрып кеберде извес сүті, ауадағы көмір қышқылын жұтатыны бізге мәлім, көмір қышқылтымы извес болады да, өзімен бояған штукатурмен де қатты ұстасады, егерде қосылған болса, ішіндегі бояумен қатты ұстасады.

Желім бояуды ағарту ісіне жұмсарда, оған көбінесе өте майда ұнталған бор қосады (балқыма бор деп атанған). Ашық түсті бояудың өзі де ашық түс бере алады; бояуға қолайсыз үйді қоспалап ағартады, яғни желімді бояудың ерітпесіне бордың бұрынғы қосылған шамасына аз да болса, тағы бор қосыңқырайды. Майлы бояуға бор қосса, ағарту ісін атқара алмайды, себебі, бордың түйіншектері майды жұтады да, сарғыш тартып кетеді. Сондықтан майлы бояудың ашық түсін ағартпаққа ақтың әр алуан сорттарын қосады. Мәселен, қорғасын, мырыш тағы басқа түстер (металды қорғасындар).

Мұның ішінде жасыру (бетін басу) ретінен артығы қорғасынды ағартпа, бірақ оның кемшілігі бар. Адам тұратын үйде ауадан, әсіресе, қараңғы жерде уақыт өте келе сарғаяды; металды ағартпаса, бұл кемшілік болмайды, бірақ оншалық жасырғыш емес, яғни өте мөлдір. Сондықтан, металды ағартпамен бірнеше рет боямаса, боялған заттың табиғи түсін жасыра алмайды. Бұл аталғаннан басқа барит ақ бояуы қолданылады (кейде оны вланпик деп атайды).

Сатылатын ағартпаларды арзандатпау үшін қоспа болады. Бұл қоспаның өзінен залал келмейді, сөйтсе де ағартпаның бұркеу қолайын нашарлатады.

Сары бояулардың ішінде, көбінесе, жосаның әр түрлісімен пайдаланады, бұл ішінде азды-көпті темір таты араласқан балшық, жосаны қайнатқанда, оған аздап күрең қошқыл табиғи сары түс беруге мүмкін. Жосаның әр түстісі болады, мәселен, қызыл сары, күрең сары, қызыл күрең, тарғыл күрең, тағы басқа түрі.

Олардың бәрі де арзан, аса шыдамды болмаса да, ашық сары түске айналдыру үшін әр алуаны қосылады. Қорғасынды,

металды, известі, тағы басқа негізгі заттың қосындысын, құрам мөлшерімен өлшейді.

Қызыл не қураң бояулардың ішінде көбірек қолданылатыны сурик (темір топырақ) пен мумио (қолайлы топырақ). Мумио күйген жосаға ұқсас, көп темір затын сақтаған, басқа балшық заты бояулар секілді арзан, бірақ шыдамы аз. Темір топырақтың табиғиы да, өнер жолымен жасалғаны да болады; алғашқысы темірдің кенін өртеген ретпен табылады да, аса берік бояу болады, әсіресе темір бояуға қолайлы. Мысалы, шатырларға, көпір фермаларына, тағы сондайларға. Өнер жолымен жасалған темірлі сурик ішінде темірі көп зауыттағы боқтықтарды қайнатып, күкіртті қышқылмен минерал аларда алынады. Мұндай бояудың ішінде аз да болса күкірт қышқылы болса, ондай бояу темірді таттан қорғамақ түгіл, тез бұзылмағына себепші болады; сондықтан, сурикті аларда қатты-қатты сақтану керек, бағалы іске жұмсарлық болғанда химия сынынан өткізіп алмақ аса қажет.

Қорғасынды сурик, ашық сары, қызыл түсті темір, ағаш сықылды заттарды бояуға жұмсалады, көбінесе суға деп арналған. Барша қорғасын затты бояулар сурик бір ғана өзінің түсті бояу болғанынан басқа химия жолымен олифқа қосылады, сондықтан ең берік бояудың бірі саналады.

Ерекше, сырлы суреттің қызыл бояу керек болған жеріне үй жайына тағы сондайларға, кино бар — бояуы жұмсалады (күкіртті сынап) бұл қымбат бояу.

Қаракөк бояулардың ішінде, көбінесе, қолданатыны ультрмарин, оны балшық пен тұз, күкірт, көмір қосып қазандыққа салып, бүркеп, қыздырып қайнатады. Бұл өте берік бояу, бірақ оған ішінде қорғасын, металл заты бар бояуларды қосуға болмайды, ондай бояулардың қосылғандығынан заман кеше келе күңгірт тартып, кірлі түске айналып кетеді. Оның бер жағында еске салатын бір жері боялған цементті төсекшелер, черепицелер тағы сондай заттар ультрмаринмен — бірінші бояу кейін цементке қосылады да, оның беріктігін бұзбақ түгіл, оны асырады.

Бұдан басқа қаракөк бояулар: **кобальт, смала, голубес,** Берлин базальты — бұлардың бәрі де сирек жұмсалады.

Жасыл бояулар, көбінесе, мыс қосылған болады; бұлардың ішінде жасау жұмысына көп қолданатыны мыссымақ дегені

(сіркелі қышқыл мыс), кейде қорғасынды ағартпаны қосып, ақ бояу қылады, онымен темір шатырларды бояйды, берік бояу. Мысты бояулардың бәрі де азды-көпті улы болады, онымен сақтанып іс қылу керек.

Қара бояулар, суламалы қара бояудың әр алуаны көп қолданылады (күйе), оны пештерге жағуға, пеш саймандарына, жалпы өте қызатын заттарға, майлы бояулар жанатын орындарға графит жұмсалады.

6. Смала

Смала құрғақ қайнату жолымен алынады, яғни ағашты ауа кіргізбей қайнатқанда, тас көмірден қорытқыны айырғанда алынады. Әмсе, осындай істің ағымында бірталай жанатын газдар алынады (жарық газ), су және смала шығады. Смаланы ішіндегі судан айыру үшін оны тағы да қайнатады, егерде смаланы өте қайнатса — күйеді де сынғақ болады, дал қайнатып, қайта қыздырғанда жұмсарады, онда күйдіргенге ұқсайды (смаланың қаттысы), бірақ өте сынғақ келеді.

Майлы ағаштан я тас көмірден алған смала болсын, ағаштан жасалған істің жерге кіретін жерін смаламен майлайды — төменгі орнынан шығарған мұржа, пароход сықылдылардың айналмалы күректері, ағаштан жасалған заттардың үстелдеуі, тағы солар іспетті заттарды майлайды. Соңғы шет патшалықтарда тас көмірден алынған қатты смаланы көшеге, тас жаю жұмыстарына қолданады.

7. Майлау

Майлау — жарық жерлерді майлайтын зат, яки тесік жерлерді бекітпекке, тағы сондай орындарға жұмсалады, майлаудың әр алуаны бар, біз бұл жерде көбінесе, қолданып жүргені туралы ғана жазып кетеміз. Майлауды тегістеуге, ол түскен орынды толтыруға, ағаштың ішіндегі ойылған жерге, үйдің сылағындағы тегіс емес жерлеріне, тағы сондай орындарға жағады. Оларды боярдан бұрын жұмсалатын затты қалақша-шпатель деп атайды (неміс тілінен алынған шпатель-қалақша, сонымен, осы затты орынында майлайды). Үйдің ішін шпательдеуге, шпательге ағаш шеберлері бор мен желім

қосады, азырақ қосады. Сыртқы істерге шпатель мен олифты ғана қосады, желімсіз. Майлы лакпен борды қосқанда аса мықты, берік шпатель болады. Егер керек болса, шпательге керекті бояу қосады.

Терезенің майлауы — қысқа қарсы терезені майлайды. Ол үсіп борға, не кебір, не шикі немесе еріген май қосып жасайды, себебі, жаз шыққанда терезенің майлау желімі, оның кергіш ағашын босатпай қатып қалмасын дегендік.

Сурикті майлау — қорғасынды сурикті майға қою қылып араластырады, ол су жүргізетін жабдықтарға жұмсалады. Онымен темір мұржаларды қосқан жерлерді майлайды.

Темірлі желімді темірдің егеліп түскен үгіндісіне сірке қосып шойын мұржалардың ұстасқан жерлерін жапсыруға жұмсайды.

Пиаланың ерітпесімен қосып, яки цемент сорелияға қосып, не осындай әр түрлі қоспалармен көп желімдер жасайды. Майлау — желімнің көбі (терезеге бола кеппейтін сазғыр қылып жасалған желімнен басқа) дайындалған күйінде сатылмайды, жұмыстың үстінде ғана керегіне қарай жасап алады.

8. Қамау заттар

Бұлар ыстықтың өтуін кемітеді (жылылықты қамайды), немесе дымқылдықтың кіруін жоғалтады. Ауа, электр әсерін ажыратады (электр қамау) тағы сондайлар.

Егерде өзімен бірге ала жүре алмайтын болса, бір жерде қамалып тұратын ауа жылылықты өткізу ретінде жаман затқа қосылады. Сондықтан, барлық кеуекті заттар тозаң заты, не ішіне ауа сақтағандықтан жылулық қамаушы ретінде ғана болады. Бұған мысалға, қуыс денелі кірпіштерді үгінді ағаш қосып істеген кірпіштерді, жылы бетондарды, тағы сондайларды көрсетуге болады. Жылуды жаман өткізетін заттарға қосылатындар: кендірдің соқтасы мен мүк, олар ағаштан салған үйлердің жігін тығындауға жұмсалады.

Сабан, қамыс, сояулар. Кейде төсемге қолайлап матырас тағы сондайларға жарату ретінде сабан қолданады. Жіңішке жіппен, я сыммен байлап, немесе гипстеп (бордан) жасалған төсекше, я тақтайша, не тағы сондайлар сықылды жылылықты кем жүргізбекке және жеңіл болмағы үшін өсімдіктердің

союларын қосады. Ондай жасаған нәрселер, көбінесе, өзіне ұйқаспайтын “сабандық”, “қамысты”, “термозит”, тағы соған ұқсас аттармен аталады.

Киіз — жүннен істеледі, жарау ісіне дәйім сиыр жүнінен киіз қолданылады. Жасау жұмысына (үй салу ісіне) көбінесе арзан сорттысы жұмсалады. Оны жасау киізі дейді. Ол қа- бырғаны қаптауға, есікті қаптауға, матшаның сыртқа шыққан ұшын орауға, пештің бөлмелеріне және тағы сондай орындарға жұмсалады.

Инпузор — топырақ, қызу бөлетін ретке жұмсалады, я сепкен тұз іспетті, яки иленбелі заттарды қосып, сылау ретіне жасайды. Мысалы, бу жүргізетін мұржаларды сылайды, тағы сондайларға.

Картон (бұрынғы кезде Шведтікі деп аталған) ағаш затынан жасалады, жақсы сортына жүннің ішіндегі қылынан азырақ қосып істейді. Домалатып бүктеген күйінде сатылады (бұрынғы ретте бір табағының ұзындығы 7 кез, көлденеңі 1 кез болушы еді).

Азвест — талданған минерал; өзгеден гөрі Оралдан табылған отқа күймейді, сондықтан, үгілмелі күйінде, талданған күйінде, ұнтақ күйінде іске жүргізеді, табақ күйінде, иірген және соларға ұқсасты күйінде жұмсалады. Жылу бөлетін реттің барлық себептерінде, аса қызулы кезде керек; баршаға мәлім азвест шырағы кәресінді (кухон) зауыты және тағы сондайлар.

Соңғы кезде азвест жасау жолында жаңа қолайға кірді. Дәл болашақ портлант-цементтің сұйық қылып еріткен қамырына қосылады. Бұл қоспа соңғыға қатқан соң недәуір серпінділік береді және майыстырғанда қарсы күш те береді, портлант-цемент жалпы тастан жасалған заттар ретінде қолайына келмейтін. Бұл қоспа аппараттың болыстығымен жұқа, аса мықты және берік картон табағын жасауға да болады. Оны қолдан жасайтын шифер, етернит, не болмаса азвест цемент деп аталған. Ол кедергілер жасауға, не черепице сықылды шатырларға, тағы сондайларға қолайлы.

Тығын. Үгіндіге ұқсас немесе тақтай төсекше іспетті. Ол тығынды әр түрлі заттан қысып, цемент қосып, не сорелие цементті извест, тас көмір, не смоламен шынықтырады. Өзінің жеңілдігімен тығын төсекше жамылшыны жылытуға,

кабырғаны қаптауға, тағы сондайларға жұмсалады. Жылу бөлетін реттегі барша кеуекті заттар, табиғи ретінде су жұтқыш болады, су жұтқаннан кейін жылу өткізгіш те болады, сондықтан, бұлардың бәрі де жұмсау жолында дымнан құрғалған болуға тиіс.

Асфальт. Дымды болу жолында, әмсе, смола затты құралдар қолданылады, ең артығы асфальт, яки асфальтты қатқан смола. Ол қат-қат түрде яки сыланған түрде жұмсалады. Картонның жамылыш табағын тас көмірмен суарады, кейде асфальтты қатқан смоламен шынықтырады; табак рулонның ішінде жабыспасқа бола құм себеді. Ол жабу жолына жұмсалады, матша мен шатырдың екі арасын сыларда, кейде ағаш кабырғаның сыртына шегелейді, тағы сондайларға.

Рубероид. Киіздің, яки картонның табағы, ішінде жүннің қылшығы көп қосылған смоламен суарылған. Екінші рет қабаттың арасына төсегенде асфальт линолиуммен сыртын қаптаған. Оның үстіне ұнтақпен бұйралап, сеуіп қояды. Бұл рубероид майысқақ, жалпы жаппа заттардан берік, дым өткізбейді. Сондықтан, ең артық жамылыш болып саналады. Бірақ қымбат зат.

Линолеум. Ол су шөбінен тоқылған қабатына майда ұнтақты тығын салынған табак. Ол өнер жолымен жасалған, алып қосылған копа лагымен бояған, кейде берік бояумен түр салып, жазып қойған. Онымен ағаш едендерді желімдейді, тас басқыштарға, не едендерге, тағы сондай жерлерге жұмсайды. Олар жылытпақ үшін, не жууды оңайлатпақ үшін және тазалық үшін істелген. Ол аяқтың басып тоздырғанына да аса шыдамды.

**Ғылыми
түсініктемелер**



ӘУЕЗҰЛЫНЫҢ СӨЗІ

Жазушының 1932 жылы желтоқсанның 26-нан 31-не шейін өткен Қазақстандағы кеңес жазушыларының ұйымдастыру комитетінің 1-пленумында сөйлеген сөзі. Пленумға 200-дей жазушы қатысқан. Пленумға Жалпы одақтық ұйымдастыру комитетінен Березовский қатысып, 2 қаңтар күні (1933 ж.) өткен ұйымдастыру комитетінің пікір алысу отырысында сөз сөйлеп, ұсыныстарын айтқан. “Әдебиет ұйымдарын қайта құру және кеңес әдебиетінің Қазақстандық отряды” атты тақырыптағы негізгі баяндаманы Ілияс Жансүгіров жасаған. Қосымша баяндамаларды “Қазақ әдебиетіндегі жаңалықтар” деген тақырыпта Ғабит Мүсірепов, “Орыс әдебиетінде Қазақстан тақырыбы” атты тақырыпта Баталов жасады. Баяндама бойынша жарыссөзге 36 адам қатысқан. Солардың бірі — М. Әуезов. Негізгі баяндаманың “шаруашылық, социализмге өту, социалистік ұлт әдебиеті, баспасөз, өнер саласы, көркем әдебиет майданында, әдебиет таптық, таптық тілегін істейді, алашорда тұсында, Қазақстан жерін жинау дәуірінде, төңкерісшіл кеңес әдебиеті, ішкі тап тартысы қызған дәуірде, Қазақстанның тарихи туысы, тарихи қаулы, социалистік құрылыстың қаулаған дәуірінде, РАПП-тың қаталары ҚазАПП-та да болды, партия қаулысынан кейін, кемшіліктеріміз қайда” сияқты тақырыпшалардан тұруының өзі баяндама мазмұнынан хабар беріп тұр. Баяндамашы алдымен 1929 жылғы Өлкелік партия комитетінің қаулысындағы көркем әдебиетке қатысты айтылған саяси-идеологиялық талаптар тұрғысынан келетінін анық байқатып, қаулы материалдарынан үзінділер келтірген. Баяндама түгелдей осы қаулымен қатар сол кездегі үкімет орындарының күнделікті идеологиялық талаптарының негізінде жазылған. Барлық тақырыпшаларда дерлік алашшыл жазушылар сыналып отырған. Олардың қатарында Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаевтармен қатар М. Әуезов те аталған. Баяндамада “... Алашордашылдық төңкеріске қарсы жасырын ұйым болып күресіп жатқан кезі еді. “Қаракөз” сияқты байшыл, кертартпа пьесалар мадақталып, бәйге алып жатқан кезі еді”, — дегенмен қатар “алашордашылдардың пікірлерін именбей басқан” басылымдардың қатарында кезінде М. Әуезов басшылық жасаған “Шолпан” журналы да аталған. Әуезов жарыссөзі: “Мен жолдас Жансүгірұлының баяндамасының ішінде Алаш орда әдебиеті туралы айтқан жеріне тоқталмақпын. Кешегі күні сол әдебиеттің нағыз ортасында болған адамның бірі мен өзім болғандықтан, қазір соны туғызған топтың қоғамдық-тарихи тамырлары мен таптық-саяси талаптарын толық күйде ашып салу қажет деймін”, — деген сөйлемдермен басталған.

I. Жансүгіров баяндамасында алашорда жайлы айтқан пікірлер сол кездегі Өлкелік партия комитеті мен республика үкіметінің қаулы-қарарларында айтылған талаптар тұрғысында болса, Әуезов сөзінде сол мәселелерге арнайы тоқталып, кеңірек айтқан. Алашқа айтылуға тиісті айыптауларды көбіне өз басына қатысты бағытқа бұрып отырған. 1930—1932 жылдарда НКВД абақтысында отырып, 1932 жылы 20 сәуірде “Үштіктің” бұйрығымен үш жылға кесіліп, шартты мерзіммен шамамен мамыр айында түрмеден шыққан М. Әуезовтің жағдайы өте қиын болатын (Қараңыз: М. Әуезовтің 50 томдық толық шығармалар жинағы, 8-том. “Түрме материалдары” мен “Әуезұлы Мұхтардың хаты” және осы материалдардың түсініктері). Абақтыдан шыққанына бірнеше ай ғана болған жазушы өзінің алаштың ішінде болғанын мойындап, “Кеңес үкіметінің жарыққа шығысымен қатар контрреволюция мен ашық буржуаздық қалыпқа түскен бұл әдебиет өзінің ең соңғы дәуірлеріне шейін Алаш орданың құралы болумен келді”, — дейді. Әуезовтің 29.10.31 ж. датасымен ОГПУ Коллегиясына жазған арызында (заявление) “В прошлом я ни практически, ни идейно не был связан с Алаш-ордой, ни в каких ее организациях не служил”, — десе, 1932 жылдың мамыр айында ҚазССР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы О. Исаевқа жазған хатында, 1932 жылы “Социалды Қазақстан” газетінің 10 маусымдағы санында шыққан әйгілі “Әуезұлы Мұхтардың хатында” (орысшасы “заявление” болып көрсетілген, осы датада “Қазақстанская правда” газетінде шыққан) алаш партиясының құрамында болғанын мойындап, “қателескеніне” өкініш білдіреді. Әуезов сөзіндегі өзінің “Еңлік—Кебек”, “Қаракөз” пьесалары жайлы айтқан “қазақтың би батырын көрсетеді. Ескілікті әдейі талғап алған ашық бояумен бояп, көңілді қып көрсетпекке тырысады”, — дегені жоғарыда аталған хатындағы жазғандарымен сәйкес келеді. Ал, 1931 жылы мамыр айында прокурор Столбова мен тергеуші Поповқа жазған арызында Қазақстанның 10 жылдығына арналған жиналыста Өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф. Голощекиннің баяндамасында айтылған Байділдин мен Аймауытовтың көрсетулеріне қатысты “Между тем Байдильдин в этом показании выдвигает против меня ряд вымышленных, нелепых обвинений... Он беззастенчиво искажал факт премирования пьесы “Қарағоз”, приписывал кумовству Садвокасова, тогда как премия была выделена комиссией в составе Джандосова, Майлина и др.” — деген. Осы сияқты жазушының түрмеде отырған жылдарында “Қилы заман” романына берген “бағасы”, “Шолпан” журналына, алашорда қайраткерлеріне, өзінің бұрынғы көзқарастары мен шығармашылық қызметіне берген бағасы амалсыздан “өзгерген”. Әуезовтің осы томға беріліп

отырған Қазақстан жазушыларының Өлкелік ұйымдастыру комитетінің І пленумындағы сөзі мен түрме материалдарын салыстырып карағанда мемлекеттік репрессиялық аппараттың қатал, аяусыз қыспағының салқыны айқын байқалады. Сонымен қатар М. Әуезовтің өмір үшін күресу жолындағы әдіс-айласын, сұңғыла ақыл-ойын, қажыр-қайратын, білімділігін де көрсетеді. Бұл жарыссөз үкіметтің жазушыны аталған хат-заявлениеден кейін тағы да бір рет үлкен ресми мінбеден тұқыртып алуға тырысқанының да көрінісі.

М. Әуезовтің сөзі көп ұзамай “Әдебиет майданы” журналында (1933, № 1, 63—65-беттер) басылды. Жазушы мұражайының қорында қолжазбасы жоқ. 50 томдық толық шығармалар жинағының бұл томына аталған журналдағы нұсқа толықтай беріліп отыр. Латын әріпті мәтінді кириллицаға түсіру барысында біраз орфографиялық, пунктуациялық қателері түзетілді. Сол кездегі орфографиялық ережелерге сәйкес жазылған термин сөздер қазіргі қолданылу ерекшеліктерімен алынды.

1. 5-б. “...өз тарихын февральдан және бастамайды” — 1917 жылғы ақпан төңкерісін айтып отыр.

2. 5-б. “Бөкейханұлы” — Әлихан Бөкейханов.

3. 6-б. “Дулатұлы” — Міржақып Дулатов.

4. 6-б. “Байтұрсынұлдары” — Ахмет Байтұрсынов — аталған тұлғалар жайында жазушының 50 томдық толық жинағының бұрынғы томдарында айтылған. Тарихи еңбектерден, энциклопедиялардан қараңыз.

5. 6-б. “Кейін Колчак, Дутов, Анненковпен ынтымақтасу...” — жазушы мұнда алашшылдар мен қазақ ұлтшылдарының аталған ақ армия қолбасшылары мен атамандарының ынтымақтастығы жайында айтып отыр. М. Әуезовтің 1931 жылы қазан айында ОГПУ Коллегиясына жазған арызында (заявление) “Наоборот, с октября месяца 1919 г. участвовал в подпольной организации против Колчака”, — деген. Семей қаласы атаман Анненковтың қол астында болған кезде жойылуға тиісті адамдардың тізімі жасалған. Сол тізімнің ішінде М. Әуезов те болған.

6. 7-б. “Жұмабайұлының” — Мағжан Жұмабаев.

7. 9-б. “Менің ендігі кепілім, онда жазған заявлениемде” — 1932 ж. 10 маусымда “Казахстанская правда” газетінде шыққан “Заявление Ауэзова” дегенді айтып отыр. Бұның қазақшасы осы датада “Әуезұлы Мұхтардың хаты” деп “Социалды Қазақстанда” басылды. Бұлардың мазмұны жазушының түрмеден шығысымен (1932 ж. мамыр) ҚазССР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы О. Исаевқа жазған хат мазмұнымен толықтай үндеседі.

Р. Әбдіғұлов

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫНЫҢ ЖЕТІ ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

1932 жылы М. Әуезов пен Қазақ драма театрының директоры Орынбек Беков Қазақстан Кеңес Жазушылар одағы өлкелік ұйымдастыру комитетінің I пленумында “Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері туралы” баяндама жасаған. Осы баяндаманың негізінде “Социалды Қазақстан” газетінде (1933, 13 қаңтар) және “Әдебиет майданы” журналының 2-санында Орынбек, Мұхтар деп қол қойылған мақала шықты. М. Әуезов бұл кезде түрмеден шығып, Қазақ драма театрына әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметіне тұрған. Баяндамада сол кездегі республикадағы жалғыз дерлік ұлттық өнер ордасы Қазақ мемлекеттік драма театрының жеті жылдық жұмысына есеп және оның алдағы міндеттері туралы ойлар айтылған. Мақаланың тақырыптық, идеялық ойлары негізінде 1931 жылдың 1 қарашасында Қазақстан Өлкелік партия комитетінің “Қазақ драма театрының хал-жайы мен оның міндеттері” атты қаулысының көтерген мәселелерімен сабақтасады. Отызыншы жылдардың басында бүкілодақтық шеңберде әдебиетте, өнерде социалистік реализм әдісін орнықтыру, әдебиет пен өнерде төңкерісшіл тақырыптарды дамыту, жұмысшы, шаруа, солдат образын жасау талаптары қатты қойылған болатын. Сол кездердегі әр түрлі дәрежедегі қаулы-қарарлардың барлығында ресми түрде осы талаптар қойылды. О. Беков пен М. Әуезовтің бұл баяндама-мақаласында ең алдымен осы тұрғыдан Қазақ мемлекеттік театрының репертуары мен атқарған жұмысына сын айтылған. Мақалада театрдың өткен жеті жылдағы репертуарының жақсы, жаман жақтарын талдай келіп, ендігі репертуарға төңкерісшіл тақырыпты мол енгізіп, сонымен қатар орыс драматургтерінің қандай шығармаларын аударып қою керектігі жайында үкімет қаулыларының талаптарына сәйкес ұсыныстар жасалған. Мақалада идеологиялық сарындағы ойлармен қатар театрдың көркемдік мәселелері, театрдың даму, өсу жолдары, әртістер дайындау жайында ұтқыр ойлар айтылған. Мұнда аталған ән-күй, опера театры, жас көрермендер театры, би, хореография өнері жайлы ұсыныстар іс жүзінде көп ұзамай іске асқан. Өртіс кадрларын даярлау, жинау, өсіру жайындағы тілегі де, көп ұзамай-ақ, әр түрлі күйде орындала бастаған. Мақалада көтерілген оркестр ашу, Мәскеуден театр мамандарын алдырту, театр архивін құру, театр сынын дамыту мәселелері де іле-шала

қолға алынған шаралар. Заманның идеологиялық талаптарына жауап беру сарыны болғанмен де, қазақ театры ісінің басы-қасында отырған екі автордың іскерлік, ағартушылық ойлары мол.

Мақала М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 15-томында (119—125-беттер) біраз қысқартулармен берілген. 20 томдықта газет пен журналда латын графикасымен және сол кездегі орфографиялық, орфоэпиялық сөз қолданыстарға орай берілген кейбір сөздер қазіргі емле ережелеріне сай алынған. Мысалы: *өктәбр* — *әктәбрь*, *әктер* — *актер*, *пұрылтариат* — *пролетариат*, *режессар* — *режиссер*, *опыр* — *опера*, *тыроппа* — *труппа*, *кампазистерді* — *композиторды*, *қолқоз* — *колхоз*, *әрқыбын* — *архивін*, *казет-жорналдар* — *газет-журналдар*, *мұзике* — *музыка*, *синпониа* — *симфония*, т.б. 20 томдықта алғашқы журналдық нұсқада түбір сөзбен бірге жазылған **да, де, та, те** шылауларын бөлек, керісінше бөлек жазылған **мен, бен, пен** көмектес септік жалғауларын қазіргі грамматикалық ережеге сәйкес бірге берген. Жазушы шығармаларының 50 томдық толық жинағының осы томына 20 томдықтағы орфографиялық, грамматикалық түзетулерді сақтай отырып, мақаланың “Әдебиет майданы” (1933, № 2, 69—72-беттер) журналындағы толық нұсқасын беріп отырмыз. 20 томдықтағы нұсқаны журналдағы нұсқамен салыстыру барысында қысқартулармен қатар біраз орфографиялық, грамматикалық қателер байқалды. Журналдағы нұсқадағы “*Жаңа*” сөзі 20 томдықта “*және*” деп алынып отырыпты. “*Одан бері келіп ұлтшылдық ықпалынан құтылдым*”, — деген сөйлемде “*ұлтшылдық*” сөзінен кейін келетін “*алашордашылдық*” сөзін алып тастаған. 20 томдықтағы нұсқада кеткен басқа қателер де журналдағы нұсқамен салыстырылып, түзетілді. Сонымен қатар “*Әсіресе Өлкелік комитеттің көрнекті басышылары — жолдас Кахиани, Ораз, Жанайдар, Құлымбетұлы сияқты жолдастар театрдың жаңағы айтылған программасын сол бағытта өсуіне әрдайым басшылық көмегін беріп, театрдың алдынан кездескен қиындықтардың қай-қайсысына болса да, өз қолдарымен араласып, ұдайы жәрдем етумен келеді*” және “*Ұлтшыл, байшыл, алашордашыл мәдениет ықпалындағы театр болып істеп келді*”, — деген сөйлемдер, мақаланың соңындағы: “*Жалпы алғанда, қазақ театры өзінің қысқаша тарихында бүгінге дейін ықылас, көңіл, көмек ортасында бұрын істеп көрген емес...*” — деген сөйлемнен бастап, соңғы бес абзац 20 томдықта берілмеген.

1. 10-б. **“Казнаркомпрос”** — Қазақ халық ағарту комиссариаты. Оқу-ағарту министрлігі, Білім министрлігі мағынасында.

2. 11-б. **“Кахиани”** — Кахиани Михаил Иванович (1896, Батуми — 1937). Грузин коммунистік партиясының қайраткері. 1917 жылдан компартия мүшесі. Мәскеу, Кавказда партия, кеңес қызметтерінде болған. 1930—31 жылдары БК(б)П Орталық атқару комитеті бюро мүшесі. 1932—33 жылдары БК(б)П Қазақстан Өлкелік комитетінің хатшысы және бюро мүшесі болды.

3. 11-б. **“Ораз”** — Жандосов Ораз Қикымұлы (1898, Алматы обл., Қаскелең ауданы — 1938). 1918 жылдан компартия мүшесі. Қазақстанның көрнекті партия, кеңес қайраткері. 1924—33 жылдары БК(б)П Қазақстан Өлкелік комитетінің бөлім меңгерушісі, 2-хатшысы қызметінде болды.

4. 11-б. **“Жанайдар”** — Садуақасов Жанайдар (1898, Қарағанды обл., — 1939). Қазақстанның көрнекті партия, кеңес қайраткері. 1929—36 жылдары БК(б)П Қазақстан Өлкелік комитетінің бөлім меңгерушісі, хатшысы қызметтерінде болды.

5. 11-б. **“Құлымбетұлы”** — Құлымбетұлы Ұзақбай (1891, Ақтөбе об. Ырғыз — 1938). 1925—35 жылдары Халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы, орынбасары, Республика Жоспарлау комиссиясының төрағасы, 1935—37 жылдарда Орталық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған.

6. 11-б. **“Қызыл сұңқарлардың”** — Сәкен Сейфуллиннің пьесасы.

7. 11-б. **“Қаракөз”** — Мұхтар Әуезовтің пьесасы.

8. 11-б. **“Алтын сақина”** — Қошқе Кеменгеровтің пьесасы.

9. 11-б. **“Арқалық”** — Жұмат Шаниннің пьесасы.

10. 11-б. **“Қанания—Шарбану”** — Жүсіпбек Аймауытовтың пьесасы.

11. 12-б. **“Шахты”** — Жұмат Шаниннің пьесасы.

12. 12-б. **“Майдан”** — Бейімбет Майлиннің пьесасы.

13. 12-б. **“Октябрь үшін”** — Мұхтар Әуезовтің пьесасы.

14. 12-б. **“Түрксіб”** — Ілияс Жансүгіровтің пьесасы.

15. 12-б. **“Колхоз үшін”** — дерек табылмады.

16. 13-б. **“Насонов”** — Насонов М. Г. (1899, Москва — 1952, сонда). Режиссер, педагог, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі (1936). Қазақстандағы профессионалдық театр өнерінің дамуына көп еңбек сіңірген. 1932—41 жылдары Алматыда Қазақ мемлекеттік драма театрының қоюшы режиссері және көркемдік жетекшісі болды. Қазақ театр өнеріне орыс драматургиясы мен

театр өнерінің классикалық үлгілерін, алдыңғы қатарлы тәжірибесін әкелуге көп күш салған. Актерлік шеберліктен дәрістер оқып, актер кадрларының өсуіне ықпал еткен. “Еңлік—Кебек” (1933), “Тас түлек” (1935), “Шекарада” (1938), “Ақ қайың” (1938), т. б. пьесаларды қойған.

17. 13-б. **“Ғатауллин Шафқат”** — Ш. Ғатауллин Ж. Шаниннен кейінгі алғашқы театр режиссерлерінің бірі. 1932—37 жылдары Мәскеу театр комбинатында режиссерлік бөлімінде оқып жүріп, театрларда режиссерлік жұмыстар атқарды. Облыстық театрларды құруға көп еңбек сіңірген. Орал, Қарағанды, Гурьевтегі театрларда режиссерлік, жетекшілік қызметтерде болды.

18, 19. 13-б. **“... Киршонның “Астық”** атты пьесасын дайындап жатыр”. — В. М. Киршонның “Астық” пьесасын (аударған Қ. Байсейітов) Қазақстан мемлекет театры 1933 жылы 30 қаңтарда қойған. Режиссері М. Г. Насонов, суретшісі А. Зверев. Қойылымды дайындауға Ш. Ғатауллин де қатысқан. Киршон В. М. (1902, Нальчик — 1938) — орыс драматургі. “Чудесный сплав” пьесасы бүкілодақтық драмалық шығармалар бәйгесінің 2-орнын алған. М. Әуезов “Мемлекет театрында “Астық” пьесасы” атты мақала (“Қазақ әдебиеті”, 1934, 10 қаңтар) жазды.

20. 13-б. **“Қорқынышпен”** — орыс драматургі А. Н. Афиногеновтың “Страх” пьесасы (1930). Алматыдағы Орыс драма театры 1934 жылы осы пьесамен ашылды.

21. 13-б. **“... На дне”, “Ревизорлар” ойналмақ”** — орыстың ұлы жазушылары М. Горький мен Н. Гогольдің пьесалары.

22. 14-б. **“Вахтангов театры”** — Е. Вахтангов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры. 1921 жылы Е. Вахтангов студиясы болып ашылған. 1926 жылдан бері қазіргі атында.

23. 14-б. **“Төңкеріс театры”** — Мәскеудегі Революция театры.

24. 15-б. **“соло”** — музыкалық шығарманы жеке адамның орындауы.

25. 15-б. **“дуэт”** — музыкалық шығарманы екі адамның орындауы.

26. 15-б. **“... ескі халық әндеріне әңгімелі өлеңдер салып беруге керек”**. — Опера жайында айтып отыр. Алғашқы қазақ операларында халық әндері кеңінен пайдаланылған.

Р. Әбдіғұлов

“ТЕАТР, МУЗЫКА КАДРЫ”

М. Әуезовтің “Ойласу ретінде” деген ескертпемен берген бұл мақаласы алғаш “Социалды Қазақстан” газетінің 1933 жылғы 2 маусымдағы 125-санында шыққан. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Мақала кейін жазушының 12 томдық шығармалар жинағының II томында (1969, 71—75-беттер) шықты. Газеттегі нұсқа бойынша берілген бұл басылымда мақаланың алғаш шыққан кездегі орфографиялық ережелермен берілген сөздері қазіргі орфографиялық сөз қолданыстар үлгісінде алынды. Газеттегі басылымда бөлек жазылған көмектес септік жалғаулары бірге жазылып, бірге жазылған жалғаулық шылаулар кейінгі грамматикалық ережелерге сәйкес 12 томдықта бөлек жазылған. М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 17-томына (6—11-беттер) 12 томдықтағы нұсқа бойынша басылған. Бұл томға мақаланың газеттегі, 12 және 20 томдық шығармалар жинағындағы нұсқалары салыстырылып беріліп отыр. 1932—37 жылдары Қазақтың мемлекеттік драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған М. Әуезов театр директоры Орынбек Бековпен бірге Қазақстан Кеңес жазушылар одағы өлкелік ұйымдастыру комитетінің I пленумында “Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері” туралы баяндама жасаған (осы томдағы сол мақаланың түсінігін қараңыз). Бұл мақаланың екінші жартысында авторлар театр, музыка кадрларын даярлау жайында біраз ойлар айтқан. “Театр, музыка кадры” мақаласында бұл ойлар әрі қарай дамытылып, нақты ұсыныстар көрініс тапқан. Бұл мақаланың жазылуына, мұндағы пікірлердің бағыт-бағдарына 1931 жылдың 1 қарашасында шыққан Қазақстан Өлкелік партия комитетінің “Қазақ драма театрының хал-жайы мен оның міндеттері” туралы қаулысының әсері бар. Қаулыда театр, музыка мамандарын даярлау, оқыту, арнаулы оқу орындарын ұйымдастыру, республика бойынша аудан, облыстарда өнер ошақтарын ашу жайлы міндеттер қойылған болатын. Осы талаптарға орай сол кездегі Қазақстандағы жалғыз театрдың екі басшысының бірі М. Әуезов “ойласу ретінде” деп осы мақаланы жазған. Мақала авторы театр кадрлары жетіспеуінің әлеуметтік, адами себептерін ашып, олқылықтың орнын толтыру жолдарын байыпты, салмақты түрде көрсеткен. Мұндағы актер, музыкант кадрларды даярлау жайындағы ұсыныстар, өнер оқу орындарының сатылы, жүйелі түрлерінің мақсат-міндеттерін мегзеген пікірлері, театр түрлері жайлы айтқан ойла-

ры түгелдей дерлік кейін іске асқан (“Қазақ театры тарихының” I томын қараңыз. “Ғылым”, 1975).

1. 17-б. **“Елубай”** — Елубай Өмірзақов (1899, Қостанай облысы — 1974, Алматы) — қазақ актері, әнші, киноактер, ұлттық актерлік мектептің негізін салушылардың бірі, Қазақ ССР Халық артисі (1931). Орынбордағы Қазақ Халық ағарту институтында оқыған. Алғаш хат танып (1914), өнер жолына түсуіне ықпал еткен Б. Майлин. Қазақ театры тарихындағы аса талантты және жемісті еңбек еткен актер. СССР (1952) және ҚазССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты.

2. 17-б. **“Серке”** — Серке Қожамқұлов (1896, Қостанай — 1979, Алматы) — қазақ актері. Қазақ театры тарихындағы ерекше талантты актер. ҚазССР Халық артисі (1936). 1925 жылы Қызылордадағы Қазақ мемлекеттік театры труппасына қабылданған. Терең реалистік сипаттағы классикалық образдар галереясын жасаған. СССР (1952), ҚазССР (1970) Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты.

3. 17-б. **“Құрманбек”** — Құрманбек Жандарбеков (1905, Сайрам — 1973, сонда — қазақ әншісі (баритон), актер, режиссер. ҚазССР Халық артисі (1936), профессор (1970). 1928—29, 48 жылдары Мәскеудегі өнер оқу орындарынан білім алған. 1925 жылы Қызылордадағы Қазақ мемлекеттік драма театрына алынып, кейін сонда режиссер болды. 1934 жылы музыка театрын құрушылардың бірі болды. Осы театрда көркемдік жетекші, директор, режиссер қызметтерін атқарды. Киноға түскен. СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1949).

4. 17-б. **“самотек”** — кездейсоқ сөзінің мағынасында қолданылған.

5. 18-б. **“Щепкин”** — Щепкин Борис Васильевич (1894, Москва — 1939 сонда), орыс актері. 1920 жылы Вахтангов студиясында оқып, кейін Вахтангов театрында актерлік жұмысқа алынған. Театрдағы реалистік мектептің ірі өкілі. Орындаған рөлдері қарапайымдылығымен және психологиялық тереңдігімен ерекшеленді. СССР Халық артисі (1936).

6. 19-б. **“Музыка этнографының”** — ұлттық музыка үлгілерін жинаушы, зерттеуші мағынасында.

7. 19-б. **“творческое преодоление мәселесінде”** — шығармашылық игеру мағынасында алынған.

8. 19-б. **“Затаевич”** — Затаевич Александр Викторович (1868, Болхов — 1936, Мәскеу) — кеңес музыка, қоғам қайраткері, эт-

нограф, композитор. 1920 жылы Орынборға келген. Ұзақ жылдар қазақ халқының ұлттық музыкасы үлгілерін жинаумен, зерттеумен айналысқан. Қазақстандағы профессионалдық музыканың негізін салушылардың бірі. “Қазақ халқының 1000 әні” (1925, 1963), “Қазақтың 500 әні мен күйлері” (1931) жинақтарын шығарған.

9. 19-б. “**...примитивтің**” — қарапайым, қарабайыр мағынасында алынған.

10. 19-б. “**ТЮЗ**” — жасөспірімдер театры.

11. 20-б. “**Совнарком қаулысы**” — 1931 жылғы 1 қарашадағы қаулы.

12. 20-б. “**...детдомды**” — балалар үйі.

13. 20-б. “**Наркомпрос**” — Халық ағарту комиссариаты.

14. 22-б. “**Қазатком, Совнарком, Крайкомның**” — Қазақстан атқару комитеті, Халық комиссарлары кеңесі, Өлкелік комитет.

Р. Әбдіғұлов

МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫНДА “АСТЫҚ” ПЬЕСАСЫ

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1934 жылы 10 қаңтарда шыққан “Қазақ әдебиетінің” бірінші, тұңғыш номерінде жарияланған. Содан кейін еш жерде қайта шыққан жоқ. Орыс драматургі В. Киршонның “Астық” (“Хлеб”) пьесасы отызыншы жылдардың алғашқы жартысында Қазақстан үкіметі мен Орталық партия комитеттерінің театрға қатысты қабылданған қаулы-қарарларының талаптарына орай қазақ тіліне аударылған пьесалардың бірі (Қараңыз: Қазақ театрының тарихы. I том. Алматы, “Ғылым баспасы, 1975”). Аударған — Қанабек Байсейітов. Пьесаның Қазақстан мемлекет театрындағы премьерасы 1933 жылы 30 қаңтарда болды. Бұл Ресейден арнайы шақырылған М. Г. Насоновтың Қазақ мемлекет театрындағы бірінші режиссерлік жұмысы болатын. “Астық” пьесасының бірнеше орыс пьесалары қатарында қазақ тіліне аударылуына ең алдымен Бүкілодақтық, республикалық дәрежелерде қабылданған театрға қатысты қаулы-қарарларда саяси-әлеуметтік талаптар қойылып, жаңа социалистік құрылыс тақырыптарын ашуға қатал “ұсыныс” жасағаны себеп болды. Сонымен қатар М. Г. Насоновтың “Чудесный сплав” (“Ажайып қоспа”) пьесасының ССРО Халық комиссарлар кеңесінің 1933 жылдың 18 ақпанында жариялаған пьесалар бәйгесінде (1200 пьеса түскен) екінші сыйлық (бірінші сыйлық берілмеген) алуы да әсер еткен. Киршонның “Астық” пьесасы МХАТ-та (Мәскеуде) қойылғаннан кейін 1931 жылы “орыс драматургиясындағы алғашқы саяси-идеялық тұрғысы биік, таптық қайшылықтарды айқын көрсеткен пьеса” деген бағытта жоғары бағаланған. М. Әуезов мақаласын “Астық” пьесасы қойыла бастағанына бір жылдай уақыт болғанда жазған. Осы қойылымның премьерасы жайында Жайықтық деген автор (Өтепұлы Құлмырза) “Хлеб” (Киршонның “Астық”) пьесасының сахнаға қойылуы туралы” атты хабар-мақала жазған (“Социалды Қазақстан”, 1933 ж., 8 ақпан). М. Әуезовтің Қазақ мемлекет театрының директоры Орынбек Бековпен бірге жазған “Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері” мақаласында (Социалды Қазақстан, 1933 ж., 13 қаңтар; “Әдебиет майданы”, № 2, 1933 ж.) “Енді театрға жаңа келген режиссер жолдас Насонов пен жас режиссеріміз Ғатауллин Шафқат екеуінің басқаруымен Киршонның “Астық” атты пьесасын дайындап жатыр”, — деп жазды. Әуезовтің “Астық” пьесасына арнайы тоқталған бұл

мақаласында саяси-идеологиялық талаптар тұрғысынан айтылған бірнеше сөйлем ғана идеологиялық мазмұндағы ойларынан басқа айтқандары драмалық шығармаларды көркемдік талдаудың сол кез үшін де, қазіргі уақыт үшін де хас үлгісі деп айтуға толық болады. Ең алдымен көркем бейне жасау, кейіпкер психологиясын нәзік ашу, ұлттық мінез мәселелеріне келгенде, жоғары көркемдік талаптар тұрғысынан терең талдаулар жасаған. Партия, кеңес қызметкерлері образдарындағы жасандылықты дөп басып көрсетіп, қатал сынға алған. Қойылымға қатысқан актерлер ойынының артық-кем жерлерін байсалды талдап шыққан. Мақала қазақ театртану ғылымындағы бағалы еңбектердің бірі.

Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Мақала шыққан “Қазақ әдебиеті” газетінің Республика Ұлттық кітапханасында, Ғылым академиясының ғылыми кітапханасында жоқ болғандығынан болар, бұған дейін ғылыми айналымға түспей келген. Мақаланы “М. Әуезов энциклопедиясына” материалдар дайындау кезінде Республикалық Кітап палатасынан жазушы мұражайының қызметкері Қ. Рай тапқан. Бұл томға “Қазақ әдебиеті” газетіндегі нұсқасы бойынша беріп отырмыз. Кейбір орфографиялық, пунктуациялық қателері түзетілді. Латын әріпті мәтіндегі термин сөздер қазіргі орфографиялық ережелерге сай алынды.

1. 23-б. **“Серке”** — Серке Қожамқұлов.

2. 24-б. **“Қапан”** — Қапан Бадыров.

3. 26-б. **“Қанабек”** — Қанабек Байсейітов.

4. 26-б. **“Елубай”** — Елубай Өмірзақов.

... аталған актерлер жайындағы мәліметтерді осы томдағы “Жақсы пьеса сапалы әдебиет белгісі” мақаласының түсінігінен, театр тарихына қатысты еңбектерден, энциклопедиялардан қараңыз.

5. 27-б. **“Фотографиядан аулақ”** — дараланған, жанды көркем бейне жасау мағынасында.

Р. Әбдіғұлов

“ЖАҚСЫ ПЬЕСА — САПАЛЫ ӘДЕБИЕТ БЕЛГІСІ

Мақала “Социалды Қазақстан” газетінің 1934 жылғы 28 сәуірдегі санында шыққан. Газеттегі мақала тақырыбының астында “Пікір алмасу ретінде” деген ескертпе бар. Газеттің мақала басылған бетінде “Жазушылар съезі қарсаңында” деген рубрика бар. Жазушы мұражайының архивінде машинкаға басылған бір дана қолжазбасы сақталған (ЛММА. Кпр-1, № 223). Қолжазбаның соңына басқа адам “1934” деп датасын қойған. Қарындашпен, сиямен жасалған аздаған түзетулер бар. Кейін мақала “Уақыт және әдебиет” жинағында (1962, 259—268-беттер), жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 11-томында (1969, 79—88-беттер), 20 томдық шығармалар жинағының 17-томында (1985, 11—21-беттер) жарияланды. Мақаланы 50 томдық шығармалар жинағына дайындау барысында аталған жинақтарға шыққан нұсқаның “Социалды Қазақстан” газетінде шыққан нұсқадан біраз өзгешеліктері бар екені анықталды. “Уақыт және әдебиет” жинағындағы нұсқа қолжазбадағы мәтінмен бірдей. Жазушының 12 және 20 томдық шығармалар жинағының түсініктерінде мақаланың “Уақыт және әдебиет” жинағындағы нұсқа бойынша алынғаны атап көрсетілген. Қолжазбаның қырқыншы жылдардың ортасынан бастап кириллица әліпбилі жазу машинкасымен басылғанына және басқа адамның қолтаңбасымен (почеркімен) жазылған редакциялау әрекеттерінің кездескеніне қарағанда мақаланың бұл мәтіні 1962 жылы шыққан “Уақыт және әдебиет” жинағына дайындалған болу керек. Сонымен қатар М. Әуезов жазу машинкасында басылған мақалаларының қолжазбаларының соңына көбіне қолын қойып отырған. Мұнда жазушының қолы қойылмаған. Мақаланың кейін (М. Әуезов қайтыс болғаннан кейін) редакцияланғанын газетке шыққан алғашқы нұсқасындағы *“Былтырғы жыл жазушылармен әңгімелескенде Сталин жолдастың әдейі қадап айтқан сөзінің бірі де осы пьеса жайы”*, — деген екінші сөйлемінің алынып қалғаны мақала алғаш шыққан 1933 жыл мен жинақ шыққан 1962 жылдардағы идеологиялық ахуалдың айырмашылығына байланысты. “*Кеңес*” сөзінің үнемі “*Совет*” сөзімен ауыстырылып отыруы, “*Кеңестік пролетариат әдебиеті*” тіркесінің “*Совет әдебиеті*” болып кетуі, “*Хан Кене*” пьесасының мақаладағы басқа пьесалар тізімі қатарынан алынып, осы пьеса жайлы “*Бірінші рет қойылатын боп тыңнан көп өзгеріп отырған “Хан Кене” болмаса, өзгелер жаңа қойылуда да жамау-жасқау ғана*”, — деген

сөйлемнің берілмеуі сияқты мысалдар мақаланың “*Уақыт және әдебиет*” жинағына редакцияланып берілгендігін дәлелдей түседі.

“Хан Кене” пьесасының екінші нұсқасы мен жазушының өзі аударған орыс тіліндегі нұсқасы осы елу томдық басылымның 6-томында (Алматы, “Ғылым” ғылыми баспа орталығы, 2001 ж.) шықты. Бұрынғы жинақтардағы нұсқаның “*Майдан*” ішінде бұл жөнінде үлкен қырағылық көрсеткен жері де бар...” деген көп нүктемен аяқталатын абзацтан кейінгі “*Турксибтің*” “ішінде де осы кемшілік бар”, — деген сөйлемнен басталатын абзацқа дейін газеттегі нұсқадан “*бай-құлақтың колхоздағы санақшы, склад қызметшісі боп тұрысын аяп, бұрынғыша азу тісті ақситып жүріп, ... алмайтынын Бейімбет үлкен жазушының алдын болжағыш, көргіш, сезгіштігімен “Майдан” ішінде ерте айтты. Бұл оның теріс тұлғаларды көрсету жөніндегі табысы. Үлкен табыс. Әдебиет сапасының бірі. Бірақ онымен міндет атқарылып болмайды. Пьесаның төрт аяғы түгел болу үшін дұрыс тұлға да теріс тұлғадан олқы орын алмау керек*”, — деген мәтін бөлігі берілді.

Жинақтардағы “*Жаңа коммунист атаулының бәрі бірдей бастан аяқ партияның өзі ғана деуге болмайды*”, — деген сөйлемнен бастап “*Пролетариат драматургиясының үлгісі пьесаларын көрсек, партияны сол функция көрсетуден қатты сақтанады*”, — деген сөйлемнен басталатын абзацқа дейінгі мәтін бөлігінің орнына “*Нәтижеде, пьеса адамдарының дұрыс тұлғасының барлығы шетінен өз ұйымдарының инструкторы болып шығады. Ол сахнада саяси сабақ кітабының алғашқы беттерін оқып жүреді. Соңғы қаулылардың баяндамашысы — газет тілшісі. Үйткені, соның ғана тілімен сөйлейді. Жоғарыда айтылған жеке адамдық пішіннің бәрі сыртта қалып, барлық пьесалардағы дұрыс тұлғалар құйып қойғандай, біріне-бірі ұп-ұқсас бола қалады. Салт-сана жағынан мінсізқылу үшін, саяси жаңылыс сөз сөйлеспес үшін, ұғынысы шолақ адам боп көрінбесі үшін бұны пьеса ішінде көп сөйлету қажет. Бұның өзі ғана жақсы болу жетпейді, өзгелерді де пікір күшімен жеңіп, қайырып алу керек. Сондықтан пьеса ортасында жалты жиылыс тағы қажет. Ал жиылыста ол тек тұра алар ма? Сүйтіп пьеса ішінде мадақтаймыз деп жүріп, дұрыс тұлғаның өзін сол пьеса біткенше мылжың қып та боламыз.*

Бұның ұзақ сөзінен жұрттың бағана қажып болып, әбден безер боп отырғаны ойда да жоқ. Ондай адам жаңа пьесаның нағыз қиын-түйін шатқалаңының бәрінен сыртта жүреді.

Көрушіні елктіріп, “неге соғар екен?” дегізіп отырған істерге бұл көбінесе кездеспейді, қилікпейді. Үйткені ол көріп, біліп қалса, біздің пьесалардың түйіні түйін болмай шешіліп қалады. Партия көзімен көріп, шешпей қоя беруге болмайды.

Сондықтан, не ол бұл істі талқылап тексеріп, сырын ашып тұрғанда тартыс суынып, іс жылжып кетеді, немесе ол пьесаның ішіне ақырғы сахнаға шейін әдейі көзін таңып жіберген кісі сияқты боп: өзге жұрт бір төбе, ол бір төбе боп жүреді. Тартыстың сырын, түйінін біле алмай жүреді. Міне, партия адамын, жаңа адамды, дұрыс тұлғаны тірі денеден айырып, функция ғып кіргізу деген осы. Бұл негізде партияға да, комсомолға да пайда емес.

Барлық партияның жиынтық тұлғасы боп, жаңа адамның шын басышысы боп, ойдағыдай толық тұлға боп шыға қою оп-оңай емес. Ондай тұлға екі шығарманың бірінен көріне бере алмайды.

Егер біздің пьесаларымыздағы коммунистердің бәрін партия орнына ұсынсақ партияны кішірейтеміз.

Біз партияның басты адамдарын толық тұлғалы етіп көрсету үшін күресуіміз керек. Бірақ ол үшін бір пьеса ішіне партия, комсомол, әйел ұйымдары, кәсіп одағының бәрінің өкілдерін түгел кіргізе беру шарт емес. Онда біз материал астында қап, кісі басты боламыз. Барлық басты ұйымның делегаттары қалмасын деу қажет емес. Қайта әр ұйымнан ұйым адамы еді деп кіргізу жоғарыда айтқан сияқты функцияны кіргізу болады. Әр ұйымның өкілі өз ұйымының дерективін сөйлейтін боп кетеді. Пьесаның жанды арқауымен қабыса алмай, үстірт боп схема боп қалады”, — деген бөлік газеттегі нұсқа бойынша берілді. “Мәселен сондай көркем өнер тұлғасы...” — деп басталатын абзацтан бастап, “Осы сияқты социалистік құрылыстың ұйымдастыру көсемі”, — деп басталатын абзацқа дейінгі мәтін бөлігінің орнына “Алайық Михайловты — Михайлов пьесада үстірт жүрмейді. Оқиганың қайнар ортасында. Тартыстың ең үлкен арқауы сол. Келуші еңбекші де Михайловты қайта-қайта көргісі кеп, ол кірсе іс-мінезіне айызы қанып қап отырады. Бұны сүйеді. Сондай болсам екен демеске шарасы қалмайды”, — деген газет нұсқасындағы мәтін бөлігі алынды. Бұл бөліктерді салыстырғанда бұрынғы жинақтарға мақаланың редакцияланып, қысқартылып берілгендігі айқын байқалады. Мақаланың мағынасына да, жазушының стиліне де автордың тірі кезінде шыққан газеттегі нұсқасы жақын келеді.

Жазушының 50 томдық толық жинағының бұл томына, жоғарыда келтірілген дәлелдерге сүйене отырып, мақаланың 1934 жылы “Социалды Қазақстан” газетінде шыққан нұскасын беріп отырмыз. Бірен-саран тыныс белгілері, орфографиялық қателері түзетілді. Мақала СССР Халық комиссарлар кеңесінің 1933 жылы 18 ақпанда жарияланған драмалық шығармалар конкурсы нәтижелерінің шығарылуына орай жазылған. Қазақстан Халық комиссарлар кеңесі де “Жақсы драма кітабына бәйге беру туралы” қаулы қабылдаған (“Социалды Қазақстан”, 1934 ж. 17 июль). Сонымен қатар М. Әуезов 1934 жылы июнь айында өткен бүкіл Қазақстандық I жазушылар съезінде драматургия жайында баяндама жасауға тиісті болғандықтан (“Драматургияның бүгінгі жайы мен алдағы міндеттері”, “Қазақ әдебиеті” — 1934 ж. 7 маусым) қазақ драматургтерінің шығармаларын түгелдей мұқият оқып шыққандығы анық. Бірнеше драмалық шығармалардың және театр, драматургия жайындағы сын мақалалардың авторы, Қазақ мемлекеттік драма театрының әдеби бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарушы (1932—1937 жж.) М. Әуезов көлемді мақалада қазақ драматургтерінің шығармалары мен аударма пьесаларға жан-жақты талдау жасаған. Мақалада бүкілодақтық және республикалық партия комитеттері мен халық комиссарлар кеңестерінің отызыншы жылдардың басындағы әдебиет пен театрға қатысты қабылдаған қаулыларындағы солақай идеологиялық талаптардың әсерінен социалистік реализм талаптарын орындау, өндіріс, шаруашылық тақырыбын көтеру, партия, кеңес қызметкерлерінің, жұмысшы, колхозшы, әскерилер образдарын жасау керек деген талаптар бар. Сөйте тұра көркем образ жасау мәселесіне келгенде автор драматургтерге шынайы көркемдік, реалистік талаптар қойған. Отызыншы жылдардағы театр, драматургияға арналған еңбектердің ішінде теориялық, танымдық қасиеттері жағынан алғанда ерекше құнды мақала.

1. 28-б. “**Суретті әдебиет...**” — көркем әдебиет.

2. 28-б. “**... бүкіл одақтық бәйге жариялады**” — жоғарыда айтылған драмалық шығармалар бәйгесі.

3. 28-б. “**... Киршон...**” — Киршон Владимир Михайлович (6.8.1902, Нальчик — 28.7.1938) — орыс кеңес драматургі. РАПП, ВОАП басшыларының бірі болған, “Чудесный сплав (Ажайып қоспа)” пьесасы аталған бәйгеде жеңіп шығып, 2-сыйлық алған (бірінші сыйлық берілмеген). Байсейітов Қанабек аударған “Астық (Хлеб)” пьесасы 1933 ж. 30 қаңтарда Қазақ мемлекеттік драма

театрында қойылған. Осы қойылым жайында М. Әуезовтің “Мемлекет театрында “Астық” пьесасы атты мақаласы “Қазақ әдебиеті” газетінің 1934 жылғы 10 қаңтардағы санында шыққан.

4. 28-б. “...**Корнейчуктың**” — Корнейчук Александр Евдокимович (12.5.1905, Киев губерниясы — 14.5.1972, Киев) — Украин кеңес драматургі, қоғам қайраткері, Украин ССР-ы Жоғарғы кеңесінің төрағасы, т.б. жоғары қызметтер атқарған. УССР ҒА (1939), СССР ҒА (1949) академигі. “Гибель эскадры (Эскадра қазасы)” тарихи-революциялық тақырыптағы батырлық драмасы аталған бәйгеде екінші сыйлық алған.

5. 28-б. “**Ромашовтың**” — Ромашов Борис Сергеевич (30.6.1895, Петербург — 6.5.1958, Мәскеу) — орыс кеңес драматургі, театр сыншысы, РСФСР өнеріне еңбегі сіңген қайраткер (1949), СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1947). Кеңес армиясының бейбіт күндердегі тұрмысын суреттеген “Бойцы (Ерлер)” пьесасы аталған бәйгең үшінші сыйлығын алған.

6. 28-б. “...**Джананның**” — М. Джанан армян драматургі, Сундукян атындағы драма театрының актері болған. Армян әдебиет тарихына қатысты еңбектерде “Шаһнаме” пьесасымен қатар “Рабочий дядя из востока” пьесасы аталады.

7. 28-б. “...**Кочерганың**...” — Кочерга Иван Антонович (24.9.1881, Нежин — 29.12.1952, Киев) — Украин кеңес драматургі. Украин ССР-ның еңбегі сіңген өнер қайраткері. “Ярослав Мудрый” драмалық поэмасының 1947 ж. Харьков драма театрындағы қойылымы СССР Мемлекеттік сыйлығын алған. “Часовщик и Курица (Сағатшы мен мекиен)” философиялық комедиясы аталған бәйгең бесінші сыйлығын алған.

8. 29-б. “**Майдан**” — Бейімбет Майлиннің пьесасы.

9. 29-б. “**Түрксіб**” — Ілияс Жансүгіровтың пьесасы.

10. 29-б. “**Тартыс**” — Мұхтар Әуезовтің пьесасы.

11. 29-б. “**Кек**” — Ілияс Жансүгіровтың пьесасы.

12. 12-б. “**Шабуыл**” — Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсіреповтың пьесасы.

13. 29-б. “**Шахта**” — Жұмат Шаниннің пьесасы.

14. 29-б. “**Забой**” — Жұмат Шаниннің пьесасы.

15. 29-б. “**Заман заңы**” — Құзайыр Жантiкеевтің пьесасы.

16. 29-б. “...**күйлі пьесадан**” — М. Әуезов музыкалық пьеса, опера терминдерінің орнына қолданған.

17. 29-б. “**Айман—Шолпан**” — либреттосын М. Әуезов, музыкасын И. В. Коцык пен Е. В. Брусиловский жазған опера.

18. 29-б. “**Шұға**” — либреттосын Бейімбет Майлин жазған опера.
19. 29-б. “**Колхоз тойы**” — авторы анықталмады.
20. 29-б. “**...Ілиястың...**” — Ілияс Жансүгіров.
21. 29-б. “**...Бейімбеттің...**” — Бейімбет Майлин.
22. 29-б. “**...Асқардың...**” — Асқар Тоқмағамбетов.
23. 29-б. “**Астық**” — жоғарыда айтылды.
24. 29-б. “**Досым**” — Н. Погодиннің “Менің досым” пьесасы. Аударған Қ. Байсейітов.
25. 30-б. “**Мстислав**” — Б. Пруттың “Жойқын князь Мстислав” пьесасы. Аударған М. Әуезов пен О. Беков.
26. 30-б. “**Сүңгуір**” — М. Тригердің “Сүңгуір қайық” пьесасы. Аударған О. Беков.
27. 30-б. “**Булычев**” — М. Горькийдің 1932 ж. жазылған “Егор Булычев және басқалары” атты драмалық шығармасы.
28. 30-б. “**Қорқыныш**” — орыс драматургі А. Н. Афиногеновтың пьесасы (1930).
29. 30-б. “**Желді кара**” — авторы анықталмады.
30. 31-б. **Гамлет** — Ағылшынның ұлы драматургі У. Шекспирдің “Гамлет” пьесасының кейіпкері.
31. 31-б. **Фауст** — немістің ұлы ақыны И.В. Гетенің “Фауст” шығармасының кейіпкері.
32. 31-б. **Чацкий** — орыс драматургі Н. Грибоедовтың “Ақылдан қайғы” комедиясының кейіпкері.
33. 31-б. **Хлестаков** — орыстың ұлы жазушысы Н. В. Гогольдің “Ревизор” комедиясының кейіпкері.
34. 31-б. “**...Михайлов...**” — В. М. Киршонның “Астық” пьесасының кейіпкері.
35. 31-б. “**...Гайлар**” — Н. Погодиннің “Менің досым” пьесасының кейіпкері.
36. 35-б. “**...функция қып көрсетуден**” — жасанды ғып көрсетуден деген мағынада.
37. 35-б. “**...максимал дәрежеде пайдаланған**” — толық дәрежеде пайдаланған деген мағынада.
38. 36-б. “**Еңлік—Кебек**” — М. Әуезовтің трагедиясы.
39. 36-б. “**Арқалық**” — Жұмат Шаниннің пьесасы.
40. 36-б. “**Қаракөздер**” — М. Әуезовтің трагедиясы.

Р. Әбдігүлов

“ҮЗІНДІЛЕР”

Мақала алғаш рет “Социалды Қазақстан” газетінің 1934 жылғы 24 қазандағы 251-санында жарияланды. Екінші рет жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 11-томында (“Жазушы”, 1969, 75—79-беттер) басылды.

Өзінің айтуынша мақала “байшыл, алашордашыл одағындағылардың салт-санасын әдебиет жүзінде іске асырушы кісі” саналып келгеннен кейінгі кезде жазылды. Жаңа қоғамға бет бұруы заманының мазмұны мен бағыт лебіне, стиліне лайық туындылар беруін талап етті. Жазушылардың бүкілодақтық тұңғыш съезінде дәуірден дәуір, тарихтан тарих ауысқан шақтағы ұлы дүбір сарынына үн қосып, талап биігінен шыға білгендерді атап айтты. Солардың ішінде миллиондардың қызығушылығын туғызған Алексей Толстойдың “Бірінші Петр” романының жоғары бағалануы бұлжымастай көрінген өзінің ендігі бағытын да, ой-ұстанымын да өзгертіп, жаңа арнаға бұрды. Кейінгі екі-үш жылы — “Октябрь үшін”, “Түнгі сарын”, оңтүстік сапарының нәтижесі саналар очерктері, “Білекке білек”, “Іздер” әңгімесі мен “Колхоз үшін күрес” романының жол-жобасын іздеумен ғана айналсоқтап келген болса, енді басқа да сала, басқа да өріс-қияға көз салып, ой жүгірту мүмкіндігін көлденең тартты. Мұның өзі Ресей мен Еуропаның арғы-бергі замандардағы романшыларының техникалық, шеберлік үлгілерін байқап, саралап көруге кірістіріп те жіберді; сондағы назарға алдымен іліккендердің легіне Поль Бурже, Шатобриан, Альфред де Мюссе, Бенжамен Констан, Бульвер Литтон Стендаль, Диккенс романдары жатады.

Қаламгерді сол романшылардың шындықты, болмысты суреттеу тәсілдері, оқиғаны тартысты дамыту, кейіпкерлер мінезі мен бітімін сомдау алуандықтары қызықтырды: “Атала немесе қос жабайының махаббаты” (Шатобриан) сияқты екі кісімен шектелген роман жазуға болатындығын да көрді. Осылардың көпшілігінде романтикалық сарынның басым жатқаны байқалды, мысалға, бұл Бульвер-Литтон романдарында кең көрініс тапқан және оның шығармашылығы өз тұстастары (Диккенс те бар) мен кейінгі буындардың көпшілігіне ықпалы күшті болды. Оның өзінің алғашқы туындыларына серілік, готикалық романдардың әсер еткендігі сезіледі; онда жұртшылықты елең еткізерліктей қылмыс тақырыбы қозғалды, келе-келе тарихи, соңынан әлеуметтік тұрмыс тақырыбындағы романдар жазуға ауысты. Тылсым, жұмбақоқиғалы

готикалық романдар Еуропада XVIII ғасырдың екінші жартысында көріне бастады, оның бір ұшығы Литтонға келіп жалғасты. Осы романдардың үрейлі де қорқынышты оқиға желісіне көбінесе бір әулеттің ұрпағы тұтас тартылып, шырмауына шырмалып, кейде жоғалып, жойылып кетіп жатады; неге екені белгісіз, мұндай шығармаларда әлдене қамал, бекініс-сарайлар — сол тылсым оқиғаларды тудырушы ошағы ретінде суреттеледі. Х. Уолпол (1717—1797), У. Бекфорд (1760—1844), Клара Рив (1729—1807), У. Годвинг (1759—1936), Ф. Берни (1752—1840), Мария Эджуорт (1767—1849), Джейн Остин (1775—1817) осы сала романдарын жазудың үздік шеберлері саналды, ал осы бір қайғылы да қасіретті, әрі еңсені басар ауыр тақырыпқа барғандардың көпшілігі әйелдер екендігі таң қалдырады.

М. Әуезов ағылшын, француздың сол заман жазушыларының шығармашылығына көз салғандағы мақсаты тек үйрену, не болмаса үлгі алу үшін ғана емес, әрқайсысының суреткерлік таңдау-толғауындағы ерекшеліктерін білу болды. Солардың санаулы адамдармен ғана шектелетін романдары өзін оншалықты тарта қоймайды. Әлем әдебиетінде кісісі ең көп шығармалар тудырған Шекспир мен Толстойды өз бейіміне жақын көретін жазушының ойлайтыны — кең ауқымдылық, психологиялық тереңдік. Осы орайдағы пікірлерін Толстой мен Достоевскийге қатысты бұдан бұрынырақта жазған өмірбаяндық жазбаларында “адам жанын қойма ақтарғандай ақтарған” жазушылар деп білдірді. Солардай психологизмге тереңдеп бармаған соң, жалаң, тақ-тұқ жазушылықта мән жоқ деп қарады: “Мына екеуіне қарағанда өзің де ұяласың, өзің үшін де ұяласың, жан құдайының алып жұртын көргендей болып кішірейіп, тапталып қаласың” дейтіні де, белгілі бір шындық ауқымында байланып қалмайтын диапазон кеңдігі шым-шытырықты стиль қалыптастыратын сапаны да, үлкен әдебиетке айналдырар үлкен прозаны жасай аларлық қуатта осыларды терең ұғынудан шығатындай көрінетіні де сондықтан.

Съезде де, баспасөз беттерінде де жақсы пікірлер туғызған А.Толстойдың “Бірінші Петр” романы жазушыны Абайдай тұлғаны таңдауына алып барды. Бұл таңдау — жоба-жоспарлары жасалып қойған дүниелерін былай ысыртты да, ол туралы романдарына керекті деректерді жинауға кірістіріп те жіберді. Осылайша “Үзінділер” өзінің ішкі ой-дүниесінен хабар берген жаршысы сияқтанады, ойлары мен қадамдарын “кенжелемей, шабандамай, жай ғана Қазақстанның сыртқы суреттерін ғана

көрсететін этнографиялық әдебиетше болмай бастас, тең тұс әдебиет болуды проблема қып қойған болады. Мұрат қылатынымыз да — осындай табыс” дегендерімен бекіте түседі.

1. 38-б. **“Иван Грозный Мәскеуіне шейін баратын тарих тоңын аударып жатыр”** — Иван IV Васильевич Грозный (1530—1584) — самодержавияны нығайтуға, мемлекетті бір орталыққа бағындыруға бар күшін салған патша. Ол өзі патшалық еткен кезде Қазан, Астрахан хандықтарын, Үлкен Ноғай ордасы мен Сібір хандығын тәуелді етті, Мәскеудің астаналық мәртебесін нығайтты. 1712 жылы Санкт-Петербургке көшуіне байланысты ол астаналық салмақтан айырылып қалды.

2. 38-б. **“қалың қатпарларын пролетариат балғасы мен шапқысы”** — Шапқы — балтаның бір түрі, ұзынша, жалпақтау болып келеді. Бұл жерде орақ мағынасында қолданылған.

3. 38-б. **“Бұрынғы “Ресей жүрегі” болған Мәскеу”** — 1918 жылдың 12 наурызында кеңестік үкімет Петроградтан Мәскеуге көшіп келді. 1922 жылдың 22 желтоқсанында Кеңестер Одағының астанасына айналды.

4. 38-б. **“Алексей Толстойдың “Бірінші Петрі”** — Осы кезде романның бірінші кітабы ғана жарық көрген еді, үш кітабына 1941 жылы А. Толстой (1883—1945) Сталиндік сыйлық алды.

5. 39-б. **“үлкен тұрғыдай боп ойды алатын үшінші бір белгі — съездегі Горький сезі”** — Кеңес жазушыларының I съезі 1934 жылдың 17 тамызы мен 1 қыркүйегі аралығында өтті. Съезд М. Горькийдің кіріспе сөзімен ашылды және ол “Совет әдебиеті туралы” деген тақырыпта баяндама жасады. Съезге Қазақстаннан: І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Б. Майлин, С. Мұқанов, І. Қабылов, Ғ. Тоғжанов, М. Баталов, Х. Закиров делегат болып қатысты. Жарыссөзде І. Жансүгіров сөз сөйледі.

6—10. 40-б. **“Француз бен ағылшынның ерте кездегі шебер романшылары: Поль Бурже, Шатобриан, Альфред де Мюссе, Бенжамен Констан, Бульвер-Литтон сияқтылардың шығармалары еді”** — Бурже Поль Шарль Жозеф (1852—1935) — “Азаптың жұмбағы” (1885), “Шәкірт” (1889), “19 ғасыр өспірімінің тарихы” (1901), “Өлім мәні” (1915), “Кезең” (1902) атты романдардың авторы. Шатобриан Рене де (1768—1848) — “Рене немесе құмарлық іздеушілер” (1802), “Надчездер” (1821) деп аталатын романдарымен белгілі. Мюссе Альфред де (1810—1857) — “Ғасыр перзентінің өсиеті” дейтін жалғыз романымен аты қалды. Оның бұл туындысы Пушкин, Толстой, Горькийлердің назарын аударады. Констан

Ребек Бенжамен Анри (1767—1830). Оның есімін белгілі еткен “Адольф” атты романы, Адольф романтикалық бейненің үздігі саналды, ақылымен де, қайратымен де, прогрестік іс-әрекеттерімен де кейінгі қаламгерлерге елеулі ықпал жасаған. Бульвер-Литтон Эдуард Джордж (1803—1873). Оны замандастары ақсүйектік қоғамның көркін асырған сәнді жазушы деп бағалады. “Пәлем” (1828), “Юджин Эрам” (1832), “Помпейдің соңғы күндері”, “Соңғы барон” (1843), “Гарольд — соңғы саксондық” (1848) романдары өткен ғасырда үлкен сұранысқа ие болған шығармалар.

11, 12. 40-б. **“Дүние классигінде кісісі көп екі ұлы жазушы — Шекспир мен Толстой”** — Бұл екі суреткердің кейіпкерлері көптігін екі-үш қана адамы бар романдардың кездесетініне салыстырма ретінде қолданып отыр.

13. 40-б. **“Бірі — Стендаль, екіншісі — Диккенс”** — Бірі француз (Стендаль), екіншісі ағылшынның (Диккенс) XIX ғасырдағы атақты жазушылары.

14. 41-б. **“өз заманымызда тұтас колхозды тегіс алатын Шолохов”** — Бұл жерде М. Әуезов колхоз тақырыбындағы М. Шолоховтың “Көтерілген тың” романының бірінші кітабы (1932 ж.) туралы еске алып отыр.

Он екі томдықта — “Болевер”, “Альфред” (77-бет) деп, қате басылған атаулар, енді “Бульвер”, “Адольф” болып түзетілді.

Т. Әкім

“ҚЫЗ ЖІБЕК” ҚАНДАЙ?

Бұл мақала 1934 жылы “Социалды Қазақстан” газетінің 24 қарашадағы санында шыққан. Кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 17-томында басылды (25—27-беттер). Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Ұлттық кітапхананың сирек басылымдар қорында сақталған газет номерінде мақаланың соңғы жағы жыртылған. Газет бетінің макетіне қарағанда, “Қыз Жібек” операсында Бекежан партиясын орындаған Құрманбек Жандарбековтың суретінің астындағы “Бидің, қазақы баяғы әншілердің өз беттерімен...” деген сөздерден кейінгі бір-екі сөйлем жоқ сияқты. Қазақ театры тарихындағы ерекше оқиға деп бағаланған “Қыз Жібек” операсының премьерасы 1934 жылы қараша айының 11-де болған. Либреттосын Ғ. М. Мүсірепов, музыкасын Е. Г. Брусиловский жазған. Қоюшы режиссері М. Насонов, суретшісі А. И. Ненашев, билерін қойған А. А. Александров. Қойылымдары үлкен табыспен өтіп, халық сүйіспеншілікпен қабылдаған. Музыка театрының директоры Қанабек Байсейітұлы қойылым дайындалып жатқан кезде “Қазақ әдебиеті” газетінің 1934 жылы 3 қазанда шыққан санында басылған “Қазақстан музыка театры” мақаласында (Қазақстан жазушыларының 1-съезінде жасалған баяндама): “Қыз Жібек” театрдың қояйын деп отырған үшінші постановкесі. “Қыз Жібекті” көпке мәлім бұрынғы “Қыз Жібек” атты поэманың негізінен алып жазған Ғабит болатын. Ғабит бұл пьесасын бұрынғы поэмадан әлдеқайда көркем, әлдеқайда оқиғасын байытып, жақсы жазған. Егер театр көңілдегідей қылып қойса, “Айман—Шолпан” мен “Шұғадан” әлдеқайда артық болып шығады”, — деп хабарлады. “Қазақ әдебиеті” газетінде (1935, 23 ақпан) Жазушылар ұйымының жетекшілігімен Қазақ педагогикалық институтында өткен “Қыз Жібек” пьесасы туралы айтыстың материалдары жарияланды. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов, Жұбанышұлы, Айманұлы, т.б. пікірлері берілген. Айтыс Мүсіреповтің лиро-эпос сюжетіне енгізген өзгерістері, әменгерлік салт, музыка жайында болған. Осы материалдардың ішінде М. Әуезов мақаласы профессионалдық талдауымен, нақтылығымен ерекшеленеді. Мақала бұл томға жазушының 20 томдық шығармалар жинағындағы (17-том) нұсқасы бойынша берілді. Бірен-саран пунктуациялық, орфографиялық өзгерістер енгізілді.

1. 42-б. “**Ән-күй театры...**” — Опера және балет театры (Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік Ленин орденді академиялық опе-

ра және балет театры). 1933 жылы Алматыда Музыкалық студия ретінде құрылған. 1934 жылдан Музыкалық театр, 1937 жылдан Қазақтың опера және балет театры. 1941 жылдан академиялық театр. 1945 жылы Абай аты берілді. Театрдың шымылдығы 1934 жылы 13 қаңтарда М. Әуезов пен И. В. Коцыктың “Айман—Шолпан” музыкалық драмасымен ашылды.

2. 42-б. **“...үш белден асты...”** — Музыкалық театр М. Әуезовтің “Айман—Шолпаны” (13.01.1934) мен Б.Майлиннің “Шұғасынан” (02.06.1934) кейін “Қыз Жібекті” қоюын айтып отыр.

3. 42-б. **“...наркомпрос...”** — Халық ағарту комиссариаты.

4. 42-б. **“Жұмат”** — Жұмат Шанин Тұрғынбайұлы (1892, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Желтау маңы — 26.02.1938). Қазақтың тұңғыш маман режиссері, драматург. Ұлттық театрдың негізін салушылардың бірі. Қазақ АССР-ның Халық артисі (1932). Жиырмасыншы жылдары Семейде “Ес аймақ” ұйымын құрып, өзінің “Арқалық батыры” мен С.Сейфуллиннің “Қызыл сұңқарларын” қойған (1922). 1926—1932 жылдары Қазақ драма театрында, 1932—33 жылдары Қырғыз драма театрында (Бішкек) режиссер болды. 1934 жылы ашылған Музыкалық театрды ұйымдастырушылардың бірі болды. 1936—37 жылдары Орал Музыка театрын ұйымдастырып, басшылық жасады.

5. 42-б. **“...оның коллективі...”** — Музыкалық театрдың коллективі.

6. 42-б. **“...Александров”** — А. А. Александров (шын фамилиясы Мартиросьянц, 03.02.1891, Петербург — 25.12.1955, Алматы) — балет бишісі, балетмейстер. 1933 жылдан Музыкалық театрдың (Қазақтың опера және балет театры) балетмейстері. “Шұға” музыкалық драмасы мен “Қыз Жібек”, “Жалбыр”, “Ер Тарғын” операларының билері мен сахналық көріністерін қоюшы.

7. 42-б. **“Брусиловский”** — Е. Г. Брусиловский (12.11.1905, Дондағы Ростов — 09.05.1981, Мәскеу). Композитор. Қазақ ССР-ның Халық артисі (1936). Қазақ профессионалдық музыкасының негізін салушылардың бірі. 1933 жылы КСРО Композиторлар одағының жолдамасымен Алматыға келген. 1933—34 жылдары Музыкалық драма техникумында, 1934—38 жылдары қазіргі Опера және балет театрында жұмыс істеді. 1939—56 жылдары Қазақстан композиторлар одағы басқармасының төрағасы, Қазақ филармониясының көркемдік жетекшісі қызметін атқарды. Ол қазақтың халық музыкасының негізінде жазылған “Қыз Жібек”, “Жалбыр”, “Ер Тарғын” операларының, т.б. әр жанрлардағы

көптеген музыкалық шығармалардың авторы. Көптеген халық әндерін, күйлерін жазып алған. Алматы консерваториясында ұзақ жылдар ұстаздық қызмет еткен.

8. 43-б. **“...Шараның шығыстары...”** — Шара Жиенкұлова (08.08.1912, Алматы — 1993). Қазақтың тұңғыш профессионалды бишісі. Қазақ ССР-нің Халық артисі (1938). Артистік қызметін Қазақ драма театрында бастап, 1934 жылы Музыкалық драма 426 театрына (қазіргі опера және балет театры) ауысқан. Мұнда М. Әуезовтің “Айман—Шолпан” музыкалық драмасында, В. В. Великановтың “Қалқаман—Мамыр” (сценарийін М. Әуезов жазған) негізгі рөлдерді орындаған. Басқа да шығармаларда биші ретінде негізгі рөлдерді орындап, қазақ биін дамытуға зор үлес қосты. Ұлттық би кадрларын дайындау саласында көп еңбек етті. 1968 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алды. Көптеген орден, медальдармен марапатталған.

9. 43-б. **“Ненашев”** — А. И. Ненашев (05.01.1903, Тамбов — 28.09.1967, Алматы) — театр суретшісі. Қазақ ССР-ның өнеріне еңбегі сіңген қайраткер (1954). 1933—1965 жылдары Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрының бас суретшісі. “Айман-Шолпан” (1960), “Абай” (1962), т.б. опералар қойылымдарын безендіріп, декорацияларын жасаған.

10. 43-б. **“...қызтекелеу...”** — психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерінде екі жыныстық (ер, әйел) белгілері бар, негізінде ер адам бейнесіндегі адамдарға қатысты айтылатын “қыз теке” сөзінен. Медицинадағы “термофродит” терминімен тәркіндес ұғым. Мұнда көбіне мінез-құлқында әйелдерге ұқсас белгілері бар жастау ер адамдарға айтылатын (психологиялық, физиологиялық ауытқуы жоқ) термин ретінде.

11. 43-б. **“...күйші...”** — бұл жерде композитор, сазгер ұғымында.

12. 44-б. **“...опера сияқты күйге сәйкестеуде...”** — опералық жанрдың талаптарына сәйкестендіру мағынасында.

13. 44-б. **“...дертеден...”** — ат, өгіз, т.б. күш көліктерін арба, шанамен жалғастыратын сырық ағаштар.

14. 44-б. **“...сезілмейді...”** — мақала шыққан газеттің шеті жыртылған. Мақаланың осы сөзден кейінгі жері жоқ. Газет макетіне қарағанда, бір-екі сөйлем болса керек.

Р. Әбдіғұлов

АБАЙ ӨМІРБАЯНЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ НҮСҚАСЫ (1927—1933)

“АБАЙДЫҢ ТУЫСЫ МЕН ӨМІРІ”

Әуезовтің бұл еңбегі 1933 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген Абайдың тұңғыш толық шығармалар жинағының соңында латын әріптерімен басылды. 1964 жылдан кейін 1997 жылы Алматыдағы “Санат” баспасында филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазуымен басылым көрген “Абайды білмек парыз ойлы жасқа” атты кітаптың 97—181-беттерінде екінші рет жарияланды. Абай шығармаларының жоғарыда көрсетілген жинағындағы жалпы бұл басылымның емлелік қателері көп болып, текстологиялық жағынан сапасы мүлде төмен болып шықты. Екінші басылымда осы текстологиялық, емлелік қателер түзетіліп, авторлық мәтінге ешқандай өзгертулер ендірілместен, сол бастапқы қалпына келтірілді. М. Әуезов шығармаларының елу томдық шығармалар жинағына осы екінші басылым негізінде, ешқандай текстологиялық өзгеріс ендірілместен, бастапқы қалпында жіберіліп отыр.

Абайдың осы ғылыми өмірбаяны абайтану тарихында келелі ғылыми зерттеу ретінде танылып, абайтанудың іргелі саласы ретінде бағаланып жүр. Абай өмірбаянын жазуға алғаш рет түрен салып, жүзеге асыруға ат салысқан зиялы қауым өкілі Әлихан Бөкейханов (Абай Қунанбаев [некролог]. Семипалатинский листок, 1905, № 250—252). Кәкітай Ысқақов (Абай (Ибраһим) Құнанбайұғлының өмірі, Санкт-Петербург, 1909. Бастырған Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары), Нұх Рамазановтар (Абай Қунанбаев (1945—1904). Восточный сборник в честь А. Н. Веселовского. М., 1914, стр. 224—226) болса, 1924 жылы Семей қаласында Абайдың қайтыс болғанына жиырма жыл толуына орай Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі өткізген салтанатты кеште Ғаббас Халелов Абайдың өмірбаяны туралы баяндама жасады. 1924—1927 жылдар аралығында “Абайдың туысы мен өмірі” деген атпен Мұхтар Әуезов тұңғыш рет Абайдың толық өмірбаянын жазып шықты. 20—30-жылдары қазақ мектептеріне арналған әдебиет оқулықтарының шыға бастауымен бірге ол оқулықтарға қысқаша мәлімет ретінде Абай өмірбаяны туралы дерек-мағлұматтар да беріліп тұрды. Абай өмірбаянын толықтырып қайта жазу талабы да осы тұста алға қойылды. Бірақ ақын өмірбаянын толықтырып жазу үшін деректердің болмауы, Абай өмірін жақсы білетін көне көз қариялардың сиреп кетуі қол

байлауға айналды. Осы жағдайды жақсы сезінген М. Әуезов: “Биография оның олқылықтары, Кәкітай (күнделік, хат, мемуарлардың болмауы, тіпті, ол кезде мерзімді баспасөздердің жоқтығы), ауызша естеліктер”, — деп қол байлау болатын кемшіліктерді тезис түрінде болса да, көрсеткен еді.

Ұлы ақын мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу жолындағы М. Әуезовтің алғашқы күрделі де белсенді әрекеті Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу үшін жаңа деректер көзін іздестіруге арналды. М. Әуезов сол кездің өзінде-ақ ақын өмірі мен шығармаларының аса жетік білгірі ретінде танылып үлгерген еді. Ташкент, Ленинград қалаларында оқи жүріп те Абай мұрасын зерттеу, ауызша деректер көзін жинастырудан қол үзбейді. Осыған орай 1924 жылдың желтоқсанында Семей қаласында өткен Абайға арналған әдеби кеште ақын туралы естеліктер айтып, оны қағаз бетіне түсіруге төтенше мән береді. Сол себепті де: “Менің жұмысым жинастыру сияқты. Әуелі оның өмірін зерттедім... Көптеген деректер тобын жинастырдым. Көкбаймен, атамен, Ділдәмен, ақынның достары, жауларымен жеке-жеке кездестім... Көкбай, Ділдә, Айгерім, Нұрғаным, оларды көрдім, әңгімелестім (Сонда. 398-папкі, 27-бет), — деп ескертуі де жай нәрсе емес-ті. Өйткені Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу үшін келешекте қандай жол ұстанарын алдын ала айқындап алады. Бұл жолдағы көздеген мақсатын жүзеге асыруды мықтап қолға алып, төтенше әрекетке түскен қалпын көреміз. Іздену жолында Абай өмір сүрген кезде болған ірі саяси-әлеуметтік оқиғалардың ақын шығармаларында бейнелену ерекшелігіне мән бере қарауы осыны аңғартады. Абайдың: “Өлсем орным қара жер сыз болмай ма”, — деген өлең тармағы, ой жібере қарасақ, Мұқырдағы оқиға мен оған дейін болып өткен Оспан мен Оразбай арасындағы жанжалдан туындағанын аңғарғандай боламыз. “Болды да партия” деген өлеңі де жоғарыда аталып өткен оқиғалардың елесін береді.

Абайдың дүниетанымы мен ақындық өнер жолында рухани жағынан іштей түлеп өсуі мен ондағы өзгерістердің сыры да шаң бергендей болады. Мұның өзі байыптай үңілген кісіге Абай шығармашылығының ол ғұмыр кешкен заманның қойнауында болып өткен қоғам өміріндегі өзгерістермен ұштастыра қарайтын жағы басым жататынын аңғартады. Абай өмірбаянын жазу үстінде биограф тарихта болып өткен оқиғалар ізін қазақ қоғамының ұлттық, әлеуметтік ерекшелігіне айрықша мән бере қарауы себепті, этнографиялық көріністер мен рулық салт-санаға байланысты туындайтын белгілер де мол қамтылып отырады. Мысалы Абаймен тікелей не жанама түрде қарым-қатынаста болып өткен адамдарды білу үшін оның қай жерде өмір сүріп, қай рудан

шыққанына дейін білу қажет еді. Қазақ хандығы жойылып, оның орнына Ресейдің отаршылдық ел билеу жүйесі енген заманда тарих сахнасына шыққан Құнанбай мен Абай жасаған дәуірдегі ел билеу жүйесіне енген жаңа атауларды да білу шарт болатын. Міне, Абай өмірбаянын жазуда осы аталып өткен ерекшеліктерді ескермей кетуге болмайтындықтан, биографтың жан-жақты ізденуіне тура келді.

Абай өмірбаянын зерттеу жолында ғалым, әсіресе, бұл іске тарихшы ғалым тұрғысынан назар аударып: “Ақындардың өмір тарихын білсек, соның әрқайсысы өмір сүрген заманның тірі пішінді белгісін тауып алғандай боламыз” (“Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры. 185-папкі, 5-бет), — деген еді. Абай өмірбаянын жазу үшін оның алдында өмір сүрген Құнанбайдың заманын білу қажет болды. Өйткені қазақ даласы отарланып, қазақ елі бодандық қамытын киген соң, ел билеу жүйесінде түбірлі өзгерістер болып жатты. Хандық құрылыс негізінде қалыптасқан ел билеу жүйесі тарих сахнасынан кетіп, оның орнына Ресей патшалығының отаршылдық жүйесі өмірге ене бастады. Отаршылдық жүйе әу бастан-ақ қазақ елін ыдыратып, бірінің басын біріне қоспай, бөлшектеп билеуді жөн көрді. Осы себепті біртұтас қазақ халқын үшке бөліп үш орталыққа бағындырды. Кіші жүзді өз алдына бөліп тастап, оның саяси-әкімшілік орталығын Орынборға қаратты. Орта жүзді түгелдей бағындырып алған соң, Омбы қаласын оның орталығы етті. Ұлы жүзді жаулап алған соң, олардың орталығы Ташкент қаласы болды. Бұл өлкедегі жағдайға қарай ел билеу жүйесінде де өзіндік ерекшеліктер орын алды. Ал, бұл кезде орта жүздегі ел басқару тәртібі өзгеріп, ел билеудің аға сұлтандық жүйесі орнықты. Құнанбай билік басына келгенде, патшаның отаршылдық саясатты ендіріп осы ел билеу жүйесімен істес болды. Ал, Абай ер жетіп билікке араласқанда, ел билеудің аға сұлтандық жүйесі өмір сүруін тоқтатып, оның орнына ел билеудің болыстық жүйесі орныққан еді. Қазақтар үшін билік шеңбері ауыл аумағынан аспай, болыстық билікпен шектелді. Бірақ болыстық ел билеу жүйесі территориялық принципке негізделіп жүргізілді. Мұндағы саяси мақсат ру-ру болып жіктеліп, билік мәселесі осы рулық-ақсақалдық жүйе бойынша қалыптасқан қазақтың ірі рулық қалпын талқандап, күйретуде жатты. Абай өмір сүрген дәуірде болған бұл сияқты өзгерістердің тарихын терең танып білмейінше, Абайдың өмірін және шығармаларының басты сарынын дәл танып, терең білу мүмкін емес еді. Алдына қойылған осы талаптарға байланысты М. Әуезовтің Абай өмірбаянын жазған тұста тарихшы болмасына амалы қалмады. Биограф қазақ халқының тарихы мен ұлттық болмысын терең білудің үстіне Абай өмір кеш-

кен замандағы қазақ қоғамында орын алған саяси-әлеуметтік оқиғаларды да тұтастай білу, онда болып жатқан өзгерістердің тарихын да жіті танып білмесе, Абайдың ғылыми өмірбаянын жазып шығудың өзі асуы қиын белге айналар еді.

Қазақ әдебиеті тарихында бұрын-соңды белгілі ақынның ғылыми өмірбаяны зерттеліп жазылмағаны былай тұрсын бұл салада соқпақты із де салынбаған болатын-ды. Тыңнан жол салып, төтелей омбылауға тура келді. Қажет деген дерек көздерін ғұмыр бойы жинастырып, өмірбаян жазылған сайын жетілдіріп толықтырып, екшеп отырды. Міне, осындай қат-қабат қиыншылығына қарамай, 1924—1927 жылдар аралығында ақын өмірбаянының тұңғыш нұсқасы жазылды.

1. 45-б. 97-бет. **“... қай қазақ болса да, өзінің тегін, кем қойса, жеті атаға шейін біледі”**. — Қазақ халқының салт-дәстүрінде ата тегін білу, ру шежіресін ажырата танып-білуге жете көңіл бөлінген. “Жеті атасын білмеген — жетімдіктің белгісі” деген күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан мақал да бар. Бұл мақалдың терең танымдық, тарихтық мән-мағынасы: қазақ елі ислам дінін ұстанса, өз дәстүрін бұзбай, қыз бен жігіттің, міндетті түрде жеті атадан асып барып қана қосылуына рұқсат етілген. Ислам дініндегі арабтар ішкі неке салтын ұстанса, қазақтар сыртқы неке салтын ұстанып келеді. Ғылымда мұны экзогамиялық неке, эндогамиялық неке деп атайды, яғни, қазақ тіліне аударғанда, “іштей” және “сырттай неке” деп аталады. Абайдың “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы” деген еңбегінде “Есім салған ескі жол” деген заңды ескертіп өтетіні бар. Орыс ориенталистері мен Ыбырай Алтынсариннің пікірінше, жеті атадан өтіп барып қана үйлену заңын кейбір билік басындағылар бұзғанда, соған қарсы қолданған шараны заң ретінде Есім хан қалыптастырғандықтан, “Есім салған ескі жол” деп аталып кеткен екен. Туыстығы жеті атадан асып кеткен екі жақ қыз беріп, қыз алу үшін, аталған заңға сүйеніп, ала арқан керісіп, рудың ең жақсы үлкен дуалы ауыз кәриясы арқанды кесетін болған. Мұның мағынасы: ала арқан кесілген соң арадағы туыстық кетіп, құда-жекжат болысқан. Шамасы: қазақ халқының сырттай неке салтын ұстануының түп төркіні өмірі мал шаруашылығымен өткен халық мал тұқымын асылдандырудың тәжірибесіне жетік болғандығында жатыр. Генетикалық тұрғыдан тұқымды жақсартудың осы тәжірибесі келе-келе олардың сырттай некені қабылдауына алып келген болар. М. Әуезов мәселенің төркінін терең білуі себепті, Абайдың ата тегін сөз еткенде ұлы ақынның да осы заңдылыққа орай ақын өмірін жеті атасынан бермен қарай қайыратыны бар. Болмаса, “жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер” деген халық танымын терең білген Абай

шығармалары мен Шәкәрім шежіресіне жастай қанығып өскен М. Әуезов Абайдың ғылыми өмірбаянын жазуда руы жағынан ар жағы Арғыннан Абайға дейінгі Тобықты шежіресіндегі аталар есімін құр санамалап өтудің қажеті аз деп білген. Өйткені Абай шығармаларына негіз болған өмір шындығы мен ұлы ақын араласқан саяси-әлеуметтік ортада жасаған адамдарды танып білуге, осы жеті атадан бермен қарай білсе, жеткілікті деп қараған. С. Мұқановтың еңбегіне жазған пікірінде: “Ата-тек, ақын өскен органы екі-үш атадан бері заман арқылы көрсетсе болады. Одан арғының ақын өмірбаяны үшін түк қажеті жоқ” (Мұхтар Әуезов. Абайтану дәстүрінің дерек көздері. Алматы: “Санат”, 1997, 311-бет) деп көрсеткен болатын.

2. 46-б. “**Күшік**” — тарихи деректер мен шежірелерде бірде “Күшік”, бірде “Кішік” аталатын Тобықтының үлкен руы. Ырғызбайлар осы рудан таралады. Бір кездері Абай осы Күшік Тобықтыларға болыс болып, ел ісіне араласқан. Кішіктің арғы аталары Тобықтыдан бермен қарай тартылғанда, Сарының баласы Кішіктен Өнет бабаң шығады.

3. 46-б. “**Ырғызбай**” — Ырғызбай Айдосұлы (1744—1785) Абайдың үшінші атасы. Тобықтылар қалмақ-қазақ соғысында қоныс аударып, бірер жыл Ырғыз өзенін жайлаған кезде туғандықтан, баланың атын Ырғызбай деп атап кеткен. Шешесі Айпара балаларына сын айтқанда: “Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым”, — десе, кейін ағайыннан оза туып, түйе палуан атанып, Кеңгірбай бидің тәрбиесінде болып, ел ісіне жастай араласқан. Тобықтыларды Сыр бойынан қазіргі Шыңғыстауға бастап алып келушілердің бірі де осы Ырғызбай болған. Шәкәрім өзінің шежіре кітабында: “Ырғызбай — біздің төртінші атамыз хәм Абылай ханмен жолдас болған”, — деп жазуына қарағанда, заманында Ырғызбай — сол тұстағы қазақтың басынан өткен ірілі-ұсақты оқиғаларға араласқан қалың жұртқа танымал қабырғалы би.

4. 46-б. “**Ақтабан шұбырындыдан кейін Арқаға қарай сырғып ауған**” — деп М. Әуезов Тобықтылардың Сыр бойынан үдере көшіп, қазіргі Шыңғыстауды қоныстану кезеңін меңзеп отыр. Бұл оқиға қалың қазақтың басқыншы қалмақтардан атамекен туған жерін тазартып, ысыра қуған заманында өткен тарихи оқиғамен ұштасып жатқан ортақ құбылыстың бір көрінісі десе, болғандай. Осы шындық көріністі Дулат ақын “Ата қоныс Арқадан” деген өлеңінде:

Сол бетімен шұбырып,
Торғайдай тозып Сыр түсті.
Туған жерді көксетер
Халықта сөнбес сыр күшті.

Есін жиып алған соң
Бозбала үйде жатпады...
Кемеліне келген соң
Арқаны қазақ көкседі...
Арқадан айдап қалмақты,
Оңы — күн, солы — ай болды.
Қара суы май болды...
Шалшық суы көл болды,
Құрамалар ел болды, —

деп, қазақтың тарих көші туралы шындықты дөп басып жырлап өткен еді. Сырдан ауып, Шыңғыстауға қоныс тепкен Абайдың арғы аталары — Тобықтылар да осы тарих көшінің бір буыны болатын-ды.

5. 46-б. **“Айдос”** — Олжайдың үш баласының бірі. Айдостың Айпара дейтін бәйбішесінен төрт баласы болған. Сол төрт баланың бірі — Ырғызбайдан Абай ұрпақтары тарайды.

6. 46-б. **“Көтібақ”** — Кішіктің төртінші баласы Әйтектен туған Олжайдың Айдосынан тарайтын төрт баласының үшінші баласы осы — Көтібақ.

7. 46-б. **“Торғай”** — Айдостың баласы. Аумалы-төкпелі заманда Торғай өзенінің бойында дүниеге келуі себепті атын “Торғай” деп қойған. Торғайдың алты баласы болған. Бұлардан тараған ұрпақтар — Абай заманында болып өткен түрлі оқиғаларға қарым-қатысы болып, мидай араласқан ағайын туыстар. Айпара ананың: “Тоқпақ жалды торы айғыр — Көтібағым” деп сипаттаған баласы қалмақ-қазақ арасындағы жаугершілік заманында, ел көші-қонды болып қоныстарын жиі ауыстырған заманда, Көтімалды деп аталатын өзен бойында қоныстанған кезде дүниеге келуі себепті баланың атын Көтібақ қойған.

8. 46-б. **“Жігітек”** — Олжайдың үшінші баласы, Абайдың аталас туыстары. Тобықты шежіресінде Жігітекті “Жандос” деп те атайды. М. Әуезовтің Абай мұрасы туралы жазған еңбектерінің бәрінде де Жігітек деген атаумен беріледі. Тобықтының атақты биі — Кеңгірбай (1735—1825) Жігітектің бірінші әйелінен. Жігітек ұрпақтарының Абаймен замандас болғандары сол дәуір оқиғаларына белсене араласып, ұлы ақынмен әр қилы қарым-қатынаста болғаны, әсіресе, М. Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясындағы Базаралы, Балағаздардың іс-әрекеттерінен анығырақ байқалады.

9. 46-б. **“Кеңгірбай”** — Абайдың үшінші атасы — Ырғызбайдың ұстазы, Тобықтының айтулы биі. Қазіргі Мойынқұм ауданына қарасты Кеңгір өзені бойында тобықтылардың Сырдан Арқаның Шыңғыстауына бет алып көшкен кезінде осы өзен бойында 1735

жылы дүниеге келгендіктен, болашақ биге “Кеңгірбай” деген ат қойылған. Кеңгірбай тоқсан жасында 1825 жылы дүние салған. 1825 жылы Ши бойында Кеңгірбайға арнап бейіт орнаттырады. Кеңгірбай бидің бейіті басында Абай жиі болған. Байкөкше ақынға “Кеңгірбай би” деген дастан да жаздырған. Кеңгірбай би тарихымен жастай қанық болып өскен Мұхтар абайтану саласында жазған зерттеулері мен көркем туындысы “Абай жолы” эпопеясында Кеңгірбай би мен оның ұрпақтары жөнінде баяндайтыны бар.

10. 46-б. **“Топай”** — Айдостың төрт баласының бірі. Осы баласы туралы Айпара ана: “Ары да кетпес, бері де кетпес — Топайым”, — деген. Топайдан тараған ұрпақтар Абаймен ағайын-туысы ретінде аралас-құралас өмір сүрген. Абай өз заманында олардың көбімен тікелей қарым-қатынаста болған.

11. 47-б. **“...құн дауы”** — Адам өлтіруге, не он екі мүшесінің бірі мертiгуге байланысты алынатын құнның ғасырлар бойы қалыптасқан өз мөлшері болған. Қазақ арасындағы дауды билер шығарған үкімде құнның әділетті немесе әділетсіз шешілуі де мүмкін. Бірақ дауға байланысты биліктің жария түрде болуы әрі құн туралы халықтың заңды жақсы білгендігінен бидің билікті бұрмалай беруге жүрегі дауалай бермеген. Құн дауы жөнінде Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынбор қаласында басылым көрген “Мұсылмандық шарты” деп аталатын кітабының “Адамның құн бағасы һәм әрбір мүшенің құны” деп аталатын тарауында құн дауы туралы деректі әрі нақтылы мағлұматтар жүйеленіп, қысқаша түсініктермен берілген (Қараныз: Шәкәрім Құдайбердіұлы. Мұсылмандық шарты. Алматы, 1993, 74—76-бб.).

12. 47-б. **“Өскембай”** — Абайдың атасы Өскембай Ырғызбайұлы (1778—1850) — Тобықтының атақты биі. Оны ел билеудің айла-тәсіліне баулыған — аталас туысы Кеңгірбай би. Ырғызбай бәйбішесі Зереден (шын аты — Токбала Бектемірқызы, керей Ер Жәнібек батырдың қарындасы) екі ұл, бір қыз бала сүйген, тоқалынан сегіз ұлы болған. “Абай жолы” эпопеясындағы негізгі кейіпкерлердің бірі — Майбасар осы тоқал әйелінен еді. 1822 жылы шыққан Сібір қазақтарын билеу заңына мойын ұсынып шыққаннан кейін Өскембай 1826 жылы генерал Броневскийдің бұйрығымен старшын атанған. Өскембай 1850 жылы қайтыс болып, сүйегі Бекенші өзені бойындағы қорымға қойылады. 1849 жылы аға сұлтан болған Құнанбай Көкшетау жеріндегі Көкжайдақ деген жерде әкесіне ас береді.

13. 14-б. **“...керей Ер Жәнібек”** — Керей руынан шыққан атақты батыр, Абайдың түп нағашы атасы, Зеренің ағасы.

14. 47-б. **“Мырзатай”** — Ырғызбайдың екінші баласы, төрт әйелінен сегіз ұл көрген. Ұрпақтары ата-мекенінде өмір сүруде.

15. 47-б. **“Күнту ақын”** — Кеңгірбай заманындағы қазақ ақындарының бірі. Кеңгірбай қартайған кезде туыстары оған арқа сүйеп, елге сыйымсыз тентек-сүйер болып, тіпті Кеңгірбайдың тілін алмайтын болған. Олардың осы қылығын Күнту ақын Кеңгірбайдың өзіне “Алпыс асып, жетпіске бағындың сен” деген өлеңмен жеткізген екен.

16. 48-б. **“Алпыс ақын”** — Кеңгірбай би өзі үміт күткен туысы Өскембайды би етіп, батасын сол тұстың танымал ақыны — Күнту: “Керасқақтың кемелі — Кеңгірбайым... Бесті айғырдай сақылдап Өскембайым”, — деп сипаттайтыны бар.

17. 48-б. **“Сыбанғұл деген төренің”** — Өскембайдың мінез-құлқының бір қырын білдіру мақсатында биограф Өскембайдың адамшылық, кеңпейілдік қасиетін аңдату ретінде, Сыбанғұл төренің жалғыз баласы қайтыс болғанда, өз бауыры өлгендей егіле жылап көңіл айтуын келтіреді.

18. 49-б. **“Мәмбетай”** — туралы Абай өмірбаянында Өскембайдың мінез-құлқы жайында әңгіме етілген тұста ғана оның адуын қылығына мысал ретінде, ашу үстінде Мәмбетайдың мұрнын кесіп алғанын ел аузынан алған дерек бойынша келтіреді. Мәмбетай туралы басқа жерде ешқандай дерек-мағлұмат ұшыраспайды.

19. 49-б. **“...сыбағасы”** — қазақтың ертеден қалыптасқан үлкенді сыйлау, ақсақалды құрмет ету тәлімінен келіп шыққан ескі салттарының бірі. Ауыл жайлауға көшкенде, жаңа қоныс тепкенде, ағайын-туыс араласпай тұра алмайды! Міне, осындай жағдайда үлкен кісілерді, атақты би мен батырларды құрмет етудің бір түрі — оларға сыбаға сақтап, арнайы күтетін болған. Қонақжай қазақ үйге келген құдайы қонағына да, қой не тай сойып, жолына қарай мүшелеп сыбаға беретін болған. Келе-келе сыбаға ел билеуші хан, сұлтан, аға сұлтан, тіпті болыс-билерге де сыбаға деп сый тарту әдеті болған. М. Әуезов бұл арада сыбағаның осы түріне байланысты әңгіме қозғап отырғанын аңғарамыз.

20. 51-б. **“Тума Токпақ”** — Тобықты елімен қатарлас жатқан қазақ руларының бірі. Өмірбаянда Тума Токпақ руы барымта жасап, тобықтылардың жылқысын қуып әкеткенде, артынан қуып барған қолдың ішінде Құнанбай да болып, қолға түсіп, Тума Токпақтардың қолында тұтқында қалған.

21. 51-б. **“...мойнына салған бұршағы”** — қазақтың ауырған аяулы адамын аман алып қалудың жолында жан ашып бауыры не ата-анасы мойнына бұршағын салып, өзі содан айналып, не басқа біреуді садақа етіп тәңірісі мен аруағына мінажат етуінен көреміз. Мысалы, Өскембай қатты ауырғанда, амалы құрыған оның әкесі — Ырғызбай Мырзатай деген баласын Өскембайдан айналдыру әрекеті де осыны көрсетеді.

22. 51-б. **“Нысан абыз”** — “Абыз” деп қазақтар көріпкел әулие, алдағыны болжағыш, көреген ақыл иесін айтатын болған. Нысан абыз — тарихта болған. Тобықты руының ішінен шыққан, Бұқара қаласында рухани білім алған, елден алыста бөлек жеке дара жасайтын әулие кісі. Нысан абыз әулие образы тобықтылар ішінде жырланған “Еңлік—Кебек” дастанында, кейіннен М. Әуезовтің “Еңлік—Кебек” пьесасы мен “Қарагөз” трагедиясында беріліп отырады.

23. 51-б. **“Қыдырдай болса...”** — Қысылғанда дем беріп жақсылыққа бастайтын жебеуші күш деген ұғымды береді. Халық арасында бата бергенде “Жолдасың Қыдыр болсын, Қылған ісің оң болсын” деп тілек білдіріп жатады. Қыдыр, әсіресе Ясауидің “Диуани хикметтерінде” көп айтылады. Қазақтың батырлар жырларында да орын алған киелі ұғым.

24. 52-б. **“1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан ұстау”** — Ресей отаршылдарының қазақ хандығын түпкілікті жою үшін және ел билеу жүйесін өздеріне жақындату мақсатымен уақытша қабылдаған саяси айла-шарғысы болатын. Тәуелсіз өмір кешкен қазақ халқын отаршылдықтың бұғауына біртіндеп үйрету үшін ел билеу тізгінін бірден қысқартпай, ұзын арқан, кең тұсаумен шырмап ұстау мақсатымен қазақтарға биліктің уақытша өкірік деңгейін ұстатқан. Ол билікті аға сұлтандық орынға сайланған қазақ өкілі жүргізген. Алғашында аға сұлтандық орынға төре тұқымынан шыққандар сайланды. Кенесары көтерілісінен кейін патша отаршылдары төрелер қарсылық ете берген соң, енді билік басына қара қазақтан шыққандарды да сайлай бастады. Осындай жағдайда 1849 жылы Құнанбай Қарқаралы өкірігіне аға сұлтан болып сайланып, оны қазақтар: “Қарадан туып хан болған, айырдан туып нар болған”, — деп марапаттап кеткен еді.

25. 52-б. **“өкірікке”** — Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ даласында патша үкіметі ендірген әкімшілік атау. Мұсылмандық шығыста ертеде дуан, дуанбас деп аталған. Бұл атау орыстың “уезд” деген атауымен қарайлас келеді. Мысалы, Құнанбай аға сұлтан болған Қарқаралы дуаны Қарқаралы уезі дегенді білдіреді. Уезд немесе дуан кейіннен округ деп те атала беретін болған. Мысалы, Аягөз дуаны 1860 жылы округтік мекемеге айналса, соңыра уезд аталды.

26. 52-б. **“өкіріктік приказ”** — округтік мекеменің атауы. Бұйрықпен осылай аталғаны себепті “өкіріктік приказ” деп аталып кеткен басқарушы орын.

27. 52-б. **“Майыр”** — Бұл жөнінде бұдан бұрынғы томның түсінігінде айтылды.

28. 52-б. **“Құсбек, Жамантай”**. 7-томның түсінігін қараңыз.

29. 52-б. **“Қазақ әрекеді болса оңбайды, төре берекелі бол-**

са, оңбайды” — деген сөз патша үкіметі аға сұлтандыққа төрелер, қазақ араласа бастаған тұста айтылған сөз.

30. 52-б. **“... тас салуға”** — болыстық сайлауында болысты сайлау үшін елубасыларының дауыс беру түрін айтады. Әрбір елубасы қолына ақ шар мен қара шар алып, болысты жақтаса ақ шарын, қарсы болса қара шарын жәшікке білдірмей салатын болған. Осыны қазақ тас салу деп атап кеткен.

31. 53-б. **“Қарадан хан болған”** — деген сөз көбінесе Құнанбайдың Қарқаралы дуанына аға сұлтан болып сайлануына байланысты айтылған. Өйткені бұл орынға бұрын тек төрелер ғана сайланған. Міне осы дағды бұзылып, патша үкіметінің төрелерге деген сенімі өзгерген соң аға сұлтандыққа қазақтар сайлана бастағанда, “Қарадан туып хан болған, Айырдан туып нар болған” деп мадақталатын.

32. 53-б. **“Сыбан Кеңесбай”** — Сол кездегі елге танымал, сөзшең, ділмар кісілердің бірі. Қайтыс болар алдында баласы Жарқымбайға өсиет айтқанда: “Төремен ел болса, екінші ел арасында сөз болса, Сабырбайға ақылдаспай іс қылма. Басыңа орыс орманнан үлкен іс келсе, қарадан хан туған Құнанбайға ақылдаспай іс қылма”, — деп табыстауынан Құнанбайдың патша үкіметінің заңын жақсы білгенін айғақтап отыр. Мұндай пікірді Құнанбаймен әңгімелескен поляктың айтулы ұлы Янушкевичтің хаттарынан да ұшыратамыз.

33. 53-б. **“Балта ақын”** — Арқаның аты шыққан айтыс ақыны. Абай өмірбаянын жазу үстінде М. Әуезов ол ақынның Құнанбайға айтқан “Атың шыққан Үрімнің қақпасындай” деген өлеңінен үзінді келтірген. Балта ақын бұл өлеңін 1851 жылы Өскембайдың асы өткен тұста айтқан. Ел аузында Балта мен Шөже ақынның Алшынбай мен Құнанбайдың алдында айтқан айтыс өлеңі жатталып қалған. Ол айтыста Шөже ақын Алшынбай мен Құнанбайды қатты сынап, Балта ақын жеңілгенін мойындайды.

34. 53-б. **“Атың шыққан Үрімнің қақпасындай”** — Балта ақынның Құнанбай әкесі — Өскембайға Көкшетауға барып, 1851 жылы ас бергенде айтқан өлеңі.

35. 54-б. **“... Ел ортасында жан беруді тоқтатқан”** — Құсбек төре аға сұлтан болған кезінде ел ішінде ұрлықты қатты тыюмен бірге, “ел ішінде жан беруді де тоқтатқан” деген сөз бар. Жан беру — ел арасында талас, тартыс болып, іс шиеленісіп насырға шапқан кезде, өзін ақтау үшін бір жағы істің ақтығына көз жеткізу үшін “Мен бұған мен жанымды беремін”, — деп ант ететін болған. Мұны М. Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясындағы Қодарға байланысты оқиғадан да көреміз.

*М. Мырзахметұлы,
филология ғылымдарының докторы*

“АБАЙ ТУРАЛЫ КӨКБАЙ АҚСАҚАЛ МЕН БАЛАСЫ ТҰРАҒҰЛДЫҢ ЕСТЕГІЛЕРІ”

М. Әуезовтің бұл зерттеуі Абай шығармаларының 1933 жылы “Қазақстан” баспасы шығарған толық жинағының 386—402-беттерінде жарық көрді. Бұл алғашқы толық жинақ, оны жинап баспаға дайындаған, өмірбаянын және қосымшаларын жазған Мұхтар Әуезұлы, жинақты қарап шығып, сөз басын Ілияс Жансүгірұлы, баспа атынан беташар сөзді Тайыр Жароқұлы жазған. Одан кейін 1939, 1940 жылдардағы толық жинақтарында ықшамдалып, жазушының жүз жылдық мерейтойы қарсаңында, филология ғылымдарының докторы, профессор М. Мырзахметов құрастыруымен шыққан “Абайды білмек парыз ойлы жасқа” атты кітапта (“Санат”, 1997, 158—176-бб.) басылды. Қолжазбасы сақталмағандықтан, кейінгі жарияланымдары сол 1933 жылғы басылымымен салыстырылды.

Жинақтың соңғы “Түсіндірме қосымшалар” деген бөлімінде “Абайдың туысы мен өмірі” деп аталатын зерттеу еңбегінің бірінші нұсқасы, Көкбай мен Тұрағұлдың естеліктері орын алған. “Абай жазған кейбір өлеңдердің қай кезде, не себепті айтылғаны туралы түсіндіру қосымшалары” (323—328-бб.) қарасөздерден соң берілген.

Жалпы бұл ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты алғашқы естеліктер, көп жыл бірге қатар жүріп, ең жақын, сенімді достарының біріне айналып кеткен Көкбай мен өз ұлы Тұрағұл айтқан әңгімелер ақын болмысына қатысты шындықтар легінің басы болып саналады. Осындай бастаманы жазушы бұдан кейін де жалғастырды, әсіресе, Абай жөнінде роман жазу ойы туғаннан кейін бұны одан да ары дамыта түсті. Ақын өмірбаянының бірінші нұсқасына жалғастырып Көкбай мен Тұрағұлдың естеліктерін берсе, екінші нұсқасын Тұмабай Надамбайұлы, Мадияр Түсіпұлы, Мұсылманқұл Жиреншеұлы, Қатпа Қорамжанұлы, Әрхам Ысқақұлының естеліктерімен толықтырды. Тұтас алғанда алғашқы толық жинақтың басылымы қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымы тарихында айтып жеткізгісіздей мәні зор еңбек болды. Бұнда 1909, 1922 жылдарғы басылымдармен салыстырғанда көлемі екі еседен де артты, қаншама жаңа дүниелермен толықты; осыны жан-төнімен құлай берілгендіктің, тынымсыз инемен құдық қазғандай ізденістердің нәтижесі десе де болады. Өмірбаянына қатысты шашыранды деректердің ұлғайтылып, осындай дүниеге келтірілуі — кейінгі жемісті зерттеулердің бағдаршамына ай-

налды. Екінші басылымына дайындығының қандай болғандығы алғашқы басылымына енгізген түзетулерінен, толықтыруларынан, алдыңғы тұжырым-пайымдауларын жаңаша саралауларымен шығармаларына көптеген өзгерістер енгізулерінен, қаншама сөздерді өз орнын таптыруларынан да анық көрінеді. “Абай жазған кейбір өлендердің қай кезде, не себепті айтылғаны туралы түсіндіру қосымшаларын” да жаңа деректермен толықтырды. Ақын шығармашылығы мен өмір-тірлігінің қыр-сырын жақсы, әрі көп білетін Көкбаймен тағы да әңгімелесіп, білгендерін тағы да толық етіп алып қалудың орайы келмеді, көп ұзамай оның дүниеден өтіп кеткені қатты өкіндірді. Осы сияқты әрқайсысының бастарына түскен қилы кезеңдер Тұрағұлмен де ой бөлісуге мүмкіндік бермеді, бірақ, бұрынғы айтқандарын толықтыра түскендегі жазбаларын ол жазып қалдыра алды.

Ленинград университетінде оқып жүрген жерінен шақыртылған М. Әуезов 1924—1925 жылдары Семейдің КазПед техникумында сабақ берді. Осы кезде Абайдың қайтыс болуының 20 жылдығын атап өтуді ұйымдастырып, негізгі баяндаманы да өзі жасады, қосымша сөзді Жұмат Шанин мен Халел Ғаббасовтар сөйледі. Көріп-білген, сезіп-түйгеннен туған естегілерін Көкбай сол жиында айтқан. М.Әуезовтің қолқалауы, осы жиынның ой салуынан жазылған Тұрағұл естелігі көп жылдар қозғаусыз жатып, тек 1993 жылы ғана филология ғылымдарының кандидаты Б. Бисенғалиевтің дайындауымен “Ана тілі” баспасынан басылып шықты. Оның алғашқы абзацы мынадай сөйлемдермен басталады: *“Менің әкемнің биографиясына керекті сөздерді жинамақшы болған азаматқа менің әкемнің жалпы әдеті, мінезін, салтын көрсетуге замандасының бір жолыққандағы қалпын, түрін, киген киімін, отырған-тұрғанын, сөйлеген сөзін, я қуанған, я ашуланғанын жазбағы қажет екен. Менің әкемнің замандасында қаламға үйір, көрген-білгенін қағазға түсірері аз болған соң, амалсыз өзім жазбақты мойныма алдым. Әйтпесе, әкесінің әдет-ғұртын баласы жазбағы, менің білуімше, солақай секілді”*.

Мен бұрын мұндай сөзді жазып, я жазған адамның кітабын оқып, танысқан емес едім. Бір күнгі, бір жердегі көргенімді есіме алып жазғаныммен, сұраушы азаматтың көңіліндегі арманын ақтай алғандай емеспін. Сондықтан әкемнің өзім, өзімнің білген қадерімше жалпы мінезін алыстан алып, кең толғап жазғым келеді. Бұл сөзді керек қылған сұраушы азамат, өмір-дерегіне

қатысты сөздерді жинамақшы болған азамат деп отырғаны, әрине, Мұхтар Әуезов. Бұл естеліктер ақынның өмірін, шығармашылығын зерттеуде, романдағы бейнесін сомдауда болсын — басты дерек көздеріндей көрінді.

Көкбай да, Тұрағұл да Абайдың ықпалында, тәрбиесінде болып, ақыл кеңесімен өз беттерінше оқыған, ізденген, өздері де оны-мұны жазған шәкірттері. *“Менің өзімнің де бес ауыз болса да білгеніме әкемнің осындай алыстан үміт қып қуанатұғын көңілі себеп болды. Әйтпесе мұнан да ары шірік болып қалғандай едім”,* — дегенінде осындай жәйттердің шындығы жатыр. Көкбай шын мәнінде Абайдың ақындық айналасының ірі өкілі, ол ұстазының тапсыруымен “Сабалақ”, “Қандыжап” дастандарын және өлеңдерін жазды, ал Тұрағұл М. Горькийдің “Челкаш”, А. Неверовтың “Мен өмірге жерікпін”, Дж. Лондонның “Балалық туралы ертегі”, “Балалы әйел не білуі керек” дегендей шығармаларды аударды, өлеңдер де жазды. Әрине, олар жазған дүниелердің бәрі бірдей бүгінге жетті дей алмаймыз.

Түпнұсқа ретінде саналатын алғашқы толық жинақ пен 1997 жылғы басылымды салыстырғанда мынадай қателіктердің кеткендігі көрінді: *“бағын да — уағында”, “Туралы болма деп — туралы деп”, “бертін — бөлетін”, “Мақыштың — Нақыштың”, “Кетіп — келіп”, “діні — дін”, “Тасдиқат — таслиқат”, “ақылдың суық сынынан — ақылдық суық сыннан”, “қорықпақ пен сүймек” — “қорқу мен сүймек”, “ауылдарын бір жерге жайлатқысы — бәрін бірге жайлатып алып жүргісі”, “Жасымда — жас кезімде”, “Тезезден атып өлтірді — атып өлтірді”.*

Мыналар мәтінге енгізілмей, қалып қойғандар: *“Күндізгі келген ел арасының бас адамдары да ойынға кіріп кетеді”.* (170-б.), *“Ұзақ уақыт мәжілістес болып отыра алмайды. Ондай адамдармен”, “Иә бір үлкен жұмыс кездесіп қалмаса”, “Тикісі келгенде өз алдында ішуге рұқсат қылатын. Кейде”.*

Т. Әкім

“АБАЙ ЖАЗҒАН КЕЙБІР ӨЛЕҢДЕРДІҢ ҚАЙ КЕЗДЕ, НЕ СЕБЕПТІ АЙТЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНДІРУ ҚОСЫМШАЛАР”

Бұл Абайдың 1933 жылы шыққан толық шығармалар жинағының 323—328-беттерінде басылды. Мұнда ақынның 33 өлеңінің жазылу, туу тарихы баяндалды. Кітап болып шыққаннан кейін бұларға қосқан тағы да төрт өлең жайындағы сөздер сол жазылған күйінде қалып қойды.

34. **“Саудайы-ай, сауды алмадың-ау”** деген өлеңі. Бұдан бұрынғы баспада Дүйсенкұлға арналған екен. Бұл Абайдың Жұмыртқашыл деген ағасының күйеуден қайтып кеп отырған ауру қызын алса керек. Өзі бұрын қатын тастаған болса керек. Және қатын тастағанда қыз алмай, байсыз отырғанды алады екен. Сонысын да мысқыл етіп айтқаны.

35. **“Сап-сап көңілім”** — Абайдың жігіт шағынан қалған өлеңінің ең көлемді, ең көріктісі. Бұның толық басылып отырғаны осы. Бұрын бұл өлеңді жас кезінде құмар болған бір әйелі — Сүгірдің қызына айтылған екен деуші еді. Соңғы Тұмабайлар айтқан әңгіме бойынша бұл өлең Сүгір қызы емес, Сүйіндік қызына арналған көрінеді. Құнанбай-Жігіттең жаулығының тұсында Абайдың қауіп-қатерге қарамай, бейнетпен барып жолығып жүретін әйелі осы. Ерболмен достығы да осы қыз арқылы болған. Және Тұмабай айтуынша, бұл өлеңдегі қыз Сүйіндік қызы екенін дәлелдейтін:

Қыз ағасы Әділбек,
Ұстап ап дүре салмай ма? —

деген бір-екі жол да бар екен. Жалғыз-ақ кейінгі айтуда ол жолдар түсіп қалыпты. Біз орнын білмегендіктен, ол жолдарды өлең ішіне кірістірмедік. — М. Ә.

36. **“Әкімбай өлгенде”** деген өлең — дәлді Әкімбай өліміне арналған ба, жоқ басқа біреудің өліміне айтылған ба — осы күнге шейін анық емес. Әкімбай Абайдың баласы, Ділдәдан туған. Бұны Ысқақ асыраған, соның қолында жүргенде, жас шағында өлген екен. Сөз қисынына қарағанда өзінің ет бауыр жақыны туралы айтқан өлең сияқтанғандықтан, айтушылар Әкімбай деп ұйғарған.

37. **“Өзім әңгімесі”** деген әңгімелі жырды бұның алдындағы жинақта да басып едік, қазір де басып отырмыз. Бас жағында біраз өлеңдеріне қарағанда бұл Абай шығармасы сияқты емес, әлсіз де, үстірт те көрінеді. Бірақ Тұраш Абайдың басылмаған сөздерін

жиғанда осыны да Абайдікі болуға тиіс деп әкеп кіргізген еді. Оның дәлелі осы өлеңді тауып беруші Ырсайұлы Ысқақ деген. Абайдың жақын туысқаны бұны даусыз Абай сөзі депті. Ысқақ ерте күннен Абай сөзіне ұқыпты боп, көп жинаған туысқанның бірі екен. Ол Абай бұны ерте уақытта өлең етіп, бір жазған соң қарамай тастаған еді, мен сол уақытта жиыстырып алғам дейді екен. Өлеңнің бас жағында кездесетін шикілеу жерлер ескіріп, жыртылып қалған жазудан Ысқақтың я шала көшіріп, я шала ұғынып, өз жанынан төлеу салып айтқан жері болса да ғажап емес” (Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. 1933, 32—28-беттер). Латын әрпіндегі бұл қолжазбаны кітаптағы жарияланымның соңғы жағына жапсырған.

Алғашқы толық жинақты 1997 жылғы басылыммен салыстырғанда мына төмендегілердің түсіп қалғандығы көрінді: (“атап сайлану”, “Бұл туралы да Көкбай естелігінде мағлұмат молырақ. — М.” (177-б.), “Бұл туралы да Көкбай естелігінде толығырақ айтылған. — М. (177-б), “Бұл туралы да Көкбайдың естелігінде бірталай сөз бар, — М.” (178-б), “Бұл туралы Абайдың өмірбаянын қара. — М.” (178-б.), “Осы бір жылы Абай аулына келіп, Абайдың өз үйінде болғанда, өзінің құрдасы, Абайдың баласы (немересі) Дубәкірдің үйінде айтқан” (181-б.). Мына сөздер: “Салбұрынға — салынуға, Абайды — Абай, Қабиилла — Жабиолла” деп қате басылған. Елу томдыққа барлық басылымдар салыстырылып, қалпына келтіріліп барып жіберілді.

Т. Әкім

“ЖУАЛЫ” КОЛХОЗШЫСЫ”

Үш-төрт жылдық үзілістен кейін дүниеге келген бұл еңбек “Социалды Қазақстан” газетінің 1933 жылғы 20, 23 қарашадағы сандарында жарияланды. Содан қайтып ешқайда жарық көрмеген очерк жарты ғасырдай уақыт өткенде ғана барып, жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 8-томынан (Алматы, 1981, 5—13-беттер) орын алды. Елу томдық академиялық толық басылымға осы соңғы нұсқасы газеттегі басылымымен салыстырылып, жіберіліп отыр.

Жазушы өміріндегі үш-төрт жылдық үзіліс дегеніміз 33 жылдар аралығында болды және бұл жалпы халық, әсіресе, қазақ халқының басына түскен ауыр да қайғылы кезеңмен тұспа тұс келді; ал осы бір аса ауыр, күрделі кезеңнің алды-артындағы саяси, әлеуметтік хал-ахуал сараланбай жазушыны барғызған тақырып сыры ашылмайды. Бәріне тоқталмай-ақ бергі ВКП(б) XV съезінің шешімдеріне сәйкес Қазақстан Өлкелік партия комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесінің 1928 жылы 27 тамызындағы байлардың шаруашылығын конфискелеу жөніндегі декретінің өзін ғана алса, ондағы асыра сілтеушіліктер ел арасына қаншама берекесіздік туғызды. Конфискеге іліккендердің басына туған қара күн Орталық комитеттің сайлаушыларға арнаған үндеуіндегі “... империалистік державалар тарапынан күшейе түскен сыртқы қысым жағдайында және елімізді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру саясатымызға капиталистік элементтердің қарсылығының өсуіне байланысты бұл елдердің өз ішінде тап күресінің шиеленісті жағдайында” деген сөздерінен кейін ақыл-ой иесі саналғандарға да туды. Сыртқы қысым дегені жай ғана сөз болып шықты, қысымды да, жауды да іштен іздеу басталды.

Дәл осы тұста Қазақстандағы ұлт кадрларын даярлау, оларды көптеп қызметке тарту, оның функцияларын орындауда қазақ өкілдерін немесе қазақ тілін білетіндерді тарту туралы декрет тармақтары көп көңілінен шыққан бастама ретінде қабылданып, оны шын ықылас-ниетпен жүзеге асырғысы келгендер — жау іздеудің желігіне елірген шовинист елірмелер тарапынан феодал байлардың билігін қалпына келтіруді, көшпелі тұрмыс салты мен экстенсивті мал шаруашылығын сақтауды көксеушілер және индустрияландыру мен отырықшыландыру қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін бұзады деп партия саясатын бұрмалаушылар ретінде айыпталып қудаланды, қамалды, тіпті атылды да. Осылардың қатарындағы М. Әуезов жаңа өмір, жаңа қоғам, жаңа құрылыс тақырыбына қалам тартам деген уәдемен (бұл қадамға

Ахмет Байтұрсыновтың ақыл-кеңесімен барды деген де сөз бар) босанып шықты. Ол бұған дейін жаңа құрылысты мойындамады. Бұл жөніндегі ойын: *“Жекелеп айтқанда байлар мен ру басыларын конфискуелеудің қажеттілігін іштей қабылдамадым. Үкіметтің колхоз, совхоз құрылысының тұсында істеген берік ұлы шараларына да басында сенімсіздікпен қарап, қарсы болдым. Сол сияқты Қазақстанда өндіріс құрылысының кеңінен өріс алуына да сенбем едім”*, — деп білдіреді.

Екі жыл түрмеде болған шағында Қазақстанның шаруашылығы мен экономикасы мейлінше құлдырады және байырғы қазақ жұрты жартысына жуығынан айырылғанда, оңалмастың шегінен асқан жағдайына жеткенде ғана барып, Орталық Комитет (1932 жылдың 17 қыркүйегі) ауыл шаруашылығы, соның ішінде Қазақстандағы мал шаруашылығы жөнінде қаулы қабылдады. Келесі жылдың ақпанында Өлкелік партия комитетінің пленумы болып, онда қызметінен босаған Ф. И. Голощекиннің орнына Л. И. Мирзоянды сайлады.

Жаңа басшылық көшпелі, жартылай көшпелі аудандардағы ауыл шаруашылығы артельдерін қайта құрып, жерді бірлесіп өңдеу, мал шаруашылығы серіктестіктерін жетілдіру, колхоздарды ұйымдық, шаруашылық жағынан нығайту, материалдық әлауқатын көтеру және қоғамдық өндірісті дамытуға ынталылығын арттыру шараларын қолға алды. Осы жылдың шілдесінде өткен екпінді колхозшылардың бүкілқазақстандық I съезінде колхозшылар азық-түлік қиыншылықтары мен көлік жетімсіздігі, жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі ойларын ортаға салды, тіпті съездің үндеу хатына “Қазақстанда малы жоқ бірде-бір колхозшы қалмасын” деген жолдар да енгізілді. Осыған ілесе өткен пленумда ауылды коллективтендіру, ауа көшуді тоқтатып, көшпенді халықты отырықшыландыру, бұрмалаушылықтарды болдырмау, коллективтендіруді қарқынды жүзеге асырамыз деп, орынсыз асығушылыққа жол бермеу, жан-жаққа тарап, босып кеткендердің бастарын біріктіріп еңбекке баулу, өндіріс орындарына тарту мәселелері көтерілді. Өнім беретін малды шамадан тыс қоғамдастырудың орын алғандығы және қабілетсіз ауыл шаруашылығы артельдерінің де молдау құрылғандығы сыналды. Осының барлығы қалт-құлт, қараң-құраң күн кешкен елге жомарт қолдың үйіп-төгіп бере салған ағыл-тегіл сыйы секілденді.

Жақсылық, жаңалық атаулыны жұрттың бәрінен бұрын сезініп, бәрінен бұрын қабылдайтын қаламгер қауымы торығуға айналған жұртшылық көңіл-күйіндегі үмітті серпілісті өз көздерімен көріп, өз жандарымен сезіну үшін ел-елге аттанды. Бейімбет Майлин Жітіқара, Қарабалық аудандарына, Сәбит Мұқанов Қарағанды шах-

терларына, Қалмақан Әбдіқадыров Түркістан мақташыларының арасына барды.

Дәл осы тұста М. Әуезов Ілияс Жансүгіровтің “Дала” поэмасын (қазақшадан орысшаға), А. Афиногеновтің “Қорқыныш”, В. Эвальдтың “Құрылыс материалдарын” аударуды аяқтаумен бірге Абайдың екі томдық толық жинағын бастыру үстінде еді. Оның редакциясын да өзі басқарды. Жан-жақты зерттеу нәтижесіндегі дерек-мәліметтерден тұратын көлемді өмірбаяны (“Ақынның туысы мен өмірі”) осында берілді, ақын мұраларының жартысына жуығы үлкен пайым, үлкен білімпаздық көрегендікпен алғаш рет, орын-орнына қойылып, бастапқы қалпына келтірілді. Бұларға мектеп балаларына арналған “ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” (6-класс) оқулығы қосылғанда айналасы бір жылдың ол жақ, бұл жағындағы уақыт ішінде қыруар істердің басын қаусырғандығына көз жетеді. Ал, көркемдік әлеміндегі бет-бағдарын әлі де айқындай алмай жүргенде ақын-жазушылардың жанағыдай ел өмірінің, дем-тынысының қалың ортасынан табылуға ұмтылуы қозғау салды да, солардың бірі болып, ол да Қазақстанның оңтүстік өңіріне аттанып кетті және олардың сол бір игі бастамалары “Социалды Қазақстан” газетіндегі *“Қызыл кітап” деп аталатын редакциялық мақалада: “Мына жолдастар 24 октябрьде колхоздарға жүріп кетті... Әуезұлы Жуалы ауданы, “Красный восток” колхозына барады*”, — деген хабарлама арқылы бүкіл елге жаңалықтың жақсы нышанындай жария етілді. Тіпті өзінің шығармашылық ерекшеліктерімен жұртшылық назарын бірден аударған аса талантты жас Саттар Ерубаев осы жөнінде “Мұхтардың колхозға баруы” деп аталатын жазбаларында жылы лебізін білдірді (Саттар Ерубаев, “Менің құрдастарым”, А., 1979, 362-363-беттер). Бұл жерде С. Ерубаевтың құр болжам, құр елестетулермен шектелмегендігі, олардың жоспарлары жөнінде бір-бірімен өзара пікір-ой алысқандығы және әңгімелес, сұхбаттас болғандығы көрінеді. Саттар өзінің осындай суреттемелерін Қ. Әбдіқадыровтың сапарына қатысты да жазды.

Ел аралап қайтқан сегіз жазушының алдағы ойларын ортаға салғандағы хаты (“Мирзоян жолдасқа ауылға барып қайтқан жазушылардан хағ”) жарияланды. М. Әуезов осында өзінің “Колхоз үшін күрес” деп аталатын роман жазбақ ниеті барлығын білдіреді. Бірақ ол уәде — уәде күйінде қалды, тіпті онысынан сол кездегі “Тұман айығарданың” жоба-эскизі секілді белгі де қалмады. Бір бұл емес, проза, драма саласында қоса-қабаттасып жоспарланып қойған біраз дүниелеріне қайта қайырылмай — бірте-бірте ыңғай бейіміне лайық көрінген басқа тақырыптарға ойысып кетті.

Сол сапарында жазылған жолжазбаларына “Жолдан” деп (араб

әрпінде) ат қойған. Енді сол жазбасын (ара-арасында орыс тілінде жазылғандары да бар) аздаған қысқартулармен өз калпында ұсынып отырмыз.

“ЖОЛДАН”: “Шұқырбұлақ”. Колхоз бастығы Сартай. Үй іші. Бірнеше ауыл советке аудан бастық қып сайлаған, болмай қайтып кеткен. Колхозында, орнына сайлы. Колхозшылармен арасы үй кісісіндей.

Ванновкеге қарай. Қалдыбай, Ырысбек, Мәмбет. Ванновкемен екі арадағы көпірді түзетуге барады. Ырысбек Қызыл күрең, денелі, көңілді, дауысы қатан, өз-өзіне сенімді, істі баурай кетеді. Ат айдасының өзінде де иелік, сенімділік екпіні бар. Жіті-жіті ақ тістерін ақсита күліп-күліп қояды, ударник, бір бұзаулайтын сиыр алған. Бұның алуына ешкімнің таласы жоқ.

Қалдыбай: Мені орташаның баласысың деп бермеді түгі. Әкем жеті жасымда өлген еді. Жетім болсам, қызын... қыс бетіммен жан бағып кеткен ем. Мен тегі бір-бір жұмысқа біреуге олай істе дегізбейім. Қызын... Істеуін де, бастауын да білемін.

Жалқаулар бар, істей алмаса солар істей алмайды. Біз өзіміз жүда-әм ешқандай орысыңнан кем істемейміз.

Қатыным, балам бар. Балам 12-13 жаста. Қыс оқуын оқиды. Жаз, көктемде егісте, асқабақ, лаблама, картоп, маркоптарыңның бәрін өзі зыр айналдырады.

Қатындарымыз орыс қатыны істегеннің бәрін істейді. Білмейім деп тұрмайды, жүде өнерлі боп алды.

Бір ешкім бар. Лағы жоқ. Соның сүті болады. Тамағымда — ең жақсы асқабақ. Мен ерте қамтып былтырлар қырық асқабақ қамдап ап ем. Көктемде сол алып шықты.

— Уа, тамақтың асылы ғой бұ асқабақ. Жүгеріге қосып быламық қылсаң, уыз боп тұрады.

Осы күні тамағымыз тоқ боп күліп-ойнап жүріп істейміз тіпті. “Иә түрлерің жақсы. Ылғи “тепсе темір үзетін” деген сендер емеспісіндер?!”

Мәмет: біздің Шұқырбұлақ Жуалыдағы қазақ колхозының алды. 750 гектар астық ектік. Қам қылғаны, күндізгі істен босағанда, түнде өз огородын айдап, жаңағы асқабақтарды қамдап алды.

Қатын деген берік жан болады екен. Еркек порт кететін көрінеді. Сонау таудан рауғаш, алғи әкеп, өзіміз колхоз ісінде жүргенде әсіп қып жүрді қатын. Жаны берік бұ қатын дегеннің. Еккен астықты жинауға келгенде, әлсіреп жүрсек те, өзгенің алдына түстік. Өзіміздікің бітіріп, “Азаттың” жүз гектарын тағы орып бердік. Осы біздің жігіттер — азамат. Қайда салсаң да, озып шығады. Шын, бәрі де денесі шыныққан.

Еңбекке қажымайтын, үйреніскен көрінеді. Қалыспаймыз, беріспейміз, тек кіммен де болса, тең түспесек, кем түспейміз

деген, ұшқындап тұрған екпіннің жігіттері бәрі де қызыл күрен. Жүздері нарттай. Денелері атпал.

Көпірге түсе бергенде, бір топ жас жігіттері биікше орынға шығып ап, сыбай қағып жатыр екен. О да қазақ жігіттері, бірақ жастары баларак, денелері сұйкыл. Мыналарға күле қарасып, қарсы алды...

Алдында Ырысбек, Мәмбет: “Шұқырбұлақ” келмей қалды деп жатыр мекен. Кешіктік білем”, — десіп келе жатқанды. Ырысбек ана жігіттерге жанаса бере: Е, “Жамбасарық”, “Қарағаш!..” деп ақсиып күліп, арбадан секіріп түсті.

“Шұқырбұлақ” туралы (Ж-ның сөздері). Онда комсомол егіс уақытында, жинау науқанында жақсы істеген. Әр заман комсомол өздерінің атын күтіп ұстап, нормыны ылғи асыра толтырып отырған. Аудан газетінде сөзі басылып, аты даңқты болды.

Сартай туралы бұрын ауқатты болған деп басшылығына наразылық етушілер бар. Бірақ өзі — нағыз еңбекші. Колхозшылар көпшілігіне қадірлі. Өзі есті. Мықты адам.

Бірақ “Шұқырбұлақ” мал жағынан кеміп қалды. Бұған бір жағынан былтырғы болған басшылық — колхоз бастығы кінәлі. Тәжірибесіз. Өзі жалқау адам еді. Оның үстіне біраз колхозшыларда “Көксуға” құмарлық пайда боп, со да колхоз малын шығындап жіберуге себеп болды. Сондаймен араласып, біреу қатын алса, “колхоздың қосқаны” деп бір-бір тана да міндіретін машығы болыпты. 14 тана шығын болған. Осының себебі сол әдеттен болғанға ұқсайды.

Ерінен қатын кету, төркініне қайту молырақ болды. Онан соң ауданда екі қатын алу тараңқырап барады. 6-7 кісінің атын атайды. Көпшілігі — ауыл кеңестерінің бастықтары және біреуі РайКК-нің инспекторы. Бұл алғашқы қатынын қоя бердім деп жариялаған екен. Ол кетпеймін деп отырып ап, содан екінші бір жіберіп, тағы қайта алып, ақыры дәл осы күнде екі қатынды боп отыр.

Женсектор екі жерде бар. Екеуі де құр тізімді алып отыр. Еш нәрсе әлі істеген жоқ.

Аудандағы мәдени іс істейміз деген жастар қазақ әдебиетінен қиналамыз. Келмейді. Кітап магазиніміз бар. Сол бірдеңе алса облыстан алады, Алматыдан ала алмайды. Келген кітап орысша, қазақша жоққа жақын.

Әсіресе клубта қойылатын пьеса жоқ. “Сәуле” тағы сол сияқты аудармалар бар. Ойнауға қиын. Онан соң осында біз ойнағанда қазақ қып ойнаймыз. Мынаның кісісі қайта-қайта шоқына береді дейді. Қазақ шоқына ма?.. деп қояды.

К. сөздері: — Ауданда 126 мектеп бар. 70—80 қазақтікі. 950 бала панасыздарды асырап отырмыз. 210 мұғалім бар. Интернат

ашпақпыз. Қаражаттың бәрін соған және балаларды киіндіруге бөліп жатырмыз. Мұғалімдердің алды техникум бітірген. Институт есігін көргендері де бар. Орыс мұғалімдері сайлы, жақсы. Қазақ мұғалімінің бірқатары курстарда да болып шыққан. “Біз де сонда да”, — дайындықтары нашар. Өте нашарлары бар. Жазулары жаңа жаза бастаған жас баланың жазуындай кейбірінің. Ендігі мақсұт: қолдан келсе, Наркомпроспен сөйлесіп, жазғы даярлық курсы осы ауданда Высокое сияқты қалада жасамақпыз. Бұған Алматыдағы ҚазПИ-дің мұғалімдерін шақырмақ ниет бар.

Оқудан, мәдени кіндіктен кеткенін қатты арман қылады. Оқи түспедім дейді. Оқып жүрген кезін қатты көксейді.

Алматыда мәдени істердің биыл күшейіп зорайғанын есіткенде біздің кеткенімізге қарап тұрыпты, қайтейін!.. “Біз барда болса етті”, — деп те қояды, қалжындап. Алматыны көп-көп сұрайды. Аңсайды. Жастығы бар. Міндетті үлкен істер иығынан басқандай, бұдан көрі ғылым қызметі, оқу, өз бетімен іздеу жағына ықыласы көп ауған. Бірақ бүгін де тынымсыз істейді. Ауданда ағарту ісінің салмағын сөз етпек бар ниеті.

Қоятын пьеса жайында да қатты қиналады.

Жуалы: Облыс астығының 30 процентін береді. Ал, Жуалы ішінде Бурный айналасы 34 процент береді. Үй басы 7 гектар екен. “Путь Ленина” сонда 14 гектардан екен. Астықтың шығысы жақсы болды. Аудан астық поставкесін 90 проценттен асыра берді. Егісті 100 қып толтырып еді. Қыстықты да 18 мың гектар бергелі отыр. Қар жауардың алдында бір жұма бұрын егетін бір тұқым бар. Соны күтеді.

...15 ноябрь. Оған шекті бұ да бітеді.

Слетті Тасболатов ашады. Тасболатұлының баяндамасы:

“Өткен жылмен салыстырғанда мал шаруашылығы недәуір молайып отыр. Бұрынғы отар бүгін кім? Заводтар, Шымкент, Қарағанды, Риддер. Бір бес жылдық бітеді. Осының бәрін екінші жағынан ауыл көрмеген трактордан қазір бір Түлкібаста 80 трактор отыр. Ауданымызда 3 МТС, мал, астық совхоздары. Социалдық шаруа жоғарылап келеді.

Қазақстан шаруасы ілгеріледі, соның ішінде Жуалы шаруасы да ілгеріледі десек, сонымен қатар кемістік те бар. Қандай кесір келтірді. Райком қаулысында кемістіктер айтылған. Облыстық жол басшылығының қатасы Арқалы, Қарағанды сияқты аудан көшпелі аудандар да әкімшілікке айналдырып жіберудің арқасында екінші жағынан білдіңіз бе. Белсенділікті қамшымен істеді. Өтірік белсенді, білдіңіз бе? Бір жағынан асыра сілтеу, екінші жағынан өтірік белсенді, үшінші жағынан сол қалыпты қостау барып кемшіліктерді көбейтіп жіберді.

Алдымен өлкелік комитет қатесі, екінші жағынан алғанда, облыс қатасы сол қаталар енді-енді өлке, облыс басшылықтары жаңарғаннан бері түзеліп келеді. Ал, енді бер жағында Орталық партия Комитеті білмейді дегенде, ол басында білмеді. Бірақ артынан Қазақстанның ерекшелігін еске алып, жоғарғы кеңшілік те туғызды.

Отырықшыға уақ мал өсіруге ықтияр берілсін. Көшпеліге жүк тартатын мал өсіруге берілсін. Малы жоқ колхоз мүшесі болмасын. Тамағы тоқ, көйлегі көк колхоз мүшесі болсын деп отыр. Қазақ ішінде қазірде 3 мың шаруада, орыс ішінде 80 %-тінде мал болу керек еді. Жеке меншікке мал өсіру жөнінде ауданда көп жаңалық бар.

Бұл ретте совхоздардан, товарлы фермадан тағы басқа жерден мал алып үлестіріп жатырмыз. Енді тағы да 300-деген қой, 300 сиыр алмақпыз. Бірақ бізде 5 мың жарым қазақ шаруасы, соның 2 мыңында мал қазір бар. Алатынды қосқанда көбейе түседі. Ет даярлау, май даярлау жөнінде жеңілдік берілді. 5 мың центнер ет берілген еді, соның 3 мың центнерін кемітіп отыр өкімет біздің ауданға. Ауданда 292 бұзауды малы жоққа ауыстырмақ едік. Ол әзір облыс себебінен бөгіліп отыр. Бірақ ол — істелмек істер. Мал шаруасының күрделілері өте көп, бәрін атап өтуге уақыт жоқ.

Қазақ жағында ұйлыққан бірдеңе бар. Қарызына береді. Бізге не берер, барын жеп алып, аткөшнек боп жүре берсек нетеді дегендей ойлайды.

Мал өсірудің тағы бір шарасы. Бұрын не болған. Сою. Өкімет үнемі бере алмайды. Бірақ сақта дегенде, алып кетем деп ойламайды, қайта колхоз әлденсін, өсірсін, малдансын дейді.

Осы күнге шейін малға адамшылық көзбен қарау жоқ. Осы — слеттің қатты көңіл бөлетін нәрсесі. Сонан соңғы әңгіме, екінші жағында мал өсіру жөнінде. Сол малдың қыстық азығын, қыстық тұратын жайын дайындауда. Шөп шабу ретіндегі қорығындыны алсақ, планды орындамай шықты. Бізше, онда басқа себеп жоқ. Бірқатар колхоздың шөпті шапқысы келмеді. Өкіметке берері де жоқ, өзіне де жоқ 11-ауыл, 13-інші тағы бір колхоз.

Бұл дені дұрыс колхоздар емес. Өкіметке қарсылық істеуші, айтқанын істемеуші колхоз. Слеттің тағы бір тоқтайтын әңгімесі — осы малдың қысқы қамы. Екінші жағынан өкіметтің шөп жоспарын қамдау.

Малдың түбіне жеткен не? Обезличия шауып кеп тастай беру. Бірқатар қазақ колхозының малы арық, арқасы жауыр. “Қызыл жұмыскер” колхозы 3 жылқы, тау жағындағы колхоздарда 9, 10, 11 жылқылары ғана бар. Бірер жыл бұрын жүзден аса малдары бар еді. Қайда кетті? Әрбір белсендінің басында 10—15 ат өлтірген балансы бар.

Бұдан былай колхоз бригадирі өзіне берілген атқа өзі ие. Колхоз басқармасы иелік қылмасын бұған. Атшы, бригадир қожа болып, күтуіне де сол ие, жауапты. Осыны слет өте қарау керек.

Жуалы тұрмысында барлық жай көлік — жұмыс малымен нық байланысты. Өтірік белсенді бар. Әлі біз жеңе алмай келеміз. Басқа малда да обезличия көп. Шошқа фермаларында сол шошқаға азық жоқ, қоспа сүрлеу жоқ. Мал өсіруді біздің ауданда егін жұмысынан айыруға болмайды.

Өкімет планын орындағанда, бір қатты қиындыққа ұшырадық. 231 мың центнер бердік. Онысы өкімет жеңілдік бергеннен болды. Большевик колхозы, тоқ колхозы босын дегеннен кейін сол жеңілдік алдық. Егінді кешігіп салдық, дұрыстап айдамадық. Мал болмаса, сол астық та айдалмас еді, қазір сөз етер — күздік айдауда тым кешігіп отырмыз.

Күздікшалабітті, әсіресе сүдігергесрокайтуы керек слет. Және де саны ғана емес, сапасы керек. “Егін айдаған жерге кекіре шығып кетті”, — дейді.

Көрсек “Бірлікті” көрсек, айдаған жері толып жатыр. Бірақ соқасы әр жерден бір тиген. Ондайды біз тоқтаттық. Мал өсіруде негізгі мал: ол — сиыр, қой, жылқы. Енді қоян, шошқа өсіру керек. Орыс жағында бұл бар. Ал, қазақ жағын алсақ ол жоқ. Ет жегің келсе, ет салығын беру керек болса — бұл бел. Көмек. Қоян өсірем деген қазақтар болса, көмек беріледі.

Одан соң бидаймен қатар бақша сияқты нәрсе өсіру керек. Мәселен 26-ыншы ауылдар бізге осы күннен бастап асыра дейді. Өкімет әбден жайы нашар болғандарды асырайды. Бүкіл колхоз боп асыра деседі. Асыра үстіп.

“Жамбасарық” колхозына өзің егіп же деп берген тарыны өзі жеп қойған. Мал елу, мал сойыны колхоз басында тегі жат адамдарын отырғаны.

Мысал, “Қызыл шығыс” тергеп жазғанда жақсылығы сыртында ғана боп отыр. Бірақ ішінде 30—40 қара жоқ болған. “Жамбасарық” та осындай. Соңғыны түзеп келеміз. Ал “Қызыл шығыс” видимо әлі нашар. Мал арық, қысқа қам жоқ, күздікті екпеген. Дені сау колхоз болу керек. Бай, құлақ — тегі жаттар отырмасын. Біреудің құдасы, біреудің тамыры боп шығып, байды жасырып қалу бар. Дұрыс жазасын беріп колхоздан шығару керек.

Газеттерде: “Колхоздың қысқы күні” деген мәселе бар. Бұл бір ескертетін нәрсе. Кадрды барлау оны да осымен қатар қою керек. Мал бағушы, сауыншы, есепші, колхоз бастығы — міні осылардың курстары болады. Соған дені дұрыс адам жіберу керек. С расчетом конечно. Солардан кәдімгі дұрыс адам шығар еді.

Көшу жұмысы енді болмасын деген крайком қаулысы болып отыр. Мысалы, біздің Бурный жағында істеліп жатыр. Көшіп жүргендерге орын беру, оларға адам деп қарамау бар.

Күні бұрын айтқаным: “көйлегі көк, тамағы тоқ босын” деген колхоз жайы. Осы айтқанның бәрі — соның шарасы.

Екі МТС-те трактор паркі 80 тракторға ие, енді үшінші аталады, 40 трактор болмақ.

Сапар Тілеуімбетұлы: “Красный звезда” колхозы 194 үй едік. Соның 24 үйі қазақ. Әр рудан. Былтыр бір сиыр алған едік. Сиырым буаз екен. Өкімет салығынан басқа өзімізге қосымша қып, 10 пұттай жүгері алдым, 15 пұттай картошкі алдым. Және алты қазақ шаруасы шошқа алып ек. Бір үй стансаға апарып, 150 сомға сатып жіберді. Менікі бар. Күшігін сатып, мал қыламын. Сиырымызға сүт жағынан да аман қалуына осы себеп болды. Мына кісінің айтқаны рас. Киім киюімізге де себеп боп отыр. Тоқпыз.

Еңбек күнім — 376 күн. Қатынымдікі 135 күн. Әзірге аван ретінде күніне бір килодан алдым. Ақшадай 180 сом, 50—60 сомнан алып отырдым. Әр жолда заем беріп, соны қоса алып отырдым.

Мен ертеден орысқа жақын жүруші ем. Әкем де орыс арасында істеген. Бірақ 11-12-жылдарда нағашыма Састөбеге алып кетіп еді. Бірақ ол жердің елі “тентіреген Тәттібай” дей берген соң, шешем: “Өз жерінде ұлтан бол”, — деп қайта әкелді. Содан орыста батырақ боп істедім. Бірнеше жыл жүрген ауыл болды. Содан міне ат айдадым. Көкірек пен Масат арасында жүрдім. Аяғында Түлкібасқа пойыз келген соң ол тоқтады. Содан қайта батырақтық істедім. Сол кезде бір шөрей ислам деген шығып, молда келіп: “Сен тура жүресің, кәлімеге тілің келмейді. Көкірегің орыс жаққа ауып кеткен”, — деп тіксініп еді. Шамасы келмейтін болса керек. 28-жыл қазақ колхозына кірдім. Бірақ өнбеді. Одан орыстарға келдім. Олар сені алар деді. 3 жыл болды, осы колхозға кірдім. Содан бері міні осы күйімін. Шошқа ешкімді жемейді екен. Қойда топалаң, ешкіде кебенек, түйеде алакүлік, сиыр малында неше дерт бар. Бұл бейшара, ас бермесен, өледі. Жамандыққа барса, сонда барады. Болмаса, ешкімді өзі өлтіріп жемейді. Өзі таза. Енді қоян асырайын деп жүрмін. Осы жолы бір еркек, бір ұрғашысын алмақ ем. Бекет айдадым — “пошта” деуші еді ғой онда. Масат пен Көкірек арасы конюх боп істедім. Соңғы уақытқа шейін сол орында істеп келдім. Егіс біткенде бір премия, қырманда бір премия алдым. Қатыным неге ырза болмасын? Бұрын қолы жетпегенге жетті. Балам бар, он жасар. Екіншіде оқиды. Қазақ мектебінде. Балам, заемды әкеп оқытсам: “Мынау — бес, мынау — он”, — деген болады. Шын айта ма, жоқ па, хатты танымаса, оны мен біліп жатқан жоқ”, — деп күледі.

— Өзін қалайсың?

— Мен жаңа, биыл жұмыс істеп жүргенде, кім оқытсын. Оқымағам, қайдан танымын.

Ядканбиров...

Аудармашы Маланин: Көбінше айтып жатыр. Анау Турксиб, “Нов. жизнь”, олардың жазда жұмыс қылатын уақытта шөпті қайдан алады. Оларға пішенді кім таяр қыла алады. Қысқасы: колхоздар өздері болмаса, өкімет жәрдем қыла алмайды. Өзі істесе, оған өкімет жәрдем берсе, соменен бай боп қалады колхоз. Онан соң мал докторларды алғанда, қала жайлар бар. Сол жайлармен байланысқысы келмейді. Мал өлгенде ғана жүгіріп келеді, демек акты керек. Сонысы рас. Сендердің әрекеттерің керек. Демек мал докторымен қатты байланыс жасамағы керек. Олар өскеннен кейін бұл баяндамашы жолдас бұндай тапсырма беріп жатыр. Ешкімге міндірмей, ешкімге қостырмай тұрса керек. Егіс жоспарын сол уақытта жақсы бітіресіңдер және сендер байлыққа жетесіңдер. Жоспарларды орындаумен, малдардың болса, соменен сендердің байларың көрінеді. Цифрларды айта алмаймын, жолдастар, сонда да айтып жатыр. Колхоз арасында малын күте түсінді.

Сөйлеушілер: 10-ншы ауыл кеңес бастығы... “Қызыл күншығыс” атынан рапорт береді әйел. 18-ауылдағы үлкен колхоз бұнда жылқы, қой, сиыр фермалары бар.

Төлдің 28 % өлген. “Шұқырбұлақтан” 20 % өлген.

Машинаның МТФ-сының бастығы — комсомол қыз Проденко. 18 мүше бар. Үшеуі қазақ еді. Қазір біреуі қалды. Қалған екеуі тракторшы боп, МТС-те істейді. Орталығымыз — Балықшы. Біз 350 баланы орналастырып отырмыз. Комсомолдардан ударниктер бар. Бізде бригадир жоқ.

Оқымаған комсомолдар бар. Үшеуі-ақ хат біледі. Кітапты информация жасайсың ба? Кітапты қалай қыласыңдар?

“Гори” колхозы тау үстінде. Трактор аса алмайды. Арбаны артқы доңғалақтарын байлап түсіреміз. 200-ден аса малымыз бар. Үй басы сиыр бар. Бір МТФ бар. 36 қой бар. Малдарым қысқы азықпен қамтамасызданған. Әзіргі күй де жаман емес.

Бір мектебіміз бар. Бір-ақ мұғалім, онша күшті емес. Сонда да орыс, қазақ баласын оқытатын — сол. Орыс семьясы, 10, 18 қазақ осы күнде 17-ауылдан 15-тей көшпелілерді алып отырамыз. Орыс, қазақ татуымыз.

Бірақ үйлеріміз тар. Көшпелілер келгелі бір тамға бірнеше үй іші кіріп қысылып отырмыз. Астық жоспарын 65% бітірдік. Молоттың өзін жаңа ғана бітірдік, жүз процент төлеп болдық. Өріс те кең, күйліміз. Бір-бірімізге үйреніскенбіз, жақсымыз. Өзгелер алыссынады. Өзімізге жаман емес. Жерімізде шөп, егін машина-

лары және молотилка бар. Трактор барса, Шымкенттен, Машатты өрлеп барар еді. Бірақ ол да қиын. Бір молотилканы МТС жіберем деп еді. Бидайшы көпіріне барды да, жүре алмай қалып қойды дейді.

Калинин колхозы: “Біз 50-дейміз, 100 аса қарамыз бар. Көлігіміз тегіс күйлі. Ат, сиыр тұратын қораларымыз адам орнынан керемет. Орындары сырланған. Адамдарымыз тоқ. Мектебіміз бар. Техникум бітірген жігіт.

Облыстағы слетке баратын 9 кісінің Жуалы ауданынан басқа ауданға тарататын үндеуі.

Клуб іші. Голиков, Миронов, Сапаров, Тасболатов слетка бұрын кеп, клубты өздері реттеседі. Кең үйі. Бірақ ретке салынбаған.

Үлкен оркестр орны. Соның артын алыңыз. Қатардың тұсына бронь деп, екінші, үшінші қатарлар тұсында 2 р. 3 р. деп қояды.

Вожьдардың суреттері.

Қағазға жазылған ұрандар.

Жанамада...

Тасболатов: Біз аткөшнектен 31-32 жылы асыра сілтеулер себебінен кеткендерді ғана орналастырамыз. Ал 6-7 мың үй өз ауданымыздағы тұтас ауыл асыз десе, оны өкімет асырай алмайды. Олар дұрыстап жұмыс қылса, жұмыс та, табыс та бар. Ал, олар оны кәдімгі түсініп, кәдімгі біліп отырған жоқ, асыз да отыр дейді. Аتكөшнектік жеке категория емес. Ал, ол — кәдімгі қатардағы колхозшы. Ал, онымен оларды үнемі асырай алмайды. Жұмыс істемей жата берем демесе, арасынан бай-құлағын айыру керек. Колхозға кіріп, соның жұмысын істесе, соған беріледі жәрдем. Істемейтіндеріне берілмейді.

Алдыңғы қатар орыс колхоздары, кәдімгі Карл Маркс бар.

Карл Маркс — 20. Ванновка — 20. Кремнев — 10. Путь Ленина — 13.

Аткөшнекті 2, 11, 26 ауылдардың көшіп келгендері көп. Бірақ колхоздарының көлігі жоқ. Орыс колхоздарына барып еңбекті дұрыс жасаса, жай күйлері жақсы болмақ.

Продпомощь көшіп келгеннің бай емес, құлақ емес, әрі жұмыс істейтін кісілерге беріледі.

Бір жағдайсыздық, аз жәрдем берсек сол әділдік кеңес, белсенді, соның қолына көшіп кетіп жатқаны бар. Бұл — қылмыстың ең үлкені. Тары, май беріледі. Соларды үлестіргенде дұрыстап үлестіру керек. Бұл — бірінші.

Детдом жайы. Айрықша науқан өткіздік. 970 бала бар. Сол күшті колхоздардан жәрдем алды. Орыс колхоздарының 2-3-4 сиырдан бергені, капуста бергені көп. Сонда қазақ колхоздары, мысалы, 24 ауыл жәрдем беруден тартынғаны да бар. Балаларға кереу-

ет, ағаш жетпейді. Қасындағы “Ұшпа” сияқты колхоз бұзаулайтын сиырын беріп жатқанда, қазақ колхозы бір кісісін жібере салудан іркілетіні бар. Ертең үшін керек. Оған бәрің жәрдем етуің керек. Олар — өздеріндей келешек қайраткер.

Баламыз орналастыруда қиыншылық есік, пиала, есікті жергілікті жағдайдан табар. Бірақ қиыншылық пиалада, облыста уатылады.

Мирзоян колхозының екілік аткөшнекке берген жәрдемін айтады. 5, 27-ауылда 50. Сталин колхозында 30. 6-ауылда, “Құрамыс” колхозында сиыр алады деген хабар бар еді. Бірақ ала алмай жүрміз. Ал аткөшнектерді орналастырып жатырмыз. Бірақ арасында безгек бар. “Еңбек етсең, емерсің”, — деген... Еңбек еткіздіру керек. Бірақ жаңағыдай ауру.

2-нші ауыл еңбегін өсіру керек дейді. Бірақ 50 %-тен көбі жесір әйел. Жас бала. Еңбек істеулеріне бір де көлік жоқ. Біз қауіптіміз, еңбегін саларға оларда, құт жоқ. Масақ теруге оларда, жалаң аяқ, жалаң бас, шама жоқ. Ауыл өзі жәрдем бере алмайды. Қиналамыз.

Сарманов: — 5-ауыл, кіремін. Қазір жоспарын түгел атқарды. Заем срогі бірінші октябрь болу керек еді. 14-ауыл 25, 27-ауылдар түк түсірген жоқ. 18-ауыл алдында келеді.

Бурный, Октябрь, Калинин, Высокое да алдыңғы қатарда келеді. 4-ақ күн қалды. Қарқын керек.

Бізде бұндайды қадімгі науқан есебінде жүргізу керек емес.

4 күнге қарқын көтеріп, артынан тұрып қалса, жаман болады. Қаржы жинау жұмысы өзге науқандармен нық байланысты. Көпшілік жұмысын ауылда орындау керек. Бәйге бар қаржы жайында. 6-ншы ноябрьге дейін қаржы жұмысын бітіру керек. Су жұмысы. Осы 24-тегі жұмыстар.

Тасболатов: — Ұтқан заемдарын хатшылар, мұғалімдер жиып ап, тексеру керек. Мүмкін емес, ай сайын ұтып жатыр. Заемымыз әлі күнге бір колхоздың ұтпауы.

Қаулы Тасболатов баяндамасы туралы: “Қызыл шығыс”, “Жамбасарық” сияқтының басындағы байларды тазалау керек. Малдың қысқы қамы, күш дайындау керек. Далада шөп тасылмай жатыр. Соны тасысын. Мал өсіру біздің районда егінмен байланысты.

Аудан қызметкерлерін әр колхозда жақсы біледі. Сондықтан қысқа сөйлеседі. Репликалар...

Қоян өсіру. Ылғи сиыр бере алмаймыз. Малға қожасыз, жылқы күтімсіздік, иесіздік жойылсын. Бригады міндетті болсын.

Мал союлар бар... Бұдан тыйылсын. Сойылмауын, сатылмауын қарасын.

Екпінділерден курстерге сабақ берілсін. Аتكөшнектерге жәрдем берсін. Онан соң есеп. Бірқатар колхозда есептің тұқымы жоқ.

Белсенді көйлегі таза боп отырып. 2-3 есе колхозшыдан артық күн жазып отырады. Бірақ есеп жоқ.

Тасболатов: Қозым көп, аман. Ниетімізге ырза боласыздар. Алды мал өсірді. Баққан малы аман, жеке меншігінде.

Политотдел Рамазанов: Бұрынғы өзімізді, мал өсіруді қайталауымыз керек. Үш төре жекеменшігі, фермасы арқылы және көп ортасының малын өсіру. Көпшілік ферманы сөйлеп кетті. Кіндік комитет қаулысы: жеке меншік, товарлы мал өсірсін деген. Колхоз базарына товарлы малының сумасынан шығару керек.

Фермы жайы, міндет — сүтін көбейту. Мал жокқа мал береді және колхоз ортасына жұмыс көлік шығарып береді. Бір төл өлмей, бір сиыр қысыр қалмай отырса, сонда орындалмақ.

Үшінші ортадағы мал. Оның бәрі жұмыс малы дейді, әр күніне дұрыстап бақса, ортақтасқан малдан, биеден де өсім алу, құлынын сақтау. Қысыр қалдырмау. Ат фермасы жақсы ат шығаруы керек. Жақсы колхоз деген жақсы ат шығарады, сонымен басқа барлық мемлекет міндетімен байланысу керек. Қызыл әскерге ат беру. Бұрын бір болыста екі-үш байдың қолында болған малды енді содан жақсы қып өсіру шарт. Бұрын 36 мың қой үш кісіде болған. Ал, үй басына шақсаң, 100 қойдан келмейді.

Есеп-қисап, планы болмаса, колхоз мүшесі болмайды. Колхоз планы болғаны сияқты, өз малына да есеп керек. Өз тұрмысыңа өзің қожа боп отырасың. Әсіресе өздерінің есепті жазу, құру керек.

Голиков: Индивид. развитие животноводства есть в колхозе. Вот о чем надо было говорить. Но животноводство, некоторые думают, надо ликвидировать. Зерновое хозяйство. В Джувалинском районе мы не можем: на будущее время мы выделим животноводческие колхозы. Но сейчас надо бороться за озимую пшеницу. Закончить нужно зябь. Семена есть. Дело за вами. Поднятие зяби — вопрос непосредственно связан с животноводством. Яровые должны закончить к 15 апреля, тогда скот сохраним.

Голиков: Весной рано освободим лошадей от работы. Об откочевке и безпризорных детях. В 34 г. не было откочевок — поручил Мирзоян. Мы термин ввели “прикочевники”. Дать дома отремонтировать, дома принять. Но пусть они не превращают в собеза. Пусть идет откочевка в колхоз. Иначе никакой помощи. Благодарность вам за помощь о безпризорных детях. Получили 18 коров, деньги, обувь, овощи. На этих детей нужно смотреть, как на будущие колхозные кадры. Они развитые дети. Мы думаем из них сделать табельщиков. Всего четверть миллиона рублей мы затратили на них. Ферма есть, кроликов, кур, баранов им дадим. Нужно, чтобы они самоокупались, чтобы весной они стали сеять.

Біз аткөшнек ек: Промхоз берген ақ үйде тұратын аткөшнек қыста да бай. Бұл арада бес үйдің жауабы бармыз. Екі үйдің жауабы орналасқан, 3 үйдің жауабы әлі орналаспаған. Біраз үй ана стансаға орналасты. Соның колхозына 15-тейі тағы орналасты. Кеткенде, нанның жағдаяты бомай, содан кеттік.

Қазір де жұмыс көп бомай тұр. 600 грамм күнде текке жем аламыз. Семьяға берсе, ол өзі сияқты ағайын-ау. Масақ терді қатын, бала. Налогті көп төлеген едік те. Бұрын мал баққан ондай бай емес ек, егіншіміз. Содан 5-6 сауын әркімде боған, ет те! Колхоз алса, барамыз. Жұмыстан қашпаймыз. Анау үшінші ауыл колхозы алмады.

— Қарауылдамыз.

“Қалауда” деп жаңылыс есіткенімде, қасындағы 11 жасар қыз.

— Қалау, — деп, мені мазақ етіп, қатты күледі.

Табиғат көріністерінен: Низкие, черные тучи тяжелой гру-
дью насевшие на желтые поля посевов. Холодный осенний ветер. Быстро летят серые громады облаков. В горах больше видны белые, тоже низкие тучи. Они в ущельях, в низких, защищенных горных приютах надсадно хмурятся, то вихрятся. Это растянулись мягкие, но длинные полосы. Скоро ветер разорвет в клочья эти черные тучи. Их не стало. По зеленовато-голубому чистому небу летят грузные, грязные громады. Летят побежденные, быстро уно-
ся свой позор.

Екінші: Аспан мөлдір. Күздің тынық жылы, өте ашық таңер-
тенгі күн жаңа шыққан. Алые лучи қоңыр жалпақ адырға түседі. Адырдың беттерін қазып қара, қап-қара көлеңкелерді көбейтіп қара шұбарлап тұр.

3. 11-нші ауылдарға жәрдем етем. Қоғамдық ұйымдар при-
крепить етіп отырады. “Путь Ленина” лекбез ашып отыр. Жа-
нымызда, күнде жәрдем береміз. Егіс, астық жинау, есеп түзеу. Қарамағымызда “Құрылыс”, “Қызыл жол” колхоздарына да жәрдемдесеміз. Қысты күні түрлі саяси науқандар болады. Ба-
лаларымызды береміз. Мектептерінің програмын түзу ретінде жәрдемдесіп жұмысқа да береміз. Комсомол ячейкалары қазақ колхоздарында жоқ. Бір балам қыстай п.о.де саяси кружок ашып оқытып отырды. Пионер, 1-нші басқыш мектеп соларда. Біздің адамымыз ұдайы болады.

Клубка беретін колхоз, фермдер жұмыскерінің бәрін обслужи-
вать ететін де біз. Суреттер салып, ұрандар жазу да біздікі.

Мирзоян да: Сөздер: шыли, ақыр, наяты, таниды-ау, мейірман, аткөшнек, қаяқта, гайтып, қантырақсасы, Кузманке, Губанке, апдан.

10 шақты ударниктің 210 еңбек күнінен берді. Мал баққандар солай. 120 адам 3 центнер 4 килодан алды кісі басы.

Ырысқұлбек, мен 19 пұт алдым дейді Үдербек.

Сөздер: аздап қалды, тұрсын, келгін. Сиыр күтімі жеткіліксіз. Суалғаны бар. Біреудің сиырын үйіне тығып қойып сауып жатты.

Саулатқұл әңгімесі: Тоқаң бұрын бригадир болған. Мұғалім осы жерлік. Моллатайға жақын болса керек. “Игілік” не себепті малын бітірген.

Ешкі жайында Тоқаң әңгімесі. Үш бригада.

Сөздер: көке, тұрар-мекіш, мәрте, тұр жүр. Бала тілі — ана үшін, бомайт, шот мұкамайт, мәмлеге кеп.

Анарбай: Көбі молдатайлар. Бұрын малдардың бәрі сауын боған. Енді қиқаң-қиқаң шығарып жүр. Өзгесініп сөзі қаяққа барат деп жүргем. Алты ағайынды Далбай бар. Алтауы да бәрі. Ішкілік жөнінде әпкеп сатушылардың шишасын сындырып, қаулы қылды. Ахран аңдып жүреді. Тұтып алат. Енді бригад, тәбілшік барса, ұстап, жауапты қып қояды. (Жайдақ сөз) Молдатайлар әулетінен 11 кісі кәмпескеге келген. Қамауда болған дерек жоқ. Өтірік белсенді, бұған мына қызынды.

Тура айтады Тоқаң. Мұндай адам жоқ. Қандай адам шығат дегенде, ат-арба күтпеген. “Бақпасаң мал кетет, қарамасаң қатын кетет”, — деп халыққа ұрысты. Бөртай балалары кедей, бірақ алты ағайын. Патша заманы ескі заман, құрып кетсін, бүлдіріп жіберетін кісілер. Бригадты сабап жіберген. Өстемісің ...

Охран Батырша — Нышанкүлдің байы. Қамбаның кілті өзінің қолында. 4 охран бар. Ең таза адам, бригадир, правление мүшесі.

Етікші — 2 сиырлы қып берем мәсіні деді.

Қай жерде мағана, патагөй, жүйірмек туры сөйлейт. Ізетгершілік қымайым. Аптан, пешене ... айдай алмайым. Тіл-қат. 2-3 — бригадтан қитар кетпейт. Бірінші бригад колхоз бастығының туыстарынан. Болдық қой, болмайт деп ек, бітірдік қой сентябрьдің 25.

Молотилкада 26 кісі істеді. Нышанкүл басы, 6-ақ еркек болды. Жұрт жүдә айран қалды. Қызыл-қара тақтайлар боған. Жиып ала алмасақ, молотилка уағында селка сиың келеді.

25 августан “үрді деймін-үрді деймін” кеп қанатты. Жүдә жақсы істеп кетті бригадтар.

(Өмірәлі кылаң көрініп). Райымбаев Тоқтыбай. *Сөздер*: кайдам, атпенен, түйеменен кайкай, бауын, құлағын байлады қатындар, бомасам намыс таяр.

Жер аттары: Күйікті тауы, Қаратау, Құланды, Көктал.

Мақұлбекті оның ұстаған жері. Он рулы Сыйкым. Сұлтамұрат — Байұзақ датқаның әулеті. Сұлтамұратты іздеп шыққанда киімді өзгерттім, қаруды тастадым, жалғыз кеттім, Әулиеатаға барып — қайда бозашы, қайда арақшы, қайда құмарпаз, кісәпір бар — солардың арасына кіріп кеттім”.

“Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры. № 476 п, 1—44-беттер).

Міне, бұл оның көркем туындысына өзек болған қолжазбаларының бізге жеткен алғашқысы. Бұған дейінгі 1929 жылы Ташкентте Орта Азия университетінің аспиранты болып жүргенде жазылған жалғыз блокнотты алсақ (қырғыздың батырлық эпосы — “Манас” жырына қатысты Бішкек, Ыстықкөл атырабының манасшылары айтуындағы деректер), ол суреткер Әуезовті емес, зерттеуші Әуезовті танытады.

Сөйтп, “Жолдан” жолжазбасының негізінде бес очерк (“Жуалы колхозшысы”, “Көктемнен бері”, “Сөз алған тау сағыз бен көк сағыз”, “Біз атқошнекпіз”, “Істері сөйлейді”), екі әңгіме (“Білекке білек”, “Іздер”) дүниеге келді және мұндағы оқиғалар мен тағдырлар алуандығы өңге де туындыларынан өз орнын алды.

Бұл жердегі есте тұтатын бір өзгешелік — бұрынғы, яғни, жиырмасыншы жылдар шығармаларынан кездеспейтін тапшылдық пен жау іздеушілік сарыны бой көрсетеді — онсыз ол дәуірдің болмысынан ой толғау, қалам тарту саясатты мойындамау, бұрмалау болып табылар еді: “Іздер”, “Шатқалаң”, “Құм мен асқар”, “Бүркітші”, “Шегарада”, “Қасеннің құбылыстары” осының нәтижесі болды — ауыл-аудан ба, қала-дала ма, мейлі өндіріс, мейлі колхоз-совхоз ба — жау ниетіндегілерді желіге айналдыру сол кездегі туындылардың бәріне ортақ құбылыс еді. Мұның өзі еріксіз таңылған, орынсыз жамалған жамау сияқты болды. Содан ба бұрынғы шеберлік, бұрынғы биіктігінен қарайтын жұртшылық мына дүниелеріндегі биіктік пен шеберлікті алыс бір белдің ар жағындағы бұлыңғырлық тасасында қараңдаған сұлба сияқты елестетті.

Сол дәуір саясатының тағы бір өлшеусіз қиянаты — ашаршылықты санадан өшіруге барын салғандығы. М. Әуезов “Білекке білектені”: “... бір аштықтықтың бір тоқтығы бар, Масадай сенделіп қалмап па ек, жүдә былтыр ”деген тәрізді

емеуріннен арғыға бара алмады. *“Тегі қатын деген берік жан болады екен. Еркек порт кететін көрінеді. Сонау таудан рауаш, алғи әкеп, өзіміз колхоз ісінде жүргенде ас қып беріп жүрді”*, — дегенді сөз арасында елеусіз күйде қыстырып қалып отырды. Асқабақ, ләблама отырықшылардың күніне жарады, ал, көшпенділердің күні қалай болды деген ой ашығып, бұралып, үйде, жолда, далада, көрінген жерде жетер жеріне жете алмай, шашылып қалған көріністерді көз алдыға келтіреді.

Сапары елдің жүдеу кезіне кез келген жазушы қашан қайтқанынша Жұмағұл (“Білекке білекте” Жақып) дегеннің үйінде жатты. Содан ширек ғасырдай уақыт өткенде, жаңа романдар (“Өскен өркен”) циклінің жазу мақсатымен Оңтүстік өлкесін тағы да аралағанда, облыстық кинопрокатты басқаратын сол Жұмағұлмен кездесіп, енді оның үйінің арнайы қонағы болды. Шығармалары нақты өмір дерегіне құрылатыны бір бұл емес, ертедегі әңгіме-повестері кейіпкерлерінің де өз прототиптері болды. Бұл жолы да үйреншікті салтымен осындағы танысып біліскендерінің көпшілігін әңгіме, очерктеріне енгізсе, қойда — топалаң, ешкіде — кебенек, түйеде — алақүлік аурулары болатындығы туралы сөз қозғаған Сапар Тілеуімбетұлы сияқтылар очеркі мен әңгімелерінде алма кезек ауысып жүрді. Ал, енді “Колхоз үшін күрес” романын жазамын дегенді сеніммен айтқанына қарағанда, жинаған деректері өзіне әбден жетерліктей көрінген болу керек.

1. 135-б. **“Колхоздан аудан кіндігі Ванновқаға баратын көлікпен мен де кеттім”** — Ванновка орналасқан мекенді қазақтар бұрыннан Көкірек деген. Кейінгі жылдары ол Рысқұлов есіміне ауыстырылды.

2. 136-б. **“Біздің “Шұқырбұлақ” Жуалыдағы қазақ колхозының алды”** — Жуалы — қазір Жамбыл облысына қарасты аудан. Оның жері Теріс (Асы) өзенінің жоғарғы және орта ағысын алып жатыр. Солтүстігі мен солтүстік-шығысын Қаратау жотасы, батысы мен оңтүстік батысын Боралдай, оңтүстігін Талас Алатауы қоршайды.

3. 137-б. **“Көктемдегі егісте асқабақ, ләпләме, картоп ...”** — Ләблама — қызылша, жеуге жарайтын дәмді, тәтті қызылшаны осылай атаған.

4. 138-б. **“Соның қатарынан жаңа, үлкен көпірдің сыбайы қағылып жатыр”** — Сыбай — ұстын, қада, қазық мағынасында.

5. 139-б. **“Түлкібас пен Бурное”** — Түлкібас пен Бурное — Шымкент—Тараз теміржол бойындағы станциялар. Бурное — Жуалы ауданының орталығы.

6. 140-б. **“Көшіп жүрушілік осы 34-жылда бітсін дейді ж. Мирзоян”** — Леон Исаевич Мирзоян (1897—1939) Қазақстан

КП(б) Орталық Комитетінің бірінші хатшысы (1933—1937). Қазақ арасында жақсы аты қалған басшылардың бірі.

7. 142-б. “Сол кезде “Шорай ислам” деген шықты” — Шора — кеңес деген мағынаны береді. Алғашында кеңес үкіметі шора үкіметі деп те айтыла беретін. Бұл жерде діни қауым кеңесі дегенді білдіреді. Мәскеудегі бүкілресейлік мұсылмандардың съезіне қатысқан 900-дей өкілдердің ішінде 20—30-дай ғана қазақ болады. Ресейдің сол кездегі мұсылмандарының үштен, төрттен бірін құрайтын қазақтан дәл осындай ғана өкілдің қатысуы қайран қалдырады. Егер сан жағынан қараса, ең аз дегеннің өзінде 200-ден кем болмауы керек екен. Съезде бүкіл мұсылман істерін басқаратын “Шорай ислам” болуы керектігі жөнінде қаулы қабылдап, оның 30 мүшесінің бесеуіне қазақ сайланады, көпшілігін татарлар иеленеді. Осы жүргізіліп жатқан іс-шараларға Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Жәнібеков, И. Әлімбеков, Н. Бегіметов тағы басқалар: “Жұрт съезге ғана өкілдік берді, сайлау өкілдігін берген жоқ еді деп ойлауға тиіс еді һәм Кавказ өкілдерінің істегеніндей ағзалар елден сайлансын деу керек еді. Съезге Ақмола облысынан барған Мағжан Жұмабаевтың өткен нөмерде жазған сөзі дұп-дұрыс. “Шорай исламға” сайланған ағзалар дей алмаймыз, һәм олардың қазақ атынан деп істеген істерін, сөйлеген сөздерін халықтық демейміз” деп өздерінің ой-пікірлерін білдіреді. Ал осы “Шорай исламның” Түркістандағы ұйымына ұлтшыл ұйым ретінде қарады және ол таза ислам принциптері негізінде құрылмақ болған Қоқан автономиясымен байланыстырылды.

Т. Әкім

“КӨКТЕМНЕН БЕРІ”

Очерк тұңғыш рет 1933 жылдың 27 қарашасында “Социалды Қазақстан” газетінде жарияланды. Содан кейінгі жарық көргені жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 8-томы (“Жазушы”, 1981, 13—18-беттер). Осы басылым газеттегі нұсқа-сымен салыстырылып, академиялық толық басылымға жіберілді.

Бұл да Оңтүстік сапары нәтижесінде туған очерктер тобына жатады, олардың жазылу мерзімі, уақыты, тақырып өзегі, көтерген мәселелері, мекені, ортасы бір сияқтанғанмен, біріндегі оқиға желісі екіншісіне өтпейді және бірін бірі қайталап, бірін бірі толықтырып та жатпайды. Бұл жерде қаламгер басқа колхоздың құрамынан бөлініп, Мирзоян атын алған шаруашылықтың тыныс-тіршілігін, жаңа бағытқа сеніммен ұмтылған еңбекші елдің еңбегін көрсеткісі келді. Тарихы осы көктемнен басталатын колхоз мүшелерінің аузынан *“көктемнен бері, көктемнен бері”* деген сөздің жиі естілуі ойға жетелеумен бірге тақырыбы, *“осы, осы”* дегенді өздері айтып, өздері ұсынып тұрғандай көрді. Бұның алдындағы “Жуалы колхозшысында” түйінді әңгімені ауыл шаруашылығымен байланыстырса, ал, мұнда енді-енді бой көтере бастаған колхоздың тұрмысы, мектеп, балаларды оқыту жайы, монша, мал басы, тұрғын үй, ұйымшылдық, жаңа егіс, астық жинау науқаны мен мұңдалап тұрды. Қарап отырса, бұлардың барлығы да көктемнен бергі тындырылған істер екен, қазір қалың күз, қыс болса, оның да шеті көрініп, алда бұдан да үлкен, бұдан да күрделі еңбектің барын сезіндіреді.

“Жолдан” жолжазбасында “Табиғат көріністері” деп, күз суреттерін орыс тілінде қағазға түсіргені бар; сол бір көз алдында тұрып қалған көріністерді көрсетудің бір сәті осы жерде келіп қалған тәрізденді:

“Алатау басына көктем шөккен қарлы қыс кешеден бері бөктерге де сырғып түсті. Кең төскей, сары бөктердегі көп колхоздың егін далаларын, жаңада айдалған сүдігерлерін қазірде бір қабат қар басты. Кешелер қара жатқан бергі беттегі балапан Алатаулар бүгін ала-құла боп, қырауытқан шал бас тау бопты.

Күн ұзын бөктер ойы мен арғы төмен ойқыл далаларда қалың сұр тұман қалықтап жүр. Шумақталып, ұйлығып, жәй жылжитын ауыр тұман. Баяу туман. Алыс шеттері тығыз, ақсұр бұлт болып қат-қат түсіпті.

Алатаудың ет бөктерінде биікте тұрған бізге осы қалың бұлт — тұманның үстінен аспанға асылғандай боп көрінеді. Әншейіндегі аласа адырларды төмендеп орнаған қалың бұлттар арқаларына міндіріп, аспандатып әкеткен сияқты”.

Әрине, мұны орысшасының дәл қайталамасы, көшірмесі деуге келмейді; бұл жерде қозғалысқа түсірген, құбылтқан, бірақ, бәрін де осы жерге үйіп-төге салмай бір сәттік, бір мезеттік әсерін берген, жылт еткендей бөлшектері басқа очерктеріне де жол тапқан.

1. 144-б. **“Құландының қарлы басы, Қаратаудың жотасы, Күйіктің де төбесі көрінеді”** — Құланды, Қаратау — Талас Алатауының оңтүстік батысындағы тау сілемдері. Сол сілемдерге қосылатын Күйік — Шымкент—Тараз тас жолы бойындағы биік асу, үлкен жота.

2. 144-б. **“Егіндікке наяты пайдалы ғой, бұ”** — Бұл жерде наяты — өте, тіпті деген мағынада қолданылған.

3. 146-б. **“20 шақты бала күн шуақ жаққа топтанып, қайнап жүр екен”** — Мұндағы “қайнап” — у-шу, мээ-мейрам деген ұғымды береді.

4. 146-б. **“...өз үйіме жатқызып жүрім”**. **“Жүрім”** — жүрмін дегені.

5. 147-б. **“Таяр о”, — деп алып, Анарбай бір арманын айтады**” — “Ол дайын” дегенді “таяр о” деп отыр.

6. 147-б. **“Со жүдетіп тұр да қызын... аптан”** — Аптан — әбден дегені.

7. 148-б. **“Ертеде ада болған”** — Бұл жерде таусылған, біткен деген мағынада.

Т. Әкім

“СӨЗ АЛҒАН ТАУ САҒЫЗ БЕН КӨК САҒЫЗ”

“Жолдан” жолсапарының негізінде жазылған бұл очерк алғаш “Социалды Қазақстан” (27.XI. 1933) газетінде жарық көрді. Осыдан соң жиырма томдық шығармалар жинағының 8-томында (1981, 18—21-беттер) басылды. Академиялық толық басылымға осылар салыстырылып барып ұсынылды.

Осы топтағы очерктерден бұның бөліп атарлық бір өзгешелігі — өз кезі үшін аса қажетті каучукке керекті өнім өндіретін шаруашылық жайында жазылғандығы. Оған лайық өсімдіктердің негізгі тұқымдасы жиырма шақты болғанмен, оның түрлері жүздеп саналады; сонда олардың сабақтарына, қабығы мен тамырының сүт түтіктеріне және өзегінің тканьдеріне жиналатын шайырдан каучук жасалынған. Осы топтағы тау сағыз бен көк сағыз Қазақстанның Түркістан айналасында, ағаш, бұта, шөп, дүние жүзінің біраз жерлерінде, мысалға, Африканың Экватор аймағында, Оңтүстік Азия мен Бразилияда өседі. 95 пайыз каучук алынатын Бразилия гевеясы Оңтүстік, Орталық Америкада қолдан өсірілген. Ондағы әрбір ағаштан жылына 2-3 кг, бір гектар плантациядан 500 килоға дейін каучук алынса, құрамында 16 проценттік гваюла Түркіменстанда болды. Қазақстанның, әсіресе, тау сағызының сапасы да, өнімділігі де өте жоғары бағаланды, осындағы шаруашылық 50 гектардай жерден екі тоннадан астам тау сағызының тұқымын жинаса, бұл Одақ бойынша ең жоғары көрсеткіш саналған. Сол кезде СССР-да тау сағыз бен көк сағыз, Қырым сағызы болды да, синтетикалық өндірістің дамуына байланысты бұларды қолдан өсіру 1954 жылдан бері қарай тоқтатылды.

Осындағы басты және ең керекті нәрсе — жазушының тақырып таңдауы мен толып жатқан мәселелердің ішінен нелердің ұрымтал, нелердің шығарма мәнін арттыратынын деп баса алуы, көре білу еді.

Бұл очерктің жиырма томдықта қате басылған жалғыз-жарым сөздері кездеседі, олар мыналар: *жаңалаш — жалаңаш* (18-б.), *ұрып — ұрық* (19-б.), *Эдиссон — Эдисон* (21-б.).

1. 152-б. **“Тәжірибенің бұл да бір түрі — Золотов тәжірибесі деп аталады”** — Бұл осындағы адамдардың жүргізген тәжірибесі. Ол очеркте былай берілген: *“Егіс далаларының ішінде бір гектар жер әшекейлі боп оқшауланып тұр. Егілген қатарларының әрқайсысын тоқыма қоршауларға бөліп қойған, бұл қылтың-сылтыңы көп ерке бала — тау сағызы”*.

2. 152-б. “Американың үлкен ғалымы Эдисонға хат жазып” — Эдисон Томас Альва (1847—1931). Термоиондық эмиссия құбылысын алғаш байқаған, жазу машинкасын, телефон мен қыздыру шамын одан әрі жетілдірген, жарықтандыру жүйесін дамытып, дүние жүзінде тұңғыш рет электр стансасын жасап іске қосқан, ғылым мен техника саласында бұлардан өзге де жаңалықтар ашқан Американың кәсіпкер өнертапқышы.

Т. Әкім

“БІЗ АТКӨШНЕКПІЗ”

Очерк ең алғаш “Социалды Қазақстан” газетінің 1933 жылғы 30 қарашасындағы санында жарияланды. Екінші рет жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 8-томы, 22—24-беттерінде басылды. Елу томдыққа сол алғашқысы мен соңғы басылымы салыстырылып, ұсынылып отыр.

Осы сапарында өзімен әңгіме-сұхбат құрған адамы Голиков ауа көшкендердің біртіндеп қайта оралып, отырықшылана бастауы кезінде “откочевка” сөзінің терминдік сөздей жиі қолданысқа түскендігін айтқан; бұл сөз екінің бірінің аузынан түспей, жиі-жиі қайталана берген соң, қарапайым халық оны “аткөшнекке” айналдырып алған. Бұрыннан орнығып қалған отырықшыларға онан мұнан құралған аткөшнектер қосылады. Осындағы Қыстаубайдың о бастағы мекені — Талас екен, сонда колхоздағы жағдаяттары жақсы болмаған соң, жақыны, жақыны емесі бар бір топ адам ол жерден ауып кетіпті. Содан анда көшіп, мұнда көшіп, біраз жерлерді кезіп-кезіп, ақыры келіп осында тұрақтаған. Қазіргі айтқандары: “Енді осы жерден кетпейміз, жұмыс берсе болды”. Бұрынғы отырықшыландыру, колхоздастыру ісінде бөле жармаушылық, әділдік болса, бұлар өздерінің туған мекендерінен ауа көшіп қаңғымас та, жылжымас та еді.

Бұл жерде кейіпкеріне айналған қарапайым жандардың артық-ауыз сөзінсіз, арғы-бергі өмір болмысы кең-мол суреттелуінсіз-ақ суреткер олардың заман ағымындағы қайғысы мен мұңын, тағдыр иірімінің толқынында жаңқадай қақпақылға түскен бұлтыңы мен бұлтыңы мол тірлік-тіршілігін, уақыт шындығын жалғыз ауыз сөз “аткөшнекке” сыйғызып жіберді. Тек арғы сыр төркінін түгел біліп, жан дүниесімен түгел ұғып сезініп жатса да, еркін көсілген ақтарылыстарға бара алмағаны өкіндіреді.

Текстологиялық салыстырулар барысында жиырма томдыққа “айналаға” деген сөздің “айлануға” болып қате басылғандығы анықталды. Енді түсінік беруді қажет ететін сөздер мен ұғымдарға келсек, оған мыналар жатады:

1. 154-б. “...пәтердің алдындағы айуанға” — “Айуан” деп кіре берістегі бөлмені (веранданы) айтады.

2. 154-б. “Боса 5-б сиыр әркімде боған етте” — Боған етте — болған еді дегені.

3. 155-б. “Колхоз аса неге бармайық” — Колхоз аса — колхоз алса дегені.

4. 155-б. “Таластан көктемде кеткесін” — Талас — тау, өзен, бір замандардағы Тараз қаласының аты. Қазіргі кезде Талас атты қала (Қырғызстанда) да, аудан (Қазақстанда) да бар.

Т. Әкім

“ІСТЕРІ СӨЙЛЕЙДІ

“Социалды Қазақстан” газетінің 1933 жылғы 30 қарашадағы санында жарияланған бұл очерк — Оңтүстік сапарына қатысты жазғандарының ең соңғысы. Жиырма томдықтың 8-томының 24—30-беттерінен орын алды. Енді елу томдыққа алғашқысы мен соңғысы салыстырылудан кейін ұсынылып отыр.

Мұнда алдымен колхоз жағдайын, оған қазақтардың тартылуын көрсету мақсат етілген. Өйткені колхоз — орыс колхозы; сол бір қиын, қиоы кеткен қилы кезең тұстарында жан-жаққа тарап, кейбіреулерінің жұрнақтары ғана қалған шаруашылықтарды орыс колхоз-совхоздарына қосу Қазақстанның барлық аймақтарында әдетке айналған, себебі, олардың іргесі шайқалмаған. Сондықтан әлгідей қосу, қосып алулар жүздеп саналады. Сондай колхоз-совхоздардың ішінде өздерінің арнайы жиналыстарын өткізіп, көшіп кеткендерді еңбек және тұрмыс жағынан орналастыруды, тұрғын үйлер салып, ескілерін жөндеуді, басқа да көмектер көрсетуді міндетіне алғандары да болды. Осы облыстың Иіржар (қазір Өзбекстанға өтіп кеткен Гагарин қаласының бұрынғы аты), Сұлутөбе МТС-тарына қарайтын колхоздар мыңдаған отбасыларын қабылдады. Мына очеркіне арқау болып отырған колхоз “Путь Ленина” да сол жүздеген шаруашылықтардың бірі ретінде іс жүргізіп отыр.

Бұл колхоздың құрамында бұрыннан келе жатқан он бес шақты қазақ отбасылары болса, кейінгі қосылғандары орталыққа орналасудан бас тартып, шеттегі тоғайлы ауылдарынан барып-келіп істегенді жөн санайды. “Бақша өсіруді, егін егуді білмейді, қолдарынан келмейді”, — деп, оларды шеттеткісі келгендер де табылыпты. Ондай-ондайлардың сөздеріне құлақ аспай, қате пікір ойламауды ұстанған украин әйелі Науменко: *“Мен былтыр огород бастығы ем. Бір қазақ әйелін өзге әйелдер жамандай берді. “Ісі өнімсіз, жалқау шығар”, — деседі. Соны өз қарамағым алып, картопты қалай отыртады, капустаға қандай істер керек — соның бәрін үйретіп жүрдім. Аздан соң үйреніп ап, орыс әйелінің алдына шықты. Биыл біреуі тағы солай бастап, қазірде ол да бәйгеге ілініп отыр”,* — дегенді айтты.

Кешегі мал баққаны малымен, егін еккені егінімен, өзге де алуан-алуан кәсібімен күн өткізген момын ел, әсіресе, өткен екі жылда тарихтың үлкен сынынан өтті. Содан ес жиғандай болғанның өзінде әлдене еркіндігінен, билігінен айырылып, бір

бағынышты халдегі сезімнен түгел арыла алмай қойды. Дегенмен, қазіргідегідей әрекет-қимылдарға жетіп, алды-артына көз салғандай болып та қалды. Қаламгердің жүйрік қиялы бәрін де көреді, бәрін де елестетеді, сезеді, таразылайды, саралайды, оны үлкен, күрделі, шым-шытырман дүниелерге айналдырғысы келді, бірақ...

Өзінің де осыларды ойлап, осындай толғанысқа жетуіне былтырғы жылдың жазындағы жазған хаты себеп болды, әйтпесе, қазіргідей заман жайында, ел жайында, оның бұрынғысы, бүгіні мен ертеңіне көз жіберіп отырар ма еді, отырмас па еді. Сондағы хатында ол бұрынғы ізі мен бағыт-жолынан қайтатынын, онысын өзі айыптайтынын білдіре отырып, осыған дейін ұлтшыл, алашордашыл ретінде төңкерістің жауы боп келгендігін, шығармаларының көпшілігі өткен дәуірдің төңкерісшіл жолын сыпаттаудан қашық болғандығын, жастар көңілі мен салт-санасындағы ұлтшылдықты жеңілдетіп, сейілтудің орнына оны одан да ары нығайтуға тырысқандығын, төңкерісшіл жұртшылықтың тілегіне үйлеспейтін сөздер айтқанын, марксшілдік сынына “жаулықтың сыны” деп құлақ аспағанын, енді бұдан былай әдеби-саяси істерінде жаңа құрылысқа бой ұрып, қателіктерін адал қызмет етуге бекінгендігін жария етті. Бұл жазғандары сол уәделерінің басы ғана, алдағы жоспарлаған ой-жобалары қалай жүзеге асады, қалай өрбіп, қалай бағыт алады — ол уақыт еншісі.

Ол жергілікті халық тіліндегі ерекшеліктерді өз қалпында, өз айтылуында сақтап, шығармаларына кеңінен қолданып отырды. Олар: *“Айтат қой шаруа. Мал баққан ел шылы есептеп айтпайтын бет”*, *“наяты пайдалы ғой бұ”*, *“Қалауда дейт”*, *“әкемей қоймайым жүдә”*. *“Жаздаяты боса бозаны да”*, *“оқи алмай қалатта”*, *“артық бошымет”* деген сияқты болып жалғаса береді.

1. 160-б. **“...олар да бастығады деп қояды”** — Бастығады — басылады, орнына келеді мағынасында.

2. 162-б. **“Біздікінен оныкі артық бошымет”** — Бошымет — болушы ма еді дегенді білдіреді.

3. 162-б. **“Енді байқасам, бұл МТИ деген сөздің қабылысы ма дейім”** — Қабылысы — құбылып, өзгеріп айтылуы.

4. 162-б. **“Ақбайдың тіл лабиринттарына келгенде”** — Лабиринт — көне замандардағы Геродот, Страбон, Диодор шығармаларында кездесетін сөз. Шытырман жоспар бойынша салынған құрылыстар да осылай аталған, “күрделі, шешуі қиын” деген ауыспалы мағынаны да білдіреді.

Т. Әкім

“ҚАРҒАЛЫ” СОВХОЗЫНДА ӨТКІЗГЕН ТӨРТ КҮН”

М. Әуезовтің бұл очеркі “Социалды Қазақстан” газетінің 1934 жылғы 30 қарашадағы санында жарияланды. Содан кейін жиырма томдық шығармалар жинағының 8-томына (“Жазушы”, 1981, 30—43-беттер) енді. Елу томдық академиялық толық басылымға солар салыстырылып барып ұсынылды.

Оңтүстік сапарының келесі жылында баспасөз беттерінде малды асылдандыру ісінің жай-жағдайы жөніндегі хабарларды оқып танысқаннан кейін жазушы Алматы іргесіндегі Қарғалы совхозына жүріп кеткен еді, онда ғылымдық, мемлекеттік мәні бар жұмыстар атқарылып жатқандығын көреді. Бұрындары мұндай кәсіппен көбіне бай, ауқатты отбасылардың айналасындағы шағын топтар немесе жекелеген адамдар шұғылданып келген болса, енді осы сияқты тәжірибе орталықтары бар ірі-ірі шаруашылықтар айналысады; онда шағылыстырылатын мал енелерінің сүйек бітімі келісті, үш-төрт ұрпағына дейінгі тегі, тұқымдық қасиеті айқындалып іріктелген және тұқымы ұқсас өзге де мал түрлері жұптастырылып, барлығы да гельминтология ғылымы тұрғысынан жүзеге асырылады екен. Қазақстандағы гельминтологиялық тәжірибе жұмыстары 1933 жылы ұйымдасқан Қазақ мал-дәрігерлік зерттеу институтының ашылуымен басталыпты, содан бергі бір жылдан аса уақыт ішінде нәтижелі табыстарға қол жеткізіп үлгеріпті. Осындай-осындайлардың жай-күйіне қаныққан қаламгер белгілі бір түсінік-ұғымды қалыптастырғысы келіп, Ч. Дарвин мен оның жолын ұстанушы А. Уоллес, Д. Гукер, Ф. Мюллер, А. Грей, К. Тимирязев, К. Скрябин, И. Мечников, М. Мензбир, В. Бальмонт секілді әлемге белгілі ғалымдардың еңбектерін конспектілей отырып оқуды бастап та жібереді, мұның өзі оны әдебиеттен алыс саланың арғы-бергі ағын-ағымына салып жіберген де сияқтанады.

Адам баласының малмен айналысуы, оны жетілдірудің жолдарын іздестіруі көне замандарда, тіпті жануарларды үйретуді алғаш қолға алған кездерде басталыпты. Біздің жыл санауымыздан төрт-бес мың жыл бұрынғы Мысыр жазбалары осылардан хабардар да етеді. Ал бертіңгі дәуірде, мысалға, кешегі он сегізінші ғасырда француз ғалымы Буржела арнайы мектеп ашып, онда шәкірттерін малдың тұқымдық сапасын жетілдірудің жолдарын қарастырумен шұғылданыуына, тәжірибелер жасауына жағдай жасапты. Осы секілді ізденістер тұқым алуандығы мен гельминтология ғылымының дамуына жол ашқан; алдында адамға, мал мен

өсімдіктерге жұғатын ауруларды зерттеумен айналысса, келе-келе адам гельминтозы, жануарлар гельминтозы, агрономия және фито гельминтозы деген салаларға бөлінген, өзімен тамырлас биология, зоология, медицина, мал-дәрігерлік ғылымдарымен тығыз байланыстың арқасында дамудың биік сатысына көтерілген.

Қаламгердің малды асылдандырудың қарапайым тәжірибелері мен күрделі ғылымдық жүйеленуіне үңілуге барғандағы ойы осылармен күнде тыныстап, күнде дем алатын мамандардың және қатардағы еңбек адамдарының жан дүниесін түсіну, сезіну еді, онсыз олармен не пьеса, не роман ішінде тізе қоса алмайтынын білді. Ал тізе қоспақ ниеті мен ойы барлығын айтуын айтқанмен, оның орайы тек он үш-он төрт жыл өткенде, соғыстан кейінгі жылдары сол өңірді екінші рет аралап, көмескі тартқандарын қайта жаңартып, жаңғыртуы кезінде ғана келді. “Асыл нәсілдер” повесі мен осы аттас пьесаның жазылуы сол ойы мен ниетінің өтеуі болды. Пьесаның “Стойкое племя” деген орыс тіліндегі нұсқасы “Арқалық” деген бүркеншік атпен бәйгеге де ұсынылды.

Енді осы повесі мен пьесасында жоғарыда әңгіме болған ғылым салаларының терминдік сөздері мен атаулары көптеп қолданылғанын айтуға болады, сол секілді түсінік беруді қажет ететін мынадай сөздер мен ұғымдар, атаулар очеркте де баршылық:

1, 2. 163-б. **“Германия тауларынан шыққан Өртембір (Буртем- берг) мен Прекс (прекос)”** — Прекос тез, ерте жетілетін биязы жүнді қой тұқымы. Мұндай қой алғаш рет француздың Рамбулье саулығын ағылшынның жүнді Лейстер қойының қошқарымен будандастырудан алынады. Кейін Германияның Буртемберг аймағында көптеп өсіріледі. Бұл тұқымның дене бітісі мықты, шомбал, кеудесі кең болып келеді. Мұның бір түрі қазақтың мал өсіру институтының тәжірибе шаруашылығында өсіріледі, бірақ қазақтың биязы жүнді қой тұқымының өзіндік ерекшеліктері бұзылмай сақталып қалған.

3. 163-б. **“Англияның гемшірі де (гемшир) өзінің пана тауынан басқаны танымаған”** — Гемшир — етті, жүнді қой. Бұл қылшық жүнді қойды Соутдаун қойымен будандастыру арқылы алынған. Бұны Литва, Горький қарабас қойының жаңа тұқымын шығаруға қолданды. Қазақстанда құйрықты гемшир қойларымен будандастырып, еті мол, жүні биязы жүнді қой тұқымы алынды, ол Алматы, Талдықорған облыстарының селекциялық жұмыстарында жүзеге асырылды.

4. 163-б. **“Дарвиннің тұқым сұрыптауы”** — Ч. Дарвин өзінің “Табиғи сұрыпталу негізінде түрлердің жасалуы”, “Үй жануарлары мен өсімдіктердің өзгеруі” деп аталатын еңбектерінде өсімдіктер мен жануарлардың өзгеріп отыратындығына, қазіргі түрлері табиғи сұрыпталу арқылы ертедегі басқа түрлерден пайда болғандығына, тірі табиғаттағы сәйкестіктің өзі организм үшін пайдалы өзгерістердің табиғи сұрыпталуы арқылы жаратылатындығына, өсімдіктер мен жануарлардың адамға пайдалы түрлерін қолдан сұрыптау арқылы шығару адам баласының көптеген ғасырлар бойындағы тәжірибелері нәтижесінде жүзеге асқандығына тоқталады.

5. 163-б. **“биологияның мутацияларын Еділбай қошқарлары да менсінем деген жоқты”** — қазақтың құйрықты, етті, жүнді, өсімтал қойы Еділбай Қазақстанның батысына кеңірек тараған. Дене бітімі жақсы, сүйегі мықты, құйрығы, басы үлкен, кеудесі кең, жоталы, жүні сапалы, түбігі көбірек, қылшықтары жұмсақ. Мутация — клеткадағы геннің табиғи не жасанды жолмен өзгеруі. Табиғаттағы вирустар микроорганизмдерден бастап жоғары сатыдағы өсімдік, жануар мен адамға дейін мутацияға ұшырайды. Еділбай қошқарлары мутацияға көңіңкіремеген болу керек — “менсінем деген жоқты” дегені осыны аңғартады.

6. 165-б. **“...отарларымызда кездескен дегерез қойы”** — Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Дегерес атымен аталған қой биязы жүнді, құйрықты. Бұл — қазақтың құйрықты қойының саулығын Шропшир қошқарымен будандастыру арқылы алынған; дене бітімі шымыр, кеудесі кең, құйрығы онша үлкен емес. Алғашында осы қой Бақанас пен мал өсіру ғылыми-зерттеу институтының тәжірибе шаруашылығында өсірілген.

7. 169-б. **“бізге қосылған совхоз ақыны, өзі шабан Үмбетәлі де осында”** — Кәрібаев Үмбетәлі (1889—1969) — халық ақыны, Жамбылмен бірге жүріп, одан үлгі, өнеге алған. Бактыбай мен Тезек төренің, Құлмамбет пен Жамбылдың айтыстарын жатқа айтып, ел арасына таратқан.

8, 9. 171-б. **“Қырғыз халық ыршысының Ораз Жандосов пен Паскуцкийге айтқан сөздерінен бастады”** — Жандосов Ораз Кәрімұлы (1889—1937) — мемлекет қайраткері, Паскуцкий — оған қатысты деректерді анықтаудың мүмкіндігі болмады.

10. 175-б. **“...өзінің Мирзоян жолдаста болғанын айта кеп”** — Мирзоян туралы 7-томның түсінігінде айтылды.

Т. Әкім

“БІЛЕККЕ БІЛЕК”

Бұл әңгіменің алғашқы нұсқасы “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорындағы (№ 50, 40—82-беттер) латын әрпіінде жазылған түпнұсқа негізінде “Социалды түлік” атанған жинақта (А., Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1934, 46—57-бб.) жарық көрді. Оның келесі жылында “Тас түлек” жинағына (А., ҚКӨБ, 1935, 213—234-бб.), 1956 жылғы алты томдық шығармалар жинағының 5-томына (А., Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 69—87-бб.), он екі томдық шығармалар жинағының 1-томына (“Жазушы”, 1967, 349—367-бб.) “Жиырма томдық шығармалар жинағының 1-томына (“Жазушы”, 1979, 299—314-бб.), орыс тілінде Мәскеуде басылған бес томдық шығармалар жинағының 1-томына (“Художественная литература”, 1973, 394—405 стр.) “Имя свеkra” деген атпен З. С. Кедринаның аударуында енгізілді. Аударма он екі томдық шығармалар жинағындағы басылым бойынша жасалды. Жазылған мерзімі алғашқы жарияланым “Социалды түлікте” емес, “1933 ж.” деп “Тас түлектегі” басылымында көрсетілді. Қолжазбаның соңына: “Бірінші “Қызыл кітапқа”, “Білекке білек” (Әңгіме, “Плечо к плечу”) к сборнику 1-слета животноводства” дегендер жазылыпты. “Социалды түліктің” кіріспесінде: “Білекке білек” — жігерлі, қайратты жаңа адамды бейнелеуде, колхоздың ішкі өмірін жеңіл, орамды тіл, өткір сөзбен көркемдеп, сырлап, сезімді тәрбиелеуде сәтті қадам жасаған әңгіме ретінде бағаланды.

Бұл жерде жазушыда Оңтүстік өңірінің еңбек, тұрмыс-тіршілігін жергілікті тіл арқылы өрнектеуді ұстанғандық көрінеді. Қолжазбасында да, бұрынғы басылымдарының ешқайсысында да жоқ сілтемені “Бұл әңгіменің ішінде Оңтүстік Қазақстанның басқа қазақ тілінен гөрі басқашарак тіл ерекшеліктері әдейі қолданылған” деп, 1956 жылғы нұсқасында көрсетіпті. Бірақ осы ерекшеліктері алғашқы қолжазбасымен салыстырғанда бастырушылардың түсінік-талғамына қарай түзетіліп, алынып тасталғандығы, орынсыз редакцияланғандығы аңғарылады. “Социалды түлік” пен “Тас түлектің” арасында айтарлықтай айырма байқалмайды, ал 1956 жылғы басылымнан бастап едәуір өзгерістердің барлығы көрінеді. Автордың енгізген біреу қосымшалары мен қысқартуларынан басқа өзгеріске ұшыраған жекелеген сөз-сөйлемдер жиі кездеседі. Сондағы автордың қосқаны: “Ауыз үйге шыға бере ол алты жасар немересі Елубайды көрді. Сыртқы есікті ашып тастап, Елубай қорада жүрген

ақ қоразды мазактайды. Соның үніне салып, бақырып келе жатты да әжесін көріп, қораздың үнін тастай беріп: — Әже, менің өлеңімді тындағын, — деп алып әндетіп:

... Ленин біздің атамыз,
Саясында жатамыз.
Жаулар қарсы келгенде
Қақ жүректен атамыз, —

деп, сұқ қолын мылтық қып оқтап ап, әжесіне тап береді. Несібелді “сүйт қарағым” деп, одан да Жақып үнін іздегендей болады” (5-том, 85-б.) дегенде, мына қысқартқанының көлемін де жаңағыдан асырмаған.

“Оның бірі: “Куриль и семечки грызть” деп жазылып келе жатыпты да, түзетіліп: грызть воспрещается, за нарушение штрафа от 3 до 5 р. дейді. Екінші бір жерде тағы сондай үлкен қағазға шимайланған қара сия:

Ой, не ходи Грыщо
Тай на вечерныци, —

деп, залға кірген кісіні украин тілінде болатын ойынға шақырады. Баяғы замандық ескі бір пьеса. Бұдан клубтың слетке: “Ұйқылы-оюу қарап тұрғанын” дәлелдейді. Тағы осындай үлкен шимайлы жазу: “Сегодня будет в клубе цирковая постановка, венгерский танец, разбит камень 30 п. танец с кипящим самоваром” деп, әлдеқалай біздерге күмәнді ойыншы жайын дәріптейді” (5-том, 76-б.). Бұларды ықшамдай келіп, “Ұран орнына әлдеқандай сығандардың фокус ойындары болатынын баян етеді” деген жалғыз сөйлемге сыйғызып жіберіпті.

Қолжазба мен 1956 жылғы басылымды салыстыру барысында мына секілді ауытқушылықтар көрінді: “*Жанасалап*” — “*жағаласып*” (301-б.), “*қара ала сиыр*” — “*қара мал сиыр*” (302-б.), “*хатишысы*” — “*секретары*” бастық” — *Председатель*”, “*бидай машинасы*” — “*лобагрейка*” (303-б.), “*залдың орындықтары ұзын-ұзын скамьелер*” — *залда ұзын-ұзын орындықтар*” (306-б.), “*сауырлары*” — “*саурындарды*”, “*бронь*” — “*брен*”, “*сиынганың*” — “*сұрағаның*” (313-б.) болуы бастырушылардың салақтығы мен еркінсуінен екендігі көрініп тұр.

Әңгімеде комсомол Жақып қара сиямен шимайланып жазылған өзгеше түсті бір кітапты сандық ішінен алып, аудандық слеттен жаңада оралған туысқандары Қожық, Мақпал, Айша бар — бәріне есіттіріп оқып отырады. Сонда қарт Қожық пен Несібелді

“ырсала-ырсала” десіп қалады. Осы сөз кейінгі басылымдардың барлығында да, жиырма томдықта да “расла-расла” болып кеткен. Мақала ұғымына жақын “ырсала” арабтың рисала деген сөзі, батыста бұл трактат атанып кетті. Жаңсақ басылған жалғыз бұл ғана болса, ештеңе де етпес еді, Жақыптың жаңағы кітаптан оқыған үзіндісі “Тас түлектен” бермен қарай мына төмендегі қалыпта басылумен келеді. “Қойны баққанда ия мәләк десун қайтарғанда, ия саттар десун. Киіз басарда ия ғатур, ия шукур десун; суга тоғытарда ия самит десун; қойға тұз бергенде ия Һаннан, ия маннан десун ... Рауайылар андағы рауаят қылулар кім, Һазірет адамден Мұхамед Мұстафа салли аллаһи ғалиһи уа сәлләмғаша мың иети юз пір кәміл қаһир бістә, мина бісте уа саһиб шукур өтіпләр, Анден төрт пір туйашылық қылып тұрлар. Шөкіргәнде ия алла, ия рахман димек кирәк ... Тиюшіндік қылған кісі бұ рисәланы білмәсә, ия өзі тұтмаса, туйашылықтен Һәр не тапқан малы доңғзызының күшиден Һарамдур, Хиямет күні көрден тұрса юзи қара болғай ... Мың бәрәкәт бергәй, шол бәндәнің юзи он төрт күндік айдік болғай, шол бәндәнің ваһитині юзныс қурып әһли гырәсат Һәйран қалып айтқай бұл қайсы пайғамбар, уа қайсы жаһит сайыс газитұрур дигәй, би кәләм, уә би зәбин, уә би дендандан нидә килгәй ... Бұл ол дуняда менің әмірімді тұтып бу рирәсәлла мүбәрәк сақлап ерді шол сәбәптен шу мәртәбәгә иткендур”.

Бұл жиырма томдықтағысы болса, төл қолжазбасындағы нағыз нұсқасы мынау: “Қойны баққанда — ия мәләк десун, қайтарғанда — ия Ғазиз десун, уин сыбарда — ия Саттар десун ... Киіз басарда — ия Ғафур, ия шукур десун; суга тогутурда — ия самиг десун, қойға тұз бергәндә — ия Һаннан, ия маннан десун ... Рауайылар андағы рауаят қылулар, кім Һазірет адамден Мұхаммад Мұстафа саллу аллаһи ғалиһи уа сәлләмғаша мың иети юз пір кәміл қаһир бісте, миан бісте уа саһиб шукур өтіпләр. Анден төрт пір туйашылық қылындурлар. Шөкіргәндә ия алла, ия рахман димәк кирәк ... Туйашылық қылған кіші бу рисәланы білмәсә, оқутуп ешітмәсә, ия өзі тұтмаса, туйашылықтән Һәр не тапқан малы доңғузнуң кушиден Һарамдур. Хиямет күни көрдән тұрса юзи қара болғай. Һәр кіші рисәланы өзі бірлә сақласа құдай тағала туйашылыққа мың бәрәкәт бергәй. Шол бәндәнің юзи он төрт күндүк айдек болғай, шол бәндәнің баһитни юзині көз көруп аһили гырәсат Һәйран қалып айтқай. Бу қайсы пайғамбар, уа қайсы жаһид, уа қайсы газитұрур дигәй би кәләм, уә би зәбән, уә би дендандан нидә келгәй. Бул ол дуняда менің өмірімни тұтуп

бу рисала мүбәрәк сақлап ерді шол сәбәптән шу мәртәбәгә иеткендур.

Міне, араб, шағатай, татар, қазақ тілінде аралас жазылған, баяғы жүз елуей ғана сөзден тұратын үзіндінің жартысынан астамы дұрыс басылмаған болып отыр. Орыс тіліне осының бастапқы бірекі сөйлемі *“Когда пасешь овец, будь бдителен, когда загоняешь, пересчитай! Когда катаешь кошму, благодари Господа бога твоего, когда поишь скот водой, не жадничай, когда солишь, не пересаливай”* деп аударылған. Түсініксіздеу болғандығынан да шығар аудармашы қалғандарын аттап өткенді жөн көрген, аударылғанының өзі өте қарабайыр, жадағай, солғындау болып шыққан. Өйткені, осындағы *“Ия мәләк”, “Ия Ғазиз”, “Ия Самтар”, “Ия Ғафур”, “Ия Һаннан”, “Ия маннан”* дегендер желіден тыс қалған. Мысалға осылардың ішінен тек *“Ия Әзиз”, “Ия Ғафурдың”* мәнісі не деген сұрақ туа қалса, бұлар Алла тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі және ұлы есімі екенін айтуға болады. Дұғалар оқығанда араарасында *“Ия Әзиз, ия Муғиз, ағзиз би иззатика”* дегенді қосып айтып отырса, онда оған тигізер шапағаты өлшеусіз, шексіз деп есептелінеді. Ал, *“Ия Ғафур”* мен *“Ия Ғаффарды”* небір ғұлама ойшылдар, атақты ел билеушілер жүзіктеріне ойдырып, жаздырып алуды зор мәртебе санаған, салтқа да айналған.

Жалпы қателіктер бір басылымнан екінші басылымға ауысып, кейде өзгеріңкіреп көшіп отырған. Олардың бір алуаны 1935 жылғы жинақта *“тиуішілдік”*, алты томдықта *“тиюішідік”* (82-б.), жиырма томдықта *“тиюішідік”* (313-б.), *“доңғузуның”* деген бірде *“тоңқызының”* (82-б.) тағы бірде *“доңғызының”* (313-б.) сияқты болып келсе, енді біреулері мүлде мағынасы алыс сөздерге айналып кеткен. Осылардың қатарында *“Шорай ислам”* *“Ақ таяқ”* дегендер де еске алынады. Сол кездің насихатының теріс ұғындыруы нәтижесінде ел арасында оларға үрке қараушылық орын алды, ал уағыз, өсиет айтушы молда атаулының бәрі де ақ таяқ атанып шыға келді. *“Шорай исламға”* қатысты ой-тұжырым бұдан алдыңғы томның түсінігінде толығырақ сөз болды.

T. Әкім

“ТҰМАН АЙЫҒАРДА”

Романның бұл жоба-эскизі жиырма томдыққа (7-том, 1980, 379—421-беттер) жазушы мұрағатындағы (“Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығы, № 128-п, 10—37-беттер) қолжазбасы негізінде жіберілген еді, бұған дейін де оның үзіндісі белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Рымғали Нұрғалиев дайындауымен “Лениншіл жас” газетінің 1966 жылғы 25, 27 қыркүйектегі сандарында жарияланғаны бар.

Бұл еңбектің қолжазбасы “Түнгі сарын” пьесасының планымен бірге бір дәптерден орын алған, соған қарағанда, қолжазба 1933—34 жылдары жазылған болады. Осы шығармада кеңестік дәуірдің бастапқы кезеңі суреттелмек болғандығы атының өзінен де көрініп тұр. Жазушы бұл дүниесіне өзі туып-өскен өлкенің шындығын арқау етуді ойластырған.

1921 жылдың қыркүйегінде ететін қазақтың тұңғыш құрылтай съезіне Семейден он адам делегат болып белгіленеді, сол тізімде Мұхтар Әуезов те бар, бірақ, ауырып қалуы себепті съезге қатыса алмайды; съездің соңғы мәжілісінде Қазақ Республикасы Орталық Атқару Комитеті (КазЦИК) сайланып, оның мүшелігінің тізімінде М.Әуезовтің де есімі жүреді. Осының себебінен ол сол жылдың күзінде Орынборға қызметке ауысады, 1922 жылы шілдеде Ғаббас Тоғжанов екеуі ашаршылыққа ұшыраған Торғай облысына көмек ұйымдастыру мақсатымен Семейге келеді; сол келісінде Шаған, Бұғылы, Мұқыр, Қызыладыр болыстарын аралайды, тамыздың орта шенінде Орынборға қайта аттанып кетеді, кетсе де елді отырықшыландырып, егін салу кооперативін ұйымдастыру жөніндегі ойларды көкейіне түйіп кетеді. Онда барған соң Семей уездік жер бөлімінің бастығы Әлинге: *“Ауыл шаруашылығынсыз өмір жоқ, Үкіметтің мақсаты қазақ халқын көшпеліліктен отырықшыл тұрмысқа аударып, поселке салдырмақ екені өзіңе белгілі ғой. Бірнеше үйлер бір жерге жиналып поселке салса, мал кәсібімен бірге егін кәсібін де істеуге болады. Бала оқыту жағына да пайдалы. Бір жерге поселке салған қазақтарға үкіметтің беретін көмек-жәрдемі де көп. Жер бөлімінің бастығы болсаң, бұл жұмыстар сенің қарауыңда ғой.*

Мен өзіміздің ауылдың шаруаларын үгіттеп, бір жерге жиналып поселке салуға көндірдім. Жерлері өте жақсы — Бақанас өзенінің жиегінде, Байқошқар деген жер. Поселке салу жөніндегі шаруалардың өкілі мына хатты апарып тапсырушы Әрхам

Ысқақов. Менің сенен сұрайтыным поселке салуға жәрдемдес. Үкіметтің заңы бойынша берілетін көмек-жәрдемдерін бер”, — деген өтініш-тілекпен хат жазады. Сондағы таңдап отырған жері Абай аулының жайлаулары. Ақынның “Жазды күн шілде болғанда”, “Күз” деген белгілі өлеңдері осында туған.

Бұларды романда көтерілер шындық иірімдерінің бір сала-сы десек, осындағы басты кейіпкерлердің бірі Сейіл бітімі мен іс-әрекеттерінен қаламгерлердің өзіне тән қасиеттерді және өмір жолының белестерін көруге болады: партияға кіріп, бетін бері бұра бастауы, латын, емле, жер мәселесі, оқу, мектеп, баспа, сот ісімен араластығы — жазушының өз өміріндегі шындықтар; ұзап бара жатқан балалық шағындағы жазғы жайлау, күзгі күздеуде қалаға аттануы, әрбір көгал, әрбір төбе, әр түп ши, асық, жасырынбақ ойнайтын там, жар-жыра, қоғалы, сазды қасқа бұлақ, жыл жүріп, жарым жыл жүріп ауылға қайтқанда құдық маңының көк шалғыны мен төбенің көде, бетегесіне шейін “келдің бе” деп күліп, көңілді қарсы алатындай көрінуі, ағайын туғанның үйді-үйіне кіріп аман-дасарда алдымен өзінің үлкен үйінің оң жағындағы кіші үйге кіруден бастап, әрі қарай рет-ретімен жалғастыруы, алыс-жұлысты сүймейтін момынға жақын мінезі, алысса тек негізгі, мақсатты мүдделер үшін ғана алысатыны — жазушы бойындағы, бітіміндегі басты ерекшеліктер. “Қарғалы совхозында өткізген төрт күн” деген очеркінің соңында “Жақын уақыт ішінде Қасымбек, Ақымбайлармен не пьеса, не роман ішінде тізе қосуды шарт деп білдім” деген ойын айтып алып, оған мойын бұруға мүмкіндігі болмағаны сияқты осы “Тұман айығарда” кейіпкерлерімен де тізе қоса алмады. Өйткені басқа заман, басқа тақырыптың адамдары бұлардан күшті шығып, жазушыны өздеріне бұрып әкетті.

Пьесалардың бас жағындағы сияқты анықтамалар “Тұман айығарданың” басталуында да бар, бірақ ол жиырма томдық басылымның түсініктерінде берілді де, негізгі мәтіннен қалып қойды. Олар мыналар: “Тұман айығарда”. Тоғыз тарау. Сейіл — Жоламан руы. Қадыр — Мамай. Смағұл — Сәлімнің әкесі. Самат — Сейілдің құрдасы — Бұзар. Қабыш — Салмақтай руы, арғы атасы — Азнабай. Төрттоқал Азнабайдан қосылады. Қаныш — Сейілдің әйелі. Әкбар — Қаныштың ағасы — Асылбек балалары. Қасым, Кәрім — Әкімбек балалары. Қазына, Қазі — Қабыштың тоқалы. Смайыл балалары: Сләм, Сыдық, Әміржан, Гүлсім, Наурызбай, Тәңірберген. Қаратай — Тоқаш. Жәкең — Жансейіт. Асқар, Мәжит, Рашит, Нығметжан — ұлтшыл оқығандар.

Қамит — Атсары. Дәркеш — Қалдыбай балалары. Серік — комсомол. Жүніс — атасы. Жұматай ұста. Әмір — Сапар ағасы. Жетпіс шал. Жамал — келіні. Сақыпжамал — Нығметжан қарындасы. Жортар — Кенжеталпақ. Жақыпбек — Төрттоқал. Облыс бастығы — Әзімжан. Өкіл — Ескендір. Жұмысшы бастық — Қамбар. Кәрімқұл, Оспанбай, Сары, Қарабала, Сатыбалды, Несібелі, Таңсық, Ырысты, Әбдікәрім — Сләм інісі. Мәрзия, Зәуре, Күмісбек күлдіргі”.

Міне, бұл анықтамалар осында көрсетілгендегі қалпында роман эскизіне желі болып тартылды. Ол желіден шығарма оқиғаларының алдағы қадау-қадау жиынтығы мен нобай-белгілері қалай өрбіп, қалай дамидыны, адамдардың қалай сыпатталары елес беріп жатады. Мұнымен “Түнгі сарынның” заманы қарайлас, екеуінің де жоспарлары бір мезгілде, бір дәптерге жазылуына қарағанда, үлкен дүниелерді қатар ойластырып, жарыстыра қатар жазуды қолға алғандығы көрінеді. Бұларға колхоз, жаңа заман тақырыбындағы шығармаларының жазылуы мен жоба-жоспарларын қарастыруы қосылса, еңбек ауқымының қаншалықты екендігін аңдау қиынға соқпайды. Енді жиырма томдықтағы сияқты бұл анықтама академиялық басылымның да тек түсініктерінде беріліп, негізгі мәтінге (текске) жіберілген жоқ.

Т. Әкім

ҚҰЖАТТАР

ТҮРМЕ МАТЕРИАЛДАРЫ

1930 жылдың 17 қыркүйегінен 1932 жылдың сәуіріне дейінгі аралықта М.Әуезов тұтқында болады. М. Әуезовтің тұтқындалуы “Алашорда” мен ұлтшыл контрреволюциялық ұйымның құрамында болған және соған қатысқан қазақ ұлтшылдарының ісі” деп аталған № 2370 тергеу ісі бойынша жүзеге асырылды. 1930 жылдың 2 шілдесі мен 1931 жылдың 23 қыркүйегі аралығында тұтқынға алынған 20 қайраткерді қамтыған бұл саяси науқан алашордашыларға қатысты жүргізілген екінші шара еді. Бұған дейін 1928—29 жылдары “Алашорда ісі” деп аталған жаппай тұтқындауда А. Байтұрсынов, М. Дулатовтар бастаған 44 адам қамауға алынған-ды. Осы аралықты қамтитын түрме материалдары мен тарихи құжаттарға М. Әуезовтің 1931—32 жылдардағы төмендегідей арыздары мен хаттары енді:

1. 1931 ж. мамыр. Прокурор Столбова мен тергеуші Попов аттарына жазылған арыз. Бұл құжат М. Әуезовтің түрмеде жазылған алғашқы арызы. Түпнұсқасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде. Т. Жұртбайдың “Талқы” (Алматы: Қазақстан, 1997) атты кітабында жарық көрді. Сондай-ақ, “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қорындағы жазушы Д. Досжанов өткізген (№ 634-папкаларда) деректер негізінде “М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі” (“Ғылым”, 1997) атты жинаққа енді. Томға “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қорындағы нұсқа бойынша беріліп отыр.

2. 1931 ж. 29 қазан. ОГПУ коллегиясы атына жазылған арыз. Түпнұсқасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде. Т. Жұртбайдың “Талқы” (Алматы: Қазақстан, 1997) атты кітабында жарық көрді. Сондай-ақ, “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қорындағы (№ 634-папкаларда) деректер негізінде “М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі” (“Ғылым”, 1997) атты жинаққа енді. Томға “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қорындағы нұсқа бойынша беріліп отыр.

3. 1931 ж. 12 желтоқсан. Ф. И. Голощекин атына жазылған арыз. Түпнұсқасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде. Т. Жұртбайдың “Талқы” (Алматы: Қазақстан, 1997) атты кітабында жарық көрді. “М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі” (“Ғылым”, 1997) атты жинаққа енді. Томға “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қорындағы нұсқа бойынша беріліп отыр.

4. 1932 ж. мамыр айы. О. Исаевтың атына жазылған арыз. Арыз-хат толығымен былайша аталады: “Письмо М.О. Ауэзова 478 председателю СНК КазССР тов. У. Исаеву о признании своих политических ошибок”. Құжаттың түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы (30-қор, 2-тізбе, 1038-іс, 93-бума, 87, 89—91-бб.). 1932 жылдың мамыр айында О. Исаевтың атына жазылған бұл арыз-хаты “Әуезов және архив” (“Атамұра”, 1997) жинағына басылған болатын. (Құрастырғандар: З. Ижанов, Ғ. Исахан, М. Сандыбаева, Ж. Сагаев). Томға архивтегі нұсқамен салыстырылып, “Әуезов және архив” (“Атамұра”, 1997) жинағындағы нұсқа бойынша беріліп отыр.

5. 1932 жыл 10 маусым. “Социалды Қазақстан” газетіне жарияланған ашық хат. “Социалды Қазақстан” газетінің 1932 ж. 10 маусымдағы санына “Әуезұлы Мұхтардың хаты” деген атпен жарияланған. Мұнан кейін “Мұхтар Омарханұлы Әуезов өмірі мен шежіресі” (“Ғылым”, 1997) атты жинаққа, Т.Жұртбай мен Т. Әкім құрастырған М. Әуезовтің “... ескермедім, қабылдамадым” атты (“Әуезов үйі” ҒМО. 1998) жинағына енді. Т. Жұртбайдың “Талқы” атты кітабында үзінділері жарияланды. Бұл томға “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қорындағы 1932 жылы 10 маусымдағы “Социалды Қазақстан” газетіне жарияланған нұсқа бойынша беріліп отыр.

6. 1932 жыл 10 маусым. “Казахстанская правда” газетіне “Заявление Ауэзова” деген атпен жарияланған хаты. “Казахстанская правда” газетінде 1932 ж. 10 маусымда жарық көрген орысша нұсқасы. Т. Жұртбай мен Т. Әкім құрастырған М. Әуезовтің “... ескермедім, қабылдамадым” (“Әуезов үйі” ҒМО. 1998) атты жинағына енді. Бұл томға “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қорындағы 1932 жылы 10 маусымдағы “Казахстанская правда” газетіне жарияланған нұсқа бойынша беріліп отыр.

М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Алматы, Семей, Қызылорда т.б. қалалардың архивтері мен жекелеген адамдардан жинастырып, Әуезов мұражайын ұйымдастыруда Ләйла Мұхтарқызы Әуезованың еңбегі айрықша болғаны белгілі. Өмірінің соңына дейін осы мұражайдың директоры қызметін атқарған Л.Әуезованың басшылығымен М. Әуезовтің өмірбаянына қатысты тарихи құжаттар мен деректер біршама жүйеленіп, қалпына келтірілген-ді.

Әйтсе де, XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін М. Әуезовтің 1920—30 жылдардағы қоғамдық қызметі мен шығармашылығы, оның Алашордамен қарым-қатынасы, түрмедегі кезеңі тарихи ақтандақ күйінде қалып келді. 1988 жылы Алаш ардагерлері

ақталғаннан кейін, сол кезеңнің ақиқатын білуге деген ел ықыласы да ерекше болды.

1991 жылы М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына қатысты осындай олқылықтардың орнын толтыру мақсатында Л. Әуезова Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің (МҚК) басшыларымен келісіп, МҚК архивіне өз қарамағындағы ғылыми қызметкер Тұрсын Жұртбаевты жібереді. Бұрын-соңды құпия болып келген М. Әуезовке қатысты архив деректерімен бір жарым жыл бойы жіті танысқан Т.Жұртбаев Алаш ордаға қатысты ұшықиыры жоқ көп материалды игеруде үлкен жұмыс атқарды. Соның нәтижесінде “Бесігінді түзе”, “Талқы” т.б. кітаптар жарық көрді.

Енді жоғарыдағы арыздар мен хаттарды сұрыптауда нендей принциптерді басшылыққа алдық, соған келелік. М. Әуезов өміріне қатысы бар 1930—1932 жылдар аралығындағы тергеу хаттамалары, арыздар мен хаттардың ішінен тек қана М. Әуезовтің өз қолымен жазылғандарын іріктеп алдық. Тергеу хаттамаларының ішінде М. Әуезов атынан жазылғандары кездесе де, оларды тергеушілердің жазғандары анықталды. Бұл турасында сол құпия құжаттардың басы-қасында жүрген Т. Жұртбаев:

“Қауіпсіздік комитетіндегі “Алаш ісін” қарап шығуға рұқсат алғаннан кейінгі бір жарым жыл бойы Ләйла Мұхтарқызы күнде кешке қарай хабарласып, сондай бір жасқаншақ үнмен тіл қатып, әкесінің берген жауаптарынан көңілге секем алатын ештеңе табылмағанына көзі жеткен соң, кәдімгідей жадырап қалатын. Тергеудегі жауаптардың ксерокөшірмесін қарап отырып, төменде келтірілетін көрсетіндіні көргенде: “Құдай сақтасын, мынау менің әкемнің жазуы емес, қатесі қандай көп!” — деп зәресі ұшып кетті. Шындығында да, бұл жауап Мұхтар Әуезовтің өз қолымен қағазға түсірілмеген. Оны тергеушілердің бірі жазған”, — (“Талқы” 279-бет) деген еді.

Сонымен, 1930 жылдың 17 қыркүйегінде Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің аспиранты М.Әуезов тұтқынға алынды. Алматыға алып келгеннен кейінгі 1930 жылдың 8 қазаны күнгі алғашқы тергеу хаттамасында М. Әуезовті Х. Досмұхамедов пен М. Тынышпаевтар басқарған астыртын контрреволюциялық ұйымның Ташкент филиалының басшысы ретінде атайды.

Сондай-ақ, Ташкент филиалының мүшелері ретінде Иса Қашқынбаев, Жұмахан Күдерин, Қошке Кемеңгеров, Нашир Қожамқұлов, Мұстафа Бұралкиевтер тұтқындалған. Аталмыш құжатқа Айрықша бөлімнің № 1 бөлімше бастығы — Попов, көмекшісі — Волохов және ОГПУ басшысы Белоногов дегендер қол қойған.

1923—28 жылдар аралығында Ленинград Мемлекеттік университетінде, онан кейінгі кезеңде ОАМУ-нің аспирантурасында 480 оқуда жүрген М. Әуезовке “Қазақ ұлтшылы” деген айыптын тағылуы тегін емес еді. Сонау 20-шы жылдардан-ақ орталықтан жіберілген жоғары лауазымды партия қызметкерлері жергілікті кадрларға үнемі сенімсіздікпен қарап, олар жайлы теріс пікір қалыптастырумен болған. 1922 жылдың 17 шілдесінде Қазақ АКСР-сындағы партияны тазалау жөніндегі комиссияның төрағасы А. Жехановтың РК(б)П Орталық Комитетіне жолдаған баяндау хатында: “Тов. Ауэзов, секретарь КирЦИКа, тов. Байдилин, тов. Садвакасов, ребята молодые, развитые, но находятся под влиянием старика Букейханова, ярого алаш-ординца, и еще неустоявшиеся в работе, по-моему мало подготовлены” (ҚР ПА, 811-қ, 24-т, 243 іс, 22 п) — деп жазады. А. Жехановтың бұл пікірі негізсіз де емес еді. 1914 жылы Омбы қаласында “Бірлік” деген атпен құрылып, кейіннен 1918 жылы “Жас азамат” деп өзгерген бүкілқазақтың жастар ұйымының мүшелері С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Қ. Кемеңгеров, М. Жұмабаев, Ә. Байділдиндер сол кезең тұрғысынан шын мәнінде қазақ ұлтының мүддесіне қатысты өзекті де өткір талаптар қойған болатын.

1925 жылдың 1 желтоқсанында Қазақ АКСР-ның басшылығына Ф. И. Голощекиннің келуі — Қазақстанның саяси өміріндегі елеулі оқиға болды. “Партия қатарын тазалауды”, “Ауылға Кіші октябрь жүргізуді” шұғыл қолға алған Ф. И. Голощекиннің саяси науқаны көп ұзамай өз жемісін бере бастады. 1922 жылдың 17 қарашасында РК(б)П Қазақ обкомының жауапты хатшысы Г. А. Коростелевтен: “Болеет национальным недугом и национальный вопрос понимает по-своему. Один из восточных коммунистов, стремящихся использовать революцию в пользу целой нации, не разделяя на слои и классы. Самооценка повышенная, политически неустойчив, уклоны от большевизма в сторону мелкобуржуазного направления были: (КРПА, 139 қ, 3 т, 28 іс, 2-п) — деген мінездеме алған, оның үстіне 1923 жылы “партиялық тәртіпті бұзғандығы және ұлтшылдығы үшін” (“Личный листок по учету кадров” НКЦ “Дом Ауэзова”) партия қатарынан шығарылған М. Әуезов республика басшылығы мен тергеу орындарының айрықша назарында болды.

Сол себепті де 1927 жылдың 14 мамыры күні БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің секретариаты Қазақ мемлекеттік баспасының жарты жылдық жоспарын қарап, 25 оқулықтың үшеуін — А. Байтұрсыновтың “Тіл құралын”, М.Әуезовтің “Әдебиет тарихын”, А.Байтұрсынов пен Т. Шонановтың “Хрестоматиясын” шығаруға тыйым салды. Республика басшылығы мен тергеу

орындарының М. Әуезовті бақылауға алуының ендігі бір себебі — оның ел ішіндегі айрықша беделінің болуы еді.

1927 жылдың шілде айында Жетісу өңіріне Кенесары мен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы деректер жинастыруға келген М. Әуезовтің сапары жайлы “Тілші” газетінде “Алматыға Мұхтар Әуезұлы келді” деген мақала жариялануы, 30-ға елі толмаған жазушының жұртшылыққа кеңінен танымал болғанын аңғартады. “Жақын арада Ленинградта оқып жатқан қазақтың атақты жазушысы Мұхтар Әуезұлы Алматы қаласына келді” деп басталады мақала. Оның үстіне мерзімді баспасөз бетінде оның шығармалары үнемі жарияланып тұрған-ды.

М. Әуезов тұтқынға алынысымен 1930 жылдың 1 қазаны күні Алматы қаласы партия және кеңес белсенділері алдында БК(б) П Қазақ өлкелік комитетінің жауапты хатшысы Ф. И. Голошекин Қазақ Автономиясының 10 жылдығына арналған баяндамасында Ж. Аймауытов пен А. Байділдиннің тергеуде берген жауаптарынан үзінділер оқып, М. Әуезовтің Ә. Бөкейханов идеяларын жүзеге асырушы “алашшыл”, “оңшыл”, “ұлтшыл” екенін жан-жақты “дәлелдеп берді”. Тергеушілер алдындағы ендігі міндет — Республикадағы І-ші адамның атынан айтылған осы айыптаудың растығын дәлелдеу еді.

Ташкенттегі алдын ала тергеуден кейін жедел Алматыға жеткізілген М. Әуезовтен 8-ші және 15-ші қазанда екі рет жауап алынады. Біріккен саяси бас басқарманың — ОГПУ-дің ерекше бөлімі бірінші бөлімшесінің бастығы Поповтың ұсынысымен, ерекше бөлім бастығының көмекшісі Волоховтың келісімімен, ерекше бөлімінің бастығы Белоноговтың бекітуімен 1930 жылы қазанның 15 жұлдызында:

“Қылмысты істер кодексінің 58—11 және 59—3-баптарымен айыпталған М. Тынышбаев пен Х. Досмұхамедовтардың № 2370 тергеу ісін қарай отырып:

Осы тергеу ісі бойынша жауапқа тартылған 33 жастағы, Семей округінің Шыңғыс болысында туған, Ташкент қаласының тұрғыны, ұлты қазақ, орта шаруа баласы, партияда жоқ, жоғары білімді, ұстаз-журналист, үйленген, 2 баласы бар, бұрын тергеуге алынбаған, сотталмаған азамат Әуезовтің қазақ ұлтшылдарының астыртын ұйымына қатысып, Қазақстандағы кеңестік науқандар мен шаралардың мазмұнын бұрмалау мақсатын көздегені, өкімет мекемелері мен ВК(б)П-ның, жерге қоныстандыру мекемелерін, мәдени-ағарту және оқу орындарын, баспа-сөзді өздерінің ықпалына қаратып, жаулап алуға ұмтылғаны; Орта

Азиядағы басмашылардың қозғалысына жетекшілік жасап, сондай қозғалысты Қазақстанда да ұйымдастыруға әрекеттенгені, кеңес өкіметін құлатуды алдына мақсат етіп қойғаны толық әшкереленеді.

Сондықтан да УПИ-дің 128-тармағына сәйкес азамат Әуезов Мұхтарды № 2370 тергеу ісі бойынша жауапқа тартып, оған ҚКК-нің 58—7 және 58—11-баптары бойынша айып тағылып, бұл туралы ОГПУ мекемелеріндегі тергеу жұмыстарын бақылайтын Прокурорды хабардар етуге қаулы қабылдады”. (“Талқы” 91-бет).

М. Әуезов шын мәнінде тергеушілер хаттамасында көрсетілгендей қауіпті ме еді?

Біріншіден, ОГПУ қызметкерлерінің барлығы дерлік Орталықтан жіберілген, жергілікті халықтың ұлттық менталитетінен бейхабар, шала сауатты, төңкерісшіл рухтағы фанатиктер еді. Мұны “Алаш орда ісіне” қатысты тарихи құжаттардағы қисынға келмейтін қорытындылар мен тұжырымдардан көруге болады. Олар үшін жергілікті қайраткерлердің ұлт мүддесіне сәйкес тығырықтан шығар жол іздеп жасаған әрбір әрекеті контрреволюциялық пиғыл болып саналған. Сондай-ақ, жергілікті кадрлардың қатарында Мәскеу мен Ленинградтың жоғары оқу орындарын тәмамдаған, жан-жақты сауатты да іскер, шын мәніндегі мемлекет қайраткерлері бар еді. “Алаш ісіне” қатысы бар жүздеген азаматтардың барлығы да бірінен-бірі өткен білімді, замана тезіне шыныққан, ұлт мүддесіне бастарын тіккен арыстар еді. “Қорыққанға қос көрінеді” дегендей, тергеушілері түгілі, Ф. И. Голощекиннің өзіне де Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынұвтар бастаған ұлт көсемдерінің жүргізген саясаттары, ұстанған бағыттары, ең бастысы жан-жақты білімділігі тым қорқынышты көрінген. Басқасын былай қойғанда, М. Әуезовке “Орта Азиядағы бандылардың қозғалысына жетекшілік жасап, сондай қозғалысты Қазақстанда да ұйымдастыруға әрекеттенді” деген секілді қисынсыз айыптардың тағылуы тергеушілер парасат-пайымының шектеулілігін көрсетсе керек.

15 қазандағы тергеуден кейін, 1930 жылдың 20 қарашасы күні № 2370 іске қатысты “Қазақ ұлтшылдарының контрреволюциялық астыртын ұйымы” мүшелерін ҚКК-нің 58—7, 58—11, 59—3-баптары бойынша айыбын дәлелдей түсу үшін оларды 1931 жылдың 1 қаңтарына дейін қамау мерзімін ұзарту жөнінде ОГПУ коллегиясы шешім шығарады. Бұл бойынша 30 адамның аттары аталады да, тізім бойынша М. Әуезов — 26-ншы. Бұл құжатқа да қол қоюшылар сол Попов, Волохов және Белонюговтар.

М. Әуезовтің түрмедегі мезгілі белгісіздік жағдайында созыла түседі. Өзіне тағылған айыптардың басы ашылмағандықтан, әрі ұзақ уақыт тергеусіз жатып қалған М. Әуезов 1931 жылдың мамырында өзінің алғашқы арызын жазады. Томға енгізіліп отырған алғашқы арызы — осы Столбова мен тергеуші Попов аттарына тор көзді дәптердің 4 бетіне қолмен жазылған арыз. Бұған дейінгі ба-сылымдарда аталмыш арызды қыркүйек айында жазылды деп келген. Оның себебі осы арыздан кейін 20-қыркүйекте оның тергеуге шақырылуынан болса керек. Әйтседе, арыздың алғашқы бетіне “Попову” деп жазып, астына 26 /V деп күнін көрсеткен және қол қойылған. Қол Столбованікі болу керек. Арыздың соңғы бетіндегі “II каз. Съезде в 1921 г.” дегеннен кейінгі алты қатарын оқылмастай қылып өшірген. Соңына “Ауэзов Мухтар” деп қол қойылған.

Бұл арызды М. Әуезовтің жазудағы мақсаты — өзіне тағылған басты айып Ә. Байділдиннің түрмедегі жауабын (Ф. И. Голощекин баяндамасындағы өзін қаралауға бағытталған) жоққа шығару еді.

“Байділдин болса осы көрсетуінде маған қарсы ойдан шығарылған қисынсыз бірнеше айып тағыпты. Ол бір кезде баспасөз беттері арқылы маған қарсы ашық түрде жапқан жаласы мен көкмылжың көпірмесін түрмедегі жауабында да жалғастырып отыр.

Оның әдебиет туралы мақалаларының барлығы тек қана бір-ақ мақсатпен — партияда жоқ әдебиетшілердің, оның ішінде менің есебімнен өзіне саяси бедел жинау үшін жазылды”, — деп жазады ол арызда. “Байділдиннің он беске жуық жауабының кейбірі 45 беттен асып жығылады” — деген Т. Жұртбай (“Талқы” 101-б.) пікірін басшылыққа алсақ, ол жауаптардың нендей үлгіде жазылғанын мына бір үзіндіден көруге болады: “Бұл оқиғадан кейін мен Әуезовке күдікпен қарайтын болдым. Ол менің көз алдымда екіжүзді адам боп елестеді: бірінші Әуезов — партия мүшесі, жауапты қызметкер, ақылды кісі, біздің көзқарасымыздың көсемдерінің бірі, ал екінші Әуезов — бірінші адамның қасиетіне ие, бірақ та әлдебір астарлы оймен жүрген сияқты көрінді. Соңғы күдігімді мына бір жағдай “Еңбекші қазақ” газетінің № 1 санын шығарған кездегі оның іс-әрекеті дәлелдей түсті.

“Еңбекші қазақ” газетінің № 1 санында менің бас мақалам жарияланды. Ол мақаланы мен 10 күн бойы жаздым. (Ол менің өмірімдегі 1-мақалам еді). Мұнда мен өзімнің сол кездегі көңіл-күйімді жеткіздім. Онда: Ұлы Қазан төңкерісінің Ұлы маңызы, оның жеңістері, Қазақстан Республикаларының табыстары туралы баяндадым.

Менің бұл мақалам сол кезде Орынборда тұратын алашордашылардың ренішін туғызды. Олар менен дәл осындай мақаланы

күтпеген тәрізді. Ол аздай, менің бұл мақалам — өзімнің коммунист жолдасым, жауапты қызметкер Әуезовтің де наразылығын тудырды. Газет шыққан күні ол мені шақырып алды да жеріме жете ұрысты. Ол менен: “Газеттің жауапты редакторына № 1 санның материалдарын неге көрсетпедің, неге келіспедің, өзіңнің 484 мақалаңды алдын ала неге оқытпадың, бұл мақалада сен неге Қазан төңкерісін жөн-жосықсыз даурыға “жасасындатқансың”, “Алашорданы” жамандап нең бар еді”, — деп ұрысты да түсініктеме беруімді талап етті. Ол бұған қоса: “Бұл мақалада айтылғандардың бәрі де құр көкмылжың — қысыр сөз. Егерде “Алашорданың” атына қатысты тағы да осындай пікір білдіретін болсаң, онда сені редакция алқасының мүшелігінен шығаруды талап етемін, не өзім кетемін, мұндай газетте жұмыс істей алмаймын”, — деді. Сондықтан да мен шыдай алмадым да Әуезовпен ұрысып қалдым. Мені шамдандырғаны — менің мақаламды жақтырмағаны емес, Қазан төңкерісінің маңызы туралы жазғандарымды мазақтауы еді және оның “Алашордашыл” ескі көзқарасынан бас тартпағандығы, әрі “Алашорданың” көсемдерімен байланысын үзбегендігі жыныма тиді” (Талқы. 111-б.).

М. Әуезов жайлы осылайша “төгілте” жазған Ә.Байділдин кім еді? 1918 жылдың қазан айында Омбы қаласында өткен қазақ жастарының құрылтайына “Алашорданың” Семейдегі Шығыс бөлімінің өкілі ретінде М. Әуезов қатысып, баяндама жасайды. Осы құрылтайға қатысушылар ішінде Әбдірахман Байділдин де болған. Мұнан кейінгі кезеңдерде де қызмет бабымен екеуі үнемі қатар жүріп отырған.

1921 жылы 4 қазан күні Бүкілқазақстандық Кеңестің ІІ съезінің төрағасы — М. Әуезов болса, хатшысы — Ә. Байділдин болған. Сол жылдың 22 қазаны күні “Еңбекші қазақ” газетінің редакциялық алқасына да М. Әуезов, Телжанов, А. Асылбеков, Е. Алдонғаров, Ә. Байділдиндер қатар кірген.

Бұл арыздағы аты аталатын екінші адам — Ж.Аймауытов. Ол жайлы былай делінеді. “Также требует неперменных выяснений и показание Аймауытова, касающееся меня (упомянутое в той же речи т. Голощекина), по поводу состоявшегося собрания казахских делегатов ІІ каз. съезда 1921 г.”

М. Әуезовтің төрағалығымен өткен аталмыш жиналысқа бас-аяғы 51 адам қатысқан. Ж. Аймауытов солардың бірі ғана. Ол жиналыста негізгі баяндамашы — С. Сәдуақасов болған да, М. Әуезовтің де, Ж. Аймауытовтың да кінәлі боларлықтай нақтылы ісі жоқ. Тергеушілер екеуін бір-біріне айдап салу арқылы, бірін екіншісіне қаралатуды, жала жаптыруды көздеген сынайлы. Соны

сезген екеуі де бір-бірінің атын атаумен ғана шектеліп, басы артық бір де бір сөз айтпаған.

Осы арыздан кейін М. Әуезовтен 20 қыркүйек күні жауап алады. 20—28 қыркүйек аралығындағы бұл тергеуді де Попов жүргізіп, тергеушінің Әділов дегеннің жауабына сүйенгені байқалады. Соның нәтижесінде, М. Әуезовке тергеуші тарапынан М. Жұмабаев, Х. Ғаббасов, С. Садуақасов, Т. Рысқұловтармен қарым-қатынасы хақында құйтырқы сұрақтар беріледі. Бұл жерде де тергеушілер көздеген нақтылы мақсат біреу — бірінің аузымен екіншісіне жала жаптыру. Бір таңқаларлығы, осындай жеме-жемде берген жауаптарының ішінде, қылмыстық іс хаттамалары мен өзге де арыздарының арасында бүгінгі күн тұрғысынан М. Әуезов есіміне көлеңке түсірерлік артық ауыс бір де бір сөз немесе әлдекімді сырттай қаралайтын пікірдің ұштығы жоқ. Қайта ысқаяқ тергеушілердің өзін жетегіне ертіп, “Бұрынғы Алашордашылар маған және М. Жұмабаевқа жеккөрінішпен қарады” немесе “Ғаббасов маған 125 сом ақша салды, бұл менің оған қайтаруға тиіс жеке басымның қарызы. Студент болғандықтан менде ақша болмады да, 1928 жылы мен қызмет істеген кезде ол тұтқындалып, қарызымды қайтара алмадым” деп тығырыққа тіресе, С. Садуақасов пен Т. Рысқұловтар жайлы жауаптарында да жалқыдан жалпыға, нақтыдан бұлыңғырға қарай сусып, тергеуші сұрақтарын құрдымға кетіріп отырған. Соның нәтижесінде тергеу орындарының айыптаулары аяқсыз қалып, жаңа деректер іздеуге мәжбүр болған.

Тергеу жауаптарында аты аталатын Әділов — Дінмұхамед Әділов — 1900 жылы Сырдария округы, Сарысу ауданында туған. Бұдан басқа тергеу құжаттарында Асқар Әділов, Әбуәли Әділов, Әбубәкір Әділов дегендердің аттары аталады. Бұлардың барлығы да Дінмұхамед Әділовтың бауырлары.

Жоғарыдағы айыптаулары нәтиже бермеген тергеушілер енді оған “1919 жылы партия қатарына Кеңес органдарында контрреволюциялық әрекеттер ұйымдастыру үшін ұлтшылдар Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтардың тапсырмасы бойынша өтті” деген айып тағады. Тергеу орындарының үнсіздікті мойындағаны деп қабылдайтынын жақсы білетін ол, 29 қазан күні ОГПУ коллегиясы атына аталмыш айыптау бойынша тағы да арыз жазады. Томға енгізіліп отырған екінші арыз — осы. Жай қағаздың бес бетіне орысша жазылған арыз: “В Коллегию О.Г.П.У.” деп басталып, астына “Заключенного по делу казахских националистов Ауэзова Мухтара. Заявление” деп жазылған. Бұл арыздың да бетіне

“Попову” 22.ХІ деп қол қойылған. Арызда М. Әуезов “Жоғарыда аталған айыптау ешқандай шындыққа жанаспайды, себебі менің қоғамдық сахнадағы қызметім партия қатарына өткеннен кейін басталды. Бұрын-соңды Алаш Ордамен байланысым болған емес, ол ұйымға қызмет өткенім жоқ. Керісінше, 1919 жылдың қазанынан Колчакқа қарсы астыртын ұйымға қатыстым”, — дей келіп, өзінің әдеби “Алқа” ұйымына тікелей қатысқанын, онда М. Жұмабаевтың ешқандай астыртын жұмыс жүргізбегенін ескертеді.

“Алқа” — М.Жұмабаевтың бастамасымен Ташкент қаласында құрылған әдеби ұйым. Аталмыш ұйымның “Табалдырық” атты платформасында әдебиеттің алдында тұрған ең көкейтесті мәселелер қозғалған болатын.

Өз айыптау істерінде жүйеліліктен айырылған тергеу орындары 1931 жылдың 6 желтоқсаны күні М. Әуезовке 58-баптың 7 және 11-тармақтары бойынша жаңа айып тағуға мәжбүр болады. Бұл баптың 7-тармағы экономикалық контрреволюциялық әрекеттерге байланысты да, 11-тармағы ұлтшылдық ұйымға қатысы бар деген айыптау. Бір қызығы, тергеушілерге берген жауаптарында М. Әуезов олардың сауатсыздығын, саяси-идеологиялық тұрғыдан дүмшелігін, қазақ тілін білмейтіндігін шебер пайдалана білген. Сондай-ақ, арыздарының барлығын да орысша жазып отырған.

Жоғарыда аталған 6 желтоқсандағы соңғы айыптаудан кейін өзіне қатысты қылмыстық істің аяқталуға жақындағанын шамалаған ол енді арызды БК(б)П Қазақстан Өлкелік хатшысы Ф. И. Голощекиннің атына жазады. Томға енгізіліп отырған үшінші құжат осы түрмедегі соңғы арызы. Арызда тергеушілер тағып отырған 58-баптың 7-тармағына қатысты “Өмірімде шаруашылық мекемесінде бір күн де жұмыс істемегендіктен маған таңылып отырған экономикалық контрреволюцияға қатысты айыптауды негізсіз деп білемін”, — дей келіп, Х. Досмұхамедов пен М. Тынышбаевтардың ұлтшылдық ұйымына қатысы бар деген 11-тармаққа байланысты түсінік береді. Өзіне тағылып отырған айыптардың барлығының “дейді-дейдіге” негізделгенін жақсы білетін ол, өзін ұлтшыл ретінде дәлелдеуге болатын деректер мен шығармалардан тергеушілер назарын басқа жаққа аударумен болған. 1927 жылы А. Байтұрсыновтың екі кітабымен бірге тұтқындалған “Әдебиет тарихы”, 1928 жылғы “Хан Кене” пьесасы жайлы тіс жармайды, “Қилы заман” хақында “тарихи повесть болғандықтан бүгінгі күнге еш қатысы жоқ” деп жазады. Ал шын мәнінде аталмыш шығармаларда орыс отаршылдығына, тәуелсіздікке қатысты ойлардың жеткілікті екенін бүгінгі оқырман

жақсы біледі. Керісінше, Х. Досмұхамедов пен М. Тынышбаевтар жайлы “Мен ол екеуі жайлы өз бағамды 1924 және 1926 жылдары жазған “Сұғанақ сұр” повесім мен Абай өлеңдерінің кіріспесінде жазған болатынмын” деп бұлдырата түседі. Күні бүгінге дейін қолымызға тимей жүрген “Сұғанақ сұрда” не жазылғанын кім білсін, ал Абай өлеңдерінің кіріспесінде олар жайлы ештеңе де жоқ. Тіпті олар жөнінде әңгіменің болуы да мүмкін емес. 12 желтоқсан күнгі Ф. И. Голощекин атына жазылған арызда бұл шығармалардың аталуы тергеушілер назарын аударуға бағытталған кезекті тактикалық қадам тәрізді. Осы арыздан кейін, 1932 жылдың 26—30 ақпан аралығында өткен Қазақ пролетар жазушыларының (КазАПП) жиналысында оның жазушылық қызметіне “революцияға қарсы, таптық күреске қарсы феодалдық идеологияны насихаттаушы, ұлтшыл және байшыл” деген баға берілгеніне қарамастан 20 сәуір күні Қазақстандағы Ерекше Мемлекеттік саяси басқарманың төтенше өкілеттігі жанындағы Үштіктің мәжілісі төмендегідей үкім шығарды: “№ 2370 іс бойынша:

Әуезов Мұхтар — үш жыл концлагерьге қамалсын, уақыты 1930 жылдың 8 қазанынан бастап есептелсін. Ермеков пен Әуезовтің үкімі шартты деп есептелсін”.

Осыншалықты сұрапыл сынақтан аман шыққан, ұшы-қиыры жоқ зорлық пен зомбылықты көзімен көрген М. Әуезовтің алдындағы ендігі міндет — жаңа қоғам алдында өзін-өзі ақтау еді. Бұл бағыттағы оның алғашқы қадамы — 1932 жылдың мамыр айында ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы О. Исаевтың атына жазған арыз-хаты.

Бұрын-соңды еленбей келген бұл тарихи құжат — атақты ашық хатының алғашқы нұсқасы десе де болады. Бірақ та жазылу мақсаты мен мерзімдері әр түрлі. Көрнекті ғалым Қайым Мұхаметхановқа М. Әуезовтің өзі мойындағанындай — оған бұл хаттарды жазу жөніндегі ақыл-кеңесті А. Байтұрсынов береді. Аталмыш хаттардың қаншалықты дәл әрі мезгілінде жазылғанын айтып жатудың өзі артық.

1932 жылдың 20 сәуірі күні М. Әуезовке қатысты сот үкімі шығысымен, оны ұзамай босатады. Мамыр айында О. Исаевқа жазылған арыз-хат пен маусымдағы “Казахстанская правдадағы” ашық хаттың мәтіндері бірдей, тек қана газеттегі нұсқаға елеусіз толықтырулар енгізілген.

“Казахстанская правда” газетінің алғашқы бетіне Ә. Ермеков пен М. Әуезовтің арыздары қатар берілген. Арыздардың алдына мынандай тақырып қойылған:

“Бывшие виднейшие руководители Алаш-Орды осуждают свою прошлую деятельность и разоблачают националистическую контрреволюционную сущность алаш-ордынской организации”. Одан төменірек “От редакции” деген айдармен: былайша түсініктеме берілген: “Публикуемые ниже заявления Ермекова и Ауэзова, бывших виднейших руководителей контрреволюционной Алаш-Орды, являются документами большого политического значения”. Сонан кейін ғана “Заявление Ермекова”, “Заявление Ауэзова” деп аталмыш арыздар берілген.

Бұл арыздың мәтіні О. Исаев атына жазылған арыз-хатпен бірдей, тек қана төмендегідей елеусіз айырмашылықтары бар:

— бесінші абзацқа “...сущность и характер моей политической и литературной деятельности, причем определялись” ...деген тіркес қосылған.

— тоғызыншы абзацтағы “представлении” деген сөз “оценок” деген сөзбен, “недооценивал” деген сөз “не понимал” деген сөзбен алмастырылған.

— он жетінші абзацтағы “Характерными” деген сөз “Характерные” болып, “Еңлік—Кебек”, “Қаракөз” пьесаларының аттары “Энлик—Кебек”, “Қара-Коз” деп өзгертілген. Сондай-ақ, осы абзацтағы “националистическом” деген сөздің алдына “узко” деген сөз қосылған.

— жиырма бірінші абзацқа “Я ошибочно переоценивал ее принципиальные установки” деген сөйлем қосылған.

— ең соңғы абзацқа “через “Казахстанскую правду”, “Социалды Қазақстан” деген тіркес қосылған.

“Социалды Қазақстан” газетіне қазақша басылған “Әуезұлы Мұхтардың хаты” алдымен орысша жазылған да, кейінінен сол мәтін бойынша қазақшаға аударылған.

М. Ахетов

“СТЕПЬ”

“Степь” — Илияс Жансүгіровтың “Дала” поэмасының 1933 жылы алғашқы рет орыс тіліне аударылып, жеке кітап болып шыққан нұсқасы.

Илияс Жансүгіров (1894—1938) — қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушылардың бірі, ұлттық поэзияны жаңа биікке көтерген арқалы ақын. Мұхтар Әуезов Илияспен етене жақын дос, пікірлес, әріптес болған, қазақ кеңес әдебиеті туралы мақалалары мен зерттеулерінде ақын талантына, оның поэмаларына жоғары баға берген.

Екі қаламгердің бірігіп істеген қызметінде “Дала” поэмасының орны тіптен бөлек. Илияс 1930 жылы Қазақ ССР-інің құрылғанына он жыл толуы құрметіне осы эпикалық шығармасын жазып бітіріп, поэма “Еңбекші қазақ” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газетінің сол жылғы бірнеше санында жарияланды да, жұртшылық арасында қызу қолдау тапты, қазақ халқының XVIII—XX ғасырлардағы тарихынан терең сыр шерткен шынайы халықтық шығармаға айналды. Өз бақытына жету жолында көптеген жылдар бойы талай қайғы-қасірет, зобалаңды бастан кешірген қарапайым халық басты кейіпкері болып табылатын поэманың өн бойынан ақындық өзіндік шеберлік пен ол әдемі пайдалана білген ұлттық фольклорлық нақыштар айқын сезіледі.

Қазақ әдебиетінің өркендеп, өсіп-дамуына көркем аударманың қаншалықты қажет екендігін жете түсінген М.Әуезов сол жылдары Қазақстанға орыс жазушыларын көптеп тартып, көрнекті қазақ қаламгерлерінің ел сүйіспеншілігіне бөленген туындыларын орыс тіліне мейлінше көбірек аудару ісін ұйымдастыруға белсене араласты. Осы игі бастаманың жарқын белгісі — Мұхтар белгілі орыс әдебиетшісі, ғалым, сыншы З. С. Кедринамен шығармашылық одақтастықта І. Жансүгіровтің “Дала” поэмасын алғаш рет орыс тіліне аударды.

Зоя Сергеевна Кедрина (1904—1993) — кеңес әдебиет сыншысы, ғалым, аудармашы, филология ғылымының докторы. 1931 жылы Қазақстанға келіп, М.Әуезов, І.Жансүгіров және т.б. жазушылар шығармаларын зерттейді, қазақ ақындары өлеңдерін аударып, Абай мен Илияс поэзиясы туралы ғылыми мақалалар жариялайды, қазақ әдебиеті жайында көптеген зерттеулер жазады. М.Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясын орыс тіліне аударуға қатысып, алғы сөз жазады (1958, 1965), жазушының 5 томдық

таңдамалы шығармаларын (1973—74) және т. б. еңбектерін орыс тіліне аударуға белсене атсалысады.

М.Әуезов пен З.Кедрина бірлесіп аударған “Степь” поэмасынан үзінділер алғаш рет 1933 жылы Мәскеуде шыққан “Қазақстан” атты әдеби-көркем жинақта, “Казахстанская правда” газетінің 1933 жылға 23 сәуіріндегі, “Ленинская смена” (қазіргі “Экспресс К”) газетінің 1934 жылғы 24 қыркүйектегі сандарында жарияланған, ал осы аударманың толық нұсқасы 1933 жылы Алматыда “Степь” деген атпен жеке кітап болып жарыққа шыққан. М. Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағына осы аударма басылымының нұсқасы негіз болып алынып, оқырман қауымға ұсынылып отыр.

Негізінен алғанда, “Дала” поэмасын М. Әуезов пен З. Кедрина шығарма авторымен бірлесіп тәржімалаған. Бұл туралы З. Кедрина өзінің М. Әуезов жайындағы “Бәрі де менің есімде” атты естелігінде: *“...Мен үшін ең тамашасы — қазақ өлеңдерін орыс тіліне аудару ісіне, соның ішінде автордың (Жансүгіровтің) өзі тікелей қатысуымен және Мұхтар Омарханұлының басшылығымен аударуға қатысуым болып еді. Біз онда Глиястың “Дала” поэмасын аудардық... Поэманы үшеулеп отырып аударатынбыз. Мұхтар Омарханұлы, Жансүгіров және мен үшеуіміз бірігіп әуелі жолма-жол аударма жасап алдық. Валя оқта-текте қасымызға келіп отырып, аузымызға түспей тұрған сөздерді, синонимдерді, сөз оралымдарын еске түсіріп жіберетін”,* — деп нақты жазады (Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. А., “Жазушы”, 1997. 124-125-бб.).

Аудармашылық топ “Дала” поэмасын жолма-жол, сөзбе-сөз, яғни ақын стилін сақтап аударды. Сол себепті де поэманың бұл алғашқы тәржімалық нұсқасы таза көркем аударма деңгейіне жете алмады. Солай бола тұрғанмен де, М. Әуезов пен З. Кедрина жасаған аудармада ақындық шығармашылық еркіндік пен дәлдікті жеткілікті мөлшерде ұштастыруға ұмтылыс байқалады, сол ретте аудармашылар поэманың түпнұсқасынан көп ауытқымай, ақын қиялынан шыққан ойды дәл беруге тырысады. Осыған орай поэмадағы өлеңнің әр жолына терең мән-мағына беріп, әр сөздің орысша баламасын сәтті таба білген.

Мұхтар Әуезовтің өз халқының өмірін, салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін, ерекше бітім-қасиеттерін жете білуі Глияс поэмасының түпнұсқасындағы “өмірін” орыс оқырманына барынша жеткізе алған. Осыған байланысты З. Кедрина сол естелігінде:

“Жұмыс үстінде Мұхтар мен Илияс мен үшін тосын, тың ұғымдардың мәнін айтып түсіндіріп қоятын. Бұлар негізінен өткендегі тарихи жағдайлар, салт-сана, әдет-ғұрып төңірегінде болатын. Мұхтар мұндайда өзінің айтар ойын барыңша тартымды да көркем, өлеңдей тыңдалатын тұтас бір лекцияға да айналдырып жіберуші еді. Бұдан кейін мен поэманың әлгі жолма-жол аудармасын өзімнің шама-шарқымша өлеңге айналдыратынымын. Әйтеуір, бар күшімді түпнұсқадан ауытқымауға жұмсап бағатынымын”, — деп нақтылай түседі.

М. Әуезов пен З. Кедрина екеуі бірігіп жасаған бұл аударма І. Жансүгіров поэмасының түпнұсқасына жақындығы мен көркемдік дәрежесі жағынан алғанда, 1930 жылдардағы қазақ әдебиеті шығармаларын орыс тіліне тәржімалау саласындағы сәтті тәжірибе деуге тұрарлық дүние.

Аудармашылар поэманың қалың жұртшылыққа неғұрлым түсінікті болу жағына жіті назар аударып, шумақтардағы образды сөз тіркестерін сөзбе-сөз тәржімаламай, мағынасын тікелей берген.

“Түндік” сөзінің орысша баламасы болмауы себепті ме, бұл сөз сол қалпында қазақша берілген, соңында “Ескертулер” деп аталған түсінік бөлімде жеке сипатталған.

Поэмадағы “Қыр желіне” заман бейнесін суреттеген терең поэтикалық мағына беріп, “ветер-кочевник” деген өте сәтті теңеу тапқан. Мұның өзі “заман қуған жел” деген мағынаға сай келеді.

“Ақтабан” бөлімінің аты да қазақша қалдырылып, соңында бұл сөздің тарихи астарына тереңірек үңіліп, мольнан түсініктеме берілген. Осы бөлімдегі “Қаратаудың қойнынан шықты жосып бір сарын” деп басталған жолдар орысшасында “Что за гул по степи идет, Из объятий гор Каратау — что за шум...” деп сұрақ белгісінде беріліп, жаңа мазмұндық сипатқа ие болған.

Түпнұсқадағы “қыр шалы” “старец” болып өз мағынасында қолданылғанымен, осы “қарт” синонимі ретіндегі “отағасы” қайтадан “старец” болып мағыналық өзгеріске ұшыраған.

“Боз даланың қос құты” жолы орысшасында сәтті шықпай, “Екі енені шапты жау” деп қос өзенге қарата айтылған өлең жолдары тура мағынасында аударылып, мәнін жоғалтқан. “Ат артында арулар” жолы “Привязана пленница на коне” деп мағынасы өзгеріске ұшыраған.

Поэма аудармасының өне бойында “шоқпар”, “сойыл”, “ұлар”, “ши” сияқты көптеген ұлттық сипаттағы терминдер сол бетінде қалдырылып, соңында түсініктерде келтірілген. Мұның өзі

аудармашылардың шығарманың ұлттық нақышын сақтауға тырысқандығын байқатады.

“Құрбандық” (“Жертва”) бөлімі поэманың сәтті аударылған бөлігі деуге тұрарлық.

“Поход на Отар” бөлімі І. Жансүгіров поэмасының соңғы қырық жыл шамасындағы басылымдарында мүлдем берілмеген. Ресей патша үкіметінің отаршылдық жүйесі сыналуды себепті шығар, кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің қырағы идеологтары бұл бөлімді қысқартып тастаған.

Аудармада өлең ұйқасы жетіспей жатады, бірақ негізгі оқиға желісі сақталған. Бір беттің өзінде көркемдік ыңғайға қарай жолма-жол, не еркін, не көркем аударма да кездесе береді. Ал негізінен поэма орыс тіліне түгелдей дерлік жолма-жол аударылған. Сол жылдары тікелей түпнұсқадан өлеңмен аударатын кадрлар жоқтың қасы болғандықтан, бұл процесс заңды еді. З. Кедринаға М. Әуезов үнемі өзі қолғабыс жасап, жолма-жол аудармашы міндетін атқарды. Кейін келе М. Әуезов пен З. Кедринаның бұл аудармасының поэманың көркем аудармасына негіз болып, үлкен жол ашты. Осы жайында З. Кедрина сол естелігінде: *“Поэтикалық жағынан жұтаң сол аударма кейінгі кезге дейін жақсы жолма-жол аударма қызметін атқарғаны да міне осыдан еді. Сол менің аудармам негізінде 1958 жылғы онкүндік алдында К. Алтайский Жансүгіров поэмасының көркем тәржімасын жасағаны белгілі ғой”*, — деп жазады.

Қалай болғанда да, Илиястай поэзия Құлагерінің өлеңдерін ұлттық нақышымен, ұлттық өлең дәстүрімен орыс тіліне аудару оңай шаруа емес. Бұл ретте аудармашыға өлең өлшемі, аударма мәтінінің түпнұсқамен сәйкестігі қиындық туғызғандығы айқын білінеді. Силлабикалық сипатты түпнұсқа жыр шумақтарының силлабикалық-тоникалық және тоникалық өлең тұрпатты аударма мәтінімен түпкілікті дәлме-дәл келтіру мүмкін еместігін айтсақ, І. Жансүгіровтің бұл “Дала” поэмасын, жалпы ақынның түгел өлеңдерін дерлік орыс тіліне аудару мәселесі толық шешілді деп айтуға болмас. *“Аудармашыдан соны бояулар, орыс тілі өрнектерінің айшықтарын талап еткенде, М. Әуезов түпнұсқаны бұрмалау емес, аудармашының жазушыға хас суреткерлік ерекшеліктерді ұғынуын сөзбе-сөз тәржімені қанықтырып, түпнұсқаға парапар болуын шарт етіп қойғанын мен жақсы түсіндім”*, — деп З. Кедрина өзі жазғандай (“Аударма өнерінің түйінді мәселесі”, “Литературная газета”. 7 қаңтар. 1968 жыл),

М. Әуезов екеуі “Дала” поэмасының негізгі мазмұнын бұрмаламай, образдық астарын, бейнелеу мәнерін, тілдік нақыштарын орыс тілінде дәл жеткізе біліп, акын рухын мүмкіндігінше қаз қалпында бере алды.

Кедрина М. Әуезовтің аудармашылық талантына тәнті болып, ол туралы естелігінде: “Осы жұмыс үстінде мен Мұхтардың қазақтың ұлттық мәдениетіне шын берілген ғажап көзқарасын көрген едім. *“Дала” сол кезде қалың оқушыға орыс тілінде ұсынарлықтай алғашқы совет поэмаларының бірі болып еді. Сондықтан да Әуезов өз мойнында көп те көрнекті жұмыс тұрғанына қарамастан, талай тынымсыз уақытын, алуан қырлы еңбегін осы аудармаға жұмсады*”, — деп зор баға береді.

“Дала” поэмасының аудармасында этнографиялық, географиялық және тұрмыстық мағыналарды білдіретін қазақ сөздері сол күйі сақталған да, бұл сөздер туралы соңында берілген арнаулы сөздікте нақты түсіндірілген. Мұның өзі орыс тілді оқырманның поэманы жете түсініп оқуына мол мүмкіндік жасаған.

С. Қорабай

“ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ”

М. Әуезовтің В. Эвальдтан аударған “Құрылыс материалдарын” 1933 жылы “Қазақстан білім-техника баспасы” өз алдына кітап етіп басып шығарды. Содан кейін бұл аударма ешқайда қайта жарияланған емес. Елу томдық академиялық толық басылымға сол кітап негізінде жіберіліп отыр.

Аударма саласындағы алғашқы қадамы Л. Толстойдың “Буддасымен” (1918) басталса, одан кейінгі назарына іліккендері Ю. Вагнердің “Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелері” (1924) мен Мамин-Сибиряктің “Чусовойдағы бурлактары” (1924) болды. Жиырмасыншы жылдардың басында жаңадан ашылып жатқан оқу орындарын оқу құралдарымен жабдықтау мақсатымен барлық ғылым саласындағы танымдық мәні бар еңбектерді аудару шараларына ол өз үлесін “Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелерді” қазақшалау арқылы қосқан еді. Ал І. Жансүгіровтің “Дала” поэмасы (орыс тіліне), А. Афиногеновтің “Қорқыныш” пьесасы мен осы сөз болғалы отырған профессор В. Эвальдтың “Құрылыс материалдарына” келсек, бұлар екі жыл түрмеде отырып шыққаннан кейінгі шығармашылыққа қайта енудегі әрекеттерінің басы саналды.

Аударманың жазушы архивында не қолжазбасы, не басқадай нұсқасы сақталмаған. Бұл жерде біздің сүйенгеніміз Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының кітапханасындағы жалғыз данасы болды. Отызыншы жылдардағы баспа ісінің нашарлығынан, әлде дайындаушылардың салақтығынан ба — кітап әріп, тыныс белгілері қателерінен аяқ алып жүргізісіз болып шыққан, солардың барлығын бір жүйеге келтіруге тура келді.

Құрылыс десе, ең алдымен көне дәуірлердегі Әл-Обейданың тұңғыш рет бағана-тіреуді қолданған ғибадатханасы, ірі қалалар Калах, Дур-Арукиннің Саргон сияқты салтанатты сарайлары, Вавилонның аспалы бағы, Мысыр перғауындарының Саккарадағы кешенді ескерткіштері, Гизадағы әлемге әйгілі Хеопс, Хефрен, Микрен пирамидалары мен Үндістандағы Будда, Брахма мінажат орындары, Каджураха, Танжорадағы жер асты, жер үсті зәулім сарайлары, бертінгі Тәжмаһалы, парсының Ахаменидтер астанасы саналар Пасаргад пен Персеполадағы патша резиденциялары, гректің Алкиной сарайы мен Апполон ғибратханасы, Перикл тұсындағы Акропол, оның бас ғимараты Парфеноны, Римнің Колизейі мен Пантеоны, Еуропаның қайта өрлеу дәуірінің ғимараттары, Орта

Азияның Бұхарадағы Саманидтері мен Самарқандағы Бибі ханымы, Гөр Әмірі мен Шаһ-и-Зиндасы, Қазақстанның Бабаша қатын, Айша бибі, Алаша хан, Жошы хан, Ахмет Иасауи мазарлары ойға оралады, бұл тәжірибе жинақтаудың ғажайып үлгілері. Өзінің дамуын қарадүрсін лашықтар мен жер кепелерден бастаған құрылыс келе-келе әр елдің, әр дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырды, ғимараттар салу қажеттілік заңы ғана емес, мәдени және эстетикалық талғамдар туғызған көркемдік заңы екендігін де көрсетті.

Кейінгі замандарда, әсіресе өткен ғасырда: цемент, құрылыс әгі, құрылыс гипсі, қабырғалы материалдар, құрылыс кірпіші, асбест-цемент, шифер, ірі бетон, силикаттық қабырға блоктар, жұмсақ жабындылар мен черепица, әйнек шынысы, минералдық мақта, одан жасалатын бұйымдар, керамикалық канализация құбырлары, фаянс, фарфордың сапасы артумен бірге, олардың алуан-алуан түрлері де көбейді. Бірнеше мыңжылдық тарихы бар құрылыстың кейбіреулерінің бірнеше айдан бірнеше жылдарға, тіпті ғасырларға созылғандары, оның себебі қажетті материалдардың әр ел, ер жерлерде өндірілуіне, кейде құрылыс аумағының көлеміне де байланысты болды.

Құрылысқа пайдаланатын материалдар мен шала өнімдер немесе тұрғызылатын конструкциялық элементтер әр түрлі процестерге ажыратылады да, ондағы жұмыстардың жиынтығы өз кезегінше түрлі-түрлі әдістер арқылы жүзеге асады. Қазіргі жер асты, жер үсті бөліктеріне арналған құрылыс-монтаж және өңдеу жұмыстары жетілдірілген. Осыған қажетті процестерді жетілдіру үшін құрылысшының еңбегін ұйымдастырып, жаңа материалдар мен конструкциялық, механикалық құралдардың тиімді тәсілдерін қолданады. Ауыр қол жұмыстары мен еңбектің өзге де салаларын кешенді механикаландырылған ағымды әдістермен жеңілдетеді.

Жалпы құрылыс материалдары пайдалану мақсатына қарай іргелік: шойтас және бетон; қабырғалық: кірпіш, силикат кірпіш, кеуек керамика, жеңіл бетон, туф, ағаш; төбелік: темір бетон, кокс бетон, бетон тақталары мен панельдер; жұқа қабырғалық: гипс тақта, кеуек гипс, кеуек керамика; едендік: тақтай, паркет, кеслилит, керамикалық тақта, асфальт, құрылыс ерітінділері, линолеум; жабындық: қыш, жабындық тасқа тас, пергамин, руберойд; қаптағыш: табиғи тау жыныстарынан жасалған мәрмар, әк тас, әр түрлі құрылыс ерітінділері, түсті шынылар, гипстен жасалған архитектуралық бөлшектер; әшекейлік: бояу, суретті

шынылар, оюланған тақталар деген топтарға жіктеліп жатса, шығу өзгешеліктеріне қарай табиғи және жасанды, органикалық және органикалық емес деп те бөлінеді. Органикалық емеске цемент, әк тас, гипс тәріздестер жатқызылса, осылардың ішіндегі цементке ерекше орын береді, өйткені, одан жасалынатын құрылыс материалдарының түрлерін санап шығудың өзі қиын. Органикалық байланыстырғыштарға ылғал өткізбейтін битум мен карамайды, синтетикалық смолаларды жатқызады.

Технологиясына қарай байланыстырғыш материалдар көмегімен бетон, темір бетон, асбест-цемент, силикаттық бетон, балшықты күйдіру арқылы жасалынған керамика, түрлі қоспалар қосып, құмды балқыту жолымен алынатын кеуек кокс, шыны, сита, минералдық мақта, әр түрлі конструкциялар мен көпірлер, каналдар, жер сілкінісіне шыдамды құрылыстық қаңқалар, арматуралар сияқты жасанды құрылыс материалдарының неше түрлері жасалады; бұларды — қабырғалық, әшекейлік, іргелік материалдардың өзге де мол саласын табиғи тау жыныстары толықтырады.

“Кіріспе”, “Ағаш”, “Тасзаттар”, “Балшық, оны ісқылудың жолы”, “Иленбелі заттар”, “Металдар”, “Әр алуан құрал-жабдықтар” деп аталатын тараулардан тұратын аудармада әр саланың өзіне лайық түсінік-ұғымдары, терминдік атаулары болатындығы көрініс береді. М. Әуезов сол атауларды қазақтың таным-талғамына сәйкес келуін, баламасы қазақтың өз төл сөздерінен алыстамауын қатты қадағалайды. Мәселен, ағашқа ғана қатысты сөз, сөйлем тіркестеріне сөз салғанның өзінде қазіргі қолданыстардан шығып қалғандарының молдығы байқалады. Табиғатта дайын тұрған заттарды — “*Жасамалы заттар*” дейді, солардың қолдан жасалып пайдалануға, іске жаратуға әзір тұрғандарын жатқызады. Цемент, известь, желім, тағы басқаларын “*жабысқақ заттар*”, күннің шашырандысы секілді қабықтағы сызықты — “*өзек шашырандысы*”, “ағашты ұзынынан жарғанда көрінетін сызықты — “*емізiк тамыры*” (сосуды) қыртыс жағына қарай қатпарланғанды — “*салпы*”, дән жағына қарай қатпарланғанды — “*томпақ*”, тығыз, қатты қысылған ағашты — “*түбірлік бөрене*”, бойы бұраң ағашты — “*шалыс тақталық*”, әр жылда пайда болған сызықты “*сақина, сақинақ*”, бір жағынан екінші жағына томпағырақ кететінін — “*ауыс кіндіктілік*”, төрт қырлы ағашты — “*сандықша ағаш*”, айбра тілінген ағашты “*жаңғақ ағаш*”, екі қырлы емес ағашты — “*тақтала*”, “*шала тақтай*”, бір қыры ойылған, екінші қыры жал тақтайды — “*қашама тақтай*”, жұқа тақтайды — “*нәзік*

тақтай” дегені сияктанып жалғаса береді. Мұндай ерекшеліктер өзге тараулардан да айқын аңғарылады.

Еңбекте құрылыс материалдары құрамында кездесетін химиялық элементтерге, минералдар мен металдарға қатысты терминдік атауларды мол қолданған, оларды орысшасында қалай болса, қазақшасында дәл сол қалпында қалдырған: *заболон* (ағаштың сырт қабығы астындағы қабықша), *сажень* (ұзындық өлшемі), *казеин* (сүтте болатын белоктық зат), *петрография* (тау жыныстарын, тастарды зерттейтін ғылым), *шпат* (минералдың жылтырап тұратын бір түрі, соның бірі дала шпаты), *кремнезем* (кремнийдің оттегімен қосындысы), *кварц* (кремнеземнің тотығы), *шамот* (отқа төзгіш күйдірген топырақ), *клинкер* (отқа төзімді, су жібермейтін кірпіш), *магнезит* (карбонаттар класындағы кальций тобының минералы, көмірқышқылды магний), *гудрон* (әр түрлі техникалық іске қолданатын мұнай қалдықтарынан жасалатын қарамай), *графит* (қарындаш жасауға қолданатын түрлі-түсті минерал), *диабаз* (құрылыс материалы, көшеге төселетін тау жынысы), *цинк* (қалайы, металдың бір түрі), *магма* (жердің терең қабатындағы сұйық зат. “Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелерде” мұны “құсық” деп аударған. Грекше — қоймалжың май), *туф* (тау жынысы, жанартаудың атқылауынан пайда болған, тұнба әк секілді, құрылыс материалы ретінде белгілі), *гидравлика* (сумен жүретін машиналар туралы және сумен байланысты құрылыс туралы ғылым), *гидравликалық* (сұйық зат арқылы күшті қысым беретін машина), *базальт* (жанартаудың атқылауынан пайда болған тау жынысы, құрамында темірі бар қарақошқыл тас), *гонт* (үй төбесін жабуға арналған материал), *фаянс* (гипс және басқа заттар қосындысынан жасалған керамикалық материал), *трассы* (жолдың картаға түсірілген негізгі арнасы), *барит* (өндірісте және ауылшаруашылығында қолданылатын минерал), *крезот* (таскөмірлі смолада болады, қайнатқанда сүйкімсіз иіс шығарады, бояу жасауға қолданылады), *глет* (қызыл, сары минерал, оның тотынан сурик дайындайды, қорғасын өндірісі мен аккумулятор жасау ісіне қолданылады), *ковальт* (магнитті, ыстыққа төзімді металл, одан кесетін жабдықтар жасайды), *пемза* (жанартау лаваларының көбіктенген газды сұйығы, оны портлантцементке қосады, Пемза бетон басқа бетондардан жеңіл), *третник* (59—61 пайыз қалайы, 41—30 пайыз қорғасын қосындысы осылай атанған), *гнейс* (химиялық және физикалық себептердің әсерінен, тау жыныстарының құрылысы мен құрамының өзгеруінен пайда болған), *цеппист* (минерал, қорғасынның ақ, сұр, қара сұрғылт

бояуы ретінде белгілі. Көне римдіктер “церусса” деген), *инфузор топырағы* (шақпақтас қабыршықтары мен су балдырларының жиынтығынан пайда болған жыныс. Мұны химия мен мұнай өнеркәсібіне кеңінен қолданады), *шеллак* (жәндіктердің әрекетінен пайда болатын табиғи смола. Кейбір ағаштар мен өсімдіктер үшін зиянды. Спиртті лак пен қағаз-картон, электр бұйымдарын жасауға қолданады), *диатомит* (таудың балдырлар қабыршығынан құралған тұнба, борпылдақ топырақ. Түсі ашық сұр, ақ сұрғылт, жылылық пен дыбысты нашар өткізеді, баяу балқиды).

Жалпы бұл аудармадан да М. Әуезов тілінің байлығы, сөз қолдану өрім-өрнектерінің иірімдері елес береді. Суреткер үшін 498 әдебиеттен алыс салаға бару қиын болғанымен, мұнысын да іздену, еңбектенуіндегі жан-жақтылыққа жасаған шығармашылық тағы бір қадамы деп бағалауға болады.

1. 342-б. **“...су ағаштың барлық құжырларының ішіндегі”** — Құжыра деп ағаштың сыртқы кедір-бұдыр қабығындағы ойдым-ойдым ұяшықтарды айтады.

2. 350-б. **“Исааки шіркеуінің”** — Орыс классицизмі үлгісінде салынған бұл ғимарат-ғибадатхана 1818—1858 жылдар аралығында архитектор Монферанның жобасы негізінде дүниеге келді. Әуел баста мақұлданып бекітілген жобаға 1821—1825 жылдары архитекторлар А. А. Михайлов пен В.П. Стасовтар өздерінің толықтыруларын енгізді. Әрлеу, әшекейлеу жұмыстары И. В. Витали, П. К. Клодт, А. В. Логановскийлер тарапынан жүзеге асты да, интерьеріндегі әсем тастар Орал тауларынан әкелінді.

3. 350-б. **“Сиенит тасы бұған қосылады”** — Мысырдағы Асуанды көне гректер Сиенит деген. Ол калийлі дала шпаттарынан, қышқыл плагиоклаздан, қоңыр амфибол мен биотиттен, пироксеннен құралған тау жынысы. Мөлшеріне қарай сілтілі болып бөлінеді, мұндай тастар Қазақстанның Сырдария, Есіл алаптарынан да кездеседі.

4. 360-б. **“темір тоты, извес, сілті”** — Қатты, ақ түсті, өте гигроскопты тау жынысы. Құрамында металл басым, суда жақсы ериді. Басты минералдары: сілтілі дала шпаттары, сілтілі амфиболдар мен приоксендер.

5. 363-б. **“не басқа орындарда өзінен көп пырақ шығарады”** — Пырақ деп отырғаны — брак, ақаулы, жарамсыз дегені.

6. 366-б. **“Қалыпты черепицені кейде марселинская деп атайды”** — Марсель — Францияның оңтүстігіндегі портты қала. Сондағы өндірілетін черепиценің бір түрі осылай аталады.

7. 368-б. “**Ертерек заманда бұл төсекті Чех патшалығынан әкелуші едік, Метлахтан**” — Метлах қазір Германияға қарайтын қала. Бұрын оның аты керамикалық төсеніктер жасаумен шыққан.

8. 375-б. “**Гидравлика қоспасы табиғи жолымен алынғаны — пуццолан**” — Пуццолан — Италияның портты қаласы Пуццолли атауынан шыққан. Оның өзі жанартаудың шөгіндісінен пайда болған жыныс. Пуццолан қосылып жасалған бетонды жер асты, суасты құрылыстарына, растворды тас қалау мен сылақ істеріне пайдаланады.

9. 376-б. “**Портлант-цемент**” — Портлант — ұлыбританиядағы түбек. Портлант-цемент клинкер мен гипстің қосындысынан жасалады; ұнтақталған клинкерге әкті, маргелді, сазды тау жыныстарын, табиғи және жасанды материалдар түріндегі активті қоспаларды қосады, өйткені олар оның тез қатаюын қамтамасыз етеді.

10. 386-б. “**Бессемер жолымен болады**” — Бессемер Генри (1813—1898) ағылшын өнертапқышы. Ауа үрлеу арқылы сұйық шойынды отын жұмсамай-ақ болатқа айналдыру әдісін тапқан, оның бұл тәсілі соңынан “Бессемер процесі” атанып кеткен. Ол тәсіл бойынша Вагранкада немесе шырпыма пеште қыздырылған шойынның құрамындағы қоспалары (кремний, марганец, көміртек) ауа үрлеу кезінде тотықтанады және бөгде қоспалар мөлшерінің кемуінен температурасы артады. Дәл осындай жолмен конвертердегі құймаға бүйірінен ауа үрлеу процесін “бессемерлеу” деген. Ал ондай процестің өтуі конвертерге құйылған шойынның химиялық құрамы мен температурасына, кремнийді тотықтандыратын процестің басталар шағындағы температурасын жедел көтеруге байланысты. Онда шойынның қызу дәрежесі балку температурасынан артық болса, құрамындағы кремний мөлшері соғұрлым азая түседі. Қоспалардың тотықтануы жанағы айтылған температураның мөлшеріне байланысты. Үрленетін ауаның мөлшерін өзгерту, конвертерге қосымша металл енгізу арқылы реттеледі. Жалпы Бессемер шойынында күкірт пен фосфордың мейлінше аз болуы шарт, өйткені, үрленетін ауадағы азот мөлшерінің көп болуы процеске әсер етіп, конвертердегі металл құрамын, оттың аз берілуі болаттың сапасын төмендетеді. Осындай тәсілдермен сапасы көтерілген болат құйма темір жол құрылысы мен кеме, машина жасау өнеркәсібінің сұранысын арттырып жіберді. Сол бір қажеттілікті өтеудегі оның маңызы өлшеусіз зор болды.

Т. Әкім

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР	3
М. Әуезұлының сөзі	5
Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері	10
Театр, музыка кадры (<i>ойласу ретінде</i>)	17
Мемлекет театрында “Астық” пьесасы	23
Жақсы пьеса — сапалы әдебиет белгісі (<i>пікір алысу ретінде</i>)	28
Үзінділер	38
“Қыз Жібек” қандай?	42
Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасы (1927—1933)	45
Абайдың туысы мен өмірі	45
Абай туралы Көкбай ақсақал мен баласы Тұрағұлдың естегілері	109
Абай жайындағы Тұраш әңгімелері	121
Абай жазған кейбір өлеңдердің қай кезде, не себепті айтылғаны туралы түсіндіру қосымшалар	127
II. ОЧЕРКТЕР, ӘНГІМЕЛЕР	133
Жолдан	135
“Жуалы” колхозшысы	135
Көктемнен бері	144
Сөз алған тау сағыз бен көк сағыз	150
Біз атқошнекпіз	154
Істері сөйлейді	157
“Қарғалы” совхозында өткізген төрт күн	163
Білекке білек	177
III. РОМАН ЭСКИЗІ	197
Тұман айығарда	199
IV. ҚҰЖАТТАР	241
Түрме материалдары	243
Хаттар	248
V. АУДАРМАЛАР	265
Степь. И. Жансугуров	267
Құрылыс материалдары. Профессор В. Эвальд	338
VI. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	401

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

8-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*
Көркемдеуші редакторы *Л. Өтебаева*
Техникалық редакторы *И. Селиванова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 11.03.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 26,5.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1252.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-daur81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-150-0



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 5 0 0